АТА-АНА МЕН БАЛА ҚАТЫНАСЫ

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

ХИШАМ ӘТ-ТӘЛИБ • ӘБДУЛХАМИД СҮЛЕЙМАН • ОМАР ӘТ-ТӘЛИБ

АТА-АНА МЕН БАЛА ҚАТЫНАСЫ: БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

АТА – АНА МЕН БАЛА ҚАТЫНАСЫ

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

Хишам Әт-Тәлиб
Әбдулхамид Ахмад Әбу Сүлейман
Омар Әт-Тәлиб

Халықаралық ислами ой институты (IIIT)

Бишкек 2023

УДК 297
ББК 86.38-6
А 92

Китап демеушілері:
Халықаралық ислам ой институты
Херндон Вирджиния
Білім интеграциясы институты
Грузия Тбилиси

Кітаптың авторы: Хишам Әт-Тәлиб, Әбдулхамид Ахмад Әбу Сүлейман, Омар Әт-Тәлиб
Кітапты қазақ тіліне аударған: Бахаутдин Гулфайрус, Омарова Динара, Аскарова Нургул: – Б. : 2023
Кітап редакторы: Каратаев Ерлан, Асанова Жанар
Кітаптың техникалық редакторы: Байчабаева Эльмира
Кітап дизайнері: Кекенова Нарбегим
ітаптағы фотосуреттер Иманов Саламат пен дизайнер, тігінші Тамара Рүстемқызына тиесілі

“Халықаралық даму институты” қоғамдық қоры тарапынан жарыққа шыққан

Қырғызстан діни мұсылмандары басқармасы № 05

Ата-ана мен бала қатынасы: Бала тәрбиесіне арналған нұсқаулық (Kazak)
Хишам Әт-Тәлиб, Әбдулхамид Ахмад Әбу Сүлейман, Омар Әт-Тәлиб

1445 AH / 2023 CE
Paperback ISBN 978-9967-493-82-7

Parent-Child Relations: A Guide to Raising Children (Kazak)
Hisham Altalib, AbdulHamid AbuSulayman, Omar Altalib

1434 AH / 2013 CE
Paperback ISBN 978-1–56564–582-0
IIIT
P.O. Box 669
Herndon, VA 20172, USA
www.iiit.org

УДК 297
ISBN 978-9967-493-82-7 ББК 86.38-6

АВТОРЛАР

Хишам Яхья Әт-Тәлиб

Доктор Хишам Яхья Әт-Тәлиб 1940-шы жылы Иракты Ниневия қаласындағы Мосул қалашығында дүниеге келген. 1962-ші жылы ол Ливерпуль университетінде электротехника бакалавры дәрежесін және 1974-ші жылы Пердью университетінде электротехника ғылымдарының докторы дәрежесін алды. (Уэст-Лафайетт, Индиана, АҚШ)

Инженер-электрик қызметін атқарып жүріп доктор Әт-Тәлиб, көп ұзамай-ақ Солтүстік Америкадағы Ислам дінін тарату жұмыстарына белсенді түрде араласа бастады және ол бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда. Ол әртүрлі исламдық ұйымдарда бірқатар қызмет атқарды, соның ішінде АҚШ пен Канада мұсылман студенттері қауымдастығының (MSA) Көшбасшыларды даярлау бөлімінің бірінші штаттық директоры (1975-ші және 1977-ші жылдар) және 1976-шы жылы Халықаралық студенттік ұйымдардың ислам федерациясының (IIFSO) бас хатшысы болды. Ол Америкада және шетелде көптеген оқу лагерлері мен семинарларын өткізді.

SAAR қорының негізін қалаушы және директоры (1983-ші және 1995-ші жылдар), сондай-ақ 1981-ші жылы Халықаралық ислами ой институтының (ХИОИ) негізін қалаушысы бола отырып, ол сонымен қатар «*Mithāq al-Sharaf al-Da'awy*» («Адвокаттық ар-намыс заңдар жинағы», араб тілінде: ميثاق الشرف الدعوي) кітабының және бүгінгі күнге дейін 20-дан астам тілге аударылған әйгілі «Ислам қызметкерлеріне арналған нұсқаулық» кітабының авторы болып табылады. Қазіргі таңда ол – Халықаралық ислами ой институтының (ХИОИ) қаржы директоры. Ол – қамқор әке және ардақты ата.

Әбдулхамид Ахмад Әбу Сүлейман

Доктор Әбдулхамид Ахмад Әбу Сүлейман 1936-жылы Меккеде дүниеге келген және сонда орта мектепті бітірген. Ол Каир университетінде сауда қатынастары бакалавры (1959-шы жылы) және саясаттану магистрі дәрежелерін (1963-ші жылы), сондай-ақ Пенсильвания университетінде «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша доктор дәрежесін (1973-ші жылы) алды.

Өз мансап жолында ол Сауд Арабия мемлекетінің Мемлекеттік жоспарлау комитетінің хатшысы (1963-ші

және 1964-ші жылдары); Мұсылман әлеуметтанушылар қауымдастығының (AMSS) негізін қалаушы мүшесі (1972-ші жылы); Дүниежүзілік мұсылман жастары ассамблеясының (WAMY) Бас хатшысы (1973-ші және 1979-шы жылы); Сауд королі университетінің (Әр-Рияд, Сауд Арабия мемлекеті) Саясаттану кафедрасының меңгерушісі (1982-ші және 1984-ші жылдары); Халықаралық Ислам университетінің (IIU) (Малайзия) ректоры (1988-ші және 1998-ші жылдары) қызметтерін атқарды.

Қазіргі уақытта доктор Абу Сүлейман Халықаралық ислами ой институтының (ХИОИ) президенті және мұсылман қоғамдарын түрлендіру бойынша көптеген мақалалар мен кітаптардың авторы, атап айтқанда, *«Халықаралық қатынастардың Ислам пайымдамасы: Ислам әдіснамасы мен ойының жаңа бағыттары»; «Мұсылман санасындағы дағдарыс»; «Отбасылық келіспеушіліктер: Адам қадір-қасиетінің исламдық рухын қалпына келтіру»; «Мұсылман әлеміндегі жоғары білімнің қайта жандануы және Құран дүниетанымы: Мәдени түрлендіру тұғыры».* Ол – қамқор әке және ардақты ата.

Омар Хишам Әт-Тәлиб

Доктор Омар Хишам Әт-Тәлиб 1967-ші жылы Ирактың Киркук қаласында дүниеге келген және 1968-ші жылы ата-анасымен бірге АҚШ-қа көшіп келген. Ол 1989-шы жылы Джордж Мейсон университетін экономика және әлеуметтану ғылымдары бакалавры дәрежесінде бітіріп, Чикаго университетінде әлеуметтану ғылымдары магистрі (1993-ші жылы) және докторы (2004-ші жылы) дәрежесін алды. Ол Ұлттық Ғылым қоры тағайындаған аспиранттарға арналған шәкіртақы иегері атанды (1989-шы және 1992-ші жылдары), сондай-ақ Чикагодағы Дейли колледжінде (1998-ші жылы) және Индананың Гэри қаласында орналасқан Индиана солтүстік-батыс университетінде (1999-шы жылы) әлеуметтану кафедрасының адъюнкт-профессоры болып қызмет атқарды.

Огайо штатындағы Эшленд университетінде әлеуметтану және криминология кафедрасында профессордың көмекшісі (2000-шы және 2003-ші жылдары) және Александриядағы (Вирджиния) Халықаралық ғылыми қосымшаларды әзірлеу корпорациясында аға білім сарапшысы болып жұмыс істеді (2005-ші және 2006-шы жылдары). Сонымен қатар ол Малайзия Халықаралық ислам университетінде әлеуметтану профессорының көмекшісі болды (2009-шы және 2011-ші жылдары). Доктор Әт-Тәлиб отбасы, білім, қайырымдылық қорлары мен ұйымдары және әлеуметтік жұмыс мәселелері бойынша бірқатар мақалалардың авторы болып табылады. Ол ғылыми конференцияларға жиі қатысады және әлемді аралап саяхаттайды.

Алғыс

Доктор Ахмад Тотонджиге, доктор Фәтһи Мәлкәуиге, марқұм доктор Жамал Барзинджиге және Доктор Якуб Мирзаға біз осы кітапты аяқтау жұмыстарын істеп жатқанда ХИОИ жұмыс үдерісін қозғалыста ұстағаны үшін шын жүректен алғыс айтамыз.

Сонымен қатар біз мәтінді жақсарту бойынша құнды ұсыныстар жасаған барлық рецензенттерге, әсіресе Батул Тұ'мәһ, Зайнаб Әләуи, Мишель Мессауди, доктор Ванда Краузе, Майда Мәлик және доктор Гассер Ауда сынды бірқатар тұлғаларға алғысымызды білдіреміз. Кітабымыздың бірінші мазмұнын қарап шыққан доктор Иқбал Юнусқа өз алғысымызды айтамыз. Сондай-ақ бастапқы суреттерді дайындаған, оларды пішімдеген және қолжазбаны дайындауға құнды үлес қосқан Лина Мәлкәуи мен Зина Әт-Тәлибке шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Сондай-ақ, шын жүректен алғысымызды білдіреміз:

Кітаптың бірнеше жобасын теріп жазып және олардың көшірмелерін жасағандары үшін марқұм Акбар Әли Мирге, Ашраф Сабринге, Сайф Әт-Тәлибке, Заид Әт-Тәлибке, Ноха Әт-Тәлибке және Маһмұд Шерифке.

АҚШ-тың Вирджиния штатындағы Херндон қаласында ADAMS төңірегінде («Бүкіл Даллес аймағындағы мұсылмандар қоғамы») балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша өткізілген семинарларда шынайы өмірден нақты мысалдар келтіргендері үшін доктор Тәнуир Мирза мен Сәлмә Әшмәуиге.

Балаларды тәрбиелеуге арналған бейнемәліметтер жиынтығымен танысуға көмектескен Джунәйнә Әбдулла мен өзінің көрегеген пікірлерін қалдырғаны үшін Лейла Сейнге.

Мәтінді баяндау жұмыстары және оның мазмұны мен пішімі бойынша көптеген мазмұнды сілтемелер мен пайдалы түсініктемелер бергені үшін Хасан Әт-Тәлибке.

Біздің кеңседе Сәлуа Медани жұмыс істегені үшін біз бақыттымыз, ол қолжазба бойынша көптеген жұмыстар атқарды және оны күнделікті жетілдіріп отырды. Лондондағы кеңсемізде Шираз Ханның

қызмет атқаруы бізге үлкен жақсылық болып келді. Ол – ерекше және керемет редактор, ол шығармашылық пен сыни шолулардың алтын кеніші және керемет қолдау көзі болып табылады. Біз сондай-ақ Сара Мирзаға оның ағымы мен құрылымына мұқият назар аудара отырып, жаңа басылымда атқарған редакторлық жұмысы үшін алғыс айтамыз.

Біз «Бостандық мұнарасы» қорының президенті, доктор Имад-Әд-Дин Ахмадты мұқият өңдегені, баға жетпес толықтырулары және жемісті ұсыныстары үшін терең бағалаймыз.

Біз мұқият редакторлық өңдеу жұмыстарын жүргізгені үшін Сильвия Хантқа, ауқымды түзетулер енгізгені үшін Сәлмә Мирзаға, сондай-ақ оның керемет әрленімі мен беттеулері үшін Әбдәлләтиф Уайтманға өте ризамыз. Әбдәлләтифтің қызы Ханнаға қолмен салынған керемет суреттері үшін ерекше алғыс айтамыз. Біз Лондондағы ХИОИ кеңсесінің қызметкерлеріне олардың жұмысының сапасы мен түпкілікті нұсқаның дайындалуын жіті бақылағандары үшін шексіз ризашылығымызды білдіреміз.

Кітаптың сапасына айтарлықтай үлес қосқан білім беру және жантану саласының мамандарына атап айтқанда, марқұм доктор Исхак Фәрханға, доктор Әбдул Ләтиф Арабиятқа, марқұм доктор Маһмұд Рашданға, доктор Фәтһи Мәлкәуиге және доктор Әбдул Раһман Ән-Нәкибке олардың баға жетпес ұсыныстары мен кәсіби түсініктері үшін алғыс білдіреміз.

Біз отбасыларымызға қолжазбамен жұмыс істеу кезінде бізге қысым жасауды жеңілдететін жайлы және қолдау көрсететін жағдай жасағаны үшін алғыс айтамыз. Біз 52 жыл бойғы доктор Хишамның өмірлік серігі, доктор Ильхам Әт-Тәлибке ерекше алғыс айтамыз, оның шексіз қолдауы мен жанқиярлығынсыз бұл жұмыс жарыққа шықпас та еді. Оның бала тәрбиесі туралы түсінігі мен баға жетпес пікірлері бұл жұмысты аяқтау барысында үнемі шабыт беріп отырды. Бұл жұмысқа жұмсалған уақыттың көп бөлігі отбасымызбен, әсіресе жеті және бес жастағы немерелеріміз Юсиф және Әминмен бірге өткізген уақыттарымыздан «қарызға алынғанды».

Осы тапсырманы орындау үшін бізге күш-қуат берген Бәрін көруші және Бәрін білуші Жаратқанға шын мадақтар!

Арнау

БІЗДІ ӨМІР БОЙЫ СҮЙІСПЕНШІЛІККЕ, жанқиярлыққа және жанашырлыққа баули отырып, біздің дамуымызға қамқорлықпен қарап, бізді мүмкіндігінше тәрбиелеп өсірген біздің сүйікті аналарымыз бен әкелерімізге арналады. Олар кәсіби дайындықтары пен үстіртін білімдерінің жоқтығына қарамастан, біздің бойымызға әділдік, сенім және өзіне деген сенімділікті сияқты қасиеттерді сіңдіру үшін өткен ұрпақтар мен өркениеттердің даналығын, парасаттылығын және дәлелденген тәжірибесін қолдана отырып, өздеріне дейінгі ата-аналарының тәжірибесіне еліктеді. Алла олардың жандарын нұрландырсын!

Табысты балаларды тәрбиелеу үшін бар күш-жігерін салып жатқан және ниеттері ізгі болса да, балаларымен дана қарым-қатынас орнату және бақытты, сүйіспеншілікке толы отбасылық қарым-қатынастар мен үй ортасын құру үшін қажетті білім мен дағдыларды қажет ететін жер бетіндегі барлық ата-аналарға арналады.

Балаларын әділдік, адалдық, батылдық, жанашырлық, шығармашылық және сенім құндылықтары мен қасиеттеріне ие, сондай-ақ ойдың күші мен жауапкершілікке толы тәуелсіздік сезіміне ие лайықты ер азаматтар мен нәзік жандылар етіп тәрбиелегісі келетін барлық отбасыларға арналады.

Осы жылдар ішінде көптеген қиындықтар мен шиеленістерді бастан өткерген, осы кітапты зерттеу және жазу барысында шексіз шыдамдылық пен тұрақты қолдау көрсеткен әйелдеріміз бен балаларымызға арналады.

Осы қарапайым жұмыс жоғарыда айтылғандардың барлығына арналады.

Мейірімді, Біртұтас және Жалғыз, Құдіреті шексіз Алла біздің адамзатқа үйлесімділік, бейбітшілік пен кемелдік әкелуге деген шынайы күш-жігерімізді қабыл алғай!

МАЗМҰНЫ

МАЗМҰНЫ X

2-ШІ ТАРАУ 35

Отбасы ұйымы: Оның маңызы неде? Оның атқаратын қызметтері қандай?

7-ШІ ТАРАУ 167

Бәрі ойдағыдай болмаған кезде

2-ШІ БӨЛІМ [8-13-тараулар] 185

БАЛАНЫҢ ДАМУЫ

11-ШІ ТАРАУ 263

Дені сау балаға апаратын жол: Гигиена, дұрыс тамақтану, дене жаттығу және ұйқы

13-ШІ ТАРАУ 351

Жыныстық қатынас және жыныстық тәрбие: Біз балаларымызға не айтамыз?

15-ШІ ТАРАУ 489

Көбірек жағымды қасиеттер: тәуелсіз, жауапкершілігі мол және жасампаз балаларды тәрбиелеу

16-ШЫ ТАРАУ 557

Теледидардың, смартфондардың, видео және компьютерлік ойындардың жойқын әсері

БҰЛ КІТАПТЫҢ ТАРИХЫ

Бұл – 2013-жылы алғашқы рет сәтті жарияланған *«Ата-ана мен бала қатынасы: Бала тәрбиесіне арналған нұсқаулық»* кітабының қайта қаралған екінші басылымы. Негізінен түпнұсқаның негізгі мазмұны сақталады, бірақ кейбір бөлімдері қазіргі үрдістерді көрсету мақсатында жойылды немесе жаңартылды немесе кейбір тараулар ұтымды көзқарас пен оқырманның навигациясын жеңілдету үшін өз бөлімдерінің мәнмәтіні аясында біріктірілді. Бастапқыда ойлағандай, кітап барлық ата-аналарға арналып жазылған және олардың кім және қайда екендігі маңызды емес. Алайда, тұжырымдама ретінде ол мұсылман әлемін зияткерлік тоқырау мен құлдыраудан оятуға және бір кездері оның ұлы өркениетін бейнелейтін зияткерлік серпінділікті қалпына келтіруге бағытталған Халықаралық исламы ой институтының (ХИОИ) ұзақ мерзімді көзқарасының бөлігі болып табылады. Тәлім-тәрбие туралы көзқарасын алға жылжыту мақсатында бұл кітап білім беру арқылы мұсылман ақыл-ойы мен жансезімін зияткерлік және ақылақтық тұрғыда жаңғыртуға бағытталған. Мұсылман әлемінің зияткерлік құлдырауының әдістемесі қарастырылмаса да, *«Мұсылман қоғамдарындағы білім беруді дамыту»* ұстанымы мұсылман зияткерлігін жандандыруға көмектесу үшін ХИОИ жарияланымдары мен конференцияларында алға тартылған негізгі тақырып болып табылады.

Сарамандық тұрғыдан алғанда, ата-аналар үшін жақсы балаларды қалай тәрбиелеу керектігін білу өте маңызды, өйткені құндылықтар мен тұлғаның жансезімдік негіздері көбінесе үйде ерте балалық шақта қалыптасады. Сондықтан, біз, ең алдымен, отбасындағы мәдени, білім беру және әлеуметтік тәрбие баланың дұрыс зияткерлік, жансезімдік және әсершіл дамуына қалай негіз болатынына назар аударамыз. Үй баланың жақсылық пен жамандықты анықтаудағы ойлау үдерістеріне әсер ететін мінез-құлық үлгілерінің көзі болғанымен, ненің дұрыс екенін білу және оны тетікті түрде жасау жеткіліксіз. Адамның еркі мен жан толғанысы ақыл дұрыс деп санайтын нәрсені қабылдап, қалауы керек және соған сәйкес әрекет етуі керек; дәл осы жерде ата-ананың рөлі маңызды. Мектептер мен оқу орындары тарихи мәліметтерді, мәнбілерді, дене және техникалық дағдыларды үйретеді, баланың үй және отбасылық өмірімен толықтырылуы керек ақпаратты ұсынады,

өйткені ол мінезді, әлеуметтік дағдыларды және әсершіл күшті дамытады.

Бұл жұмыс балаларды дамыту мен тәрбиелеуге және адам көшбасшылығын дамытудың әртүрлі пішіндеріне үлес қосуға арналған. ХИОИ көптеген конференциялар ұйымдастырды және осы мақсатқа қызмет ететін негізгі жұмыстарды жариялады, соның ішінде: «Ислам қызметкерлеріне арналған нұсқаулық» (20-дан астам тілге аударылған), *«Dalīl Maktabat al-Usrah al-Muslimah»* (Мұсылмандардың отбасылық кітапханасына арналған нұсқаулық, араб тілінде: دليل مكتبة الأسرة المسلمة), «Балаларды оқыту: Білім беруді дамытуға ақылақтық, рухани және біртұтас көзқарас» және Azmat al-Irādah wa al-Wujdān al-Muslim. (Мұсылманның еркі мен жансезімінің дағдарысы, араб тілінде: عظمة الإرادة والوجدان المسلم)

Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас туралы кітап жазу ұғымы 1994-жылы тамызда Малайзияның Тиоман аралында өткен ХИОИ Қамқоршылық кеңесінің жиналысында ұсынылды. Ол адам дамуы және тұлға аралық қарым-қатынас тақырыптарында институты жариялау керек кітаптар топтамасының үшіншісі болуы тиіс еді. Ертеректе, ХИОИ өтінішіне жауап ретінде 1982-ші жылы Доктор Исмаил Әл-Фәрүги «Tawḥīd (Таухид – Алланың жалғыз екендігін мойындау, араб тілінде: التوحيد): Ол ой-сана мен өмірде қалай көрініс табады». (Мұсылмандарға арналған сенім және ʿaqīdah (араб тілінде: ақида – сенім, бұлжымайтын қағида, араб тіліндегі жазуы: العقيدة) жөнінде нұсқаулық) Кейінірек, 1991-жылы ХИОИ және Халықаралық студенттік ұйымдардың Ислам федерациясы (IIFSO) бірлесе отырып, мұсылмандарға тиімді жеке, топтық және көшбасшылық дағдыларды үйретуге бағытталған топтамадағы екінші кітап – «Ислам қызметкерлеріне арналған нұсқаулықты» жариялады. Бұл кітап топтамадағы үшінші кітап ретінде қарастырылуы керек.

Отбасылық бірліктің маңыздылығын мойындай отырып, Малайзиядағы Халықаралық Ислам университетінің ректоры, доктор Әбдулхамид Әбу Сүлейман (1988-ші және 1998-ші жылдар) студенттерге жақсы тәрбиенің негіздемесі мен ақылақтық құндылығын жеткізу және осы бет алысты оқытуға жеткілікті оқытушылар даярлау үшін «Отбасы және тәрбие» атты жаңа міндетті бет алысты (диплом берілетін) енгізді. Сонымен қатар, ХИОИ негізін қалаушылар үш кезеңде ұйымдастырылған көшбасшыларды даярлау бойынша семинарлар топтамасын бастады. Бала тәрбиесі туралы кітап шығару ұғымы үшінші кезеңде алға қойылды:

1-ші кезең (1975-ші және 1990-шы жылдар) міндеттерді анықтаудан, кадрларды әдістемелік даярлаудан және жұмылдырудан тұрды. Бұл кезеңде жұмыстарды орындау және олардың тиімділігін арттыру үшін қажетті құралдар анықталды. Бұл кезең аталмыш топтаманың екінші кітабы «Ислам қызметкерлеріне арналған нұсқаулық» (1991-ші жыл) басылымымен аяқталды.

2-ші кезең (1991-ші және 2000-шы жылдар) білікті жаттықтырушылардың, соның ішінде Куала-Лумпурдағы доктор Омар Касуленің, Вашингтондағы доктор Иқбал Юнустың, Лондондағы доктор Әнәс Әш-Шәйһ Әлидің және Нью-Делидегі доктор Манзур Аламның күш-жігерінің арқасында оқытуды орнатты. Олар бүкіл әлем бойынша көптеген оқу бағдарламаларын өткізді.

3-ші кезеңде XXI ғасырдағы ата-ана тәрбиесіне баса назар аударылуы керек еді. Алдыңғы 1 және 2 кезеңдер жастарды жандандыруға бағытталғанымен, мінездің қалыптасуы ерте балалық шақта болатыны барған сайын айқын бола бастады. ХИОИ салауатты үй жағдайында тақуа азаматтар мен болашақ көшбасшыларды тәрбиелеудің дұрыс дағдыларын қолдана отырып, ата-аналардың маңызды рөлін атап көрсетуді ұйғарды. Дәл осы кезеңде осы кітапты шығару міндеті тұрды.

Ата-ана тәрбиесін бағаламауға немесе оған немқұрайлы қарауға болмайды. Бұл біздің қандай балаларды өсіретінімізге, қандай қоғамда өмір сүретінімізге және сайып келгенде, болашақ ұрпаққа қандай өркениет қалдыратынымызға қатты әсер етеді. Шын мәнінде, бұл – біздің басты міндетіміз. Біз басқа авторларды осы кітапта қамтылған тақырыптардың әрқайсысын қосымша зерттеулер мен оқу мәліметтерімен толықтырып, тереңірек зерттеуге шақырамыз. ХИОИ осы тақырыптарды одан әрі зерттеу үшін бірнеше академиялық топтар құрып, өз еңбектерін әлемнің негізгі тілдеріне аударды. Бұл кітап – балаларды сарамандық деңгейде дұрыс тәрбиелеу ұғымын алға жылжытудағы алғашқы қадам ғана. Көптеген мамандардың пікірінше, «Әлемдегі ең үлкен әрі маңызды міндет және ең жақсы үлес – бұл бала күтімі және оларды тәрбиелеу».

МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Бұл оңай оқылатын кітап біздің әлемдегі миллиардтаған ата-анаға, мұсылмандарға, басқа дін өкілдеріне, сондай-ақ ешқандай дін өкіліне жатпайтын адамдарға да, жалпы ондағы кеңестерді пайдаланғысы келетін балалары жоқ адамдарға да, ата-әжелерге және туыстарға да арналған. Бұл кітап ғалымдар мен мамандарға арналмаған. Онда ата-ана тәрбиесінің мақсаттарына ерекше назар аударылады, мәселелер көрсетіледі және оларды шешу жолдары ұсынылады, сонымен қатар көшбасшының қасиеттерін көрсете алатын ізгілікті, жоғары адамгершілікті адамдарды дамыту және тәрбиелеу әдістері сипатталады.

Бұл жұмыстың басты міндеттері:

- Ата-ана жауапкершілігін пайымдылық тұрғыдан ғана емес, іс жүзінде де жауапкершілікке және басты басымдыққа айналдыра отырып, балалар мен отбасыларды тәрбиелеуде жақсы тәрбиенің маңыздылығын атап өту.

- Ата-аналарға қоғам мен болашақ адамзат өркениетінің кірпішіне айналу үшін қажетті қасиеттерге ие, мінезі берік және әділ азаматтарды тәрбиелеу үшін дұрыс тәрбие әдістерін қолдану үшін қажетті білім мен дағдыларды «қалай» алу керектігін көрсету.

- Сондай-ақ, ата-аналарға отбасының барлық мүшелері арасындағы қолайлы қарым-қатынастар арқылы бақытты, үйлесімді және атқарымдық үй жағдайын құруға көмектесу.

Бірінші бөлімде біз дұрыс ата-ана тәрбиесінің қисындық негіздемесін ұсынамыз, оның анықтамасын береміз және мұсылман әлемін және жалпы қоғамды жандандыру үшін саламандық іске асыру жолдарын белгілейміз. Біз сонымен қатар бүгінгі тәрбиенің жай-күйін қысқаша сипаттаймыз, соның ішінде қол жетімді ақпарат көздерін қарастырамыз. Біз қоғамдағы белсенді өзгерістерге қажетті қасиеттерге ие салауатты ақылақтық ұстанымдары бар балаларды қалай тәрбиелеу керектігін тексеруге тырыстық. Бұл үшін қажетті әдістер мен құралдар кітаптың екінші бөлімінде көрсетілген. Үшінші бөлімде баланың мінезін қалыптастыруға басты назар аударылады, сондай-ақ теледидардың, компьютердің және бейне ойындардың балалар мен олардың отбасылық өміріне тигізетін әсері талқыланады, оларға шамадан тыс

құмарлықтың балама әдістері ұсынылады.

Әр тараудың соңында біз ата-аналарға да, балаларға да тапсырмалар дайындадық. Олардың негізгі мақсаты – отбасы мүшелері арасында үздіксіз диалог құру, осылайша олар бір-бірін барлық қырынан тани алады, бірге уақыт өткізеді, шешім қабылдауға қатысады және дағдылармен алмасады. Бұл отбасында серпінді байланыстар мен достық жағдай орнатуға көмектеседі. Сырттан қорларды қажет ететін іс-шаралар өте аз, мысалы, кітапхананы пайдалану, басқа ата-аналармен кеңесу немесе кәсіби кеңес алу. Біз отбасыларға осы іс-шараларды үйде немесе үйден тыс жерде үстел басында өткізуді ұсынамыз. Бұл ұжымдық аралық белсенді жаттығулар немесе тапсырмалар күнделікті ата-ана тәрбиесіндегі олқылықтың орнын толтырады деп үміттенеміз, сондай-ақ бұл жиі еленбейтін отбасылық мәселелерді талқылауды жеңілдететініне сенімдіміз. Бұл пікірталастар мен отбасылық ойлардың өзі лайықты мақсат болып табылады.

Соңында, осы кітап пен онда қарастырылған мәселелерді негізге ала отырып, екі басты тақырыпқа бөлінген қосымша еңбектер жарық көреді.

1: (а) білім берудегі және сенім қалыптастырудағы, сондай-ақ саламандық дағдыларды үйретудегі ата-ананың рөлін түсіндіру; (б) бақытты отбасылар: болашақ әлеуетті көшбасшыларды қалыптастыру үшін қажетті негіз.

1(а) тармағының басты ұғымы ата-аналарға балаларының сенімі мен көшбасшылық дағдыларын қалыптастырудағы рөлін түсінуге және қабылдауға көмектесу болып табылады.

1(б) тармағына келетін болсақ, басты назар тақуа адамдарды, азаматтық жауапкершілік сезімі бар әлеуетті көшбасшыларды тәрбиелеу үшін «тірек» ретінде әрекет ететін отбасылық үйде жағымды және жайлы жағдай жасауға аударылады. Қарым-қатынас, мақтау, сын, ашулану, отбасымен өткізген уақыт – бұл дұрыс орта құру және қамтамасыз ету үшін қажет саламандық қадамдар. Бұған қоса, «балалар жақсы бақылаушылар болғанымен, дұрыс талдау жасамайды» деген тұжырым айқын суреттеледі. Ата-аналарға балаларының нақты өмірде, соның ішінде бір-бірімен, ата-әжелерімен және басқа да туыстарымен, қонақтармен, көршілермен, тұрмысы төмен адамдармен, қоғаммен, жануарлармен, өсімдіктермен, қоршаған ортамен

және жалпы әлеммен қалай әрекет ететінін анықтау үшін сарамандық сынақтама сұрақтары ұсынылады.

2: Жақсы тәрбие беру үшін жақсы үлгі бола білу қажет: Ата-ана Пайғамбарлармен (Ғ.С.) тең.

Ата-аналар баланың дамуы үшін өздерінің мінез-құлқының маңыздылығын түсінуі керек. Балалар еліктеуді жақсы білетіндіктен, ересектер ең жақсы үлгі болуы керек.

Біз үлгі тұтуға тиісті ең мінсіз адам Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) екенін ешкім де жоққа шығармас, өзі үлгілі әке де, ата да бола білген, сонымен қатар балалардың досы және тамаша көшбасшы болған. Шынында да, Пайғамбардың мінез-құлқын зерттеп және оның жасаған әрекеттерін үлгі ретінде қолдана отырып, біз осы кітапта берілген кеңестерді қолдануға болатын стандартты белгілейміз.

Ақырында, егер ата-аналар қолдарынан келетін өздеріне тәуелді барлық нәрсені жасаса және біздің ұсыныстарымызды ұтымды қолданса, біз қоғамда белсенді рөл атқара алатын және өздері үлгілі ата-ана бола алатын дені сау және бақытты балаларды тәрбиелеу кезеңін бастаймыз деп үміттенеміз. Егер өмірдің қандай да бір кезеңінде аналар мен әкелерден: «Өмірде не нәрсемен мақтана аласыз?» – деп сұрағанда, сенімді түрде: «Мен керемет ата-ана бола білдім», – деп жауап бере алады. Мүмкін бақытты ата-әжелер де солай айта алар!

КІРІСПЕ

Адамдар – ең жақсы пішінде жаратылған және күрделі болуға қабілетті. Баланы тәрбиелеу үдерісі сәбилер мен балалардың дамуы туралы пайымдылық және сарамандық білімді қажет етеді. Жас ата-аналардың бала тәрбиесінде тәжірибесі өте аз болғандықтан, олар өз балалары болғанға дейін балалармен қарым-қатынас жасауды үйренуі қажет.

Өкінішке орай, біз бай-бақуатты болу үшін, жақсы үй, машина және жиһаздар алу үшін көп жұмыс істейміз, бала тәрбиесіне келгенде, бәрі өздігінен болады деп сеніп, бала тәрбиесіне бірдей күш салудан бас тартамыз. Өкінішке орай, біз жақсы үйлерге, көліктерге және жиһаздарға ие болу мақсатында байлық жинауға жанталаса тырысқанымызбен, дұрыс дайындықсыз-ақ бәрі жақсы болады деп үміттеніп немесе болжай отырып, бала тәрбиесіне бірдей күш салмаймыз. Бірақ бала тәрбиесінде ешқандай кездейсоқтық болмауы керек, себебі бұл «ойында» ұтыс өте жоғары.

Ата-аналар әдетте сынақтар мен қателіктер арқылы білім алады және көбінесе кейінгі туылған балаларды тәрбиелеу барысында тұңғыш балаларда өсіру кезінде жинақталған тәжірибені жүзеге асырады. Өкінішке орай, бұл баға жетпес тәжірибе игерілген кезде өте кеш болады. Себебі, тұңғыштар өсіп, ересектерге айналады, және бұл тәжірибелерді шынайы өмірде қолдану мүмкін емес болады.

Балаларға жақсы тәрбие беру шынымен маңызды және оны өздігінен қалдыруға болмайды. Бұл үнемі назар аударуды қажет ететін күрделі жұмыс. Сондықтан алдағы атқарылатын жұмыстарды бағалап, өзіміздің, жұбайларымыздың және отбасымыздың алдында адал міндеттемелер қабылдау қажет.

Кітапта біз назар аударатын тәрбиенің маңызды құрауышы – қарым-қатынас. Балалармен тиімді қарым-қатынас орнату олардың бақытты және жауапкершілігі мол ересектерге айналуына көмектеседі. Балалармен қалай және қашан сөйлесу керектігін білу өте маңызды, ал оларды шыдамдылық пен түсіністікпен тыңдай білу одан да маңыздырақ. Ата-аналар балаларын сөзсіз жақсы көретініне қарамастан, олар өз балаларымен қарым-қатынас жасау және тыңдау қабілеттерін жетілдіруі керек. Қарым-қатынас екі сұхбаттасушыға байланысты және оны ешқашан тоқтатуға болмайды. Ата-аналардың міндеті – балалардың әлеуетін мүмкіндігінше сәтті түрде және күш қолданбай дамыту. Өмір мысалдарымен және басқа әкелер мен аналардың тәжірибесімен танысу ата-аналарға қиын жағдай-

ларды шешу үшін жаңа дағдылар мен әдістерді дамытуға көмектеседі.

Ата-аналар өткен жылдардың мол тәжірибелерін қайта қарап отыруы керек, себебі ескі тәжірибе әрдайым жақсы бола бермейді. Уақыт өзгереді, жаңа тәсілдер мен басқа реакцияларды қажет ететін жаңа жағдайлар туындайды. Әрине, барлық ата-аналар өз балаларын ең жақсы бала болады деп үміттенеді. Біз ата-аналардың жиі кездесетін қателіктеріне және көптеген мәселелерге назар аударамыз.

Бұл жұмыста біз зерттейтін тағы бір сала – балалардағы көшбасшылық қасиеттерді дамыту. Бұл қасиет назар аударуға оғаш болып көрінуі мүмкін. Алайда, біз көшбасшылық туралы айтатын болсақ, тек билікке ұмтылуды емес, адамдардың азаматтық жауапкершілік сезімі бар қоғамның белсенді мүшелері болу үшін қажетті күш, ақылақтық қасиеттер, адамгершілік, әдепнама және басқа да қасиеттерді дамытуды көздейтінімізді атап айтқымыз келеді.

Көптеген жасөспірімдер үшін үй – жай ғана түнеп шығуға немесе отырып қайтуға болатын қонақ үйге немесе мейрамханаға айналған. Ата-аналар үшін де, балалар үшін де бақытты әрі жайлы мекен құру – ең маңызды қажеттіліктердің бірі болып табылады. Үй жай ғана орын емес; бұл – тірек, бұл – алаңқай әрі сахна, онда отбасы мүшелері – актерлер, ал қарым-қатынас – қойылым. Әркім өз рөлін «ойнауды» үйренуі керек. Бүгінгі күні көптеген ата-аналар мен балалардың бір-бірімен ортақ тіл таба алмайтынын көру өкінішті, осылайша ешкім ешқандай қызмет атқармайтын жай ғана үй құрылады. Кейбір ата-аналар мен балалар бір-бірінен қорқады немесе күдіктенеді және олардың көпшілігі қарым-қатынастарын қалай жақсартуға болатынын білмейді. Олар, тіпті, бір-бірін түсінуге тырысудан бас тартуы мүмкін және көңілі қалып, ашуланғаннан кейін әсершіл түрде алыстап, қарым-қатынастарынан мүлдем бас тартуы ықтимал.

Бала тәрбиесі үлкен жауапкершілік болып табылады, дегенмен, үмітсіздікке ұшырап, бастағаныңыздан бас тартуға болмайды. Егер сіз өткеннің өрескел қателіктері үшін өзіңізді айыптауды тоқтатсаңыз, қиындықтарды жеңу және қарым-қатынасты жақсарту ешқашан да кеш емес. «Бұлай жасамағанымда ғой, олай жасағанымда ғой» деген сияқты мағынасыз сөздерді қайталай берудің ешбір мәнісі жоқ. Өткен іске өкіну және «ах, егер» қойылымына тоқталу – бұл тек үмітсіздікке душар ететін жойқын сызық. Біз отбасыларымызға зиян келтіретін дұрыс емес таңдау жасасақ та, біздің ниетіміздің тек жақсылыққа бағытталғанын есте ұстауымыз керек. Біз өткенге қарайлай бермей, тек алға қарауға көбірек уақыт бөлуіміз керек. Ойымызды орындалмаған немесе дұрыс істелмеген өкініштермен толтырудың орнына, ертеңіміз жарқын болуы үшін

дәл қазір не істей алатынымызға назар аударуымыз керек. Біз сондай-ақ өткенді өмір сабағы, ал болашақты өзгерту мүмкіндігі ретінде қарастыра отырып, балаларымызға жақсы ата-ана болу арқылы өзімізді жақсартуға уәде бере аламыз. Бұл өткенді мүсінделген мәрмәр немесе қатайтылған бетон түрінде, ал болашақты әлі мүсінделмеген иілгіш саз түрінде елестетуге көмектеседі.

Бүгінгі таңда көптеген ата-аналар (соның ішінде біз де) балалары болғанға дейін балаларды дұрыс тәрбиелеу өнері мен ғылымын білмейтініне өкінеді. Егер олар бала тәрбиесі туралы жақсы білгенде, оларда бала тәрбиелеу барысында қиындықтар туындамас еді. Ата-аналардың көпшілігі қарым-қатынасты тәрбиелеуге көп уақыт бөлуге болады деп санайды. Өз өмірімізге көз жүгіртсек, біз мол тәжірибе мен бөлісуге болатын баға жетпес сәттерді жіберіп алғанымызды күйінішпен түсінеміз. Біздің балаларымыз бізді қателіктеріміз үшін кешіреді деп үміттенеміз және жаңа ата-аналар өз кезегінде бұл қателіктерден аулақ болады деген үлкен сеніміміз бар. Біз сондай-ақ Құдіретті Құдай әрбір ата-ананы өз тәжірибелерінен алған қиын сабақтардан сақтасын деп дұға етеміз!

Біз көптеген қателіктердің салдарын түзетудің орнына, олардың алдын алуға арналған нұсқаулық жасауға тырыстық. Алайда, есірткіге тәуелділік, маскүнемдік, тұнжырау, қылмыс немесе жыныстық жолмен берілетін аурулар сияқты мәселелерді шеше аламыз деп мүлдем айта алмаймыз. Бірақ біз олардың алдын алу шараларын ұсына отырып, ата-аналарға осындай тұзақтардың біріне түсу мүмкіндігін азайтуға көмектесетін нұсқаулық жасай аламыз.

Дұрыс тәрбие беру – балалардың табысты болуы және ата-аналардың оларды мақтан тұтуы үшін дағдылар мен дайындықты қажет етеді. Бақытымызға орай, қазір бала тәрбиесі туралы бұрынғыдан да көп ақпарат пен әдістер бар. Нағыз құнды нәрселерге жетудің төте жолы болмағаны секілді, бала тәрбиесінде де қысқа жолдар болмайды, сол себепті ең жақсы ата-ана болуды бастау ешқашан кеш емес, өйткені балаларыңыздың жасы 4-те немесе 40-та болғанына қарамастан, сіз мәңгілік ата-анасы болып қала бермексіз.

Балаларын бақытты және ұстамды азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ата-ананың үміті. Бұл кітап сіздің оған жету мүмкіндігіңізді бірнеше рет арттырады және балаларыңызбен сәтті әрі толыққанды қарым-қатынас құру туралы арманыңызды жүзеге асырады. Бірде бір данышпан: «Сіздің арманыңыз сізді жетелемейді, бірақ сіз өз арманыңызды бағыттайсыз», – деген екен. Бүгінгі жасөспірімдерді тәрбиелеудің ең жақсы сәті 10 жыл бұрын болғанына қарамастан, қазір өз мүмкіндігіңізді пайдалану әлі де кеш емес. Сіздің шынайы ұмтылыстарыңыз

бен күш-жігеріңізге Алла Тағала разы болсын.

Біз оқырманға бағыт-бағдар беріп, үміт сезімін сыйлау үшін көптеген дереккөздерден алынған санақтық мәліметтерді қостық. Бұл мәліметтер жиі өзгеріп отырады, сондықтан оны өзгермейтін шындық ретінде емес, тек нұсқаулық ретінде қабылдау керек.

Көптеген сарапшылар осы топтаманың пішімі мен өндірісі туралы түсініктеме берді. Кейбір рецензенттер жұмысты көптеген брошюраларда жариялауды ұсынды, басқалары пайымдаманы сарамандық қолданыстан бөліп қарастыруды ұсынды, ал басқалары болса пайымдама мен сарамандық қолданыс бірге жүретін «DIY» нұсқаулығын (Do It Yourself – Бұны Өзің Жаса) шығарған дұрыс деп санайды. Біз осы нұсқалардың біз үшін қаншалықты құнды екенін білеміз. Алайда, әзірге біз бірінші басылымды қазіргі пішімде ұсынып отырмыз. Біз оқырмандарымыздан әртүрлі көлемдер мен пішімдерде жарияланатын жұмыстың болашақ басылымдарында ескеру үшін құнды пікірлер мен түсініктемелер аламыз деп үміттенеміз.

Бір кітапта көптеген этностық мәдениеттерді теңдей қарастыру мүмкін емес, дегенмен әр түрлі тілдерге аударылған басылымдарды жергілікті мұғалімдер мен көшбасшылар белгілі бір оқырмандар тобына арнап бейімдейді деп үміттенеміз.

Қасиетті Құран аяттарының ағылшын тіліндегі аудармасы Юсуф Әли мен Мұхаммед Асадтың түсіндірмелерінен алынған және авторлар аздаған өзгертулер енгізген.

Бұл жұмыс авторлардың мұсылман әлеміндегі және батыстағы тәжірибесінің шарықтау шегі болып табылады. Ол Алладан түскен аянның даналығын, Пайғамбарлық (F.C.) басшылықты және мұсылман мұрасы мен Батыс мәдениетінің адами жетістіктерін жинақтауға және көрсетуге тырысады. Бұл – дұрыс талданған және бағаланған кезде осы ұлы даналықтардың бір-бірін қалай толықтыратынын көрсету әрекеті. Осылайша, ол Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас саласына ерекше және қарапайым үлес қосады.

Авторлар
2013-жылғы қаңтар,
Вашингтон, АҚШ

Ол жылап келді!

Бірде анасы: «Әт-Тәлиб бауырым, көмектесіңізші. Бұл – менің қызым. Мен оны бағып-қағып өсірдім және оған сұрағаныңы бәрін бердім, ешкімнен кем қылмадым. Ол қазір 19 жаста және кеше түнде жігітімен бірге қашып кетті. Мен оның қайда екенін білмеймін» – деді көзіне жас алып.

Мен: «Әпке, сен оған бәрін бердім деп нені меңзеп тұрсың?»

Ол: «Тамақ, киім, ойыншықтар, ақша – оған қажет нәрсенің бәрі!» – деп жауап берді.

Мен: «Сіз оған асыл дініміз туралы, қасиетті Құранды, Пайғамбарлардың (Ғ.С.) өмірі туралы, Ислам тарихын үйреттіңіз бе?»

Ол: «Жоқ, бірақ мен оған бәрін бердім ғой!»

Мен өзіме: «Қап, әттеген-ай! Біз балаларды тәрбиелегенде Құдайды мүлдем еске алмаймыз, оларға адамгершілік қағидалары туралы түсінік бермейміз, дей тұра олардың Әбу Бәкір, Омар және Әли сияқты әділ әрі ізгілікті болғанын қалаймыз. Не ексең, соны орасың! Біз он тоғыз жылға кешігіп қалдық! Жалғыз нан азық болмас!»

Қыз бен оның күйеуін (бұрынғы жігітін) Алла Тағаланың рақымымен қайтарып, некенің кейінгі жылдарында пайда болған төрт баламен тақуалық өмірден ләззат алу үшін бір жыл шыдамдылық, сүйіспеншілік пен даналық қажет болды.

Егер сіз шынымен балаларыңыз үшін жауап бергіңіз келсе, олармен ЖЕКЕ қарым-қатынаста болуыңыз керек. Балалар, қажет болған кезде сіздің олардың жанында болатыныңызды білуі керек. Балаларыңызға уақыт, ақша және күш-жігер жұмсау – мүмкін болатын ең жақсы «қаржы салымы»! Сіздің балаңыз сізге қатты дауыстап:

«Анашым, әкешім, өтінемін,

Менің алдымда жүрмеңіздер, мен сіздерге ілесе алмай қалуым мүмкін,

Менің артымнан жүрмеңіздер, мен сіздерге дұрыс жол көрсете алмауым мүмкін, Менің жанымда жүріп, менің досым болыңыздаршы!» – деп айтады.

(Альберт Камю)

Осы жан айқайға құлақ түріңізші?

1-ШІ БӨЛІМ [1-ші және 7-ші тараулар]

Тәлім-тәрбие: Іргетасын қалау

1-ШІ ТАРАУ

Жақсы тәрбие: Ол не және ол қалай бастау алады?

КІРІСПЕ

Бейбіт және тыныш үй жағдайында үйлесімді өмір сүріп жатқан (ең бастысы) жақсы тәрбиеленген, тақуа балалары бар бақытты отбасын көрсеңіз – бұл кездейсоқтықтың нәтижесі емес. Бұл – ата-аналар мен балалар арасындағы жақсы қарым-қатынасты дамыту үшін жұмсалған қажырлы еңбек пен күш-жігердің нәтижесі. Жақсы тәрбие – бұл ұзақмерзімді қаржы салымы және балалардың әсершіл, жансезімдік және денелік дамуында үлкен жетістікке жетудің кілті.

Негізінде, жақсы тәрбие үйдегі жылы, сүйіспеншілікке толы ахуалды қамтамасыз етеді, ондай үйде балалар бал-бұл жайнап, гүлдей құлпырып өседі. Мұндай ахуал бір-бірімен байланысты жақсартатын және ата-аналар мен балаларды жақынырақ біріктіретін қарым-қатынас жасау үшін қажет. Табысты қарым-қатынас орнату үшін тым қатал немесе айыптаушы емес, керісінше балаларды кемелдікке жетуге шабыттандыратын, жағымды көзқарас қажет.

Бүгінде мұсылман тәрбиесіне қатысты мәселелер өте көп. Ата-аналардың көпшілігі бала тәрбиесіне байланысты бет алыстарға қатыспайды, олардың білім, тәжірибе және тәрбиелеу дағдылары жеткіліксіз. Олар әдетте ескірген және дұрыс ақпараттандырылмаған немесе тәрбиенің мәдени маңызын басқаша түсінетін ата-бабаларынан мұраға қалған түйсік пен парасаттылыққа сүйенеді. Білімді, бірақ бейсаналы түрде батыс мәдениетіне еліктейтіндер де бар. Ата-аналар басқа дұрыс ақпараттандырылмаған ата-аналар мен көршілердің соңынан еруі мүмкін. Кейбір ата-аналар өздерінің орындалмаған тілектерін балалары арқылы орындауға тырысады. Ата-ана міндеттерін елемейтіндер немесе оларды кейінге қалдыратындар да бар. Түсінбеушілікке немесе уақыттың жетіспеушілігіне байланысты олар бала тәрбиесін күтушілерге, мектеп мұғалімдеріне, туыстарына, теледидарға және компьютерлік ойындарға жүктеп қояды. Бұл әсіресе күтушілер шеттен келтіруінің «жосықсыз тәжірибесі» балалардың мінезіне теріс әсер еткен кейбір мұнайға бай елдерге тән.

Біз ата-аналарға жоғарыда айтылғандардың барлығын түзетуге, олардың жазықсыз қателіктерін жоюға немесе азайтуға көмектесу үшін барынша тырысамыз. Кейбір жолдармен біз ата-аналардың жиі кездесетін «тұзақтарға» түсіп қалуын болдырмау үшін жақсы «сақтандыру пакетін» ұсынамыз.

Өкінішке орай, бүгінде ата-ана болу әдеттегі жағдай ретінде қабылданады және көптеген адамдар бұл үлкен рөлдің шын мәнінде қандай жағдайларға себеп болатындығы туралы ойланбайды. Шындығында, ата-аналардың қайсысы өздеріне жүктелген міндеттің ұлылығы туралы терең ойланды? Осы жағдайда бұл кітап бізге көмектеседі, себебі бала тәрбиесінің өзіндік дағдыларын, стратегияларын және жоспарлауды қажет ететінін біз түсінетін боламыз.

Келесі сұрақтарды қарастырайық:

1-ші сұрақ: Қандай жұмыс менеджмент, жантану, әлеуметтану, антропология, мейірбике, аспаздық өнер және коммуникация туралы білімді қажет етеді?

2-ші сұрақ: Қандай жұмысты орындау үшін ғылыми дәреже, куәлік немесе тәжірибе рұқсат құжаты қажет емес?

3-ші сұрақ: Қай жұмыс ең түсініксіз және еленбейтін жұмыстардың бірі?

4-ші сұрақ: Қай жұмыс ең көп қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа ұшырады?

5-ші сұрақ: *Ересектердің де өміріне әсер ететін маңызы зор жұмыс түрі?*?

6-шы сұрақ: Қай жұмыс баланың өмірдегі ең маңызды ұстазы болып табылады?

Жауап: ***Бала тәрбиесі***

Өзіңіз ойлап қараңызшы: қажетті біліктілігі жоқ тетікшілерді, сантехниктерді, электриктерді немесе дәрігерлерді жұмысқа алу ешкімнің ойына келмейді; бірақ біздің көпшілігіміз ешқандай дайындықсыз ата-ана боламыз. Біз бір маман иесі болып шығу үшін 16 жыл бойы оқимыз, кейде тіпті жасөспірім кезімізде де бізді күтіп тұрған үлкен жауапкершілікке дайын болмай-ақ оңай ата-ана атанып жатамыз. Біз көлік жүргізу, бұғы аулау немесе ұшақты басқару құқығын растайтын арнайы құжаттар қажет екенін жақсы білеміз, бірақ ата-ана болмас бұрын ешқандай дайындықты қажетсінбейміз.

Сонымен, балалы болған кезде көпшілігіміз не істейміз? Көптеген тәрбие пайымдамалары мен жақсы кеңестер болса да, олар көбінесе еленбейді және ата-аналар бәрі өздігінен шешілетініне сенеді. Олар, әрине, біраз күш-жігер жұмсай алады, тіпті мектептегі ата-аналар мен мұғалімдер қауымдастығының (РТА) жиналыстарына қатыса алады, болып жатқан жағдайдың бәрін қадағалай алады, балаларының бағалары үшін алаңдайды, отбасылық серуендерге барады, жалпы өз міндеттерін орындау көрінісін тудыратын басқа да күмәнді әрекеттерді жасай алады. Бірақ олар басқа ештеңе істеуге тырыспайды.

Дереу іске асыруға болатын әмбебап үлгілер болмаса да, мақсатқа жету жолында өз көмегін тигізетін алгоритмдер бар. Тәрбиелеу барысында біз тәрбие жолының әрқашан құрылыс үдерісінде екенін түсінеміз және біз оны қанша жетілдіре алсақ та, ол процесті жеделдете алмаймыз. Бала тәрбиесінде әмбебап шешімдерді іздемеу керек, себебі олар жоқ.

АЛТЫ ПАЙЫМДАМА БОЛСА, БАЛАЛАР БОЛМАЙДЫ; АЛТЫ БАЛА БОЛСА, ПАЙЫМДАМА БОЛМАЙДЫ.

«Отбасылы болғанға дейін менде бала тәрбиесі туралы алты пайымдама болды; қазір менің алты балам бар және ешқандай пайымдама жоқ».

ДЖОН УИЛМОТ,
РОЧЕСТЕР ГРАФЫ
(БРАУН, 1994-ШІ ЖЫЛ)

БАЛАНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Балалардың әртүрлі даму кезеңінен өтетінін түсінуден бастайық. Ата-аналар сол кезеңдермен таныс болуы керек, өйткені әр кезеңде ата-аналарға қойылатын талаптар өзгереді. Баланың даму кезеңдерін келесі сатыларға бөліп қарастыруға болады: нәрестелер, сәбилер, мектеп жасына дейінгі балалар (0-6 жасар), ерте жасөспірім шақтағы балалар. (7-11 жасар), жасөспірімдер (12-17 жасар), жас ересектер (21-40 жасар) Әр кезеңде балалар ата-аналарынан әртүрлі денелік, әсершіл, әлеуметтік және жансезімдік қорларды талап етеді.

Бала толық тәуелділіктен толық тәуелсіздікке дейінгі кезеңді бастан өткереді. Ата-аналар да, балалар да бұл өзгеріс жолын сәтті жүріп өтуі қажет. Жанжал, шиеленіс мәселелерімен айналысатын мамандар ата-аналар мен балалар билік пен қорлар үшін күресетінін атап өтеді: олар бір-бірін басқарғысы келеді және көбінесе қорлардың әрқайсысын (ақша, кеңістік және уақыт) қайда жұмсау керектігін әр түрлі түсінеді. Балалар жеткіншек немесе ересектерге айнала бастағанда, ата-аналар өз күштерін өз өмірлеріне жұмсай бастауы қажет. Содан кейін тепе-теңдік қайта орнай бастайды – ата-аналар қартаяды және көбінесе балаларына тәуелді бола бастайды. Тәуелсіздік өзара тәуелділікке айналады, мұнда әрқашан өзара ақыл-кеңес, бір-біріне деген қамқорлық орын алады.

БІЗ БАЛАЛАРЫМЫЗДЫ ҚАЛАЙ ТӘРБИЕЛЕП ЖАТЫРМЫЗ: ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘРТҮРЛІ ӘДІСТЕРІ

Сондай-ақ, көптеген ата-аналар ұстанатын тәрбиелеудің төрт негізгі мәнері бар екенін мойындайық. (әрине, ата-аналық мәнерлер әрқашан осы санаттарға сәйкес келе бермейді)

1)Өктемшіл/үстемшіл: Ата-аналар балаларынан мойынсұнушылықты талап етеді және мойынсұнбағаны үшін қатаң жазалайды.

2) Өктемшіл: Ата-аналар балаларынан өз талаптарының орындалуын күтеді, бірақ сонымен бірге олар балаларының да талаптарын ескереді. Мұндай ата-аналар өз ережелерін нақты түсіндіреді және бұл тәртіп пен ережелердің жақсы ойластырылған себептерін келтіреді, осылайша балалар ата-аналары қойған талаптардың жүйесіз, ерікті сондай-ақ мағынасыз емес екенін түсінеді.

3) Рұқсат беруші: Ата-аналар балаларына қалағандарын жасауға мүмкіндік береді. Жанжал көп орын алмайды, себебі рұқсат беруші ата-аналар балаларының тілектерін орындайды.

4) Демократиялық: Ата-аналар балаларымен бір ымыраға келуге тырысады және шешім қабылдау мәселелеріне балаларын да қатыстырады.

Жалпы, әлеуметтанушылар өктемшіл тәрбиелеу мәнеріне басымдық береді. Өзіңіздің тәрбиелеу мәнеріңізді талдаңыз және сізді төрт кең санаттың қайсысына жатқызуға болатынын шешіңіз. Неліктен белгілі бір мәнерді қабылдауға шешім қабылдағаныңызды немесе неге «белгілі бір мәнерге» жататыныңызды өзіңізден сұраңыз. Өз-өзіңізбен жұмыс жасау жағымды тұстарына көңіл бөле отырып, сондай-ақ кемшіліктерді жақсарту арқылы сіз таңдаған тәрбиелеу мәнерін қайта қарастыруға мүмкіндік береді.

Өктемшіл / үстемшіл тәрбие туралы жазба: Мәжбүрлеу және қорқыныш мәдениеті

Мұсылман ата-аналар мен кейбір адамдар арасында ата-аналардың өктемшіл тәрбиелеу мәнері-балаларының әумесер мінез-құлқының алдын алудың тиімді әдісі деген кең таралған пікір бар. Бір қызығы, бұл жағымды жансезімдік көзқарастар мен жақсы мінез-құлықты ынталандыруға емес, жаман мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған ділге негізделген секілді. Ата-ананың үнемі қатаң бақылауы және балалардың қорқынышы отбасылық қатынастардың үйлесімділігін бұзады және балалардың қоршаған ортаға бейімделе алмауына әкеледі. Бұл жалпы қоғамға ауыр зардаптар әкелуі мүмкін, сондықтан біз осы қарым-қатынас үлгісіне тереңірек тоқталамыз деп шештік.

Мұсылман ата-аналарының жалпы мінез-құлқы қатаң ережелерге, қысым көрсету мен үстемдік жасауға, сұхбаттың жоқтығына, баламен арадағы қарым-қатынастың жетіспеушілігіне негізделеді. Өктемшіл мінез-құлықтың белгілері нәресте кезінен басталады, содан кейін үйден тыс жерлерге, атап айтқанда, мектептер, әлеуметтік мекемелерге жайылады, нәтижесінде мемлекет пен саяси жүйеге де жетеді. Отбасы ішінде әкенің мысы басым болғандықтан, ол – балаларға, үлкен ағалары – кішілеріне, ұлдары – қыздарға үстемдік етеді. Ер адамдар өздерін «басты адам» ретінде сезінеді және мұндай ахуал ынтымақтастық пен жауапкершілік ұғымдарынан алыстайды.

Мұсылман ата-аналардың мінез-құлқында қатаң ережелер мен үстемдік басым келеді, сондай-ақ сұхбаттың болмауы, баламен арадағы жақын қарым-қатынастың жоқтығы тағы бар. Өктемшіл тәжірибелердің «дәндері» отбасында сәби кезінен бастап себіледі, содан кейін үйден тыс жерлерге, мектептерге, әлеуметтік мекемелерге, сайып келгенде, мемлекеттік және саяси жүйелерге енеді.

Отбасында әкесі балаларға, үлкен ағалары кіші інілеріне, ал ер балалар қыздарға үстемдік етеді. Ер адамдар әдетте «бастықтар» болып табылады және бүкіл ахуал серіктестік пен жауапкершілік ұғымдарынан айырылады. Керісінше, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) пасторлық, яғни бақташылық тұжырымдаманы қолдады (pastor деген латын тіліндегі зат есім «бақташы», «шопан» деген мағыналарды білдіреді) және былай деген екен:

«Сіздер барлығыңыз шопансыздар (бақташы) және өз отарларыңыз үшін жауаптысыздар»

(Әл-Бұхари)

Әдеттегі тәжірибеде ата-аналардың өз балаларына ешқандай түсіндірмесіз жасауға болатын және болмайтын нәрселердің тізімімен бірге бұйрықтар мен нұсқаулар беретіні мәлім. Егер бала түсініктеме сұраса, ол әдетте жауап ретінде: «Айтқандай істе!» «Солай болуы керек!» «Менің істегенімді емес, айтқанымды істе!» «Ата-анаңа қарсы келме!» деген сияқты сөздерді естиді. Кейде қызығушылық танытқан балаларды әдепсіз, дөрекі, тентек деп айыптап, оларға сөгіс жариялап жататын кездер де болады. Ізденімпаз балаларды тыныштандыру үшін кейбір ата-аналар жауабын білмеймін деп айтудың орнына сұрақтарға дұрыс емес жауап беруі мүмкін.

Бұл мұндай ата-аналар балаларына қамқорлық танытпайды дегенді білдірмейді; керісінше, олар өз отбасыларын өте жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды. Дегенмен, қатаң және бақылаушы болуға тырысқанда, олар іс жүзінде басымдық көрсете бастайды. Сонымен қатар, басымдық көрсету немесе үстемдік жасау кейде біз шатастырып жататын жаттығулармен бірдей емес. Мұндай үстемдік жасау тәжірибесі әсершіл, жансезімдік және ақыл-ойы сау балаларды тәрбиелеуге көмектеспейді. Мықты балаларды тәрбиелеу үшін ата-аналар балаларымен өзара кеңесіп отырулары қажет. Ол туралы қасиетті Құранда былай делінген:

Ал және сондай Раббыларына мақұл дегендер, намазды толық орындағандар, сондай-ақ өзара істерін кеңеспен жүргізгендер және өздеріне берген несібемізді тиісті орындарға жұмсағандар.

(42-ші сүре, 38-ші аят)

(Мұхаммед с.ғ.с.) оларға Алланың мейірімі бойынша, жұмсақ сыңай байқаттың. Егер тұрпайы, қатал жүректі болсаң еді, әрине олар маңайыңнан тарқап кетер еді. Сондықтан оларды кешірім етіп, олар үшін жарылқау тіле де іс жөнінде олармен кеңес қыл. Сонда қашан қарар берсең, Аллаға тәукел ет. Негізінен Алла тәуекелшілерді жақсы көреді.

(3-ші сүре, 159-шы аят)

Мәжбүрлеу әдісі баланың ата-анасына құрмет көрсетуінде өз жемісін беретіні айқын, алайда бұл сенімділік пен сүйіспеншілікке емес, қорқынышқа негізделген жалған құрмет болып есептеледі. Үйренген және түйсікті қорқыныш туралы әңгімеге біз 14-ші тарауда ораламыз. Бұл өктемшіл әдіс білім беру жүйесіне де еніп кеткен, онда балалар мұғалімдерге оқығысы келгендіктен емес, сөгіс пен/немесе жазадан қорыққандықтан бағынады. Нәтижесінде балалар дұрыс оқымайды. Өктемшіл жолды кейбір елдердің білім беру бағдарламасының өзі күшейтеді, мұнда оқыту түсіну мен бірлесіп жұмыс істеуге емес,

жаттап оқытуға негізделген. Мұндай жүйемен жұмыс істейтін ата-аналар мен мектептердің мақтанатын түгі жоқ. Олардың бар істегендері – әлеуметтік мінез-құлқы үстемшіл және өктемшіл мекемелерге сәйкес келетін тұлғалар «өндірісіне» үлес қосқандығы. Мұндай құлдық қатынастарды мемлекеттік басқару органдарында, саяси партияларда, қоғамдық қозғалыстарда, полиция бөлімшелерінде, ұлттық армияда, корпорацияларда және өндіріс орындарында байқауға болады. Мұндай білім беру жүйесін біріздендіруден аулақ болған және қоғамдық озбырлыққа бой алдырмаған аз ғана тұлғаларға қоғамда орын жоқ: олар өздерін басқалар сияқты көрсетіп, әрекет етеді немесе осы ақауы көп жүйеде сәтсіздікке ұшырайды, зардап шегеді және үмітін үзеді.

Қазіргі таңда мұсылман санасында және мұсылман балаларының жансезімдік және әсершіл тәрбиесінде дағдарыс бар екені белгілі. Біртұтас әдіснамалық тәсілдің болмауы, білімнің бөлшектенуі және оқшауланыу мұсылман мәдениеті мен ойының бұрмалануының себебі болып табылады. Балалардың білікті тәрбиесіне көңіл бөлмеу жас балалардың әсершіл және жансезімдік жетіспеушілігіне бірдей жауап береді. Көптеген мұсылмандардың бала тәрбиесіне деген заманауи көзқарасы қасиетті Құрандағы ‘imrān (араб тілінде: إمران) (өркениетті құру және дамыту), itqān (кемелдік, араб тілінде: إتقان), tafakkur (зерттеу, араб тілінде: التفكر) секілді көзқарастарды біріктіріп қарастырмайды; керісінше, бұл сөзбе-сөз қабылданады, сондай-ақ құлдық және еліктеу мағыналарын білдіреді. Ғылыми, нысандылық түрде және жүйелі әрекет етудің орнына, мұсылмандар өте ырымшыл келеді: олар ғылыми білімнің жемісін ұмытып, жындар мен ғажайып туралы ойлармен бастарын қатырады.

Зияткерлік тоқырау мәселесін, сондай-ақ мұсылмандық қауымның әлсіреуіне себеп болған ақыл-ой дағдарысын шешу жауапкершілігі толығымен ойшылдар мен ұстаздардың мойнына түседі деген пікір кең таралған. Алайда, олар маңызды рөл атқарғанымен, сайып келгенде, мәселенің шешімін ата-анадан іздеу керек. Ата-аналар өздеріне сенімді болса, дені сау, еркін және жақсы тәрбиеленген балаларды тәрбиелеу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды, олар көшбасшылық мантиясын алып, қоғамға оң өзгерістер енгізе алады, сондай-ақ, сал ауруына шалдыққан мұсылмандық қауымды да қалпына келтіре алады.

Бала тәрбиесінің бүгінгі қайғылы жағдайын келесідей сипаттауға болады:

- *Білім іздеуге және дағдыларды игеруге кедергі болатын ата-аналардың басым сауатсыздығы;*
- *Шығармашылық пен бастамашылдықтан жұрдай «құлдық ділі» тудыратын қорқыту мәдениеті;*

- *Сыни талдаусыз басқаларға («табын ділі») соқыр еліктеу және оларға мойынсұну;*
- *Үйде және қоғамда үстемдік етуші әрі мәжбүрлеу тәсілі.*

Негізінен, бала тәрбиелеу үдерісі бір отбасын, қоғамды және мәдениетті құруы немесе бұзуы мүмкін. Өркениет мұнарасы ешқашан бір күнде салынбайды және оның құрылысы аяқталмайды. Өркениет үнемі өсуді, жетілдіріп отыруды және дамуды қажет етеді. Бұл әлемді үздіксіз зерттеудің, ашудың және жетілдірудің нәтижесі (ihsān, араб тілінде: إِحْسَان) болып табылады. Біз ата-аналарды осы бейненің ауқымы туралы және олардың тәрбиелеу тәжірибесінің жалпы қоғамға әсері туралы ойлануға шақырамыз.

Балалар қорқыныш пен қысым жағдайында өссе, олар тәуекелге барудан және шешім қабылдаудан қорқады. Ақырында олар жауапкершілік сезімін жоғалтады және шешім қабылдай алмайды. Жасқаншақ балалар өздерінің әлсіздіктеріне бой алдырады және қоғамдық өмірге араласпауға тырысады; олар өктемшіл тәртіптер мен өктемшілдіктің орнауына әкелетін саяси көшбасшылардың қызметіне араласудың орнына, өзімшіл көзқарасты ұстанады. Осылайша тәрбиеленген балалар, сайып келгенде, сыбайлас жемқорлыққа төзімді болады және қоғам алдындағы міндеттерін орындаудан жалтарады. Бұл жағдайда топтық рух жоғалады және бұл қоғам құру үшін қажетті мекемелердің құрылуына жол бермейді. Балалардың жаңа жас санасына сіңген ырымшылдық пен тиімсіздіктің артта қалған және қатаң мәдениеті ғылым мен техниканың дамымауының кепілі болып табылады.

Ислам өркениетінің алтын ғасыры өркендеді, себебі бұл себепшарттардың барлығы бала тәрбиесінде ескерілді. Мысалы, нәрестені омырау сүтімен емізу тәжірибесі бала тәрбиесінің ажырамас қыры ретінде қарастырылды, онда баланың қажетті әсершіл және жансезімдік дамуына назар аударылды. Шынында да, «Неге мұндай ұлы өркениет тұңғиыққа құлдырай жөнелді?» деген сұрақтың жауабы біз балаларымызды туылғаннан бастап қалай тәрбиелейтіндігімізде болып отыр. Балаларға жақсы тәрбие беруге жеткілікті түрде көңіл бөлмеу мұсылман тарихындағы ұлы және көптеген түрлендірулердің жетіспейтін негізгі қыры болып табылады.

ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІСТЕРІ ТУРАЛЫ НЕ АЙТА АЛАМЫЗ?

Ата-аналармен қарым-қатынасымыз бен балаларымызбен қарым-қатынасымыз арасында байланыс бар ма? Өз балаларына қатыгездік танытатын ата-аналар көбінесе балалық шағында өздеріне қатыгездік көрсетілгенін айтып жатады. Балалардың өз ата-аналарымен оң қарым-қатынас тәжірибесі болашақта жылы, сезімтал және ынталандырушы тәрбиелеу мәнерінің дамуына ықпалын тигізе ала ма? Тәрбиелеу мәнерімен әдістері ұрпақтан-ұрпаққа беріле ме?

Ата-аналардың өзіндік бала тәрбиелеу тарихы олардың болашақта бала тәрбиелеу мәнеріне жиынтық үлес қосады. Тұтастай алғанда, балалық шақтың кез келген кезеңінде ата-анасы тарапынан қолдау көріп тәрбиеленген ата-аналар өз балалары үшін жылы, сезімтал және ынталандырушы ата-аналарға айналды. Қолдау көрсетуші тәрбие үш жасқа дейін танымдық дамудың жақсаруымен байланысты.

(Баумринд, 2008-ші жыл)

Әкелер, аналарға қарағанда, сәбилерімен және балаларымен басқаша қарым-қатынас жасауға бейім келеді. Әкелер мен аналардың көпшілігі жауапкершілік алуда, балаларын ынталандыруда, оларды жақсы көріп, үйретуде ұқсас болғанымен, әкелер аналарға қарағанда, денелік ойындарға көбірек қатысады. Айтуынша, ата-аналардың екеуі де, қыздарға қарағанда, ұлдарымен көбірек ойнайды. Аналар мен әкелердің білім деңгейі балалардың мектептегі және басқа салалардағы үлгерімімен де байланысты. Бір қызығы, әкесінің білімі неғұрлым көп болса, анасы соғұрлым балаларына көбірек қолдау көрсетуге бейім болады екен.

(Рикс, 1985-ші жыл)

Ата-анамыздың тәрбиелеу мәнерін бейнелеуден басқа, біз кейде ол әдістерге қарама-қайшы келіп жатамыз. Балаларды ұрпақтан-ұрпаққа тәрбиелеу тәжірибесінде кейбір айырмашылықтар болуы мүмкін. Ата-әжелердің жартысына жуығы, немерелері олар өз балаларын тәрбиелегеннен басқаша тәрбиеленіп жатыр, деп есептейді. Бұл топтың жартысы, олардың балаларының өздерінің ата-ана болған кездерімен салыстырғанда, немерелеріне жұмсақ әрі төзімді екенін айтады. Ал жартысынан азы, балалары өздеріне қарағанда, немерелеріне үй міндеттерін аз беретінін және немерелерінің өз балаларына қарағанда, көбірек мүмкіндіктерге ие екендігін мәлімдейді.

(Zogby International, 2006-шы жыл)

Ата-ананың балалық шағына, «шыққан отбасына», біліміне немесе табысына қарамастан, дені сау ата-аналар өз балаларының дүниеге келуі – олардың тәрбиелену тәсілін (тәсілдерін) қайта қарау мүмкіндігі екенін ескереді. Олар өскен кезде ата-аналарының әдісін өз балаларына қайталауы немесе сол әдістерді жетілдіруі мүмкін.

Алайда, сайып келгенде, ата-аналары қанша нәрсе жасаса да, олардың балалары өз алдына тәуелсіз тұлға болып табылады және өздерінің әрбір әрекеттері үшін жеке есеп беріп, жауапкершілік алады. Ата-аналарының ұсына алатыны – тек қолдау беру мен жол сілтеу ғана. Бір күні олар қуанышпен және мақтанышпен: «Біз жақсы ата-ана бола білдік», – деп мәлімдей алады.

ЖАҚСЫ ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ: АЛДА ТҰРҒАН СЫНАҚҚА ШОЛУ

Дұрыс тәрбие – бала анасының құрсағына біткенге дейін басталады. Некеге дейін адам өзіне жақсы жар таңдай білу қажет. Некеден кейін жүкті ана денсаулығын, тамақтануын қадағалап, ағзасына зиянды заттардан аулақ болу керек. Әкесі оған тиісінше қамқорлық жасауы керек, анасына жүктелген көптеген міндеттер мен жұмыстарды мүмкіндігінше жеңілдетуі керек, себебі анасына жеткілікті түрде демалыс пен ұйқы керек. Мұнда біз ата-аналарға алдағы міндеттерге шолу жасауды, сондай-ақ жақсы тәрбие беруге қажетті білім мен дағдыларды ұсынамыз. Ата-аналардың алдында тұрған қиындықтарды тым қатты немесе, керісінше, жеткіліксіз бағаламауы үшін алдыда тұрған міндеттердің нақты ауқымын білу өте маңызды. Егер олар бала тәрбиелеуді тым оңай деп ойласа, олар оған дайындалудың қажеті жоқ деп санайды. Егер оларға бұл өте қиын болып көрінсе, олар үмітін үзіп, бас тартуы мүмкін.

Ата-ана болу адам басынан өткерген ең пайдалы, ынталандыратын әрі өте жағымды тәжірибе

болуы мүмкін, бірақ сонымен қатар оның өз қиындықтары да болуы мүмкін. Адамның бүкіл өмірі сынақтар тізбегінен тұрады, ал бала тәрбиесі – ең қиын кезеңдердің бірі. Сондықтан романтикалық ой-түсініктер ды ысырып тастап, кейбір шындықтың көзіне тіке қарау қажет. Балаларға жақсы тәрбие беру оңай шаруа емес және ешқашан қателіксіз болмайды. Балалар ата-аналарының шыдамдылығын сынап, төзімділігін тексереді, тіпті олардың жанында болмаған кезде де жүректері мен ойларында жүреді. Балалардың пайда болуымен адамның өмірі түбегейлі өзгереді.

Барлық ата-ана сияқты, кез келген баланың да таланты мен әлеуеті бар. Балаларды тәрбиелеу – бұл жалғыз күресуге болатын нәрсе емес. Көптеген ата-ананың балаларға қарасуға көмектесетін мұғалімдер, бала күтушілер, ағайын-туыстары, діни жетекшілері және достары секілді қолдау желісі бар.

Бойға бала біткен кезден бастап біз келесі нұсқауларды қолдана бастаймыз. Көптеген «істеу керек» және «істеу керек емес» нәрселерден шатасып кетпес үшін одан да үлкенірек көрініс ті есте сақтағанымыз жөн. Отбасылық өміріңізге және үйіңізге тең дәрежеде қарауға көмектесу үшін келесі сегіз бағытты түсінуге тырысыңыз.

Бала тәрбиесін жеңіл жүрекпен қабылдаңыз.
Бәріміз де ақымақтық жасап, қателіктер жібере аламыз,
осыны өзіңізге үнемі айтып отырыңыз.

1. БАЛАНЫҢ ДАМУЫ ҰЗАҚ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ҮДЕРІС ЕКЕНІН ТҮСІНІҢІЗ.

Мейірімді балаларды, белсенді азаматтарды және әлеуетті көшбасшыларды тәрбиелеу – бұл бірнеше айға емес, жылдарға созылатын күнделікті міндет. Романтикалық сезім бізді сәтсіздікке ұшыратып, достық қарым-қатынас аяқталуы мүмкін болғанымен, ата-аналар мен балалар арасындағы байланыс өте күшті және ешқашан бұзылмайды, ол ең күшті дауылдарға төтеп береді және жер бетіндегі ең берік әрі мықты байланыстың бірі болып қала береді.

2. ДҰРЫС МАҚСАТТАР ҚОЙЫҢЫЗ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҮНЕМІ ЖЕТІЛДІРУГЕ ҰМТЫЛЫҢЫЗ.

Мақсаттар шатасудан аулақ болуға және нақты әрекеттерді анықтауға көмектеседі. Олар біздің қайда барғымыз келетінін және оған қалай жетуге болатынын түсіндіреді (Біз келесі тарауларда қарастырылатын ата-аналарға арналған мақсаттар схемасын жасадық). Мақсатсыз немесе жол картасынсыз ата-аналар қателіктер жіберуі мүмкін, өйткені олардың іс-әрекеттерін бағалай алатын нақты мақсаттары

жоқ. Алайда, бұл қателіктер мүлдем болмайды дегенді білдірмейді – қателіктер үнемі болады! Ең маңыздысы – қателіктерді мойындау және олардан үйрену, жауапкершілікті арттыру. Бұл нәрсе балаларға да қатысты: Біз балаларымызға нақты нұсқаулар бердік пе? Біз оларға бізбен қалай үйлесімді өмір сүруге болатындығын үйреттік пе? Біз оларға біздің үміттерімізді ақтау үшін қажетті дағдыларды бере алдық па?

3. ҮЙРЕНГЕН ҚАҒИДАЛАРДЫ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНЫҢЫЗ ЖӘНЕ БАСҚА АТА-АНАЛАРМЕН САРАМАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІҢІЗБЕН БӨЛІСІҢІЗ.

Егер біз бала тәрбиесі туралы әдебиеттерді зерттесек немесе жантанушыдан кеңес сұрасақ, бізге көмектесетін көптеген ұсыныстарды табамыз. Ата-аналар жалпы ол ұсыныстармен келіссе де, көбінесе оларды іс жүзінде қолдана алмайды (дағдылардың, тәжірибенің немесе күнделікті міндеттердің болмауына байланысты). Алайда, олар өздерінің саламандық тәжірибелерін басқа ата-аналармен бөліскенде, бұл екі жаққа да жақсы тәрбиелеу дағдыларына қол жеткізуге көмектеседі. Біз бойдақ болсақ та, үйленген болсақ та, үйде немесе үйден тыс жерде жұмыс істесек те, бала тәрбиелеу – жалғыз істеу үшін тым маңызды жұмыс.

4. ЖАҚСЫ ҮЛГІ БОЛЫҢЫЗ ЖӘНЕ БАЛАЛАРҒА ӨЗІНЕ ДЕГЕН СЕНІМДІЛІКТІ ҮЙРЕТІҢІЗ.

Ата-анасының балаларына үйрете алатын ең маңызды нәрселердің бірі – олар болмай қалған кезде қалай әрекет ету керектігін үйрету. Балалар қадір-қасиетті, батылдықты, өзін-өзі тәрбиелеуді, сүйіспеншілікті, жанашырлықты, өзара тәуелділік пен жауапкершілікті үйде үйренеді. Бірақ балалардың санасы мен жүрегіне қажетті дағдыларды сіңіру және олардан керемет ер азаматтар мен нәзік жанды әйелдерді тәрбиелеу үшін тек қана дәріс беру жеткіліксіз. Үлгілі ата-ана бола білу көптеген уағыздардан артығырақ.

5. БАЛАЛАРҒА ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚТЫ АЖЫРАТА БІЛУДІ ҮЙРЕТІҢІЗ.

Ата-аналар басқа балалардың жаман мінез-құлқы туралы әңгімелерді естігенде, олар: «Менің балам мұндай нәрсе жасамайды. Менің балам басқаша», – деп жиі айтып жатады. Біздің баламыз жаман әрекеттерге бармайды және ол өз жолымен және өздігінен жетістікке жетеді деп сену қате. Шындығында, балаларымыз біздің қалауымызға қарсы да әрекет ете алады. Бұл таңқаларлық жайт емес, себебі біздің балаларымыздың айналамызда араласатын және өмір сүретін мыңдаған басқа балалардан еш айырмашылығы жоқ. Біз бәріміз Адам ата мен Хауа ананың ұрпағы болғандықтан (олардың гендерінің тасымалдаушысы), барлығымыз жақсылық пен жамандықты ажырата аламыз және осы ішкі білімімізге сәйкес әрекет ете аламыз. Ұқсас қиындықтарға тап болып, тығыз ортада өмір сүре отырып, барлығымыз да қателіктерге бой алдырамыз, тек айырмашылығымыз – кейбіріміз басқаларға қарағанда, көбірек қателік жібереміз, ал кейбіреуіміз өкініп, түзетіп жатамыз, ал басқалары олай жасамайды. Әр адам өз алдына бірегей тұлға болғанымен, біз көптеген ұқсас мәселелерге тап болып жатамыз. Біздің өмірімізде қандай да бір жолмен басқа біреу бастан кешірмейтін мәселенің болуы екіталай.

6. ӨЗІҢІЗДІ ДАМЫТУ ҮШІН ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҚАСИЕТТЕРДІ БОЙЫҢЫЗҒА СІҢІРУ ҮШІН КӨП ЖҰМЫС ЖАСАҢЫЗ.

Тереңірек үңілсек, шынайы адамгершілік өркениеттің қайта жандануына сенімді мекемелер құрылған жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Бұл мекемелер күшті және мінсіз мінезді, өзімшілдіктен, құмарлықтан және сыбайлас жемқорлықтан бойын алыс ұстайтын адамдардан тұруы керек. Бұл тұлғалар адалдық, кішіпейілділік және басқаларға деген сүйіспеншілік сияқты қасиеттерге ие болуы керек. Кездейсоқ жақсы қасиеттердің болуы өте сирек кездесетін жағдай; жалпы олар бақытты отбасының, тұрақты ортаның және адал ата-ананың нәтижесі болып табылады.

7. ӘҢГІМЕЛЕСУ ӨНЕРІН ДАМЫТУ.

Сөйлесіңіз! Балаларыңызбен кез-келген нәрсені, жалпы бәрін талқылаңыз, күні бойы не істегеніңіз туралы, орын алған мәселелер жөнінде не ойлайтыныңыз туралы, балаңыздың x, y және z жайында не ойлайтындығы туралы әңгімелесіңіз. Қарым-қатынасты бірінші орынға қойыңыз, балаңызды жақыннан тануға және түсінуге тырысыңыз. Қарым-қатынасты дамытудан басқа, әңгімелесу тіл-

дің дамуы мен жасалымы үшін де өте маңызды. Балаға теледидарды, ғаламторды және/немесе компьютерлік ойындарды серік қылмаңыз. Балаңызбен әңгімелеспеу ақыл-парасатының құлдырауы мен бәсеңдікке әкеліп соғады. Біз теледидарды жиі көрудің балаларға тигізетін жағымсыз әсеріне жеке бір тарауды арнадық. Қарым-қатынас маңызды пікірталастар мен әзіл аралас әңгімелерден тұрады. Ата-аналар балаларымен әзілдесіп, ойнауы керек, өйткені әзіл қарым-қатынасты нығайтады және зеріктірмейді. Ата-аналар балаларды тәрбиелеуге көп уақыт жұмсайтыны сонша, олар балаларымен бірге уақыт өткізуден ләззат алуды ұмытады. Бұл – үлкен жеңіліс. Балалар өз әлемінде өмір сүреді және олардың бақытты болу мен түрлі ойындар ойнауға қабілеті зор. Балалармен бірге уақыт өткізіп, оларды күлдіруден және олармен бірге көңіл көтеруден гөрі, телесауықтарды көруді жөн көретін көңілсіз, жалықтыратын ата-аналарды көру өте өкінішті. Өмір қысымға және мазасыздыққа толы болғандықтан, балалар – стрессті жеңілдететін ең жақсы дәрі бола алады, бұл ата-аналарға балалар әлеміне аз уақыт болса да енуге көмектеседі. Кейбір ата-аналар балалармен ойнау – әлсіздік немесе өмірге деген байсалды емес қатынасты көрсетеді деп санайды. Шындығында, сіз балалармен күлгенде, сіз оларға өздерін сенімді сезінуге және сізден қорықпауға мүмкіндік бересіз, араларыңыздағы шиеленіс деңгейі төмендейді, махаббаттың көзге көрінбейтін байланыстары таралады және балалар өз ойын білдіру еркіндігін сезінеді. Әзілдеу және күлу – бұл қарым-қатынастың ажырамас бөлігі.

8. ЖАҚСЫ ТӘРБИЕДЕН ЛӘЗЗАТ АЛЫҢЫЗ!

Бұл алдыңғы тармақтан туындайды. Жоғарыда келтірілген ұстанымдар жанашырлықпен және қуаныш-шаттықпен қолданылуы керек. Кейде сәттілікке құмар ата-аналар алдына қойған мақсаттарға жетуге соншалықты көп көңіл бөледі, сондықтан олар отбасылық өмірдің қарапайым қуаныштарын ұмытып кетіп жатады. Осыны есте сақтаңыз. Дұрыс тәрбие – бұл жанашырлықты қажет ететін біртұтас тұжырымдама және міндет, өйткені дұрыс тәрбие беру тәжірибесі де мақсаттарды жүзеге асыру секілді маңызды.

БОС УАҚЫТ ЖӘНЕ БАЛАЛАРМЕН БІРГЕ ӨТКІЗІЛЕТІН БЕЛСЕНДІ ІС-ШАРАЛАР

Ата-аналар көбінесе балаларымен БІРГЕ көп уақыт өткіземіз деп мәлімдейді. Шындығында, бұл «БІРГЕ» ЖАҚЫН МАҢАЙДА, көршілес дегенді білдіреді. Шынында да, ересектер мен балалар бір бөлмеде болуы мүмкін, бірақ олар теледидар көру, оқу, телефонмен сөйлесу, электрондық пошта хабарларын жазу немесе келген қонақтарымен сөйлесу секілді басқа нәрселермен шұғылданып отыруы мүмкін. Ал бізге керегі – балалармен бірге БЕЛСЕНДІ УАҚЫТ ӨТКІЗУ. Мысалы, сіз балаңызбен бірге оқи аласыз, спортпен шұғылданып, түрлі ойындар ойнай аласыз, бас қатырғыш, ой-жұмбақтарды жинай аласыз, тамақ дайындап, бірге тамақтана аласыз, түрлі мәселелерді талқылай аласыз және бірге әзілдесіп, күле аласыз, дүкенге бара аласыз, текшелерден бекіністер жасай аласыз және ыдыс жуа аласыз: басқаша айтқанда, баланы өзімен жалғыз қалдырып қана қоймай, түрлі іс-шараларда оның белсенді серіктесі және бірге қатысушы бола аласыз.

Бұл уақытты өте тамаша уақыттардың бірі деп айта аламыз, себебі оның көп бөлігі баламен түрлі БЕЛСЕНДІ ІС-ШАРАЛАР өткізу арқылы өтеді. Ешқандай күтуші де, басқалар да ата-анамен өткізген уақытты алмастыра алмайды!

Хасан Әт-Тәлиб

ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ТҮРЛІ АҚПАРАТ КӨЗДЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Балаларды дұрыс тәрбиелеуді бастаудың бір жолы – сарапшылардың кеңестері мен ұсыныстары бар дереккөздерге жүгіну.

Мұсылман дереккөздері және Батыс дереккөздері.

Бала тәрбиесіне қатысты әдебиеттер Солтүстік Америкада кеңінен қол жетімді. (1.1-кесте) Батыстық ата-аналарда баланы дұрыс тәрбиелеу туралы көптеген мәлімет бар және бала тәрбиесін пайдалы әрі тиімді етуге көмектесетін қорлар мен ақпарат беретін көптеген кітаптар, кітапханалар мен веб-сайттар жеткілікті.

1.1-ші кесте Бала тәрбиесі бойынша әдебиеттердің қол жетімділігі

Кітапхана	Жұмыстар саны
Конгресс Кітапханасы	2,464
6 университет бірлестігі, АҚШ	3,215
Фэйрфакс өңірінің қоғамдық кітапханасы, Вирджиния	432
Канада Ұлттық кітапханасы	362

Дереккөздер: АҚШ Конгресс кітапханасы (www.loc.gov)

FФэйрфакс өңірінің қоғамдық кітапханасы (www.fairfaxcounty.gov/library)

Канада кітапханасы мен мұрағаты (www.collectionscanada.gc.ca).

Керісінше, болашақ мұсылман ата-аналары мұсылман дереккөздерінен бала тәрбиесі бойынша кеңес іздегенде, оларға не қолжетімді? Әт-Тәлл және Әл-Кәйси (1990-шы жыл) бала тәрбиесіне қатысты жоғары сапалы мұсылман әдебиетінің жетіспеушілігін атап көрсетеді. Балаларға қолайлы құндылықтар мен мінезді қалай сіңіру керектігі туралы бірнеше кітапта сарамандық мәліметтер бар. Ата-аналар классикалық бала тәрбиесі жөніндегі кітаптарды пайдалануда біршама қиындықтарға тап болады. Ескі кітаптар әртүрлі уақыттар мен мәселелерге арналған, нақты жіктеу, көрсеткіштеу және сілтемелер жоқ. Мұсылмандарға арналған бала тәрбиесі туралы ақпараттар әртүрлі дереккөздерге, соның ішінде құқықтану әдебиетіне, Құрандағы түсініктемелерге (*tafsīr*), тарихи еңбектерге, сопылық поэзияға және насихат кітаптарға таралып кеткен.

Доктор Әз-Зә'Бәләуи (жасөспірімдерді тәрбиелеу туралы араб тіліндегі кітабында) бала тәрбиесі туралы ислам әдебиеті аз, сондай-ақ жасөспірімдер туралы бейімделген еңбектер де өте сирек кездеседі деп тұжырымдайды. АҚШ және Канада мұсылман студенттерінің қауымдастығы (MSA) 1973-ші жылы балаларға арналған алғашқы исламдық бояу кітабын шығарды. Ол кезде мұндай кітаптар болған жоқ, ал батыста қоныстанған

ата-аналар балаларға арналған әдебиет тапшылығын сезінді.

Англияның Лестер қаласындағы Ислам қорының директоры, доктор Мәнәзир Әhсан батыстағы мұсылман қауымдастықтары көптеген институттар, мешіттер мен мектептер құра алғанымен, олар «үйде де, мектепте де жас ұрпақтың оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ағылшын тілінде тиісті әдебиеттер жаза алмады» деп атап өтті.

(Д'Уайен, 1996-шы жыл)

Шығарылған әдебиеттер тым аз еді және әлі де көп әдебиет қажет. Ислам кітапханасында бүгінде бала тәрбиесі мен ата-ана туралы кітаптар жетіспейді. Әдебиеттің көп бөлігі ересектерге білім беру туралы, ал балалар мен жасөспірімдер жантануының дамуы туралы жазылған еңбектер өте аз. Заңгерлер неке келісімшарттарының ресми қырлары, күйеулердің, әйелдердің және балалардың құқықтары мен міндеттері, ажырасудың техникалық қырлары және мұраны есептеу туралы көптеген әдебиеттер жазды. Отбасы мен бауырлары арасындағы қарым-қатынас, әсіресе әлеуметтік, жансезімдік және даму қырлары туралы исламдық кітаптар өте қажет. Ата-аналар отбасылық мәселелер бойынша кеңес іздегенде, оларға кездесетін кітаптардың көпшілігі ресми және заңды (*fiqhī*) мәселелерге бағытталған.

Сонымен қатар, араб әлемінің орта мектептерінде оқылатын кітаптардағы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өмірбаяны тұлғалардың өзара әрекеттесуі мен жеке тұлғаның дамуына аса назар аудармайды және негізінен саяси мәселелер мен халықтар арасындағы бейбітшілік пен соғыс мәселелерін реттеуге бағытталған. Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с.) балаларға көрсеткен қайырымдылығына, сүйіспеншілігіне және құрметіне, олармен қарым-қатынаста мейірімділігіне, оларға деген құрметіне және олардың ойындарына қатысуға дайын болуына аз орын беріледі. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) балалары сәби кезінде қайтыс болғандықтан, оның өз ұлдарын тәрбиелеуге мүмкіндігі болмады, бірақ ол қыздарын (Бәтима, Зейнеп, Рұққәйиә және Умм Күлсүм) тәрбиелеп, немерелерін, сондай-ақ туыстары мен қауымының балаларын тәрбиелеуге зор үлес қосты. Ол сондай-ақ өзінің кіші немере інісі Әли Ибн Әбу Тәлибті және асырап алған ұлы Зейд Ибн Хәрисаны тәрбиеледі. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) балаларға көп көңіл бөліп, оларға қамқорлық, мейірімділік пен құрмет көрсетуі таңқаларлық нәрсе, сондай-ақ ол дұшпандар тарапынан үнемі жойылып кету қаупі төнген жаңа қоғам мен жаңа мемлекет құрумен толығымен айналысқан.

Ер адамдар бала тәрбиесіне аз көңіл бөлді, өйткені көп жағдайда бала тәрбиесімен әйелдер айна-

лысты. Ислам әдебиетінде «Дін-шілдердің аналары» деп аталатын мұсылман әйелдерінің әрекеттерін зерттеу және жетілдіру жеткіліксіз болып отыр. Шынында да, оның көп бөлігі жоғалған немесе құнсызданған. Біз ғалымдарды Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйелдері мен әйел серіктестерінің балаларды қалай тәрбиелегені туралы әдебиеттерді зерттеуге және дамытуға шақыруымыз керек. Бұл әйелдердің қоғамдық дамудағы рөлінің маңызды өлшемін енгізуге және исламдық әйелдерді зерттеу кітапханасын кеңейтуге көмектеседі. Сонымен қатар, бұл әдебиеттер соңғы уақытта ер азамат болсын, әйел адам болсын, әлеуетті көшбасшыларды сәтті тәрбиелеген әйелдердің әрекеттерін зерттеуді қамтуы керек. Егер біз мұны жасамасақ, онда «Жұмақтың кілті ананың табанының астында» деген нұсқаулық тек тақуалық қана болып қала бермек.

Осы уақытқа дейін балалардың мінез-құлқы мен құндылықтарын дамытудың сарамандық әдістері мен құралдарына емес, дерексіз құндылықтар мен міндеттерге баса назар аударылды. Балалардың дамуы мен өсіп-жетілуін түсінуге және талдауға жеткілікті көңіл бөлінбегендіктен, ата-аналардың күнделікті өмірде тәрбие ұстанымдарын қолдануы қиынға соқты. Сарамандық әдістер, өзекті дағдылар және нақты өмір мысалдары қажет болды. Мұсылман елдерінің ғасырлар бойғы отарлауы басты назарда болды, оның барысында жерді босатуға басымдық берілді, ал *tarbiyah* (білім мен тәрбие: التربية) еш еленбеді. Әлеуметтік өзгерістер, тиімді басқару және даму күн тәртібінің ең төменгі жағында болды. Ата-аналар туралы жазу басымдыққа ие болған жоқ және ұзақ уақыт бойы бұл тақырып бойынша маңызды зерттеулер болмады.

Ибн Сахнун, Ибн Әл-Джаззар және Әли Әл-Хәбси сияқты мұсылман түрлендірушілері, Қайрауан мен Тунистегілер, Әл-Ғазали, Әл-Мәуәрди және Әл-Ишбили еңбектеріне қосымша, баланы емізу және сыныптағы балаларды бақылау, тәртіпке келтіру және жазалау, сондай-ақ мұғалімдерден өтемақы талап ету мәселелеріне басты назар аударды. Балалар жантануына, баланың дамуына, білімі мен тәрбиесіне жеткілікті көңіл бөлінбеді. Бұл ішінара ұлы түрлендірушілік қозғалыстардың көшбасшыларының тапқыр және шынайы күш-жігеріне қарамастан мұсылман өркениетін қайта жандандыра алмағанын түсіндіруі мүмкін. Гүлденген қоғам құру үшін біз бала тәрбиесі мен мінезді қалыптастыру туралы керемет білімге ие болуымыз керек. Сонымен қатар бізге жақсы білім, мықты сенім және дұрыс дағдылар қажет. Бір қызығы, Құран Пайғамбарларды (Ғ.С.)

үлгі ретінде сипаттайды. Егер біз бала тәрбиесінің өнері мен ғылымын тереңірек түсінетін болсақ, көшбасшылық қасиеттерді ерте жастан дамытуға болады.

2002-ші жылы ХИОИ тапсырысы бойынша Кувейт университетінің профессоры Мұмтаз Әнуар мұсылмандар арасында бала тәрбиесі туралы қолда бар әдебиеттерді зерттеді. Ол мұсылмандар үшін бала тәрбиесі туралы жақсы кітаптардың жоқтығын, сондай-ақ мұсылман әлемінің көптеген бөліктерінде, әсіресе әйелдер арасында сауаттылық деңгейі өте төмен екенін анықтады. Мұсылман ата-аналарының көпшілігі өздерінің жеке бақылаулары мен тәжірибелеріне сүйенеді, бұл балаларға дұрыс тәрбие беру үшін жеткіліксіз. Білімді мұсылман ата-аналары үшін де балаларды дұрыс тәрбиелеу туралы сапалы әдебиеттер жетіспейді, сонымен қатар нақты ресми оқыту жоқ. Мұсылман әлемінің барлық тілдерінде бала тәрбиесі жайында қанша әдебиет бар екенін бағалау қиын болса да, біз оларды жеткіліксіз деп санаймыз. Мінезді, құндылықтарды және әділдікті тәрбиелеуге негізделген жоғары сапалы бала тәрбиесі жайындағы әдебиеттерді жазудың шұғыл қажеттілігі бар екені анық, себебі, ол сонымен қатар қауымдастықтардың бүгінгі күнге дейінгі өзекті мәселелерін, соның ішінде жергілікті деңгейдегі мәселелерді де қарастыратыны анық.

Кейбір Пайғамбарлардың (Ғ.С.) Қасиеттері (Құранда табылған)

Құрандағы арнайы сөздер	تعابير قرآنية
Адал	صديقًا
Жанашыр және мейірімді	رؤوف رحيم
Білімді және ақылды	حكمًا وعلمًا
Денелік күші мен білімі артқан (Ṭālūt қатысты)	زاده بسطة في العلم والجسم
Күшті әрі сенімді	القوي الأمين
Өз ісінің маманы әрі сенімді	حفيظ عليم

ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ОРТА МЕКТЕПТЕ ҮЙРЕТІЛУ ҚАЖЕТ ПЕ?

Егер бала тәрбиесі жауапты міндет болса, неге біз мектептерде ресми бет алыстар өткізбейміз? Он адамның жетеуі бала тәрбиесін біз үйренуіміз немесе үйретуіміз керек нәрсе деп санайды.

Лонгфилд және Фицпатрик,
1999-шы жыл

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлем күрт өзгерді. Бұрын бір отбасының ұрпақтары көршілес болып, бір қалада немесе ауылда тұруды жөн көретін. Ата-әжелер, тәтелер, нағашы апа-көкелер және басқа да туыстар жастарға бала тәрбиесінде көмектесіп, кеңес беріп отыратын. Қазір отбасылық өмір күрделене түсуде – жалғызбасты ата-аналар, ажырасулар, сондай-ақ жұмыс істейтін жалғызбасты аналар көбеюде. Балаға жақсы тәрбие беру дәстүрі бытыраңқы болғандықтан, біз кеңейтілген отбасылық желіні қысқарту нәтижесінде бос қалған «тәрбие мұғалімі» рөлін толтыруымыз керек. Ол үшін мектеп іздеу қажет пе? Сонымен қатар, екінші баланы тәрбиелеу біріншісіне қарағанда оңайырақ болуы мүмкін, өйткені біз алғашқы баланы тәрбиелеу барысында көп нәрсені үйренеміз. Егер біз бұл тәжірибені ресми және/немесе бейресми түрде жеткізе алсақ, мұны неге жасамасқа?

Бала тәрбиесі дәрістерін ұйымдастыру қисынды және тартымды болып көрінгенімен, іс жүзінде бұл оңай емес. Біз мұндай бет алыстарда не үйрету керектігін нақты түсінуіміз керек. «Тәрбие мұғалімінің» рөлі де үлкен мәселе болып табылады. Отбасылық өмір нақты ғылым емес: сонымен қатар бұл сезімдер, қарым-қатынастар және жақындық. Орта мектептерде тәрбие тақырыбын оқытуға қарсы шыққандар мемлекеттік мекемелер өткізетін сабақтарда тәрбие қатаң тұжырымдар түрінде оқытылмауы керек деп санайды. Білім беру институттары мен саясаткерлер отбасылық жеке өмірге қол сұғудан аулақ болу керек. Ата-аналарға кәсіби көмек көрсету пайдалы, бірақ ата-аналар өз рөлдерін мұғалімдер мен мамандарға ысырып тастамауы қажет. Әр отбасы ерекше болғандықтан, ата-аналарға өздерінің даналығына, түйсігі мен жеке пікірлеріне жүгінуге кеңес беріледі. Өз қателіктеріңізден сабақ алу өте пайдалы және отбасының дербестігін сақтау қажет.

Жан терапиясының маманы Дональд Винникот:

«Мен бүкіл кәсіби өмірімде кеңес беруден аулақ болдым. Ең жақсы ниетпен дәрігерлер аналар мен сәбилері, ата-аналар мен балалары арасындағы жеке қарым-қатынасқа араласуға бейім келеді».

(ВИННИКОТ, 1992-ШІ ЖЫЛ)

Сонымен қатар, бала тәрбиесі жөнінде нұсқаулар бере отырып, біз отбасылық өмірге заңсыз сыртқы араласудан, сондай-ақ өктемшіліктен аулақ болуымыз керек. Бұл ата-аналардың сенімі мен жауапкершілігіне нұқсан келтіруі мүмкін. Тәжірибесі мен білімі аз мұғалімдер отбасылық жанжалдарды шешу үшін татуластыру қызметі немесе төрелік ретінде әрекет етпеуі керек. Дегенмен де, жақсы құрастырылған бет алыстардың пайдалы тұстарын елемей кетуге болмас. Біз отбасын құруға шешім қабылдаған жастардың мойынына жүктелетін әсершіл және қаржылық жауапкершіліктің қажеттілігін үйретуіміз керек. Төменде талқыланатын бала тәрбиесіне арналған бет алыс мысалдары Ұлыбританиядан алынған, бірақ мұсылман әлемі де бала тәрбиесін үйретуді бастап жатыр.

Орта мектеп дәрістеріне арналған британдық нұсқаулықтар

Жоғарыда айтылғандай, ата-аналар мен мектептер арасында әрқашан теңдік болуы керек, оны міндетті сабақтарды енгізу арқылы бұзбау қажет. Сонымен қатар, денсаулық сақтау мекемелері мен қайырымдылық ұйымдары жас ата-аналарға жүктілік, босану және сәбилерге күтім жасау мәселелерінде көмек көрсетсе де, әлеуметтік аспектілер мен құндылықтарды оқыту дау тудыруы мүмкін.

2000-шы жылы Ұлыбритания үкіметі мектеп оқушыларына бала тәрбиесі бойынша ресми бет алыс жүргізе бастады. Отбасының ыдырауы және толық емес отбасы Ұлыбритания үшін үлкен мәселе болып табылды және сол уақытта Еуропада алаңдаушылық деңгейіне жетті (Woolf, 1999-шы жыл). Мұғалімдердің, мемлекеттік қызметкерлердің және жантанушылардың кеңестеріне сүйене отырып, Ұлыбритания үкіметі мектеп оқушыларына келесі тақырыптарды оқыту бойынша ұсыныстар енгізді (Burgess, 2009-шы жыл):

- Некедегі жанжалдарды шешу
- Балаларды дұрыс жазалау
- Супермаркеттегі балалардың ашуын қалай жеңуге болатыны туралы сарамандық кеңестер
- Аналар мен әкелердің күтілетін рөлдері
- Балаларды тәрбиелеудің шығындары мен сарамандық қырлары
- Мақтау арқылы балалар мен ата-аналардың бойында өзін-өзі бағалау сезімін тәрбиелеу.
- Махаббат пен қауіпсіздікке қатысты заттардың салыстырмалы құндылығы
- Құқықтар мен тәуелсіздікпен қатар міндеттер
- Некенің құндылығы
- Уақытты басқару дағдылары
- Отбасылық өмірдегі күйзеліспен күресу.

Ұлыбритания үкіметі бұл оқу бағдарламасы жасөспірімдердің жүктілігі мен балалардың қылмыстық әрекеттерін азайтуға көмектеседі деп үміттенді. Отбасылық ережелермен өмір сүруді үйрену – қоғамда белгіленген заңдар бойынша өмір сүруді үйренудің және абақтыдан аулақ болудың алғашқы қадамы.

.....

Ғылым әдістемелерді, құрылымдарды, түбегейлі жоспарларды және болжамдарды қажет етеді.

Өнер даналықты, көрегенділікті, түйсікті, сүйіспеншілікті және парасаттылықты қажет етеді.

Бала тәрбиесі – бұл әрі ғылым, әрі өнер, әрі рухани бастама.

.....

Бала тәрбиесі қиын міндет болғанымен, бұл – көпшілігіміз үшін ең жағымды, нәтижелі, ынталандыратын және сайып келгенде қызық тәжірибе..

(Batool Al-Toma)

Біздің балалар қалыпты емес пе?

Бала тәрбиелеу барысында туындайтын қиындықтарға байланысты кейбір ата-аналар балаларын қалыпты емес деп санайды. Бірде бір ана былай деді: «Осыдан бірнеше жыл бұрын балалы болмай тұрып, күйеуім екеуміз көршілеріміз үйде болмаған кезде, олардың үйлерін ретке келтіріп, тазалап, жағымды нәрсе жасағымыз келді. Олардың үш кішкентай баласы болатын және олардың ойыншықтары үйдің барлық жерінде шашылып жататын. Алты сағаттық жұмыстан кейін біз олардың диванына шаршап құлап, таң қалғаннан басымызды шайқадық. Бұл қалыпты болуы мүмкін емес. Олай болатын болса, біз ешқашан балалы болмаймыз. Екі жылда екі баламыз болған соң мен көршілеріміздің үйі қаншалықты қалыпты болғанын түсіне бастадым. Қазір біздің қонақ бөлмеміз «балалар осында тұрады» деген көрініске ие».

(*Фабер және Мазлиш, 1982-ші жыл)*

Балалар – адамзаттың болашағы – Балалар арқылы біз әлемді өзгерте аламыз.

- *Егер сіз оларға сенсеңіз, балалар сіз қалаған нәрсеге қол жеткізе алады. Егер сіз «Сен мұны жасай аласың» десеңіз, олар жасайды. Егер сіз «Сен мұны жасай алмайсың» десеңіз, олар жасамайды.*
- *Ұлт – отбасылардан, ерлер мен әйелдердің жиынтығынан құралады.*
- *Егер біз ұлтты өзгерткіміз келсе, бірінші үйді өзгертуіміз керек.*
- *Егер балаға қауіп төнсе, онда бүкіл отбасыға қауіп төнеді.*
- *Ақылды болу – бұл жай сіз ғана емес, сондай-ақ сіз бола алатын нәрсе.*
- *Отбасымызды өзгерту үшін біз өзімізді өзгертуіміз керек.*
- *Сіздің балаларыңыз өсіп келе жатқанда, сіздің ата-ана ретіндегі рөліңіз жетекшіден кеңесшіге, тікелей бақылаушыдан тәлімгерге ауысуы керек.*

Әркімнің алды-артынан Алланың әмірі бойынша, өкшелеп, қорғаушы (періштелер) бар. Расында бір қауым өзін өзгертпейінше, Алла, оны өзгертпейді. Сондай-ақ егер Алла, бір қауымға бейнет тілесе, Сонда оны ешбір қайтарушы жоқ. Әрі олар үшін Алладан өзге бір жәрдемші де жоқ.

(13-ші сүре, 11-ші аят)

ҚОРЫТЫНДЫ

Бет алыстарда ресми түрде оқытыла ма, жоқ па, бірақ балаға жақсы тәрбие беру және оның жалпы қоғам үшін құндылығын түсіну өте маңызды. Отбасын құру, ата-ана болу, баланың дамуы және оған күтім жасау мәселелерімен алдын ала іс жүзінде танысу болашақ ата-аналар тап болуы мүмкін көптеген қиындықтардың алдын алудың тиімді шарасы болуы мүмкін. Алайда, қисындық қадам жыныстық тәрбиені оқытудан балалар мен оларды тәрбиелеу түріндегі жыныстық қатынастардың нәтижелерін үйретуге көшу болса да, бұл ата-аналардың рөлін алмастыру ретінде қарастырылмауы керек. Егер ата-аналар өз рөлінің әлеуетін және оның өзіне және қоғамға әкелетін жетістігін түсінсе, олар баланы жақсы тәрбиелеу өнері мен ғылымын түсінуге дайын болып, ұрпақтары үшін қолдарынан келгеннің бәрін жасар еді. Үлгілі азаматтарды тәрбиелеуде үкіметтерге, мектептерге немесе бұқаралық ақпарат құралдарына сүйену – бұл ең жақсы жағдайда шытырман оқиға, ал ең жаманы – ата-аналардың өз міндеттерінен жалтаруына әкеліп соғады. Балаларының әл-ауқатына ата-анасынан артық кім көп күш сала алады? Басқа ешкім де олармен бәсекелесе алмайды!

ТАПСЫРМАЛАР 1-7

1-ші тапсырма:

Неге екенін ойланып көрдіңіз бе?

Төмендегі сұрақтарды балаларыңызбен талқылаңыз және басқа туыстары мен достарының жеке тәжірибесін алға тартыңыз. Неге екенін ойланып көріңіз:

Неліктен біреу керемет ғалым бола тұра, бірақ қоғамға жат адам болып саналады?

Неліктен ата-ана сүйіспеншілікке толы және жұмсақ бола тұра, отбасымен уақыт өткізбейді?

Неліктен адамдар діндар бола тұра, ақылға қонымсыз әрекеттерге барады?

Неліктен адамдар өзіне өте сенімді болса да, басқаларға сенбейді?

Неліктен адамдар керемет ойшыл болғанымен, күнделікті өмірде берекесіз?

Неліктен адамдар өзіне жомарт болғанымен, басқаларға сараңдық танытады?

Неліктен адамдар бай-дәулетті болса да, сараң болуы мүмкін?

Бұл мәселелерді шешуде балаға дұрыс тәрбие беру өте маңызды рөл атқаруы мүмкін!

2-ші тапсырма:

Сіздің тәрбиелеу мәнеріңіз.

Қай тәрбиелеу әдісі сізге көбірек әсер етеді? Өзіңіздің тәрбиелеу мәнеріңіздегі бір әлсіз тұсын анықтаңыз және оны жақсарту үшін қажетті қадамдарды жасаңыз. Мұны балаларыңызбен талқылаңыз.

3-ші тапсырма:

Балалардың теріс қылықтарының тізімі.

Менің балам ерекше ме?

Кейбір ата-аналар балаларын, басқаларға қарағанда, әлдеқайда жақсы немесе әлдеқайда нашар деп санайды, құдды олар басқалардан ерекшеленетін секілді. Шындығында, балалар өз құрдастарымен бірдей қателіктер жібереді. Сондықтан ата-аналар арасында тәжірибе алмасу өте пайдалы. Балаларыңызға тән нашар мінез-құлық үлгілерінің тізімін дайындаңыз және олардың әрқайсысын қалай жақсартуға болатынын талқылаңыз. Баланы ынталандыру үшін түзетуге оңай болатын нәрселерден бастаңыз.

Тізім жасаңыз:
«Менің баламның бойындағы дұрыс емес қасиеттер қайсы?»

Төменде көптеген бала жиі көрсететін кейбір нашар мінез-құлық үлгілері келтірілген:

Мектептегі үлгерімсіздік
Жалқаулық

Дұрыс тамақтанбау немесе артық тамақтану
Сіз мақұлдамайтын шаш үлгісін жасату

Сөз қайтару
Сізге ұнамайтын балалармен дос болу

Дұға етуден бас тарту
Үйде көмектесуден бас тарту

Ұзақ үнсіздікте отыру
Бойын реттеуден бас тарту

Ақымақ тәуекелдерге бару
Үлкендерге құрмет көрсетпеу
Түнде көшеде қаңғу

Үйде отырғанды ұнатпау
Сыртқа шығуға құлықсыздық таныту

Ұрлық жасау

Өтірік айту
Шылым шегу

Күпірлік ету және былапыт сөздер айту
Тым көп теледидар көру
Ұялы телефонда тым көп уақыт отыру

Басқаларды ұрып-соғу
Қарсы сөз айту немесе салғыласу

Қорқынышты фильмдерді көру
Зиянды тағамдарды жеу

Көршілерге/ата-әжелерге дөрекі мінез көрсету

Сіз мақұлдамайтын киімдерді кию
Музыка/теледидар/радионы айқайлатып тыңдау

Ұқыпсыздық
Жуынатын бөлмеде тым ұзақ болу

Заттарды үйдің барлық жеріне шашып тастау.

Ата-аналарға ескерту: *Сіздің жағдайыңыз бұл жаттығуды кері бағытта жргізуге және керісінше балаларыңызға «бойындағы дұрыс емес қасиеттер қайсы?!» деген тізім жасауға мүмкіндік бере ме? Оларға осы жаттығуды жасатуға сіздің батылдығыңыз бен даналығыңыз жете ме?!*

4-ші тапсырма:

Өлең шумақтары жайында ойлану

Отбасыңызбен бірге отырып, бір баладан осы өлеңді дауыстап оқуын сұраңыз. Барлық отбасы мүшелерінен бір-біріне деген жеке қарым-қатынасы туралы ойлануды және жағдайды жақсарту үшін бірнеше нақты ұсыныстар ұсынуды сұраңыз.

Асығып кетіп бара жатқанымда,
Абайсызда соқтығыстым бір адамға.

«Кешіріңіз, өтінемін», – дедім қарап,
«Мені де кешіріңіз, өтінемін,
Байқамадым», – деді ол сыпайылап.

Әдептілік танытып екеуміз де,
Қоштасып кете бердік үйімізге.

Үйімізде мүлдем басқа әңгімелер,
«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» – деген өсиеттер.

Сол күні кешкі ас дайындап бастағанда,
Ұлым келді үндеместен дәл қасыма.

Бұрылып қарағанда мен артыма,
Ұлымды қағып кеттім байқаусызда.

«Тұр жолымнан», – дедім мен қабақ түйіп,
Кетіп қалды, сәби жүрек жараланып.

«Қатты сөйлеп ренжіттім-ау мен ұлымды»,
Деген ойлар келмеді де, мазамды алып.

Төсегіме келіп жата бастағанда,
Кішкентай дауыс тұрды ой-санамда:
«Бейтаныс адамдармен араласқанда,
Сізден биязы жан табылмас бұл ғаламда.

Бірақ, сенің өз ұлың, өз туғаның,
Жылы қабақ танытсаң болмас па еді,
Қуантуға анасын тырысқанда.

Ас үйдегі еденді қарасаңыз,
Шашылып жатқан гүл шоғын таба аласыз.
Бұлар сіздің ұлыңыздың сізге арнап,
Үзіп алған гүлдері өзі таңдап.

Түрлі-түсті, қызғылт, көк және сары,
Тосын сыйы баланың болды тағы.

Сол үшін ол үн-түнсіз тұрды дағы,
Сіз айқайлап, қатыгездік танытқанда,
Жыламсырап бөлмесіне кете барды.

Көз жасын көрсеткісі келмей сізге,
Бөлмесінде тығылып ол жылады.

Ұялып, жаным қоса ауырғанда,
Егіліп, етегім толып, мен жыладым.

Ақырын төсегінің жиегіне,
Отырдым, ұялғаннан мен тізерлеп.

«Ояншы, балапаным», – дедім оған,
«Бұл мен үшін жинаған гүлдерің бе?
Жымиып: «Мен оларды анам үшін,
Теріп алдым», – деді балам сол бір кезде.

«Сіз сияқты әдемі әрі көркем,
Түрлі-түсті тамаша гүлдер екен.

Әсіресе, көк түсті бұл гүлдердің,
Анашыма ұнайтынын білген екем».

«Құлыным, кешіре гөр сен анаңды,
Қатыгездік таныттым саған бүгін,
Айқайладым, ренжіттім сені ұлым».

«Анашым, ештеңе етпес, бәрі жақсы,
Сізді жақсы көремін сондай қатты».

«Мен де сені жақсы көремін, балапаным,
Гүлдеріңді қатты ұнаттым маған алған,
Әсіресе, көк гүліңді теріп алған».

Жасырын

5-ші тапсырма:

Бүгінгі және кешегі күннің ата-аналары.

Төмендегі сұрақтар туралы ойланыңыз және оларды балаларыңызбен талқылаңыз:

Сіз өз ата-анаңызға жақын болғаннан гөрі, балаларыңызға жақынырақсыз ба? (Американдық ата-аналардың 76%-ы «Иә» деп жауап берді)

Колледжде оқып жүргенде ата-анаңызбен сөйлескендегіден, Сіз өз балаларыңызбен көбірек сөйлесесіз бе? (Американдық ата-аналардың 71%-ы «Иә» деп жауап берді).

(Kantrowitz және Peg, 2006-шы жыл)

Барлық отбасы мүшелерінен ата-анаңыз бен сіз туралы мүмкіндігінше көп әңгімелерді еске түсіру арқылы қарым-қатынасты жақсарту жолдарын ойластыруды сұраңыз. Мұндай әңгімелер отбасылық іргетасты нығайтып, отбасын біріктіре алады. Олар сондай-ақ өнеркәсіпті дамыған елдердің тарих оқулықтарында жиі кездесетін оқиғаларға отаршылдық көзқарасқа негізделмеген ұлттық тарихты үйрете алады.

6-шы тапсырма:

Ата-ана ретінде сіз өзгеріс енгізе аласыз!

Балаларыңызбен келесі сұрақтарды талқылаңыз.

Бір досым маған: «Менің балама не істегенім маңызды емес, себебі мен жалғызбын!» – деген еді

Егер әлемдегі әрбір адам өзін «бір ғана адам» болғаны үшін бір нәрсені өзгертуге тырыспаса, кім өзгеріс енгізеді? Бұл қате түсінік. Біз Құдайдың Пайғамбарларының (Ғ.С.) ұлы сахабалар, ғалымдар және тарихтағы көптеген дана ерлер мен әйелдер сияқты тұлға болғандарын білеміз. Олар әлемді өзгерте білді. Стив Джобс, Билл Гейтс және Нельсон Мандела туралы ойланыңыз. Содан кейін өзіңізден сұраңыз: Сіздің өміріңізді кім жақсы жаққа өзгертті? Туысыңыз ба, досыңыз ба, мұғаліміңіз бе, жаттықтырушыңыз немесе діни көшбасшы ма? Балаларға өз тарихыңызды айтыңыз және олардың өмірін кім жақсы жаққа өзгерткені туралы бөлісуін сұраңыз.

7-ші тапсырма:

Балалар: Сіз ата-анаңыздан не күтесіз?

Балалардың бірінен Шел Сильверстайнның «Жомарт ағаш» әңгімесін дауыстап оқуын сұраңыз. Содан кейін балалардан сізден не күтетінін сұраңыз. Не, қашан және қалай? Осыдан кейін балаларыңыздан не күтетініңізді айтыңыз!

Шел Сильверстайнның «Жомарт ағаш» әңгімесі – бұл ормандағы бала мен ағаш арасындағы қарым-қатынас туралы ертегі. Ағаш әрқашан балаға қалағанын береді. Жас кезінде ағаш балаға әткеншек тебу үшін бұтақтарын береді. Кейінірек ағаш отыруға көлеңке, жеуге алма және үй салуға керек болатын бұтақтарын береді. Бала есейген сайын ағаштан көбірек талап ете бастайды, бірақ оның серік болғанын аңсайтын қайғылы ағашқа ештеңе бермейді. Жанқиярлықтың ең жоғарғы дәрежесінде ағаш бүгінде ер адам болған балаға оның қайық жасай алуы үшін өзін кесіп тастауға мүмкіндік береді. Ағаш енді діңгекке айналады. Көптеген жылдар өткен соң, бүгінде қартқа айналған бала отыруға және демалуға тыныш жер іздеп бұрынғы ағашқа қайта оралады. Ағаш өз діңін ұсынады және баланың ақыры өзіне серік болғанына қуанады.

2-ШІ ТАРАУ

Отбасы ұйымы: Оның маңызы неде? Оның атқаратын қызметтері қандай?

КІРІСПЕ

Отбасы дегеніміз не және ол не үшін қызмет етеді? Ол қалай жұмыс істейді? Оның мақсаттары қандай? Оны не күшті етеді? Оны не бұзады? Отбасының әрбір мүшесі оның жетістігіне қандай үлес қосуы керек? Ол жетістік қалай өлшенеді? Осы сұрақтардың барлығының жауаптары жақсы ата-ана болу мен бала тәрбиелеу мәселелеріне тікелей әсер етеді. Бұл тарауда біз осы және басқа да сұрақтарды қарастырамыз. Біз сондай-ақ ата-аналар мен оқырмандардың назарын отбасы ұйымының орасан зор әлеуетіне және оның әлеуметтік өзгерістерге тигізетін әсеріне аударамыз. Отбасы өз мүшелерін ғана емес, жалпы қоғамды да өзгертеді. Біз сондай-ақ мұсылман әлемінде және батыста бала тәрбиелеу үдерісінің қалай жүретінін қарастырамыз.

Бірінші тарауда ата-аналарды біз неліктен балаға жақсы тәрбие беру маңызды болып табылады, оны қалай үйрену қажет және біз таңдаған тәрбиелеу мәнері балаларымыздың қандай адам болып өсетініне қалай әсер ететіні туралы сұрақтармен таныстырдық. Жақсы ата-ана болу тек негізгі ұстанымдарды қолданумен шектелмейді. Тәрбие отбасылық ұйымның табиғатын және оның өзара байланысын түсінуді талап етеді, осы тарауда басты назар аударатын мәселелер де – осылар. Бұл тарауда махаббат, қамқорлық және қауіпсіздік туралы үнемі айтылады. Сүйіспеншілікке толы отбасылық орта балалардың да, ата-аналардың да қажеттіліктерін қанағаттандырады. Сауатты тәрбие қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін тәртіпті тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді.

Біз сондай-ақ толық емес отбасыларға, ажырасуларға, отбасы мөлшерінің өзгеруіне және мұсылман әлеміндегі отбасының қазіргі өмір сүру жағдайларына тоқталамыз. Көптеген мұсылман отбасыларының тұрақсыздығы бала тәрбиесіне қатты әсер ете қоймағанымен, тұрақты және серпінді қоғамды қалыптастыру үшін отбасылық ұйымның тұрақты болғаны маңызды. Ілгерінді қоғамдар құру үшін дені сау отбасылар қажет және бұл әсіресе жоғалған орынын қайта қалпына келтіруге тырысып жатқан Мұсылман әлеміне де қатысты.

Кейбіреулер «отбасын» бірбірімен байланысты адамдар тобы, ал басқалары болса – әлеуметтік ұйым десе, енді біреулері – бір шаңырақ астында бірге тұратын ата-аналар мен балалардан құралған топ ретінде анықтайды. Отбасы туралы көптеген көзқарастар болғанымен, дәстүрлі отбасының анықтамалары көбінесе неке және балалармен тығыз бай-

ланысты. Сонымен қатар, отбасы ұйымының дамуы да көбінесе неке арқылы жүреді, өйткені неке екі адамның серіктестігі ғана емес, екі үлкен отбасының бірігуі болып табылады. Қазіргі заманда отбасы ұйымы (әсіресе батыста) жылдар өте келе кеңейіп, ядролық құрылымға айналды. Сонымен қатар, отбасының мөлшері өзгерді. (адамдар аз балалы бола бастады)

Дегенмен, отбасы оның бөліктерінің қосындысынан әлдеқайда көп болуы керек. Отбасы – бұл үлкен мәдениеттің бөлігі, ал ең дұрысы – жалпы мәдениеттің өзі. Біз үшін отбасында ойнайтын рөлдің ұлылығын түсіну өте маңызды. Отбасы – шағын ғибадат үйі, шағын үкімет және шағын жақсылық мектебі болып табылады.

Аналар: Сіз әрқашан барлық міндетті атқара алмайсыз!

Жұмысы жоқ ана деген ұғым жоқ.

Бір уақытта мінсіз жұбай, ата-ана, үй шаруасындағы әйел және мансапқор болуға тырыспаңыз. Сіз әртүрлі уақытта әртүрлі нәрселерді жасай аласыз. Балалар сіздің өміріңізді айтарлықтай өзгертеді, сондықтан бұл өзгерістерді қабылдаңыз, отбасында мейірімді және икемді болыңыз.

АТА-АНАЛЫҚ ӨМІРГЕ КӨШУ

Отбасы туралы ойлағанда, біз әдетте ата-аналар мен балаларды елестетеміз. Бірінші баланың пайда болуымен ата-аналар жұптан (екі адам) үштікке (үш адам) ауысады, сондай-ақ ата-аналар өмірдің жаңа кезеңіне қадам басады. Олар біртіндеп балалар әкелетін өмір салтының жаңа үлгісіне бейімделе бастайды (қиындықтары мен шиеленісі, қуанышы пен бақытты сәттері қатар жүретін). Мұсылман отбасында бала өмірге келгенде, жаңа туған нәрестені қарсы алу үшін белгілі бір дәстүрлі рәсімдер жасалады (Зәйдан, Әбдул Кәрим, араб тілінде, 1993-ші жылы):

- Жаңа туған нәрестенің құлағына азан шақырыңыз. Әл-Хаким Әбу Рәфи арқылы анасы Бәтима босанған кезде Әлидің ұлы әл-Хасанның құлағына Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Adhān (азан, араб тілінде) оқығанын көргенін жеткізген. Бала туылған кезде оң құлағына Adhān және сол құлағына iqāmah (дереу намазға шақыру, араб тілінде) оқылуы Алланың хақ әрі жалғыз екендігін жариялайды, Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с.) хабарын растайды және мұсылмандарға болашақта бала үшін дұға ету қажеттілігін еске салады.

- Бала дүние есігін ашқан сәтте кешіктірмей атын қойыңыз. Балаңызға жақсы мағыналы есім беру өте маңызды (өйткені сіз балаңызға ол ұмтылуы керек үлгі көрсетесіз). Бұл арабша немесе тарихи есім болуы міндетті емес, егер оның тасымалдаушысы сіздің балаңызға жақсы үлгі бола алса мұсылман есім болмауы да мүмкін. Атының мағынасы жақсы болуы керек және бірнеше тілде оңай жазылатын және айтылатын есім беруді қарастырған жөн.

- Жаңа туған нәрестеге *ʿaqīqah* (туған күн мерекесі, араб тілінде: العقيقة) ұйымдастырыңыз. *ʿAqīqah* (араб тілінде: العقيقة) жаңа туған нәрестенің құрметіне малды құрбандыққа шалу дегенді білдіреді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) немерелері Әл-Хасан мен Әл-Хусейнге арнап бір қошқарды сойған. Бұл бала туылғаннан кейін жетінші күні немесе одан кейін болуы керек. Етті пісіріп, адамдарды еттен дәм татуға шақырады, ол *walīmah* деп аталады. Ет осы отбасының мүшелерін, сондай-ақ бай және кедей адамдарды тамақтандыру үшін пайдаланылуы керек. Малды бауыздап жатқанда келесі дұғаны айту керек: «Алланың атымен, уа Құдіретті Құдай, сен үшін және сенен, бұл (аты) нәрестеге арналған *ʿAqīqah* (араб тілінде: العقيقة)».

- Ахмад пен Әт-Тирмизи Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтқанын жеткізеді: «Әр баланың өзіне тиесілі ʿaqīqah болады, оны бала туылғаннан кейін жеті күн өткен соң сояды, сол кезде баланың шашын қырып, оған есім беру керек». Бұл міндетті емес, бірақ жасаған абзал. Сонымен қатар, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қызы Бәтимаға баланың қырылған шаштарын күміспен өлшеп, сол шамадағы күмісті кедейлерге таратып беруді бұйырды. Яһудилердің де осындай рәсімдері бар, бірақ христиандар шомылдыру рәсімін өткізумен шектеледі.

Балалардың неке тұрақтылығына тигізетін әсері

Балалардың пайда болуымен отбасылық өмірдің өзгеретіні сөзсіз. Балалар үлкен сый болғанымен, бастапқыда ата-аналардың ішінде күмән тудыратын ойлар болуы мүмкін. Ата-ана бола отырып, ерлі-зайыптылар өмірлерінің енді ешқашан бұрынғыдай болмайтынын түсініп, алдағы қиындықтарға сәйкес дайындалуы керек. Ата-аналар баланың мүддесі үшін кейбір жақсы көретін істерін құрбан етуге мәжбүр болады, ал осындай сәтте ана немесе әке болу қабілеті күмән тудырады. Әсіресе аналарға баланың жанында тұрақты кезекшіліктен шаршаумен күресу оңай болмайды. Әкелер жұмыстан кейін көңілді әйелге, бақытты балаға және таза үйге емес, керісінше әбден шаршаған, бұрынғыдай оған ғана қамқорлық жасауға мүмкіндігі жоқ әрі көңілсіз жұбайына оралуы мүмкін.

Ана болу жандық, денелік және әсершіл тұрғыдан сарқылу, шаршау және соған дайын болу деген сөз. Аз ұйықтау және балаға үнемі қамқорлық жасау тіпті ең күшті қарым-қатынасты бұзады және ақыр соңында шаңырақтың шайқалуына әкеліп соғуы мүмкін.

Қаржылық мәселелер анағұрлым айқынырақ көріне бастайды, өйткені ерлі-зайыптылар тек жұмыс істеп, пәтер төлеп қана қоймай, балаға да қамқорлық жасайды. Бұл ерлі-зайыптылардың өміріне де кері әсер етуі мүмкін. Әсіресе, толық күн жұмыс істейтін ата-аналар үшін өмір тым қиын болуы мүмкін. Кейбір ата-аналар балаларын арнайы бала күтімі мекемелеріне беруден немесе күтуші

жалдаудан бас тартады және әр түрлі ауысымда жұмыс істейді, осылайша ата-аналардың бірі әрқашан баласымен үйде болады. Бұл нәресте үшін жақсы болғанымен, түнде жүзетін екі кемеге ұқсайтын күйеуі мен әйелі үшін оңтайлы шешім емес. Мұндай жағдайларда қарым-қатынас күрт нашарлауы мүмкін.

Ерлі-зайыптыларда үйді тазалау немесе ыдыс жуу кезегі кімге келгеніне байланысты ұсақ келіспеушіліктер немесе құрылымды бұзатын жанжалдар болуы мүмкін. Балалармен уақыт өткізбегені үшін өзін кінәлі сезінетін ата-аналар «ерлі-зайыптылардың уақытын» балаларға жұмсау арқылы жағдайды одан әрі нашарлатуы мүмкін. Басқа ата-аналар балаларын қымбат сыйлықтармен, ақшамен және зиянды тағамдармен (олармен уақыт өткізудің орнына) еркелетіп, өздеріне қаржылық және әлеуметтік «қысым» жасайды. Мұндай мәселелер некедегі шиеленіске әкелуі мүмкін. Сонымен қатар ерлі-зайыптылар бірге өткізетін шектеулі уақыттарында жақын әңгімелердің орнын шексіз шағымдармен толтырса, жағдай одан әрі ушыға түседі. Ата-аналар арасындағы отбасылық қақтығыстар балаларға теріс әсер етеді. Көптеген ата-аналар қарым-қатынастың жетіспеушілігінен зардап шегеді, мұның арты түсінбеушілікке және түйінді ұрыс-керіске айналады. Балаларға әрқашан ересектер сияқты әрекет етеді деп күтілетін «кішкентай ересектер» ретінде қарауға болмайды. Сондай-ақ, балаларға ызаланып, оларды кінәлау дұрыс емес, өйткені табандылық пен үнемі сұрақтар қою олардың табиғатында бар құбылыстар. Олардың денелік, әсершіл және даму қажеттіліктері қанағаттандырылуы керек.

Төменде ата-аналарға ата-аналық өмірге көшу үдерісін жеңіл өтуге көмектесетін бірнеше нұсқаулар берілген. Солардың көмегімен ерлі-зайыптылар рөлінен ана мен әке рөліне дейінгі отбасылық өмірдегі өзгерістерді күйзеліссіз бастан өткереді деп үміттенемін.

Отбасылар отбасыларға қамқорлық жасасын,
ал қоғам өзіне қамқорлық жасасын.

Конфуций

1. Жұбайыңызбен бірге болу үшін күнделікті немесе апталық уақыттарыңызды жоспарлаңыз. Бұл – серуендеу, жаттығу жасау немесе бірге тамақтану болуы мүмкін. Күні бойы телефон арқылы сөйлесіп тұру немесе бірге уақыт өткізу үшін бірнеше минут ерте тұру қарым-қатынасты нығайтады. Бала күтімінде кейде өз ата-анаңыздың да көмегіне жүгінсеңіз болады.

2. Жұбайыңызбен өз үміт-армандарыңыз жайында бөлісіңіз. Ата-ана ретіндегі жаңа рөліңізге байланысты туындауы мүмкін барлық уайымдарыңызды талқылаңыз. Ата-ана болудың сіздің денсаулығыңызға, қарым-қатынасыңызға және жұмысыңызға әсері туралы сөйлесіңіз.

3. Бірге тамақтануға, бірге құлшылық етуге, жыныстық қатынасқа түсуге және жаттығу жасауға уақыт бөліңіз. Баланың талаптары сіздің барлық уақытыңызды алатындықтан, лас киім мен жуылмаған ыдыс-аяқ күтуі керек болса да, жұбайыңызбен араласуға уақыт бөліңіз.

4. Келіспейтін нәрселерді айтыңыз және туындайтын жанжалдардан қорықпаңыз. Жанжалдарды қарым-қатынастағы шиеленістің белгісі ретінде қабылдаңыз және бірге жантанушының кеңесіне жүгініңіздер.

5. Ата-ана атанған сенімді досыңызбен немесе дана әріптесіңізбен сөйлесіңіз. Бұл оқшаулану сезімін жеңілдетуге көмектеседі. Өз жынысыңыздағы адаммен сөйлесіңіз және жұбайыңызға қатысты жеке ешнәрсе айтпағаныңыз абзал.

Бала тәрбиесі әке мен ананың ажырамас серіктестігіне негізделген және олардың әрқайсысының өзіндік әрі толықтырушы рөлі бар. Тіпті баласымен ойнаған кезде де ата-аналар әртүрлі қажеттіліктерді қанағаттандырады. Анасы баланы құшақтап, кеудесіне басып, жұбатады, оған сүйіспеншілік пен мейірім сыйлайды. Әкесі оны көтеріп, ауаға лақтырады (екі жылдан кейін ғана) және қағып алады, арқасына мінгізіп ойнатады, онымен күресіп ойнайды. Бұл жаттығулардың барлығы балаға өзіне деген сенімділікті үйретеді және бақылаудағы дөрекілік, басқыншылық және тәуекел деңгейін көрсетеді. Баланың жеке тұлға ретінде дамуы үшін екі ата-ана да өз рөлдерін толық атқаруы керек. Әке ретінде бала тәрбиелеу – бұл сіздің әйеліңізбен серіктестігіңіз; сіздің қорғаушы әке ретіндегі рөліңізді ешнәрсемен айырбастауға болмайды. Сіз қашан «ата-ана болу» және қашан «дос болу» керектігін, яғни қай кезде қорғауыңыз керектігін және қай кезде баланың белгілі бір жағдайдан «сабақ алуы» керектігін білуіңіз керек.

Балалардың неке тұрақтылығына тигізетін әсері

2.1-ші сурет (Knox және Schacht, 1997-ші жыл)



Балалардың пайда болуы ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты қалай өзгертетініне қарамастан, олардың неке одағына көбірек тұрақтылық әкеледі.

2.1-ші суретте ерлі-зайыптылардың балалары неғұрлым көп болса, олардың некені сақтап қалу ықтималдығы соғұрлым жоғары болатындығы көрсетілген. Балалары әлі де оларға тәуелді ата-аналар ұрпақтарының өмір сүру деңгейін жақсарту үшін бірге болуға тырысады. Кішкентай балалары бар ата-аналар (әсіресе аналар) бақытсыз екендіктеріне қарамастан, отбасын сақтап қалуға тырысады. Балалар бақытты көбейте де, азайта да алады, бірақ олар тұрақтылықты арттырады, себебі балалар – ажырасудан аулақ болу үшін ең мықты себеп.

Артур Брукс өзінің «*Жалпы ұлттық бақыт*» кітабында АҚШ-та ата-аналардың, баласыз жұптарға қарағанда, өздерін сенімдірек және бақытты деп санайтынын көрсетеді. Мұның басты себебі – балалар өмірге мән береді. Некеде тұрған діндар адамдар (мысалы, шіркеуге үнемі баратындар), жалғызбасты адамдарға қарағанда, бақытты, себебі олар бай-дәулетті болмаса да, олардың өмірі мәнді әрі мағыналы.

Кім не істеуі керек?

Ата-аналар: бақытты шаңырақ құрыңыз.

Балалар: ата-анаңыздан үйреніп, оларға қолдау көрсетіңіз.

Ата-әжелер: ұрпақтар арасында отбасын біріктіріңіз.

Достар: ата-аналарға көмектесіңіз.

Мұғалімдер: балаларға білім беріңіз.

Түрлендірушілер: ата-аналарға балаларды қалай дұрыс тәрбиелеу керектігін көрсетіңіз.

Балалармен өмір сүру – бұл тек өтпелі кезең

Негізінде ауырлықпен бірге бір жеңілдік бар.
Шын мәнінде қиыншылықпен бірге бір оңайлық бар.
(94-ші сүре, 5-ші және 6-шы аяттар)

Жаңадан сәбилі болған ата-аналарға кейде ұйқысыз түндер ешқашан бітпейтін сияқты көрінгенімен, олар балаларының қалай өсіп, жетіліп, ұядан ұшып кеткендерін байқамай да қалады. Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастың ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасынан айырмашылығы – ата-анасы мен балаларының жолы түбінде екіге айырылады. Ерлі-зайыптылар балалар пайда болғанға дейін бойдақ болғандықтан, олар кеткеннен кейін де жалғыз қалады. Ата-ана болу – отбасылық өмірдің маңызды кезеңдерінің бірі ғана. Ата-аналар үшін балалармен өткізетін уақыт олардың өмірінің үштен бір бөлігін және некелік өмірінің жартысынан көбін құрайды. Алайда, ата-ана әрқашан ата-ана болып қала бермек. Бұл қарым-қатынас балалар үйленіп, үйден кеткеннен кейін де шексіз жалғасады. Сонымен қатар, қарым-қатынас балалардың жақын немесе мыңдаған шақырым жерде болғанына қарамастан жалғасуы керек. Содан кейін ата-аналар ата-әжелер кезеңіне өтеді.

ҚАЗІР ЖӘНЕ СОЛ КЕЗЕҢДЕРДЕ АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНДАҒЫ ОТБАСЫ ҚҰРАМЫ

Отбасы құрамының азаюы отбасы ұйымы ішіндегі қарым-қатынасқа әсер етті. Бауырлары аз болғандықтан, ата-аналар балаларына көбірек көңіл бөле алады. Отбасылық байланыстар нығайып, күшейе түседі. Сонымен қатар, балалар кіші бауырларына қамқорлық жасау нәтижесінде пайда болатын дағдыларды ала алмауы мүмкін. Соғыстан кейінгі (1946-1964 жылдар аралығында туылған 77 миллион американдық) ұрпақ өз ата-аналары секілді тек бір-бірінің арасында шамамен 80 миллион бала өсірді. Олардың табысы мен білімі жоғары болғанымен, отбасы құрамы аз болды. Бала тууды бақылау және түсік түсіру құралдары қолжетімді болғандықтан, туылған бала саны да аз болды. Ескі күндерді ата-аналар балаларды тәтті жасау сияқты қабылдады. Алғашқы бірнешеуі дұрыс шықпауы мүмкін, бірақ сіз әрқашан көбірек жасай аласыз! Қазір көптеген отбасыларда бір-екі бала ғана бар, сондықтан олар балаларына барынша назар аударады және оларға көп көңіл бөледі. Екеуі де жұмыс істейтін жұптардың көбеюіне, отбасылардың жоғары ұтқырлығына және ата-ана-

лар мен олардың туыстары арасындағы үлкен қашықтыққа байланысты отбасы құрамы да кішірейе түсті.

1960-шы жылы американдық әйелдердің 77 пайызы үйден кетіп, тұрмысқа шығып, 30 жасында балалы болды. 2000-шы жылы американдық әйелдердің тек 46 пайызы ғана үйден кетіп, тұрмысқа шығып, 30 жасында балалы болды! 2000-шы жылы АҚШ-та некеге тұрудың орташа жасы ерлер үшін – 27 жас, әйелдер үшін – 25 жас болды. 1950-ші жылы бұл жас ерлер үшін – 22 жас және әйелдер үшін – 20 жас болатын.

(Кантровиц және Тире, 2006-шы жыл)

ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫ ҰЙЫМЫ

АҚШ-тағы әрбір төртінші бала толық емес отбасында тұрады (12 миллион бала). 2 миллионға жуық ата-ана жалғызбасты аналар, ал 1 миллионға жуық ата-ана жалғызбасты әкелер болып табылады. Он жыл ішінде жалғызбасты әкелер саны екі есеге жуық өсті. (Leland, 1996-шы жыл) Толық емес отбасылардың саны артып келеді және оның екі негізгі себебі бар: ажырасу және некесіз бала туу.

Неке (және оның барлық міндеттемелері) – үйленбей тұрып бірге тұруды қалайтын кейбір ерлі-зайыптылар үшін орынсыз. АҚШ-та 3 миллионға жуық бала ата-аналары үйленбеген отбасыларда тұрады (АҚШ Санақ бюросының мәліметі бойынша балалардың шамамен 4 пайызы), 1,8 миллион бала анасымен және оның жұбымен, ал 1,1 миллион бала әкесімен және оның жұбымен бірге тұрады.

(АҚШ санақ Бюросы, 2002-ші жыл)

Болашақты тұрғыда бірге тұру: 2000-шы жылғы халық санағы бойынша АҚШ-та 4,9 миллион үй шаруашылығы есептелді, онда отбасы басшысы үйленбеген қарсы жыныстағы серіктесі болды. Бұл 1990-шы жылғы көрсеткішке қарағанда шамамен 3 миллионға өскен.

2000-шы жылы АҚШ-тағы 105,5 миллион отбасының:

- 54,5 млн. ерлі-зайыптылар болды.
- 4,9 млн. екі жынысты үйленбеген жұптар болды.
- 0,6 млн. бір жынысты үйленбеген жұптар болды.

«Өзара келісім бойынша ажырасу» жағдайлары

Өзара келісім бойынша ажырасу – бұл ажырасудың бір түрі, онда екі серіктес те некені бұзуға келіседі, ал сот ажырасу себептерін түсіндіруді талап етпейді. Кейбір адамдар ажырасудың бұл түрін құптамайды. Ажырасудың өсуіне жауап ретінде сол кездегі Калифорния губернаторы және өзі бұрын ажырасқан Рональд Рейган 1969-шы жылы ерлі-зайыптыларға өзара келісім бойынша ажырасуға мүмкіндік беретін алғашқы заңға қол қойды. Осы уақытқа дейін ерлі-зайыптылар некелерін бұзу үшін сот алдында зайыбының жұбайының) теріс қылық жасағанын дәлелдеуге мәжбүр болды (ең көп таралған себептер зинақорлық немесе көзге шөп салу, зорлық-зомбылық немесе баладан бас тарту болды). Бір-бірінен алыстағысы келетін ерлі-зайыптылар сотта өтірік айтатын немесе бір-біріне тыңшылық жасау үшін жеке детективтерді жалдайтын. Ажырасқысы келетін ерлі-зайыптылар арасындағы қатыгездік пен алаяқтықты азайту үшін өзара келісім бойынша ажырасу туралы заң жобасы енгізілген болатын. Ол серіктестерге неке қатынастарын бейбітшілікпен бұзуға мүмкіндік берді; егер тіпті біреуі ажырасқысы келмесе де, екіншісі оны құқық бұзушылық жасады деп айыптамайтын. Нью-Йорктен басқа барлық штаттар Калифорниядан үлгі алып, өзара келісім бойынша ажырасуға рұқсат берді. Рұқсат етілгеннен кейін үш жыл ішінде ажырасу саны күрт өсті.

(Leland, 1996-шы жылы)

Жалғыз басты ата-аналар тыныштықты, жайлылықты және ең бастысы, екінші ата-ананың қажетті қолдауынан айырылады.

Егер бала некесіз туылса, бұл ата-аналар ата-аналық міндеттерінен босатылады деген сөз емес екенін атап айтқымыз келеді. Толық емес отбасында балаларды тәрбиелеу үлкен шыдамдылық пен өзіне деген сенімділікті, сондай-ақ жігерлі ақыл-ойды қажет етеді, себебі жұмыс пен үй шаруасын қатар алып жүру оңай емес. Балаларды жалғыз тәрбиелеу – бұл ақыл-ой жағынан да, әсершіл жағынан да ауыр әрі қажытатын жұмыс. Жалғыз тәрбиелеу екі есе көп күш жұмсауды қажет етеді. Жалғызбасты ата-аналар екі рөлді (ана мен әке) орындауы керек: олар барлық қаржылық шешімдерді жалғыз қабылдайды, үйдегі барлық ережелердің сақталуын қадағалайды, балалардың барлық қақтығыстары мен теріс қылықтарын шешеді. Сонымен қатар, олар жалғыздықпен күресе білуі керек. Бұл толыққанды отбасылар әрқашан жақсы болады дегенді білдірмейді (мұндай тұжырым шындықтан алыс), бірақ жалғызбасты ата-аналар үшін жұмыс істеу қиынырақ және олардың әсершіл қажеттіліктерін қанағаттандыру қиынырақ. Барлық ата-аналарға, әсіресе жалғызбасты ата-аналарға жағымды жансезімдік көзқарас қажет.

Балалар үшін толық емес отбасында өсу олардың екінші ата-анасының (әкесі немесе анасы) қамқорлығы мен қорғанысының жоқтығын білдіреді. Әрине, бұл жетіспейтін ата-ана мүлдем жоқ деген сөз емес. Ажырасқанына қарамастан, екі ата-ана да балаларының өміріне белсенді қатыса алады. Бір ата-анасы бар балалар да екі ата-анасы бар балаларда болатын қолдау жүйесінен айырылады. Жалғызбасты ата-аналар балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды, ал олар неғұрлым білімді әрі сауатты болса, түрлі дағдыларды қалыптастыра білсе, ауруды соғұрлым аз сезінеді.

Төменде толық емес отбасылардың балаларға тигізетін кері әсеріне қатысты кейбір мәнбілер келтірілген (Harper және McLanahan, 2004-ші жыл):

- Жалғызбасты ата-аналардың толық отбасыларға қарағанда балалар мен жасөспірімдерді қорғауға қорлары аз.
- Биологиялық ата-анасының екеуі де жоқ қыздардың жасөспірім кезінде жыныстық қатынасқа түсу ықтималдығы жоғары болады.
- Биологиялық әкелерінсіз өмір сүретін балалар мен жасөспірімдердің денелік, әсершіл немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырау қаупі жоғары.
- Толық емес отбасылардан шыққан орта мектеп оқушылары мектепте көбірек қиындықтар туғызады.
- Кейбір қауымдастықтарда толық емес отбасылардан шыққан балалар көбірек қылмыс жасайды.
- Жалғызбасты ата-аналардың балалары зорлық-зомбылыққа жиі ұшырайды немесе мүлдем еленбейді, сонымен қатар түрмеге жиі түседі.

Бұл кітапта көрсетілген баланы дұрыс туралы нұсқаулар жалғызбасты ата-аналарға да, екі ата-анасы бар толыққанды отбасыларға да қатысты. Барлық ата-аналар ұқсас мәселелерге тап болады, бірақ толық емес отбасылар келесі мәселелерге ерекше назар аударуы керек:

1. *Өз күшін көрсете білу.* Егер ата-ана екі жаққа ажырап кетсе, баланың әлемі тұрақсыз бола бастайды, себебі оның сүйенетін екінші ата-анасы жоқ. Сондықтан жалғызбасты ата-аналар жағдайды бағалап, тыныштық пен сенімділікті сақтауы керек. Олардың жансезімдік және әсершіл жағдайы күшті болуы керек.

2. *Екі рөлді орындау.* Жетіспейтін ата-ананың рөлі міндетті түрде атқарылуы тиіс. Мысалы, әкелер балаларымен әсершіл және рухани тұрғыда жақын болуы керек. Ата-аналарға көмектесетін көптеген сарамандық кеңес кітаптары бар.

3. *Өзін-өзі бағалауды арттыру.* Балалар бір ата-анасынан ұялмауы керек және олар толыққанды отбасында тұратын басқа балалардан кем емес екенін білуі керек. Жалғызбасты ата-аналар балаларына жақсы үй және бақытты өмір сыйлай білуі керек. Балаларға Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с.) ата-анасынан ерте жаста айырылғанын айтып беріңіз. Екінші ата-ананың жоқтығын «өтеу» үшін балаларға шамадан тыс қамқорлық жасаудан сақ болыңыз және олардың сізді кінәлі сезіндіруіне жол бермеңіз.

4. *Жақсы қарым-қатынас.* Ата-ана мен бала арасында тұрақты байланыс болуы қажет. Егер сіз үйде сүйіспеншілікке толы, нәзік қарым-қатынас пен қолайлы жағдай жасасаңыз, ата-ана мен баланың өмірі оңайырақ болады.

Алайда, жалғызбасты ата-ана болу біз балаларымызды ешқандай қолдаусыз тәрбиелеуге міндеттіміз дегенді білдірмейді. Бұл толыққанды отбасылар сияқты қуанышты және сәтті тәжірибе болуы мүмкін. (немесе көптеген толыққанды отбасыларда ата-аналар арасында кикілжің мен шиеленістердің жиі орын алып жататынын ескерсек, тіпті жақсырақ болуы мүмкін)

Жақсы жалғызбасты ата-ана бола білу үшін қолданылатын ұстанымдар

Төменде жалғызбасты ата-аналардың балаларды жақсы тәрбиелеу үшін және ата-аналар мен балалар арасындағы күресті азайту үшін жасай алатын әрекеттері келтірілген:

- Достар мен қарым-қатынас желілерін дамытыңыз. Жақсы достар тауып, оларды және олардың балаларын қоғамдық іс-шараларға ат салысуға және балаларыңызбен бірге тамақтануға шақырыңыз. Басқа толық емес отбасылармен танысыңыз (есіңізде болсын, сіз толық емес ата-ана болсаңыз да, сіз жалғыз емессіз). Жақын достар сізге әсершіл қолдау көрсете алады, серіктес бола алады, бала күтімінде және төтенше жағдайларда көмектеседі, жанашырлық таныта алады. Достар таңдауда талғампаз болыңыз; қиын уақытта сіздің қасыңызда болатын қамқор, сенімді, шыншыл және адал адамдарды таңдаңыз. Егер сіздің отбасыңыз алыста болса, осы байланыстарды сақтаңыз және үнемі бір-біріңізге барып тұрыңыздар. Ата-аналық міндеттерді өзге де отбасы мүшелерімен бөлісуден және қажет болған кезде олардан көмек сұраудан тартынбаңыз.

- Балалармен бірге жиі серуендеңіз және көптеген қуанышты сәттер ұйымдастырыңыз. Сізге және сіздің балаларыңызға бақытты кездер мен оқиғалар туралы еске салатын естеліктерді сақтаңыз.

- Балалармен шешім қабылдау және мәселелерді шешу міндеттерінің бір бөлігін бөлісіңіз. Бұл олардың өзін-өзі бағалауын арттырады және олар өздерін отбасының құнды мүшелері ретінде сезінеді. Толық емес отбасыларда күн сайын әрбір баланың көмегі мен ынтымақтастығы қажет болады. Топта жұмыс істеу және міндеттерді бөліп алу сізге жүктелетін қысымды азайтады.

- Ашуыңыздың немесе өз мазасыздықтарыңыздың балаларға әсер етуіне жол бермеңіз. Егер сіз әлемге олардың көзқарасы бойынша қарай алсаңыз, сіз балалардың осал екенін түсінесіз. Балалар ата-анасына бірдеңе болса, бұл дүниеде жалғыз қаламыз деп қорқады. Барлық қажеттіліктеріңізді бір Алладан сұраңыз және қолыңыздан келгеннің бәрін жасай отырып, өз мәселелеріңіз бен қорқыныштарыңызды бір Аллаға тапсырыңыз.

- Егер сіз ажырасып жатсаңыз, балаларды бір тарапты қабылдауға мәжбүрлемеңіз. Балалардан «жақсы ата-ана мен нашар ата-ананың» бірін таңдауын сұрамаңыз. Балалар екі ата-анаға да адал және егер олардың біреуін екіншісінің пайдасы үшін қабылдамау керек болса, балалар өздерін кінәлі сезінеді.

- Ең алдымен, жағымды болыңыз және бір Құдайға сеніңіз. Есіңізде болсын, жақсы тәрбиелеу дағдылары бар жалғызбасты ата-аналар жұбайынсыз да балаларды сәтті тәрбиелей алады. Ол үшін жақсы қолдау жүйесін – достар, туыстар мен көршілер шеңберін құру қажет. Жақсы балаларды тәрбиелеу ата-аналардың санына емес, ата-аналардың тәрбиелеу әдісі мен дүниетанымының сапасына байланысты.

Жалғыз басты ана болудың Пайғамбарларға (Ғ.С.) тигізген әсері: Мұса, Иса және Мұхаммед (с.ғ.с.)

Адамзатқа жіберілген кейбір Ұлы Пайғамбарлар (Ғ.С.) толық емес отбасыларда тәрбиеленді. Төменде біз Осы Төрт Пайғамбардың (Ғ.С.) аналарының әңгімелерін қысқаша баяндаймыз. Бұл ұлы әйелдердің күші мен даналығы барлық ата-аналар үшін шынымен шабыттандыратын үлгі болып табылады.

Мұса Пайғамбар (Ғ.С.)

Мұсаның анасына: “Оны еміз де, оған бір нәрсе болады деп қорықсаң, онда оны дарияға салып жібер. Қорықпа да күйінбе! Расында оны саған қайтарамыз да оны Пайғамбарлардан (Ғ.С.) қыламыз” деп, көкейіне салдық.

(28-ші сүре, 7-ші аят)

Мұсаның анасы баласының қамқорлығын бір Құдайға сеніп тапсырып, ұлын өзенге тастады. Содан кейін ол перғауынның үйіндегі медбикелерден емізуден бас тартқаннан кейін оны өзі өсірді. Ол қандай керемет шешім қабылдады! Ол баласының өмірін Құдайға сеніп тапсырды және осындай Ұлы Пайғамбардың (Ғ.С.) көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырды!

Иса Пайғамбар (Ғ.С.)

Сол уақытта періштелер: «Әй, Мерйем! Шәксіз, Алла сені таңдады, тазартты және әлемдегі әйелдерден ардақты қылды», – деді.

(3-ші сүре, 42-ші аят)

Исаның әкесі болмады, ол Мерйем Бикеш тәрбиелеген сәби еді. Мерйем махаббат, жанқиярлық және адалдықтың ең жоғары стандарттарын енгізген жалғызбасты ана болды. Алла оны Құранның бүкіл сүресінде ең жоғары сенімге ие ең таза әйел ретінде сипаттайды.

Мұхаммед Пайғамбар (С.Ғ.С.)

Мұхаммед әкесі қайтыс болғаннан кейін дүниеге келді, оны анасы Әмина бинт Уәhб оны жалғыз өсірді. Ол оны алты жыл бойы тәрбиеледі, сол уақытта оның үлгілі мінезі мен тұлғасы қалыптасты. Батылдық, сүйіспеншілік, адалдық, шығармашылық және өзіне деген сенімділікті оның бойына анасы сіңірді. Оны шөлде Хәрит пен Хәлима өсірді.

Ана болудың әсері өлшеусіз! Бала тәрбиесіне қосқан баға жетпес үлесі үшін аналарға қаншалықты қарыздармыз?

- Балалар бұл дүниеге аналарының кім екенін біліп келеді, ал балаға әкесінің кім екенін анасы айтады.
- Имам Ахмад айтуынша, бір күні Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бір адам келіп: «Мен саған хижра (қоныс аудару) үшін адал болуға ант беруге келдім, мен ата-анамның екеуін де жылатып тастап кеттім», – деген екен. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кері қайтыңыз және оларды қалай жылатсаңыз, солай күлдіріңіз», – депті.
- Бірде анасын жерлеу кезінде бір мұсылман жылап тұрып: «Егер менің жұмаққа кірер есігімнің бірі қазір жабылса, қалай жыламаймын?» – деген екен.

Шынында не маңызды?

Қырық жылдан кейін сіздің банктегі шотыңызда қанша ақша болғаны, қандай үйде өмір сүргеніңіз немесе қандай көлік жүргізгеніңіз маңызды болмайды.... Шынында да маңызды нәрсе – ол сіздің балаларыңыз бен немерелеріңіздің өмірінде қаншалықты маңызды рөл атқарғаныңыз.

АТА-АНАНЫҢ БІРІ ЕКІНШІСІНІҢ ОРНЫН БАСА АЛА МА?

Анасы әкесінің орнын толығымен баса алмайды, ал әкесі анасын толығымен алмастыра алмайды. Ата-анасының екеуіне де бауыр басқан сәбилер жақсы дамиды. Анасы шексіз сүйіспеншілік, нәзіктік және шыдамдылық сыйлайды, оны емізеді; ал әкесі өзінің күшін, сенімділігін, қатты дауыстарын, басқаша иісі мен тікенді бетін ұсынады; бұл нәресте үшін өте пайдалы. Жалпы, баланың анасынан айырылуы әкесінен айырылғаннан гөрі қаттырақ сезіледі. Үй шаруасындағы әйелдер балаларының өміріне көбірек қатысады, ал балалар оларға көбірек бауыр басады. Олар күні бойы балалармен бірге болуға, өмірде түрлі жетістіктерге жету үшін оларға сүйіспеншілік пен тыныштық сыйлауға дайын және олардың толықтай мүмкіндігі бар.

(Джордж Трамблэ және Аллен Израиль, 1998-ші жыл)

Ұлдар әкесіне, ал қыздар болса анасына көбірек мұқтаж деген жалған түсінік бар. Әкесі қызына да, ұлына да керек, алайда бұл қажеттілік басқаша көрінеді. Сол сияқты, ұлдарды тәрбиелеу үшін ана да қажет. Әкелер қыздарға күш, қолдау және қорғаныс сезімін сыйлайды. Әкесінің көмегімен қыз ер адамдармен өзін дұрыс ұстауды үйренеді: керісінше жағдайда ер адамдар оған тым жұмбақ және қорқынышты жаратылыс болып көрінуі мүмкін.

Егер олар ер адамның ықпалынсыз өссе, аналар ұлдары үшін әкелерінің рөлін сәтті атқара ала ма? Атқара алмайтыны сөзсіз және бұл қажет те емес. Балалардың тұлғасы тым берік болады, бала әкесін немесе анасын есіне түсіре алмаса да, ол ата-аналарды барлық бөлшектерде өте айқын көрсете алады. Балалар әр түрлі адамдардың ерекшеліктерінің «бөліктерінен» мұрағиятты ата-ана бейнесін жинай алады. Әкесіз ұл тәрбиелеп отырған жалғыз басты ана

ұлына өзі араласатын аталарымен, ағаларымен және немере ағаларымен қарым-қатынас жасай отырып, мінсіз әкенің бейнесін «құруға» көмектесе алады. Сонымен қатар, ол ұлын қауіпсіз және бақыланатын ортада мейірімді және сенімді ер адамдармен, атап айтқанда, мектеп мұғалімімен, діни қызметкермен немесе имаммен таныстыра алады. Оның басшылығымен бұл ер адамдар ұлына жақсы үлгі болуы мүмкін.

Ислам және ажырасу туралы ескертпе

Толық емес отбасылардың өсуінің негізгі себептерінің бірі – ажырасу санының артуы. Кейбір мәдениеттер мен діндерде ажырасуға тыйым салынады (Бразилияда 1977-ші жылға дейін ажырасу заңсыз болған, индуизм заңнамасы бұрын ажырасуға тыйым салған, ал Филлипинде католиктер үшін ажырасуға тыйым салынған). Ислам ажырасуды қолдамайды, бірақ оған әлі де рұқсат береді (белгілі бір рәсімдер орындалған кезде). Ажырасқанға дейін ата-аналар ерлі-зайыптылар арасындағы отбасылық делдал мен төрелікке жүгінуі керек. Исламда, егер бұл жағдай балаларға қатысты болса, дана және сенімді туыстардан некені сақтап қалуға көп күш салу талап етіледі. Алайда, ислам және басқа діндер некенің сәтсіз екенін мойындайды. Бұл, әрине, өте өкінішті, дегенмен орын алуда.

Ата-аналар некені сақтап қалу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы керек. Ата-аналары ажырасып, ол жағдай балаларына әсер еткенде, ата-аналар балаларына тек шындықты айтуы қажет:

- Ажырасу және қайта некеге тұру кезінде балаларға не болып жатқанын жасырмай немесе ойдан әңгіме құрастырмай мұқият баяндау керек. Ата-аналар неліктен ажырасып жатқанын нақты түсіндіріп, балалардың бұған кінәлі емес екенін және оларды әлі де жақсы көретінін анық айтуы қажет. Ата-аналар ешқашан себепсіз жоғалып кетпеуі керек. Бұл балалардың қаталдық сезімін тудыруы мүмкін. Осылай жасау арқылы ата-аналар балаларының жанын ауыртпаймыз деп ойлайды, алайда балалар оны мүлдем басқаша қабылдайды, себебі олар ата-анасы тым болмағанда не болғанын түсіндіріп, қоштасып кетсе екен деп күтеді.
- Балаларды ата-анасының біреуінің көзқарасын қабылдауға немесе бір тарапты қабылдауға мәжбүрлемеңіз.

Өгей ата-аналар мен өгей отбасылар туралы сөз болғанда, балаларды өздерінің биологиялық туыстары болып табылмайтын адамдарды туыстары ретінде қабылдауға мәжбүрлеудің қажеті жоқ. Қарым-қатынасты дамыту барысында шиеленіс, қызғаныш және бәсекелестік пайда болуы мүмкін. Бала үшін өгей ата-анасын «анамның жаңа күйеуі» (немесе «әкемнің жаңа әйелі») ретінде қабылдау олардың жаңа ата-анасы болып көрінуден гөрі әлдеқайда жақсы.

АЖЫРАСУДЫҢ БАЛАЛАРҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

- Ажырасқаннан кейін балалары бар отбасылардың табысы дереу 21%-ға төмендейді.
- Балалары бар ажырасқан немесе бөлек тұратын әйелдердің отыз сегіз пайызы кедейлікте өмір сүреді;
- Қамқоршылық алған ер адамдар үшін бұл көрсеткіш 17%-ды құрайды. Ата-анасы ажырасқан балалар көбіне мектепті тастап кетеді, некесіз балалы болады және олардың жансезімдік денсаулығы нашар келеді.

Сельцер,1989-шы жыл

Ата-аналар мен бұрынғы ерлі-зайыптылар отбасының барлық мүшелеріне мейірімділікпен, құрметпен және шыдамдылықпен қарауы керек. Құран бізге осындай сәттерде дұрыс әрекет етуге кеңес береді:

Талақ екі рет. Сонда не туралықпен ұстау немесе жақсылықпен ажырасу керек. (Қайталай беру дұрыс емес.) Оларға бергендеріннен еш нәрсе алуларың халал емес. Бірақ екеуі де Алланың шегін орындай алмаудан (бірге жасай алмаудан) қорықса және сендер де екеуінің Алланың шегін орындай алмауынан қауіп қылсаңдар, ол уақытта әйелдің, еріне бодау беруінде екеуіне де күнә жоқ. Міне осы Алланың шегі, сонда одан өтпеңдер. Ал кім Алланың шегінен өтсе, міне солар залымдар.

(2-ші сүре, 229-шы аят)

Ажырасу жағдайында айтарлықтай төзімділік қажет. Кейбір балалар асырап алған ата-аналарын ешқашан қабылдамауы мүмкін; мұндай жағдайларда тек мейірімді әрі жұмсақ болу керек және соңына дейін ойнау ке-

рек. Кейінірек балалар өз отбасын құрып, үйден бөлек кетеді. Көптеген ұрыс-керістер мен қиындықтар шаңырақтың шайқалуына әкеліп соғады және бұл көбінесе балалар үшін жеңілдік болып табылады. Балалар әртүрлі сезімдерді бастан кешіруі мүмкін. Әкесі болмаса да, оларда бәрі жақсы болуы мүмкін, бірақ олар әкесін әлі де жақсы көреді және оның жанында болғанын қалайды. Балалар бәрі жақсы болады деп үміттенеді. Өгей ата-анасы қамқорлық танытып, өмір бойы жалғасатын тамаша достық байланыстарды дамыта алады. Ақылды өгей ата-ана болса, өгей баласына: «Мен сенің ата-анаң емеспін, бірақ мен – сенің анаңның жана күйеуімін немесе әкеңнің жаңа әйелімін және де мен саған қамқор боламын», – дер еді.

Жасөспірімдерді тәрбиелеп отырған жалғызбасты ата-аналар әртүрлі қиындықтарға тап болады. Ата-ана жасөспірім баланы шамадан тыс тәуелді етпеу керек, сондай-ақ оған бұрынғы жұбайының рөлін жүктеуге тырыспауы тиіс. Жасөспірім ұл балалар – күйеу бола алмайды, ал жасөспірім қыз балалар – әйел емес. Сондай-ақ осындай жағдайда жыныстық, денелік және жансезімдік зорлық-зомбылықтың үлкен қаупі туындайды. Жасөспірімдер мектептегі жұмыстарымен айналысудың орнына, отбасылық мәселелерді ойлап, уайымдайды. Жалғызбасты ата-аналар үйден тыс жерде де өздерінің қолайлы мүдделерін жүзеге асыруға және дамытуға мүмкіндік беруге дайын болуы керек. Ата-аналар қаншалықты жалғыз болса да, өзімшіл болмауы керек.

Заңсыз балалар толық емес отбасында тұратын жесір қалған немесе ажырасқан ата-ананың балаларымен бірдей емес. Олардың арасындағы негізгі айырмашылық – әкеге тиесілі болу сезімі. Қайтыс болған әке әлі күнге дейін өз балаларына қажетті жайлылық сезімін береді, олар бұл туыстықты іштей сезінеді және отбасылық сәйкестік бар екенін біліп жүреді. Бұл анаға балаларға қауіпсіздік пен сүйіспеншілік сезімін жеткізуге көмектеседі. Ол балаларына бағыт-бағдар беріп, ауызбіршілікті ортаны қамтамасыз ете алады, сонда олар толыққанды отбасынан шыққан, жақсы өмір салты бар құрдастарынан асып түседі. Балаларын үздіксіз қолдау көрсетіп, сонымен қатар балаларға қиындықтарды жеңуге мүмкіндік берсе, балалары талай белесті бағындырары сөзсіз. Мұндай аналар балаларына өздерін дәлелдеуге және өзіне деген сенімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Ажырасқан ата-аналарға арналған кеңестер:

- Балалардың анасы не әкесі туралы түсінігін бұзбаңыз.
- Балаларыңызбен, бұрынғы жұбайыңыз және оның туыстарымен салауатты қарым-қатынасты сақтауға тырысыңыз.
- Балаларға ата-анасының екеуі де оларды жақсы көретінін сезіндіріңіз.
- Балаларға ата-анасының ажырасуы олардың балаларымен қарым-қатынасына зиян тигізбейтінін түсіндіріңіз.

ИСЛАМДАҒЫ ОТБАСЫ ҰЙЫМЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Ислам отбасын сақтап қалуға үлкен мән береді. Ең алдымен, Құранда адамның Құдайдың ең құрметті және лайықты жаратылысы екендігі және Оның жердегі Жаратушының сеніп тапсырған ең сенімді адамы екендігі көрсетілген. Сондықтан оларды оқытып, бір-біріне қамқорлық (*istikhlāf*, араб тілінде: اسْتَخْلَفَ) таныту міндетін орындауға дайындау керек. Адамдарда нәрестелік кезеңнің жануарларға қарағанда әлдеқайда ұзағырақ болуы кездейсоқтық емес. Бұл «отбасылық тәрбие мектебінің» бастапқы нүктесі – ерлі-зайыптылар арасындағы салауатты қарым-қатынас.

Олар «іскерлік мәмілелерге» немесе заңдастырылған құқықтар мен міндеттерге негізделмеуі керек (дегенмен «отбасылық заңдардың» қорғаныс ретінде маңызы бар). Ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас жанашырлыққа (*mawaddah*, араб тілінде) және мейірімділікке (*raḥmah*, араб тілінде: الرحمة) негізделіп құрылуы керек. Бұл іргетассыз ата-аналардың бақытты үй және табысты әрі тақуа балалар туралы екі тілегі (Құранның 25-ші сүресінің, 74-ші аятында айтылған) орындалмайды. Толық емес отбасылар да балаларына қамқор және мейірімді болуы керек.

Олар: “Раббымыз! Бізге жұбайларымыздан, ұрпақтарымыздан көзайымдық бер. Сондай-ақ бізді тақуалардың алды қыл!” – дейді.

(25-ші сүре, 74-ші аят)

Адамның толық жансезімдік дамуы үшін отбасы қажет. Жаратушы бізді денелік және денелік емес қырларымызбен бірге ең керемет жолмен жаратты. Біздің пішініміз, бойымыз, түсіміз, қозғалыстарымыз және сыртқы келбетіміз, сондай-ақ жансезімдік, рухани және жансезімдік қырларымыз өте үйлесімді түрде жасалған. Сондай-ақ Жаратушымыз тайпаларды, қауымдастықтарды және түрлі ұлттарды да жаратты.

Расында адамзатты көркем бейнеде жараттық.

(95-ші сүре, 4-ші аят)

Біздің өмір жолымызда біз кезең-кезеңімен, үлкен және таңғажайып жолдармен дамимыз: сәбиліктің нәзіктігі мен әлсіздігінен, өсу мен оқу кезеңдері арқылы, күштің шыңына жетіп және ақырында қартаюдың әлсіздігіне ораламыз (күш, білім мен есте сақтау қабілетінің жоғалуына әкеледі). Бұл үдеріс барысында ата-аналар жансезімдік тұрғыдан өсіп, балаларының, немерелерінің және бүкіл ұл-

кен отбасының дамуына үлкен үлес қосады. Егер адам жұбайы болмаса, дені сау жақындыққа деген қажеттілік орындалмай қалады. Некенің қасиеттілігі арқылы ғана ерлер мен әйелдер оңтайлы жансезімдік жақындықты сезіне алады. Ол туралы Құранда былай делінген:

(Өйткені бір-біріңді қорғауда) олар сендерге киім, сендер де оларға (іспетті) киімсіңдер.
(2-ші сүре, 187-ші аят)

Некеге тұрғаннан кейін өсудің тағы бір себепшарты өз күшіне енеді: балалы болуға және отбасын құруға деген ұмтылыс. Осы кезеңде оқиғалардың дамуының төрт нұсқасы болуы мүмкін және олардың әрқайсысының өзіндік жансезімдік салдары болады. Не ерлі-зайыптылар бедеулікке ұшырайды, не тек қыздары болады, не тек ұлдары болады, немесе қыздары да, ұлдары да болады. Осы нәтижелердің әрқайсысы ата-аналар мен балаларға өз әсерін тигізеді.

Көктер мен жердің иелігі Аллаға тән. Қалағанын жаратады. Кімге қаласа қыздар, кімге қаласа ұлдар береді. Немесе ұлдар мен қыздарды жұп-жұбымен береді. Сондай-ақ қалағанын бедеу қылады. Күдіксіз Ол, толық білуші, аса күшті.
(42-ші сүре, 49-шы және 50-ші аяттар)

Ата-аналар балаларының некеге тұрғанын көріп, жансезімдік тұрғыдан ләззат алады, содан кейін олардың өз балалары болғанын көреді және бұл оларға болашақта өз өмірінің жалғасын сезінуге мүмкіндік береді.

Балалар өздерін жалғыз баласы бар отбасыларда және бауырларымен, сондай–ақ ата-әжелерімен, тәтелерімен және ағаларымен әртүрлі сезінеді. Балалар үлкен отбасында өссе, жансезімдік тұрғыдан бай болады, ал егер ата-аналары бірдей үлкен отбасылардан болса, одан да байи түседі. Жансезімдік тұрғыдан баю мүмкіндіктері балаларда сау қарым-қатынас орын алған кезде пайда болады. Бұл әр түрлі рөлдер аясында болады: әйел үшін – қызы, әпкесі, әйелі, анасы, тәтесі мен әжесі болса, ал ер адам үшін – ұлы, ағасы, күйеуі, әкесі, ағасы, және атасы.

.

Бір рет отбасы – мәңгілік отбасы!

Егер біз ертең өлсек, біз жұмыс істейтін компания немесе ұйым бірнеше күн ішінде біздің орнымызға адам табады, ал біздің отбасымыз күндерінің соңына дейін бізді жоқтап өтеді. Біз отбасымызға қарағанда жұмысқа көбірек уақыт пен күш жұмсаймыз – не деген ақымақтық десеңізші!

ЖАСЫРЫН ИНТЕРНЕТ ҚОЛДАНУШЫСЫ

Анам, әкем, бәріміз – бақытты отбасымыз!

Отбасылық өмір қарапайым бала туу мақсатымен шектеліп қалмайтын отбасылық міндеттерді дұрыс қоюға байланысты. Отбасы балаларды адамзатты жойылып кетуден сақтау үшін ғана дүниеге әкелмейді. Отбасы үшін өзін-өзі сақтаудың ешбір мәні жоқ, сондықтан отбасының мақсаттары өзін-өзі сақтаудан гөрі тереңірек нәрселерді қамтуы керек. Құранда былай делінген:

Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар. Сол арқылы өзара сұрасқан Алладан және туыстардан (безуден) сақтаныңдар. Шәксіз Алла (Т.) сендерді бақылаушы.

(4-ші сүре, 1-ші аят)

Адамдар бір жаннан жаратылған (nafs), содан кейін жұбайы жаратылған, ал сол жан мен оның жұбайынан көптеген ерлер мен әйелдер туылған. Бұл аятта жекеше түрде болғанымен, сол үдеріс көпше түрінде де айтылады:

Алла (Т.) өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратты. Жұбайларыңнан сендерге балалар, немерелер пайда қылды. Сондай-ақ сендерді тап-таза нәрселерден ризықтандырды. Сонда да олар, бос нәрселерге сеніп, Алланың Нығметіне Шүкірсіздік ете ме?

(16-шы сүре, 72-ші аят)

Адамдар өздеріне тиесілі белгілі бір рөлді атқару үшін жер бетіне жіберілді деген ой келесі аятта ашылады:

(Мұхаммед С.Ғ.С.) сол уақытта Раббың періштелерге: «Әрине мен жерде бір орынбасар жаратамын!» – деген еді. (Періштелер): «Онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба? Негізінен біз Сені дәріптеп, мақтау мен пәктаудамыз» деді. Алла: «Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін!» – деді. (Алла, Адамды топырақтан жаратып оған жан салды.

(2-ші сүре, 30-шы аят)

Бұл аят жердегі адамның рөлін анықтайды: Аллаға табынушылар және Алланың өкілдері (khalīfah, араб тілінде: خليفة). Алла өкілінің басты міндеті – жерді ('imrān, араб тілінде: إمران) дамыту және әділеттілікті тарату ('adl, араб тілінде: عادل). Құран өмірдің сынақ екеніне және біздің бір Құдайға құлшылық ету үшін осында екенімізге сендіреді:

Жын мен адамзатты өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым.

(51-ші сүре, 56-шы аят).

Осылайша, отбасының мақсаттарына Құдайға құлшылық ету және бағыну, Құдайдың мейірімі мен жомарттығын құрметтеу, туыстармен жақсы қарым-қатынаста болу

және бір-бірінің құқықтарын сақтау кіреді.

Келесі аятта Құдай отбасы мүшелері арасындағы сабырлылыққа, сүйіспеншілік пен мейірімділікке баса назар аудара отырып, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасты ашып түсіндіреді:

Сендерге, оған тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейірімділік пайда қылғандығы да Оның белгілерінен. Сөз жоқ, осыларда ойланған елге белгілер бар.

(30-шы сүре, 21-ші аят)

Құран отбасындағы махаббаттың маңыздылығы туралы айтқанымен, бұл өмірдегі ең жоғарғы Махаббат емес. Алланың ерекше белгілерінің арасында Жанашырлық, Әділеттілік және Бейбітшілік бар. Яғни, бірінші орында – Аллаға және Оның Елшісіне деген сүйіспеншілік:

(Мұхаммед С.Ғ.С.): «Егер әкелерің, балаларың, туыстарың, әйелдерің, ағайындарың, тапқан малдарын, тоқтап қалуынан қорыққан саудаларын, жақсы көрген үйлерің сендерге Алладан, Пайғамбарынан (с.ғ.с.) әрі Оның жолында соғысуынан артық көрінсе, Алланың әмірі келгенге дейін күтіңдер» де. Алла бұзық қауымды тура жолға салмайды.

(9-шы сүре, 24-ші аят)

Махаббаттың негізі – біздің Жаратушымызға деген сүйіспеншілік болып табылады. Жаратушыға деген сүйіспеншілік – махаббаттың ең жоғарғы сатысы. Сондықтан сіз ата-анаңызды, балаларыңызды және туыстарыңызды олар сізді ренжіткен кезде де жақсы көресіз, өйткені оларға деген сүйіспеншілігіңіз Құдіретті Құдайға деген сүйіспеншілігіңізден туындайды. Құдіреті шексіз Алланың сізге деген жомарттығы сіз шалыс басып, қателік жасаған кезде де жалғаса береді. Отбасындағы махаббат Құранда былай түсіндіріледі:

Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар. Сол арқылы өзара сұрасқан Алладан және туыстардан (безуден) сақтаныңдар. Шексіз Алла (Т.) сендерді бақылаушы.

(4-ші сүре, 1-ші аят)

Раббың, өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті...

(17-ші сүре, 23-ші аят)

Бұл махаббат пен қамқорлық шеңберінде анасы әкесінен жоғары тұрады және оған бірінші кезекте қамқорлық қажет. Бір адам бірде Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Мен бірінші кезекте кімге қамқорлық пен құрмет (birr, яғни қазақ тіліне аударғанда «таупықты» деген мағынаны білдіреді, араб тілінде:) көрсетуім керек?» – деп сұрапты. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Анаңа, анаңа, анаңа сосын әкеңе»,-деп жауап берген екен.

(Әл-Бұхари)

Мейірімі шексіз (‘ibād al-Raḥmān, араб тілінде) Алланың құлдары екі тілектің орындалуына үміттенеді: бақытты отбасылық орта және әділ көшбасшыларды тәрбиелеу:

Олар: «Раббымыз! Бізге жұбайларымыздан, ұрпақтарымыздан көзайымдық бер. Сондай-ақ бізді тақуалардың алды қыл!» - дейді

(25-ші сүре, 74-ші аят)

Қуанышты және жайлы ахуалды ұстап тұру – бұл барлық отбасы мүшелерінің (оның ішінде ата-аналар, ата-әжелер, балалар мен немерелер) мақсаты. Екінші мақсат – әділ көшбасшыларды тәрбиелеу болып табылады. Бұған балаларды қамқорлыққа, Жаратушыға құлшылық етуге, жерді (‘imrān, араб тілінде:) дамытуға, Құдайға және Оның елшілеріне деген сүйіспеншілікке үйрету арқылы қол жеткізуге болады. Осы маңызды қағидаларды елемеу отбасын бақытсыздыққа душар етеді. Біз балаларымыздың жер бетіндегі өз миссияларына сай дұрыс әрекет етіп жатқанын көргенде шынайы ата-ана бақытын сезінеміз.

Бұл ұғымдарды сіңіріп, соған сәйкес өмір сүріңіз және оларды балаларыңызға есейген сайын түсіндіріп отырыңыз. Осылайша, сіз олардың жүректері мен саналарына ізгілік пен жақсылықтың дәнін себе аласыз. Бала есейіп, Құдайды ұмытып кет-

се де, бір күні сенім тұқымы өніп, өз жемісін береді. Кіршіксіз сенім тазалығы баланың бойына ана сүті арқылы берілу керек. Жақсы мінездің негізін қалаңыз. Ең басынан-ақ балаға дұрыс басымдықтар бере біліңіз.

Әділдіктің мұндай негізі баланың айналамыздағы азғыруларға қарсы иммунитетін күшейтеді. Біз қоғамды қорғау үшін тек сыртқы «полиция жүйесіне» сеніп отыра алмаймыз. Баланың ішкі құндылықтар жүйесі, өзін-өзі бағалау сезімі және өзін-өзі бақылау күші қоғамды қорғаудың ең тиімді тетіктері болып табылады. Ата-аналардың басты міндеттерінің бірі – балаларға өмір жолының басынан бастап сенімге, адалдыққа және жанашырлыққа байыпты мән беру арқылы Құдайдан келген аянның даналығын пайдалануға көмектесу.

Мұсылман отбасында қандай жағдай орын алды?

Соңғы онжылдықтарда отбасылық құндылықтар құлдырауға ұшырады. Ажырасулардың, толық емес отбасылардың, бірге тұратын жұптардың, заңсыздық, кедейлік пен сенімсіздіктің өсуі балаларға да, ата-аналарға да әсер етті. Мұсылмандық отбасы ұйымы да, өкінішке орай, өздерінің белгілі бір мәселелері мен әлсіз жақтарынан зардап шегіп, бұл өзгерістерден тысқары қалмады. Мұсылман отбасы сәттілік пен тұрақтылықтың кепілі ретінде саналатын. Дегенмен, неліктен мұсылман отбасылар құлдырай бастады деген сұраққа жауап беру қиын, бірақ жауабы Умманың (мұсылмандық қауым) ішінара құлдырауында жатыр. Экономикалық жағдайдың нашарлауы, білім беру жүйесінің жетілмегендігі, шынайы сенімнің дүбәралануы секілді себепшарттардың барлығы мұсылмандық отбасы ұйымына кері әсерін тигізді.

Құран мұсылмандардан оқуды (*iqra'*, араб тілінде: اقرأ), дәлелдеуді (ya'qilūn, араб тілінде: يعقلون), ойлануды (*yatafakkarūn*, араб тілінде: يتفكارون), пайымдауды (*yatadabbarūn*, араб тілінде) және түсінуді (*yafqahūn*, араб тілінде: يفقاهون) талап етеді. Неліктен мұсылмандар сауатсыздықтың ең жоғары деңгейіне жетіп, ырымшыл қауымға айналды? Соңғы бірнеше ғасырларда мұсылмандардың көргені тек жеңіліс, қырғын-соғыс және қорлық болды. Сонымен қатар, өз жерлерінен, әл-ауқатынан және үмітінен айырылған олар әлемге бұрмаланған көзқарасты қалыптастырды, мәдениетінің тазалығын жоғалтты, өздеріне деген сенімділік деңгейін төмендетті. Олар ер мінездерін жоғалтып, сапалы қасиеттер мен жақсылықтардан гөрі ақша мен билікті артық көрді. Жалқаулық пен ашкөздік жалпы қауіпсіздік пен қоғамдық мүдделерден басым болды. Осылайша, Умма сыбайлас жемқорлыққа, ауруға, кедейлікке және аштыққа тап болды.

Еш ойланбастан заттық пайда мен денелік ләззаттың артынан жүгіру ата-аналарды да, балаларды да шеттетіп, еңселерін басып тастады. Қоғамның негізгі құрылыс тірегі болып келген отбасы ұйымдары сәт-

сіздікке ұшырай бастады. Лайықты азаматтарды (батыл, шығармашыл, өзіне сенімді және жауапкершілігі мол) тәрбиелеудің орнына мұсылман отбасылары тым ерке және өзімшіл балаларды дүниеге әкеле бастады. Бұл балалар беруді емес, тек алуды жақсы көретін, сондай-ақ қоғамның басқа мүшелеріне жаны ашымайтын өзімшіл болатын, олар көмек көрсетудің орнына зиян келтіретін, сонымен қатар тым ысырапшыл болды.

Көптеген мұсылман ата-аналарда сауатсыздық, надандық және немқұрайлылық басым болатын, осыған қарамастан олардың балалары білім мен дағдыларды игеруге тырысатын. Кейбір мұсылман қоғамдары қатыгез, озбыр үкіметтерден зардап шегіп келді. Соның нәтижесінде көптеген мұсылмандар келесі мәселелерге тап болды:

- Қысым мен қағидаларға байланысты ойлау еркіндігінің шектеулі болуы.
- Сұрақ қою, қызығушылық таныту және сөйлеу еркіндігінің шектеулі болуы.
- Сыбайлас жемқорлық пен биліктің дұрыс жүргізілмеуі салдарынан бизнесті жүргізу мен дамыту еркіндігінің шектеулі болуы.
- Ер адамдардың немқұрайлылығы мен қысым көрсетуі салдарынан әйел бостандығының шектеулі болуы; және
- Басымдық пен озбырлықтың салдарынан азаматтардың өз көшбасшыларын таңдау еркіндігінің шектеулі болуы.

Мұсылмандар бұл себепшарттардың барлығын бірден жеңе алмайды. Дегенмен, олар өз билігіндегі нәрселерден бастай алады және оның бірі – балаға жақсы тәрбие беру. Әділетті әрі табысты балаларды және, сайып келгенде, жақсы азаматтарды тәрбиелеу үшін мұсылмандар әдеттегі өктемшіл тәрбие мәнерінен бас тартып, тәрбиелік ұстанымдарды байыпты түрде түрлендіруі керек.

БАЛАНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ІРГЕЛІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Мұсылман әлемі бата бастаған құлдырау үдерісін тоқтату үшін күрделі түрлендірулер жасалды. Көптеген жоспарлар жүзеге асырылды. Алайда, өте маңызды қырлардың бірі болып табылатын бала тәрбиесі мәселесі түрлендірушілердің бағдарламасынан тысқары қалды. Умманың құлдырауын қалпына келтіруге және оның жағдайын жақсартуға айтарлықтай және жанқиярлықпен үлес қосқан ұлы ғалымдардың еңбектері көптеген пәндерді (соның ішінде дінтану, пәлсапа, саясаттану, әлеуметтану және экономика) қамтыды. Алайда әділ ұлттың пайда болуына жол бермейтін дерттің емі табыла қоймады. Мұсылман халқы мен қоғамдарының орасан зор әлеуеті мен мүмкіндіктері ұтымды пайдаланылмады. Шығармашылықтағы, өнімділіктегі және ғылым мен техника саласындағы жетістіктер бойынша мұсылмандар мен мұсылман еместер арасындағы алшақтық ондаған жылдар бойы артып келеді. Ғалымдар мен оқытушылар жетіспейтін қырды зерттеуге және шешімін табуға жауапты. Олар балаларды тәрбиелеу, олардың дамуы мен білім беру мәселелерін тереңірек зерттеуі керек және бұл отбасындағы бала тәрбиесінен басталуы керек. Егер баланың жансезімі мен ділі ата-аналар мен түрлендірушілердің назарында болмаса, мұсылман әлемі уақыт өткен сайын нашарлап, құлдырау мен артта қалушылықтан зардап шегетін болады.

Тарихи тұрғыдан алғанда, көптеген дәстүрлі түрлендірушілер негізінен діни рәсімдерге және олардың құқықтық және саяси қырларына назар аударды. Көптеген заманауи мұсылмандық зайырлы түрлендірулер басқа бағытқа бет бұрып, бұрынғы батыс жаулап алушыларына еліктеуге басты назар аударды. Бұқара ешқашан орындалмаған бос уәделер мен үміттердің арасында қалып қойды. Көптеген діни түрлендірушілер жан толғаныстар мен сезімдерге беріліп, исламның алтын ғасырына еліктеуге негізделген түсініксіз шешімдер ұсынды. Бала тәрбиесіндегі әйелдердің (әйелдер мен аналардың) рөлі мен жауапкершілігіне нақты назар аударылмады. Балалардың дамуына, олардың тәрбиесі мен білім беру мәселелеріне арналған жан-жақты ғылым мен әдебиет болмады. Дәстүрлі діни және қазіргі зайырлы түрлендірушілердің шынайы шақыруларына бұқара еш құлықсыз және әрекетсіз түрде жауап берді. Мұсылмандардың көпшілігі бастама көтеруден гөрі тек жауап бергенді мақұл көрді. Мәселені терең талдау мен түсінуге

негізделген мұқият әдіснаманы қолдана отырып жоспарланған іс-шаралар болған жоқ. Түрлендірушілер Құдайдың заңдарына да (alsunan al-Ilāhiyyah, араб тілінде: السنن الالهية) да, жаратылыстану, әлеуметтік және адамгершілік ғылымдарға да дұрыс жүгінбеді.

Мұсылмандар жақсы балаларды тәрбиелеудің маңыздылығын және оның ұзақ мерзімді салдарын түсінуі керек. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жетекші Сахабаларының көпшілігі шақырту алған кезде ересектер болған. Олардың негізгі мінез-құлық белгілері нәресте кезінен-ақ қалыптасқан. Олар еркін, батыл адамдар болып өсті және олар ешқашан озбырлыққа бой алдырмады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) баланың мінезін қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті: «Егер олар тереңінен түсіне білсе (Ислам), Исламға дейінгі ең жақсысы – исламнан кейінгі ең жақсысы». Адамның негізгі қасиеттері бала кезінен қалыптасады. Сенім мен дағдыларды баланың бойына кейінірек сіңіруге болады, бірақ нашар мінезді түзете алмаймыз.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз міндетін бастаған кезде 40 жаста, Әбу Бәкір – 37, Осман – 30, Омар – 26, Әли – 8, ал Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жары Хадиша – 55 жаста еді. Негізгі мақсаттар мен құндылықтар Құранда көрсетілген, ал оларға жетудің алғашқы қадамдары – ата-ананың жауапкершілігі. Ата-аналар жантану, әлеуметтану, қарым-қатынас және білім беру құралдарын қолдана отырып, мінезді ерте кезден қалыптастыруы керек. Адамның негізгі құндылықтары мен қажеттіліктері өзгермегенімен, тәрбиелеу әдістері мұқият зерттеуді, дамуды және жаңартуды қажет етеді.

Балаларды дұрыс тәрбиелеудің маңыздылығын және дүйім ұлттың жағдайы негізінен балаларды қалай тәрбиелейтінімізге байланысты екенін түсіне отырып, бүкіл әлемде балаларды тәрбиелеу дағдыларын дамытуға және осы тақырыпты қоғамда кеңінен таратуға бағытталған бірнеше бет алыстар әзірленді. Олардың қызметінің нәтижелерін көпшілікке жеткізу керек – бұл даму жолын елемеу ұлт үшін өте қымбат әрі орны толмас шығын болмақ. Ата-аналар мен болашақ ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне арналған бет алыстарды ұйымдастыру және бала тәрбиесі туралы білімді арттыруға бағытталған қоғамдық іс-шараларды құру үлкен пайда әкелуі мүмкін. Әр түрлі елдерде Арнайы мемлекеттік министрлік құру және/немесе балаларды сындарлы тәрбиелеу бойынша мамандандырылған мекемелер құру адамзат үшін үлкен қызмет болар еді.

ІРГЕЛІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ МҰҚИЯТ ЗЕР САЛУ

Егер біз балаларымыздың білімін қайта құрғымыз келсе, мұсылман әлеміндегі білім беру жүйесіне мұқият қарауымыз керек. Бүгінгі таңда кейбір мұсылман мектептері баланың табиғатын жеткілікті түрде түсіне алмағаны үшін сынға ұшырап жатады, мысалы, балалардың кейбір ойындарын кемшілік деп санауы мүмкін. Оқу бағдарламасы баланың даму кезеңдеріне негізделмеген, өйткені ол негізінен еріксіз, құрғақ әрі икемге келмейді. Ол балалардың қызығушылығын, олардың спортпен шұғылдануға және ойын ойнауға деген табиғи ұмтылысын елемейді. Оның орнына ол жаттауға және есте сақтауға негізделіп жасалған.

Тарихи тұрғыдан алғанда, мұсылман әлемінде мектептегі білім беру жүйесінің екі түрін ажыратуға болады. Біріншіден, билеушілер мен байлар сияқты дегдарлық балаларға арналған жеке, ұтымды және жақсы ойластырылған білім беру мәнері болды. Олардың балаларын жеке сарайларда жоғары білікті және жанашыр мұғалімдер (mu’addib, араб тілінде: مؤدب) оқытты. Бұл мұғалімдерге / тәлімгерлерге балаларды көшбасшылық пен кемелдікке дайындау тапсырылды. Муәуийя Ибн Әбу Суфьян, Әбд Әл-Мәлик Ибн Мәруән, Әл-Хаджадж Әт-Тәкәфи, Харун Әр-Рашид және басқалары сияқты билеушілердің ұлы ұстаздары болды. Бұл мұғалімдерге балаларды дінге, мәдениетке және әдебиетке, сондай-ақ белгілі бір дағдылар мен тәжірибелерге үйрету үшін қажетті жағдайлар жасалды. Жеке оқыту жүйесінің кемшіліктерінің бірі – балалар басқа оқушылармен бірге бір топта оқудың артықшылықтарынан айырылады. Бұл екінші kuttāb (араб тілінде: كتاب) жүйесінен, яғни Құранның кейбір сүрелері мен арифметика негіздері ғана оқытылатын бұқаралық мектептерден айтарлықтай ерекшеленді. Мұғалімдер де, оқушылардың

жағдайы да талаптарға сай болмады. Мұғалімдер оқушыларды тәртіпке салу үшін денелік жаза қолданды, балаларға ойнауға тыйым салды және оқытудың негізгі әдісі – жаттап оқу болды. Білім беру жүйесіндегі бұл тарихи екіұштылық бүгінде кейбір мұсылман елдерінде де бар. Бай ата-аналар балаларын елдегі немесе шетелдегі жеке мектептерге, ал кедейлерді нашар жабдықталған мемлекеттік мектептерге жібереді. Жекеменшік мектептерде білікті мұғалімдерді жалдау, шетелдік және арнайы оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін қаржылық қорлар бар, сонымен қатар мемлекеттік мектептерде жоқ зертханалар, көрнекі құралдар, кітапханалар, компьютерлер мен ойын алаңдары бар. Өкінішке орай, бұл қымбат жекеменшік мектептерде әдетте жергілікті мәдениетке, мұраға және дінге теріс көзқарасы бар оқушылар оқып шығады.

Washington Post газеті мен Гарвард университеті бірлесіп жүргізген сауалнамада көптеген ерлер мен әйелдердің басымдықтары атап айтылды: «Жансезімдік және экономикалық қысыммен күресу, отбасылық байланыстарды нығайту, балалармен тиімді қарым-қатынас жасау және аналардың көп уақытын үйде балалармен өткізуді қалауы». Балаларды жақсы тәрбиелеу басты басымдық екені анық.

«Әл-Усра» журналы, 2005-ші жыл

Бала нашар білімнің шынайы құрбанына айналады. Балалар ересек болған кезде, ұлттың көп бөлігін өсіру және оларға білім беру мүмкіндіктерінің жетіспеушілігін толтыру қиын. Егер біз Умманы қайта жандандырғымыз келсе, біз бала тәрбиелеу мәнерімізді (бала өсіру), сондай-ақ білім беру жүйесін (мектептегі білім) өзгертуіміз керек. Сондықтан балалық шақтың алғашқы жылдары – басты назар аударуымыз керек маңызды уақыт болып табылады. Табысқа жету үшін біз олардың алғашқы ұстазы – ата-анасына жүгінуден бастауымыз керек. Олар, сөзсіз, бала жанының ұстазы және мінезін қалыптастырушы бірден-бір адамдар.

Бүгінгі таңда мұсылман әлемінде де, батыста да бала тәрбиесінің жақсы, теңдестірілген үлгісі жоқ деп айтсақ әділетсіздік болмас. Әлеуметтік өзгерістерге ұмтылатын кез келген қоғам бала тәрбиесі ақылақтық, рухани және заттық тұрғыдан бақытқа жетудің негізгі себепшарты екенін білуі керек. Ең алдымен, біз бала тәрбиесінің тұжырымдамалары мен тәжірибесін қайта құрастыруымыз керек. Тәрбиеге деген көзқарас жүрек пен ақылға негізделуі керек: ақыл себеп-салдарлық байланыстарға, қисын мен түбегейлі жоспарларды әзірлеуге, жүрек сезімге, сүйіспеншілікке, әдептілік пен түйсікке жүгінеді. Сындарлы тәрбие ғылыми білімнен де, көркемдік талғамнан да құр қалмауы керек.

Өркениетті құру (‘imrān, араб тілінде: إمران) көптеген мекемелерді қажет етеді және олар адал, шығармашыл, тиімді, сенімді және бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істейтін адамдар басқарған жағдайда ғана сәтті бола алады. Ақыл-ойы, денесі, рухы мен мінезі мықты адамдарды тәрбиелеу – отбасы институтына, яғни, ата-анаға сеніп тапсырылған дұрыс. Бұл міндет мектептерге, бұқаралық ақпарат құралдарына және үкіметтерге жүктелмеуі керек, бірақ олар үлкен көмек көрсете алады. Бірде-бір құрылым балалардың жақсы мүдделерін ата-анасынан артық қорғап, олардан артық қамтамасыз ете алмайды. Ата-ана болу үлкен құрбандық және адал берілгендікпен сипатталады, әр адам өзіне әлемдегі бар жақсыны тілейтіні сөзсіз, тек ата-аналар ғана балаларының өздерінен де жақсы болғанын қалайды. Егер оларды сендіре білсе, ата-аналар өздерін құрбан етсе де, балаларына жақсы тәрбие беру үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Ата-аналармен балаларының мүдделері туралы сөйлессе, олар құлақ асады. Тек оларға ата-ана жауапкершілігінің бастапқы нүкте екенін түсіндіру керек. Бала тәрбиесі – бұл алғашқы бес жыл ғана емес, өмір бойына созылатын міндет, бірақ сол алғашқы бес жыл ең маңызды кезең болуы мүмкін. Осы ерте кезеңде ата-аналар бала өміріндегі басты кейіпкерлер болып табылады және олар өз балаларын қалай дұрыс бағыттау керектігін білсе, болашақта да балаларының мінезі мен өмір салтын қалыптастыруда тиімді рөл атқара алады.

АМЕРИКАДАҒЫ ОТБАСЫ ҰЙЫМЫ

Хиллари Клинтон (1996-шы жыл), АҚШ-тың бұрынғы Мемлекеттік хатшысы, өзінің «Ауылдағы бала тәрбиесі» *(It takes a village to raise a child)* кітабында жасөспірім қыздардың 40 пайызы 20 жасқа дейін жүкті болады және жыл сайын бір жарым миллион қыз-келіншек түсік жасатады деп мәлімдейді. Көптеген американдықтар демалыс күндердегі ойын-сауықтарын, отбасындағы іс-шараға қарағанда, жақсы жоспарлайды. Клинтон сондай-ақ заңсыз балалардың саны 1960-шы жылы 5 пайыздан 1996-шы жылы 25 пайызға дейін өскенін мәлімдейді. Балалардың жиырма пайызы кедейлікте өмір сүреді. Жыл сайын 7000-ға жуық бала қылмыскердің қолынан қаза табады және өздеріне қол жұмсайды, ал күн сайын 135000 бала мектепке қару әкеледі. Бай және кедей балалар зорлық-зомбылықтан, немқұрайлылықтан және алдын алуға болатын әсершіл мәселелерден зардап шегеді. Сондай-ақ әрбір үшінші американдық ересек адамда артық салмақ бар, бұл

дертпен 1970-ші жылдарда әрбір төртінші адам ауыратын.

Клинтон орташа 17 жастағы жасөспірім теледидардан 18000 кісі өлтіруді көргенін жазады. Орташа американдық мектеп оқушысы, мектептегі 11000 сағатпен салыстырғанда, теледидар көруге 15000-нан 20000 сағатқа дейін уақыт жұмсайды. Орташа американдық бала жыл сайын теледидардан мыңнан астам ашық түрде түсірілген зорлау, кісі өлтіру, қарулы тонау оқиғалары мен шабуылдарды көреді.

Мысалы, егер бала күн сайын теледидардан көптеген шабуылдарды көріп, оларды қаһармандық деп санаса, 1972-ші жылғы Уотергейт жанжалының АҚШ Демократиялық штабында заңсыз тыңдаудан туындағанын қалай түсіндіруге болады? Балалар кісі өлтіруді қылмыс ретінде қабылдамайды, себебі күнделікті экранда бірнеше рет көрсетіліп жатқан нәрсе күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналады.

Ата-аналар балаларының бұрыс ақпарат алып жатқанын білуі керек, балаларын қорғап, осындай негативке толы ақпаратты азайтуды талап етуі тиіс. Бала тәрбиесі туралы көптеген американдық әдебиеттердің тиісті әсер ете қоймады. Сондықтан біз көптеген кеңестер мен ондаған жылдар бойы жүргізілген зерттеулердің арқасында бала тәрбиесі неге нашарлай бастағанын зерттеуіміз керек.

Голливудтағы жалпы назар зияткерлік жетістіктерге, одан алынатын ғибрат пен әдептілік қасиеттеріне емес, дене бітімі мен сыртқы келбетіне аударылады. Қоғамдық алаңдарда ерлер мен әйелдердің жалаңаш мүсіндері қойылған. Сұлулық байқауларында руханият пен мінез-құлық емес, дененің кемелдігі ғана бағаланады. Бұның көп пайда әкелетіндігі сонша, тіпті мысықтар мен иттердің де сұлулық байқаулары бар! Ислам Құдайдың әдемі екенін және Оның сұлулықты жақсы көретінін айтады; бірақ бұл мінездің, ақылақтық ережелер мен құндылықтардың сұлулығын білдіреді!

Есірткі және жыныстық қатынас сияқты отбасылық мәселелерге келетін болсақ, шешімнің сипаты мәселені қалай анықтайтынымызға байланысты. Егер біз мәселелерді экономикалық деп анықтасақ, онда шешім экономикалық болады. Егер олар әлеуметтік деп саналса, онда шешім негізінен әлеуметтік болады; егер денелік болса, онда жауап дене болады. Мысалы, есірткі мәселесі сұранысқа емес, ұсынысқа байланысты деп жиі айтылады. Сондықтан мемлекеттер есірткі тасымалын тоқтатуға, әсіресе, ұшақтар мен кемелер үшін қыруар қаржы жұмсайды. Мұнда мәселенің экономикалық жағына басты назар аударылады. Алайда, іс жүзінде бұл мәселе әлі шешімін тапқан жоқ және есірткі сатушылар өздерінің лас ісінен үлкен пайда табуды жалғастыруда. Қоғам бұл мәселелерді ақылақтық,

рухани және әлеуметтік деп санайтын және соған сәйкес әрекет ететін уақыт келді.

БАЛА ТӘРБИЕСІ ЖАЙЫНДА КЕҢ ТАРАЛҒАН АҢЫЗДАР

Американдық қоғамдағы мақсаттар мен құралдар арасындағы қақтығыс балалардың санасына әбден шатастырды. «Джонни неге дұрыс пен бұрысты ажырата алмайды?» деген кітабында Уильям Килпатрик (1993-ші жыл) ата-аналар балаларының адал, сенімді, әділ, ұстамды және құрметті болғанын қалайтынын түсіндіреді. Ата-аналарға балаларының бойында осы қасиеттерді дамытуға не кедергі? Жауаптың бір бөлігі бала тәрбиесі жайында кең таралған күшті аңыздардың әсерінде жатыр. Біз бұл аңыздарды келесі тараулардың бірінде толығырақ қарастырамыз, бірақ мұнда біз американдық отбасына тән бірнеше жалпы аңыздарды мысал ретінде келтіреміз:

а) Америка Құрама Штаттары негізінен қатал индивидуализм ұғымына негізделгендіктен, АҚШ-ты құру кезінде балаларды мәжбүрлеусіз тәрбиелеу керек болды.

Бір адам биліктен қашып, орманға кетіп, үй салып, тамақ тауып, өз ісін бастап, отбасын аңдардан, ұрылардан және үкіметтен қорғап өмір сүре бастады деп елестетіп көрейік. Бір кездері әр түрлі конфессиядан шыққан алғашқы христиандық пірәдарлар Он үш колонияның аумағына келді, себебі, оларда Англия, Франция және Германия үстемшіл үкіметтерінің билігінің қысымынан құтылу үшін тұрақты үкімет болмады. Көптеген американдықтар мемлекеттік билікті шектеу ұғымын қолдана отырып, балаларды беделді басшылықсыз немесе шектеусіз тәрбиелеу керек деп санайды. Алайда, балалардың сүйіспеншілікке толы адам болып өсуі үшін ата-аналардың қамқорлығы мен күші қажет, олардың ересектерден айырмашылығы да осыда.

ә) «Жаман жақсы бала» жайындағы аңыз.

Американдық мәдениетте «жаман балалар» сүйікті әрі бақытты балалар ретінде бейнеленеді. Американдық әдебиеттің танымал кейіпкерлері Том Сойер мен Бастер Браун – өткеннің көрнекті мысалдары болып табылады; ал қазіргі фильмдер мен телесауықтардағы азаптаушы Деннис, Барт Симпсон, Кішкентай қаскөйлер және басқа да сүйкімді бұзақылар бүгінгінің мысалдары болып отыр. Бұл дәстүр балалардың санасына қаты әсер етеді, сондықтан «мойынсұну» сөзі балалар сөздігінде теріс мағынаға ие болып отыр.

б) Махаббаттың өзі баланың «табиғи мейірімділігін» сақтайды.

Бұл Руссо ойлап тапқан идея еді – егер балаларға өз бетінше өсуге мүмкіндік берсе, ізгіліктің өзі өзіне қамқорлық жасайды. Ата-аналар балаларын тек «жақсы көруі» қажет. Руссоның айтуы бойынша, махаббат ешкімнің араласуынсыз толық еркіндікті дегенді білдіреді.

в) Мамандар әрқашан дұрыс және ешқашан қателеспейді.

Ата-аналар өз жауапкершіліктерінен бас тартып, бала тәрбиесінде «сарапшыларға» сенім артты Кәсіби тәрбиешілердің көпшілігі «табиғи ізгілік» туралы аңызды уағыздайды, сондықтан бір аңыз екіншісін қолдайтын жағдай туындайды. Сарапшылар балалардың бірегейлігін, шығармашылық ұстанымдарын және стихиялық табиғатын дамытуға тым көп көңіл бөледі. Ал кейбір сарапшылар балаларды ережелерді сақтауға және билікке бағынуға үйретудің орнына, ата-аналардың тек балаларына бейімделуін қалайды.

г) Ақылақтық мәселелер – бұл жансезімдік мәселелер.

Мінез-құлық мәселелері өзін-өзі дұрыс бағаламау немесе қанағаттандырылмаған жансезімдік қажеттіліктердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Көптеген сарапшылар мінез-құлық мәселелерінің көпшілігі балалардың қалауы мен қарапайым «қырсықтығының» нәтижесі деген ой-түсінігімен келіспейді. «Өзін-өзі бағалау» мәселелеріне арналған көптеген кітаптар бар, бірақ «мінез» сөзін кез-келген жерде кездестіруге болмайды. Айта кету керек, The Ladies' Home Journal, Women's Home Companion және Good Housekeeping журналдарындағы 1900, 1910 және 1980-жылдардағы бала тәрбиесі туралы мақалаларды зерттегенде, олардың үштен бірінің мінезді дамыту жайында екендігі анықталды.

г) «Ата-аналардың өз құндылықтарын балаларының бойына сіңіруге құқығы жоқ».

Кейбір адамдар балалар өз құндылықтарын өздері қалыптастыруы керек деп санайды. Шындығында, балалардың мұны істеуге мүмкіндігі аз, себебі қоғамдағы басқа адамдар да өз құндылықтарын енгізгісі келеді. Басқалары (жазушылардан, әртістерден, жарнама берушілерден бастап жыныстық сауаттылық мұғалімдеріне дейін) балаларға өз құндылықтарын сіңіруге тырысқанда, ата-аналардың бір шетте бейтарап позицияда бақылаушы болып қалуы ақымақтық емес пе? Құндылықтарды анықтаудың бір жолы – күнәларды еске түсіру.

д) «Толық емес отбасы да толыққанды отбасы секілді жақсы бола алады».

Мінезді қалыптастыру – біз оны қалай орындау керектігін білсек те, өте қиын міндет болып табылады. Ажырасу мінездің қалыптасуын едәуір қиындатады. Ажырасу деңгейі өте жоғары және ол американдық отбасылардың жартысынан көбіне әсер етуде. Толық емес отбасылардағы балалар есірткі қолдану, құқық бұзушылық, басқа да әсершіл мәселелер және қалаусыз жүктіліктің құрбаны болу қаупіне көбірек ұшырайды. Сонымен қатар, біз барлық отбасылардың балалары сау жансезімдік бейімделуге қабілетті екенін жоққа шығармаймыз. Британдық психиатр Д. В. Винникот «жақсы ана» деген ұғымды ойлап тапты, яғни баланың дені сау тұлға ретінде дамуы үшін анасының баласына «алғашқы аналық алаңдаушылықпен» қарайтын «жақсы ана» болуы маңызды. Бұл толыққанды және толық емес отбасылардағы әкелерге де, аналарға да қатысты. Толық емес отбасындағы қамқор ата-аналар толыққанды отбасындағы қамқор емес ата-аналарға қарағанда балаларын жақсы тәрбиелей алады. Сонымен қатар, егер жалғызбасты ата-ананың оған көмектесетін алыс туыстары және отбасына өте қолайлы жұмыс орны болса (егер ол жұмыс істесе), ол бала тәрбиесінде толыққанды отбасындағы надан ата-анадан гөрі жақсы жұмыс істей алады.

е) «Нағыз зайырлы отбасы» – ең жақсы үлгі.

Бұрынғы еврей, рим және грек өркениеттерінде, тіпті он сегізінші және он тоғызыншы ғасырларда Америкада үйдегі ошақтың қасиеттілігі ұғымы ерекшелік емес, ереже болды. Үйде көптеген рәсімдер өтті немесе түрлі жазбалар оқылды. Үй

өмірі өзінен гөрі үлкенірек көзқараспен және мақсатпен байланысты болды. Бұл отбасының қасиетті және кеңірек шеңбердегі қос көзқарасы ата-аналарға қосымша бедел беріп, отбасылық байланыстарды нығайтты.

Балаларына адал берілген отбасылар айналысатын істің маңыздылығын жақсы сезіндіре алады: олар сенімдерін, дәстүрін, қолөнерін, пәлсапасын немесе бәрі қалай болуы керек деген көзқарастарын әрі қарай жалғастырады. Өкінішке орай, бүгінде көптеген отбасыларды ешнәрсе алаңдатпайды, олар не «кішкентай шіркеу», не «кішкентай үкімет» емес, олар «кішкентай қонақ үйлер мен мейрамханаларға» ұқсайды: адам көп міндеттеме сезімінсіз біраз уақыт тоқтайтын орындар. Негізінде құндылықтар мен әдепнама үнемі екінші орынға ысырылып, артта қала берген, сондықтан «бәрі болып жатыр» және олар үшін ештеңе маңызды емес!

Отбасын қоғамнан әрқайсысы өзінің қамын ғана ойлауға ұмтылатын жеке адамдар жиналысына айналдыру арқылы не өзгертті? Бұған көптеген заманауи американдық жантанушылар кінәлі болуы мүмкін. Олар отбасына немесе некеге емес, бөліну мен индивидуализмге баса назар аударды. Американдық жантанудың үміттендіретін бағытының атасы болып саналатын Альфред Адлер өзінің пайымдамасын «Жеке жантану» деп атады (адамның жалпы өмірлік жоспары аясында ынтаны, сезімді, жан толғанысты және есте сақтауды адамгершілікті тұрғыдан зерттеу). Доктор Сардар Тәнуир (Цинциннати университетінің профессоры) «мен» және «өзім» ұғымдары мұғалімдер оқушыларға «Сен шешесің, ата-анаң емес», «Сен өзіңе ұнайтын нәрсені істеп жатырсың» деп айтатын сыныптарда белсенді түрде насихатталатынын айтады. Мысалы, бір қыз әжесіне: «Сен маған бұйрық бере алмайсың, сен тіпті менің анам емессің», – деген екен. Әжесі оған: «Бірақ мен сенің анаңның анасымын», – деп жауап беріпті. (ADAMS орталығындағы Семинар, 1997-ж.)

Рухани ортада балалар ата-анасынан «бұйрықтар алмайды», керісінше, барлық отбасы мүшелері Құдайдан алады, өйткені олар қасиетті кітаптардағы Құдайдың бұйрықтарын түсінеді. Дұрыс және бұрыс мінез-құлықты көрсететін оң және айқын діни ережелердің болуы діни емес ата-ана-

лардың тәрбиесіне қарағанда діни тәрбиені беделді етеді.

Діни мінез-құлық Шығыс мәдениеттерінде жиі кездеседі, онда отбасы мен отбасылық рәсімдердің маңызы өте зор. Американдық отбасыларда көптеген дәстүрлер жойылып кетті, қазіргі таңда мұнда күнделікті қолданылатын жалғыз рәсім – теледидар көру рәсімі. Бұл «Симпсондар» мультхикаясында сатиралық түрде көрсетілген, оны теледидардан да ирониялық түрде көрсетеді. Алайда, Шығыс мәдениеттері батыстықтарға қарағанда жақсы деп жалпылау және дәлелдеу қателік болар еді.

АҚШ-тағы отбасылық байланыстар «әлеуметтік келісім» отбасылық үлгісінің пайда болуымен әлсірей бастады, мұнда ұтымды қызығушылық шартсыз міндеттемелерді алмастырып отырды. Біздің көзқарасымыз бойынша, егер отбасы мүшелері оны сүйіспеншілік пен борыш қағидаты бойынша емес, ыңғайлы болу үшін құрылған акционерлік қоғам ретінде қабылдаса, онда отбасы құрдымға кетеді. Балаларды тәрбиелеу немесе өмір бойы некедегі қарым-қатынасты нығайту – тауарлық-ақшалай қатынастар тұрғысынан қисынсыз болып көрінетін тұрақты құрбандықты қажет етеді.

Діни міндеттемелері бар американдық христиан отбасы тамақтанар алдында дұға оқиды, кешке ғибадат етеді және шіркеу литургиялық күнтізбесін ұстанатын тұрақты отбасылық литургияларды жасайды. Бұл әрекеттер мақсат пен миссия сезімін береді. Діни өмірдің орталығы – бұл қасиетті орынға айналатын үй, ал балалардың ақылақтық және рухани дамуы ең үлкен басымдық болып табылады. Ата-аналар мен ата-әжелер, нағашылар мен тәтелер сияқты үлкен туыстарды құрметтеуге көп көңіл бөлінеді. Туыстарымен тығыз байланыс сақталады, ал үлкен діни мерекелер қуанышты кездесулерге себеп болады. Сондықтан, православиелік еврей халықтары тығыз орналасқан қалалық жерлерде тұрса да, олардың балалары есірткіден, зорлық-зомбылықтан, жауапсыз жыныстық қатынастан және басқа да күнәлардан аулақ болатыны таңқаларлық емес. Осыған ұқсас бақылаулар американдық Мұсылман отбасыларына да қатысты.

Бірде бір адам Омар Ибн Әл-Хәттәбқа келіп, әйелімен ажырасқысы келетінін, өйткені оны сүймейтіндігін айтады. Омар Ибн Әл-Хәттәб: «Бәле саған! Отбасылар тек махаббатқа негізделеді ме? Сіздің шопан ретіндегі рөліңіз және қамқорлығыңыз қайда қалды?» – деген екен.

(Әл-Хәшми, 1999-шы жыл)

«Колумбайн» орта мектебіндегі жаппай кісі өлтіру оқиғасынан алынатын сабақтар.

1999-шы жылы 20-шы сәуірде Колорадо штатының Литтлтон қаласында «Колумбайн» орта мектебінде 15 адам қаза тауып, 26 адам жараланып, жүздеген адам жарақат алды. Осыдан кейін Джорджия, Кентукки, Арканзас және Вирджиния мектептерінде тағы бірнеше зорлық-зомбылық оқиғалары болды. Марқұм профессор Дилнәуәз Сиддики жаман мінез мәселелеріне ерекше назар аударды. Кейбір сарапшылар бұл жағдайға шытынаған отбасылық жүйені кінәлады, басқалары бұқаралық ақпарат құралдарындағы тым көп зорлық-зомбылық туралы айтты, ал енді біреулері қару-жарақ пен кассеталық бомба тәрізді қарудың оңай қол жетімділігі туралы айтты. Алайда, талдау барысында жеке жауапкершілік және өз ісіне жауап беру секілді маңызды нәрселер жетіспеді. Сенімдер, ниеттер мен көзқарастар, сондай-ақ біздің сөздеріміздің салдары бар.

Біз Сиддикидің ата-аналарға берген кеңесін келесідей қорытындылай аламыз:

- Адамның қарым-қатынасы, білімі және өзара әрекеттесуі дұрыс құндылықтардың қалыптасуына ықпал етуі керек.
- Балалар жақсылық пен жамандықтың сенімдері мен стандарттарын білуі керек.
- Релятивистік шындық ұғымы қоғамда анархияны тудырады, ал релятивистер жаман мен жақсылық мәңгілік ұстанымдарға емес, жағдайларға байланысты деп санайды.
- Дені сау бала негізгі әмбебап құндылықтарды (ақиқат, адалдық, әділдік және бейбітшілік сияқты) үйренуі керек.
- Жақсылық пен жамандықтың кез келген жерде бірдей өркендеуіне мүмкіндік болмауы керек. Біз балаларға жағымды сенімдерді үйретуіміз керек және негативтерді мүмкіндігінше жоюға көмектесуіміз керек.

Қылмыскерлерді қоғамның құрбаны ретінде қорғаудың орнына, біз барлығын өз әрекеттері үшін жауапқа тартуға шақыруымыз керек. Біз өз іс-әрекеттерімізді ұстанымдарымызға қарсы бағалауымыз керек. Біздің жағдайымыздағы кез-келген адам дәл осылай әрекет етеді немесе одан да жаман болады деп айтуға болмайды. Егер балаларға тиісінше тәрбие бере алмасақ, бұл зорлық-зомбылық қылмыстары өспесе де жалғасары сөзсіз.

Балалар, есептеу және әдепнама

Балалардың өздері есептеу қағидаларын ашады деп күтуге болмайды. Сол сияқты, әдепнама, ақылақ және құндылықтар туралы сөз болғанда, ата-аналар балаларын үйретуге міндетті.

Ақылақтық құндылықтарды білмей өсетін балалар да кедейлер, науқастар, үйсіздер немесе зорлық-зомбылық көргендер сияқты қысымға ұшырайды.

БАЛАЛАРҒА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҮЙРЕТУ: КЕРТАРТПА-ЫҚТИЯРЛЫ ПІКІРТАЛАС.

«Құндылықтарды үйретудің жалғыз жолы: Балаларға оларды ашуға көмектесу» (Chicago Tribune, 1998-ші жыл) мақаласында Эрик Цорн: «Құндылықтарды үйретудің жалғыз жолы – балаларға оларды ашуға көмектесу», – дейді. Әлеуметтік консерваторлар ізгілікті, әдепнамалық ойлауды және адамгершілік мінез-құлықты дамытуға баса назар аударады. Балалар математиканы дереу үйрене алмайтыны секілді, бұл қасиеттерді де сиқырлы түрде алмайды. Қираған отбасылар, қолы тимейтін ата-аналар және поп-мәдениеттің жеңілдетілген ережелері дәуірінде мінезді тәрбиелеуді мектептен тыс ортаға сеніп тапсыру – барып тұрған аңғалдық».

Цорн мектептерде мінез-құлық тәрбиесін қолдайды. Оның айтуынша, солшылдар мұндай бағдарламалардың мектептерде таралуына жол бермейді, өйткені мұндай білім беру жүйесі мойынсұнғыш, ойланбайтын, тар және радикалды массаны дайындауға мүмкіндік бермейді. Ақылақтық құндылықтарды білмей өсетін балалар да кедейлер, науқастар, үйсіздер немесе зорлық-зомбылық көргендер сияқты қысымға ұшырайды.

Цорн Ларри Нуччидің мына сөзін келтіреді: «Пайда болған мәмілегер ұстаным балаларды шындықтың қасығымен тамақтандыруға болмайтынын мойындайды. Олар терең ойланып, шындықты ашуы керек. Бірақ

оларды бағыттауда тәрбиешілер белгілі бір рөл атқаруы керек, себебі олар ересек емес. Қоғамда бастапқы нүкте ретінде ортақ құндылықтар болуы керек және бұл жай ғана әрекет ету еркіндігі емес». Алфи Конның пікірінше, мінез-құлық тәрбиесін «балаларды көбірек жұмыс істеуге және оларға айтылғандарды орындауға бағытталған уағыздар мен ынталар жиынтығына» айналдырмай қалай жасауға болатыны әлі де маңызды мәселелердің бірі. Конның айтуынша, қазір ақылақтық білім беру саласында қолданылатын «қамшы мен зімбір әдісі» балаларды ізгілікті «дайын шындықты сөзсіз қабылдау» деп ойлауға мәжбүр етеді. Түсінудің бұл тәсілі жеке адамның мінезінде терең тамырларға жол бермейді және эмпа́тия («эмпа́тия» (грек тілінде: ἐν – «ішінде» + грекше зат есім πάθος – «құмарлық», «азап», «сезім», «аяушылық») – басқа адамның қазіргі әсершіл күйіне саналы уайымына ортақ болу, оның шығу тегі туралы сезімін жоғалтпау. Тиісінше, эмпа́т – эмпа́тияны сезіну қабілеті дамыған адам), күмән және басқа да күрделі ақылақтық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Мектептерде мінез-құлықты тәрбиелеуді енгізу жақсы және дұрыс идея, өйткені бұл, әрине, мінез-құлықты тәрбиелеудің мүлдем жоқтығынан жақсы! Алтын орта келесідей болуы керек: балаларды қандай да бір құндылықтарды қабылдауға мәжбүрлемеңіз, бірақ оларды көмек пен қолдаусыз тастамаңыз, өйткені олар жас әрі дәрменсіз. Ата-аналар балаларға мүмкіндігінше құндылықтарды ашуға бағыттауға және көмектесуге жауапты.

МҰСЫЛМАН ЕЛДЕРІНДЕГІ ЖӘНЕ АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНДАҒЫ ОТБАСЫЛАР.

Біздің адами біліміміз шектеулі, сондықтан шартсыз емес. Отбасылар қай жерде тұрса да, көптеген қиындықтар кездеседі. Кенттендіру, өнеркәсіптерді өркендету және зайырландыру секілді үдерістер қалада тұратын отбасыларға үлкен әсер етеді. Төменде авторлар бақылаған Американың ірі қалаларындағы кейбір мәселелер мысал ретінде берілген:

- Некеден тыс жыныстық қатынас тартымды және қол жетімді болады, бұл жыныстық азғындыққа әкеледі.
- Аралас би, аралас жүзу және жыныстық құмарлықты оятуға бағытталған қызықты музыка кең таралған.
- Денелік қатынастар, орын алатын кездесулер (сүйісу, мойын сүю, құшақтау) ерлер мен әйелдердің бір-бірін тануы үшін мақұлданған жүйе болып табылады және бұл нәрсені ата-аналар балаларына қалыпты норма ретінде үйретеді.

- Қоғамдық киім ауыстыратын бөлмелер мен жуынатын бөлмелерде жалаңаш жүру қалыпты жағдай болып саналады. Кейбір мектептерде дәретханаларда есіктер болмауы мүмкін; жуынатын бөлмеде құпиялылық жоқ.
- Некеге дейін жыныстық қатынасқа түспеу сияқты мәселелер жеткілікті түрде баса айтылмайды. Кейбір мектептер, тіпті шіркеулер үйленбеген жастарға мүшеқаптар таратады.
- Кейбір мұғалімдер балаларға ақылақтық шектеу қоймай «өзіңе ұнайтын және сезінетін нәрсені жаса» деп айтады, нәпсі мен қалауды баспай, керісінше сыртқа шығару керек. Олар сондай-ақ ең жоғарғы төреші Құдай емес, адам деп үйретеді.
- Ішімдікті ішу жиі кездеседі, тіпті оған жиі жарнама жасайды.
- Нашақорлық кең таралған. Қару-жарақ пен зорлық-зомбылық мектептерде және қоғамдық орындарда балалар арасында жиі кездеседі. Теледидар хабарлары да зорлық-зомбылықты насихаттайды.
- Түсік жасату кеңінен қолданылады. Отбасының құрамы кішірейіп келеді, үлкен отбасына қарағанда ядролық отбасына деген бейімділік артуда.
- Көптеген ер адамдар тырысып тұратын киім киеді, ал әйелдер жыныстық жағынан тартымды болу үшін бет-мойынға түрлі опа-далап жағу мен иіс суларды пайдаланады. Көп адамдар ашық және еліктіретін киімдер киеді. Ерте некеге тұруды көбісі қолдамайды, себебі, бұл жауапсыз жыныстық тәжірибеге әкеледі деп ойлайды.
- Ажырасу деңгейі өте жоғары және толық емес отбасылардың саны күрт өсуде.
- Балалары бар балалар жиі кездеседі, ал жасөспірімдердің некеге тұруы ынталандырылмағандықтан, нәтижесінде үйленбеген аналар көбейеді. Профессор Оласки 1950-ші жылдардағы жасөспірім аналардың 85%-ы балалы болып үйленген деп мәлімдейді. (Оласки, 1994-ші жыл)
- Гомосексуализм жалпы қабылданған, қалыпты және заңды тәжірибеге айналып келеді. Көптеген штаттар бір жынысты некені заңдастыруда.
- Қарт адамдар балаларымен және немерелерімен бірге болудың орнына қарттар үйінде тұрып жатыр.
- Некеге дейінгі пәктік сирек кездеседі. 20 жастағы пәк қыз тартымсыз және қалаусыз деп есептеледі. Көпшілігі некеге дейін жыныстық қатынасқа түседі; халықтың аз бөлігі ғана бойдақ.
- Отбасы біртіндеп ыдырап жатыр, отбасылық байланыстар (ṣilat al-raḥm, араб тілінде: سيلة الرحم) және құндылықтар әлсіреуде.
- Кез-келген ересек адаммен жыныстық қанағаттану өзара келісім бойынша тек жеке мәселе болып саналады.
- Жыныстық жолмен берілетін аурулар (ЖЖБИ), соның ішінде ЖИТС жиі кездеседі.

- Ерлер мен әйелдердің рөлдері арасындағы айырмашылықтар әлсіз.
- Әйелдер тек өздеріне сенуге мәжбүр, ал туыстарының ешқайсысы ақылақтық жағынан да, қаржылық жағынан да олардың көмекшісі және қорғаушысы болуға міндетті емес.
- Әйелдер мен ерлер тәуелсіз және түрлі тәуекелдерге баруға дайын. Көп отбасыларда әйелі де, күйеуі де жұмыс істейді.
- Отбасылар жұмыс орны мен тұрғылықты жерін жиі өзгертеді; олар өте мобильді.

Қалаларда мұсылман отбасылары көбірек өмір сүретіндіктен, онда балаларды тәрбиелеу қиынырақ екенін түсіну маңызды.

Жоғарыда келтірілген жалпыламалар қай отбасылық жүйенің жақсы екенін көрсетуге арналмаған. Олар тек екі жүйеде де бала тәрбиесінің түзету құралдарын енгізу үшін ойлануға және зерттеуге болатын өзекті мәселелерді көтереді. Шындығында, батыс мәдениеті мұсылман әлеміндегі отбасылар мен бала тәрбиесіне қатты әсер етті. Бұл әсер екіұшты нәтижелерге ие болды: кейбіреулері оң, басқалары теріс.

Зайырлы білім беру жүйелерінде адам Құдайды жоғарғы билік ретінде алмастырды, ал материализм басым ұғымнамаға айналды. Ғаламды ғылыми тұрғыдан түсіну тек себеп-салдарлық байланыстарға байланысты. Бұл ғылыми түсінік бізге ғаламның заттық қырлары туралы көптеген қызықты мәліметтер бергенімен, ол біз не көріп отырғанымыз және көргеніміздің артында не тұрғаны туралы теңдестірілген, жан-жақты көзқарасты ұсынбайды. Мұсылман дүниетанымы Алланың жалғыз екенін, адамның аманатын, жердің дамуы үшін жауапкершілік алудың маңыздылығын, сондай-ақ Ақыретте істеген істеріміз үшін алатын жауапкершілігімізді мойындайды.

Ұлыбританияда тұратын мұсылмандардың оқиғаларынан

Ирактың Мосул қаласынан келген Бакри мырза Англиядағы ең жақсы әскери колледжде оқыды. Колледждің душ бөлмесінде Бакри мырзадан басқаның барлығы жалаңаш күйде жуынды, ал ол іш киімін шешпейді. Оның офицері: «Неге іш киіміңді шешпейсің?» – деп сұрады. Сонда Бакри мырза мұсылмандар өздерінің әурет жерлерін ('*awrah*, араб тілінде) көрсетпейтінін және оның маңыздылығын мұқият түсіндірді.

Бирмингем университетінде (Англия) оқитын Мұхаммед мырзадан пәтер иесі: «Сенің неге сенің қызың жоқ? Сен әтексің ба?» – деп сұраған. Ол исламда жыныстық қатынасқа тек ерлі-зайыптылар арасында рұқсат етілгенін түсіндіреді!

Батыстың мұсылмандық бала тәрбиесіне тигізетін әсері

Батыс бұқаралық ақпарат құралдарының ағынымен және білім берудегі үстемдігімен зайырлы отбасылық тәжірибелер мұсылман отбасыларына айтарлықтай әсер етті. Әбу Әл-Хасан Ән-Нәдуи өзінің (араб тіліндегі) «Мұсылман үкіметтері мен елдеріндегі еркін исламдық білімге [tarbiyah, араб тілінде]» кітабында білім беру жүйесін жан-жақты түрлендіруге шақырады. Ол жеке тұлғаны тұрақсыздандыратын және иманын әлсіретін батыстық оқу бағдарламаларының теріс әсерлерін атап айтады.

Еш құндылығы жоқ түлектер саны артып келеді, ал мектептер дінмен күресетін, дін жолындағыларды кудалайтын және өз елдерін экономикалық күйреуге әкелетін билеушілер мен әкімшілерді шығарады. Мұсылман қоғамына енгізілген заманауи білім ойлары шиеленіскен, ақылақтық іс үшін күресуге қабілетсіз немесе заттық және рухани дүниетанымды қамтитын теңдестірілген дүниетанымды дамыта алмайтын жастарды дайындауда.

Басқа мәдениеттер үшін жақсы болып саналатын нәрсе мұсылман балаларына сәйкес келмеуі мүмкін. Американдық ғалымдар жапон мектептерінің үлкен жетістіктері туралы айтқан кезде, олар Жапония үшін жақсы нәрселердің көпшілігі АҚШ-қа сәйкес келмейтінін атап көрсетеді, өйткені олар екі түрлі мәдени жүйе. Әртүрлі мәдениеттерді соқыр түрде көшіру көптеген мәселелерге әкеліп соғады. Балаларды тәрбиелеу – бұл білімді және даналықты қажет ететін міндет.

Ұлттар батыстандыру мен заманауилыққа әр түрлі жауап қайтарады. Профессор Әли Мәзрүи (Нью-Йорк мемлекеттік университеті) «Біз мәдени батыстандырусыз экономикалық тұрғыдан жаңара аламыз ба?» деген сұрақ Жапонияға, Түркияға және Африкаға қойылғанда, үш түрлі қойылым пайда болды. Жапондықтар: «Иә. Біз батыстық технологияны қолдана отырып, жапон рухын сақтай аламыз». Мұстафа Кемал Ататүрік болса: «Жоқ, мәдени батыстандыру – жаңарудың жалғыз жолы», – деп сенді. XX ғасырда Кемалистік Түркия өз халқын батыстандыру үшін, сондай-ақ араб әліппесін алып тастауды және латын әліпбиіне көшуді, қызыл түсті қалпаққа тыйым салуды (қызыл түсті қалпақ (түрік халқының ұлттық бас киімі) – ерлерге арналған бас киім), әйелдерді батыстық киім үлгілерін қабылдауға мәжбүрлеуді және фанатикалық зайырлы мемлекет құруды талап ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Отаршылдық және кейінгі отаршылдық Африка экономикалық құрамдас бөлігі жоқ «батыс үлгісіндегі мәдени жаңаруды» таңдады, бұл барлық жолдардың ішіндегі ең жаманы еді. (Мұсылман әлеуметтану ғылымдары қауымдастығының жинағы, 2002-ші жыл)

21 бай ел алты санат бойынша (заттық әл-ауқат, денсаулық және қауіпсіздік, білім сапасы, отбасы және ұжымдағы қарым-қатынас, мінез-құлық пен тәуекелдер және жастардың әл-ауқат туралы дара ұғымы) бағаланған ЮНИСЕФ зерттеуі АҚШ пен Ұлыбританияның алты санат бойынша бес позицияның үштен екісінде екенін көрсетті (ЮНИСЕФ есебі, 2007-ші жыл). Ұлттық байлықтың жалпы деңгейінің жоғары болуына қарамастан, экономикалық теңсіздікке және АҚШ пен Ұлыбританиядағы отбасыларға мемлекеттік қолдаудың төмен деңгейіне байланысты балалар ең нашар жағдайға тап болды. Америка мен Ұлыбританияның құрлықтық Еуропа елдері сияқты балаларға көп ақша салмайтыны белгілі болды. Сауалнамаға келесі ішкі санаттар енгізілді.

ЮНИСЕФ САУАЛНАМАСЫНЫҢ ІШКІ САНАТТАРЫ

Аптасына кемінде бірнеше рет отбасымен бірге тамақтанатындардың пайыздық көрсеткіші	Басқа балалармен «жақсы» немесе «пайдалы» қарым-қатынаста болған балалардың үлесі
Медициналық сақтандыру	Күндізгі күтім қызметтері
Балаларға алдын ала көмек	Денсаулық және қауіпсіздік
Толық емес отбасылардың таралуы	Нәресте өлімі
Балалар арасындағы қауіпті мінез-құлық	Балалар ауруларына қарсы екпе
Ішімдікті тұтыну	19 жасқа дейінгі жарақаттар мен жазатайым оқиғалардан болатын өлім
Қауіпті жыныстық белсенділік	Өткен жылдағы төбелес саны
Толық емес отбасыларда немесе асырап алған ата-аналармен бірге тұратын балалардың пайызы	Соңғы 2 айдағы балалардың шағымдары



БОСТАНДЫҚ НЕМЕСЕ ШЫНДЫҚ?

Бала тәрбиесінің негізгі мәселелерінің бірі – жеке бас бостандығы мәселесі. Қазіргі өнеркәсіпті дамыған елдерде бостандықтың өзі мақсатқа айналды. Көптеген ата-аналар балаларына шексіз еркіндік береді, бұл баланың өзімшілдік тілектерін ынталандыратындықтан, кері нәтижеге әкеледі. Бақыланбайтын тілектер өте қауіпті, өйткені олар Құдайдың өсиеттері мен жаңашырлық сезімін жоққа шығарады және адамды заттық өмір ләззатының құлына айналдыра бастайды. Көңіл көтеру мен ойын-сауық баланың тәуелділігін тудырады және ол үшін өмірдің «мәніне» айналады. Исламда жеке жауапкершілік пен міндеттерге ерекше назар аударылады, оларды «қазіргі сәтпен өмір сүріңіз, өйткені біз ертең өлеміз» деген жеңіл-желпі көзқараспен алмастыруға болмайды. Бұл адами құбылыс Құранда төмендегідей сипатталады:

(Мұхаммед С.Ғ.С.) көңілі тартқанын тәңір жасап алған, сондай-ақ Алла, өзін біліп адастырған және құлағын, жүрегін бітеп, көзіне қалтқы жасаған біреулерді көрдің ме? Енді Алладан кейін оны тура жолға кім салады? Түсінбейсіңдер ме?!

Олар: «Тіршілігіміз дүниедегі ғана. Өлеміз, өмір сүреміз. Бізді заман ғана өлтіреді» дейді. Негізінде олардың бұған байланысты мәліметі жоқ. Олардікі межелеу ғана.

(45-ші сүре, 23-ші және 24-ші аяттар)

Тілектерден азат болу ішкі тыныштыққа әкеледі.

Лао-цзы, Даосизмнің негізін қалаушы
Біздің заманымыздан бұрынғы 6-шы ғасыр.

Ең бірінші және ең жақсы жеңіс – өзіңді жеңу.

Платон, ежелгі грек пәлсапашысы.

Бостандық – бұл жақсылығы мен жамандығына қарамастан, тек ләззат алу мақсатында ғана пайдалануға болмайтын қымбат сыйлық. Бостандық – бұл үлкен мұрағият, өйткені ол арқылы біз шындықты іздей аламыз, оны тауып, түсіне аламыз. Адамның ең жоғары ұмтылысы – жоғары және лайықты мақсат болып табылатын шындықты іздеу. Бостандық пайдалы мақсаттар үшін ақылға қонымды түрде пайдаланылғанда, ол Жаратушының құнды сыйына айналады, соның арқасында адамдар дұрыс және шынайы нәрсені істеуді таңдайды, сондай-ақ зұлымдық пен жауыздықтан аулақ болады. Балаларды жақсы әдеттерді дамытуға, дұрыс таңдау жасауға және шындықты олардың санасындағы ең жоғары құндылық деп бағалауға бағыттау керек – бұл еркіндіктен әлдеқайда жоғары тұрады. Ғаламдағы әрбір жүйенің өз шегі бар және адам бостандығы да ретсіз әрі жойқын емес, ақылақтық нұсқауларға сәйкес белгіленген шектеулері бар және сындарлы болуы керек. Ата-аналар балаларда құндылықтар жүйесіне негізделген тиісті көзқарастар мен сенімдерді дамытуға көмектесуге жауапты, олардың қайнар көздері барлық Пайғамбарлардың (Ғ.С.) киелі жазбалары мен дәстүрлері болып табылады. (Алланың оларға салауаты мен сәлемі болсын).

Біздің бостандығымызды Алланың разылығын алу мақсатында пайдалану үшін біз шынайы құдайлық білімді ғана емес, сонымен бірге адам табиғаты туралы білімді де алуымыз керек. Білімнің екі түрінің үйлесімі бізді қоршаған ортаны және өзімізді бұзатын соқыр әрекеттерден сақтайды. Жаратушы бәрін жақсы біледі және Ол ғана бізді дұрыс жолға бағыттай алады. Зерттеулер, ғылыми тәжірибелер және білім алу арқылы біз Аллаға жақындаймыз және уақыт өте келе барлық сұрақтарымыздың дұрыс жауаптарын аламыз.

Мысал ретінде отбасын қарастырайық. Көптеген заманауи жантанушылар мен әлеуметтанушылар бізге отбасы қажет екенін және онсыз қоғам жойылатынын айтады. Егер адамзат ерте заманда отбасылық құрылымның қажеттілігін түсінбесе, бүгінде өміршең қоғамдар болмас та еді. Адалдық, сенім, өмір мен мүлікті құрметтеу, жыныстық ұстамдылық, теңдік және езгіден құтылу сияқты әртүрлі негізгі құндылықтар адамның өмір сүруінің негізгі талаптары болып табылады. Бұл құндылықтарсыз қоғам өркендей алмайды және бұл құндылықтар отбасында жақсы үйретіледі. Бұл құндылықтардың адамзат үшін маңыздылығы соншалық, адамзаттың ол құндылықтарды өз бойына қалыптастырғанын күтпей-ақ (егер қалыптастырса),

олар біздің ішкі әлемімізге, туа біткен табиғатымызға (*fiṭrah*, араб тілінде) еніп, адам өмірі мен қоғамның жер бетінде өркендеуі үшін адамзат өмір сүрген кезден бастап негізгі құндылықтар ретінде қалыптасады.

Демек, жер бетіндегі адамзаттың әкесі – Адам ата мен анасы – Хауа ананың осы негізгі мәңгілік құндылықтарға үйретілгені кездейсоқ емес, сондықтан да олар балаларына және өз кезегінде болашақ адамзат баласына осы құндылықтарды үйрете алды. Құдай қабыл (*Qābīl*, араб тілінде: قابيل) және Абыл (*Hābīl*, араб тілінде: هابيل) оқиғасында өмірдің қасиеттілігін бейнелейді. Елестетіп көріңізші, егер Адам ата, Хауа ана және олардың балалары маскүнем, нашақор және/немесе азғын болса, нәтиже қандай болар еді?! Аян бізге шөл арқылы өтетін жолды көрсететін білімді гид сияқты; онсыз адамзат адасып, жойылып кетер еді. Дұрыс басқарылатын бостандық өркениетті қоғамда өзін-өзі ұстай алатын, дұрыс мінез-құлыққа ие және қоршаған ортамен үйлесетін балалардың пайда болуына әкеледі.

Ғалам – бұл тамаша жүйе: жасушалар, атомдар және галактикалар жоғары ретті жүйе болып табылады және осы ұйымдасқан жүйелердің барлығы белгіленген ережелер мен шектеулер шеңберінде әрекет етеді. Бұл шектеулерді елемеу жүйелердің ыдырауына әкеледі. Жаратушы Иеміз бұл ғаламды толықтыруға және біріктіруге көп көңіл бөле отырып, дәл және теңдестірілген өлшемге негіздеп жаратқан. Бұл тепе-теңдік тұжырымдамасы келесі аяттарда үш рет айтылады:

Күн мен ай есеппен жүреді.

Өсімдік, (жұлдыз), ағаш Оған бас иеді. Ол, аспанды биіктетіп, оған тең бір өлшеу қойды.

Өлшеуде шектен шықпаңдар.

Сондай-ақ тартуды әділетпен орындаңдар, таразыда кемітпеңдер!

(55-ші сүре, 5-ші және 9-шы аяттар)

Сондықтан негізгі құндылықтар кез келген жағдайда сақталуы керек. Адамдар өмірлері қара түнекке айналып, бар мәселенің жалғыз шешімі өлім болып көрінсе де, өмірлеріне балта шауып, өз-өзіне қол жұмсамауы керек. Адамдар қатты қаласа да жақынымен жыныстық жанасу жасамауы керек. Адамдар маскүнем немесе нашақор болмауы керек, себебі осылайша олар өздерін де, отбасыларын да, тіпті біртұтас қоғамды да жояды. Адамдарға нұсқаулар ежелгі заманнан бері Құдайдың аяны арқылы беріліп отырған. Адамның білімі шектеулі

Дінді сыныптан шығарғысы келген олар, адамгершілікті терезеден лақтырып жіберді

және көптеген адамдар отбасының құндылығын толық бағалап, нәсілшілдік, өзіне өзі қол жұмсау, ішімдік ішу, нашақорлық және зинақорлықтан туындаған мәселелерді байыбына бару үшін көп уақыт кетуі мүмкін. Жердегі адам өмірінің басынан бастап Құдайдың нұсқаулары адамзатқа өзінің жоғары қасиеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік беру үшін осы қатыгез тәжірибелерден сақтандыруға тырысты.

ХИОИ семинарында діни шіркеудің оқу жоспарына қандай маңызды түрлендіру енгізгісі келетінін сұрағанда, 1993-жылы исламды қабылдаған Біріккен әдіскер шіркеуінің бұрынғы тағайындалған қасиетті діни қызметкері, автор әрі доктор Джеральд Ф. Диркс былай деп жауап берді: «Шектен тыс бұрмалануды жалғастыратын құндылықтар мен ақылақ мәселесінде релятивизм ауруын жою». Негізгі хабарлама тұрақты және өзгеріссіз қалады және жас ұрпақтың қалауына сәйкес өзгермейді. Ақыр соңында, адамның негізгі қажеттіліктері өзгеріссіз қалады. Урбанизацияланған және заманауи өнеркәсіпті отбасылардың ыдырауын болдырмау үшін отбасылық жүйені сақтау және қорғау қажет. Мұсылмандар Батыс бостандығының жағымды жақтарынан көп нәрсені үйрене алады, бұл оларды құлдыққа айналдырған және Батыстың дамуы мен ілгерілігінде артта қалуына әкелген қысым жасайтын және өктемшіл ойлау мен басқару тәсілдерінен арылуға септігін тигізеді. Мұсылмандар өркениет құрылысшыларының ретінде өз дүниетанымын жоғалтып алды. Мұсылман саясаты мен экономикасының барлық істерін, сондай-ақ әлеуметтік ынтымақтастықты, соның ішінде отбасы мен бала тәрбиесін басқаратын ‘*adl* мен *shūrā* жүйесі (әділеттілік пен кеңес беру жүйесі, араб тілінде) озбыр көзқарастармен ауыстырылды.

Батыс өзінің басқарылмайтын бостандық жүйесін тәртіпке келтіру үшін ол жүйені қайта қарап шығуы керек, ал мұсылман қоғамдары қатаң және ауыр тәртіптен босатуды қажет етеді. Басқаша айтқанда, батыста бостандық жүйесіне жөнді бағыт-бағдар бере отырып, мұсылман қауымын олардың қателіктерінен босатқан жөн. Екі қоғам да бір-бірінен үйреніп, өздерінің тұжырымдамалары мен әрекеттерін шынайы Құдайдың аянына сәйкес теңестіруі керек.

РОНАЛЬД КЕЛЛЕРДІҢ ТАРИХЫ

Бақытты өмір сүру үшін бізге белгілі бір стандарттары бар тұрақты рухани жүйе мен құндылықтар жүйесі қажет.

«Мен 1954-ші жылы АҚШ-тың солтүстік-батысындағы фермерлер елінде дүниеге келдім және діни Рим-католик отбасында өстім. Бала кезімде шіркеу маған күмән тудырмайтын және айналамдағы дене әлемнен гөрі шынайы рухани тыныштық сыйлайтын; бірақ мен қартайған сайын, әсіресе католиктік университетке түсіп, көбірек оқығаннан кейін менің дінге деген көзқарасыма барған сайын сұрақ туындап, күмән келтіре бастадым. Мұның себептерінің бірі 1963-жылы екінші Ватикан кеңесінде болған католиктік литургия мен рәсімдердің жиі өзгеруі болды, бұл қарапайым адамдарды шіркеуде қатаң стандарттар жоқ деп ойлауға итермеледі. Діни қызметкерлер бір-біріне икемділік пен литургиялық өзектілік туралы айтты, бірақ қарапайым католиктер қараңғыда кезіп жүргендей болды. Құдай өзгермейді, адам жанының қажеттіліктері де өзгермейді және көктен жаңа аяндар түскен жоқ. Дегенмен, апта сайын, жыл сайын біз өзгеріске ұшырадық; латын тілінен ағылшын тіліне ауыстық, азайтылды, қосылды, соңында гитара мен халық музыкасы енгізілді. Діни қызметкерлер түсіндіруден шаршамады, ал қарапайым адамдар тек бастарын шайқасты. Өзектілікті іздеу нәтижесінде көптеген адамдар ерекше ештеңе жоқ екеніне көз жеткізді».

Нұх Ха Мим Келлер, 2001-ші жыл

БАЛАЛАРДЫ ҚАЙДА ТӘРБИЕЛЕГЕН ДҰРЫС: ШЫҒЫСТАН БАТЫСҚА КӨШУ БАРЫСЫНДА ТУЫНДАЙТЫН МӘДЕНИ ЕСЕҢГЕ САРАМАНДЫҚ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ

Отбасылар шығыстан батысқа немесе батыстан шығысқа көшкенде, олар мәдени есеңге ұшырайды. Мысалы, АҚШ-тағы колледжді бітіргеннен кейін екі жаңа баласымен мұсылман еліне оралған бір бақытсыз отбасының шынайы оқиғасын баяндап өтейік. Олардың Америкада жұмыс істеу мүмкіндігі болғанымен, отбасы балалары араб тілін және Құран үйренуі үшін Таяу Шығысқа оралуға шешім қабылдады. Ұшақ қонған кезде балалар жаңа елден өркениеттік күйзелісті сезіне бастады және: «Фу, қандай лас жер» – деген пікір білдірді.

Олар пәтеріне кіргенде, қол тигізгендерінің бәрі қолдарын бүлдірді. Ата-аналар пәтердің мұқият тазаланғанына сендіруге тырысқанымен, кілемдер, қабырғалар, баспалдақтар мен балкон шынымен таза емес еді. Барлық шаңның арасынан заттарды шығару да оларға оңай болмады. Жалғыз шешім пәтерді қайта тазалау болды.

Екінші күйзеліс туралы айтсақ, жаңа үйдегі құрылыс жұмыстары қымбатқа түскенімен, олардың сапасы өте төмен болды. Жуынатын бөлменің есіктері жабылмаған; әдемі кафельдер біркелкі салынбаған. Суқұбыр жалтырап тұрғанымен, су ағып кеткен. Жоғарғы қабаттағы судың қысымы тым аз болғандықтан, шелектерді сумен толтырып, оларды түні бойы сақтауға тура келді.

Келесі мәселе мектеп болды. Жеке оқу орындары өте қымбат болып шықты, ал қоғамдық мектептер туралы мүлдем айтудың да қажеті жоқ: мұғалімдерде тәжірибе жетіспеді, ал балаларда әдептілік пен тәртіп жоқ. Ата-аналар балаларын мектепке жіберудің артықшылықтары мен кемшіліктерін ғана өлшеп отырғаннан басқа ешнәрсе істей алмады.

Көлікпен жүру тұрақты кептеліс пен нашар жолдарға байланысты өте баяу болды. Оқушыларға лық толы мектеп автобустары мектепке дейін және кері қайтуға бірнеше сағат жұмсайтын. Көпшілігі үшін көлікпен жүргеннен жаяу жүру

жылдамырақ болды. Досыңызға немесе туысқаныңызға бару үшін сапарды басқа қалаға бару керек сияқты жоспарлау керек болды. Көлік жүргізу үшін ең жақсы дағдылар мен мықты жүйке жүйесі қажет болды. (соғыс аймағына кіруге және жаулардың зұлым маневрлерімен бетпе-бет келуге ұқсас болатын)

Ауаның ластануына қоса шудың кедергісі де болатын. Балалар оларды қоршап тұрған тұрақты қатты дыбыстардың салдарынан тіпті өз үйлерінде жеке кеңістігі мен жан тыныштығын жоғалтты. Мектептердегі, көшелердегі және көршілерден шыққан шу тіпті олардың жатын бөлмелеріне дейін жететін. Тыныштық табудың жалғыз жолы көршілерге саяхаттау болатын, ал бұл өз алдына бөлек оқиға.

Бұл мүмкін болатын мәдени есеңнің бір ғана мысалы. Әрине, оны жалпылау мүмкін емес, өйткені бәрі бірдей қиындықтарға немесе мәселелерге тап бола бермейді және бұл отбасылардың тек Шығыста немесе Батыста тұруы керек деген-

ді білдірмейді. Сонымен қатар, әр елдің өзіндік тартымды жақтары мен мәселелері бар, әр отбасының жағдайы әртүрлі. Балалардың қай жерде жақсы өмір сүретіні туралы жалпы нұсқау жоқ. Көшуге шешім қабылдаған отбасылар теріс және оң салдарды қамтитын қызметтер пакетін сатып алғанын түсінуі керек. Өмір – бұл сынақ!

БАТЫСТЫҚ ОЙҒА ЖЕТІСПЕЙТІН ЕКІ ҰҒЫМ

Авторлармен бірнеше пікірталас барысында Вирджиния штатының ХИОИ қамқоршысы доктор Taha Әл-Әлуәни Батыста екі негізгі ұғым жоқ екенін түсіндірді:

1) Құдай – Ең Ұлы
(Allāhu Akbar) және
2) Құдай – бәрін білуші.
(Allāhu A'lam)

Бірінші тұжырымдамаға келетін болсақ, адамдар өз істерінде Құдіретті Құдайдың даналығы мен беделін жоққа шығарған кезде, олар өздерін жалғыз және ерекше Жаратушының орнына қойып, «құдай» деп есептейді. Егер адамдар тәкаппар болып, адасып, өздерін ешқашан қателеспейтін және білімнің ең жоғары көзі деп санаса, онда олар өздеріне, отбасыларына, қоғамға, әлемге және қоршаған ортаға қатысты әрекеттерін оңай ақтап алады. Олар жануарлар мен өсімдіктер әлемін саналы немесе бейсаналы түрде жойып, жерді, теңізді және ауаны ластауы мүмкін. Тәкаппарлық табиғаттың, аспанның және олардың айналасындағы кеңістіктің (озон қабаты) тәртібі мен тепе-теңдігінің бұзылуына әкеледі. Адамдар Алланың жаратылысын құнсыздандырып жіберді, олар экожүйе мен табиғатқа араласты, соның салдарынан таза ауа, таза су, ет және химиялық заттарсыз көкөністер сирек кездесетін жағдайға жеттік. Жаһандық жылыну – бұл адамның өміріне төніп тұрған үлкен қауіп. Ғылым мен техникада қаншалықты алға жылжысақ та, біз әлі де Жаратушының шексіз кең әлемінің маңызды бөлігі болып табыламыз.

Кішіпейілділік – Құдай бәрін білуші деп айту. *(Allāhu A'lam,* араб тілінде) XXI ғасырға дейінгі керемет ғылыми және технологиялық жаңалықтар көптеген адамдарды өз білімдерімен мақтанып, басқаларға тәкаппарлықпен қарауға мәжбүр етті. Алайда, біз неғұрлым көп білсек, соғұрлым біз білмейтін нәрселер табыла береді. Басқаларға кішіпейілділік танытып, бір Аллаға мойынсұну – бұл біртұтас ғылымның ажырамас бөлігі. Мұны шынымен ұлы ойшылдар түсінеді. Адамдар үнемі білімнің жаңа шекараларын зерттеп, ашуы керек. Біздің оқуға деген ұмтылысымыз бізге ақыл-ой сыйлаған және бізге жер мен ғаламды берген ең ұлы Жаратушының разылығына байланысты екенін ұмытпаған жөн.

Құран білім тақырыбын осылай жарықтандырады:

(Мұхаммед С.Ғ.С.) олар сенен (рух) жан туралы сұрайды: "Ол, Раббымның әмірінен. Сендерге өте аз мәлімет берілді" де.

(17-ші сүре, 85-ші аят)

Олардың алдарындағыны да, арттарындағыны да біледі. Олар, Оның қалауынан басқа еш нәрсе білмейді. Оның күрсісі (білімі) көктер мен жерді сыйдырады.

(2-ші сүре, 255-ші аят)

(Мұхаммед С.Ғ.С.): "Егер Раббымның сөздері (жазылу) үшін теңіз сия болса, тағы бір сондайды көмекке әкелсек те, әлбетте Раббымның сөздері таусылудан бұрын теңіз таусылар еді" де.

(18-ші сүре,109-шы аят)

СЕНІМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ НЕМЕСЕ АТҚАРЫМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Отбасы адамгершілік пен (шындық, әділеттілік, махаббат, батылдық, адалдық және жауапкершілік сияқты) құндылықтарды тәрбиелейді. Мұның бәрі сенім тұжырымдамасына негізделген ('aqīdah, араб тілінде: العقيدة), мұнда іргелі құндылықтар атқарымдық құндылықтардан жоғары қойылады. Бұл екі ұғым әрқашан үйлесімді бола бермейді. Кейбір қоғамдарда бұл әлемде өмір сүруден ләззат алу ең жоғары мақсат болып табылады. Алайда мұсылмандар үшін бұл әлемде жақсы өмір сүру арқылы ақыретте мәңгілік өмірге қол жеткізу теңдестірілген түпкі мақсат болып табылады. Бұл кейінгі өмірде жетістікке жету осы дүниедегі жақсы өмірге қайшы келмейтінін білдіреді; кейінгі өмірдегі жетістікке бұл дүниеден бас тартпай-ақ қол жеткізуге болады және солай болуы керек. Бұл әлемде болу – мәңгілік өмірге жетудің құралы ғана. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бірде бір Бәдәуйге жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдар заңдарын ұстана отырып, Құдайға сенуге кеңес берді. «Түйеңізді байлаңыз [ол жолда қалмас үшін] және Құдайға сеніп тапсырыңыз [сіз алыста болған кезде Одан рақым сұраңыз]» Бұл дүниедегі өмір мен кейінгі әлем арасындағы тепе-теңдікті келесідей сақтау керек:

«Бұл дүниедегі өміріңіз үшін мәңгі өмір сүретін сияқты жұмыс жасаңыз және ақырет үшін ертең өлетін сияқты жұмыс жасаңыз».

(Әбу-Тәлиб, 1996-шы жыл)

Талмуд ғалымдары: «Әр күні сіздің соңғы күніңіз сияқты өмір сүріңіз, өйткені алдыңызда не күтіп тұрғанын білмейсіз» дейді.

Бұрынғы коммунистік елдерде өмір сүрген адамдардың жағдайын салыстыру жақсы мысал бола алады. Коммунизм жұмысшыларға капитализмнен гөрі көбірек қамқорлық жасайды деп болжанғанымен, іс жүзінде жұмысшылардың өмір сүру жағдайы нашар болды. Ондағы атқарымдық құндылықтар адамдарға қамқорлық ретінде қалыптасқанымен, онда терең тамырланған құндылық қақтығыстары, езгі және қоғамның басқа таптарының жойылуы болды.

Батыстың капиталистік елдері коммунистік тәртіптермен салыстырғанда жақсы жағдайларды қамтамасыз ете алды, өйткені олар христиандықтың терең құндылықтарын – махаббат, қайырымдылық, мейірімділікті сақтап қалды. Сондықтан бұл елдерде кедейлер мен мұқтаждарға көбірек көңіл бөлінді, ал коммунизм кезінде бұқара көбірек зардап шекті.

Коммунизмнің түпкілікті күйреуі көбінесе оның озбыр құндылықтары мен дүниетанымына байланысты болды. Бұл ұғымнама қақтығыстарға, қарама-қайшылықтарға және меншік құқығын жоюға негізделген. Бұл тәртіптер жұмысшы табының билігін орнатуды талап еткенімен, іс жүзінде пролетариат көпшілік тарапынан қысымға ұшырады, бұл марксистік ұғымнаманың алға қойған мақсаттарына қайшы келді.

Коммунистік пәлсапа терең, атқарымдық емес және қиялға негізделген еді, ал батыстағы жағдай әлдеқайда жақсы болды. Капитализм жердегі құрғақ қиялды таратуға тырыспайды. Жеке меншіктің шексіз еркіндігі және жеке мүдделерге бағытталған пәлсапа тұжырымдамасына сүйене отырып, ол жұмыс істейтін адамдар үшін әділетсіз әлеуметтік-экономикалық жағдайларға әкелді. Алайда батыстағы терең діни құндылықтар мен христиандық қайырымдылық кедей жұмысшы табына біршама жойқын салдарды азайтуға көмектесті, осылайша өнеркәсіптерді өркендетудің кейбір зиянын азайтты. Бұның коммунистік партияның дегдарларынан айырмашылығы, олар өздері жасаған үлкен бюрократиялық машинаның көмегімен өз мүдделері үшін жұмыс істеді. Бұл тәртіптердің негізгі құрбандары жұмысшы табы болды. Терең тамырланған қайырымдылық және діни құндылықтар қоғам мен жеке адамдардың игілігі үшін өте маңызды.

Батыста балаларды тәрбиелеуге арналған көптеген әдебиеттер мен зерттеулер болғанымен, біздің адами біліміміз өте шектеулі. Адамдар белгілі бір техникалық тапсырмаға сәйкес АҚШ-та немесе Қытайда жасалған өнім емес. Бізді «бүкіл ғаламды жаратқан» Ұлы Жаратушы жаратты. Біз туралы барлығын тек Жаратушымыз ғана біледі. Жантанушы Джейн Ранкин өзінің «Бала тәрбиелеу ісінің мамандары: Олар-

дың кеңестері, зерттеулері және дұрыс тәрбиесі» кітабында ұстаздардың бала тәрбиесі жөніндегі уағыздары мен соңғы 30 жылдағы ғылыми зерттеулердің арасында айтарлықтай алшақтық бар екенін айтады. Бенджамин Спок, Т. Бери Бразелтон, Джеймс Добсон, Пенелопа Лич, Джон Розмонд және басқалары сияқты XX ғасырдағы танымал батыстық бала тәрбиелеу ісінің мамандары бала тәрбиесінің ұру, шекараны белгілеу, жұмыс істейтін аналар, балабақша, баланы дәретке отырғызып үйрету жаттығулары және теледидар сияқты көптеген маңызды мәселелерімен келіспейді.

Біз әлеуметтік, жаратылыстану және рухани ғылымдардың барлық қол жетімді құралдарын пайдалана отырып, бала тәрбиесі бойынша үздіксіз зерттеулер жүргізуіміз керек болса да, біз адамдар жасаған зерттеу нәтижелеріне кішіпейілділікпен қарауымыз керек. Біз Құдайдың ілімінен нұсқау мен даналық іздеуіміз керек.

Тәкаппарлық + білім → надандық

Кішіпейілділік + білім → көрегендік

Жүз жыл бұрын Оксфорд университетіндегі Баллиол колледжінің басшысы өз есігінде:

«Мен осы колледждің басшысымын; мен білмейтін нәрсе білім емес», – деп жазып қояды.

Басқаларға менсінбей қарайтын адамдар құрметке жете алмайды.

ОТБАСЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҮЛГІСІ:

БАЛАЛАР – ӨСІМДІКТЕР, АЛ АТА-АНАЛАР – БАҒБАНДАР СЕКІЛДІ

«Мәдениет» сөзі «өсіру» сөзінен шыққан. Балалар мен адамдар өсімдіктерге өте ұқсас. Екеуі де баптау мен күтімді қажет етеді және олар үшін арнайы дайындалған қолайлы ортада жақсы өседі. Ластану деңгейі жоғары аудандардағы ең кішкентай өсімдіктер үшін жылыжай ең жақсы орта болып табылады, өйткені өсімдіктерді сыртқа көшірмес бұрын қатайту керек. Бұл олар үшін өте пайдалы, өйткені трансплантациядан кейін бұл өсімдіктер басқа өсімдіктерге қарағанда үлкенірек, күшті және ауруға төзімді болып өседі. Балаларға салауатты өнегелік дамуы үшін қорғаныс пен күтім қажет. «Сонда біздің ұлдарымыз жас кезінде жақсы бапталған өсімдіктер сияқты болады» (Забур 144:12) Жақсы үй жағдайында өскен бала күшті, сау және кең мәдениетте таралатын ақылақтық ауруларға төзімді болады. Ауылшаруашылық қоғамдарына айқын көрінетін бұл ұқсастық адамдардың көпшілігінде өсімдіктерді өсіру тәжірибесі аз өнеркәсіпті қоғамдарда онша айқын емес. Дегенмен, балалар, әрине, өсімдіктерден де көп. Өсімдіктер салбауыр, ал балалар – интеллект пен ерік-жігерге толы белсенді қуат шоғырлары. Олар өздерінің дамуында белсенді рөл атқаруы керек және өз мінез-құлқының шекараларын белгілеуді үйренуі керек. Балаларға әлі де көп көмек қажет, ал ата-аналар үшін оны көрсетудің ең жақсы жолы – жақсы әдеттерді ынталандыру және дамыту, себебі олар кейіннен берік мінез бен жоғары ізгілікке айналады.

ТАПСЫРМАЛАР 8-15

8-ші тапсырма:

XXI ғасырдың үш негізгі алаңдаушылығы

Отбасы мүшелерімен талқылаңыз: Осы үш негізгі алаңдаушылықтың себептері қандай және оларды қалай болдырмауға болады?

1997-ші жылы марқұм Уильям Бакли (консервативті шолушы) және сенатор Джордж Макговерн (либералды демократ) Кейп Джирардо, Оңтүстік – Шығыс мемлекеттік университетінде диплом тапсыру рәсімі кезінде үш негізгі алаңдаушылықтың себептерін атап өтті:

1. Американдық отбасының бұзылуы және әрекетсіздігі, бұл заңсыз туылған балалардың жоғары пайызына әкеледі.
2. Қоршаған ортаның бұзылуы, өйткені ластанудың көп мөлшері жерге, ауаға, мұхиттарға, су жолдары мен ормандарға төгіледі.
3. Адамдар мен отбасының денсаулығын бұзатын маскүнемдік.

9-шы тапсырма:

Балалардың ерекшеліктері.

Ата-аналар балаларымен бірге отырып, келесі қасиеттердің әрқайсысын талқылап, оны әр балаға сіңірудің бір сарамандық әдісін ұсынуы керек.

Балалар деген –

Таңқаларлық, оларды мойындаңыз

Сенімді, оларға сеніңіз

Жігерлі, оларды бағыттаңыз

Қарапайым, олармен бірге таңданыңыз

Қуанышты, оларды бағалаңыз

Мейірімді, олардан үйреніңіз

Сүйікті, оларды бағалаңыз

Асыл, оларды құрметтеңіз

Ашық, оларды үйретіңіз

Қымбат, оларды бағалаңыз

Сұрақ қоюшылар, оларды жігерлендіріңіз

Тапқыр, оларды қолдаңыз

Тосын, олардан ләззат алыңыз

Дарынды, оларды дамытыңыз

Бірегей, оларды қабылдаңыз

Сізге мұқтаж, оларға назар аударыңыз

Көңілді, олармен бірге күліңіз.

(Мәйдзи, 1999-шы жыл)

10-шы тапсырма:

Балалар арасындағы зорлық-зомбылықтың нақты себептерін талқылау.

Балалармен олардың тәжірибесіндегі кейбір қорқынышты оқиғаларды талқылаңыз. АҚШ-та «Колумбайн» орта мектебінде жаппай кісі өлтіру жаға ұстатқан оқиға болды. 18 және 17 жастағы екі бала 15 адамды өлтіріп, 26 адамды қару-жарақ пен бомба арқылы жаралады. Теледидар, кино және видео ойындардағыдай адамдарды күліп тұрып атып, содан кейін олар өздерін атып тастады. Олар үйлерінде 19 бомба жасады. Мұндай оқиғалар сирек болған жоқ, кейінгі айларда да АҚШ-та осындай 22 оқиға қайталанды. Олар мұндай қатыгездікке неліктен барды? Кім жауапты? Мұны қалай болдырмауға болады? Болашақта мұндай оқиғалардың алдын алу үшін не істеу керек? Қандай сабақ алуға болады? Зорлық-зомбылықтың нақты себептерін қалай емдеуге болады?

11-ші тапсырма:

Әлеуметтік мәселелерді шешу

Отбасыңызбен темекі шегудің, есірткі қабылдаудың, заңсыз жүктіліктің, маскүнемдіктің, өзіне-өзі қол жұмсаудың және ажырасудың себептері мен салдарын талқылаңыз. Отбасыңызбен бірге қоғамды жақсартудың сарамандық жолдарын ұсыныңыз.

12-ші тапсырма:

Доктор Споктың (1903-ші және 1998-ші жылдары) Америкадағы тәрбиелеу үлгісі: «Мен істегенді емес, мен айтқанды жаса» сабақтары

Бірге отырып, төменде келтірілген доктор Споктың өмір тарихын (Майер, Newsweek, 1998-ші жыл) ескере отырып, бала тәрбиесіндегі өз тәжірибеңізді талқылаңыз:

Егер біз XX ғасырдың жетекші балалар жантанушысы, доктор Бенджамин Споктың қазіргі тәрбиеге әсерін қарастырмасақ, Америка Құрама Штаттарындағы бала тәрбиесінің жай-күйін толық түсіне алмаймыз. Анасы оны тым артық сүйіспеншілікпен, ережелермен және жоғары үміттермен тұншықтырып өсірді. Ол 51 жылдық некеден кейін маскүнем әйелімен ажырасқан. Доктор Спок педиатриялық тәжірибені ашты және балалық шақтағы мәселелердің көпшілігі медициналық емес, мінез-құлыққа байланысты екенін түсінді: ашуланшақтық, бас бармақты сору, тамақтан бас тарту, ұйықтамау және кесте бойынша дәретке отыру жаттығуларын жасай алмау. Ол Фрейдке қызығушылық танытып, екі рет жан талдаудан өтті.

Ол ата-аналарға балаларды тым асықтырмай, оларға қамқор болуға кеңес берді. «Өзіңізге сеніңіз. Сіз өзіңіз ойлағаннан да көбірек білесіз». Ол махаббаттың сәбилерге аналары мен әкелерінен берілетін ең қажет нәрсе екенін үйретті. Ол емделушілерін мұқият тыңдады, бірақ өз балаларын үнемі тыңдай бермейтін. Бірде бір ана: «Кішкентай бала ата-анасын жалаңаш көруі керек пе?» деп сұрағанда, ол: «Бұл сұраққа қарапайым жауап беру қиын», – деп жауап берді.

Доктор Споктың отбасы әлсіз болды. «Бұл туралы жазудан гөрі балаларыңызбен дұрыс жұмыс істеу әрқашан қиын». Оның әйелі маскүнем болды, жансезімдік ауруға шалдығып, кейін ауруханаға түсті. Ол әкесі сияқты суық болды, ал оның екі ұлы әкесі оларды әсершіл түрде тастап кеткендей сезінді.

Ол өзінің мансапқа ұмтылғанын мойындады және отбасы өткендегі орны толмас сәттерді өтеу үшін бір-бірін қатты құшақтай бастады. Ол: «Мен ұлдарымды кішкентай кезінде ешқашан сүйген емеспін», – деп мойындады.

Ол ұлдарына ата-аналарын атымен атауды бұйырды – бұл сол кездегі батыл және жаңа қадам еді. Әкесі олардың тәрбиесі оның пәлсапасын көрсетуі керек деп есептеді. Оларды тең деп көрсету шындыққа жанаспайды; бұл әлемнің қалған бөлігіне: «Міне, менің ұлым мені атыммен атайды» деген қимыл болды. Доктор Спок ұлдарымен сөйлескенде, бұл көбінесе ауызша емтихан секілді болатын. Оның кітаптарына тән сабырлы дауысы ол үйде қолданған қатал және үкім шығаратын үніне ұқсамады; ол тіпті әкесі ретінде өзінің ойып түсер әсерін білмеді.

Ол ұлдарынан ешқашан өздерін масқараламауын және көпшілік алдында отбасының атын қараламауын талап етті. Бөгде адамдардың мақұлдауы немесе мақұлдамауы ол үшін ата-ана ретінде өте маңызды болды. Ол үшін бейтаныс адамдар мен баспасөздің пікірі үлкен маңызға ие болды. Ол ұлдарына ұқыпты киініп, сыпайы және тату көрші болуды бұйырды. Егер Джонның күлкісі әлсіз шығып немесе ол көңілсіз болып көрінсе, Бен оны тез арада осы күйден алып шығуға тырысты. «Бұлай көңіліңді түсірме, адамдарға жағымды көрінуге тырыс», – деп талап етті ол.

Доктор Спок үйдегі мәселелерін сыртқа көрсетпейтін. Оның екі ұлы бір-бірінен қашықтық сақтап өсті. Майк пен Джонның әкесімен болған кез-келген қақтығысы құпия болып қала берді. Жаңалықтар журналдары мен телерепортерлер онымен суретке түсуді сұрағанда, олар журналистер мен фотографтарға әкесінің үйдегі мінез-құлқы туралы түсініксіз және қысқа жауаптар берді.

Ол балаларына деген сүйіспеншілік пен шынайы жан толғанысты білдірмеді, оны балалары көпшілік алдында мойындап: «Біз ешқашан әкемізді сүйген емеспіз», – деді. Доктор Спок адамнан гөрі символ, адам әкесінен гөрі басшы секілді болды; ол балаларының әсершіл қажеттіліктерін елемейтін суық және қатал әке болды.

Спок бұл үшін өзінің тәрбиесін кінәлайтын. «Мен ешқашан дене сүйіспеншілікті көрген емеспін (әке мен бала арасындағы айқын сүйіспеншілік). Әкем мені жақсы көрді және ол жақсы істер жасады, бірақ дене сүйіспеншілікке келетін болсақ, әкемнің мені немесе басқа балаларды қандай да бір себептермен сүйгені есімде жоқ», – деп жауап беретін.

Бұл жағдайдан алынатын сабақ: Сарапшылардың пайымдамаларын соқыр түрде ұстанбаңыз. Мұндай білім үнемі дамып, өзгеріп отырады, егер біз адамның тұжырымдарын Құдайдың аяндарындағы нұсқаулармен толықтыра алмасақ, онда біз адасып, өзімізге одан да көп зиян келтіреміз.

13-ші тапсырма:
Мәдени есең жөнінде талқылау

Балалармен өздерінің мәдени есеңгіреу (шок) тәжірибесі жөнінде талқылаңыз. Содан кейін әр баланы басқа елдерге сапарлары туралы немесе басқа нәсілдерді, діндерді және этностық топтарды білдіретін сыныптастарының мәдениеті туралы айтуға шақырыңыз. Егер балалар шетелдегі туыстарына ешқашан бармаған болса, қаржылық жағдай рұқсат етсе, отбасылық демалысты мүмкіндігінше жиі жоспарлау ұсынылады.

14-ші тапсырма:
Нағыз көшбасшылардың ділі

Отбасыңызбен келесі дәйексөздерді талқылаңыз:
«Менің байқағаным, ең тиімді көшбасшылардың көбісі мемлекеттік лауазымдағы қызметкерлер емес. Бұл ерлер мен әйелдер шешім қабылдау механизмін көпшілік назарына ұсынбайды. Олар шыдамдылықпен, сақтықпен және біртіндеп қозғалады. Олар дұрыс нәрсе істеп жатыр». (Badaracco, 2002-ші жыл)

«Көшбасшылар өздерінің ізбасарлары арасында табын сезімін дамытқысы келуі мүмкін, бірақ олар өздері бұл ойға берілмеуі керек». (Стивен Б. «Қарама-қайшылықтарға арналған көшбасшылық нұсқаулығы»)

Қорытынды: Ең танымал және сәнді нәрсені емес, дұрыс нәрсені жасау маңызды. Ненің дұрыс екенін кім және қалай анықтай алатынын талқылаңыз. Сіз бе, мен бе, ол ма немесе құдіретті Жаратушы ма?

15-ші тапсырма:
Отбасы тарихымен бөлісу

Балаларыңызбен бірге отырып, олардың ата-бабалары туралы бар білгеніңізбен бөлісіңіз.

Бүгінгі таңда отбасылардың көпшілігі отбасы тарихын балалармен бөліспейді. Балалар ата-бабаларының өмірі, жетістіктері, сәтсіздіктері, жұмысы, тәжірибесі, кәсібі және күшті жақтары туралы білуі керек.. Бала тәрбиелеу ісінің маманы Нина Әбдулла өз клиенттеріне отбасылық ағаштар мен Гéнограммаларды салуды үйретеді. Гéнограмма (Гéнограмма (ежелгі грек зат есімдерінен γένος «тек», «тұқым» дегенді білдіреді және «γραμμα» «жазу» дегенді білдіреді), сонымен қатар Мак-Голдрик-Герсон зерттеуі, Лапидус сызбанұсқасы ретінде белгілі, отбасылық диаграмма адамның отбасылық қарым-қатынасының көрнекі көрінісі және олардың жалпы тектік ауру/ауруларының тарихы. Ол пайдаланушыға тұқым қуалаушылық заңдылықтарын және туыстық байланыстарды баса көрсететін жансезімдік себепшарттарды елестетуге мүмкіндік беретін дәстүрлі отбасылық ағаштан асып түседі. Оны мінез-құлықтың қайталанатын үлгілерін анықтау және тұқым қуалайтын үрдістерді тану үшін пайдалануға болады) – бұл некені, ажырасуды, ауру түрлерін және отбасы мүшелерінің ана мен әке арасындағы қарым-қатынасын көрсететін диаграмма. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Араб тайпалық дәстүрін өзінің ата-бабалары туралы әңгімелер айтуға және оның тұқымын мүмкіндігінше есте сақтауға шақырды. (Campo, 2009-шы жыл)

Кейбір сомалиліктер ата-бабаларының 20 ұрпағын біледі және осы біліммен бөлісу үшін үлкен тайпалық жиындарда жиі кездеседі



3-ШІ ТАРАУ

Жақсы тәрбие: Дұрыс мақсаттар қоя білу.

Біз жақсы және күшті отбасылар құратын,
Жақсы және күшті қауымдастықтар құратын,
Жақсы және күшті ұлттар құратын,
Бейбіт әлемді құратын,
Жақсы және күшті балаларды тәрбиелеуге тырысамыз.

КІРІСПЕ

Ата-аналар балаларына жақсы тәрбие беру үшін көп жұмыс жасауы қажет. Көптеген ата-аналар өздерінің мансаптары мен жыл сайынғы мерекелерін егжей-тегжейлі жоспарлағанымен, олар отбасы ұйымы ретінде бірге отырып өздері үшін бірлескен жоспар құра алмайды. Шындығында, мұны істеуге тырысқанымен отбасылардың көпшілігі мақсаттар, ұмтылыстар, ниеттер немесе қажетті қадамдар туралы бірлесіп шешім қабылдай алмайды. Егер мақсаттар болмаса, онда жетістіктер де болмайды. Жұмыстан үйге, дүкенге, мектепке, демалысқа, бәрі жақсы болады деп үміттеніп дағдарыстан дағдарысқа дейін жүгіру – бұл біздің балаларымыздың болашағымен ойнаудан басқа ештеңе емес, ал қымбат уақытымыз осылайша көз ілеспес жылдамдықпен өте береді. Бізге ұзақ мерзімді мақсаттар мен оларды жүзеге асыру стратегиясы қажет.

ДҰРЫС МАҚСАТТАР ҚОЯ БІЛУ: ДҰРЫС ТӘРБИЕНІ ЕНГІЗУДІҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ

Бала тәрбиесіне дұрыс көзқарас адам мен қоғамды біртұтас жүйе ретінде қарастырады. Біз күшті және әділ тұлғаларсыз берік қоғам құра алмаймыз. Мұндай тұлғалар вакуумда туылмайды, өйткені оларға беріктік пен ынтымақтастықпен сипатталатын әлеуметтік орта қажет. Ата-аналардың негізгі мақсаты – Құдайдың өкілдері, күшті, сенімді және өркениетті азаматтар болатын, өмірлік миссиясы бүкіл жер бетіндегі даму және түрлендірулер болып табылатын адамдарды дүниеге әкелу. Бұл хабарламасыз адамның өмір сүруінің мән-мағнасы қалмайды. Адамзаттың мүдделері осы өмірді де, ақыретті де, дүниелік те, рухани да, жеке де, қоғамдық та мүдделерді қамтуы керек. Бұл ата-аналардың бала тәрбиесіндегі басты тақырыбы және дүниетанымы болуы керек.

Дұрыс бала тәрбиесінің мақсаттар кестесі: мақсаттар, құндылықтар, құралдар

Бақытты отбасы	Тақуалық көшбасшыларды тәрбиелеу.			
Байланыс/ Мақтау/сынау/ Көзқарас/ Сезімдер/ Сабыр/ашу/ Еркелеу, сүйісу, құшақтау/ Қуаныш, әзіл-дер/ Өзара түсіністік/ Отбасы орта-сында бірге уақыт өткізу/ Теледидарға ба-ламалар терден аулақ болу/ Отбасылық кездесулер/ Отбасылық түскі ас/ Стрессті басқа-ру/ Ойындар, спорт/ Балалармен белсенді уақыт өткізу/	Дене күш/ Денсаулық және фитнес	Тұлғалық ерекшеліктер & Мінездер	Білім, даналық & сенім	Қабілеттер
	Жар таңдау/ Баланың дамуы/ Емізу/ Мидың ке-реметі/ Денсаулық/ Тамақтану/ Жаттығу/ Салауатты жыныстық қатынас/ Алкогольді ішімдік терден аулақ болу/	Батылдық/ Махаббат/ Адалдық/ Бостандық/ Жауапкер-шілік/ Тәуелсіздік/ Шығар-машылық/ Өзін-өзі баға-лау/ Сенім арту/ Құрмет/ Кішіпейілділік, қарапайым-дылық/	Білім / мектептегі білім/ Үй тапсырмасы / Баланың мүмкіндігін жақсарту, ынталандыру және кеңейту/ Тәртіп пен жаза / Сенім/ Ұқсастық/ Үлкен отба-сы /	Оқу/ Жазу/ Компьютер/ Көлік жүр-гізу/ Үй шарасы/ Ақша мен уақытты меңгеру/ Сыйға тарту/ Дұға-тілек айту/ Шешім қабылдау/

Дұрыс бала тәрбиесінің мақсаттары кестесіне назар аударудан бастайық. Ол біз қоюға тырысуымыз керек мақсаттарды қорытындылайды және ұстанымдар мен құндылықтарды бала кезден ересек жасқа дейін сіңіре отырып, оларға қалай жетуге болатыны туралы жол картасын салып береді.

Мақсаттардың өзі мыналардан алынды: а) Құранның 25-ші сүресінің, 74-ші аятында жақсы жазылған ата-аналардың терең ұмтылыстары және ә) Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с.) ашық хадисі.

Олар: "Раббымыз! Бізге жұбайларымыздан, ұрпақтарымыздан көзайымдық бер. Сондай-ақ бізді тақуалардың алды қыл!" – дейді.

(25-ші сүре, 74-ші аят)

Адамдар минералдарға [немесе өз сипаты бар металдарға] ұқсайды; [исламға дейінгі] надандық дәуіріндегі ең жақсы адамдар (jāhiliyyah, араб тілінде) – Ислам дәуіріндегі ең жақсысы, әрине егер олар түсінсе [және ұғынса].

(Әл-Бұхари және Мұслім)

Ата-аналар өз мақсаттарымен және құндылықтарымен танысу, оларды зерттеу, ойша бақылау және ондағы үдерістер мен олардың дамуын салыстыру үшін үнемі осы кестеге жүгінуі керек. Бұл олардың жайбарақаттыққа түсуіне және күнделікті міндеттерді ата-ана жауапкершілігінен жоғары қоюына мүмкіндік бермейді.

МАҚСАТТАРҒА МҰҚИЯТ ЗЕР САЛУ

1. ҚҰРАН АЯТТАРЫНАН АЛЫНҒАН МАҚСАТТАР: ДІНДАР АДАМДАРДЫҢ ДҰҒАСЫ

Тақуа адамдар ең алдымен құдіретті Құдайдан адал жар мен саликалы ұрпақ *qurrata a'yun* (олардың көз қуанышы, араб тілінде) нәсіп етуін тілейді. Бұл сөз Құранда алты рет қайталанады және оның сөзбе-сөз мағынасы: «Біздің көзіміздің жұбанышы, көз қуанышымыз, бақыттан жайнаған көздер». Яғни, шын мәнінде, бірінші тілек бақытты үйге және отбасылық өмірге қатысты болады.

Бұл тек өзек отбасына ғана емес, сонымен бірге жұбайы, ұрпақтары, ата-әжелері, нағашылары, тәтелері мен немере ағалары бар үлкен отбасыларға да қатысты. Бақытты отбасы болу үшін ата-аналар мен балалар арасында жақсы қарым-қатынас болуы керек, бір-біріне сүйіспеншілік пен бауырмалдық танита білу керек, сондай-ақ мақтау мен салмақты сынды өз орнымен сындарлы қол-

дану қажет. Сонымен қатар бақытты отбасы үшін керекті қосымша шарттарға жағымды көзқарасты қалыптастыру, сезімдерге мұқият және нәзік қарау, күлімсіреу, сүю, балалармен құшақтасу және қол алысу, бірге тамақтану және үй шаруасымен айналысу, әзілдер мен сәлемдесу жатады.

Дін жолындағы діндар адамдардың Алладан сұрайтын екінші дұғасы – олардың жұбайлары мен ұрпақтарының «тақуалардың имамдары» болғаны. Имам сөзі және оның көпше түрі a'immah (араб тілінде: أئمة) Құранда он рет қайталанады. «Бізді тақуалардың имамдары етіңіз» деген тіркес әр түрлі түсініктемелерде былай түсіндіріледі: бізді басқаларға мысал етіңіз, басқаларға үлгі етіңіз, әділдікке шақырушылар, басқаларға жол көрсетушілер, адамдардың көшбасшылары, Құдайды бірінші болып танитындар, басқалардың түптектері, басқалардың ізашарлары және біздің ізбасарларымыз үшін еліктеу нысаны. Сондықтан отбасының екінші мақсаты адамзаттың тақуа және тиімді көшбасшылары мен жол сілтеушілерін тәрбиелеуге бағытталған.

Осыған байланысты, көшбасшылық туралы айтатын болсақ, біз билікке ұмтылуды емес, адамдардағы күшті, адамгершілік қасиеттерді, жоғары калибрлі, әдепнаманы және жақсы көшбасшылық үшін қажетті басқа да қасиеттерді дамытуды білдіретінімізді атап өт-

кім келеді. Сонымен қатар, ұйымның әрбір мүшесі осы бір позиция үшін күрескен кезде «көшбасшы» сөзі теріс мағынаға ие болуы мүмкін. Кез-келген топта тек бір ресми «көшбасшы» бола алатындығы қажетсіз бәсекелестік тудырып, өршілдік сезімін дамытуы мүмкін. Егер бәрі осы лауазымға орналасқысы келсе, онда қарапайым «жұмысшылар» немесе ізбасарлар кім болар еді? Біздің мақсатымыз – балаларды көшбасшылық ұстанымы бар адамдарды белгілейтін қасиеттерді дамытуға шабыттандыру. Қоғамның жағдайын жақсартуға тырысатын және жақсартатын оның кез келген мүшесі нағыз көшбасшы болып табылады және нақты ілгерілікке осылайша қол жеткізе аламыз.

Көшбасшылар қайда? Сіздер – көшбасшысыздар!

- Біз өзіміз көптен күткен көшбасшылармыз.
- Көшбасшылық маңызды болу дегенді білдірмейді, бұл маңызды нәрсеге қызмет ету дегенді білдіреді.
- Сіздің жоғары лауазымға ие болғаныңыз маңызды емес; сіздің адамдарға қаншалықты жетекшілік еткеніңіз маңызды.
- Көшбасшылық – бұл тек Құдай бақылап тұрған кезде дұрыс нәрсені жасау.
- Әр адам біреу үшін көшбасшы. Қызметкеріңізге, жұбайыңызға, балаңызға немесе өзіңізге болсын – сіз көшбасшысыз!

Көшбасшылық қасиеттер билікке, беделге, лауазымға немесе ақшаға ұмтылу дегенді білдірмейді. Олар сондай-ақ үстемдік пен бақылауды үйрету деген сөз емес. Керісінше! Өзін қоғамның белсенді және құнды мүшелері ретінде қабылдауға қабілетті жомарттық, кішіпейілділік және үлкен мақсат сезімі бар балаларды тәрбиелеу деген сөз. Қарама-қарсы құндылықтар әлемінде өмір сүре алатын және қиындықтарға тап болмайтын, өзіне сенімді түрде жоғары мақсат қоя алатын адамдар өзінөзі төмен бағаламайды. Қоғамның өз сенімін немесе нәсілін мақұлдамауынан қорқатын балалар қоғамға қызмет ете алмайды. Біз өмір сүріп жатқан қоғамның табиғатын ескере отырып, бұл қасиеттерге үлкен мән беру керек. Егер сіз балаларыңызды өзіне сенімді болуға және тура жолмен жүруге үйретпесеңіз, онда оларды бұрыс жолға бағыттау оңай болады.

Көшбасшы белгілі бір мақсаттарға жету үшін басқа адамдарға және олардың жұмысына басшылық жасайды, ал Murabbī (тәлімгер және тәрбиеші, араб тілінде) белгілі бір мақсатқа жету үшін адамдарды дайындайды және біліктілікке үйретеді. Мысалы, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әскерлерді басқару үшін Әмру Ибн Әл-Әсті және Әбу Убәйда Ибн Әл-Джәррәһты таңдады, сондай-ақ әділ және тақуа адамдарды тәрбиелеу мақсатында шопандар, тәлімгер және тәрбиешілер ретінде Мұсәб Ибн Ұмәйірді Мәдинаға, ал Мұаз Ибн Джәбәлді Йеменге жіберді.

ҚАСИЕТТІ ҚҰРАНДА «КӨШБАСШЫ» (*QĀ'ID*, АРАБ ТІЛІНДЕ) ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ, КЕРІСІНШЕ, БҰЛ СӨЗ КЕЛЕСІ АРНАЙЫ СӨЗДЕРМЕН АНЫҚТАЛАДЫ:

Бақташы, Пастор, Қамқоршы: **RĀ'Ī**

Тәлімгер және тәрбиеші: **MURABBĪ**

Озық адам, Үлгі: **IMAM**

Тәртіпке келтіруші, Мінез қалыптастырушы: **MU'ADDIB**

Мұғалім: **MU'ALLIM**

Тәлімгер, Жол көрсетуші: **MURSHID**

Жаттықтырушы: **MUDARRIB**



Көшбасшы ма немесе шопан ба?!

«Көшбасшы» (qā'id, араб тілінде) сөзі әртүрлі мәдениеттерде қолданылады, бірақ Құранда қолданылмайды. Оның орнына келесі хадисте «бақташы» сөзі қолданылады:

Сіздердің барлығыңыз бақташысыздр және өз қамқорлығыңыздағыларға жауаптысыз. Имам [яғни басқарушы] өз әрекет иесілерінің бақташысы және олар үшін жауап береді, ал ер адам өз отбасының бақташысы және ол үшін жауап береді. Әйел күйеуінің үйінің бақташысы және ол үшін жауап береді. Қызметші – қожайынының мүлкінің бақташысы және ол үшін жауап береді. Ер адам – әкесінің мүлкінің бақташысы және ол үшін жауап береді. Сіздердің барлығыңыз бақташысыздар, және өз қамқорлығыңыздағы адамдар мен заттарға жауап бересіздер.

(Әл-Бұхари)

2. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ (С.Ғ.С.) ХАДИСТЕРІНЕН АЛЫНҒАН МАҚСАТТАР

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтады:

Адамдар минералдарға [немесе өз сипаты бар металдарға] ұқсайды; [исламға дейінгі] надандық дәуіріндегі ең жақсы адамдар (jāhiliyyah, араб тілінде) – Ислам дәуіріндегі ең жақсысы, әрине егер олар түсінсе [және ұғынса].

(Әл-Бұхари және Мұслім)

Бұл хадистен көптеген пайдалы нәрселерді алуға болады. Соның бірі – мінездің қалыптасуы ерте балалық шақта басталуы керек. Бұл барлық адамдарға, мұсылмандарға да, мұсылман еместерге де қатысты (хадисте айтылғандай). Батылдық, шығармашылық, адалдық, сүйіспеншілік пен сенімділік сияқты қасиеттер Ислам келгенге дейін көптеген ересектерге тән болды. Адамдардың ең жақсысы – осы қасиеттерге ие адамдар. Ислам оларға сенім, даналық, білім және Құдайдың нұсқауларын қосты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Исламды түсінген «ең жоғары сипаттағы» пұтқа табынушылар ең жақсы ақылақтық қасиеттерге ие мұсылман бола алады деп айтқан.

ЕҢ ЖАҚСЫ КӨП ҚҰДАЙШЫЛ – ИСЛАМДЫ ТҮСІНЕДІ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАЙДЫ → ЕҢ ЖАҚСЫ МҰСЫЛМАН

Кейбір мұсылмандар ұлы мұсылмандардың батылдығы, адалдығы мен сенімділігі (мысалы Омар Ибн Әл-Хәттәб және Хәлид Ибн Әл-Уәлид) Исламды қабылдағаннан кейін пайда болды деп ойлайды. Олар іс жүзінде Ислам қабылданғанға дейін де батыл, адал және сенімді болды. Ислам олардың бұрынғы жақсы табиғатын даналықпен толықтырды.

Бұл хадисте біз мінездің ерекшеліктері туралы айтып отырмыз. Діндарларда болуы керек кейбір қажетті жағдайлар бар, мысалы, фитнес және жақсы денсаулық (әсіресе жүктілік және емізу кезінде). Ішімдік, есірткі, темекі шегу және некеден тыс жыныстық қатынастар – бұл жүкті анаға да, әлі туылмаған балаға да зиян тигізетін зұлымдықтар. Болашақ аналар дәрігер тағайындаған дәрі-дәрмектерден басқа дәрі-дәрмектерді қабылдаудан аулақ болу керек. Сонымен қатар, олар дұрыс тамақтанып, жеткілікті ұйықтауы керек. Сондай-ақ, сақтық танытып, вирустық және бактериялық жұқпалардан қорғану керек.

Біз батылдықты, адалдықты, шығармашылықты, сенімді, қадір-қасиетті, сүйіспеншілік пен жауапкершілікті дамытуға тырысамыз. Олардың даму мүмкіндіктері шектеулі. Сондықтан алғашқы бес жыл өте маңызды. Сонымен қатар, ата-аналар балаларға оқу, жазу, сөйлеу, көлік жүргізу, жүзу және компьютерді пайдалану дағдыларын үйренуге мүмкіндік беруі керек. Сонымен қатар олар балаларға шыдамдылықты, сыйластықты және шешім қабылдауды үйретуге тиіс. Бұл дағдылар неғұрлым ертерек игерілсе, соғұрлым олар көп пайда әкеледі және балаларға көбірек мүмкіндіктер ашады.

Мұхаммед Пайғамбарды (с.ғ.с.) оның достары мен жаулары адал және сенімді деп сипаттады. Құдайдың аяны түскенге дейін де оның мінезі осындай болды. Құран Нух (Нұх), Жүніс (Юнус), Авырайым (Ибраһим), Ысмайыл (Исмаил), Мұса (Мұса), Саул (Талут), Иса (Иса), Жүсіп (Юсуф), Әйүп (Айюб) және Жақып (Якуб) (Алланың оларға салауаты мен сәлемі болсын) сияқты Пайғамбарларды (Ғ.С.) сипаттаған кезде жоғарыда аталған хадистің (жақсы мінез) тақырыбын ерекше атап өтеді. Мұса Пайғамбар (Ғ.С.) «күшті және сенімді» деп сипатталады. Жүсіп Пайғамбар (Ғ.С.) өзін «білікті, кәсіби және сенімді» деп сипаттайды. Бұл сипаттамаларға көшбасшылыққа керек мынадай маңызды қасиеттер кіреді: күш (дене және мінез), кәсібилік (білім мен дағдыларды қажет етеді) және сенімділік. Жалпы, Құранда айтылған 25 Пайғамбар (Ғ.С.) адал, дана, білімді, мейірімді, жанашыр, күшті, сенімді, шыдамды және уәделерді орындаушы ретінде сипатталған. Бұл негізгі қасиеттер біздің балаларымызды тәрбиелеу мен дамытуда қажет. Енді Құранның келесі өлеңдеріне назар аударайық:

(Мұхаммед С.Ғ.С.) Құрандағы Ысмайылды (Ғ.С.) есіңе ал. Шынында ол, уәдесіне берік әрі жіберілген бір Пайғамбар (С.Ғ.С.) еді.

(19-шы сүре, 54-ші аят)

(Жүсіп Ғ.С. патшаға): "Мені мемлекеттің қазына бастығы қыл. Өйткені, мен оны қорғауды (басқаруды) білемін" деді.

(12-ші сүре, 55-ші аят)

(Мұса Ғ.С.) ержетіп, теңелген кезде, өзіне хикмет, ғылым бердік. Жақсылық істеушілерді өстіп сыйлыққа бөлейміз.

(28-ші сүре, 14-ші аят)

Екі қыздың бірі: "Әкетайым! Оны жалдап ал! Рас ол, жалдаған адамдардың қайырлысы да, күшті, сенімдісі" деді.

(28-ші сүре, 26-шы аят)

Оларға Пайғамбарлары (Ғ.С.): «Дау жоқ. Алла сендерге Талмудты патша сайлады» деді. Олар: «Оның бізге патшалығы қалайша болады? Одан көрі патшалыққа біздер лайықпыз. Сондай-ақ оған малдан да кеңшілік берілмеген еді» десті. Пайғамбар: «Негізінен сендерге оны Алла сайлады да өзін білімде әрі тұлғада артық қылды. Алла әкімшілікті қалағанына береді. Алла, әр нәрсені кеңінен білуші» деді.

(2-ші сүре, 247-ші аят)

Расында сендерге іштеріңнен ардақты бір Пайғамбар (с.ғ.с.) келді. Оған, қиналуларың ауыр тиеді. Сендерге өте ынтық, мүміндерге өте жұмсақ, ерекше мейірімді.

(9-шы сүре, 128-ші аят)

КОФЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

Бірде бір әке үлкен бос құмыраны алып, оны гольф шарларымен толтырды. Ол балаларынан: «Құты толы ма?» – деп сұрады. Олар: «Иә», – деп келісті. Содан кейін ол бір қорап қиыршық тасты алып, оларды банкаға құйып, оны аздап шайқады. Қиыршық тастар гольф доптарының арасындағы ашық жерлерге орналасты. Ол тағы да: «Құты толы ма?» – деп сұрады. Олар «Иә», – деп келісті. Содан кейін әке бір қорап құм алып, оны құтыға құйды. Құм қалған кеңістікті толтырды. Ол тағы да: «Құты толы ма?» – деп сұрады. Балалар «Иә», – деп жауап берді. Содан кейін әкесі үстелдің астынан екі кесе кофе алып, ішіндегісін құмыраға құйып, құм арасындағы бос орынды толтырды. Балалар күлді.

«Енді қараңдар», – деді әкесі. Бұл құты сендердің өмірлерің секілді. Гольф доптары – бұл ғибадат ету, болашақ жұбайыңыз бен балаларыңыз, денсаулығыңыз, достарыңыз, сүйікті хоббиіңіз сияқты маңызды нәрселер,

сендердің өмірлеріңде бәрі жоғалып, осылар ғана қалса да, өмірлерің әлі де толық әрі мағыналы болып қала бермек. Қиыршық тастар – бұл жұмыс, үй және көлік сияқты басқа да маңызды заттар. Құм – бұл ойын-сауық пен ұсақ-түйек сияқты нәрселер.

Егер сіз алдымен құмыраға құм салсаңыз, онда қиыршық тастар мен гольф доптары үшін орын қалмайды. Бұл өмірге де қатысты. Егер сіз барлық уақытыңыз бен күшіңізді ұсақ-түйекке жұмсасаңыз, сізде ешқашан маңызды нәрселерге орын қалмайды. Сіздің ақыреттегі жетістігіңіз бен осы әлемдегі бақытыңыз үшін маңызды нәрсеге назар аударыңыз. Көбірек дұға етіңіз және көбірек қайырымдылық жасаңыз. Балаларыңызбен уақыт өткізіңіз және ойнаңыз. Денсаулығыңызға қамқорлық жасаңыз. Жұбайыңызбен кешкі асқа барыңыз. Оқуға уақыт бөліңіз. Үйді тазалауға және кәрізді жөндеуге әрқашан уақыт табылады.

Ең алдымен гольф доптарына, шынымен де маңызды нәрселерге қамқорлық жасаңыз. Басымдықтарыңызды анықтаңыз. Қалғаны тек құм ғана.

Сонда бір бала кофенің не екенін сұрады. Әкесі маз болып: «Сұрағаныңа қуаныштымын. Бұл сіздің өміріңіз қаншалықты қарбалас болып көрінсе де, досыңызбен бір-екі кесе кофе ішуге әрқашан орын бар екенін көрсетеді», – деп жауап берді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Назарыңызды нәтижеге аударыңыз

Бұл тарауда біз мақсаттар мен міндеттер туралы егжей-тегжейлі талқылағанымызбен, бәрі айтылып, орындалған кезде, мақсат қою – бұл оған жетудің құралы ғана. Сіз әрқашан соңғы өнімді – әділ әрі игі балаларды тәрбиелеуді есте ұстауыңыз керек. Бұл ата-аналардың балалармен қарым-қатынасына және олардың ата-аналық үміттерін ақтау үшін қажетті қасиеттерді қалай дамытатынына тікелей әсер етеді.

Балаларымыздың алдарына қойған мақсаттарына жетуі үшін біз өз мінезіміз бен жүріс-тұрысымызға назар аударуымыз керек. Ол үшін біз:

1) Тәртіпті, көтермелеуді және мүмкіндіктерді тең дәрежеде қолдануымыз керек.

2) Уағыздайтын нәрсемізді мүмкіндігінше жиі қолданып, өз дүниетанымымызды бірегейлік пен тиесілілік сезімі арқылы өмірдің біртұтас тұжырымдамасына айналдыруымыз қажет. Қателіктерімізді мойындап, олар үшін ақталмай кешірім сұрай білуіміз қажет.

3) Жоғарыда айтылғандардың бәрін сенім мен дұғалармен толықтыру қажет. Алла тағала шынайы тілеген адамдарға жауап береді және оларға өз жолымен және өз уақытында көмектеседі.

Киелі Кітапта:

«Баланы жүру керек тиісті жолға бағыттаңыз және қартайған кезде ол одан шегінбейді» – делінген.

(22:6 НАҚЫЛ СӨЗДЕР)

Бұл әлемнің болашағы және оның қауіпсіздігі келешек ұрпақтын қолында деп айтсақ та болады. Тәрбие қоғамды түрлендіру мен жандандыруда шешуші рөл атқарады және оның әсерін бағаламауға болмайды. Адамзат үлкен қауіптер мен қиындықтарға тап болып жатады, сол үшін де біз бала тәрбиесінің жақсы дағдыларын игеру және оларды іс жүзінде қолдану міндетіне байыпты түрде мән беріп қарауымыз керек. Біздің балаларымыз болашақтың ата-ана болады, олар да өз балаларының бойына осы құндылықтарды қалыптастырады, осылайша әлемге бейбітшілік, әділеттілік пен тұрақтылық әкелетін циклды бастайды. Өмір тыныс алу санымен емес, тыныс алатын сәттермен өлшенеді!

ТАПСЫРМАЛАР 16-20

16-шы тапсырма:
Үй жағдайын талқылау.

Әрбір отбасы мүшесінен осы сұрақтарға жауап беруін сұраңыз:

Үйге кіргенде өзіңізді бақытты сезінесіз бе?
Үйден шыққан кезде өзіңізді бақытты сезінесіз бе?
Үйдегі жағдайды бұдан да бақытты ету үшін не істей аласыз?

Үйдегі бақыт деңгейін арттыру үшін әрбір отбасы мүшесінен талап етілетін нақты бір нәрсені атап айтыңыз.

17-ші тапсырма:
Ата-аналар, балаларға үйретіңіздер!

Келесі сұрақтарды қарастырып, балаларыңызға қалай үйрету керектігін талқылаңыз. Балаларыңызды оқытуда жетіспейтін сұрақтарды қарастырыңыз.

- Өздері жақсы көретін гүлді қалай отырғызу керек екенін (сіздің балаларыңыз балшықпен, топырақты қазып және су шашып ойнағанды ұнатады).
- Қалай айналаны ластамауға болатынын.
- Жұмысқа қалай қоңырау шалуға болатынын.
- 911 нөмірін қалай, қашан және не үшін теру керектігін (999 немесе ұлттық жедел жәрдем нөмірі).
- Қарызға алған нәрсені қайтару керектігін.
- Басқаларға мақтау айту керектігін.
- Басқаларды ренжітпеу керектігін.
- Жануарлардан қорықпай, керісінше оларды құрметтеу және бағалау керектігін.
- Қалай сөзінде тұру керектігін.
- Өзі бүлдірген жерін өзі тазалау керектігін.

- Бөлісу және қамқорлық көрсету керектігін. Қуанышыңды бөліссең, көбейеді. Қайғыңды бөліссең, азаяды.
- Билікті құрметтеу керектігін, бірақ оған бас имеу керектігін.
- Барлық нәсілдегі балалармен, тіпті ағылшын тілінде бірде-бір сөз айтпайтын балалармен де дос бола білу керектігін.
- Қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, жаңа нәрселерді танудан қорықпау керек екендігін.
- Жеңілген жағдайда өзін қалай ұстау керектігін.
- Қалай жеңу керектігін.
- Олар бір нәрсені жақсы жасай алмаса да, одан ләззат алуға болатындығын.
- Олар үлкен қиындыққа тап болған кезде, қолдарынан келгеннің бәрін жасап, Аллаға дұға ету керектігін.
- Сатып алудан бұрын бағаның төмендеуін күту керектігін.
- Кірді қалай жуып, бүктеу керектігін.
- Кітаптарға қалай мұқият қарау керектігін.
- Уақытында келу керек екенін және кешігіп жатқан жағдайда, қоңырау шалып ескерту керектігін.
- Заттарды тарату керектігін.
- Ұқыпты және жағымды болу керектігін.

Ата-аналар:

- Балаңызға «жылама» деп айтудың орнына одан неге жылайтынын сұраңыз.
- Балаңызға барлық қалағанын сатып алмаңыз.
- Балаңыздың қателіктерін сынамаңыз, бірақ оның күш-жігерінің жоқтығын талқылаңыз.
- Балаңызға сеніңіз.
- Баланың көз алдында жұбайыңызды сынап-мінемеңіз.
- Баланың бөлмесіне теледидар немесе компьютер қоймаңыз.
- Теледидарды бала күтуші ретінде пайдаланбаңыз.

18-ші тапсырма:

Араб мәдениетіндегі кейбір қате мақал-мәтелдер.

Ата-аналар балаларына араб мәдениетінде кең таралған кейбір мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, жоққа шығаруы керек. Олар өзімшілдікке, немқұрайлылыққа және екіжүзділікке баса назар аударады.

Егер сіз қасқыр болмасаңыз, сізді қасқырлар жейтін еді. [Үстемдік пен агрессивті мінез-құлықты ынталандырады].

Тістеуге болмайтын қолды сүйу керек. [Екіжүзділікті білдіреді]

Неліктен маған бұл мен үшін маңызды болуы керек! [Өзімшіл дүниетаным]

Егер мен шөлдеп өлсем, жаңбыр жаумасын. [Немқұрайлылық]

Сізге ұнайтын адамдардың зұлымдықтарынан сақ болыңыз. [Теріс көзқарас]

19-шы тапсырма:

Шынайы достыққа негізделген дүниетаным

Балаларыңызға келесі хадисті түсіндіріп, содан кейін сенімсіз, шынайы емес және Алла разылығы үшін құрылмаған достық қарым-қатынастарыңыз туралы әңгімелеңіз. Бірде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген екен:

«Тіпті Пайғамбарлар (Ғ.С.) мен шейіттер де қызғанышпен қарайтын Құдай құлдарының тобы бар». Олар: «Ей, Алланың елшісі, бұл адамдар кім?» Ол: «Бұл бір-бірін байлық немесе отбасылық байланыс үшін емес, Алланың нұры үшін жақсы көретін халық. Олардың жүздері нұрға толы және олар жарық мінберлерінде; олар адамдар қорқатын кезде қорықпайды және адамдар қайғырған кезде қайғырмайды». Содан кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мына өлең жолдарын оқыған екен: «Шынында да, Аллаға жақын адамдар – оларда қорқыныш жоқ және олар қайғырмайды да».

(Әбу Дәуіт)

20-шы тапсырма:

Отбасы мүшелері арасындағы мәселелерді үнемі талқылау!

- Әр отбасы мүшесінің саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайын талқылау үшін айына бір рет отбасылық жиналыс өткізіңіз.
- Бұл қызу талқылау шамадан тыс шиеленіс пен күйзеліске әкелмейтініне көз жеткізіңіз.

4-ШІ ТАРАУ

Ең маңызды мақсат: Алланы сүйетін балаларды тәрбиелеу

КІРІСПЕ

Алдыңғы тарауда біз ата-аналардың бала тәрбиесінде алдына қоюы керек кейбір негізгі мақсаттар мен құндылықтарды қарастырдық. Дегенмен, ерекше назар аударуды қажет ететін бір жалпы мақсат бар: Құдайға сену. Жалпы Құдай туралы білетін балаларды тәрбиелеу Құдайды жақсы көретін және ұғынатын балаларды тәрбиелеумен бірдей емес. Құдайды жүрекпен ұғына білу – бұл барлық басқа құндылықтарды гүлдендіретін және нақты жетістікке жеткізетін негіз.

Балалармен өткізетін уақытымыз шектеулі, сондықтан біз өзімізді жинақтап, белгілі бір бағдарламаны ұстануымыз керек және руханият пен адамгершілік бізге қандай да бір жолмен енеді деп үміттеніп, бұл жұмысты болашаққа немесе басқа адамдарға қалдырмауымыз керек.

Біз өмір сүріп жатқан қоғам үнемі теңгерімсіз рационализмді, Құдайды біздің өміріміздан мүлдем алып тастайтын ойлау тәсілін насихаттайды. Құдайды артта қалдыратын мектептерге мұқият болыңыз

БАЛАЛАРЫМЫЗДЫҢ БОЙЫНА СЕНІМ ҰҒЫМЫН ЕНДІРУДІҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛІ

Не істеу керектігін қарастырмас бұрын,
отбасылық ортада не болып жатқанына мән берейік.

Мұсылмандар бүгінде өмірге жиі қолданатын қате діни көзқарасты нысаншылдық және заңдылық деп сипаттауға болады, бұл мұсылман балаларының тәрбиесінде айқын көрінеді. Бүгінгі таңда үстем болып отырған діни мәдениет өмірді екі негізгі қызметке бөлуге тырысады: діни рәсімдер ('*ibādāt*, араб тілінде) және іскерлік өзара әрекеттесу (*mu'āmalāt*, араб тілінде). Діни рәсімдерге келетін болсақ, бұл діни білім беруді күніне бес рет дәрет пен дұға етуді қамтитын рәсімдерді орындаумен (*salah*, араб тілінде), Рамазан айында ораза ұстаумен (ṣawm, араб тілінде) және кедей-кепшікке садақа берумен (*zakah*, араб тілінде) шектейтін мұсылмандардың тәрбиесіне әсер етеді. Ол сондай-ақ әлеуметтік өзара әрекеттесуді, соның ішінде неке шартын (*zawāj*, араб тілінде), іскерлік келісімшарттарды ('*uqūd*, араб тілінде), ресми жеке адамгершілікті (*ādāb*, араб тілінде) және негізгі сенімдерді есте сақтауды (*kalimah*, араб тілінде) немесе *shahādah*, араб тілінде) қатаң қадағалайды. Бұл діннің заңды тәсілі.

Бұған қоса, мұсылман отбасылары қоғамның басқа мүшелерінің алдындағы ақылақтық жауапкершілік туралы ойланбастан, жеке қалауының пайдасына мұсылман қауымы алдындағы міндеттердің маңыздылығын жиі елемейді. Нәтижесінде балаларды қоғамдық істерге қатысуға шақырмайды, ал ата-аналар оларға дұға ету және Құран оқу негіздерін үйретіп, өздерінің міндеттерін жақсы атқарғанына сенімді болады. Сондықтан балалар жеке рәсімдерді орындау адамгершілік өмірдің орталық бөлшегі және бұл олардың өмірдегі жалғыз діни және адамгершілік міндеті деген оймен өседі. Бұл дарашылдық, өзімшіл өмір салтына, қарапайым өмір сүруге және қоғамға деген теріс көзқарасқа әкелуі мүмкін. Өкінішке орай, мұндай енжарлықтың ауқымды салдары бар, өйткені ол әлеуметтік өмір мен қоғамды бұзады. Нәтижесінде барлығы жеңіліске ұшырайды.

Шын мәнінде, ғибадат ету ('ibādāt, араб тілінде) тек рәсімдерді орындауды ғана емес, сонымен қатар Ислам Заңына (*Shari'ah*, араб тілінде) сәйкес мұсылман өміріне қажетті барлық міндеттер мен әрекеттерді, сондай-ақ жақсылықты ынталандыру, жамандықтан аулақ болу, қоғамдық қозғалыстарға қатысу және басқаларға қамқорлық жасау сияқты құндылықтарды қамтиды. Егер бұл қасиеттер мұсылман балаларының

әсершіл тініне (*wujdān*, араб тілінде) терең енбесе, онда олар бұл енжарлық олардың балаларына беріледі және солай апатты немқұрайлылық айналымы жалғасады. Демек, діни білімнің дәйектілігінде елеулі теңгерімсіздік пен жетіспеушілік бар, онда рәсімдерді өздігінен орындауға шамадан тыс көңіл бөлінеді және ішкі даму мен әлеуметтік мәселелерге жеткіліксіз назар аударылады. '*ibādāt* (араб тілінде) сөзі әділдікті, адамгершілікті және жақсы мінезді қалыптастыру үшін Алла Тағаланы еске алып, Онымен қарым-қатынас жасау мағынасындағы *dhikr* (араб тілінде) деген ұғымды білдіреді.

ӨЗІН-ӨЗІ ОҚШАУЛАУ МӘДЕНИЕТІ: ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРГЕ АРАЛАСПАУ

Өкінішке орай, тарихи тұрғыдан қарама-қайшылық, үйектелумен қатар бір жағынан мұсылман ғалымдары мен ойшылдары, екінші жағынан деспоттық және жемқор саяси көшбасшылар арасында бөліну болды. Мұсылман заңгерлері қоғамдық өмірден оқшауланды, сондықтан қоғамдық және әлеуметтік мәселелерді елемей, негізінен адамдар өмірінің жеке және тұлғалық қырларына назар аударды. Осылайша, қоғамдық істер, әділ басқару, саяси қатысу, кеңес беру (*shūrā*, араб тілінде), азаматтық міндеттер, әлеуметтік әділеттілікті іздеу және бауырластық орнату тиісті назарға ие болмады. Бұл исламдық жалпыға бірдей көзқарасты бұрмалады. Қоғамдық мәселелерге салбауыр көзқарас мұсылман қауымының топтық рухына әсер етті және қоғамдық алаңдаушылықты тудыру үшін қажетті топтық байланыстарды әлсіретті. Өркениет жалғыз бір адамның жеке мәселелерін шешуге емес, ол жалпы қоғамға қатысты мәселелерге қатысуға ұмтылуға негізделуі керек. Басқаша айтқанда, *istikhlāf* (араб тілінде) – адамзатқа қамқорлық танытуды жүзеге асыру бізден '*imrān* (араб тілінде) міндетін (жалпы игілікке негізделген өркениетті құру) орындау мен дамытуды және ұрпақтан-ұрпаққа қалдыруды талап етеді. Ислам Заңындағы (fiqh, араб тілінде) жеке және отбасылық заңдарға қамқорлық жасау қажетті талап болғанымен, бұл өркениет құрылысшыларын құру үшін жеткіліксіз.

Мұндай тілтанымдық дәріс жақсы, бірақ ақыр соңында салбауыр және бағынышты адамдар мен қауымдастықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Дәстүрлі, тұлғалық және ресмишіл мәдениетте тәрбиеленген адамдар дәрет, дұға, ораза және қажылық рәсімдерін дұрыс орындай алады, бірақ, өкінішке орай, олар жақсы азаматтық ұстанымға, қоғамдық өмірге қатысуға және қоғамға қызмет етуді насихаттауға бейім емес. Жеке және қоғамдық жауапкершілікті өз мойнына алудың орнына, оларға дайын

қызмет көрсететін Үкіметке тәуелді болады және олар өз бетінше ойлана алмайды, болашағы туралы шешім қабылдай алмайды, білім деңгейін көтере алмайды және өздеріне қамқорлық жасай алмайды. Басқаша айтқанда, енжарлық белсенділікті жеңеді. Осылайша тәрбиеленген балалар еркін, әдепнамалық, жаңашыл ойшылдарға, топ қызметкерлеріне немесе әлеуметтік ілгеріліктің ізашарларына айналмайды; оның орнына олар ұялшақ және өзімшіл болып өседі.

Саяси және діни биліктің қысымымен өмір сүретін адамдар түрлі жаман жағдайларға тап болады. Әлеуметтік өзгерістердің орнына олар әлсіз қоғамдар мен құрылымды бұзатын мінез-құлықты тудырады, бұл олардың қоршаған ортасы мен экономикасының әлеуметтік жағдайының төмендігінен айқын көрінеді. Шариғатқа сүйене отырып, олар банктердегі пайыздық салымдардан аулақ болады, бірақ салық мағлұмдамаларында оңай өтірік айтады, өтірік пен алаяқтықтың шариғатқа қайшы келетіні хақ. Олар контрабандамен сәтті айналысып, кеден шенеуніктерін алдаған кезде өздерін жеңімпаз сезінеді, өйткені олар өздерінің кедендік салықтарын мақсатсыз пайдаланатынын немесе ықпалды шенеуніктердің қалтасына түсетінін біледі.



Кейбір ата-аналар бала туылғаннан бастап ересек жасқа дейін өзімшіл мінез-құлыққа баса назар аударады. Балаларға басқаларға қамқорлық жасауды және оларға мейірімді болуды үйретуден немесе адамдарға, әсіресе кедейлер мен мұқтаждарға және жалпы қоршаған ортаға жауапкершілік сезімін оятудан гөрі, балалар киетін киіміне көбірек алаңдайды. Біздің көпшілігіміз балаларымызға қымбат ойыншықтар сатып аламыз, алайда жолда тамағы мен киімі үшін қайыр сұраған балаға көмек көрсетуден бас тартып жатамыз.

Өмірге деген мұндай көзқарас біздің қоғамға және қоғамдық өмірге зиянын тигізді. Мысалы, Бангладештегі Ұлттық күн Бангладештің Пәкістаннан бөлінуімен байланысты екенін қалай түсіндіре аламыз? Бір кездері олар бірбірінің жауы болса да, еуропалық ұлттардың ортақ мүдделер үшін бірігіп, ынтымақтасып жатқанын көргенде, бөліну мерекесін неге қарсы алу керек? Бразилияда әрқайсысының өзіндік экономикалық және әлеуметтік мәселелері бар көптеген этностық, діни және

тілдік топтардың болуына қарамастан бірлік бар. Сонымен қатар, мұсылман және араб елдері ортақ тілге, мәдениетке және ортақ мүдделерге қарамастан ыдырауды жалғастыруда. Араб мемлекеттері мен «кедей» мұсылман елдері өз азаматтарына көмектесу үшін көп жұмыс жасамайды. Мұсылмандар саны артып жатқанымен, олардың әлемдік аренадағы мәртебесі асқақтап жатқан жоқ.

Мұсылман әлемінің бытыраңқылығына, бөлінуіне, ұсақтығына және оқшауланыуына дін себеп болуы мүмкін бе? Мұндай нашар қасиеттер оның мүдделері үшін қызмет ете ме? Мұсылмандар өз дінін дұрыс түсінбейді ме? Мұсылман қауымының ділінде бөліну бар. Әркім тек өзін ғана ойлайды, мұсылман қауымның, туыстарының, көршілерінің және қоғамның басқа мүшелерінің мүдделерін елемей, өзінің жеке және отбасылық мүдделерін ғана сақтауға тырысады. Мұсылман мәдениеті тар және бұрмаланған болып келеді, оған мәдениеттің негізін құрайтын тату көршілік сезімі мен ұжымшылдық рухы жетіспейді. Мұсылмандар басын құмнан көтеруі керек.

Бұл жағдайды бүкіл байлығын қоғамға беруге дайын болған Әбу Бәкірдің көзқарасымен салыстырыңыз. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) одан: «Сен отбасыңа не қалдырдың?» – деп сұрағанда ол: «Мен оларға Алла мен Алланың Елшісін қалдырдым», – деп жауап береді. Әбу Бәкірдің бұл әрекеті оның күшті иманы туралы ғана емес, сонымен бірге Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бен қоғамның оған және оның отбасына қажет болған жағдайда қамқорлық жасай алады деген сенімі туралы куәландырады. Егер Әбу Бәкір отбасының азап шегіп, көшеде қайыр сұрап жүруге мәжбүр болатынын сезсе, ол байлығының көп бөлігін отбасына қалдырып, оның аз бөлігін сыйға тартар еді.

Мұсылман әлемінің қазіргі бақытсыз жағдайында оның әртүрлі тілдерде сөйлейтін көптеген этностық топтары бар үлкен аумақтардан тұратындығы немесе оны деспоттық тәртіптер басқаратындығы, сондай-ақ отаршылдық тарихынан аман қалғаны сияқты себепшарттарды кінәлауға болмайды. Ислам бейбітшілікте қатар өмір сүруді және әлеуметтік үйлесімділікті уағыздайды. Бүгінде мұсылмандар планета халқының төрттен бірін құрайды. Олардың бөлінуін исламмен түсіндіруге бол-

майды, өйткені ислам бірлікке, бауырластыққа, ынтымақтастық пен жанашырлыққа үйретеді. Оны саяси және экономикалық себепшарттармен де түсіндіруге болмайды, өйткені экономикалық және саяси құлдырау себеп емес, симптом болып табылады. Сонда себебі неде? Жауап Құран аятында жатыр деп ойлаймыз:

Расында бір қауым, өзін өзгертпейінше Алла, оны өзгертпейді.
(13-ші сүре, 11-ші аят)

Айтуға қанша қиын болғанымен, шынында да халықтың нашар жағдайы оның өзінде жатыр. Сондықтан Құранның көзқарасын түсініп, ішкі табиғатымызды өзгерту арқылы ғана біз өміріміздің күйін өзгерте аламыз. Бұл тек баланы дұрыс тәрбиелеу арқылы болуы мүмкін.

Білім алу – бұл өмір бойы жалғасатын үдеріс. Алайда, жауапкершілікті сезіну, жанқиярлық және басқаларға қамқорлық жасау сияқты әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыру үшін дұрыс тәрбие қажет. Бұл құндылықтарды ерте балалық шақта жеке тұлғаның дұрыс әсершіл, әлеуметтік және рухани қырларын тәрбиелеу арқылы сіңіру керек. Бұл құндылықтар ерте жаста, өз мақсаттарымызға қол жеткізу әлдеқайда жеңіл және тиімді болған кезде қалыптасуы керек. Фиқһ кітаптары (құқықтық ережелер жинақтары) мұсылман тұлғасының дамуына арналған негізгі діни және мәдени анықтамалықтар болып табылады және осылайша жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен әсер етеді.

Сондықтан фиқһ туралы кітаптарды қоғам мен адамзатқа қамқорлықтың жетіспейтін қырларын қосу арқылы қайта қарау қажет. Бұл аспектілер Құран мен хадисте анық түсіндірілген:

Бұрыннан Мединеде қоныстанған иман иелеріне де (беріледі.) Олар өздеріне босып келгендерді жақсы көріп, оларға берілген нәрселерге көңілдерінде кірбеңдік болмайды. Сондай-ақ өздерінде таршылық бола тұра оларды өздерінен артық көреді. Әлде біреу сараңдықтан сақсынса, солар құтылушылар.
(59-шы сүре, 9-шы аят)

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқан екен:

Мұсылман мәселелеріне алаңдаушылық білдірмейтін адам – олардан емес.
(Ибн Мәсұд)

Егер біз қоғамның басқа мүшелеріне, мысалы, кедейлерге, жетімдерге, көршілерге және мұқтаждарға қамқорлық жасамасақ, біз ең жақсы адам бола алмаймыз. Құрандағы Әл-Мә’ун сүресінде былай делінген:

(Мұхаммед С.Ғ.С.) Сондай дінді өтірік сіңгенін көрдің бе? Міне сол жетімді қақпайлағанды, Міскінді тамақтандыруға қызықтырмайды. Сондай намаз оқушыларға нендей өкініш! Олар намаздарын немқұрайлы оқиды. Олар көрсету үшін оқиды. Сондай-ақ олар тұтыну заттарына тыйым салады.

(107-ші сүре, 1-ші және 7-ші аяттар)

Жеке құлшылық пен қоғамның әл-ауқаты арасында тікелей және күшті байланыс бар. Діни рәсімдер жетімдерге қамқорлық жасаумен, кедейлерді тамақтандырумен және көршілеріне көмектесумен байланысты болуы керек. Құлшылықтың нақты мақсаты – құлшылық етушіні басқаларға қызмет етуге дайындау. Мұсылман әлемінің көшелерінде қайыршылардың болуы бүгінгі адамдар арасында қалыптасқан нақты жауапкершілік сезімінің жоқтығын дәлелдейді.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ БОЛМАУЫ

Көптеген адамдар іс жүзінде өздері үшін, басқалар үшін және болашағы үшін жауапкершілікті сезінбейді. Еңбекқорлық пен адалдық адамға іс жүзінде ешқандай пайда әкелмейтін қоғамда ол екеуінен де аулақ болады және басқалардан оған қатысты өз міндеттерін орындауды талап етіп, өзіне немесе отбасына бір нәрсе қарыз екенін жоққа шығарады. Жеке жауапкершілік тұжырымдамасы қазіргі мұсылман қоғамдарында жоқ. Бұл сонымен қатар мұсылман әлеміндегі ұжымшылдықтың басым болуының тікелей салдары. Басқалардың қамқорлығын ұжымшылдықпен шатастыруға болмайды, өйткені ұжымшылдық топтың жеке тұлғадан басымдығы болып табылады. Тайпалық және рулық, ұжымшылдықтың ең қарабайыр түрлері үкімет алдындағы құлдыққа ауыстырылды. Зияткерлік тұрғыдан алғанда, ұжымдастыру «топтық ойлауға» немесе адам-

зат ілгерілігінің негізгі қозғаушы күші болып табылатын өзіндік жеке ойлаудың (*ijtihad*, араб тілінде) жауы болып табылатын табын сезіміне әкеледі. Экономикалық тұрғыдан ол адамдарды өнімділікке ынталандырудан айырады және оларды өнімсіз тұтынушыларға айналдырады. Жансезімдік тұрғыдан алғанда, ол жеке тұлғалардың өзін *khulafā*' (араб тілінде), яғни Алла елшілері деп санауынан айырады. Ұжымшылдық тәуелділік мәдениетін дамытуға, өзін-өзі бағалау сезімінің жоғалуына ықпал етеді. Әдепнамалық тұрғыдан ол ақылақтық қорқақтыққа әкеледі. Саяси тұрғыдан алғанда, бұл қарсылас топтардың бір-біріне өз еріктерін таңуға тырысуына немесе «күшті адамның» өз еркін қоғамға мәжбүрлеуіне әкеледі.

Керісінше, Құран адамдарды *khulafā*'(араб тілінде) ретінде өз рөлдерін қабылдауға тікелей шақырады және Алланың еркіне мойынсұну, оларды өздеріне, қауымына және қоғамына жақсылық жасау үшін күресуге шақырады. Егер біз басқалар үшін өзімізге тілейтін нәрсені шынымен қаласақ, онда біз басқалардың да әділ, жауапты және еркін болғанын қалаймыз.

Кейбір елдерде балаларды салбауыр және сыни емес болуға үйретеді. Олар кейбір ескірген заңдық ережелерді оқиды. Зака сізге тиесілі түйелердің санына негізделген салық ретінде оқытылады. Оқушыларға арпа мен құрманы кедейлерге таратып беруді үйретеді. Бұл тәжірибелер аграрлық қоғамдарда қажет болғанымен, олардың қалалық және өнеркәсіпті қалаларда маңызы жоғалады. Заң кітаптарында әлі күнге дейін құлдар мәселесі және оларды алып-сатудың ұтымды әдісі туралы тараулар бар! Жас мұсылмандарға ескірген және қажетсіз ақпарат үйретіледі. Сондай-ақ жанашырлық пен басқа адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру секілді құнды мүмкіндік жоғалады. Жанашырлықтың болмауы – мұсылман қауымының болашақ ұрпақтарының мінезіндегі үлкен кемшілік.

Баланы зекетке үйретудің басты себебі – түйелердің, құрмалардың және арпаның пайызын қалай есептеу керек екендігін үйрету үшін ғана емес, сонымен қатар оған әлеуметтік ынтымақтастық, мейірімділік, құрбандық, жомарттық, сондай-ақ үмітсіздермен және мұқтаждармен бөлісудің маңыздылығы туралы үлкен түсінік беру. Мәселенің заттық қырларынан, бойындағы терең рақымдылық пен жанашырлық сезімдерін ояту және қоғамның дәрменсіз және кедей мүшелерінің қиындықтарын түсіну әлдеқайда маңызды. Нәзік жаста зекеттің көмегімен математикалық есептеулердің ережелерін емес, бауырластық сезімдерді білдіру және қайырымдылық мен мейірімділіктен қуанышын таба білу тәжірибесін үйрету керек.

БҰРМАЛАНҒАН МӘДЕНИЕТ: АРТТА ҚАЛУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЫРЫМШЫЛДЫҚ

Мұсылмандардың алға жылжуына кедергі келтіретін тағы бір мәселе – ырымшылдық, бақсылық және жындар әлеміне әуестену. Ислам өркениеті білімге, ғылымға, нысандылық пен ақылға негізделген. Мұсылман ғалымдары барлық Пайғамбарлардың (Ғ.С.) табиғаттан тыс ғажайыптарына сенгенімен, Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с.) адамзатқа қалдырған нағыз кереметі Құран деп сенгені жұбаныш береді. Құранның ашылуы адамның парасатына бағытталған және ақылға негізделген. Ол зерттеуге, ой-толғам жасауға, зерделеуге және пайымдауға шақырады. Бұл оның негізгі және қайталанатын тақырыптары. Ата-аналар Құдайға және болашаққа деген сенімді сақтай отырып, ақыл-ойына сенім артып өсуі үшін балаларына ділдің осы түрін сіңіруі керек.

Өркениет ырымшылдық пен сиқыршылыққа негізделмеген. Көптеген адамдар өздерінің отбасылық мәселелерін медицина мен жантанудың көмегі арқылы емдеудің орнына рухтардың, жындардың, жұлдыздардың немесе сиқырдың емдік «күштеріне» жүгінетін адамдар туралы қорқынышты оқиғаларды естіп жатады. Бұл тәжірибелер исламның ұстанымдары мен рухына жат және балалардың ақыл-ойына зиянды. Ата-ана ретіндегі біздің рөліміз – балаларға Құран баса назар аударатын ағартушы ғылыми ділді сіңіру. Құран адам өмірі мен дене ғаламды басқаратын табиғат заңдары – al-sunan al-Ilāhiyyah (әс-суннәту-л-‘иләһийа, яғни «Құдайлық сүннет», араб тілінде) растайды Табиғаттың бұл Құдай арқылы рухтандырылған заңдары аятта түсіндірілгендей толықтай Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) қатысты болды:

(Мұхаммед С.Ғ.С.): «Алла қаламайынша, өзім үшін пайда, зиян келтіру күшіне ие емеспін. Егер көместі білген болсам, әрине жақсылықты көбейтіп алар едім. Сондай-ақ маған бір сәтсіздік жұғыспас еді. Мен иман келтірген елді; қорқытушы, қуандырушы ғанамын» де.

(7-ші сүре, 188-ші аят)

“Шынында мен де сендер сияқты адаммын. Маған Тәңірлерің бір-ақ Тәңір екендігі уәһи етілуде. Сондай-ақ кім Раббына жолығуды үміт етсе, сонда түзу іс істеп, Раббына істеген құлшылығында; Оған ешкімді ортақ етпесін” де.

(18-ші сүре, 110-шы аят)

Бұл нысандылық түрде және ғылыми діл әлем бұрын-соңды білмеген ең үлкен өркениеттердің бірін тудырды. Өзінің гүлдену кезеңінде мұсылмандар Еуропаға ғасырлар бойғы қараңғы ғасырлардан шығуға және ағарту дәуірін бастауға көмектесті. (Әл-Хассани, 2011-ші жыл)

Ата-аналардың, содан кейін мектеп мұғалімдерінің міндеті – жоғары интеллект, жоғары даму деңгейі мен мінезі бар, Құдай мен жаратылыстану заңдарын, ғаламды, адамгершілік және әлеуметтік ғылымдарды терең түсіне алатын балаларды тәрбиелеу.

Француз пәлсапашысы Роже Гароди (Roger Garaudy) Батыс өркениетінің өлшемдерін былайша сипаттады:

Қазіргі батыс өркениеті өзінің әсемдігі мен құқықтық жүйесі үшін рим және грек өркениеттеріне, ақылақтық тұрғыдан – христиан дініне және ғылыми ойлары үшін – Испаниядағы мұсылмандарға қарыздар.

(Al Hewar журналы,2002-ші жыл)

Дұрыс емес дүниетаным: Әлсіздік пен қорқыныш

Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) бірде:

«Басқа халықтар сізге бір табақ тамақ жейтін аш адамдар сияқты шабуыл жасайтын уақыт келеді», – деген екен. Бір сахаба бұған былай деп жауап береді: «Уа, Алланың елшісі, бұл біздің аздығымызға байланысты ма?». Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ, сендер көп болғандарыңмен, мұхит толқындарындағы көбік сияқты боласыңдар», – деген екен. Алла дұшпандарының жүрегін қорқыныш пен сендерге деген құрмет сезімінен айырады, ал сендердің әлсіздік (әл-уәһну, араб тілінде) сыйлайды». Сонда біреу: «Уа, Алланың елшісі, әл-уәһну деген не?» – деп сұрапты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сонда: «Әл-уәһну» – бұл дүниелік өмірге деген сүйіспеншілік және өлімге деген жеккөрушілік», – деп жауап беріпті.

(Әбу Дәуіт)

ТЕҢДЕСТІРІЛГЕН ЖОЛ: ДАНА ТӘСІЛ

Біз ата-аналардан өздерінің діни сенімдеріне адал болуды сұраймыз. Сіздің дініңіздің тәжірибесі мен ішкі талаптарын дұрыс түсіну сіздің балаларыңызды қалай тәрбиелейтіндігіңізге пайдалы әсер етеді. Баланы қорқыныш, өзін-өзі оқшаулау, артта қалу және мәжбүрлеу мәдениетіне әкелмейтіндей етіп тәрбиелеу өте маңызды.

Ертедегі ғалымдар (‘*alims*, араб тілінде: عالم), *fuqahā*‘, араб тілінде: الفقهاء) және молдалар, араб тілінде: الملالي) рәсімдер мен ғибадаттарға (‘*ibādāt*, араб тілінде: عبادات) баса назар аударды. Құранда *dhikr* (араб тілінде: الذكر), яғни Алла Тағаланы еске алу туралы айтылады. Балаларды оқыту үшін екі элемент те қажет. Ата-аналар исламдық дүниетаным туралы білуі керек және оны балаларға талғампаз болған кезде үйретуі керек. Балаларға біздің міндетіміздің Құдайдың адамзатқа жіберген дұрыс құндылықтары мен ережелеріне сәйкес жердегі өмірді дамыту екенін және ғибадат ету осы мақсаттарға жетудің құралы екенін түсіндіру керек. Бұл оларды өмірдің барлық мақсаты дұрыс нәрсені жасауға ұмтылу екенін түсінуге жетелейді.

Ата-ана ретінде біздің мінез-құлқымыз балаларға үлгі болады. Сондықтан біз өз өмірімізді жақсартатын және оған рахат сыйлайтын нәрселерді жасау міндетімізді ұмытпас үшін үнемі Алланы еске алып отыруымыз керек. Атап айтқанда, біз жердегі әділ өмірді сақтау, қоршаған ортаға қамқорлық жасау, білім іздеу және азат етілгендерге көмектесу үшін бар күшімізді салуымыз керек. Егер олар ата-аналарының мұны қалай жасайтынын көрсе және оларға ата-аналары өмірдің жеке және қоғамдық салада қолдан келгеннің бәрін жасау үшін адамдардың қасиеттері мен күрестерінің сынағы екенін үйретсе балалар ғибадат етудің шынайы мәні мен мақсатын жақсы түсінеді.

Келесі аяттар баланың санасында дүниетанымның негізін қалайды:

«Намазым, құлшылығым, тіршілігім және өлімім бүкіл әлемнің Раббы Алла үшін» де. «Оның серігі жоқ. Осылай бұйырылдым және мен бой ұсынушылардың алғашқысымын» де.

(6-шы сүре, 162-ші және 163-ші аяттар)

(Мұхаммед С.Ғ.С.) Кітаптан саған уахи етілгенді ғана оқы да намазды орында. Күдіксіз намаз; арсыздықтан, жамандықтан тыяды. Әрине Алланы еске алу, аса ірі нәрсе. Сондай-ақ Алла (Т.) не жасағандарыңды біледі.

(29-шы сүре, 45-ші аят)

Тамақты жақсы көре тұра міскінге, жетімге және тұтқынға жегізеді. Олар: «Шын мәнінде сендерді Алланың ризалығы үшін тамақтандырамыз. Сендерден бір төлеу, алғыс тілемейміз».

(76-шы сүре, 8-ші және 9-шы аяттар)

Алла сендерден иман келтіріп, ізгі іс істегендерге; өздерінен бұрынғы өткендердей жер жүзіне мұрагер қылуды уәде етті. Сондай-ақ олар үшін өзі разы болған дінін нығайтып, қауіп-қатерден кейін бейбітшілікке айналдырады. Олар, Маған құлшылық қылады. Маған еш нәрсені серік қоспайды. Кім бұдан кейін қарсы келсе, міне солар, бұзақылар.

(24-ші сүре, 55-ші аят)

БАЛАЛАРҒА ҚҰРАНҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІКТІ ҮЙРЕТУ

Құдайды жақсы көретін балаларды тәрбиелеу үшін ата-аналар оларды Құранмен таныстыруы керек, сонда балалар оның бірнеше діни оқиғалардан оқылатын, содан кейін жыл соңына дейін сөреге қойылатын жай ғана қасиетті кітап емес екенін түсінеді. Ақпарат беруге немесе баланың жүрегі мен жанының маңызды әсершіл және жансезімдік дамуына баса назар аудару керек пе? Білім мен ақпарат алу өмір бойы жалғасады, ал салауатты әсершіл және жансезімдік даму ерте балалық шақта, негізінен жасөспірім шаққа дейін қалыптасуы керек.

Бүгінде мұсылмандар балаларды ерте жастан бастап Тозақ оты (*jahannam*, араб тілінде) туралы әңгімелермен үнемі қорқытады, Алланың сүйіспеншілігі, мейірімділігі мен жанашырлығы немесе жұмақтың сұлулығы туралы сирек айтады. Егер олар Құдайға, ата-аналарға бағынбаса немесе қателіктер жіберсе, Тозақ отында күйетінін атап өтеміз. Бұл ретте, егер олар әділ әрекет етсе, Аллаға мойынсұнса, ата-аналарына мойынсұнса, басқаларға көмектессе және дұрыс әрекет етсе, олар Жұмақта қалай марапатталатынын және қызмет көрсетілетінін айтпаймыз. Біз балаларды үнемі қорқытамыз және оларға зұлым қылмыскерлер сияқты жазалар туралы еске салып отырамыз, алайда оларды сирек көтермелейміз немесе Алланың сүйіспеншілігі мен жақсы мінез-құлқы үшін алатын сыйақылары туралы айта бермейміз. Мұндай жағдайда балалар қорқақ және қорқынышты ересектерге айналады. Оларда сенімге деген теріс көзқарас қалыптасады, өзіне деген сенімділік жетіспейді, ал ең нашар жағдайда олар сенімнен мүлдем бас тартады.

Мұғалімдер әдетте балаларға Құранды соңғы бөлімнен бастап үйрете бастайды (*juzu’ ‘ammah* (араб тілінде) немесе 30 бөлім). Бұл бөлімде Аянның басында Мекке-

де ашылған қысқа тараулар (сүрелер) бар. Олар Құрайш тайпасының азғын және тәкаппар қысым көрсетушілеріне және олардың қатыгез пұтқа табынушыларына (мысалы, Әбу Джәһәл мен Әбу Ләһәб) қарсы бағытталған. Құранның осы алғашқы тарауларында мұсылмандарды азаптаған, олардың кейбірін өлтірген, Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) өлтіруді жоспарлаған және Аллаға иман келтіргендерді жою үшін соғыс ашқандар туралы айтылады. Бұл сүрелер пұтқа табынушыларды істеген істері үшін өкінуге шақыруы керек еді және қорқынышты ескертулері бар ашулы аяттар олардың құлақтарына найзағайдай тиді. Келесі мысалдарды қарап көрейік:

Әбу Ләһаптің екі қолы құрысын! Құрыды да.

(111-ші сүре, 1-ші аят)

Бүкіл қорлаушы, өсекшіге нендей өкініш!

(104-ші сүре, 1-ші аят)

(Мұхаммед С.Ғ.С.) әлемді қаптайтын қияметтің хабары саған келді ме? Ол күні, кейбір жүздерді қорқу басады. Қатты қиналған шаршаған болады. Жанып тұрған отқа тасталады. Қайнап тұрған бастаудан ішкізіледі. Олардың ащы, сасық тікенектен басқа ешбір тамағы болмайды.

(88-ші сүре, 1-ші және 6-шы аяттар)

Өлшеу, тартуда кеміткендерге нендей өкініш!

(83-ші сүре, 1-ші аят)

(Мұхаммед С.Ғ.С.): «Әй Кәпірлер!»

(109-шы сүре, 1-ші аят)

Жер сілкіндіріп қозғалған сәтте.

(99-шы сүре, 1-ші аят)

Өкінішке орай, бұл ашулы аят жолдары жазықсыз балаларға арналмағанымен, қазіргі кезде бұл өлең жолдары бірінші болып жатталып жатыр. Мұның себебі – олардың өте қысқа және есте сақтауға оңай болуы. Бірақ мұндай жас кезіндегі балаларды қорқытудың орнына, біз Құдайдың сүйіспеншілігін, ата-ананың мейірімділігін және аспанның сұлулығын атап өтуіміз керек. Бұл олардың жантануына сәйкес келеді, оларға ерте балалық шақта қауіпсіздік, сүйіспеншілік, жылулық, жомарттық пен нәзіктік сезімдерін сіңіреді. Құдайдың сүйіспеншілігінен, оның мейірімділігінен, рақымдылығынан, жанашырлығынан, кешірімінен және жомарттығынан, оның басқа да көптеген керемет қасиеттерінен бастағаныңыз жөн. Сондай-ақ балаларға Құдайды сүю керек екенін үйретпес бұрын

олардың жақсы екенін және Құдай оларды жақсы көретінін айту керек. Жүйелілік келесідей болуы керек: алдымен Құдайдың сүйіспеншілігі, содан кейін (екінші кезекте) олардың Құдайды сүю міндеті.

Балалар түсіне бастағанда, ата-аналар тозақ тақырыбын қатыгездік үшін жаза ретінде ақырын енгізе алады. Үлкен күнәлар жасағаны үшін қорқытатын сүрелерді балалар қорқынышқа бой алдырмай, олардан сабақ алған кезде енгізу керек. Бұл әдетте балалық шақтың соңында және жасөспірім кезінде, олар абстрактілі ой-түсініктер мен олардың әрекеттерінің салдарын жақсы түсінген кезде болады.

Құранды үйрету кезінде балаларымыздың ділі мен жантануын (жансезімдігін) қалай дамытатынымызға мұқият болу керек. Ата-аналар балалардың жетілуінің әртүрлі кезеңдеріне назар аударуы керек және ең қолайлы өлеңдерді (әсіресе Құран әңгімелерінен) таңдауы керек. Пайғамбардың серіктерінің көпшілігі (*Saḥābah*, араб тілінде) Құранмен ересек кезінде танысқан. Бұл жаста Құран оларға қатты әсер етті. Олардың онсыз да батыл және күшті мінездері нығайып, Құран оларды жоғары ақылақтық үлгіқалыптарға бағыттады. Құран мамандары білім беру саласындағы сарапшылармен және әлеуметтанушылармен бірге ата-аналарға олардың жасына байланысты өлеңдер тізбегімен бірге балаларды қалай оқыту керектігі жөнінде кеңес бере алады. Әрине, Құранның барлық өлеңдері адамның бүкіл өмірінде зерттеліп шығу керек. Дегенмен, оларды қандай ретпен оқыту керек? Қандай өлеңдерге баса назар аудару керек және қай жаста? 30-шы бөліктен бастауға болмайды, өйткені оның құрамында 37 қысқа сүре бар. Есте сақтау оңай деп саналатын нәрсе жалғыз өлшемшарт болмауы керек.

Араб тілінде сөйлемейтін ата-аналар аяттардың мағынасын ана тілінде түсіндіруі керек. Қазіргі уақытта тек араб тілінде оқи білуге және сүрелер мен аяттарды олардың мағынасын білмей есте сақтауға баса назар аударылады. Ата-аналарға Құранның жақсы аудармасын сатып алу және Құранның дүниетанымымен және хабарламасымен қарым-қатынасты дамытуды бастау үшін оқу сабақтарын түсіндіру сабақтарымен (*tafsīr*, араб тілінде) толықтыру ұсынылады. Егер ата-аналар мұны істей алмаса, олар мұғалім жалдап, балаларына нені және қалай үйрететінін бақылай алады. Балалар оның дыбысымен танысуы үшін Құран жазбаларын үйде үнемі қосуға болады. Балалардың күн сайын Құран оқуға дағдылануы үшін дәйекті және ұйымдастырылған оқу режимін орнату маңызды. Араб

тілін екінші тіл ретінде үйрену балаларға Құранды үйренуге және онымен өзара әрекеттесуге көмектеседі. Жазбалардан алынған Пайғамбарлар (Ғ.С.) туралы әңгімелер мен олардан үйренуге болатын көптеген жақсы балалар кітаптары жарық көрді. Ата-аналар балалар Құранмен танысып, өздерін жайлы сезінуі үшін Құран оқуларынан басқа, осы оқиғаларды сатып алуы керек немесе уақытша сұрай тұруға да болады.

БАЛАЛАРҒА ДҰҒА ЕТУДІ ҮЙРЕТУ: ҚҰДАЙҒА ҮНЕМІ ҚҰЛШЫЛЫҚ ЕТУ.

Көптеген қысқа дұғалар әрқашан біздің қасымызда болатын сергек, қамқор Құдай туралы ойларды оятады. Оларды күнделікті өмірге енгізу оңай және балаларға алғыс айтуды және оның нұсқаулары мен қорғанысын іздеуді әдетке айналдыруға көмектеседі. Олар сондай-ақ Құдайды артта қалдырудың кез келген әрекетімен күреседі. Мысалы, ата-аналар тамақ ішер алдында және одан кейін Құдайға шексіз алғыс айтып, балалардан олардың артынан *du'ā'* (дұға, араб тілінде) оқуын сұрауы керек. Сондай-ақ, олар үйге кіріп-шыққан кезде, ұйықтап, оянғанда, оларды дұға оқуға үйрету керек. Бұл олардың бойында ризашылық сезімін тудырады. Ата-аналары кез келген іс-әрекеттің басында «Bismillāh» деп айтса (Алланың атымен, араб тілінде), балалары оны көріп, қайталайды. Бастапқыда бұл балаларға қарапайым және іш пыстырарлық болып көрінгенімен, табандылық танытқан жөн. Ақыр соңында, бұл әдет балалардың *dhikr* (дұға, араб тілінде) тәжірибесін дамытуға ықпал етеді және олардың Алла Тағаламен қарым-қатынасын өмірінің ең жоғары табиғи қыры мен байланыстырады. Олар сондай-ақ барлық жағынан Құдайдың мейірімді қолын көруге дағдыланады.

Сәлəh (рәсімдік дұғалар, араб тілінде) ата-аналардың күн-

делікті өмірінің маңызды және табиғи құрауышы болуы керек. Ата-аналар балаларына ең жақсы үлгі көрсетеді. Балаларды олардың қатысуымен дұға етуге шақырыңыз (*adhān*, араб тілінде: أذان) және дұға ету уақытын байыпты белгілеңіз. Теледидар өшірілуі керек және дұға дұрыс ахуалда басталуы үшін бәрі дайын болуы керек. Ата-аналар балаларының алдында саналы және сабырлы түрде дұға етуі керек. Көбінесе олар дұғаның аяқталуын шыдамсыздықпен күтеді, ал балалары оны байқап, оларға еліктейді. Намаздың алдында және намаздан кейін міндетті түрде дұға оқылуы қажет, себебі дұға ету – ол біздің кез келген мұқтаж нәрсемізді Алладан сұрау дегенді білдіреді, кейіннен бұл нәрсе балаларда да қалыптасады.

БАЛАЛАРҒА (TAWBAH) ТӘУБЕ ҮЙРЕТУ.

Балалар іс-әрекеттің салдары бар екенін, жаман мінез-құлық ұят және Құдайға белгілі екенін және егер олар жаман әрекет жасаса, өкінуі керек екенін түсінуі керек. Балаларға «кешіріңіз» деп айту және ары қарай өмір сүруді жалғастыру жеткіліксіз. Олар жаман мінез-құлқына өкіну Құдайға бағытталуы керек екенін түсінуі керек. Бұл сонымен қатар Құдайды одан әрі тануға жол ашады және ата-аналарға Құдайдың сүйіспеншілігі мен мейірімділігін үйретуге мүмкіндік береді. Сонда балалар Алламен тереңірек қарым-қатынас орната алады.

Ата-аналар педагогикалық күш-жігері үшін балалардан алғыс алмайды; керісінше, олар ашуланшақтық пен барлық қарсылыққа тап болуы мүмкін. Дегенмен, жағдайды қатты дауыспен және *tawbah* (араб тілінде: التوبة) жасалған кезде еркелету арқылы табанды түрде түсіндіру, балалардың өкіну сезімін және дұрыс емес әрекеттерден бас тарту тәжірибесін күшейтеді. Кейінірек, балалар есейген кезде, егер олар басқаларды ренжітсе немесе жамандық жасаса, олар Құдайдың алдында өз кінәсін түзету үшін не істеу керектігін біледі.

БАЛАЛАРҒА МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР (С.Ғ.С.) ЖӘНЕ БАСҚА ДА ПАЙҒАМБАРЛАР (Ғ.С.) ТУРАЛЫ ҮЙРЕТУ.

Ата-аналарға үй кітапханасын кітаптармен толықтырып, балалармен бірге үнемі оқуды әдетке айналдыру ұсынылады. Олар Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) туралы (оның өмірі, балалық шағы, мінезі және хабарламасы), немерелерінің әңгімелері мен Сахабалардың әңгімелерін

оқып, әңгімелеп беруіне болады. Пайғамбарлық әңгімелер балаларға Пайғамбарлар (Ғ.С.) әлеміне кіруге, олармен тығыз байланыс орнатуға және оларға үлгі ретінде еліктеуге мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл әңгімелер балалардың жас тобына бейімделуі керек және балалардың сәйкес келетін қырларына назар аударуы керек. Ата-аналар оларға тарихтағы күшті ерлер мен әйелдер, ақылақтық көшбасшылар туралы әңгімелер оқи алады.

Балаларға ислам өркениетінің жетістіктері туралы айтып беріңіз. Балаларды мұражайларға апарыңыз және оларға ислам өнерімен, тарихымен және сәулетімен танысуға мүмкіндік беріңіз. Мұражайлар – балалар тарихтан шабыт алатын тамаша орын және онда балаларға арналған іс-шаралар жиі өткізіледі. Интернетте де осы тақырыпқа арналған тамаша дереккөздер бар, мысалы, соңғы мың жылдағы мұсылмандардың жетістіктерін көрсететін «1001 Өнертабыс»: http://www.1001inventions.com. Ата-аналарға «1001 өнертабыс: Біздің әлемдегі мұсылман мұрасы» кітабын сатып алу ұсынылады. Бұл оңай оқылатын, әдемі суреттелген нұсқаулық оқырмандарды мың жылдық ғылым мен техникадан және тапқыр өнертабыстары бүгінгі әлемді құруға көмектескен ортағасырлық ізашарлардың өмірімен таныстырады. Біз өмір сүріп жатқан әлемнің керемет сұлулығын көрсететін аудио-көз-көрім мәліметтері бар веб-сайттар мен кітаптар/DVD дискілері де тағы бір тамаша ақпарат көзі болып табылады. Балаларға жаратылыстың ғажайыптары туралы (мысалы, ара ғажайыптары) көрнекі тартымды фильмдер көрсетілуі керек.

Сонымен қатар, балалар есейген сайын зайырлы дүниетанымның әсері олардың өсіп келе жатқан санасына тереңірек енеді. Бірте-бірте даму пайымдамасы сияқты тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап беруге дайын болыңыз (ол әлі де нақты ғылыммен дәлелденбеген пайымдама). Балалар әлемді тани бастаған сайын олардың қызығушылықтары арта түседі және оларды тек ислам мәдениетінің шекарасында қалдыра аламыз деп ойлау – барып тұрған аңғалдық. Құдай мен оның жаратылысы туралы білім балаларда терең тамыр жайған кезде, кейбір зайырлы пайымдаулардың талғампаздығымен күресу оңай болады. Балаларға олардың дүниетанымын бұрмалау әрекеттерін жоққа шығаруға және/немесе елемеуге болатын сенімді және берік негіз қажет.

БАЛАЛАРҒА ĀDĀB (ӘДЕПТІЛІК, АРАБ ТІЛІНДЕ) ҮЙРЕТУ

Исламдағы мінез-құлық тұжырымдамасы ақылақ (*ādāb*, араб тілінде) ұғымын қамтиды. Балалар-

ды «өтінемін» және «рахмет», сондай-ақ «әл-хәмдулиллаһ» (Алланы мадақтау, араб тілінде), «инша' Аллаһ» (егер Алла қаласа, араб тілінде) және «әс-сәләму әлейкум» (саған тыныштық, араб тілінде) деп айтуға үйрету керек. Көбінесе бұл әдемі сәлемдесу «Сәлем» («Мәрһәбән!», араб тілінде), «Сәлеметсіз бе» («Әһлән бикә», араб тілінде) немесе «Сау болыңыз» («Мә'ә Сәләмәти», араб тілінде) болып шығады. Балаларға дұрыс тамақтану мен ішу, лайықты киім кию әдебін және қоғамда өзін қалай ұстау керектігін үйрету керек.

Бұл әдеттерді өздері қабылдауы үшін балалар мен үй ортасын таза, тәртіпті және ұйымшыл ұстау маңызды. Оларды бүлдірмеңіз; кейде керемет кешкі астан гөрі қарапайым тағам дайындаған дұрыс, сол кезде олар ерекше дәмді тағамдар берілгенде тағамды бағалауды үйренеді. Балаларды жиі мақтау мен таңдану оларға бос әурешілік пен тәкаппарлықты сіңіруі мүмкін. Оларға өздері қалаған барлық ойыншықтарды сатып алудың қажеті жоқ; егер олар шынымен бірдеңе алғысы келсе, анда-санда үй шаруасында ата-анасына көмектесуіне рұқсат беру керек. Оларға Құдіретті Құдайдың одан да жақсырақ нәрсе бере алатынын еске салу керек. Мысалы, олар қалаған нәрселеріне қол жеткізе алмаған кезде баламалы шешімдерді әзірлеу балаларды нақты әлемде күтіп тұрған шындыққа дайындайды және олар қабылдаған барлық құндылықтар мен тәртіп оларға өмір бойы жақсы қызмет етеді.

БАЛАЛАРҒА БІРІНШІ НЕ АЙТУ ҚАЖЕТ: ОЛАР ҚҰДАЙДЫ ЖАҚСЫ КӨРЕДІ МЕ, ӘЛДЕ ҚҰДАЙ ОЛАРДЫ ЖАҚСЫ КӨРЕДІ МЕ?

Егер балаларға «мен Құдайды жақсы көремін, ол мені жаратқан, Жерді, Күнді және Айды жаратқан» деп айтуды үйретсе, оларға қандай хабар беріледі? Біріншіден, балаларда Құдай туралы түсінік жоқ, өйткені бұл олар әлі түсінбеген дерексіз идея. Олар үшін білмейтін нәрсені сүюдің немесе сүймеудің маңызы қандай? Сонымен қатар, балалар үшін олардың болуы, айналасындағы ғалам сияқты, мәнбілі болып табылады және ерекше ештеңе білдірмейді.

Алайда, егер сіз сұрақты керісінше қойып, оларға: «Құдай сені жақсы көреді, ол Сені жаратқан және сенің рахатың үшін ғаламды жаратты», – деп үйретсеңіз, онда олар өздерін жақсы көретін, және әрқашан қамқор болатын Құдайдың кім екенін білгісі келеді. Олар, әрине, осындай сүйіспеншілікке толы, қамқор Жаратушымен қарым-қаты-

наста болғысы келеді және ол туралы көбірек білгісі келеді.

Құлшылық ету, өмір сүру және Жаратушының еркіне ерікті түрде бағыну арасында тығыз байланыс бар. Біздің жақсы мінез-құлқымыз бір Аллаға, жақсылық пен шындықтың ең жоғары көзіне ұнау ниетіне негізделуі керек. Бұған апаратын жол – біздің және айналамыздағы адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін оның бұйрықтары мен нұсқауларын орындау. Біз өз руханиятымызды мейірімді, еңбекқор, адал, пайдалы және басқаларға көмектесу арқылы нығайтамыз, осылайша Жаратушыға жақындаймыз. Біз басқаларға көмектесу арқылы; өмір сүру, меншік және ар-намыс құқықтарын құрметтеу арқылы; әділеттілікке, жанашырлыққа және бостандыққа ықпал ету арқылы; озбырлықтан аулақ болу және қысымға қарсы тұру арқылы өзімізге көмектесеміз. Бұл күрестің бәрі Құдайды және оның керемет қасиеттерін үнемі біліп, есте сақтауды қажет етеді. Діни рәсімдерді сақтау бұл хабардарлықты және біздің Құдайға деген сүйіспеншілігімізді нығайтады. Осылайша, Алланың разылығына бөленіп, жақсы және дұрыс нәрселерде жетістікке жету үшін күш аламыз.

Балаларға үйретіңіз:

Құдай сені жақсы көреді. Ол сені жаратты және сенің рахатың үшін ғаламды жаратты.

Олар, әрине, осындай мейірімді, сүйіспеншілікке толы әрі қамқор Жаратушымен қарым-қатынаста болғысы келеді және ол туралы көбірек білгісі келеді.

Өз-өзіңді таны: Араб білімінің мәселесі

Бүгінгі таңда оқу, бостандық және ijtihad (зерттеу) қажеттілігі ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. БҰҰ-ның Араб елдеріндегі адами әлеуетті дамыту туралы есебі (2009-шы жыл) қазіргі араб әлеміндегі ғылыми ілгерілік пен зерттеулер тұрғысынан алаңдатарлық үрдісті көрсетеді. Қазіргі арабтар өздерінің бай мәдени дәстүрлерін сақтауда да басқа елдерден артта қалды. БҰҰ-ның 1991-жылғы зерттеуі араб елдерінің әлемдегі ең төмен жарияланымдардың біріне ие екендігін көрсетті. Еуропа алдыңғы қатарда, араб елдерімен салыстырғанда бес есе көп басылымдар шығарады.

Есеп араб елдері мен бүкіл әлем арасындағы өсіп келе жатқан теңсіздікті көрсетеді. Өктемшіл Араб мемлекеттері бақылауға деген ұмтылысында кез келген жерде жеңіп шығады. «Жалған қорғаныстың, цензураның және қоғамдық ақылақтың өзін-өзі тағайындаған күзетшілерінің қолдауымен бостандықты басу – бостандықты жоққа шығару. Бұл бас тартудың алғашқы құрбандары – шығармашылық, бастама, жаңартпа және білім».

(The Economist, 2003-ші жыл)

Ата-аналар өз рөлін Үкіметке жүктей отырып, балалар алдындағы жауапкершіліктен қашпауы керек. Ата-аналар, балаларының алдындағы үлгі және негізгі мұғалімдері ретінде қиындықтарға мойымай, қоғамды өзгертуге бағытталған кез келген күш-жігердің негізгі себепшарты болуы керек. Ата-аналар тиімді түрлендірулар үдерісінің «тұтану нүктесі» болып табылады; ал қозғаушы күш – оларға не және қалай істеу керектігін үйрететін зияткерлік түрлендірушілер мен тәрбиешілер. Егер ата-аналар сенімді болса – олар қажет нәрсені жасауға дайын. Олар балаларына кең ақылақтық әсер етеді және болашақ ұрпақтың мінезін қалыптастыра алады.

ТАПСЫРМАЛАР 21-25

21-ші тапсырма:

Жапония мен Германияның ілгерілеуі және мұсылман елдерінің артта қалуы.

3 жұп тобымен бейресми кездесуде осы мәселелерді талқылаңыз:

Неліктен көптеген мұсылман елдері ілгерілемеді, ал екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жойылған Жапония мен Германия бүгінде әлемдегі жетекші елдердің бірі болып табылады?

Неліктен кейбір мұсылман елдері әлі күнге дейін өзендерге қоқыс тастайды, білім беру жүйесі нашар және шикізатты арзанға экспорттайды, содан кейін оны қымбат өнеркәсіптік тауарлар ретінде сатып алады? Мысалы, бір тонна темір рудасы 2000 долларға шетелге шығарылады, содан кейін миллиондаған долларға компьютерлер мен электронды құрылғылар ретінде сатып алынады.

Неліктен мұсылман әлемі Құранның білім алуды жоғары бағалауына қарамастан, сауатсыздықтың ең жоғары көрсеткіштеріне ие?

22-ші тапсырма:

Балалар мен Жаратушы арасында мүмкіндігінше ертерек байланыс орнату!

Күнделікті оқылатын бес намаз Құдайды жүйелі түрде еске түсірсе де, оларды орындау арқылы Жаратушымен байланысуымыз керек басқа да көптеген әрекеттер бар.

Балаларды Жаратушыны үнемі еске алып отыруға үйрету керек. Тиімді әдістердің бірі – оларды Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оянғаннан бастап ұйықтағанша оқыған келесі дұғаларды жаттауға үйрету. Олар көп уақытты қажет етпейді, біздің көңіл-күйімізді жақсартады және іс-әрекеттерімізді дұрыс бағытқа бағыттайды (әсіресе тамақтанар алдында және тамақтанып болған соң). Апта сайын бір немесе екі дұғаны таңдаңыз, келесіге өтпес бұрын олардың дұрыс

айтылуын қадағалаңыз және олардың мағынасын балаларыңызға түсіндіріңіз. (Егер араб тілінде айту қиын болса, оларды ана тілінде немесе ағылшын тілінде айтуға болады)

Ұйқыдан тұрғанда оқылатын дұға: *Өлгеннен кейін қайта тірілткен Аллаһқа мадақ болғай! Өлгеннен кейін қайта тірілуіміз тек Оған ғана тән.*

اَلْحَمْدُ لِلّٰهِ الَّذِى اَحْيَانَا بَعْدَ مَا اَمَاتَنَا وَاِلَيْهِ النُّشُورُ

(әлһәмдүллиләһ әл-ләзийә ‘әәһйәнә бә’з мә’әәтәнә уә иләйһ ән-нұшур).

Күннің шығуын көргенде оқылатын дұға: *Біз таңға дейін өмір сүрдік, ал бүгінгі таңда да билік әлемдердің Иесі Аллаға тиесілі.*

عشنا حتى طلوع الفجر، وحتى اليوم فإن القوة لله رب العالمين

(‘иснә хәтәә тұлу’ әл-фәджр, уә хәтәә әл-йаум фә’иинә әл-қуат лиләһ раби л-әләминә)

Айнаға қарағанда оқылатын дұға: *Аллаһ Тағалам, мені (он екі мүшемді) көркем жаратқаныңдай, мінез-құлқымды да көркем ете гөр!*

Киім кигенде оқылатын дұға: *Маған бұл (киімді) кигізген, әрі оны маған өз тарапымнан ешбір күш-қуат жұмсамай тұрып нәсіп еткен Алла (Тағалаға) мақтау-мадақтар болсын!*

الْحَمْدُ لِلّٰهِ الَّذِي كَسَانِي هَذَا (الثَّوْبَ) وَرَزَقَنِيهِ مِنْ غَيْرِ حَوْلٍ مِنِّي وَ لاَ قُوَّةٍ

(әлхамдүллиләһ әлләзи кәсәәни хәзәә (әс-сәуббә) уә рәзәқәниһ мин ғайир хәулин мини уә лә қууа)

Мешітке кірерде оқылатын дұға: *Ұлы Аллаға, Оның ардақты дидарына және Оның ежелгі билігіне лағнетке ұшыраған шайтанның азғыруынан сиынамын. (Алланың атымен, Алланың елшісіне Оның тыныштығы мен игілігі болсын!) Я, Алла! Маған мейірім есіктеріңді аша гөр.*

أَعُوذُ بِاللهِ الْعَظِيمِ وَبِوَجْهِهِ الْكَرِيمِ و سلطانه القديم، من الشيطان الرجيم. بسم اللهِ وَالصَّلاَةُ وَالسَّلاَمُ عَلَى رَسُولِ اللهِ اللَّهُمَّ افتح لي أبواب رحمتك

(‘ағұзу биллә әләзим уә биуәйһиһ әл-кәрим уә сұлтануһ әл-қәдимә, мин әш-шәйтән әр-рәжими. Бисмилләһи уә әс-сәләәт уә әс-сәләәм иләә расул аллаһ аллахұмм әфтәһ ли ‘әб уәб рәһматикә)

Ас ішерде оқылатын дұға: *Аллаһым! Бізге берген ризық-несібелеріңе береке бер және бізді от азабынан сақтай гөр! Аллаһтың есімімен.*

اَللَّهُمَّ بَارِكْ لَنَا فِيمَا رَزَقْتَنَا وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ بِاسْمِ اللهِ

(әлләхұмм бәрикләнә фимә рәзәқтәнә уә қинә’әзәб ән-нәр бисмилләһи)

Су ішкен кезде оқылатын дұға: *Аллаға мадақтар болсын, ол біздің күнәларымыз үшін ащы және тұзсыз емес, өзінің рақымымен суды тәтті етті.*

Әжетханаға кірерде оқылатын дұға: *Уа, Аллаh! Жын-шайтанның кесапаттарынан және барша жамандықтардан Өзіңе сиынамын. Мені олардан қорғай гөр.*

اَللَّهُمَّ اِنِّى اَعُوذُ بِكَ مِنَ الْخُبْثِ وَالْخَبَائِثِ

(аллаhұмм ‘иннə а’ұзу бик мин əл-hұбс уаhəбəиси)

Әжетханадан шығарда оқылатын дұға: *Жанымды азаптайтын қиыншылықтан құтқарып, маған амандық пен саулық берген Аллаh Тағалаға мадақ болғай.*

اَلْحَمْدُ لِلّٰهِ الَّذِى اَذْهَبَ عَنِّى الْاَذَى وَعَافَانِى

(əлхəмдүллилəhиəл-ləзийə’əзhəбə ‘əннə’əл-əзhəə уə ‘əфəнийə)

Үйден шығарда оқылатын дұға: *Аллаhтың атымен, Аллаhқа тәуекел еттім. Күш-қуат тек Аллаhтан.*

بِسْمِ اللهِ تَوَكَّلْتُ عَلَى اللهِ، وَلاَ حَوْلَ وَلاَ قُوَّةَ اِلاَّ بِاللهِ

(бисмиллəhи тəуəкəлту’илəə аллаhи, уə лə хəулə уə лə-қуати ‘илəə биаллаhи)

Үйге кірерде оқылатын дұға: *Алланың атымен кірдік, Алланың атымен шықтық. Раббымызға тәуекел еттік.*

بِسْمِ اللهِ وَلَجْنَا، وَبِسْمِ اللهِ خَرَجْنَا، وَعَلَى رَبِّنَا تَوَكَّلْنَا

(бисмиллəhи уə ləджнə, уə бисмиллəhи хəрəджнə, уə ‘илəə рəббинə тəуəккəлнə)

23-ші тапсырма:
Алланың мейірбандылығы мен разылығын бағалау

Осы дұғалардың рухында (жоғарыдан қараңыз) балаларға ана тіліндегі жеке өтініштерімен Құдіретті Құдайға жүгінуге, содан кейін оларды ата-аналарымен талқылауға шақырылады.

24-ші тапсырма:

Келешектегі мәселелерге көз жүгірту.

Бір балаға осы шынайы оқиғаны дауыстап оқытып, өз тәжірибеңізбен бөлісе отырып, талқылаңыз. Құдайдың ең кішкентай нәрселеріне ризашылық білдіру бізге қызғаныш, реніш және қайғы сияқты сезімдерді сезінуге мүмкіндік бермейтін қанағаттану сезіміне әкеледі. Бұл – бақыттың құпиясы және мазасыздықтың емі.

Мен көптеген қиын мәселелерге тап болған бір жас әйелді білетінмін. Оның ата-анасы ажырасқан болатын, өзі науқас анасын бағатын және сонымен бірге азаннан кешке дейін жұмыс істейтін, қаржылық мәселелері де болатын. Алайда оның өмірге деген көзқарасы өте жағымды болды: «Егер мен таңертең оянып, аяғыммен жүре алсам, бұл менің толықтай жақсы екенімді білдіреді!» – дейтін.

Басқаша айтқанда, сізде бар нәрсеге назар аударыңыз және өмірдегі ең жақсы нәтижеге ұмтылыңыз. Келесі хадис осы үлкен көзқарасты былай қорытындылайды:

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген екен:

«Кімде-кім таңертең қауіпсіз жерде, дені сау болып оянса және оның ішерге асы болса, ол бүкіл әлемге иелік еткендей».

(Әт-Тирмизи және Ибн Маджа)

25-ші тапсырма:

Балаларды оқытуға арналған жеті тұжырым.

Балаңызға келесі хадисті оқып беріңіз, содан кейін әр ұстаным туралы ойланыңыз және оны нақты тәжірибемен байланыстырыңыз.

«Оның көлеңкесінен басқа көлеңке болмайтын күні Алла өзінің көлеңкесімен жабатын жеті адам бар: әділ билеуші, Аллаға құлшылық етіп өсіп келе жатқан жас, одан шығып қайтып келгенше жүрегі мешітке байланған адам, бір-бірін Алла разылығы үшін жақсы көретін, Алла разылығы үшін кездесіп, қоштасатын екі дос, жалғыз қалғанда Алланы еске алып, етегі жасқа толатын адам, «Мен Алладан қорқамын» деп жоғары дәрежелі және әдемі әйелдің көзқарастарынан бас тартқан адам және оң қолының садақа бергенін сол қолы білмейтін адам».

(Әл-Бұхари және Мұслім)

5-ШІ ТАРАУ

Ортақ мәселелер мен күтпеген кедергілердің шешімін таба білу.

КІРІСПЕ

Соңғы бірнеше тарауда біз балаларды тәрбиелеудің жақсы, кешенді жоспарының мәнін жеткізіп, оны жүзеге асырудың кейбір негізгі шараларын сипаттадық. Біз сондай-ақ жақсы балаларды тәрбиелеу үшін нұсқаулық ретінде жоспармен бірге табиғи ата-аналық түйсікті пайдаланудың маңыздылығын атап өттік. Ұсынылған тәсілдің икемділігі ата-аналарға тақуа, жауапты және әлеуметтік белсенді балаларды тәрбиелеудің өзіндік әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Біз жақсы балаларды тәрбиелеудің бақытты отбасылық өмірге және біздің рухани әлемімізге қарағанда әлдеқайда терең салдары бар екенін байқадық; қоғам мен өркениеттің құрылыс кірпіштерін құру ата-аналардың дұрыс әрекеттеріне байланысты. Алайда, жақсы жоспар бала тәрбиесінің қиын міндетін жеңілдетсе де, егер ол ата-ананың кейбір ықтимал қиындықтары мен тұзақтарынан өтуге көмектесе алмаса, ол толық бола алмайды. Бұл тарауда біз осы қиындықтардың кейбіріне назар аударамыз және ақылға қонымды бірнеше шешімдерді ұсынамыз. Алдымен біз кейбір негізгі мәселелерді, содан кейін келесі тарауда кейбір негізгі «тұзақтарды» қарастырамыз. Біз олардың кейбіріне тоқталғанымызбен, оларды біртұтас деп санау ата-аналарға олар және олардың балалары өмір сүретін әлем туралы және олармен кездесуге тура келетін кейбір күрделі мәселелер туралы көбірек білуге көмектеседі.

Ата-аналар тап болатын негізгі мәселелер

Қалай екенін білмесеңіз, баланы жақсы тәрбиелеу қарапайым міндет сияқты көрінеді, шын мәнінде ол – өте қиын міндет.

Балалар:
Ата-анамыз бізді ӘБДЕН МЕЗІ ЕТТІ!

Ата-аналар:
Біздің балалар әбден біздің ЕСІМІЗДІ ШЫҒАРДЫ!

БІР-БІРІҢІЗДІ КІНӘЛАУДЫ ДОҒАРЫҢЫЗДАР!

Мәселенің себебін анықтаңыздар.

Мәселелерді бірге талдап, оларды бірге шыдамдылықпен шешіңіздер!

Өмір – бұл қиын сынақтар тізбегі, ал бала тәрбиесі – ең қиын сынақтардың бірі. Дегенмен, бұл сынақтан сүрінбей өтсек баға жетпес сый күтіп тұр. Ата-аналарға алдағы тапсырманы асыра бағаламау және жеткілікті түрде бағалау үшін олардың алдында тұрған міндеттердің нақты ауқымын білу пайдалы. Егер олар бала тәрбиесін тым жеңіл деп ойласа, олар оған дайындалудың қажеті жоқ деп санайды. Егер олар бұл өте қиын деп ойласа, олар үмітін үзіп, бас тартуы мүмкін. Біз ата-аналар тап болуы мүмкін қиындықтарды анықтаймыз және ата-аналар бұл күресте жалғыз емес екенін білгеннен кейін біраз жеңілдік сезініп, көңілдері орнына түседі деп үміттенеміз. Бұл қиындықтарды басқа ата-аналармен талқылау керемет ұсыныс және көптеген ата-аналар олардың қаншама ортақ нәрселері бар екеніне таң қалады. Ата аналардың алдында тұрған көптеген мәселелердің кейбір мысалдары:

ТӘЖІРИБЕНІҢ БОЛМАУЫ

Бұл – бірінші бала пайда болған кезде маңызды мәселе. Ата-аналардың ешқайсысы көптеген жағдайларда не істеу керектігін білмейді. Олар кейбір пайымдамаларды зерттеген болуы мүмкін, бірақ оларда сарамандық тәжірибе жоқ. Басқа ата-аналар үлкен көмек көрсете алады; бұл жұмыс орнында басшыларсыз өтетін оқу үдерісіне ұқсас.

Құлақ арқылы тәрбиелеу, сөзбе-сөз мағынада!

Бұрын анам бізді құлағымыздан бұрап тәрбиелейтін, сол кезде оп-оңай көрінетін.

КҮНДЕЛІКТІ ҚЫСЫМ

Ата-аналар көбінесе әлеуметтік жыныстық еңбек бөлінісіне байланысты қысымға ұшырайды. Көптеген аналар бір күнді үйде өткізеді, ал әкелер үйден тыс жерде жұмыс істейді. Кешке аналар серуендегенді ұнатады, ал әкелер үйде болуды жөн көреді. Егер ата-аналар бір-бірін түсінбесе, бұл ұрыс-керіске әкелуі мүмкін.

Әке болу тек заттық қажеттіліктерді қамтамасыз ету ғана емес.

Біз есейген сайын жақсы әке болу балаларды тамақпен және жылы ұямен қамтамасыз ету ғана емес екенін түсінуіміз керек.

КҮНДЕЛІКТІ ҚАЛЫПТАСҚАН ТӘРТІП: АТА-АНАЛЫҚ МІНДЕТТІҢ АПТАСЫНА 7 КҮН ТӘУЛІГІНЕ 24 САҒАТ ЕКЕНІН ҚАБЫЛДАУ

Балаларды тәрбиелеу үшін белгіленген сағаттар жоқ және біз ата-ананың жұмысы тәулігіне жиырма төрт сағат, аптасына жеті күн және жылына елу екі апта демалыссыз жұмыс істейтінін қабылдауымыз керек. Балаларымен «ажырасу» деген ұғым жоқ. Ата-ана бола отырып, адам өмірінің соңына дейін міндеттеме алады және бұл міндеттеменің жолында ештеңе тұрмауы керек

ТӘРБИЕ – БҰЛ ИКЕМСІЗ МІНДЕТ

Бала туылғаннан кейін ата-аналық міндеттерді кейінге қалдыруға, басқа күнге ауыстыруға немесе елемей қоюға болмайды. Балалардың өздерінің биологиялық сағаттары бар және ата-аналар олардың дамуын түсінуі керек. Ата-аналар баланың өсуін бәсеңдете де, тездете де алмайды. Егер олар араласуға тырысса, оларды апат күтіп тұр. Әлем асығыс, бірақ балалар асықпайды. Табиғаттың қарқынын қабылдаған дұрыс: оның құпиясы – шыдамдылық.

БАЛА ТӘРБИЕСІ – БҰЛ УАҚЫТ, КҮШ ПЕН АҚШАНЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ «ҚАРЖЫ САЛУЫ»

Бала тәрбиесі – бұл баяу және қызықты үдеріс. Бұл ата-аналар баласының әділ немесе азғын адам екенін білгенге дейін бірнеше жыл бойы жалғасуы мүмкін.

АҚШ-тың президенті болу қиын ба немесе әке болу қиын ба?

«Мен екі нәрсенің бірін ғана жасай аламын: Не Америка Құрама Штаттарының президенті боламын немесе қызым Алисаны бақылаймын. Мен екеуін де бірдей жасай алмаймын».

Теодóр Рузвельт

(1858-ші және 1919-шы жылдар),

АҚШ президенті

(Портер және Сервантес, 2007-ші жылы)

«Менің бір сөзіме миллиондаған адамдар бағынады...бірақ мен үш қызымды таңғы асқа уақытында түсіре алмаймын».

Британдық офицер Уэйвелл

(1883-ші және 1950-ші жылдар)

Шоу, 1998-ші жыл

АТА-АНА – БАЛАЛАРҒА ӘСЕР ЕТЕТІН КӨПТЕГЕН СЕБЕПШАРТТАРДЫҢ БІРІ ҒАНА.

Ата-аналар балаларының үнемі өзгеріп отыратын әлемі туралы білуі керек. Мысалы, технологияның дамуы барған сайын күрделі міндеттерді қояды (теледидар, интернет, ұялы телефондар, онлайн былшылдар, сандық музыка, DVD және компьютерлік ойындар түрінде). Кино мен поп-жұлдыздарға табыну күн сайын артып келеді. Егер балалар бір немесе бірнеше басқа құрылғыға қосылмаған болса, балалар көптеген алаңдаушылықтармен қоршалған. Ата-аналар балаларын тәрбиелеуде толығымен еркін емес,

сондай-ақ теледидар, интернет және құрдастарының бәсекелестігіне тап болады. Балаларға көптеген жағымды және жағымсыз әсерлер бар. Ата-аналар көбінесе балаларының қалай жұмыс істейтінін үшін кінәні өз мойнына алса да, олар баланың дамуына әсер ететін көптеген себепшарттардың бірі ғана. Макро(қоғамдық) тұрғыдан алғанда, жақсы ниетті және ынталы ата-аналар да интернеттегі лас ақпараттарды азайта алмайды, көше бандаларының қатыгездігін тыя алмайды, ал бұқаралық ақпарат құралдарының дөрекілігін баса алмайды.

Ата-аналар бірінші маңызды әсер етуші себепшарт болғанымен, құрдастарының әсері балалар есейген сайын маңызды бола бастайды және студенттік жасқа дейін сақталады. Осы уақыт ішінде балалар достарының құндылықтары мен мінез-құлқын өздеріне қабылдап алуы мүмкін. Жасөспірімдер көбінесе құрдастарымен байланысады және ата-аналарынан алыстауы мүмкін. Бауырлар да бір-бірінің дамуында маңызды рөл атқарады және кейде тұрақты әсер етеді; олар бір-біріне арналған әлеуметтік айналар мен үлгілер іспеттес (жасына байланысты). Олар сондай-ақ бәсекелестік пен қызғаныштың көзі бола алады. Қоршаған ортаның алуан түрлілігі де балаларға да әсер етеді, мысалы, географиялық орналасуы, отбасы мөлшері, отбасы. орналасқан жері, отбасы көлемі, отбасының әлеуметтік жағдайы, басым дін және нәсілдік қатынастар секілді себепшарттар.

СӘБИЛЕР СӨЙЛЕЙ АЛМАЙДЫ

Жануарлармен қарым-қатынас жасау қаншалықты қиын екенін елестетіп көріңіз, содан кейін нәрестелер туралы ойланыңыз. Олар әлі сөйлей алмайды, сондықтан олардың қажеттіліктерін, сезімдері мен ойларын білу қиын. Біз тек болжауымыз керек. Бала кішкентай ересек адам емес, ересек адам үлкен бала емес. Біз балаларға түрлі кітаптарды және Құранды оқуға кеңес береміз, өйткені балалар сөйлей бастағанға дейін сөздерді есте сақтайды.

ТӘРБИЕ – БҰЛ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛ

Бала тәрбиесі күрделі дағдыларды қажет етеді (олардың көпшілігін біз түсіне бермейміз). Бала тәрбиесі жантану, әлеуметтану, экономика, медицина, биология, менеджмент және өнер сияқты бірнеше мамандықтарды қамтиды, өйткені бұл – әрі өнер, әрі ғылым. Айналамыздағы әлем өзгеріп, барған сайын

Ойға келмейтін қабылдау!

«Мен он төрт жасар бала кезімде әкемнің надан болғаны сонша, мен оның қасында болуға әрең шыдай алдым. Бірақ мен жиырма бір жасымда оның жеті жыл ішінде қанша нәрсе үйренгеніне таң қалдым».

МАРК ТВЕН

Иә, иә! Енді Мен білемін....

Балалар ата-аналарын 40 жасқа дейін менсінбейді, кенеттен олар ата-аналарына өте ұқсас бола бастайды – және өздерінің балалары менсінбейтін болады.

КВЕНТИН КРЮ, АМЕРИКАНДЫҚ ЖАЗУШЫ

Балалардың қабылдауы өзгереді

Ех, менің балам кішкентай кезінде мені әдемі деп ойлағандай, қазір де әдемі болсам ғой, ал жасөспірім кезінде мен оған ақымақ болып көрінгендей жартылай ғана ақымақ болсам ғой.

РЕБЕККА РИЧАРДС (БРАУН, 1994-ШІ ЖЫЛЫ)

Ата-ана болу – уақытылы міндет

«Біз көптеген қателіктер мен көптеген кемшіліктер ге кінәліміз, бірақ біздің ең жаман қылмысымыз – балалардан бас тарту, өмір су бұрқағын елемеу. Бізге қажет көптеген нәрселер бізді күте алады, ал бала күте алмайды. Дәл қазір оның сүйектері қалыптасып, қаны жасалып, ақыл-ойы дамып келеді. Ол үшін біз «ертең» деп айта алмаймыз. Ол үшін тек бүгін бар».

ГАБРИЭЛА МИСТРАЛЬ НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ, ЧИЛИ, 1986-ШЫ ЖЫЛ

күрделі сынақтарды біздің бағытқа бұрып жатқандықтан, жақсы тәрбиелеу дағдылары қажет бола бастады. Жоғары дәрежелердің болуы (ғылым немесе өнер саласында болсын) міндетті түрде бақытты және күшті отбасын құруға себеп болмайды. Қарым-қатынас жақсы және тиімді тәрбиенің маңызды құрамдас бөлігі болып қала береді.

ӘКЕ МЕН АНА БІРТҰТАС ТОП РЕТІНДЕ ӘРЕКЕТ ЕТУІ КЕРЕК

Топта жұмыс істеу оңай емес және бұл ата-аналар үшін үлкен сынақ. Ерлі-зайыптылар жақсы жұмыс істеуі үшін үйлесімді болуы керек. Сіз таңдаған жұбай тек әйеліңіз немесе күйеуіңіз ғана емес, болашақ балаларыңыздың анасы немесе әкесі. Некеге тұрар алдында көпшілігіміз бұл туралы ойлаймыз ба? Топта жұмыс істеу тек сүйіспеншілік пен шынайылықты қажет етпейді: ол білімді, дағдыларды және дұрыс көзқарасты қажет етеді. Ата-аналардың бірдеңе дұрыс болмаған кезде кінәләу ойынын ойнамағаны маңызды, көбінесе олар мәселені тудырды немесе жеткіліксіз жасады деп екіншісін кінәлайды. Олардың ұлы немесе қызы үнемі өзгеріп отырады және балалық шақтан ересек өмірге сәтті көшу ата-аналардың екеуінің де ынтымақтастығын қажет етеді.

ТӘРБИЕ – БҰЛ ҚОРЛАРДЫ ДҰРЫС БАСҚАРУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ДАҒДЫ.

Отбасының қаржы мәселелерімен айналысатын бухгалтерді, білім беретін тәрбиешіні және денсаулық мәселелерімен айналысатын медбикені жалдауға болады. Алайда, отбасын басқару міндетін беру мүмкін емес; егер ата-аналар отбасын басқара алмаса, оны басқа ешкім жасай алмайды. Отбасын басқару ата-аналардан сүйіспеншілік, рақымшылық, уақыт пен көңіл бөлуді талап етеді. Бұл ата-аналардың өздері орындауы керек ата-аналық міндеттердің ажырамас бөлігі. Кеңестік Ресейдегі марксистік тәжірибелерді қарасақ, онда ата-ана немесе отбасы мүшелері емес адамдар балаларды тәрбиелеу міндетін өз мойнына алды. Бұған дейін Грециядағы спартандықтар да солай етуге тырысқан. Нәтижесінде балалар үлкен сәтсіздікке ұшырады. Уақыт пен қорларды дұрыс басқару толық отбасыларға қарағанда қысылтаяң режимде жұмыс істейтін толық емес отбасылар үшін маңыздырақ.

БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ҚАБЫЛДАУЫ ОЛАРДЫҢ АТА-АНАЛЫҚ НИЕТТЕРІНЕ ҚАРАМА-ҚАЙШЫ БОЛУЫ МҮМКІН.

Балалар ата-аналарының көмегін араласу, олардың қамқорлығы мен сүйіспеншілігін – кедергі, ал кеңестерін – бақылау әрекеттері деп түсінуі мүмкін. Шындық маңызды болғанымен, балалар үшін қабылдау – бұл шындық. Сондықтан балалардан олардың ойлары, сезімдері мен реакциялары туралы сұрау өте маңызды. «Менің сен үшін жасағандарым саған ұнады ма?» – деп балаларыңыздан жиі сұраңыз.

БАЛАЛАРҒА НЕ ЖӘНЕ ҚАШАН АЙТУ КЕРЕКТІГІН БІЛУ.

Ересектер мен балалар бір оқиғадан әртүрлі сабақ ала алады. Сонымен қатар, ата-аналардың өмірін жеңілдететін нәтижеге жету үшін – балалардың аңқаулығы мен надандығын пайдалану ата-аналар үшін өте қызықты. Мысалы, балалар анар жегенде, ата-аналар анар шырынын киімнен жуу қиын деп айтудың орнына, бұл жемісті өте мұқият жеу керектігін, әр анарда жұмақтың бір дәні бар екендігі туралы астарлы әңгімелер айтса, балалар Құдайдың сыйын жіберіп алмау үшін әр дәнді мұқият тазалап жер еді. Алайда, мәнбілерді ұстанудың және балалардың толық ынтымақтастығын қамтамасыз етудің орнына, кейбір ата-аналар тым әсірелеп жібереді. Сол сияқты көптеген үйлерде күріш дәндері тазартылып, жуылды. Күріштің босқа кетуіне жол бермеу үшін аналар қыздарына өте сақ болуды және дәннің біреуін де жоғалтпауды тапсырды, өйткені олардың арасында арнайы жұмақ астығы

болды. Бұл ата-аналар өздеріне уақыт пен ақшаны үнемдеу үшін, сондай-ақ балаларды тәртіпке, тазалыққа және жауапкершілікке үйрету үшін қолданатын пайдалы және ақылды әдістер еді. Алайда, ата-аналар алалаудан және кемсітуден абай болуы керек. Белгілі бір жасқа жеткенде балаларға бұның барлығының жай аңыз екенін түсіндіру қажет, осылайша олардың ой-санасын ырым-жоралғылардан тазарту керек. Балалар арасында кең таралған тағы бір аңыз – Иса Пайғамбардың (Ғ.С.) Туған Күні пайда болатын және балаларға сыйлықтар беретін Аяз ата туралы аңыз. Балалар Аяз Атаны Құдайдан да маңызды деп санамауы керек.

Бір ана: "Емшек сүтімен емізу керемет. Тіпті түн ортасында мен сол кішкентайға қарап, кішкентайымның қалағанының бәрі Мен екенін білсем де, оны қалай емізгім келмейді? Емшекпен емізудің эмоционалды пайдасы мен үшін де, балам үшін де үлкен өзгеріс әкеледі".

БАЛАЛАРҒА ДҰРЫС ЕМЕС ҰҒЫМДАРДЫ БАЙҚАУСЫЗДА ЕНГІЗУ.

Кейбір жақсы ниетті ата-аналар келесі оқиғаларды баяндап берді:

1-ші оқиға: Сәлім балабақшадағы дәретханаға барудан бас тартқан кезде, тәрбиеші оның себебін сұрады. Сонда ол: «Менің ата-анам дәретханаларда жындар мен шайтандар бар екенін айтты. Мен олармен жалғыз қалудан қорқамын», – деп жауап берді.

2-ші жағдай: Кішкентай бала Хамид таң қалды. Оған періштелердің дәретханаға кірмейтіні айтылған болатын, сондай-ақ оған екі періште әрқашан оның иығында отырып, оның барлық әрекеттерін жазып алатынын айтты. Бұл екі періште онымен бірге әжетханаға барады ма?! Ол мұны түсіне алмады!

Кейбір ата-аналар балаларға шошқа етіне неге тыйым салынғанын дұрыс түсіндірмейді. Балалар шошқаларды жек көру және оларға

қатыгездікпен қарау керек деген қорытындыға келеді. Ата-аналар барлық жануарлардың Құдайдың әдемі жаратылыстары екендігін, бірақ олардың кейбіреулері тамақ үшін жақсы емес екенін түсіндірмейді. Олардың барлығы жақсы мақсатта жаратылған және біз жануарларға мейірімді болуымыз керек.

Кейбір тым ынталы және жақсы ниетті ата-аналар қателескен адамдарға деген жеккөрушілік туралы қате хабарлама жібереді. Олар жаман әрекет пен актер арасындағы айырмашылықты жасамайды. Сондықтан олар темекі шегушілерді де, темекі шегуді де жек көреді. Бұл балаларды адамдарды жақсы көрудің және олардың жасаған қателіктерін түзетуге тырысудың орнына жек көруге мәжбүр етеді. Нәтижесінде балалар өздерін басқа адамдардан жоғары санап, бойларында тәкаппарлық пайда болуы мүмкін.

ӨЗІН-ӨЗІ ЖАҒЫМДЫ ТҮРДЕ ҚАБЫЛДАУДЫҢ ҚИЫНДЫҒЫ.

Сән журналдары, Голливуд және әсем поп-жұлдыздар насихаттаған әдемі дене туралы аңыздарды құлағына сіңіріп өскен балалар (әсіресе жасөспірім қыздар) тамақтанудың бұзылуына немесе бет-мойынға түрлі опа-далап жағу мен сәнді киімге деген тым бекер ұмтылысқа оңай түсіп қалуы мүмкін. Сыртқы келбетке деген шамадан тыс алаңдаушылық «арықтықты» әдемі деп мәлімдейтін коммерциялық БАҚ-нан туындайды.

Балалар үшін бейкүнә балалық шақтан ересек өмірге еліктеуге көшу ерте жаста және олардың қажетті кемелдік ой-түсініктерімен бірге жүреді. Бұл балаларының балалық шағынан ләззат алғысы келетін ата-аналар үшін үлкен ауыртпалық тудырады. Сондықтан салауатты ақылақтық құндылықтарды, сенімділік пен жақсы мінезді тәрбиелеудің маңыздылығы барған сайын арта түсуде. Ата-аналар тұтынушылық өмір салтының әсерінен балалардың азғындауы мен ерте жыныстық қатынасқа түсуі туралы білуі керек.

(Уильямс, 2002-ші жыл)

Балалардағы қанағаттану сезімі бұқаралық ақпарат құралдары (яғни ақша, билік және атақ) насихаттайтын жалған қанағаттану көздерінен емес, қоғамға деген сүйіспеншіліктен, қарым-қатынастан және отбасылық байланыстардан туындауы керек.

КИЕЛІ КІТАПТАҒЫ МҰСАНЫҢ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ САБАҚТАРЫ: МҰСА НЕ АЙТҚЫСЫ КЕЛЕДІ.

Тыңдаңыз, Израиль: Біздің иеміз – Құдай, иеміз – жалғыз.

(Екі заңдылық, 6:4)

1-ші сабақ: Дұрыс басымдықтарды белгілеңіз! Ата-аналар балаларына басымдық беруді қалай үйретеді? Егер біз не маңызды екенін білмесек, не білетініміз маңызды емес. Егер біз Құдай туралы ұмытатын болсақ, онда біз бір сәттің құлына айналамыз.

Сен өз Құдайыңды, Жаратқан Иеңді шын жүрегіңмен, бүкіл жан-тәніңмен және бар күшіңмен жақсы көруің керек.

(Екі заңдылық, 6:5)

2-ші сабақ: Қарым-қатынас ережелерден маңыздырақ. Ереженің ережесі: Бірнеше маңызды, өзекті, қарапайым және түрлендіретін ережелерді бөлектеп алыңыз. Ережелер жаман емес, бірақ олар мінез-құлықты ішкі жағынан емес, сыртынан ішке қарай өзгертеді. Алайда махаббат адамның жүрегін өзгертіп, ынталандырады.

Менің бүгін саған айтып жатқан бұл сөздерім сенің жүрегіңде болсын.

(Екі заңдылық, 6:6)

3-ші сабақ: Жазбаларды іштей меңгеру. Ата-аналардың балаларын шабыттандырмас бұрын бұл сөздерді Құдайдан үйренуі маңызды. Бұл сөздер балалардың бір бөлігі болғанға дейін ата-аналардың бір бөлігі болуы керек. Ата-аналар қолында жоқ нәрсені бере алмайды, сондықтан олар уағыздаған нәрселерімен өздері де айналысуы керек. Егер бұл үй ішінде жұмыс істемесе, оны экспорттауға тырысып қажет емес.

Осы айтылғандарды балаларыңызға дұрыстап үйретіңіз.

(Екі заңдылық, 6:7)

4-ші сабақ: Уақыт мөлшері емес, оның сапасы маңызды. Ата-аналар «ескерту сәттерін» мақұлдауы қажет, егер олар табиғи түрде келмесе, оларды жоспарлауы тиіс. Ата-аналар балаларына ең қажет нәрседен басқаның бәрін беруге бейім: ол – уақыт. Біздің қоғам отбасына емес, жұмысқа бағытталған. Мәселе біздің кестемізге басымдық беру емес, басымдықтарымызға қарай кесте жасау.

Олар туралы үйде отырғанда, жолда жүргенде, жатқанда және тұрғанда сөйлесіңіз.

(Екі заңдылық, 6:7)

5-ші сабақ: Есте сақтау керек нәрсені қайталау да керек. Ата-аналар құндылықтарды дауыстап, астын сызып, қайталап айтып, тұжырымдауы керек. Тік, қысқа да нұсқа және қарапайым болыңыз. Көрсету және айту: Ата-аналар балаларын туыстарымен, көшбасшыларымен, Конгресс мүшелерімен, пасторлармен, имамдармен және өздері үйрететін құндылықтарды бейнелейтін қонақтармен таныстыра алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Барлық қиындықтарға қарамастан, ата-ана тәрбиесі екі ата-ана үшін де көңілді, орындалатын және жүлдеге толы әрекет. Әрине, кездесетін қиындықтар көп (құрдастарының жаман әсері, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жыныстық қатынас, түсінбеушілік және дұрыс емес басқару). Сондай-ақ қате түсініктер, қателіктер мен аңыздар да өте көп (келесі тарауда көретініміздей).

ТАПСЫРМА 26

26-шы тапсырма:

Маңызды ұғымдарды талқылау.

Балаларыңызға мыналарды түсіндіріңіз (өз мысалдарыңызды келтіріңіз):

Егер сіз не маңызды екенін білмесеңіз, не білетініңіз маңызды емес (басымдықтар).

Мәселе біздің кестемізге басымдық беру емес, басымдықтарымызға қарай кесте жасау.

Басқаларға махаббат сыйлау үшін жүрегіңізді Жаратқанға деген сүйіспеншілікпен толтырыңыз. Сізде өзіңізде жоқ нәрсені басқаға бере алмайсыз.

Ата-аналарға: Уағыздайтын нәрселеріңізді өздеріңіз де жасаңыздар. Әрине, бір сурет мың сөзге татиды, бірақ сарамандық мысал суреттен мың есе жақсы.

6-ШЫ ТАРАУ

Аулақ болуға тиіс жалпы қате түсініктер, кедергілер және аңыздар

КІРІСПЕ

Алдыңғы тарауда біз жақсы бала тәрбиелеудің ата-ананың жан тыныштығы мен бақытты үй өмірінен гөрі кеңірек салдары бар екенін атап өттік; бұл қоғам мен өркениеттің негізгі элементтерінің бірі. Біз мақсаттардың маңыздылығы туралы әңгімелестік және ата-аналар білуі керек кейбір негізгі мәселелерді егжей-тегжейлі қарастырдық. Бұл тарауда біз ата-аналардың тиімді тәрбиесі туралы жалпы қабылданған ой-түсініктер ды жоққа шығаруға, ата-аналарға кездесетін кейбір тұзақтарды бөліп көрсетуге және олардан қалай аулақ болуға болатынын көрсетуге назар аударамыз. Біз сондай-ақ кейбір жалпы аңыздарды жоққа шығарамыз. Біз мұны бала тәрбиесінің жақсы жоспары ретінде қарастырамыз, ал егер ол ата-аналарға кейбір ықтимал кедергілерді жеңуге көмектеспесе, бала тәрбиелеу үдерісін қанша жеңілдеткенмен, толық болып саналмайды.

ЖАЛПЫ ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАТЕ ТҮСІНІКТЕР МЕН КЕДЕРГІЛЕРДІ ЖОЮ.

ТҰҚЫМ ҚУАЛАЙТЫН ӘДІСТЕРДІ КӨРІП-БІЛМЕЙ ҚОЛДАНУ.

Біздің көпшілігіміз ата-анамыздан белгілі бір әдеттерді үйренеміз. Бұл әдеттер әрдайым пайдалы бола бермейді, ал кейбіреулері ескірген немесе тіпті зиянды болуы мүмкін. Бірде бір ана: «Мен жүкті болған сәттен бастап өз анам секілді болдым», – деген екен. Иә, ата-анамыз бізді тәрбиелеу үшін қолдан келгеннің бәрін жасады және біз оларға ризашылық білдіруіміз керек, сондай-ақ біз өз тәжірибемізде қымбатты ата-анамыздың сүйіспеншілігі мен қамқорлығын сезіндік, Алла олардың жанын жарылқасын. Бірақ олардың барлығында жемісті тәрбие үшін қажетті құралдар, білім мен дағдылар болмағанын мойындау керек.

БАСҚА АДАМДАРҒА СОҚЫР ЕЛІКТЕУШІЛІК.

Соқыр еліктеушілік – бұл тәрбиенің дұрыс емес тәсілі. Әр баланың өзіндік ерекшелігі бар, ал бір балаға жақсы нәрсе екіншісіне сәйкес келмеуі мүмкін. Ата-аналар балалармен қарым-қатынас жасаудың ең жақсы әдісін анықтауға тырысуы керек. Басқа ата-аналармен кеңесу кезінде олар қолданылатын тәрбиелеудің әртүрлі мәнерлері туралы білуі керек, өйткені олар белгілі бір жағдайда оларды қолданудың пайдалылық дәрежесінде айтарлықтай ерекшеленеді. Кейбір ата-аналар өзін-өзі ұстамайды немесе демократиялық, ал басқалары қатал және үстемшіл болуы мүмкін.

ӘР ҚАДАМДА ЖАҢА ТОСЫН СЫЙ

«Жаңа әкелер бала тәрбиесінің үмітсіз импровизация екенін тез үйренеді».

(Билл Косби, актер)

«Ата – ана болу – бұл сіз үйренетін нәрсе емес; бұл сіз балалар пайда болған кезде айналысатын нәрсе».

(Элкинд, 1995-ші жыл)

ОРЫНДАЛМАЙ ҚАЛҒАН ТІЛЕКТЕРІМІЗДІ БАЛАЛАРЫМЫЗ АРҚЫЛЫ ОРЫНДАУ.

Бұл ата-ананың дұрыс емес мінез-құлқының жалпы көзі. Балаларын орындауға итермелей отырып, өздері қол жеткізе алмаған мақсаттарды балалары арқылы жүзеге асыруға тырысатын ата-аналар бар. Мысалы, дәрігер немесе инженер болуды армандаған, бірақ олай ете алмаған ата-ана баласына медицина немесе инженериямен саласын таңдауды бұйыруы мүмкін, бірақ оның мұндай тілегі орындалмауы да ғажап емес. Балалар тек ата-аналарының жалғасы емес. Олардың өзіндік, тәуелсіз тілектері мен мақсаттары бар.

Ата-аналар балаларын өздерінің жалғасы деп қана көруі өте қызықты. Балалар арқылы олар өздерінің кемшіліктерін, тіпті ата-аналарына қатысты өткен қателіктерді де түзетуге тырысады. Егер ата-аналар ешқашан жақсы гольф ойыншылары болмаса, олар балаларының гольф чемпионы болғанын қалайды. Егер ата-аналар математиканы жақсы білмесе, олар балаларының Эйнштейн сияқты болғанын қалайды. Егер ата-аналар саясаткер бола алмаса, олар әр саяси жарыста балаларының жеңіске жетуін қалайды. Ата-ана болу екінші балалық шақ емес, ал балалар ата-аналарының шағын нұсқалары емес. Басынан бастап-ақ оларды кім екендігі үшін және кім болатындығы үшін құрметтейді.

АТА-АНАЛЫҚ МІНДЕТТЕРДІ БӨЛІП БЕРУ.

Бала тәрбиесімен көбінесе анасы немесе әкесі айналысады деп болжанады. Шын мәнінде, әкесі анасын алмастыра алмайды, ал анасы әкесінің орнын баса алмайды, тура оң қолдың сол қолды, ал сол қолдың оң қолды алмастыра алмайтыны секілді. Әр ата-ананың өзіндік ерекше және маңызды рөлі бар. Ата-әжелер, басқа туыстар немесе күтушілер де ата-ана рөлін атқара алмайды, себебі олар ата-аналарына қасиеттері мен мәртебесі бойынша тең емес.

БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАҒАНДА ҚИСЫН ЖЕТКІЛІКТІ ДЕП ЖОРАМАЛДАУ.

Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас тек ұтымды ойлауға негізделмейді, өйткені әдеттер мен жан толғаныстар теңдеуге енеді. Ата-аналар балаларын: «Жей ғой, бұл саған пайдалы, олардың құрамында сау және күшті болу үшін қажетті дәрумендер мен минералдар бар», – деп, жемістер мен көкөністерді жеуге көндіре алмайды. Дәлелдеу қажет болуы мүмкін, кейде ол да жеткіліксіз боп жатады.

ӨЗ БАЛАЛАРЫҢЫЗҒ А ҚАРСЫ СОҒЫСТА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТУГЕ БОЛАДЫ ДЕГЕН БОЛЖАМ ЖАСАУ.

Ата-аналар түрлі шайқастарда жеңіске жетсе де, ақыр соңында балалары кек алып, оларды жек көре бастайды. Ата-аналар 10 жасар қызына шектеусіз тілектерін орындауға күшпен тыйым сала алады, бірақ қызы 13 жасқа толғанда үйден қашып, жүкті болып, ата-анасы бастаған соғыста жеңіске жетуі мүмкін. Олардың ұлы көлікті ұрлап, үлкен апатқа ұшырауы мүмкін. Ата-аналардың бір ғана баламасы бар: балаларды өз жағына тарту. Бұл қалай жасалады? Тыңдау, талқылау, жақсы көру, пайымдау және түсіну. Бұл шыдамдылық пен тиімді қарым-қатынасты қажет ететін нәзік тапсырма.

АТА-АНАЛАР ӨЗДЕРІНІҢ ҮЛКЕН ЕКЕНІНЕ ЖӘНЕ БАРЛЫҒЫН ҚАДАҒАЛАП ОТЫРАТЫНДЫҚТАРЫНА СҮЙЕНЕДІ.

Балалар уақыт өте келе олардың да күшті болатынын біледі. Егер ата-аналар өз күштерін балаларды қорқыту үшін пайдаланса, оларды қорқытып тәрбиелесе», онда балалар ересек жасқа жеткенде дәл сондай мінез-құлық айласын қолдана алады. Егер ата-аналар балаларға олардың жағында екенін сезіндірсе, онда балалар да басқалармен жақсы қарым-қатынаста болады. Олар өз күштерінің ата-анасының күші арқылы толықтырылатынын түсінеді. Балаларын мәжбүрлейтін ата-аналар, егер олар мәжбүрлеудің орнына сүйіспеншілік пен сенімділікті қолданса, дәл осындай нәтижеге, мүмкін одан да жақсы нәтижеге қол жеткізе алатынын түсінбейді. Егер махаббат пен күш бірдей нәтиже бере алса, онда неге күшті қолдануымыз керек?

АТА-АНАЛАР БАРЛЫҚ БАЛАЛАРЫНА БІРДЕЙ ҚАРАУҒА БОЛАДЫ ДЕП САНАЙДЫ.

Ата-аналар олардың барлық балалары бір-біріне ұқсайды деп ойлауы мүмкін, бірақ шын мәнінде олай емес. Отбасындағы балалар байламдағы гүлдер сияқты; әрдайым ұйымдастырушының қалауына қарама-қарсы бағытта болады. Балалар стресске төзімділігімен, оқу қабілетімен, әлеуметтік жағдайларға деген сенімділік деңгейімен және әуесқойлықтарымен ерекшеленеді. Көп ұзамай ата-аналар әр баланың ерекшелігін – оның барлық басқа балалардан және олар туралы оқыған балалардан айырмашылығы туралы біледі. Бауырлардың қалай ерекшеленетіні таңқаларлық жайт. Кейбір айырмашылықтар жыныстық және әлеуметтік жыныстық рөлдік әлеуметтенудегі айырмашылықтарға байланысты болуы мүмкін.

БАЛАҒА КІШКЕНТАЙ ЕРЕСЕК АДАМ РЕТІНДЕ ҚАРАУ.

Ата-аналар балаға кішкентай ересек адам ретінде қарау керек деген қате пікірде болуы мүмкін. Әл-Джәрәджрәh (1988-ші жылы, араб тілінде) баланың гректер мен римдіктер ойлағандай кішкентай адаммен бірдей емес екенін түсіндіреді. Ол біздің өміріміздің ең маңызды кезеңін – балалық шақ деп санайды.

Шындығында, ата-аналар баланың жантануын түсінуі керек, ал бұл оңай нәрсе емес, керісінше баланың биологиялық қажеттіліктерін түсіну оңайырақ (мысалы, егер нәресте аш болса, сіз оны тамақтандырасыз, егер ол шаршаса, сіз оны тыныштандырасыз немесе жөргегі толып кетсе, сіз оны жуасыз). Баланың жансезімдік қажеттіліктерін түсіну қиынырақ. Олар өздерін басқаларға қарағанда жақсырақ білсе де, тіпті ересектердің өзіне ересек жантануын түсіну қиынға соғып жатады.

Балаларыңызға жәй ұлдарыңыз бен қыздарыңыз сияқты қараңыз

«Сіз батырларды, ұлдарды тәрбиелеп жатырсыз. Егер сіз оларға ұл ретінде қарасаңыз, олар сіздің көз алдыңызда болса да, батыр болады».

(Ширра, 2001-ші жыл)

Балалар ата-аналарына сабақ береді.

«Некенің құндылығы ересектердің бала шығаруы емес, балалардың ересектерді шығаруы».

(Питер Де Врис, 2002-ші жыл)

БАЛАЛАРҒА ҚАЛАҒАНЫНЫҢ БӘРІН САТЫП АЛЫП БЕРУ.

Ата-аналар балаларына қалағанын сатып алып беруге немесе баланың әр қыңырлығына көңіл бөлуге асықпауы керек. Ата-аналардың міндеті – балаларының кез-келген қыңырлығына бой алдырмай, керісінше оларды оқыту, оларға тапсырмалар беру, өмірде «алу» ұғымымен қатар, «беру» ұғымы да бірге жүретінін түсінуге көмек беру. Бұл тұзақ ата-аналар балаға заттар сатып алуға дағдыланған кезде және не болып жатқанын түсінбестен, өсіп келе жатқан баланың киім, CD, DVD және ойыншық сияқты талаптарына үйіліп қалған кезде білдірместен пайда болады.

АТА-АНАЛЫҚ МІНДЕТТЕР ТУРАЛЫ КЕЙБІР ЖОЙЫЛЫП КЕТКЕН АҢЫЗДАР

Ерлі-зайыптыларды қоғамның жаңа мүшелерін құруға итермелеу үшін бала тәрбиесі белгілі бір жолмен армандандыруы керек. Бірақ кейбір ата-аналар бала тәрбиесі тек рахат сезімін сыйлайтынына, жақсы ата-аналардың «автоматты түрде» жақсы балалары болатынына, сәтті ата-ана болу үшін махаббат пен түйсіктің жеткілікті екеніне, балалардың ата-аналарының жасаған құрбандықтарын бағалайтынына және бала тәрбиесінің қажеттіліктерін түсіну өздігінен пайда болатынына, сондай-ақ отбасылық құндылықтардың оңай қалыптасатынына сенімді. Дегенмен, бұл шындыққа жанаспайды. Төменде біз ата-ана туралы кең таралған аңыздарды қорытындыладық. (Knox және Schacht, 1997-ші жыл)

1-ші аңыз: Бала тәрбиесі – әрқашан көңілді үдеріс. Болашақ ата-аналар теледидардан саябақта балаларымен ойнайтын жас ата-аналардың жарнамаларын көреді және бала тәрбиесін өте көңілді үдеріс деп ойлайды. Шындығында, бәрі басқаша. Көңіл көтеру ұғымы адамның оны қабылдауы немесе қалдыруы мүмкін екенін білдіреді, ал ата-аналар балалармен бірге болып, бұл әрекетті ұнатса да, ұнатпаса да, оларға қамқорлық жасауды жалғастыруы керек. Олар бір бастаса, өздері қалаған уақытта тастап кете алмайды.

2-ші аңыз: Жақсы ата-анадан сөзсіз жақсы бала туылады. Көптеген адамдар «жаман» болып шыққан балалардың (нашақорлар, ұрылар, жезөкшелер немесе алаяқтар) ата-аналары нашар тәрбиелеген санайды. Біз балалардың сәтсіздіктері үшін барлық кінәні ата-аналарға жүктейміз. Алайда, қолынан келгеннің бәрін жасаған көптеген жақсы ата-аналардың балалары ата-анасы сияқты жақсы болмауы мүмкін (мысалы, Нұх Пайғамбардың (Ғ.С.) ұлын ойлаңыз). Керісінше, көбінесе ата-аналар жаман болуы мүмкін, ал балалар жақсы болып шығады

(мысалы, перғауынның үйінде тәрбиеленген Мұса мен өз әкесі қарсы шыққан Ибраһимның Пайғамбарлық (Ғ.С.) Істерін еске түсіріңіз.

3-ші аңыз: Балалар әрқашан риза. Ата-аналардың көпшілігі егер олар балаларға қажет нәрсенің бәрін берсе, онда балалар ата-аналарының жасаған құрбандықтарын мойындайды деп ойлайды. Бірақ әрдайым олай бола бермейді. Балаларына сүйіспеншілік, қамқорлық пен тәрбие беретін ата-аналарды балалар бағаламауы мүмкін. Кейбір ата-аналар балалар заттарды (киім, ойын, компьютерлер мен машиналар) бағалайды деп санайды, бірақ бұл болжам қате. Кейбір балалар ата-аналары берген барлық нәрсеге өздерін құқылы деп санайды, сондықтан ата-аналарының олар үшін жасағандарын бағаламайды.

4-ші аңыз: Бала тәрбиелеу табиғи түрде жүреді. Кейбір адамдар бала тәрбиесін ресми түрде оқытудың қажеті жоқ деп санайды. Көптеген елдерде білім беру саласында бала тәрбиесіне қарағанда жүргізушілерді даярлау бет алыстары көбірек. Жаңадан ата-ана атанғандар мен тәжірибелі аналар арасында нақты айырмашылықтар бар. Енді балалы болған аналар балаларының мақсаттары мен қажеттіліктерін дұрыс түсіне алмайды және олар есейген сайын олардан қандай мінез-құлық күтуге болатынын білмейді.

Бала тәрбиесі кейде шаршатып жіберетін сияқты.

Кейде сіздің аузыңызға салған тамағыңыз сізді тістейтіндей көрінеді.

Тәжірибелі аналар, керісінше, балалардың қалай ойлайтынын және өзін қалай ұстайтынын жақсы түсінеді. Бала тәрбиесі жөнінде білімі жоқ адамдар көбіне ата-аналарының қателіктерін қайталап жатады.

5-ші аңыз: Отбасылық құндылықтарды қалыптастыру оңай. Көптеген адамдар үшін отбасылық құндылықтар төмендегілерді білдіреді:

- Үлкендерге және басқа адамдарға құрмет.
- Адамдар арасындағы айырмашылықтарды бағалау.
- Келіспеушіліктерді сабырлы түрде талқылау және оларды шешудің бірлескен жолдарын таба білу қабілеті.
- Жақсы нәрсені ұстану, тіпті қиын болса да.
- Міндеттемелерді қабылдау және орындау.
- Кез келген уақытта жеке адалдықты сақтау.
- Басқаларға көмектесу және қоғамға қызмет ету.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын және басқа да көптеген құндылықтарды қалыптастырудың оңай емес екені анық.

6-шы аңыз: Түйсік, дұрыс ой және махаббаттың болғаны жеткілікті. Ата-аналарға білім мен дағдылар қажет. Ата-ана болу – бұл уақтылы әрекет етуді қажет ететін кішігірім оқиғалардың, мерзімді қақтығыстардың және кенеттен болатын дағдарыстардың шексіз тізбегі. Реакция салдарға әкеледі, өйткені әрбір жауап баланың жеке басына жақсы немесе жаман әсер етеді. Баланың қажеттіліктеріне дұрыс жауап беру – үйренуді қажет ететін дағды. Баланың мінезі әртүрлі адамдармен және жағдайлармен қарым-қатынас тәжірибесінің әсерінен қалыптасады.

Мінез ерекшеліктерін ерікті түрде үйрету мүмкін емес. Дәрістер арқылы адалдықты, хат алмасу арқылы батылдықты, ал еркектік немесе әйелдік қасиеттерді шабыттың көмегі арқылы үйрету мүмкін емес. Мінезді қалыптастыру үшін балалар жантануы (жансезімдігі) мен баланың даму кезеңдерін білу қажет. Ата-аналар жасөспірімдердің жанашырлық, адалдық және батылдық сияқты қасиеттерге ие болғанын қалайды. Ол үшін ата-аналар өз ойларындағы мұрағиятты сәтті нәтижелерге айналдырудың дұрыс әдістерін үйренуі керек.

Адам болжайды,
ал Құдай басқарады.

Сіз бірінші балаңызды өте жақсы жоспарлай аласыз, бірақ ол пайда болған кезде мүлдем жоспарланбаған нәрселер болады.

7-аңыз: Өз азаптарын дұрыс түсінбеу. Кейбір ата-аналар балаларының жолында «күйіп кету» керек деп шын жүректен сенеді. Сонымен қатар, олар дін осылай талап етеді деп ойлайды. Шындығында, байлық пен балалар азаптау мен азап шегудің бір түрі емес, ата-аналар үшін қуаныш пен өмірдің сәні ретінде қарастырылуы керек.

Мал мен балалар, дүние тіршілігінің сәні. Ал бақи қалатын жақсылықтар болса, Раббының қасында; табыс бойынша да жақсы әрі үміт тұрғысынан да жақсы.
(18-ші сүре, 46-шы аят)

Ата-аналар, әсіресе аналар, балаларының қажеттіліктері үшін қызметші ретінде әрекет ете отырып, олар үшін шексіз құрбандыққа бармауы керек. Аналарға да көмектесіп, қызмет көрсетілуі керек. Олар ең алдымен өздеріне, содан кейін балаларға қамқорлық жасауы керек.

8-ші аңыз: Ата-ананың басты жауапкершілігі – оның балалармен қарым-қатынасы.

Керісінше, бірінші жауапкершілік – басқалармен қарым-қатынас емес, адамның өзіне деген қарым-қатынасы.

Сол күні, кісі туысынан қашады;
Шешесінен, әкесінен.
Әйелінен және балаларынан.
Ол күні әркімнің ісі ауыр.
(Әркім өз халімен әлек)
(80-ші сүре, 34-ші және 37-ші аяттар)

Өзіңіз, балаларыңыз және Жаратқанмен қарым-қатынас арасында тепе-теңдік орнатыңыз. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқандай:

«Сенің жұбайыңның саған құқығы бар, сенің денеңнің саған құқығы бар, сенің Жаратушыңның саған құқығы бар, сондықтан әрқайсысына өз құқығын беріңіз».

(Әл-Бұхари)

Бұл дегеніміз, ата-аналар өз денсаулығына, қуанышты сәттеріне, заңды тілектеріне, достығы мен демалысына балаларынан кем қамқорлық жасамауы керек дегенді білдіреді.

Ақылсыздық пен даналық!

«Ақылсыздық тұқым қуалайды; ол сізге балаларыңыздан беріледі».
Сэм Левинсон (Brown, 1994-ші жыл)

«Дана болу өнері – не нәрсені байқамау керектігін білу өнері».
Уильям Джеймс (Lazear, 1993-ші жыл)

Тікелей тәжірибе.

Тәрбиені өз тәжірибесінен үйренуге болады, бірақ бұл қатал мұғалім: Ол алдымен тапсырмалар береді, содан кейін ғана сабақты түсіндіреді.

Мына дұғаны оқып жүріңіз: «О, Құдай, маған өмірдің барлық сабақтарын өз тәжірибемнен үйренуге тура келмесін!»

ТАПСЫРМАЛАР 27-28

27-ші тапсырма:
Қиын жеке тәжірибе.

Сіз ата-ана болу неге қиын екенін өз тәжірибеңізбен түсіндіре аласыз ба? Балаларға өз қиындықтарыңыз туралы айтыңыз – мүмкін бұл олардың өмірінің олар білмейтін жақтарына көздерін ашады.

28-ші тапсырма:
Тәрбие туралы ойларды талқылау.

Отбасылық жиналыста келесі аяттарды түсіндіріңіз, содан кейін бала тәрбиесіндегі ойларыңыз, қиындықтарыңыз бен қуаныштарыңыз туралы сөйлесіңіз. Өзіңіз білетін адамдардың оқиғаларынан мысал келтіріңіз!

Бір әке: «Балалар ата-аналарын жазалау үшін жаратылған», – деген екен. Алайда Құран былай дейді:

> ***Мал мен балалар, дүние тіршілігінің сәні. Ал бақи қалатын жақсылықтар болса, Раббыңның қасында; табыс бойынша да жақсы әрі үміт тұрғысынан да жақсы.***
>
> ***(18-ші сүре, 46-шы аят)***

> ***Әй, мүміндер! Сөзсіз әйелдеріңнен балаларыңнан өздеріңе дұшпан болатындар да бар. Олардан сақсыңыңдар. Егер оларды кешірім етсеңдер, шығыссаңдар, жарылқасаңдар, шәксіз Алла, өте жарылқаушы, ерекше мейірімді.***
>
> ***(64-ші сүре, 14-ші аят)***

> ***Шын мәнінде малдарың, балаларың бір сынақ. Үлкен сыйлық Алланың қасындағы.***
>
> ***(64-ші сүре, 15-ші аят)***

7-ШІ ТАРАУ

Бәрі ойдағыдай болмаған кезде

КІРІСПЕ

КЕЗ КЕЛГЕН қарым-қатынас үшін, соның ішінде ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас үшін табысқа жетудің нақты кепілдігі жоқ. Бәрі сіз ойлағандай болмауы мүмкін. Сіз өзіңіздің әдемі жаңа туған балаңызға мақтанышпен қараған кезде, сіз, сөзсіз, үміт пен оптимизмге толы болдыңыз. Сіз балаңызбен бірге өткізетін әдемі күндер үшін дұға еттіңіз және одан сүйіспеншілік, мойынсұнушылық пен құрмет күттіңіз. Сіз: «Біздің қарым-қатынасымыз қандай керемет болады!» – деп ойладыңыз.

Он бес жылдан кейін сіз өзіңізге: «Не дұрыс болмады?» – деген сұрақ қоясыз. Сіз істеу керек нәрсенің бәрін жасадыңыз және балаңызды сүйіспеншілікке, тәртіпке және сенімге тәрбиелеу үшін бар күшіңізді салдыңыз. Бірақ сіздің ұрпағыңыз бас әріппен басталатын жасөспірім құбыжыққа қалай айналды?

Бір әке өзінің керемет перзенті, денсаулығы жақсы, үздік оқитын ұлының әсершіл дамымаған және жансезімдік тұрғыдан мүлдем жетілмегенін білгенде қатты таң қалды. Кейбір ата-аналар баласының әсершіл мәселелері бар екенін байқамауы мүмкін, әсіресе егер бала мектепте жақсы оқитын болса, сондай-ақ дене және жансезімдік тұрғыдан қалыпты болса байқау қиын. Шындығында, ол сыныпта ең жақсы болуы мүмкін, бірақ жеткілікті әсершіл қабілеттерге ие емес. Ата-аналарға мұғалімдерден, достарынан немесе туыстарынан кеңес немесе кездейсоқ түсініктеме келуі мүмкін және оны ата-аналар байыпты қабылдап, шұғыл әрекетке көшу керек.



Бір ана былай дейді: «Біз әдемі қала маңында тұрамыз, балаларымыз ең жақсы мектептерге барды және біз отбасымызбен көп уақыт өткізетінбіз: бірге серуендеуге, шаңғы тебуге, жүзуге баратынбыз. Қазір біздің ұлымыз түрмеде отыр. Бір күні түнде ол жергілікті азық-түлік дүкенін тонап, аяғынан жарақат алды. Біз өзімізден нені дұрыс істемедік деп сұрауды доғардық. Ол жиырма үш жаста және бір түнде ұрлық жасаймыз деп шешкен жігіттер тобымен дос болды».

Бұл тарауда бірдеңе дұрыс болмаған жағдайда не істеуге болатыны қарастырылады. Өткенге тоқталудың немесе ата-ана ретінде қай жерде сәтсіздікке ұшырағанымыз туралы сұрақтар қоюдың орнына қиындықтарды қалай жеңуге болатынына назар аударған дұрыс. Мұнда жасөспірімдердің ызасы, ашулануы, қорқытуы және жаман мінез-құлқы қарастырылады. Кітап сонымен қатар ашық қарым-қатынасты туындаған қиындықтарды жеңудің маңызды құралы ретінде қарастырады. Қаншалықты үлкен болса да, шешілмейтін мәселе жоқ.

Егер бірдеңе дұрыс болмаса, бұл автоматты түрде ата-ананың сәтсіздігімен теңестірілмеуі керек. Бұл міндетті түрде сіздің кінәңіз немесе қасақана жасаған қателігіңіз емес. Сіздің ұлыңыз немесе қызыңыз үнемі өзгеріп отырады және балалық шақтан ересек өмірге ауысу үйкеліс тудырады. Сіз өзіңізді немесе жұбайыңызды кінәламауыңыз керек. Ата-аналар бала тәрбиесімен байланысты барлық қиындықтардан қорықпауы керек. Кедергілерді дұрыс тәрбиелеу арқылы жеңуге болады және бұл пайдалы тәжірибе болуы мүмкін және болады. Үміттену және дұға ету, сондай-ақ басқа ата-аналармен білім, нұсқаулар мен дағдылар алмасу табысқа жетудің қажетті кепілі болып табылады.

ЫЗА, ТІЛАЗАРЛЫҚ, АШУШАҢДЫҚ ЖӘНЕ КӨЗ ЖАСЫ

Балалар үнемі үйрену арқылы өсіп-жетіледі және олардың тексеретін нәрселерінің бірі – ата-ананың бақылауы мен күші. Бұл ерік шайқасына айналуы мүмкін. Ата-аналардың ешбір дәрісі қыңыр балаларды тоқтата алмайды, олар айқайлап, қалағанын алғанға дейін бүкіл үйдің астаң-кестеңін шығарады немесе ата-анасының назарын өзіне аудартканша жылай береді. Ата-аналардың шыдамы шегіне жетіп, жылауға дейін баруы мүмкін, бұл жағдайда ең оңай шешім – көндігу. Бұл дұрыс емес әрекет, өйткені ол ұзақ уақыт назар аударуды талап ету әрқашан жұмыс істейді деген идеяны күшейтеді. Айқайлау, ұрып-соғу және балаларды мәжбүрлеу де мәселені шешпейді.

Шешім – балаларды сіздің ережелеріңізді құрметтеуге және бақылауды өз қолыңызға қалдыруға үйрететін тәртіпті сақтаудың ақылға қонымды әдісі.

Тәртіпсіз баланы тәрбиелеудің бірнеше жолдары.

Тәртіп мінез-құлықты жақсартады, жаза мінез-құлықты тежейді.

- Жаман мінез-құлықтың салдарын көрсете отырып, қалыпты дауыспен сөйлеңіз. Баланың назары бағынбаудың салдарына бағытталуы керек. Егер бұл көмектеспесе, онда дауыс пен көзге назар аударыңыз. Бұл әрекет жасамас бұрын бірінші қадам. Қатты, сабырлы дауысты қолданыңыз, айқайламаңыз.
- Балаңызға сіздің байсалды екеніңізді білдіріңіз және оның көзіне тіке қараңыз. Оған бірнеше рет анық және баяу қайталап айтыңыз. Егер ол тыңдамаса, дауысы мен көз байланысын сақтай отырып, оған жақындаңыз. Қайтадан ақырын қайталаңыз.
- Егер бұл да жұмыс істемесе, бұрын ескертілген жаза қолданылады. Қауіп-қатер туралы ескертуді ұмытпаңыз, әйтпесе балалар мұндай жағдайларда сізді байыпты қабылдамайды. Егер олар айқайласа, жыласа, ашуланса – оларға қарсы дәл осылай әрекет етпеңіз. Балаңызға жазадан құтылу мүмкіндігі бар екенін және оқиғаларды дамытудың дәл осы нұсқасын өзі «таңдағанын» еске түсіріңіз. Оның түсінгеніне көз жеткізіңіз, оған сабақ алуға мүмкіндік беріңіз және дереу нәтижені талап етпеңіз.
- Ата-аналар қолдана алатын бірнеше «салдар» бар. Балаларыңызды бақылаңыз, олардың нені бағалайтынын біліңіз, олар үшін не маңызды екенін анықтап, балаңыздан біраз уақытқа алып қойыңыз. Бұл сүйікті ойыншық немесе кез келген жерге саяхат болуы мүмкін. Бала өкініп және / немесе тынышталғаннан кейін, өзін жақсы ұстағаны үшін оны үлкен сүйіспеншілікпен марапаттаңыз. Егер бала өзін нашар ұстауды жалғастырса, сізге бір салдарды екіншісіне күшейту қажет болуы мүмкін.
- Бала кешірім сұрағанша, сіз өз жұмысыңызды тыныш жалғастыра отырып, ол болатын «тентек аймақты» бөлектеңіз. Оны дереу кешіріңіз, содан кейін көңіл-күйді өзгерту үшін оқиғаны тез ұмытыңыз. Бұл «аймақтың» ұғымы, сіз оны қалай атасаңыз да, ол баланың назарын аударады және ол басқалармен бірге болу артықшылығын жоғалтады. Бұл уақыт сөйлесу үшін емес; баланы жалғыз қал-

дыру керек. Сіз таңдаған орын да іш пыстырарлық немесе тыныш жер болуы керек, бірақ баланың жатын бөлмесі емес, содан соң ол сол жерде болуы керек уақытты белгілеңіз. Егер ол өзін қорғауға немесе ашулануға тырысса, оны елемеңіз.

- Балаларды өзін жақсы ұстаған кезде марапаттаңыз. Оларды жақсы мінез-құлық үшін немесе ашуланған кезде ақша бермеңіз. Бұл балаларға пайда әкелмейтін қолайсыз тәжірибе.

ҚОРҚЫТУ: СІЗДІҢ БАЛАҢЫЗ ЖӘНЕ СІЗ.

Қорқыту кез келген балаға әсер етуі мүмкін және белгілерді ерте анықтау жансезімдік ауырсыну мен күйзелістен арылуға көмектеседі. Қорқу сезімі сіздің балаңызды мазақ еткенде, қудалағанда немесе оған шабуыл жасағанда пайда болады. Ата-аналар қырағы болуы керек, өйткені көптеген балалар қорқытқан кезде ата-аналарына айтуға жүрексінеді. Балаңыздың мінез-құлығына назар аударыңыз және егер бірдеңе дұрыс болмаса, сабырлы түрде әрекет етіңіз. Bullying online (http://www.bullying.co.uk) – қорқытуға қарсы күреске арналған сайт. Онда былай делінген: «Ұлыбританияда жыл сайын шамамен 16 бала қорқытудың салдарынан өз-өзіне қол жұмсайды. Олардың мектептерінде не болып жатқанын білмегендері жиі айтылады. Бірақ қорқытушылар және олардың достары не істегендерін жақсы біледі. Біреу қайтыс болғанда немесе ауырып қалса, олардың медициналық көмекке мұқтаж болғанына өкіну енді өте кеш».

ИНТЕРНЕТТЕГІ BULLYING ONLINE ВЕБ-САЙТЫНДА СІЗДІҢ БАЛАҢЫЗДЫ ҚОРҚЫТЫП ЖҮРГЕНІН ТҮСІНУГЕ БОЛАТЫН КЕЙБІР БЕЛГІЛЕР КЕЛТІРІЛГЕН.

- Жыртылған киім
- Ақшаны жоғалту
- Бұрын жақсы араласқан достарымен кездеспеу
- Көңілсіз және ашуланшақ болу
- Тыныш және тұйық болу
- Әрқашан үйде болғысы келеді
- Бауырлармен агрессивті болу
- Мектепте үлгерімі нашарлау
- Ұйқысыздық
- Мазасыз болу
- Үйге денесі көгеріп және жарақаттанып келу
- Жоғалтып алған заттарының орнына жаңасын сұрау

СІЗДІҢ БАЛАҢЫЗДЫ КЕМСІТІП ҚОРҚЫТҚАН ЖАҒДАЙДА, ӘРІ ҚАРАЙ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?



Балалардың көпшілігі қорқыту мәселесі туралы айтқысы келмейді. Ата-аналардың бұл мәселеге қалай қарайтыны шешуші болуы мүмкін, сондықтан тым қатал әрекет етпеу керек және баладан жауап талап етпеу қажет. «Бүгін мектептегі күнің қалай өтті?» – деп сұрау арқылы өмірлік маңызды ақпарат алуға болады. Алайда, көптеген балалар өздерінің мектептегі күндері туралы сөйлескісі келмеуі мүмкін және сұрақтарды жалықтыратын деп қабылдауы мүмкін. Ерекше мінез-құлықты байқау өте маңызды.

Балалар қорқыту немесе жалпы наразылық сияқты нәрселер туралы ата-аналарымен сөйлесуге ыңғайлы және ашық болуы керек. Ерте балалық шақта ашық қарым-қатынас орнату маңызды. Балалармен мұндай ашық қарым-қатынас оларға өз қорқыныштары туралы ашық айтуға және өз мәселелерімен сізге жүгіне алатынын сезінуге мүмкіндік береді, бұл көп уақыт пен күш-жігерді үнемдейді. Егер бала сізбен осындай мәселелерді талқылауға ашық болмаса не болғанын айтуды талап ету еш нәтиже бермейді

.

- Көптеген мектептерде қорқытуға қарсы саясат бар. Балаңыздың мектебіне бару алғашқы қадам болуы керек. Келесі қадам – бұл мәселені талқылау үшін балаңыздың мұғалімімен кездесу ұйымдастыру.
- Баланы кек алуға үйретпеңіз, өйткені бұл мәселенің шешімі емес және одан да көп қиындықтарға әкелуі мүмкін. Басқа оқушыны ұру мәселені шешуі екіталай және бұл сіздің балаңызды мектептен шығаруға әкеліп соғуы мүмкін.
- Ата-ана ретінде сабырлы болыңыз, үрейленбеңіз және балаңызды қорқытқан баланың ата-анасымен байланысуға асықпаңыз. Бұл әдетте ата-аналардың алғашқы реакциясы болғанымен, кейде бұл жағдайды нашарлатады. Қорқытқан баланың ата-анасымен мектеп өкілдерінің байланысқаны дұрыс.
- Бұзақылықтың тоқтағанына көз жеткізу үшін балаңызбен және мектебіңізбен үнемі сөйлесіп отырыңыз. Олай болмаса, мектеп басшылығына қайта хабарласыңыз.
- Балаңызға өзіне деген сенімділікті арттыру арқылы қорқытуға төзімді болуға көмектесіңіз. Бұған жекпежек өнері мен өзін-өзі қорғау сабақтары ықпал етуі мүмкін.
- Балаңызға қауіпсіздік стратегияларын үйретіңіз. Егер ол бұзақыдан қауіп төніп тұрғанын сезсе, ересектерден көмек сұрауға үйретіңіз. Кімнен көмек сұрау керектігі туралы сөйлесіңіз және ол не айтуы керек екенін көрініс қою арқылы үйретіңіз. Баланы қорқыту туралы мәлімдеме жасау балаңызды кінәлі етіп шығармайтынына сендіріңіз.
- Мұғалімдерден үзіліс немесе түскі ас кезінде балаға қауіпсіз жерде сабақ өтуін сұраңыз.

  http://www.stopbullyingnow.hrsa.gov сайтына кіріп, басқа ата-аналардың мәселені қалай шешкені туралы және қандай түбегейлі жоспарларды қолданғаны жөнінде ақпарат алыңыз.

ЖАСӨСПІРІМДЕР: ЖЕТКІНШЕКТІК КЕЗЕҢ ҰҒЫМЫН СЫНАУ

Жасөспірімдік кезең бала тәрбиесіндегі ең қиын кезең болуы мүмкін. Доктор Имад әл-Дин Ахмед бостандық берсе жасөспірімдер көшбасшы бола алады дейді. Жасөспірім «жыныстық жетілу мен ересек өмір арасындағы кезең» ретінде анықталады. Алайда, ерте қоғамдарда жыныстық жетілу ересек өмірдің бастауы болып саналды. Ашық діндер бұл мәнбілерді өздерінің рәсімдері мен заңдарында бекітті. Иудаизмде бар-мицвадағы жас жігіт: «Бүгін мен еркек болдым», – деп жариялайды. Исламда қыз етеккірдің басталуымен әйелге айналады, ал жыныстық жетілудің басталуымен намаз оқуға міндетті болып табылады. Бейімделу кезеңінде жастарға ересектердің жетілуіне көмектесу үшін жауапкершіліктер берілуі керек.

Қазіргі дәуірде барлығына арналған ресми мектеп білімі бұрынғы қоғамдарға тән шәкірттік үлгілерді алмастырды. Халықты ресми білім беру жүйесіне мәжбүрлеп қосу оны ересектер сияқты әрекет ету мүмкіндігінен айырды. Көптеген жерлерде тіпті шәкірт лауазымына ресми мектепті, атап айтқанда орта мектепті (17-18 жас) немесе колледжді (19-22 жас) бітіргенге дейін рұқсат етілмейді. Балаларды in loco parentis (латын тілінде «ата-ананың орнына» деген мағынаны білдіреді) әрекет ететін мектеп жүйесіне мәжбүрлеу жасөспірімдерді жетілмеген ересектер емес, балалар деп көрсетуді талап етеді. Әрі қарай, заңда барлық балалар 18 немесе 21 жасында жетіледі деген ой бекінген. Шын мәнінде, балалар дене тұрғыдан шамамен 19 жаста жетіледі, дегенмен олар ақыл-ойы әдетте ертерек жетіледі, ал әсершіл түрде адамдар әртүрлі жаста жетіле алады. (ал кейбіреулері ешқашан жетілмейді)

Бұрын жасөспірімдерге ересектер сияқты қарау олардың ақыл-ой және көшбасшылық қабілеттерін дамытып, әсершіл жетілуін арттырды. Жасөспірімдерге балалар сияқты қарайтын заманауи модель тәуелділіктің дамуына ықпал етеді және олардың өзін-өзі бағалауын төмендетеді. Дәстүрлі қоғамдарда 15 жасар жасөспірімдер оқуға, бизнеске, азаматтық қоғамға қатысып, соғысып, тіпті некеге тұратын. Қазіргі қоғамда оларға жас балалар сияқты қарайды. Маңызды шәкіртақы алу үшін олар колледжге дейін, тіпті магистратураға дейін күтуі керек.

Жасөспірімдерге ересектердің міндеттерін берудегі бұл кідіріс ауыр бағаға айналады. Ол қоғамның өз жастарына қатысты көптеген мәселелерінің себебі болып табылады. Ең алдымен, барлық жасөспірімдер оқу жүйесінен

тұрақты түрде бас тартады, себебі жасөспірімдердің көпшілігіне өздері тапқан мектеп жүйесі қатты ұнамайды. Оқи алатын және саналы түрде оқығысы келетін жасөспірімдер оларға балалар сияқты қарағандары үшін ашуланады. Заң 16 жасқа дейін жұмыс істеуге тыйым салатындар заңсыз коммерциямен айналысуы мүмкін (мысалы, есірткі саудасы). Нәтижесінде, қабілеттерін қоғамның игілігі үшін қолдана алатындар бұзақыларға барып қосылды, ал жоғары білім деңгейіне көшуге дайын адамдар қарапайым мектептің сыныбында наразы болып отырады. Көптеген адамдарға «назар тапшылығының бұзылуы» ауруды анықтауы қойылады, өйткені олардың миы олардың назарын аударту үшін тым іш пыстырарлық тапсырмаларға көңіл бөле алмайды. Сонымен қатар, бұрын қасиетті неке мекемесінде гормондарын тыныштандыруға мүмкіндігі болған жас ұлдар мен қыздар, қазір, заңды неке жасына қарамастан, жыныстық қатынасқа түсіп, некеден тыс балалы болады немесе түсік жасатады.

Бұл мәселенің заңды шешімдері осы кітаптың тақырыбынан асып түседі. Алайда, ата-аналар үшін қазіргі қоғам жасаған қателіктерден аулақ болу маңызды. Жас ересектерге балалар сияқты емес, жас әріптестер ретінде қараңыз. Есіңізде болсын, оларға басшылық пен тәжірибе, құрмет, сондай-ақ жауапкершілік және тәлімгерлік қажет. Оларды мүмкіндігінше жауапкершілікті алуға шақырыңыз. Оларға қаржылық істерді де тапсырыңыз: мысалы, жарты күндік жұмыс оларды жұмыс және жалақы әлемімен таныстырады.

БІЗДІҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРІМІЗДІҢ ЖӘНЕ ӨЗІМІЗДІҢ БОЙЫМЫЗДАҒЫ АШУ

АШУ МЕН ҚАУІП-ҚАТЕРДІҢ АРАСЫ БІР АҚ ҚАДАМ.

Жасөспірімдердің ашуы – бұл ата-аналары үшін ең қиын жан толғаныс. Линда Лебель (Жасөспірімдерге қызмет көрсету) иллюстрация үшін келесі екі мысалды қолдана отырып, бұл мәселені түсіндіреді және талдайды:

1-ші мысал: *Карен 9-шы сыныпта оқиды және енді ештеңе де қажет емес деп санайды. Ол қанша тырысқанмен, топқа сәйкес келмейтін сияқты. Ол бір күн бұрын мектептегі спектакльге қатысты, бірақ ол сахнаға шыққанда мәтінін ұмытып қалып, қатып тұрып қалды. Енді мектептегі барлық адамдар бұл жағдайды естіп, Каренге күлетіндері анық. Карен оларға өзінің қаншалықты ренжігенін ешқашан айтпайды. Ол басқалардың не ойлайтынын біледі және олардікі дұрыс – ол өзіне тапсырылған жұмысты тиянақты орындай алмады және ешқашан топқа сәйкес келмейді. Карен олардың бәрін жек көреді.*

2-ші мысал: *Крис жатын бөлмесінің қабырғасын ұрды. Бірақ бұл жеткіліксіз болды. Ол сода құтысын алып, оны дәлізге лақтырды. Қоңыр, тәтті сұйықтық қабырғалардан ағып, кілемге түсті. «Сен мені мәжбүрлей алмайсың...!» – деп айқайлады ол. «Мен сенімен ешқайда бармаймын! Мен қалағанымды істеймін!» Крис баспалдақпен жүгіріп өтіп, алдыңғы есіктен шықты. Әкесі үйге оралуын сұрап, айқайлап, оның артынан жүгірді, бірақ ол көлікке отырды да, кетіп қалды. Крис әкесіне қатты ашуланды. Оның туыстарына барудан гөрі жақсырақ істері болды. Оның достарымен бірге жоспарлары болды және Крис әкесінің оның өмірін басқарғанын қаламады. Ол шөпті темекі шеккенде өзін жақсы сезінетінін білді.*

Бұл жастардың ортақ тұстары қандай?

Олар ашумен күреседі. Олар өздері қалаған нәрсені алмайды және бәрі олар ойлағандай болмайды. Олар біреуге немесе бір нәрсеге қатысты қатты наразылықты немесе антагонизмді сезінеді, бұл әрқашан олардың бақылауында бола бермейтінін түсінеді.

Ашу – бұл мінез-құлық емес, сезім.

Ашу әр түрлі пішінде болады – ішкі реніш пен ашуланудан бастап ыза мен долдануға дейін – және бұл ашу түрлерінің көрінісі, өзіміз көріп отырғандай, мінез-құлық. Карен өзінің ашуын басу үшін, өзін оқшаулайды. Крис арандатушылықпен әрекет етеді және мүлікті бүлдіреді. Олар өздерінің осы мінез-құлқын жалғастырады немесе олар өздеріне қарап, ашуының тамырын табуға шешім қабылдағанға дейін өршуі мүмкін.

Ашу құрылымды бұзатын немесе сау болуы мүмкін.

Ашу – бұл қорқыныштың жан толғаныс. Оның жағымсыз көріністеріне дене және ауызша зорлық-зомбылық, алалаушылық, жаман өсек, қоғамға қарсы мінез-құлық, сарказм, тәуелділік, оқшаулану және психосоматикалық бұзылулар кіруі мүмкін. Бұл өмірдің шырқын кетіру, қарым-қатынасты жою, басқаларға зиян келтіру, жұмысты бұзу, ақыл-ойды қараңғылату, денелік денсаулыққа әсер етуі және болашаққа балта шабу секілді салдарларға әкелуі мүмкін.

Бірақ жағымды жағы да бар: бұл бізге мәселенің бар екенін көрсете алады, өйткені ашулану әдетте қорқыныштан туындаған қайталама жан толғанысы болып табылады. Ол бізді өмірімізде жұмыс істемейтін мәселелерді шешуге ынталандыруы мүмкін және біздің мәселелерімізге бетпе-бет келуге, сонымен қатар ашудың артындағы себептермен күресуге көмектеседі, атап айтқанда:

- ***Қатыгездік***
- ***Тұнжырау***
- ***Мазасыздық***
- ***Маскүнемдік***
- ***Нашақорлық***
- ***Жарақат***
- ***Қайғы***

АШУЛАНШАҚ ЖАСӨСПІРІМНІҢ АТА-АНАСЫ БОЛУ – ӨЗІМІЗГЕ АШУЛАНУМЕН ТЕҢ.

Жасөспірімдер көптеген әсершіл мәселелерге тап болады. Олар сәйкестік, бөліну, қарым-қатынас және мақсат мәселелерімен бет-пе-бет келеді. Олардың ата-аналарымен қарым-қатынасы да өзгереді, өйткені олар тәуелсіз бола бастайды.

Бұл ата-аналардың да, жасөспірімдердің де ашуы мен тым қатал реакциясына әкелетін көңілсіздік пен шатасуды тудыруы мүмкін. Егер біз өз мінез-құлқымызды өзгерту үшін жұмыс жасамасақ, жасөспірімдерге өз мінез-құлқын өзгертуге көмектесе алмаймыз. Біз баланы түсінуге және оған қанағаттанарлық жауап беруге тырысуымыз керек. Ниет – ашуды жоққа шығару емес, бұл жан толғанысты меңгеру және оны белсенді түрде көрсету.

БІЗ ЖАСӨСПІРІМ ҮШІН ЖӘНЕ ӨЗІМІЗ ҮШІН НЕ ІСТЕЙ АЛАМЫЗ?

Жасөспірімді тыңдаңыз және оның сезімдеріне назар аударыңыз. Жағдайды балаңыздың көзқарасы бойынша түсінуге тырысыңыз; жанашырлық танытыңыз. Айыптаулар мен сөгістер тек жаңа қабырғалар тұрғызып, барлық қарым-қатынасты тоқтатады. Оларға өз сезімдеріңіз туралы айтып беріңіз, мәнбілерді ұстаныңыз және қазіргі сәтпен жұмыс жасаңыз. Қамқорлық танытыңыз және сүйіспеншілігіңізді көрсетіңіз. Барлығы пайда көретін шешіммен жұмыс жасаңыз. Ашулану сезімі қатыгез мінез-құлыққа әкелмеуі керек екенін ұмытпаңыз.

Егер зорлық-зомбылық, ұзақ уақытқа созылатын дұшпандық, тұнжырау немесе өзіне өзі қол жұмсау қаупі болса, жасөспірімге, өзіңізге және отбасыңызға кәсіби көмек сұраңыз.

ЖАҚСЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ БІРНЕШЕ ҚАҒИДАЛАРЫ.

Мұрағият әлемде бәрі біркелкі және жоспар бойынша жүреді, бірақ нақты әлемде бәрі сіз ойлағандай және жоспарлағандай бола бермейді. Егер тиісті қарым-қатынас болмаса ата-аналардың алдына қойған мақсаттары, олардың қолданатын ұстанымдары және отбасын құруға

жұмсаған күш-жігері сәтсіздікке ұшырайды. Егер бірдеңе дұрыс болмаса, ашулануға, ызалануға немесе көңілсіздікке жол бермеңіз. Сабырлы түрде ойланыңыз және басқалармен жақсы қарым-қатынаста болыңыз.

Жақсы қарым-қатынастың бірнеше ұстанымдары балалар дамудың әртүрлі кезеңдерінен өткен кезде пайда болатын ашуланшақтық пен билік үшін күреске байланысты көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі.

Балаларыңызға бәрін айтуға мүмкіндік беріңіз және сабырмен әрі жұмсақ қалпыңызда тыңдай біліңіз. Оларды күннің қалай өткені туралы сөйлесуге, әңгімелер айтуға немесе мәселелерді талқылауға шақырыңыз. Әңгімесі бөлмеуге тырысыңыз. Өткеннің ауызша дәстүрлері (әңгімелеу және талқылау қоғамдастық пен отбасы өмірінің ажырамас қырлары болған кезде) бүгінде көзкөрім түрге (теледидар, фильмдер және бейне ойындар) ауыстырылды. Әңгімелесудің көптеген артықшылықтары бар; олар балаларға сенімділік береді, оларды түсінікті етеді және ата-аналармен ұсақ-түйек немесе маңызды мәселелерді талқылаудың табиғи қабілетін қалыптастырады. Сіз ата-ана ретінде жиі шаршауыңыз мүмкін, сөйлесу қиынға соғуы мүмкін, дегенмен әңгімелесудің пайдасы зор. Сіз сөйлесіп отырған бала өсіп, сізге оны тамақтандыратын және киіндіретін қамқоршысы ретінде емес, адам ретінде қарайды. Бұл балаларға ата-анасымен және үйімен байланысты сезінуге мүмкіндік береді. Жақсы қарым-қатынас балаларға басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде қажет мінез-құлық пен сыйластықты, әсіресе ата-аналарды құрметтеуді үйретеді. Балаларды төмендетпеңіз немесе оларды өздерін ақымақ сезінуге итермелемеңіз. Өзіңіздің мінез-құлқыңызды қадағалаңыз: ол сыпайы, мұқият және ұстамды болуы керек. Балалар өздерін сенімді және қорғалған сезінуі керек – бұл олардың ересек өмірге әкелетін жеке екі қыры болып табылады.

Зияткерлік пікірталастар ретінде бастаңыз. Сұрақтарды талқылаңыз және пікірлерді салыстырыңыз. Бұл балаларды сыни тұрғыдан ойлауға үйретеді және олардың зияткерлік төзімділігін дамытады. Балаларыңыздың зиятын бағаламаңыз және олардың заттарға деген көзқарасын жоққа шығармаңыз.

Біз басқаларды «тым көп сөйледі» деп айыптаймыз, бірақ біз оларды «тым көп тыңдады» деп айыптай аламыз ба?

Тыңдау – қамқорлық жасау. Біз неғұрлым қатты сөйлесек, балаларымыз соғұрлым тез өшеді.

Сөйлесу үшін жақсы уақыт – кешкі ас уақыты. Егер ата-аналар тамақтану үстінде теледидар қарап отырмауда және үстелде немесе еденде бірге тамақтануды әдетке айналдырса, олар есейген кезде балалардың өмірін едәуір жеңілдетеді. Теледидар назар аудартады және отбасылық байланыстарды құруға және сезінуге жақсы мүмкіндік беретін терең қарым-қатынастың дамуына жол бермейді.

Өзіңізді ұстай алмау немесе балаларыңызды бақылау үшін қорқыту айласына жүгіну арқылы жағдайды бақылаудан шығарып алмаңыз. Тынышталғанша қарым-қатынас жасаудан аулақ болыңыз.

Кейбір аналар әлі күнге дейін балаларын түнгі серуендеу сияқты белгілі бір әрекеттерден аулақ болу үшін қиялдағы құбыжықтармен қорқытады. Олар құбыжықтарды ойлап табады немесе оларды басқару үшін *dujjerah* (араб тілінде), su'luwwah (араб тілінде) немесе dāmiyyah (араб тілінде) сияқты әртүрлі атаулармен жындарды ұсынады. Бұл қорқыту айласы балаларды түнде үйде ұстайды және оларды ықтимал денелік зияннан қорғайды, сонымен қатар балалардың санасына қисынсыз қорқыныш ұялатып, кері нәтиже береді. Олар қараңғылықтан, жалғыздықтан, кішкентай бөлмелерден, жануарлардан, дауылдан, найзағайдан және бейтаныс адамдардан қорқып өсуі мүмкін. Кейінірек ересектер ретінде олар бұл ертегідегі құбыжықтардың шынымен жоқ екенін білсе де, әсершіл және жансезімдік тұрғыдан зиян шегеді. Бұл әдістер ата-аналардың терең талдау жасай алмауынан немесе өміршең баламаларды қалай жасау керектігін білмеуінен туындауы мүмкін.

Балалармен олардың деңгейінде сөйлесіңіз, алпауыт сияқты олардың үстінен көтерілмеңіз. Олармен мейірімді болыңыз, сөйлесу кезінде қолыңызды олардың қолына қойыңыз немесе оларға сүйіспеншілік танытыңыз, сонда олар сізбен үнемі байланыста болады және өз сезімдерін білдіруге дағдыланады.

ТАПСЫРМАЛАР 29-30

29-тапсырма:
Ата-аналар мен балаларға арналған сұрақтар мен жауаптар.

Ашуды анықтау мен басқарудың алғашқы қадамы – өзіңізге мән беріп қарау. Ата-аналар мен жасөспірімдер бірге отырып, өзін-өзі тану үшін осы сұрақтарды өздеріне қоюы керек. Ең бастысы – дұрыс жауап беру емес, дұрыс талқылау:

Ашу қайдан пайда болады?

Қандай жағдайлар ашу сезімін тудырады?

Менің ойларым «керек», «қажет», «әрқашан және ешқашан» сияқты абсолюттерден басталады ма?

Менің үміттерім негізсіз бе?

Мен қандай шешілмеген қақтығысқа тап болдым?

Мен ренішке, жеңіліске немесе қорқынышқа жауап беремін бе?

Мен ашудың физикалық белгілерін білемін бе (мысалы, жұдырықтасу, ентігу, тершеңдік)?

Мен ашуымды қалай білдіргім келеді?

Менің ашуым кімге немесе неге бағытталған?

Мен ашуды өзімді оқшаулау немесе басқаларды қорқыту тәсілі ретінде қолданамын ба?

Мен тиімді сөйлесемін бе?

Мен не істей алатынымa емес, не істегеніме назар аударамын ба?

Мен өз сезіміме қалай жауап беремін?

Менің ашуымның қалай көрінетініне мен қалай жауап беремін?

Менің эмоцияларым мені басқара ма, әлде эмоцияларымды мен басқарамын ба?

30-тапсырма:
Мәселені шешуге арналған әрекеттер.

Төмендегі мысалда жас жігіттің мәселелерін қалай шешетініңізді талқылау үшін екі-үш жұп жинаңыз. Содан кейін өз ойларыңызды Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көзқарасымен салыстырыңыз.

Бір жас жігіт Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) зина жасау үшін рұқсат сұрауға келді. Сол жердегі сахабалар шошып, оны ұра бастайды. Сонда Пайғамбарымыз: «Оны маған жақындат», - деді. Отырғаннан кейін ол оған қатарынан бес сұрақ қойды: «Сен анаңа, қызыңа, әпкеңе, әкеңнің тәтесіне немесе анаңның тәтесіне осы [зинақорлықты немесе азғындықты] қалайсың ба?!» Бес сұрақтың әрқайсысына жас жігіт: «Алланың атымен ант етемін, жоқ! О, Алланың елшісі, Алла мені сен үшін қалқан етсін!» Әр жауапқа Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл сұрақтардың әрқайсысына жеке-жеке жауап берді: «Сол сияқты басқа адамдар да өз аналарына, қыздарына, әпкелеріне және тәтелеріне мұндай жағдай болғанын қаламайды!» Содан кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған қолын жайып, дұға етті: «О, Алла, оның күнәларын кешіріңіз, жүрегін тазалаңыз және жыныс мүшесін қорғаңыз!» (Ахмад) Осыдан кейін жас жігіт ешқашан азғындық туралы ойлаған емес!

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жас жігітпен қарым-қатынас жасап, оның қадір-қасиеті мен өзін-өзі құрметтеуге шақырды және оған тиімді өзін-өзі бақылауды дамытуға көмектесті. Балағат сөздер айту, айқайлау, жаза немесе тозақ отымен қорқыту бұл жағдайға көмектеспес еді. Біз бұл емдеу әдісінің теориялық білім мен адамның эмоцияларын психологиялық тұрғыдан терең түсіну арасындағы айырмашылықты көрсететінін көреміз. Жас жігіт өзінің жыныстық белсенділігін зерттеу арқылы шешім іздеді. Пайғамбарымыз

(с.ғ.с.) оған жаза мен тозаққа апаратын күнәлар туралы уағыздарды оқымады; оның орнына ол өзінің туа біткен таза қадір-қасиеті мен ар-ұжданына жүгінді. Ол моральдық және діни мақсаттарға жету үшін психологиялық тәсілді қолданды. Бұл оқшауланған жағдай емес, бала дамуындағы мәселелерді шешуге бағытталған сенімді әдістемеге негізделген ой мектебі.

2-ШІ БӨЛІМ [8-13-тараулар]

БАЛАНЫҢ ДАМУЫ

8-ШІ ТАРАУ
Емізу

КІРІСПЕ

Табиғи (денелік) және сезімдік жағынан мықты, салауатты балаларды тәрбиелеудегі маңызды қадам – емшек сүтімен емізу. Құран мен Ислам емізуге және бір әйелдің емізуі арқылы туатын туыстық қарым-қатынасқа ерекше мән береді. Бұл «сүт туыстық» деп аталады, ал балалар болса – сүт бауырлар болады. Мысалы, не себепті 20 жасар Түркиялық жас жігіт Сәләһ Индонезиядағы жас қыз Бәтимаға үйлене алмайды? Бұл сұрақтың жауабы – бір жасар сәби Сәләһты бірнеше күн бойы Бәтиманың анасының емізуі. Осы арқылы Сәләһ Бәтиманың сүт ағасы болады және араларында неке жүрмейді. Сонымен қатар, Бәтиманың барлық әпкелері мен апалары дағдылы түрде Сәләһтың да әпкелері мен апалары болып, некеге тұрмайтын (махрам) туыстарына айналады. Сол себепті де Сәләһтың алдында олар оранбай (хиджабсыз) жүруіне болады. Діндегі бауырластық пен апалы-сіңлілі секілді қандас туыстықты түсіну оңай болғанымен, азғантай ғана сүттің мөлшері бейтаныс адамдарды аға-қарындасқа айналдыратынын қалай түсінуге болады? Бұл емшек сүтінің қаншалықты маңызды рөл ойнайтындығын көрсетеді.

Қан құю үдерісін мысалға алсақ. Бір адамның қаны басқа адамның қанымен толықтай алмастырылса да, қан құю бірнеше рет жасалса да, бұл олардың арасында туыстық қатынас орнатпайды. Қан құю шұғыл қажеттіліктерді өтейді, ағзаларды ауыстырып қондыру өмірімізді жақсартуға септігін тигізеді, алайда қаншалықты маңызды, әрі ауқымды болғанына қарамастан бұлар ешқандай туыстық қарым-қатынасты құрмайды. Осы тұстағы заңгерлердің ортақ пікірі

исламда «донор сүтіне» тыйым салынған. Шын мәнінде де, сүт туыстық биологиялық отбасылық қарым-қатынастармен тең дәрежеге қойылады. («Ән-Ниса» сүресінің 23-ші аятын қараңыз, араб тілінде) Алайда, мұрагерлік заңдар сүтті бауырларға қатысты қолданылмайды.

(Уа, мүміндер!): Сендерге өз аналарыңмен, туған қыздарыңмен, әпке-қарындастарыңмен, әкелеріңнің әпке-қарындастарымен, аналарыңның әпке-сіңлілерімен, туған бауырларының қыздарымен, туған әпке-қарындастарының қыздарымен, сүт аналарыңмен, емшектес әпке-қарындастарыңмен, қайын енелеріңмен және қолдарыңдағы өгей қыздарыңмен некелесу харам етілді. Ал жар төсегінде қосылмай тұрып ажырасып кеткен әйелдеріңнің қыздарына үйленсендер күнә арқаламайсыңдар. Сондай-ақ сендер үшін бел балаларының жұбайларына үйлену һәм апалы-сіңлілі екі қызды бірдей әйелдікке алу харам етілді. Бұдан бұрын (надандық дәуірінде) болар іс болды. Өйткені Алла – Ғафур (құлдары қанша жерден күнәға батса да, тәубелеріне келген жағдайда өте кешірімді), Рахим (әсіресе мүмін құлдарына ерекше мейірімді).

(«Ән-Ниса» сүресі, 23-ші аят)

Құранда бастапқы екі жылдағы ананың баласын махаббатпен емізуі мен оны толықтай сүйіспеншілігіне бөлеуі жөніндегі мәселеге ерекше назар аударылады. Балаға деген махаббат пен мейірімділіктің жетіспеуі оны ақыл-ой кемістігіне алып келуі мүмкін. Президент Клинтонның басқаруымен өткен Ақ үйдегі конференцияда сарапшылар «сәбилердің ақыл-ойы олар дүниеге келген сәттен бастап белсенді екендігін және олардың алғашқы тәжірибелері арқылы санасының қалыптасатынын» баса айтты. (Бегли мен Вингерт, 1997-ші жыл) Емізу кезіндегі алғашқы екі жыл баланың миының қалыптасуында айтарлықтай маңызды ықпалын тигізеді.

(Бегли мен Вингерт, 1997)

Мысырдағы соттар сүт туыстық қатынасының жарамды болуы үшін орындалуы керек бес қажетті шартты анықтады:

- Әрбір тамақтандыруда баланың қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыру керек.
- Әрбір тамақтандыру бірінен соң бірі жылдам түрде емес, бөлек тамақтану уақытында болуы керек.
- Кем дегенде бес рет тамақтандыру. (емізу)
- Бес рет тамақтандырған сенімді куәгерлермен расталуы керек.
- Бес рет тамақтандырудың барлығы нәресте екі жасқа толғанға дейін аяқталуы керек.

ҚҰРАНДА ЕМІЗУ ТУРАЛЫ НЕ АЙТЫЛҒАН?

Құранда емізу мәселесі төрт аятта қарастырылып, аналарды өз сәбилерін толықтай екі жыл бойы емізуге шақырады. Омырауда емізетін баласы бар ана баласына толықтай уақыты мен бар махаббатын бөлуі үшін мейлі ажырасқан болса да, өз қажеттіліктерін (ас-ауқаты мен киім-кешегін) қамтамасыз ету міндетінен босатылады. Әкесі қайтыс болған жағдайда, ана мен баланы асырау әкенің мұрагеріне жүктеледі. Діни рәсімдер барлық мұсылман әйелдерге (соның ішінде аналарға) жеңілдетілген; олар күнделікті жамағат намаздарынан және апта сайынғы жұма уағыздарына қатысудан босатылады (ең алдымен сәбилеріне күтім жасау үшін барынша ыңғайлы уақыт қарастырылады). Бұл аналарға ерекше жауапкершілік пен мейірім-шапағатты қажет ететін істі бала күтушілерге жүктеп қоймай, сәбилеріне жеке өздері күтім жасауына мүмкіндік береді. Бастапқы екі жылда нәресте табиғи (денелік), жандық және сезімдік тұрғыда толығымен анасына арқа сүйейді.

Шыны шөлмектер ананың сүті мен ыстық махаббатын алмастыра алмайды. Емшек сүтін ембеген сәбидің табиғи (денелік) немесе жандық зақымдануын кейінірек емдеу қиын болуы мүмкін; төнетін қауіп өте ауыр және тұрақты түрде қайталануы мүмкін. Құранда емізу туралы келесі аяттарда айтылған:

1. Аналар сәбилерін толық екі жыл емізсін. Бұл (үкім) баланы толық әрі жақсылап емізгісі келгендер үшін. Бала емізетін аналарды ас-ауқат және киім-кешекпен шариғатқа қайшы келмейтін қоғамдағы ғұрыпқа сай лайықты түрде қамтамасыз ету – баланың әкесінің міндеті. Ешкімге шамасынан тыс міндет жүктелмейді. Ана да, әке де баласы үшін зиян шекпеуі керек (яғни, баланы пайдаланып, анасына немесе әкесіне зиян келтіруге болмайды). (Егер баланың әкесі бала емшектен шықпай жатып қайтыс болса, онда ана мен баланы асырау әкенің) мұрагеріне жүктеледі. Алайда ата-ана разылық білдіріп, өзара ақылдасып баланы емшектен ерте шығарамыз десе, екеуі де күнә арқаламайды. Егер балаларыңды сүт ана жалдап емізуді қаласаңдар, онда сүт анасының ақысын қоғамдағы ғұрыпқа сай ренжітпей тиісінше төлейтін болсаңдар, мұндай жағдайда да күнә арқаламайсыңдар. Аллаға қарсы келуден сақтанып, тақуалық шеңберінен шықпауға тырысыңдар һәм біліп қойыңдар, Алла не істеп, не қойып жүргендеріңнің бәрін көріп, бақылауда. («Әл-Бақара» сүресі, 233-ші аят)

2. Біз адам баласына ата-анасына барынша жақсылық жасауды бұйырдық. Анасы оны әлсіреген үстіне әлсіреп, қинала жүріп (тоғыз ай бойы) көтерді. Оның емшектен шығуы да екі жыл алады. Ендеше: (Уа, адам баласы!) Маған және ата-анаңа шүкіршілік ет! Ақыр соңында Маған қайтасың. (және істеген істерің үшін жауап бересің) («Әл-Лұқман» сүресі, 14-ші аят)

3. Біз адам баласына ата-анасына барынша жақсылық жасауды бұйырдық. Анасы оны қинала жүріп (бірнеше ай) көтерді һәм қиналып босанды. Оның ана құрсағында жатуы мен емшектен шығуы (ең кемінде) отыз айға созылады. Сөйтіп, адам баласы есейіп, (тәндік һәм рухани жағынан) кемеліне келіп, қырықтың қырқасына шыққанда: «Уа. Раббым! Маған һәм ата-анама нәсіп еткен қисапсыз нығметтеріңе лайықты түрде шүкіршілік етуді және үнемі Өзіңді разы ететін игілікті істер істеуді көңіліме ұялақтайсың! Сондай-ақ маған (иманды, ата-анасын құрметтейтін) ізгі ұрпақ нәсіп еткейсің! Расында, мен тәубе етіп, бір Өзіңе жан-тәніммен бет бұрдым. Анығында, мен Өзіңе қалтқысыз мойынсұнғандардың бірімін», – деп айтады. («Әл-Ахқаф» сүресі, 15-ші аят)

4. (Талақ етіліп, ‘иддат немесе ғиддат (араб тілінде: «бірнеше» деген мағынаны білдіреді) мерзімін күтіп отырған) әйелдеріңді шамаларың келгенше өз үйлеріңе тұрғызыңдар және нәпақаларын беріңдер. Оларды өздеріңнен қалайда бездіру үшін жағдайларын қиындатып, қысым көрсетпеңдер. Егер олар жүкті болса, босанғанға дейін нәпақаларын беріңдер. Егер босанғаннан кейін балаларыңды сендер үшін (яғни, сендерге сүт ана жалдатпай-ақ өздері) емізетін болса, сүт ақыларын төлеңдер. Ақы мәселесін өзара дін және өздерің өмір сүретін қоғамның шарттарына сай жақсылап келісіп алыңдар. Ал егер біріңе-бірің қиындық туғызып, өзара келісе алмасаңдар, ондай жағдайда баланы әкесінің есебінен емізетін басқа әйел қарастыруға болады. («Әт-Тәлақ» сүресі, 6-шы аят)

5. Ауқатты адам (қолына қараған әйел, бала-шағасына) ауқатына қарай (мол) нәпақа берсін. Ал ризық-несібесі шектеулі болған Алланың өзіне нәсіп еткен жағдайына қарай нәпақа берсін. Алла ешбір жанға Өзі берген мүмкіндіктен артық жүк артпайды. Алла әр қиындықтың артынан бір жеңілдік нәсіп етеді. («Әт-Тәлақ» сүресі, 7-ші аят)

Егер ананың сүті жеткіліксіз болып, баланы емізе алмаса, бұл жағдайда емізулі ана тағайындалуы мүмкін. Емізулі ана асырап алушы рөліндегі анаға айналады және ол мұрагерлікті қоспағанда, барлық жағдай мен мақсаттарда баланың анасы болып саналады. Оның балалары нәрестенің ағалары мен әпкелері (сүт бауырлары), ал күйеуі оның сүт әкесі болады. Нәресте мен сүт анасының балалары, ағалары, апалары және күйеуі арасында неке қиюға болмайды. Баланың биологиялық әкесі сүт анасына тиісті түрде сыйақысын төлеуге міндетті. Әкесі қайтыс болған жағдайда оның мұрагерлері емізетін ананы да, баланы екі жыл мерзімінде асырауы керек.

Ертедегі мұсылман мемлекеті емшек сүтімен емізу мәселесіне ерекше мән берген. Екінші халифа Омар Ибн Хаттаб (б.з. жетінші ғасыр) кезінде әрбір мұқтаж жаңа туған нәрестеге салауатты толықтай күтімді қамтамасыз ету үшін әлеуметтік қамсыздандыру жәрдемақысы ретінде жәрдемақы берген. (Хак, 1967-ші жыл)

ЕМІЗУДІҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАНДЫҚ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Әл-Бар және Кандил (1986-шы жыл) келесі артықшылықтарды айтады:

- Ана сүтінің құрамында балаға қажетті қоректік заттар дұрыс сайма-сай келушілікте және ас қорыту мен сіңіруге жарамды күйде болады. Емшек сүтінің қоректік бөлшектері нәрестенің қажеттіліктеріне сай күнделікті өзгеріп отырады. Шала туылған нәрестеге оны дұрыс тамақтандыру үшін ананың кеудесінде нәрестеге лайықты арнайы қоспа болады. Сүт бездері өсіп келе жатқан нәрестенің өзгеретін қажеттіліктеріне сәйкес олардың сөл бөлуін реттеу құралдары арқылы жасалады.
- Емшек сүті табиғи түрде дұрыс температурада сақталады, бұл оны микробтардан ада етіп, баланың сұранысы туған жағдайда үнемі қолжетімді қылады.
- Шөлмектерді жуудың және арнайы қоспа дайындаудың еш қажеті жоқ.
- Емізетін ана мен бала арасында тығыз жандық байланыс қалыптасады.
- Емізу анаға жүктілікке дейінгі дене бітімі мен салмағына қайта оралуына көмектеседі. Емшекпен емізу гипофизден бөлінетін және емізу (баланың ана емшегін соруы) арқылы шағылалы түрде шығарылатын окситоциннің әсерінен жатырды кішірейтеді.
- Ана сүті баланы көптеген аурулардан (диарея және кеуде жұқпалары сияқты) қорғайды. Емшек сүтімен қоректенетін нәрестелер тыныс алу және

асқазан-ішек ауруларына шөлмекпен тамақтанатын (қоспа арқылы) нәрестелерге қарағанда азырақ шалдығады және өлімжітім деңгейі де төмен келеді.

Ана сүтінің құрамында IgA (иммуноглобулин А), ананың ішегінен балаға ауысқан лимфоциттер өндіретін сүт бездеріндегі қарсы дене бар. (Қарсы денелер иммундық жүйенің аурумен күресу құралы). Сүт безінің сүт сөл бөлуі болып табылатын уыз сүтінде көптеген қарсы денелер орналасқан. IgA бірінші күні холестерин ақуызының 97 пайызын құрайды, бұл лактацияның төртінші күні 25 пайызға дейін төмендейді. Емшек сүті нәрестені өміршең иммунологиялық жасушалармен және әртүрлі микробтарға қарсы иммунитетпен қамтамасыз етеді, әсіресе ішек таяқшасы, грам-жағымды бактериялар, коксаки В5 вирусы, қарапайым герпес вирусы, полиовирус және пневмококк. Туберкулинге сезімтал аналар нәрестелеріне ұзақ уақытқа мықты иммунитет бере алады.

- Уыз сүті іш жүргізетін әсерге ие, ол жаңа туған нәрестенің нәжісін шығаруға көмектеседі.
- Сиыр сүті немесе басқа да жануар сүті адамдарда ағзаның тітіркенуін тудыруы мүмкін. Нәрестеде экзема, бронх демікпесі және жануарлардың ақуыздары салдарынан туындаған сезімталдықтан асқазан-ішек ауруларының даму қаупі жоғары.
- Емшек сүтінде өскен нәрестелер жақсы дамып, жұқпалы аурулар мен иммунологиялық ауруларға аз шалдығады. Ана сүті нәрестенің алғашқы айларында дамып келе жатқан иммундық жүйені нығайтады. Анасы нәрестенің тыныс алуынан өз бойына микробтарды сіңіреді. Содан кейін, оның ішектері арқылы ол лимфа түйіндеріндегі иммундық жасушаларды қалыптастырады, олар өз кезегінде нәресте сүтпен бойына сіңіретін қажетті қорғаныс қарсы денелерін шығарады.
- Бала емізу анаға жүктілікке қарсы құрал ретінде әрекет етеді. Бала емізетін ананың емшек сүтімен емізу кезінде жүкті болу ықтималдығы аз, бұл аналарға босануды бақылаудың табиғи және ыңғайлы түрін ұсынады.
- Нәрестелер тек алғашқы 9-12 айда ғана емшек сүтін қажет етеді.
- Ана сүтінде сиыр сүтінде кездеспейтін мырыш лигандтары (аффинантары) бар. Мырыш тапшылығының жиі кездесуі көбіне шөлмекпен (жасанды) тамақтанатын нәрестелерде немесе емшек сүтімен қорек-

тенетін нәрестені мерзімінен бұрын емшектен шығарғанда болады.

- Емшек сүтімен емізу баланың ақыл-ой қабілетін оңтайландыруда шешуші рөл атқарады. Ана сүтінде кез-келген отандық балалар тағамында жоқ маңызды құраушы бөліктер кездеседі. Бір ай ғана емізілген нәрестелерде «балабақша балаларымен салыстырғанда IQ артықшылығы 8 ұпайды құрайды және бұл көрсеткіш баланың ұзақ ана сүтін емуіне қарай арта түседі». (BBC, 2002-ші жыл) Жаңа Зеландияда өткен 1000-нан астам бала қатысқан зерттеу емшек сүтімен емізу мен жоғары зият арасындағы байланысты растайды.

- Ана сүті менингит, зәр шығару жолдарының жұқпасы және құлақтың ауыруы сияқты бактериялық жұқпалардан қорғайды. Жасанды тамақтандырылған балалар инсулинге тәуелді қант диабетімен, лимфомамен, ағзаның тітіркенуімен және ас қорыту жолдарының мәселелерінен көбірек зардап шегеді.

Жануарлардан алынатын сүт жануарлар үшін жарамды және сүт құрамындағы құрасындар әр жануарда әртүрлі болып келеді. Келесі кестеде адам, сиыр, енеке және ешкі сүтінің негізгі құрамының пайызы көрсетілген. Судың мөлшері шамамен 88% құрайды және олар келесідей түрде кездеседі:

Сүт	Ақуыз %	Май %	Қант %	Минерал %
Адам	1.5	3.5	6	0,2
Сиыр	3	4	4	0,8
Енеке	3	6	4	0,8
Ешкі	3	4	4	0,8

Аналарға кемінде баланы 12 ай емізу ұсынылады. Ана сүтінің ең жақсы екендігі туралы көптеген дәлелдер бар. Емшек сүтімен емізу сүт безі обыры, аналық без обыры, остеопороз және басқа да әйелдерде кездесетін аурулардың жиілігін төмендетуі мүмкін. Емшекпен емізу жатырдың бастапқы күйіне оралу үдерісін жылдамдатады. (CNN, 1997-ші жылдың 7-ші желтоқсаны)

АМЕРИКАНДЫҚ БИЗНЕС ЖӘНЕ ЕМІЗУ

Ана сүтінің нәрестелер үшін айқын артықшылықтарына қарамастан, американдық әйелдердің 60 пайыздан азы ғана емшек сүтімен емізеді және бұл көрсеткіш көптеген өнеркәсібі дамыған елдерге қарағанда әлдеқайда төмен болып келеді. АҚШ-тағы аналардың тек 22 пайызы сәбилері 6 айға толғанға дейін емізеді. Мұның бір себебі емшек сүтімен емізу талаптарында жатыр. Жаңа туылған нәрестелерді 24 сағат ішінде ондаған рет емізеді, әдетте әр кеудеге 10-15 минут кетеді. Бұл емізу кестесін жұмыс уақытына сәйкестендіру өте қиын.

Жақын арада Америкадағы бала емізетін аналарға жұмыс орны қолайлы болуы мүмкін. Үкіметтер мен серіктестіктер әйелдерге жұмыста сүт сүзу үшін күніне бір сағатқа дейін ақылы демалыс береді және жұмыс орнында лактация бағдарламаларын қолдайды. (Кэссиди, 1998-ші жыл)

1993-ші жылы ЮНИСЕФ сыйлығы Джон Хэнкоктың өзара өмірді сақтандыру серіктестігіне жұмыс орнында ана мен бала бөлмелерін (оның ішінде электр сүт сорғышы, ыңғайлы орындықтар және тоңазытқыш бар) енгізгені үшін берілді. Жыл сайын орташа есеппен 300 жүкті қызметкері бар серіктестік бұл жаңа бағдарламаның ақшаны үнемдейтінін анықтады (серіктестік құрылған уақыттан бері $60 000), себебі емшек сүтімен қоректенетін нәрестелердің денсаулығы жақсы болғандықтан, аналары да жұмыстан аз қалады. Сонымен қатар, аналардың жүктіліктен кейін жұмысқа қайта оралуы оңайырақ, өйткені жас аналардың көбі қысқа жүктілік демалысына шығуға дайын. Себебі, АҚШ-та емшек сүтімен қоректенетін нәрестелер сүт қоспасымен (жасанды) қоректенетін нәрестелерге қарағанда 35 пайызға аз ауруға шалдығады, сондықтан бала емізетін аналар емшек сүтімен емізбейтін жас аналарға қарағанда 27 пайызға жұмыстан аз қалады. (Рона Коэн, Калифорния Университеті, Мейірбике ісі мектебі, Лос-Анджелес)

МҰСЫЛМАН ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ЕМІЗУ

Тарихқа көз жүгіртсек, мұсылман қауымдары емшек сүтімен емізуге және емізулі аналарға үлкен мән бергенін көре аламыз. Тіпті анасы баласын емізген кезде де көрші-қолаң, туысқан немесе дос-жаран жаңадан келген нәрестені еміз әдеті кеңінен таралған болатын. Мұндай жайттардың кейбір әлеуметтік артықшылықтары болды. 15 немесе одан ерте жаста күйеуге шыққан көптеген қыздар мен 18 жасқа толмаған ұлдар өзінен үлкен аға буынның көмегі мен нұсқауын қажет етеді. Үлкен отбасылар аналарды ауыртпалықтың бір бөлігінен босату арқылы оларға көмектеседі.

Жаңғырту мұсылман елдеріндегі әлеуметтік және мәдени көзқарастардың үлгісін өзгертуде. Бұл ауылдық жерлерге қарағанда емшек сүтімен емізу күрт азайып бара жатқан қалалық жерлерде көбірек байқалады. Дамушы елдердегі емшек сүтімен қоректендірудің төмендеуінің себепкері балалар тағамын өндіретін серіктестіктер болып табылады. Аналар емізуді тоқтатып, серіктестік өнімдерін сатып алғанда олардың сатылымы мен пайдасы артады.

ЮНИСЕФ пен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жаңа туылған нәрестелерге арналған тағамдарды жарнамалайтын серіктестіктерді дамушы елдердегі сәбилер өлімінің басты себепкері деп санайды және үкіметтерге дайындалған балалар тағамдарының жарнамасына тыйым салуға қатаң түрде кеңес береді. Бұл шөлмекпен (жасанды) тамақтандырылған нәрестелер ластық көздерден алынған таза емес судың кесірінен құрамында аз қоректік заттар мен микроағзалардың үлкен мөлшерлері бар сұйылтылған және ластанған қоспаларды алады. ЮНИСЕФ пен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалау қорытындылары бойынша дамушы елдерде жыл сайын ауыр та-

мақ жетіспеушілігінің 9,4 миллион жағдайы тіркеледі, оның кем дегенде жартысы шөлмекпен (жасанды) тамақтандыруға байланысты. Сол сияқты, жыл сайын дамушы елдерде ас қорыту жүйесінің ауруларынан 10 миллионға жуық нәресте қайтыс болады. Олардың кем дегенде жартысы шөлмекпен (жасанды) тамақтандыруға байланысты, ал емшек сүтімен емізу олардың өмірін құтқара алар еді. Сонымен қатар, емшек сүтімен емізу арзанырақ түседі. (Малайзияда 6 айлық сүт қоспасының құны 300 доллар немесе одан да көп тұрады) (Аллен, 1993-ші жыл)

Нәрестелерге арналған сүт қоспалары ана сүтінің алдамшы түрдегі баламасы, дегенмен зерттеушілер оны қоректік заттармен толтыруды үйренуде. Ұзын тізбекті көп қанықпаған май қышқылдары (LCPUFAs) деп аталатын май қышқылдарының классы бар күшейтілген сүт қоспасы мидың дамуына ықпал етеді. Шотландиядағы Данди университетінде (У'иддатс және т.б., 1998-ші жыл) 44 сәбиден тұратын топтың жартысына емшек сүтінде кездесетін жоғары LCPUFAs шоғырлануы бар қоспаны берді. Қалған сәбилерге кәдімгі сүт қоспасын берді. 10 айлық жасында LCPUFAs қоспасымен тамақтанған сәбилер жасырын ойыншықты табу талап ететін сынақта өзге сәбилерге қарағанда айтарлықтай жоғары нәтижелер көрсеткен, бұл олардың миындағы жүйке жасушаларының мықты байланысын көрсетуі мүмкін. Кейбір еуропалықтар енді сәбилер қоспасын LCPUFAs көмегімен байытуда.

Имам Әли мен Ибн Хазмның омырау сүтімен емізу жайында пікірлері

Емшек сүтімен емізу сәбилердің ана алдындағы табиғи құқығы болып саналады. Аналарға балаларын емізу сыйы берілген. Ибн Хазм былай деді:

«Анасы патшаның қызы болса да, баласына толық күтім жасауы керек. Ол тамақ беруге (емізуге) шамасы келмеген жағдайдан басқа кезде бұл міндеттен босатылмайды». (Ибн Хазм, 10-шы том)

Ислам ілімдерін ұстану арқылы балалар мен олардың аналарының басына түсетін көптеген қиындықтардың алдын алуға болады. Әли Ибн Әбу Тәлиб (р.а.) былай дейді:

«Нәресте үшін анасының сүтінен артық құнарлы тағам жоқ».

ЕМІЗУ ҰЗАҚТЫҒЫ

Заң мамандары арасында бұл жайлы әртүрлі пікір қалыптасқанымен, олардың ортақ пікірі: емшек сүтімен емізу екі жылдан аспауы керек. Ананың дені сау және сүті жеткілікті болған жағдайда, баланы екі жасында емшектен шығарғаны абзал.

Юсуф Әли «Әл-Ахқаф» 15-ші аятын былайша түсіндіреді:

Емшек сүтімен емізудің шектік кезеңі (2 жыл) нәрестенің бірінші тіс қатары аяқталатын уақытқа сәйкес келеді. Орталықтағы төменгі сүт азу тістері 6-9 айлар аралығында пайда болады, содан кейін азу тістер пайда болғанша белгілі бір уақыт аралығында сүт тістері пайда болады. Екінші азу тістер шамамен 24 айда пайда болады және олармен бірге бала сүт тістерінің толық жиынтығы қалыптасады. Табиғи заңдылық бойынша баладан тістері шыққаннан кейін тамақты өзі шайнап, анасының сүтінен толықтай тәуелсіз болуы күтіледі. Екінші жағынан, баланың сүт тістері толықтай қалыптасқаннан кейін анаға оны емізу қиынға түседі. Тұрақты тістер 6 жаста, ал 2-ші азу тістер 12 жаста пайда болады. Үшінші азу тістер – 18-ші 20 жаста пайда болатын немесе мүлдем пайда болмайтын ақыл тістер болуы мүмкін.

Кейбіреулер екі жастан кейін емшек сүтімен емізу нәрестеге табиғи (денелік), рухани және жандық тұрғыдан зиян тигізуі мүмкін екенін айтады. 1997-ші жылы Американдық Педиатрлар Академиясы (АПА) аналарға балаларын кем дегенде 6 айдан 12 айға дейін емізуді ұсынды. Шын мәнінде, американдық аналардың тек 20%-ы ғана балаларын 6 айдан кейін емізеді. Кейінірек АПА аналарға балаларын кем дегенде бір жыл емізуді ұсыну арқылы емізу уақытын ұзартты. Онда емшек сүтімен емізудің артықшылықтары келтірілген. (мысалы, жатыр обыры, сүт безі обыры және остеопороздың пайда болу ықтималдығының төмендеуі)

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) емізулі аналардың емшек сүтімен емізуі жайлы айтқан. Мүмкіндігінше, биологиялық анасы баланы өзі емізуі керек. Ананың денсаулығындағы кінәратты көрсететін айқын медициналық себеп болған жағдайда ғана емізулі ананы жалдауға болады. Ол (с.ғ.с.) былайша түсіндіреді:

" Сүт бауырыңның кім болатынына мұқият бол! Бала аш болған жағдайда ғана емізулі анаға жүгініңдер".

(Әл-Бұхари)

Неке қиюды көпшілікке жария етудің бір артықшылығы – әйелдің өз сүт ағасына немесе сүт әкесіне қателесіп үйленбеуін қамтамасыз етуде. Бұл жұртшылыққа, егер болған жағдайда, сүт туыстық қарым-қатынасын тексеруге мүмкіндік береді.

Бала емізетін аналарға арналған пайдалы кеңестер

(Бейімделген, Әл-Амин, 1998-ші жыл)

Емізу анаға тән табиғи сезім болғанымен, бұл дағдыны жақсартуға болады. Төменде аналарға арналған бірнеше пайдалы кеңестер келтіріледі:

- Бала туылғанға дейін өзіңізді бұл жағдайға дайындаңыз. Бала емізу жайлы кітаптар оқыңыз. Ауруханадан, медициналық қызмет көрсетушіден немесе лактация (емізу) жөніндегі кеңесшіден сабақтар алыңыз. Емшек сүті арқылы емізуді қолдайтын ұйымның жиналыстарына қатысыңыз.
- Емізу барысында баланы дұрыс ұстау өте маңызды. Емізік баланың аузында 2,5-4 см қашықтықта орналасқанына көз жеткізіңіз. Балаға қарай қатты еңкеймеңіз, керісінше баланы өзіңізге қарай жақындатыңыз. Қажет болған жағдайда жастықты қолданыңыз.
- Бір омыраудағы сүт таусылып, баланың сору қозғалысы қарқындыдан баяу күйге айналғанша емізіңіз. Содан кейін екінші омырауды ұсыныңыз. Екі емшекті ішінара босатып емізгенше, бір емізу кезінде бір емшекті толықтай жұмсартқан дұрыс. Сүттің бірінші бөлігі майсыз сүтке, одан кейінгісі жетілген сүтке, соңғысы кілегей секілді болып келеді. Соңғы бөлік теңгерімді тамақтануды қамтамасыз етіп, баланың тоқтаусыз жылауын алдын алады.
- Алғашқы бірнеше күнде кеуде қуысының ұлғаюы табиғи жайт болып табылады. Егер нәрестелер ісінген емізіктен еме алмаса, емізер алдында аз мөлшерде сүтті шығарып алыңыз.
- Емшек ұшының қабынуы болған жағдайда тиісті күтім жасаңыз. Емізіктерді табиғи жолмен ауада кептіру арқылы ауырсынуды жеңілдетіңіз, содан кейін табиғи байланысты зәйтүн майы немесе таза ланолин сияқты табиғи өнімдерді жағыңыз.
- Суды көп ішіңіз. Бойдана мен сарымсақтан жасалған шайлар сүтті көбейтеді деп саналады.
- Босанғаннан кейінгі алғашқы бір немесе екі сағатта нәресте сергек болғанда тамақтандыруды бастау маңызды.
- Қаншалықты жиі емізу керек? Босанғаннан кейінгі алғашқы 2-3 аптада баланы емізу үшін оятуыңыз керек болады. Баланы күндізгі уақытта кем дегенде үш сағат сайын және түнгі уақытта төрт сағат сайын емізу керек. Бала үшін және сүт мөлшерін көбейту үшін жиі тамақтандыру маңызды. Бала неғұрлым көп емсе, анада соғұрлым көп сүт пайда болады. Балаңыз жақсы салмақ қосқаннан кейін, оның тамақтануын қалауына қарай орындаңыз.

- Сауылған сүттен шөлмекпен (жасанды) емізу: Емшек сүтімен емізу жақсы қалыптасқанша – әдетте 3 және 5 апта аралығында емшек сүтімен емізетін нәрестеге өз емшек сүтіңіз бар шөлмекті бермеңіз. Кейде анасынан басқа біреу нәрестеге анасының емшек сүті болуы керек бірінші шөлмекті берсе көмектеседі. Көбінесе нәрестелер жаттыққаннан кейін анасының омырауынан шөлмекке және керісінше ауыса алады.
- Кейбір нәрестелер басынан жақсы еме алса, кейбіреулер ұзақ үйретуді қажет етуі мүмкін. Басынан емуге дағдыланбаған болса да ештеңе етпейді.
- Емшек сүтімен емізуді тоқтатпаңыз. Бір ана өз сөзінде емізу барысында баласымен ұзақ, махаббатқа толы және жайлы байланысты орнату үшін 6 апта қажет болғанын мойындады.

Аналар емізу барысынан ләззат алады. Оның себебі ешқандай тамақ дайындаудың қажеті жоқ, нәрестелерімен ерекше жақындық сезімі пайда болады, ал нәрестелерінде ауру мен құлақ жұқпасы аз кездесуінде. Босанғанға дейін аналар алғашқы күндерде қандай да бір қиындықтарға тап болса, кімге қоңырау шалу керектігін білуі үшін қолдау қызметтерінің тізімін жасауы керек.

АНАНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТАМАҚТАНУ РАЦИОНЫ: ҮЛГІ

Төменде емізетін аналарға арналған тамақтану тағам мөлшері ұсынылған:

- Тауық пен балық сияқты ақуыздардың үш мөлшері
- Апельсин сияқты С дәрумені жоғары тағамның екі мөлшері
- Сүт немесе ірімшік сияқты кальцийге бай тағамдардың бес мөлшері
- Кокос және қасқыржем сияқты жемістер мен көкөністердің алты мөлшері
- Тұтас дәнді нан сияқты күрделі көмірсулардың алты мөлшері
- Сиыр еті немесе бұршақ сияқты темірге бай тағамдардың бір мөлшері
- Ірімшік немесе қаймағы алынбаған сүт сияқты аз мөлшерде майлылығы жоғары тағамдар
- Сегіз стақан су
- Жүкті немесе бала емізетін аналарға арналған дәрумендер.

Дұрыс және жүйелі түрде тамақтану анаға сүтті жеткілікті түрде сақтауға көмектеседі, оған күш-қуат береді және жүктілік кезіндегі қосылған артық салмақтан арылуға көмектеседі. Сонымен қатар, емізетін анаға сүтті көп мөлшерде ішу өте маңызды, әйтпесе ол болашақта кальций жетіспеушілігіне шалдығуы мүмкін.

МЫҚТЫ ҰЛТ: ТАБИҒИ (ДЕНЕЛІК) ТҰРҒЫДАН

Құранда және Пайғамбар (с.ғ.с.) хадистерінде күш туралы оның барлық көріністерінде айтады:

... (Уа, Мұхаммедтің үмбеті!) Сендер (Раббыларыңның қалауымен) күллі адамзаттың игілігі үшін жарыққа шығарылған (жаралған) ең қайырлы үмбетсіңдер. Үнемі жақсылыққа шақырып, жаман-дықтан тыясыңдар, Аллаға кәміл сенесіңдер. Егер кітап иелері (де сендер секілді) иман келтірсе, өздері үшін жақсы болар еді. Шүбәсіз, олардың арасында да шынайы мүміндер бар, алайда басым көпшілігі – хақ жолдан адасқан күнәһарлар...

(«Әли-Имран» сүресі, 110-шы аят)

(Уа, мүміндер!): Дұшпанға қарсы қолдарыңнан келгенше күш-қуат сайлаңдар һәм соғыс үшін ат баптаңдар. Сол арқылы Алланың (яғни, хақ діннің) дұшпандарын, өздеріңнің дұшпандарыңды һәм өздерің білмейтін, қыр-сыры бір Аллаға ғана мәлім болған өзге де дұшпандарыңды қорқытыңдар, олар қаймығатындай күш болыңдар. Сондай-ақ Алла жолында дүние-мүліктеріңнен не жұмсасаңдар да, соның қарымын толық аласыңдар һәм әсте әділетсіздікке ұшырамайсыңдар (яғни, ақыларыңды жемейміз, сауаптарыңды толық аласыңдар)...

(«Әл-Әнфал» сүресі, 60-шы аят)

Емізетін ананың айтқан сөзінен: Бала емізу бұл керемет сезім. Тіпті, түн ортасы болса да, оның кішкентай сәби жүзіне қарап, оған бұл әлемде керегі тек мен екенін ұққан сәтте қалайша оны емізуден бас тарта аламын? Балам үшін ана сүтінің маңыздылығы қаншалықты жоғары болса, мен үшін де екеуміздің арамыздағы сезімді байланыстың маңыздылығы соншалықты жоғары.

Пайғамбар (с.ғ.с.) өз сөзінде: Алланың алдында әлсіз мүмінге қарағанда күшті (қауий) мүмін әлдеқайда жақсы әрі ұнамды. Десе де (иманды болғандықтан) екеуі де қайырлы. Мән беріп қарасаңыз хадистегі қауий сөзі сенім (иман) мен дене күшінің мықтылығын білдіреді. Жоғарыда аталған «ең қайырлы үмбетсіңдер», «қолдарыңнан келгенше күш-қуат сайлаңдар» және «шынайы мүмін» деген сипаттамалар табиғи (денелік) (биологиялық) аспектілерді, сонымен қатар сенім мен ақылақ қырларын қамтиды. Алдыңғы тараларды ескере отырып, келесі қорытындыны жасауға болады:

Қоғам осы аталған нұсқауларды орындай отыра, өзге ұлттардан табиғи (денелік) тұрғыдан мықты бола алады:

- Дені сау жұбайларды таңдау.
- Некеге дейін жыныстық қатынастың барлық түрінен аулақ болу; бұл ата-аналар мен олардың ұрпақтарының келешекте жыныстық жолмен берілетін аурулардан, соның ішінде ЖИТБ-нен (тек бұл ғана емес) таза болуын қамтамасыз етеді.
- Дұрыс тамақтану. Ата-аналар, жүкті аналар және балалар ең таза, әрі адал асты (әзкә таъамән, араб тілінде): құнарлы, пайдалы, таза және жақсы тағамдарды жеуі тиіс. Шариғат заңдары сақталмай сойылған шошқа еті, қан, өлексе және тұншықтырылған жануарларды пайдалануға рұқсат берілмейді. Құранда су, сүт және балды; жемістер (құрма, жүзім, зәйтүн, інжір), ет (құс еті, теңіз өнімдері, сиыр еті және қой еті) және көкөністер (пияз, сарымсақ, қияр, жарма, бұршақ) жеуді ұсынады.
- Тазалық сақтау ережелерін сақтау. Тамаққа дейін және кейін әрдайым қолды жуу микробтардың жойылуына алып келеді. Сол қолды жуыну үшін, оң қолды тамақтану үшін қолданыңыз. Күніне бес рет дәрет алыңыз.
- Уытты заттардан (ішімдік, есірткі және темекі шегуден) аулақ болу. Ата-анасы химиялық улы заттардан аулақ болса, көп жағдайда ұрық жақсы дамып, сау болып шығады.
- Балаларды емшек сүтімен емізу. Ана сүтіне қанып өскен балалар тез жетіліп, қайсар мінезге ие болып, табиғи (денелік) және жандық күш-қуатын дамытады және шыншыл, салиқалы ұрпаққа айналып, көшбасшылық қасиетті бойына сіңіреді.

Жүктілік демалысы көптеген мемлекеттерде бекітілген сегіз аптадан асуы керек. Аналарға баласына толық күтім жасай алуы үшін кем дегенде бір жылдық ұзақ демалыс қажет болады. (Мұса Пайғамбар (Ғ.С.) сияқты болашақ көшбасшыларды дайындау үшін анасы ұзақ уақыт толық күтім жасаған)

Қорытындылай келе, бала өміріндегі алғашқы бес жыл жақсы мінезді, дені сау ұрпақ қалыптастыруда өте маңызды екенін көрсетеді. Осы кезеңдерде туған мүмкіндіктерді уыстан шығарып алуға болмайды. Жоғарыда келтірілген нұсқаулықтар орындау адамзат арасындағы ең кемел адам болуға жетелейді.

Мықты, дені сау балаларды тәрбиелеу арқылы біз оларды имани негізге, даналыққа, ақыл-парасатқа және түрлі қабілеттерге үйрете аламыз. Жүсіп, Мұса және басқа да Пайғамбарлардың (Ғ.С.) мысалында түсіндірілгендей, бұл өмірде кейінірек көрініс табады.

Сөйтіп, ол (Мұса) ер жетіп, (тәндік һәм рухани жағынан) кемеліне келгенде, оған асқан ақыл-парасат, даналық һәм ерекше ілім нәсіп еттік. Міне, Біз ізгілікке жаны құштар, Алланың өздерін үнемі көріп, бақылап тұратынын жадында ұстап, игілікті істер істейтін ізгі жандарды осылай сый-сияпатқа бөлейміз.

(«Әл-Қасас» сүресі, 14-ші аят)

Емшек сүтімен емізу кемел ұлтты қалыптастыруда берік негізге ие, өйткені:

а) бұл сәбилерге табиғи (денелік), жандық және сезімді күш-қуат береді.

б) бұл жаппай түрде өндірілген шөлмекпен (жасанды) тамақтандыру қоспасына қарағанда әр балаға жекеше бейімделген тамақтандыру түрі.

с) бұл сәбилерді тамақтандырудың ең табиғи тәсілі.

Адам білімі кеңейіп, өзгеріске ұшырағанымен Алланың сөзі (нені жасауға болады, нені болмайды) адамдарға пайда әкелетін нұсқауларға баса назар аударады.

Шүбәсіз бұл Құран ең дұрыс, ең сенімді жолға бастайды һәм үнемі орынды да игі істер істейтін мүміндерге (алдағы уақытта) еншілеріне тиетін үлкен сый-сияпат бар екендігін айтып, сүйіншілейді. («Әл-Исра» сүресі, 9-шы аят)

Мұсылмандар бүгінде Пайғамбар (с.ғ.с.) салып кеткен сара жолдың негіздерін бұзуда. Бірде-бір мұсылман елі әлемдегі өмір сүру ұзақтығы ең жоғары 12 елдің қатарына кірмейді. Ауғанстан өмір сүру ұзақтығы ең төмен ел ретінде көрсетілген. (ерлер үшін 43 жас және әйелдер үшін 44 жас)

(Біріккен Ұлттар Ұйымы, 2010-шы жыл)

ТАПСЫРМА 31

31-ші тапсырма:
Мені мазалайды...

Ата-аналар мен балалар төмендегі көрсетілген мәселелерді талқылап, оларды жасамау жолын өзара келісуі керек.

Менің ызамды тудырады (мазалайды):

- Пицца, пахлава және бәліштердің дұрыс кесілмеуі.
- Балалардың өз қоқыстарын жинамай, ата-аналарының олардың артынан жинауы.
- Қоқыс жәшігінің ішіне емес, оның айналасына тасталуы.
- Адамдардың кездесуге белгіленген уақыттан кешігіп келуі.
- Күйеуінің әйеліне ескертпестен үйіне кеш оралуы.
- Адамдардың аяқ киім бауын байлауды ұмытып және оны ешкімнің есіне салмауы.
- Адамдардың әжетханадан қолын жумастан шығуы.
- Адамдар жуынатын бөлмеде болған кезде есігін құлыптамауы.
- Адамдардың шәй, кофе немесе су шыныаяқтарын жұмыс үстелінде тауыспаған күйінде қалдыруы.
- Адамдардың шаштарын тарамауы (ұзын қастар мен сақалдарды қоса алғанда).
- Адамдардың қыстырғыштарды, түйреуіштерді және қапсырмаларды үстелдер мен едендердің айналасында шашыраңқы күйде қалдыруы.
- Ата-анасының баласының өзге үйдегі өзін нашар ұстауына күле қарауы.

- Адамдардың өсек таратып, бірін-бірі ғайбаттауы (Құранда оны адам етін жегенмен бірдей деп сипаттайды).
- Балаға қойылған сұраққа ата-анасының жауап беруі.
- Адамдардың баланың сөйлеп жатқанда жиі сөзін бөлуі.
- Үй иесінің қонақты тым көп тамақ жеуге мәжбүрлеуі.
- Адамдардың нәсілшіл пікірлер мен әзілдерді таратуы.
- Адамдардың тәрелкесінде көп тамақты қалдырып, оны қоқысқа тастауы.
- Қонақтардың еш ескертусіз келуі.
- Қонақтар үй иесінің балаларын рұқсатсыз жекуі мен жазалауы.
- Ата-аналардың баласына берген уәделерін шын жүректен кешірім сұрамастан бұза салуы.
- Адамдардың өз оқиғаларын сізге ашып айтпастан, сізден кеңес сұрай бастауы.
- Жас адамдардың баспалдақтардың орнына лифттерді пайдалануы.
- Хабарлаушының ақпаратты толық және дәл емес жеткізуі.
- Жағдай сұрап келген кісілердің ауруханада тым ұзақ уақыт отыруы.
- Неге екенін айтпастан, біреудің сізге ренжуі.
- Адамдардың ақшаны, тамақты, қағазды, дәрі-дәрмекті, уақытты, майлықтарды және сабынды босқа ысырап етуі.
- Көлік жүргізушілердің айдау барысында хабарламалар жіберіп, оны оқып отыруы (Кейбір жерлерде көлікті жүргізу кезінде ұялы телефондарды пайдалануға тыйым салынған).
- Адамдардың ауызын және мұрынын жаппастан, бетіңізге қарап жөтелуі мен түшкіруі.
- Жиналыстарда, құлшылық орындарында және кітапханаларды адамдардың ұялы телефонын өшірмеуі.

- Адамдардың киімдері мен шұлықтарынан жағымсыз иістің шығуы.
- Адамдардың жуынатын бөлмеде өзінен кейін едендер мен шұңғылшаларды су күйінде қалдыруы.
- Бір уақытта бірнеше адамның қабаттаса сөйлеуі.
- Жүргізушілердің орынсыз дабыл белгі беруі.
- Сөйлеушілердің сөзді немесе сөз тіркесін орынсыз түрде тым көп қайталауы.
- Кейбір адамдардың өзгелердің мазасын алатындай тым қатты сөйлеуі, ал кейбіреулердің ешкім естімейтіндей тым жәй сөйлеуі.
- Жарықты өзінен кейін қосып қалдыруы.
- Өзгелердің рұқсатынсыз кезекті бұзуы.
- Қонақтардың үй иесінің (өз үйінде) айтқан нұсқауларын орындамауы.
- Үй иесінің кешігіп келген қонақты күтіп, өзгелерге асты ұсынбауы.
- Адамдардың қолдарын жуған кезде су кранын ашық қалдыруы.
- Су кранын толығымен өшірмеу.
- Адамдардың түкіру қажет болған кезде майлықты пайдаланбай, еденге түкіруі.
- Адамдардың өз жолдарындағы қоқыстарды жинамауы.
- Адамдармен сөйлескен кезде дәлізді жауып тұрып алуы (өзгелердің өте алмауы).
- Кездесу кезіндегі екі адамның бір-бірімен сөйлесуі немесе сыбырласуы.
- Адамның қателік жіберуі, оны мойындамауы және ол үшін шын жүректен кешірім сұрамауы.
- Адамдардың сізді қонаққа шақырып, онда тамақтың болатынын немесе болмайтынын анық айтпауы.
- Қораптан қағаз майлықты алу кезінде бірнеше майлықты бірден шығаруы.

- Сөйлеушілердің өзіне берілген уақыттан тым көп немесе тым аз уақыт сөйлеуі.
- Адамдардың күлгеннен гөрі қабағын шытып отыруы.
- Адамдармен амандасқанда олардың жауап қатпауы.
- Адамдардың бөлмені тым қараңғы немесе тым жарық қылуы.
- Адамдардың мазасыз, қызыққұмар және әр нәрсеге мұқтаж болып көрінуі арқылы өзгелерді ығыр қылуы.

Отбасының әрбір мүшесі бұл тізімге өзіне ұнамайтын заттарды қоса алады.

9-ШЫ ТАРАУ

Баланың миы: оны қолданыңыз немесе мүлдем жоғалтыңыз!

(Жан-жануарларға туа бітті түйсік беріп, оларды өмірге тез бейімделіп кететіндей етіп жаратқан) Алла сендерді аналарыңның құрсағынан түк білмейтін күйде шығарды һәм сендерге шүкіршілік етулерің үшін (һәм өмірге бірте-бірте бейімделу, үйрену арқылы толыққанды адам болып қалыптасуларың үшін) есту қабілетін, көз және жүрек (яғни, жүректегі рухани сезімдерді) нәсіп етті.

(«Ән-Нәхл» сүресі, 78-ші аят)

КІРІСПЕ

Құранда сәбилердің нөлдік білімімен туылатыны айтылған. Аллаһ Тағала оларға кейіннен білім игеру үшін әртүрлі құралдармен марапаттайды. Оларға: ең алдымен есту, сосын көру және соңында сезімдер, пайымдаулар мен жан толғаныстардың жиыны рух (жан) жатады. Биология ғылымдары есту орталығының мидың алдыңғы жағында, ал көру орталығының артқы жағында орналасқанын түсіндіреді. Олардың арасында мидың басқа орталықтары бар. Олар адамдарға ұтымды шешім қабылдауға мүмкіндік беретін танымдық қабілеттерді құрайды. Бір қызығы, Құранда бұл сөздер бір-бірінен ажырамастай үнемі бірге айтылады: есту, көру және сүйіспеншілік.

Баланың миының қалай қалыптасатынын және дамитынын түсіну баланың ерте тәжірибесінің маңыздылығына және оның қисын, математика, саз, тіл және жан толғаныстарға жауап беретін ми тізбектерін қалыптастыруға қалай көмектесетініне назар аударуға мүмкіндік береді. Мұны түсінгеннен кейін біз алғашқы екі жылда емшек сүтімен емізудің қаншалықты маңызды екенін шын түсіне аламыз.

МҮМКІНДІКТЕР ТЕРЕЗЕСІ

«Сәбилерге дұрыс қарау үшін олардың жаратылысын түсінуіміз керек. Мидың әртүрлі аймақтарындағы тізбектер әртүрлі уақытта жетілгенімен, бұл үдерістердің көбісі сәби кезде орын алады. Соның нәтижесінде, мидағы әртүрлі тізбектер әртүрлі жастағы өмірлік тәжірибелерге сезімтал келеді. Балаларыңызға қажет болған кезде қолдау білдіріңіз, қолдан келгенше көмек көрсетуге тырысыңыз; егер дер кезінде балаңызға қолдау білдірмесеңіз нәтижесі үлкен сәтсіздіктерге әкелуі мүмкін».

(Бегли, 1996-шы жыл.

Адамның миының салмағы небәрі 1300 грамм болса да, оның құрамында триллиондаған ми байланыстары мен орасан зор өнімділік қуаты орналасқан. Егер біз әлемнің барлық екі қаласын негізгі магистраль байланыстырады деп елестетсек және одан да көп күрежолдар бұл қалаларды әлемнің барлық басқа

ірі қалаларымен байланыстырады, сонымен қатар бүкіл әлемдегі ауылдарды байланыстырады деп алсақ та, бұл ми жұмысының толық құрылымын ашып көрсете алмас еді. Егер біз әрбір ауылды әлемдегі кез келген басқа ауылмен байланыстыратын қосалқы жол салынды деп елестететін болсақ, онда негізгі және қосалқы жолдардың қажетті кең желісі де ми жұмысының күрделілігін көрсете алмас еді, жер шарымыздағы барлық жердің өзі оны орналастыру үшін жеткіліксіз болатын жайтты есептемегенде.

Осы сәтте мидың дамуына қатысты туатын мәселе бұл жолдар сәбидің алғашқы жылдарында салынбаған болса, оларды кейінірек салу мүмкін еместігінде. Өкінішке орай, бұл таптырмас мүмкіндік көбіміздің уысымыздан шығарып алып жатамыз. Сондықтан мидағы өзара байланысты дамытуды үйрену, содан кейін оларды балаларымызда қалыптастыру үшін бар күш-жігерімізді салу өте маңызды.

Мидың «сіңіру» қуаты

3 жасар баланың миы қанша ақпаратты қабылдай алады?

Егер біз миды елестетіп көруге болатын ең қуатты және күрделі компьютер ретінде алатын болсақ, онда баланың қоршаған ортасы тәжірибені енгізетін «пернетақта» ретінде әрекет етеді. Компьютердің жад сыйымдылығы сонша, алғашқы үш жылда ол адамдар тобының енгізе алатын ақпаратынан көбірек ақпаратты сақтай алады. Алайда үш-төрт жылдың соңына қарай есте сақтау қарқыны баяулай бастайды. Компьютер ақпаратты қабылдауды жалғастырады, бірақ жылдамдығы төмендей түседі. Біз өсіп-жетілген сайын бұл үдеріс баяулайды, ал қартайған сайын ми жасушалары мен синапстары істен шыға бастайды (солады). Біз бұл мүмкіндікті үш жасқа дейін пайдаланып үлгеруіміз керек (Котулак, 1993-ші жыл)



Райкус және Хюджс, 1998-ші жыл

Тағы да қайталап айта кететін болсақ, Құранда бала туылған кездегі білімінің нөлге тең екенін мәлімдейді: (Жан-жануарларға туа бітті түйсік беріп, оларды өмірге тез бейімделіп кететіндей етіп жаратқан) Алла сендерді аналарыңның құрсағынан түк білмейтін күйде шығарды һәм сендерге шүкіршілік етулерің үшін (һәм өмірге бірте-бірте бейімделу, үйрену арқылы толыққанды адам болып қалыптасуларың үшін) есту қабілетін, көз және жүрек (яғни, жүректегі рухани сезімдерді) нәсіп етті.

(«Ән-Нәхл» сүресі, 78-ші аят)

НЕЙРОНДАР (ЖҮЙКЕЛЕР) МЕН МИ ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ДАМУЫ

«Мида миллиардтаған жүйке жасушалары (нейрондар) орналасқан. Кейбір нейрондар (жүйкелер) тыныс алуды, жүрек соғысын бақылайды, дене температурасын реттейді немесе шағылалар тудырады. Алайда туылған кезде триллион-триллиондаған нейрондық байланыстар қолданысқа енбейді, олар бағдарламалық жасақтаманы жүктеуге арналған бос диск тәрізді болады. Егер нейрондар (жүйкелер) қолданылса, олар басқа нейрондармен (жүйкелермен) байланысу арқылы ми құрылымына біріктіріледі; егер олар қолданылмаса, олардың істен шығуы (өлуі) мүмкін. Осы сәби кездегі тәжірибе бағдарламалаушының компьютерге бағдарламалар орнатқаны тәрізді қандай нейрондардың мида байланыс орнататынын анықтайды. Баланың жинаған тәжірибелері мен оған енгізілген бағдарламалар келешекте баланың ақылды немесе ақымақ, жасқаншак немесе өзіне сенімді, сөзшең немесе тілі күрмеленіп сөйлейтін адам болуын анықтайды. Бала кездегі тәжірибелердің маңыздылығы соншалық, олар тұлғаның даму бағытын толығымен өзгерте алады». (Нэш, 1997-ші жыл)

Есейген шақта мида 100 миллиардтан астам нейрон (жүйке) қалыптасады, олар басқада мыңдаған нейрондармен байланысып, мида 100 триллионнан астам байланыс желісін құрайды. Дәл осы байланыстар – мидың теңдесі жоқ күш-қуатының дәлелі бола алады. Дәстүрлі көзқарас бойынша бұл қосылыстардың үлгісі жаңа үйдің дайын құрылысы сияқты ұрықтанған жұмыртқадағы тұқымдармен алдын-ала анықталады деп есептеледі. Тұқымдардың жартысы орталық жүйке жүйесінде маңызды рөл атқарса да, мидың теңдессіз күрделі жүйесін анықтау үшін олардың саны жеткіліксіз. Бұл басқа бір мүмкіндік есігін ашады. Демек, гендер тек мидың негізгі тізбектерін анықтай алады, ал мидағы триллиондаған ерекше байланыс сымдарын қалыптастыратын басқа

нәрсе болып табылады. Басқа нәрсе дегеніміз ол қоршаған орта, мидың сыртқы әлемнен алатын сансыз көп хабарламалары. «Ми байланыстарын қалыптастыратын екі кезең бар: тәжірибені қажет етпейтін ерте кезең және тәжірибе жинақталып бастаған кезең». (Карла Шатц, 1996-шы жыл, Нэш қаласы Калифорния университеті, 1997-ші жыл) Дегенмен, бұл ми байланысына қосылғаннан кейін мидың өзін-өзі құру қабілетіне берілетін уақыт шектеулері бар. Олар «сыни кезеңдер» деп аталатын табиғаттың туылғанға дейін ашық қалдырып, одан кейін әрбір жыл сайын бірінен соң бірін жауып тұратын мүмкіндіктер терезесі».

Мұның салдары көп үміт күттіретін де, алаңдататын да болуы мүмкін. Қажетті уақытта дұрыс көрсетілген ықпалдар арқылы барлығы да мүмкін көрінеді. Бұл мүмкіндіктер терезесін жіберіп алған болсаңыз, шектеулі мүмкіндіктермен ойнауға тура келеді. Кішкентай баланың «Хэд Старт» (Head Start) сияқты қарқынды мектеп бағдарламалары арқылы қол жеткізген жетістіктері көбінесе уақытша болып табылады: бұл қарқынды оқыту миды түбегейлі қалпына келтіру үшін тым кеш басталады. Екінші тілді үйренуді кейінге қалдыру да үлкен қателік. Дәрігер Чугани «Қандай ақымақ шет тілін орта мектепке дейін оқытпау керек деп шешті? Орта мектеп кезінде екінші тілді үйренуге тым кеш». (Дәрігер Гарри Чугани, Мичиган балалар ауруханасы)

Мидың көруін, дыбысын, жан толғаныстарын және қозғалыс орталықтарын келесідей сипаттауға болады:

КӨРУ

Көру қабілеті 2-4 айлық жаста нейрондардың күрт өсуі себебінен қалыптасады, бұл нәрестелер әлемді шынымен байқай бастайтын сәтке сәйкес келеді және әр нейрон 15000 басқа нейрондармен байланысудың шегіне, яғни 8 айға жетеді. Туылғанынан бастап көздері катаракта ауруына шалдыққан бала 2 жасында операция арқылы ол ауруды алып тастағанына қарамастан, көздері мәңгілікке соқыр болып қалады. Мысықтарға жасалған эксперименттер бұл тұжырымдарды растайды.

ДЫБЫС

Патрисия Кулдың (Вашингтон университеті) сөзінше: «12 айға қарай нәрестелер өз тілінде ешқандай мағына бермейтін дыбыстарды ажырату қабілетін жоғалтады және олардың былдырлап айтқан дыбыстары өз тілінің дыбысына ие бола бастайды». Бұл жапондықтардың L және R дыбыстарын ажырата алмау себебін түсіндіреді: «elects» сөзі «erects» сөзі секілді айтылады. Сонымен қатар, көптеген арабтық диалектілерде ḍ дыбысын z дыбысымен шатастырады: *ḍāllīn* (араб тілінде: دالين) сөзі *zāllīn* (араб тілінде: ذالين) сияқты айтылады.

Екінші тілді бірінші тілден (бірге емес) бөлек үйрену қиынға түседі. «Бірінші тілді қабылдау жүйесі екінші тілді үйренуді міндеттейді», – дейді Кул. Мысалы, егер мидағы байланыстар испан тілін үйренуге жалғанған болса, қалған бөлінген нейрондар (жүйкелер) екінші тіл ретінде грек тілін үйрену үшін жаңа байланыстарды құру қабілетін жоғалтады. 10 жастан кейін екінші тіл меңгерген бала ол тілде өз ана тіліндегідей сөйлей қоюы екіталай. Сондықтан нәрестелердің барлық араб әріптерінің дыбыстарын дұрыс меңгеруі үшін нәресте кезінен бастап Құранды тыңдауы өте маңызды.

Осы негізгі жүйе қалыптасу арқылы сәбилер дыбыстарды сөзге айналдыруды үйрене бастайды. Балалар неғұрлым көп сөз естісе, соғұрлым олар тілді тез үйренеді. Аналары жиі сөйлескен 20 айлық сәбилер аналары олармен аз сөйлескен сәбилерге қарағанда 131 сөз көбірек білетіні; 24 айда бұл алшақтық көрсеткіші 295 сөзге дейін өсетіні анықталды. Ананың қандай сөздерді қолданатыны маңызды емес, тіпті бір буынды сөздерде жарай береді. Сөз дыбыстары кейіннен көп сөздерді жаттауға мүмкіндік беретін нейрондық желіні құрайды. Сөздерді бірнеше рет қолданып, қайталау арқылы ғана бай сөздік қорын құрауға болады. Осы кезде балалармен жиі сөйлесетін бірнеше аға-әпкелерінің болуы, баланың тілдік дамуына оң әсер тигізетінін айта кеткен де жөн.

САЗ

Сазға ерте жастан баулу жаңа нейрондық байланыстырды қалыптастырады. (Элберт және т.б., 1995-ші жыл) Ішекті аспаптарда ойнайтын сырнайшылардың миы магнитті-резонанстық томография арқылы зерттелген. Бас бармақ пен сол қолдың саусақтарына арналған ми аймағының көлемі бұл аспап-

тарда ойнамайтындарға қарағанда айтарлықтай үлкен екені көрсетілді.

Платон саздық білім берудің ең қуатты құралы екенін айтады. Қазір ғалымдар мұның не себепті екенін түсінуде. Олар саз миды ойлаудың жоғары түрлеріне үйретеді деп санайды. Зерттеушілер саздың күшін мектеп жасына дейінгі балалардың екі тобын бақылау арқылы зерттеді. Балалардың бір тобы фортепианодан сабақ алып, күнделікті ән шырқады. Екіншісі мұның ешқайсысын жасамады. 8 айдан кейін 3 жасар сазға шыныққан балалар пазлды («пазл», ағылшын тілінде «puzzle» деген зат есімі «бас қатырғыш», «ой-жұмбақ» (біріктірілетін нақышты, өрнекті) деген мағынаны білдіреді) керемет жинап, кеңістіктік ойлау (қоршаған әлемді дәл елесте алу қабілеті) бойынша өзге балаларға қарағанда 80 пайызға жоғары болды.

Бір қызығы, бұл дағды кейінірек күрделі математикалық және инженерлік дағдыларға айналады. Ирвин қаласындағы физик Гордон Шоудың айтуынша, «сазға ерте жастан баулу баланың ақыл-ой қабілетін дамыта алады».

(Бегли, 2000-шы жыл)

Мида саз, математика және қисын арасында тығыз байланыс бар екендігі байқалады. Себебі, жоғары деңгейлі ойлау мидың ұқсас үлгілерімен сипатталады. Кішкентай балалармен жұмыс істейтін мұғалімдер балаларды жоғары математикаға немесе шахматқа үйретпейді. Дегенмен, кішкентай балалар сазға қызығушылық танытып және ән шырқай алады. Фрэнсис Раушер (Висконсин университеті) бірнеше балаға фортепиано және басқа да ән сабақтарын берді. 8 айдан кейін, саз сабақтарына қатыспағандармен салыстырғанда, саз сабақтарына қатысқан балалардың «кеңістіктік ойлауы әлдеқайда жақсы дамығаны» байқалды. Бұл оң өзгерістер олардың лабиринтпен жұмыс істеу, геометриялық пішіндерді салу және екі түсті блоктардың үлгілерін көшіру қабілеттерінде көрінді. Балалар классикалық сазды тыңдау арқылы қыртыстық нейрондарды (жүйкелер тармақшаларын) жаттықтырған кезде, математика үшін қолданылатын ми байланыстарының жұмысын күшейтеді. Саз өзіне тән ми байланыстарының жұмысын арттырады және күрделі мәселелерді шешу қабілетін дамытады.

(Нэш, 1997-ші жыл)

Балаларды саздық аспаптарда ойнауға ынталандыру керек.

ЖАН ТОЛҒАНЫСТАР

Жан толғанысты бақылауда ұстайтын ми байланыстарының негізі бала дүниеге келмей тұрып қалыптасады. Кейіннен ата-анамен қарым-қатынас пайда болады. Балаға ең қатты әсер сыйлайтын – баптаулар болуы мүмкін (жақын адамдарының бала жан толғанысын қайталауы). Егер мысықты немесе күшікті көргенде баланың күлімсіреп таң қалуы, ұшақты көргендегі толқуы айналасындағылардың құшақтауы, бетінен сүюң және жымиюы арқылы мида бекітілсе, бұл жан толғаныстарға арналған ми байланыстарының жұмысын күшейтеді. Шамасы, ми жан толғаныстарды қалыптастыру үшін де, оларға жауап беру үшін де бірдей жолдарды пайдаланады. Осылайша, егер жан толғанысы белгілі бір жауап беруді тудырса, оны тудырған электрлік және химиялық дабыл белгілер күшейеді. Алайда, бала жан толғаныстарына үнемі немқұрайлылық танытып немесе қарама-қайшылық туғызатын жауап қайтарулар білдірілсе (мысалы, бала анасының ең жақсы көретін кастрөлдерінен зәулім ғимарат салғанымен мақтанады, ал анасы болса баланың бұл ісіне қатты ашулы), бұл сәтте мидағы байланыстар (тізбектер) шиеленісіп, дамуын тоқтады. Бұл жердегі маңызды сөз «үнемі», бір рет айтылған жағымсыз сөз баланың өмірін түбегейлі құртпайды, алайда бұл жағымсыз жауап қайтарулардың жиі қайталануы кейіннен мида бекітіледі. Бұл тұста үлгі өте маңызды және мықты күшке айналуы да мүмкін. Бір зерттеулерде анасы баланың қуанышы мен таңданысын бөлісе алмаса, кейіннен бала қуаныш сезімін мүлдем сезіну қабілетінен айырылатындығы айтылады.

СТРЕСС ЖАН ТОЛҒАНЫСТАРЫ ТІЗБЕГІН ҚАЙТА ҚҰРА АЛАДЫ

Күйзеліс пен үнемі мазасыз күйде болу жан толғаныстары тізбегіне өз әсерін тигізеді. Бұл тізбектер – мидың тереңінде орналасқан кішкентай бадам тәрізді құрылым, бадамша пішінді денеде орналасқан, оның міндеті жан толғаныстарды қалыптастыру үшін кіріс көріністер мен дыбыстарды сканерлеу болып табылады. Көз және құлақтан келетін түрткілер ұтымды, ойластырылған неокортекске («неокортекс» (бұл ғылыми арнайы сөз қыртысты, латын тілінен «қабық» немесе «қабық» дегенді білдіреді, «нео», грекше «жаңа» дегенді білдіреді. Neopallium – ұқсас будандар, латын тілінен алынған pallium, «жадағай». Изокортекс және аллокортекс грек тілінен алынған isos, «бірдей» және allos, «әр түрлі» будандар), неопаллиус, изокортекс немесе алты қабатты қыртыс

деп те аталады, сүтқоректілердің ми қыртысының сезімдік қабылдау, таным, мотор сияқты жоғары дәрежелі ми функцияларына қатысатын қабаттарының жиынтығы. командалық генерация, кеңістіктік ойлау және тіл. Жаңа қыртыс одан әрі шынайы изокортекс және прозокортекс болып екіге бөлінеді. Адам миында жаңа қыртыс ми қыртысының (мидың сыртқы қабаты) ең үлкен бөлігі болып табылады. Жаңа қыртыс ми қыртысының ең үлкен бөлігін, ал аллокортекс қалған бөлігін құрайды. Неокортекс (латын тілінде: neocortex), яғни жаңа кортекс алты қабаттан тұрады, олар ең шетінен ішке қарай, I-ден VI-ға дейін белгіленген.) жеткенше бадамша пішінді денеге жетеді. Егер көрген немесе естіген нәрсе, қайғы сыйлайтын тәжірибемен байланысты болса (әкесінің үйге мас күйінде келіп, ұрып-соғуы) онда бадамша пішінді дене мидың келіп жатқан ақпаратты талдағанына дейін нейрондар (жүйкелер) тізбегіне химиялық жауап қайтарулар арқылы дабыл белгілерін жібереді. Бұл жайттың жиі қайталануы, әке деген сөзді естіген сәтте денеде қорқыныш сезімінің пайда болуына дейін алып келеді. Бадамша пішінді дене бірнеше күн бойы күйзелісте болғандықтан, ми үнемі мазасыздық күйінде болады. Бұл күйде жүргенде ми тізбектері көбіне келе жатқан қауіпті ескертетін ауызша емес белгілерге – сұсты келген бет әлпетке, қатты шыққан дауысқа ерекше мән береді. Нәтижесінде бас ми қабығы үнемі жағымсыз ақпараттарды қабылдаумен бос емес болғандықтан, дамудан артта қалып, күрделі ақпараттарды (мысалы, тіл үйрену) қабылдау қиынға соғады. Бұл Пайғамбардың (с.ғ.с.) ашуланған кезде үндемеу керектігін, себебі ашу үстінде орынсыз сөздер шығатыны туралы нұсқауын түсіндіре алады.



ҚОЗҒАЛЫС

Ұрықтың қозғалысы жүктіліктің жетінші аптасында басталып, 15-ші және 17-ші апта аралығында өзінің шыңына жетеді. Бұл мидың қозғалысты басқаратын аймақтары іске қосыла бастағанын білдіреді. Сыни кезең біраз уақытқа созылады: дене қалпы мен қозғалысын басқаратын мишыққа функционалды тізбектерді қалыптастыру үшін екі жылға дейін уақыт керек болады. Бұл алынатын ақпарат баланың қаншалықты көп қимылдайтынына байланысты болып келеді. Егер сіз баланың белсенділігін шектесеңіз, онда мишықта қалыптасатын түйіспелік байланыстардың пайда болуына жол бермейтініңізді біліңіз. Баланың бастапқы түйіспелік қозғалыстары мидың қимыл қабілетінің қабығына дабыл белгі жібереді; бала қолымен неғұрлым көп қозғалтса, мидағы тізбектер соғұрлым күшті болады және ми қолды мақсатты және бір қалыпты күйде қозғалтуды үйренеді. Бұл мүмкіндіктер терезесі бірнеше жылға ғана созылады: 4 жасқа дейін бала ерте ме, кеш пе жүруді үйренеді, бірақ оны бір қалыпты жасауды үйренбейді. (Кармайкл, 2007-ші жыл)

Табиғи (денелік) жаттығу тек жүрекке ғана емес, миға да пайдалы, өйткені ол глюкоза түрінде қоректік заттармен миды қамтамасыз етеді және жүйке байланыстарын нығайтады – мұның бәрі барлық жастағы балалардың оқу барысын жеңілдетеді. Үнемі спортпен шұғылданатын балалардың оқу үлгерімі жақсы болады. Сондай-ақ балаларды бір орында тыныш отырғызып, көбейту кестесі мен өлеңдерді жаттатқызып қана қоймай, сыныпта табиғи (денелік) белсенділікті де арттыру керек. Егер балалар ақпаратты ауызша ғана емес, сезімді және табиғи (денелік) тұрғыдан қолданып есте сақтайтын болса, ол алған білімі ұзақ уақытқа дейін жарамды болады.

СӨЗДІК ЖӘНЕ БАЛАЛЫҚ ШАҚТАҒЫ ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІ

Бұл биологиялық жаңалықтар балалардың ерте жаста араб тілін білмей-ақ Құранды жаттап алу себебін түсіндіруі мүмкін. Кейбір балалар Құранды 10 жасқа дейін толық жаттай алады. Ерте есте сақтау тәжірибесі қазіргі көп мемлекеттерде кездеспейді. Табиғи (денелік) дененің өсуі үшін қорек қажет болса, есте сақтау миға тілдің дамуы үшін негіз береді. «Оқу мүмкіндіктер терезесі» 12 жасқа дейін созылады. Ми глюкозаны неғұрлым көп қолданса, соғұрлым ол белсенді болады. Балалардың миы глюкозаны төрт жастан бастап жыныстық жетілуге дейін ересектерге қарағанда екі есе тез сіңіреді. Сондықтан жас ми жаңа ақпаратты өңдеуге қабілетті. Күрделі пәндерді (мысалы, тригонометрия немесе шет тілдері) балаға ерте жаста үйреткен абзал. Бастауыш мектеп жасындағы балаға шет тіліндегі ақпаратты есту, меңгеру және сол тілде ешбір акцентсіз сөйлеу еш қиындық тудырмайды.

МИ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ

Табиғи (денелік) жаттығу мидың есте сақтау аймағының өсуіне ықпал етіп, оның жұмыс жасау атқарымының жақсаруына әкелуі мүмкін. Зерттеушілер табиғи (денелік) жаттығулардың ми қатпарындағы қан көлемін арттыратынын анықтады (есте сақтау үшін қолданылатын гиппокампус аймағы), бұл дегеніміз аймақта жаңа ми жасушаларының пайда болатынын білдіреді. (Кармайкл, 2007-ші жыл)

АТА-АНАЛАР БАЛАМЕН ЖАҒЫМДЫ КҮЙДЕ СӨЙЛЕСУІ КЕРЕК

Әртүрлі отбасының арасындағы ең басты айырмашылық – олардың бір-бірімен сөйлесулерінің санында жатыр. Ата-аналардың ақшасы мен білімі неғұрлым көп болса, соғұрлым олар балаларымен жиі сөйлеседі және баланың сөздік қоры да тиімді дамиды. Үш жасында жақсы қамтылған отбасыдағы балалар ата-аналарынан 30 миллионнан астам сөзді естиді, бұл аз қамтылған отбасылардағы балалардың еститін сөзінен үш есе көп.

Ата-аналардың балаларымен қалай сөйлескенінде де айтарлықтай айырмашылықтар кездесті. Табысы мен білімі жоғары ата-аналар баланы ынталандыратын мақұлдау сөздерін жиі қолданған. (мысалы, «Бұл ісің дұрыс», «Жарайсың», «Мен сені жақсы көремін», «Ақылдым менің» сияқты баланы жігерлендіретін сөздер) Табысы төмен ата-аналар да балаларын мақтаған, бірақ өте сирек және көп жағдайда мақұлдамайтын

сөздер айтатын болған. (мысалы, «Бұл дұрыс емес», «Сенікі қате», «Тоқта», «Үніңді шығарма», «Аузыңды жап») Кедей ата-аналар балаларын аз мақтайды және оларды жиі сынға алады.

Аналары олармен көбірек сөйлескен сайын сәбилердің сөздік қоры арта түседі. Кәсіби мамандардың отбасынан шыққан балалар, жұмысшы санатындағы ата-аналардың балаларына қарағанда, сағатына 75 пайызға көп және табысы төмен ата-аналардың балаларына қарағанда үш есе көп сөз естиді. Ауқатты отбасынан шыққан балалар жағдайы төмен балаларға қарағанда екі-бес есе көп жағымды пікірлер естіді. Үш жаста жүргізілген стандартты тестілеу кезінде жылы сөздерді көп естіген балалар, ол сөздерді аз естіген және жағымды естеліктері аз балаларға қарағанда, жоғары ұпай жинаған. Табысы төмен және жұмысшы санатындағы ата-аналар да балаларын басқа ата-аналар сияқты қатты жақсы көретінін ескерте кеткен жөн. (Бегли және Уингерт, 1997-ші жыл)

АҚШ-ТАҒЫ «ХЭД СТАРТ» (HEAD START) МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1965-жылдан бері табысы төмен балаларға ерте жастағы балаларды дамыту бойынша жан-жақты қызметтерді ұсынып келе жатқан Head Start федералды бағдарламасы сәтсіз түрде аяқталды. Балалардағы зияттың өсуі шамамен үш жылдан кейін жоғалады. Сәтсіз аяқталуының себебі – Head Start бағдарламасының екі, үш және төрт жастағы балаларды қабылдауында. 1992-жылы Abecedarian жобасы іске қосылды. 120 аз қамтылған отбасының балалары балабақшадағы қарқынды түрде ерте жастан оқытатын төрт топтың біріне тағайындалды: 1-ші топ – шамамен төрт айдан сегіз жасқа дейін, 2-ші топ – төрт айдан бес жасқа дейін, 3-ші топ – бес айдан сегіз жасқа дейін оқытатын топтар болса, ал 4-ші топ – қарқынды ерте оқытпайтын топ болды. Төрт айлық баланы «оқыту» деген нені білдіреді? Оларға – ойын тасы мен моншақтар беру арқылы ойнату, сөйлесу және әртүрлі ойындар ойнау. (мысалы, көз жұмбақ) 200-ге жуық «оқу ойындарының» әрқайсысы танымдық, тілдік, әлеуметтік немесе қимыл қабілетті дамуды жақсартуға арналған. Abecedarian жобасына қатысқан мектеп жасына дейінгі балалар 15 жасында басқа балаларға қарағанда математика мен оқудан жоғары ұпай жинаған. Abecedarian жобасына қатысқан балалар басқа балаларға қарағанда зият бойынша жоғары жетістіктерге ие болған. Балалар неғұрлым ертерек бұл жобаға қабылданса, олардың табысқа жетуі соғұрлым тезірек болды. Бес жастан кейінгі балалардың жобаға тіркелуі айтарлықтай IQ немесе оқу үлгерімінде өзгеріс алып келмейді.

Алаңдатарлық сұрақ мынада: егер біз бастауыш мектепті бітіргенге дейін ақыл-ой терезелері жа-

Ұлыбритания премьер-Министрі Тони Блэйр 1997-жылы 30 қыркүйекте Лейбористік партияның Ұлттық конференциясында (Брайтон, Англия) сөйлеген сөзінде, мектепке дейінгі тәрбие төрт жаста емес, үш жастан басталуы керек деп жариялады, осылайша мидың дамуы үшін ерте уақыт таңдаудың маңыздылығын атап өтті.

былса, білім алу мүмкіндігін жіберіп алған балаларға не болмақ? Ата-аналары математикалық қабілеттерін дамыту үшін моншақтар санауға немесе тілдік қабілеттерін дамыту үшін олармен сөйлесуге мүмкіндігі болмаған аз қамтылған балалар ше? Бұл жағдайдағы бір ғана үміт – мидың өмір бойы оқу қабілетін сақтауында. Колледжде француз тілін оқымай, кейіннен басқа уақытта немесе зейнетке шыққанда жаңа тілді үйреніп жатқан адамдар қаншама. Дегенмен, тереңірек үңіліп қарайтын болсақ бұл жерде туындайтын мәселені көреміз. Балабақшаға дейін миы жүйелі жұмыс жасамаған балалардың қабілеті төмен келеді.

Ойдың түйіні: біз дүниеге үлкен әлеуетпен келгенімізбен, ол әлеует әрі қарай дамыған жағдайда ғана барынша көп түрде жүзеге асырылады. Сондықтан ата-аналар бала миының қалай дамып жатқанын және оның білімді қалай сақтайтынын білуі керек. Баланың миындағы үш негізгі дағдыны уақытылы дамыту қажет:

- ***Қисындық ми (математика және қисын)***
- ***Тілдік ми***
- ***Саздық ми***

АТА-АНАЛАР НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

ҚИСЫНДЫҚ МИ

Дағды: Математика және қисын.
Оқу кезеңі: Туылғаннан 4 жасқа дейін.
Біз не білеміз: Математикалық тізбектер ми қыртысында, саздық тізбектердің «төңірегінде» орналасады. «Бір» және «көп» сияқты қарапайым ұғымдарды үйренген сәбилер математикадан жақсы нәтижелер көрсетеді.
Тапсырма: Санақ ойындарын сәбилермен бірге ойнау. Мысалы, балаларға бірдің-бірге қатынасын үйрету үшін дастарханға тамақ ішетін үстелді ыдыспен жабдықтап даярлау жасауын сұраңыз – бір адамға бір тәрелке, бір шанышқы. Осы уақыт аралығында тыныштық сыйлайтын әуен қосып қойыңыз.

САЗДЫҚ МИ

Дағды: Саз

Оқу кезеңі: 3 - 10 жасқа дейін.

Біз не білеміз: Ішекті аспаптарда ойнайтын сырнайшылардың сол қолдың саусақтарына жауап беретін ми аймағының көлемі үлкендеу келеді. Әлемге танымал сырнайшылардың тек кейбірі ғана 10 жастан кейін аспаптарда ойнап үйренді. Ересек адамдарға саздық аспаптарды үйрену қиынырақ түседі. Саз сабақтары кеңістіктік дағдыларды дамытуға да көмектеседі.

Тапсырма: Ата-аналары балаларға Құран оқылуын, азан және табиғат пен құстардың әсем дауыстарын қосып, тыңдатуына болады. Олар сондай-ақ балалармен бірге ән шырқап, нәшидтер айта алады және баяу сазда ойнай алады. Қандай да бір саздық қабілеті немесе қызығушылығы бар-жоғын анықтау үшін балаларға саздық аспаптар ұстатыңыз.

ТІЛДІК МИ

Дағды: Тіл.

Оқу кезеңі: Туылғаннан 10 жасқа дейін.

Біз не білеміз: Сөздерді құрайтын дыбыстарды білдіретін есту қабатындағы тізбектер балада бір жасқа дейін қалыптасады. Екі жасқа дейінгі балалар неғұрлым көп сөз естісе, соғұрлым олардың сөздік қоры артады. Естуге қатысты мәселелер дыбыстарды әріптерге сәйкестендіру қабілетін нашарлатуы мүмкін.

Тапсырма: Ата-аналарының балаларымен жиі сөйлесуі өте маңызды. Егер олар балаларының екінші тілді меңгергенін қаласа, 10 жасқа дейін балаға тілді үйреткен жөн. Есту қабілетін қорғау керек, уақытында емделіп, құлақ жұқпаларының алдын алған жөн.

ИСЛАМ, ӘН АЙТУ ЖӘНЕ МУЗЫКА

Исламда діні зұлымдықты, нәпсіқұмарлықты насихаттамаса немесе діни парыздарды орындауға кедергі келтірмесе, ән мен сазға рұқсат етіледі. Пайғамбардың (с.ғ.с.) сахабалары және олардың ізбасарлары да ән мен күй тыңдаған. Атап айтқанда, қуанышты оқиғалар (үйлену тойлары, айт мейрамы, мерекелер және жаңа туған нәрестеге арналған мерекелер сияқты) әндер мен саздық аспаптардың (дауылпа́з-дағыралар мен даңғара сияқты) сүйемелдеуімен өткізілді. Әл-Бұхари мен Мүслімнен келген деректерде кейбір абиссиндіктердің Пайғамбар (с.ғ.с.) үшін ән шырқап, аспаптарда ойнап, билегенін және әйелі Айшамен (р.а) бірге ұзақ уақыт бойы оларға қарап, әйелінің көңілін көтеруге тырысқанын айтады.

АЙША АЙТАДЫ

Әл-Бұһари мен Мүслімнің хадис жинақтарында Айша анамыздан (р.а.) мынандай хадис риуаят етілген: «Бір күні маған Алла елшісі келген еді. Жанымда екі (кішкентай) қыз (немесе күң) «Буғас» өлеңін айтып жатқан болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) төсекке жатты да, жүзін ары қаратты. Сосын Әбу Бәкір (Аллаһ Тағала одан разы болсын) кірді де: Алла елшісінің жанында шайтанның сырнайын тартқандарың не?» – деп маған ренжи сөйледі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған қарай жүзін бұрды да: «Оларға тиіспе!» – деді. Ол (Әбу Бәкір Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) сөйлесіп) бізге қарамай тұрғанда мен әлгілерге ишарат етіп едім олар шығып кетті. Бұл айт күні болғандықтан, эфиопиялық мұсылмандар «қылыш-қалқан» биін билеп жатыр еді. Мен өзім Алла елшісінен (с.ғ.с.) сұрадым ба, жоқ әлде ол өзі «Тамашалағың келеді ме?» деп айтты ма есімде жоқ. Мен «Әрине» дедім. Ол мені өзінің артына тұрғызды. Бетім оның бетіне таянған күйде болды. Сосын ол (с.ғ.с.) «Уа, Әрфида ұрпақтары, қанеки!» деді. Мен жалыққанға дейін осылай тұрдық. Сосын менен «жеткілікті ме?» деп сұрады. Мен: «иә» деген едім, олай болса, жүре бер! Айша айтады деді».

Бұл ата-аналарға қыздары мен ұлдарын ойын-сауықтан айырудың орнына оларға көңіл көтеруге мүмкіндік беру үшін келтілірген мысал болатын. Бұл күндері саз мен өнер жалпы зұлымдықты насихаттау үшін қолданылады (мысалы, жыныстық құмарлық, есірткі және ішімдікке салыну). Дегенмен, біз саздық білім беру және пайдалы ойын-сауық үшін де пайдалана аламыз.

Саз бен ән айтуға тыйым салатын сенімді хадистер жоқ. Юсуф Әл-Қардәуи (2007-ші жыл) сазға және әнге қарсы хадистердің нақтылығы мен дәлдігінің аздығын айтады. Кез-келген уақытта сазға тыйым салатын нақты сілтемелер жоқ. Сонымен қатар, Пайғамбардың (с.ғ.с.) заманында саз мен ән айтудың мақұлданғанын дәлелдейтін кейбір жайттарда бар. Мысалы:

1. Әбу Бәкір (Аллаһ Тағала одан разы болсын) Пайғамбардың (с.ғ.с.) үйіне кірді де, Айша (р.а.) анамыздың екі (кішкентай) қыздың (немесе күң) өлеңін тыңдап отырғанын көрді. Оларды тоқтату мақсатында: «Алла елшісінің жанында шайтанның сырнайын тартқандарың не?» – деді. Алайда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған қарай жүзін бұрды да: «Оларға тиіспе; олар өздерінің айт мейрамын тойлауда», – деді.

2. «Айша (р.а.) бір қызды аңсарлық біреуге ұзатқан еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған: «Уа, Айша, сендерде көңіл көтеретін нәрсе болмады ма? Аңсарлықтар көңіл көтергенді ұнататын халық», – деді
3. Пайғамбардың (с.ғ.с.) Меккеден Мединаға hижрет етуі кезінде ұмытылмас мерекелер болды: Бәни Нәжжар ханымдары өлең айтып, дағыраларда ойнап, билеп қарсы алуға шықты. Әбу Бәкір (Аллаh Тағала одан разы болсын) оларды тоқтатуға тырысты, бірақ Пайғамбар (с.ғ.с): «Оларға тиіспе, біздің дініміз қуанышқа толы», – деді.
4. Омар Ибн Әл-Хәттәб мешітке кіріп, эфиопиялықтардың айт мерекесі кезінде Пайғамбар (с.ғ.с.) мен оның әйелі Айшаның (р.а.) алдында найзаларымен билегенін көрді. Ол оларды тоқтатуға тырысты, бірақ Пайғамбар (с.ғ.с.) оған: «Оларға тиіспе», – деді.

Ең маңызды қағида бұл барлық әрекеттер ниетке қарай бағаланады және өтірікке бастайтын және әділдіктен алшақтататын кез келген әрекеттен аулақ болу керек. Нәпсіқұмарлықты оятатын саз және ұятсыз әндер шариғатта бейәдептік сияқты қатаң тыйым салынған. Жамандықты насихаттамайтын кез келген басқа саз мен әнді айтуға рұқсат етілген.

ИБН СИНА ЕМШЕК СҮТІМЕН ЕМІЗУ ЖӘНЕ САЗ ТУРАЛЫ

Ибн Сина жандық себепшарттардың әсерінен кездесетін аурулардың белгілі бір түрлері бар деген.

Емшек сүтімен емізу: Ибн Сина жантану мен дене саулығының арасында тығыз байланыс бар екендігін айтқан. Соның бір мысалы – емшек сүтімен емізу. Сол себепті де ол жақсы емізулі ананы таңдаудың маңыздылығын атап өтті.

Саз: Ибн Сина саздың табиғи (денелік) және жандық тұрғыдан науқас жандарға жағымды әсерін атап өтті.

ИСЛАМДАҒЫ БЕЙНЕЛЕР МЕН МҮСІНДЕР

Исламда бейнелер мен мүсіндерге рұқсат етілген (жалаңаштықты, жамандықты және азғындықтың басқа түрлерін бейнелейтін жағдайларды қоспағанда). Пайғамбар (с.ғ.с.) кезіндегі бейнелер мен мүсіндер негізінен пұттарға табыну үшін болғандықтан, оларға тыйым салынды. Дәл сол сөздер бүгінгі күнде де қолданылады, бірақ басқа мағынаға ие. Мысалы, Құрандағы сәйіәрәти (араб тілінде) сөзі («Жүсіп» сүресі) «керуен» деген мағынаны білдіреді, ал бүгінде бұл сөз «көлік құралы» деген мағынаға ие. (мүлдем басқаша мағынада)

Бейнелер мен мүсіндерге, мейлі суреттер мен кескіндемелер, фотосуреттер мен фильмдер болсын, электронды экрандар және екі өлшемді немесе үш өлшемді мүсіндер туралы айтсақ та, дәл осы қағида қолданылады. Ұзақ уақыт бойы пұтқа табынушылар ғибадат ету және діни рәсімдер үшін бейнелер мен мүсіндерді (пұттарды) қолданған. Бұл Пайғамбардың (с.ғ.с.) дінге қайшылық тудырмайтын бейнелерді көргенде, оларға қарсы болмауының себебін түсіндіреді. Сол сияқты, ол (с.ғ.с) балалардың қуыршақтармен ойнағанын көргенде, оларды тоқтатпаған.

Сол сияқты, бүгінде пұт ретінде немесе ғибадат ету үшін қолданылатын кез-келген бейнеге немесе мүсінге шариғат қатаң тыйым салады. Алайда, бұл суреттер немесе мүсіндер бүгінде ғибадат ету үшін емес, ғылым, технология, бұқаралық ақпарат құралдары, білім беру, ойын-сауық, төлқұжат, жеке куәлік және несие карталары сияқты мақсаттарда қолданылады. Бұл қолданыстардың барлығына Пайғамбар (с.ғ.с.) дәстүрі түрде тыйым салмаған. Біздің бұл заттарды пайдалануымыз өзгелерге зиянын тигізбейтін, пайдалы мақсаттарда болуы тиіс. Мысалы, пышақ көптеген пайдалы мақсаттарға қызмет ете алады, бірақ оны ешқашан зорлық-зомбылық пен адамдарды өлтіру үшін қолдануға болмайды. (салт бойынша мал сою, өзін-өзі қорғау немесе соғыс жағдайын қоспағанда)

НӘРЕСТЕЛЕРДЕГІ МИДЫҢ ДАМУЫ

Бүлдіршіндер тілдерді, ересектердің мінез-құлық үлгілерін және барлық түрдегі қарым-қатынастарды үйренуге қызығушылық танытады. Олар өмірді сәби кезіндегідей бақылап қана қоймайды; олар оның бір бөлігі болғысы келеді. Төменде бүлдіршіндердің қызығушылықтарын дамытуға және олардың миының дамуына оң әсер етуге көмектесетін ата-аналарға арналған бірнеше нұсқаулар берілген:

ҚОРШАҒАН ОРТАДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЗАҢДЫЛЫҚТАРҒА НАЗАР АУДАРУ

Бүлдіршіндер үшін жүйелік пен жағдайдың маңызы жоғары. Оқиғалар тізбегі олар үшін өте қызықты, өйткені олардың миы уақыт өте келе оқиғаларды себеп-салдар байланысына қатысты бір жүйеге келтіре бастайды. Ата-аналар табиғи (денелік) құбылыстардың дұрыс реттілігін көрсете алады (жарықтың әсер етуі, температура, су, жердің тартылыс күші және жел әсері) және әлеуметтік әдеп. (бөлмеге кірмес алдын есікті қағу, кезекті сақтау, «рақмет» айту) Бұл жастағы балаларды үй тазалау, тамақ дайындау немесе киіндіру сияқты күнделікті тапсырмаларды орындау кезінде қолданылатын реттік тізбек те қызықтырады.

Екінші маңызды үлгі – бұл жағдайлар. Бүлдіршіндер жүйелікке қызығушылық танытқандай жағдайларға қызығушылық танытпайды. Алайда, 13-19 айда олар бейнелерді топтастыру арқылы олардың заңдылықтарын байқай бастайды. Мысалы, «мейрамхана» жағдайымен байланысты қандай заттар, адамдар немесе оқиғалар бар? Мектеп жасына дейінгі балалар бұл ақпаратты жалпы қоршаған ортаны түсіну және оған бейімделу үшін пайдаланады. Ата-аналар балаларымен әртүрлі жағдайларда болған кезде «кім», «не», тіпті «неге» және «қалай» деген ақпаратты нұсқап, ашып көрсетуі керек.

БАЛАЛАРДЫ ӘРТҮРЛІ ІС-ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСУҒА ЫНТАЛАНДЫРУ

Кеңістіктік ұғымдарды үйрену баланың өзінің қатысуы арқылы әлдеқайда жеңілдейді. Мысалы, егер бала «астында» сөзін үстелдің «астына» түсуі кезінде қолданса, бала сөздің мағынасын жақсырақ түсінеді. Кішкентай балаларды жабық жерлерді шектеулі заттармен қалдыру олардың даму үдерісін төмендетеді. Балаңыздың нұсқаушысы ретінде мүмкіндігінше қасында болып, қауіпсіздік мәселелеріне қарап, онымен бірге ойнауға тырысыңыз.

БАЛАЛАРМЕН СӨЙЛЕСУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА НЕ АЙТЫЛҒАНЫН ПЫСЫҚТАУ

Ата-аналар бүлдіршіндерімен сөйлескенде, оларға сөздік қорын дамытуға көмектеседі. 12-24 ай аралықтарында балалар заттардың атауын білгісі келеді. Ата-аналар бұл зат атауларын көрсеткенде, олар нені меңзеп тұрғанын мүмкіндігінше айқын айтуы керек. Балалардың заттарға қол тигізуі тілді үйренуі-

не ықпал етеді. Сондай-ақ, ата-аналар әрекетті көрсете отырып, «мен кітапты алып жатырмын» сияқты «мәнмәтіндік» анықтамаларды қолдана алады. Аналар сұрақтар қойып, содан кейін балаларының жауаптарын өзгерту арқылы толықтырулармен қайталағанда, балалар өздерінің грамматикасын жетілдіріледі. Мысалы, егер бала «құс қайда?» деген сұраққа «торда» деп жауап қатса, ата-ана «иә, құс торда» деп жауап беру арқылы сөйлемнің толық құрылымын қамтамасыз етеді.

ЖАҒЫМДЫ, БОЛЖАМДЫ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛЫ АХУАЛДЫ САҚТАУ

Ата-аналарының балаларына беретін сезімдері олардың миына тікелей әсер етеді. Күйзеліске ұшыраған аналар мен олардың сәбилері арасындағы өзара сезімдер алмасу нәрестелерде аналардың күйзелісіне ұқсайтын ми белсенділігін тудырады. (Филд және т.б. 1988-ші жыл) Көңілді, жағымды ахуал баланы жайдары және сезімді орнықты етеді. Кішкентай балаларға ата-анасының сезімдік қуаты және басқалардың оларға қалай жағымды және жанашырлықпен қарайтыны әсер етеді. Күн тәртібіндегі жүйелілік оқуды жеңілдетеді және сезімді қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

ТӘЖІРИБЕ ЖАСАУҒА ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТАЛАУДЫ МАҚҰЛДАУ

Тәжірибе және қайталау өте маңызды. Баланың осы жағдайдан алған білімі осы заттан, оқиғадан немесе жағдайдан алуы мүмкін болатын жалпы білімнің бір бөлігі ғана. Шын мәнінде, сәбилер мен бүлдіршіндер естіген, көрген немесе сезінген нәрсенің белгілі бір бөлігіне ғана назар аударады және сол жағдайды бірнеше рет қайталағаннан кейін ғана оның кейбір басқа қырларын көре алады. Себебі, миға қоршаған ортаның шындығын түсіну үшін уақыт керек. Ата-аналарға бұл үдерістерді асықтырудың еш қажеті жоқ; сәбилердің үйренетін нәрселері әлі көп!

Кейбір аналар бала тәрбиесімен және жұмысымен толыққанды айналыса аламын дей ойлайды. Бұл мүмкін емес жайт. Олар ана болу арқылы өз таңдауын жасады: балалары олар үшін мансаптан жоғары тұрады. Қоғам үй шаруасындағы әйелдерді, аналарды және отбасы жағдайларын төмендетіп көрсететін барлық бейнелерді жоюы керек. Балалық шақ пен ана болуын тойлау мерекелеріне барлығы белсене атсалысу қажет.

Ұрық сіздің дауысыңызды біледі ме?

Зерттеулер жүктіліктің соңғы апталарында кейбір құрсақішілік үйрену үдерістері болатынын көрсетеді. Бала әкесінің дауысына тезірек үйреніп кетуі үшін әкелер жатырдағы сәбимен жиі сөйлесуі керек. (Генри Биллер, 1993-ші жыл)

Францу з және жапон зерттеулері ұрықтың жүктіліктің соңғы екі айында дыбыстарды ести алатындығын көрсетті

БЕС ЖАСҚА ДЕЙІНГІ АДАМЗАТТЫҢ ЖЕТІСТІГІ АНЫҚТАЛҒАН БА?!

Қоғамның жетістігі мидың дамуына байланысты бола ма? Адамның негізгі құрылымын (қаңқасын) гендер құрайды, ал гендерді өзгерту мүмкін емес. Адамзаттың нақты пайдалылығы мен өнімділігі көбінесе адамның миына байланысты болады. Триллион-триллиондаған өзара байланыстар баланың миында он жасқа дейін құрылады және олардың көпшілігі үш жасқа дейін қалыптасуы мүмкін. Демек, балаларына қамқорлық жасауды басты назарға алатын елдердің табысқа жету мүмкіндігі зор болады. Егер олар нәресте кезіндегі қажетті нәрселерді жасамаса, кейін оның орнын толтыру кеш болады. Осы үш жылдық кезеңде балаларға жасалған инвестиция кез келген қауымдастық үшін барынша көп табыс деңгейін береді. Мидағы ең ұтымды өзара байланыстар туылғаннан төрт жасқа дейінгі уақытта қалыптасады. Құран Кәрімнің баланы екі жасқа дейін емізуді қатаң түрде ұсынуының бір себебі – осы.

Бұл үдеріс бала туылған кезде әкесі жаңа туған нәрестенің оң және сол құлағына азанды (құлшылыққа шақыруды) дауыстап айтқан кезінде басталады. Бұл нәрестеге сүйіспеншілік, жылулық және махаббат сезімін беретін ананың ақ сүтімен жалғасады. Содан кейін баланың өз еркіндік сезімі дами бастайды және ата-аналар осы кітаптағы кеңестерді қолдана отырып, олардың танымдық дамуын жақсарта алады.

Ибн Сина Құран Кәрімді 10 жасқа толмай жатып толық жатқа білген. Бұл оның миының мүмкіндіктерін кеңейтуге және есте сақтау қабілетін арттыруға көмектесті, сонымен қатар оның ми әлеуетін барынша арттыруға мүмкіндік берді. Кейбіреулер біз әдетте ми мүмкіндіктерінің тек 5-15 пайызын ғана қолданамыз деп есептейді.

(Морган, 2007-ші жыл)

ТАПСЫРМА 32

32-ші тапсырма:

«Айына бір кітап» жүйесін құрыңызш

Ата-аналар мен балалар кітап оқу клубын құра алады. Таңдалған кітаптарды белгіленген, бірақ өзіңізге ыңғайлы уақытқа қарай апта сайын, ай сайын немесе бірнеше ай сайын оқып тұруға болады. Клубтың әрбір мүшесі кітапты оқып, оны өзгелерге таныстырады, содан кейін ашық пікірталас жүреді. Бұл әрбір отбасы мүшесі жақсы көңіл-күйде болатын жағымды кешкі астан кейін болғаны жөн. Кестенің жұмыс істеуі және әдетке айналуы үшін оны тұрақты түрде жасаңыз. Мысалы, осы клуб үшін әр айдың алғашқы жұма кешін (немесе сенбі) сағат 19:00-ді белгілеңіз. Осылайша өзгелерге еске салып отырудың қажеті болмайды және басқалар да уақытын осыған сай жоспарлап үйренеді.

10-ШЫ ТАРАУ

Баланың даму кезеңдері және әртүрлі кезеңдердегі шарықтау шегі

ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Бұл тарауда ата-аналардың баласының бір кезеңнен келесі кезеңге біртіндеп дамуын көрнекі түрде көрсетіліп және осылайша әр кезеңнің нақты қажеттіліктерін жақсы түсінуі үшін қажетті адам дамуының кезеңдері қарастырылады. Өсіп келе жатқан жылдардағы адам денесі мен ақыл-ойының даму жағдайын сипаттай отырып, ата-аналарға баланы тәрбиелеудегі нәтижелерді жақсарту үшін әр кезеңге қатысты бірнеше маңызды аспектілерді қалай дұрыс пайдалану керектігі баяндалады.

Мысалы, кейбір ата-аналар балалардың қарсыласқанына қарамастан, көп тамақ жеуге мәжбүрлеп жатады. Біраз уақыт өткен соң балалардың тәбеті кенеттен жоғарылап, өз еріктерімен тамақты көп жей бастайды. Бұл ата-ананың мәжбүрлеп тамақ жегізгенінен емес, баланың табиғи өсуі нәтижесінде пайда болады. Сол сияқты, жасөспірімдер кенеттен ата-аналарына және айналасындағыларға қарсы шығып, сөзге келуі мүмкін. Алайда, олар жетілген сайын, бұл көзқарас дамудың табиғи кезеңдеріне байланысты әлсірей бастайды. Дәрігерлер ата-аналарға балаларының дамудың белгілі бір кезеңдеріне жеткені туралы толық хабардар болуға кеңес береді. Белгілі бір жастарда бұл кезеңдерді бастан кешпеу денсаулыққа қатысты күрделі мәселелер туындауы мүмкін деген дабыл болып табылады.

Ата-аналардың ең жақсы қорғанысы – бала өмірінен толықтай хабардар болуы. Олар отбасылық дәрігердің көмегіне жүгінуден еш қысылмауы керек. Сондай-ақ, егер балалары әр даму кезеңіне уақытылы жетпесе, уайымға салынудың қажеті жоқ. Әр баланың өз даму қарқыны болады. Баланың дамуы жалпы адамның тектілік үлгісіне сәйкес болғанымен, ол әр адамда ерекше келеді. Табысқа жету үшін ата-ана өз армандарын балаларының жолына арнап, олардың өз армандарына жетуіне көмектесуі керек. Балалар ата-аналарынан дербес тұлғалығы арқылы ерекшеленеді. Ата-аналарға шындықты шындық деп қабылдауға және сыры сабырлықта болған табиғаттың қарқынымен бірге үйлесімділікте өмір сүруге кеңес беріледі.

ПОП-ЖАНТАНУҒА ҚАНШАЛЫҚТЫ СЕНУГЕ БОЛАДЫ

Мұсылмандар қазіргі қоғамда басым дауысқа ие жалпыға түсінікті-жантанудың әртүрлі пайымдауларын жоғары бағаласа да, олар адамның дамуы мен мінез-құлқына қатысты тұжырымдарға аса сақ болу керек. Біріншіден, олар үнемі өзгеріп отырады және жантанушылар көптеген мәселелер бойынша бірбірімен келіспейді. Алайда, мұсылмандар адасу жолында емес, өйткені оларда үнемі дұрыс жолда қалуға мүмкіндік беретін және қарама-қайшы пікірлер арасында адастырмайтын Аллаh Тағаланың сөздерінен тұратын нұсқаулық бар.

Мысал ретінде, жантанушыларды мазалайтын табиғат пен тәрбие, тектілік мен қоршаған орта туралы шексіз пікірталастарды тудыратын жайттарды айтуға болады. Райт (1998-ші жыл) өз сөзінде:

«Жантанушылар өзінің ғасырлай бойғы жақсы баланы тәрбиелеу жолындағы ізденістерін тоқтатса болады. Себебі, оның ондай баланың табылуында емес, ондай баланың болмауында. Ата-ана баланың жеке басының дамуына ұзақ уақыт бойы маңызды әсерін тигізе алмайды».

Джудит Харрис (1998-ші жыл) балалар арасындағы тұлғалық айырмашылықтың жартысына жуығы тектілікпен байланысты емес деп санайды. Қоршаған ортаның маңызды әсері үйден тыс жерлерде көрініс табады, балалар құрдастарының бойындағы құндылықтарды сіңіріп, жергілікті жүйедегі өз орнын табады. Олар өздерін қатал немесе сүйкімді немесе ақымақ немесе қатыгез ұстауы арқылы өзгелерге таныла бастайды және олардың бұл жеке қасиеттері бойларында қатая түседі. Әрине, ата-ана баланың үйдегі мінез-құлқын қалыптастыра алады. Соған қарамастан, сыртқы ортада бала мүлдем басқа адам және жаңадан есейіп келе жатқан ересек адамның тамыры сол жерде жатыр.

БАЛА - ШЕШІЛУІ ҚИЫН ЖҰМБАҚ!

«Баланың әлемі таңғаларлық болғаны сонша, ересектерге оны түсіну қиын. Оның күрделілігі соншалық, оны ата-аналар, ойшылдар, философтар, жантанушылар, жаттықтырушылар мен ғалымдар да игере алмайды».

(Әбу Әл-Хуб, 1979-шы жыл)

Әрине, ата-ананың керемет тәрбиелеу стилі арқылы жақсы баланы шығаруға болады деген поп-жандық түсініктер шындыққа жанаспайды. Шындығында, мінез-құлық генетиктері бірге өскен ұқсас егіздердің бөлек өскен ұқсас егіздерге қарағанда бір-біріне ұқсайтынын анықтады. Тағы бір әсер ететін себепшартқа туылу тәртібі де жатады. Мүмкін, кенже іні-қарындастарына ата-аналары басқаша қарап немесе шағын ортада бауырлар тарапынан мазақтау сөздер мен кемсітулерге тап болып жатады.

Арканзастағы бала сыныптастарын атып тастайды, ал оның інісі болса мұндай іске бармас еді. Себебі неде? Мектептегі шеттетудің шарықтау шегіне жетуі немесе үйінде ата-анасының махаббатын інісіне қарағанда аз сезінуінде болды ма? Сыныптастарының шеттетуі оны тұйық және інісіне іске асқан ата-анасының тәрбиелеу үлгісіне қарсы келетін етіп шығарды. Тәрбиелеудің негізі ата-ананың баланың әртүрлі қажеттіліктеріне сай болуында емес пе? Бұл нәрсе көпшілікке беймәлім тәрізді.

Харристің сенімді дәлелдемесі мынада: ата-аналар өздерінің балаға тигізер әсерін шектен тыс жоғары бағалайды және бала тәрбиесі алаңдаушылық тудыратын осынау уақытта тыныштық күйде сақтап қалуға тырысады. Дегенмен, бұл керісінше әсер етуі де мүмкін. Қазіргі таңда ата-аналар балаларының құрдастары және оның араласатын ортасы жайлы қатты уайымдайды.

Ата-аналардың уайым дамуына болады, себебі ғылымда жоғарыда айтылған көп сұрақтарға әлі де жауап жоқ. Ата-ана баласымен қандай қарым-қатынас құру керектігін ғылымның айтқанын қанша уақыт күтуі керек? Адамдарға Алланың хақ жолы мен оның елшілеріне сенім артып үйрену керек. Бұл жандық теорияларды мүлдем жоққа шығаруға шақыру емес, дегенменде отбасыларға ата-ана тәрбиесінде көмектесу үшін Құдайдың аяндарының нұсқауларын басшылыққа алатын күрделі зерттеулер қажет. Құдайды жоққа шығаратын теориялардың қоғамға пайдасынан гөрі зияны көбірек. Баланы дұрыс тәрбиелеудің жауабы Жаратушы сөзінің хикметті үйлесімі мен адам білімінің жинақталуында жатыр. Және бұл үздіксіз жалғасатын үдеріс.



ҚҰРАНДАҒЫ АДАМ ДАМУЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

Төмендегі Құран аяттары адам дамуының әртүрлі кезеңдерін сипаттайды.

Ендеше, адам баласы өзінің нендей нәрседен жаралғанына зер салып қарасын.
Ол ытқып шығатын болмашы сұйық судан жаралды.
Ол сұйық бел омыртқа мен қабырға арасынан шығады.
(«Әт-Тәрик» сүресі, қазақ тіліндегі мағынасы: «Түнгі жолаушы» 5-ші және 7-ші аяттар)

Уа, адамдар, егер өлгеннен кейін қайта тірілуге күмәндарын болса, (біліп қойыңдар) Біз сендерді әу баста топырақтан жараттық, содан кейін сендерді (ер мен әйелден бөлініп, әйелдің жатырында тұрақтайтын) бір-екі шәһуат тамшысынан, содан соң жатырға (сүліктей) жабысқан ұйысқан жасушадан һәм содан кейін жаратылысы белгілі деңгейде қалыптасқан, алайда толық қалыптаспаған бір шайнам етке ұқсаған шақалақтан (ұрықтан) жараттық. Міне, осылайша, сендерге (өлгеннен кейін қайта тірілудің хақ екендігін әрі өздеріңнің қайдан келгендеріңді) анықтап көрсетеміз. Содан Біз дүниеге келуін қалаған ұрықты жатырларға жақсылап орналастырамыз да, белгілі уақытқа дейін сол жерде ұстаймыз. Кейін сендерді нәресте етіп, жарық дүниеге шығарамыз. Содан соң (ақыл-ой, күш-қуат жағынан) кемелденіп, өсіп-жетілулеріңе жағдай жасаймыз. Араларыңнан кейбіреулер жастай өледі, ал енді біреулерің әбден қаусап, алжитын шаққа дейін жетеді. Сөйтіп олар бұрын-соңды біраз нәрселер үйреніп, білген болса да, қайтадан түк білмейтін күйге түседі. Сондай-ақ (өлгеннен кейін қайта тірілетіндеріңе тағы да бір дәлел ретінде) жердің құп-құрғақ екенін көресің. Алайда оған (көктен) жауын жаудырғанымызда. (әлгі өлі жер) бірден дүр сілкініп, қопсып, жанданып, көздің жауын алатын әрі көңілге қуаныш ұялататын әр алуан өсімдіктерді жұп-жұбымен өсіріп шығарады)

(Жан-жануарларға туа бітті түйсік беріп, оларды өмірге тез бейімделіп кететіндей етіп жаратқан) Алла сендерді аналарының құрсағынан түк білмейтін күйде шығарды һәм сендерге шүкіршілік етулерің үшін (һәм өмірге бірте-бірте бейімделу, үйрену арқылы толыққанды адам болып қалыптасуларың үшін) есту қабілетін, көз және жүрек (яғни, жүректегі рухани сезімдерді) нәсіп етті. («Ән-Нәхл» сүресі, 78-ші аят)

Алла сендерді әу баста тым әлсіз етіп жаратады. Кейін сол әлсіздіктен соң (буындарыңды бекітіп) күш-қуат береді. Содан кейін күш-қуатыңды кемітіп, қайтадан әлсіз һәм қарт қылады. Ол қалағанын жаратады. Ол – Әлім (бәрін лайықты түрде білетін шексіз ілім Иесі), Қадир (теңдессіз құдірет иесі). («Әр-Рум» сүресі, қазақ тіліндегі мағынасы: «Римдіктер» сүресі, 54-ші аят)

Шүбәсіз, Біз адам баласын балшықтың қаймағынан (маңызынан, яғни, әр алуан минералдарға, түрлі табиғи байланысты заттарға бай балшықтан) жараттық.

Содан кейін оны (ер мен әйелден бөлінетін) бір тамшы шәует суы (яғни, ұрық) күйінде берік орынға (ана жатырына) орналастырдық.

Содан соң ұрықты жатырға (сүліктей) жабысқан ұйысқан нәрсеге (ұйыған қанға) айналдырдық. Кейін әлгі жабысқақ нәрсені (ұйыған қанды) бір тістем етке ұқсаған шақалаққа (ұрыққа) айналдырдық. Содан кейін әлгі бір шайнам етке ұқсаған денені сүйекке айналдырдық. Сөйтіп ол сүйектерге ет кигіздік. Нәтижеде (оған он екі мүше, ерекше кескін-келбет беріп, рух үрлеп, бойына жан әрі күш-қуат бітіру арқылы) оны мүлдем басқаша ерекше жаратылыс етіп шығардық. Ендеше, теңдесі жоқ, ең керемет жаратушы һәм шексіз нығмет пен құт-берекенің жалғыз иесі болған Алла қандай ұлы десеңші!

Міне, содан соң, сендер осы айтылғандардың бәрінен кейін, әлбетте, өлесіңдер.

Һәм содан кейін еш күмәнсіз, қиямет күні қайтадан тірілтілесіңдер. («Әл-Мү'минун» сүресі, 12-ші және 16-шы аяттар)

Баланың пайда болуы мен өсуінің бірнеше кезеңдерін келесідей топқа бөлуге болады:

- ✓ ***Топырақ*** – саздың негізгі мәні. Бұл ғылыми дәлелдермен дәлелденген адамдар жасалған зат: олар жердегі топырақтан жасалған, оған оралады және содан қайта тіріледі.

- ✓ ***Нәфсиу уәхидәтиу*** – Адам мен Хауана жаратылған бір рухты (жанды) білдіреді. Зәужәйни (zawj, араб тілінде: الزوجيني) сөзі Құранда жұптарға, жұбайларға және ерлі-зайыптыларға сілтеме жасау үшін үнемі қолданылатындығын атап өткен жөн.

- ✓ ***Көбею*** – бірінші жұптан бастап көбею жүйесі келесідей:
  нутфәтән: (шәhуат суы, ұрық, араб тілінде: نوتفتان) → ъаләқатән (араб тілінде: الاقاتان) жатырға (сүліктей) жабысқан ұйысқан қан → мудғатә (араб тілінде: مود غاتا) етке ұқсаған шақалақ (ұрық) → ъизамә (сүйек, араб тілінде: عَظْمَ) → ләхмән (сүйекке кигізілген ет, араб тілінде: لهمان).

- ✓ ***Өзге жаратылыс (ұрық)*** – (мүмкін жүктіліктің 4 айынан кейін) бұл өмірдің жаңа кезеңіне, адам кейпіне ене бастаған ұрық. Енді ұрық тек заттық нәрсе ғана емес, сонымен бірге ата-аналық мұраның үлесі бар жаны (рухы) бар жаратылыс. Ол осы кезеңде тек құқықтары бар және ешқандай міндеттері жоқ жаратылыс күйінде болады.

- ✓ ***Нәресте (тифлән, араб тілінде: تيفلان)*** – нөлдік біліммен және дәрменсіз күйде дүниеге келген сәби.

- ✓ ***Емшектен шығару (фисалуhу, араб тілінде: فيساله)*** – нәресте ана сүтін екі жылдан артық ембейді. Бұл жайлы Құранның бес аятында айтылады.

- ✓ ***Жыныстық жетілу*** – жыныстық гормондардың өсуі мен дамуына сәйкес ұйықтап жатқан кезде енуыздың (шәует, ұрық, араб тілінде: بلوغ) шығу жасына жетуі (хулум, араб тілінде: هولوم). Енді олар ұрпақ өрбітіп, өздері ата-ана бола алады.

- ✓ ***Ер жету*** – ер немесе әйел адамның толықтай жетілуі. Юсуф Әлидің айтуы бойынша адамның толық жетілу жасы 18 бен 32 жас аралығы, дегенмен Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) 15 жастағы ер балаларға соғысқа қатысуға рұқсат берген. Кейбіреулер ерте, кейбіреулер кеш жетілуі мүмкін. Ерте жетілгендер үшін «даналық жасына» 40 жасқа дейін жетуге болады.

- ✓ ***Кәрілік, уәшәйбә және дәф*** – қаусаған қарттық, есте сақтау мен білімнің нашарлауы, әлсіздіктің артуы. Олар бұрын-соңды біраз нәрселер үйреніп, білген болса да, алжып, қайтадан түк білмейтін күйге түседі. Осы уақытқа аралығында адам әлсіздік, кейіннен мықтылық, толық күш-қуат, қайтадан әлсіздік және соңында қаусаған қарттық кезеңіне жетеді.

- ✓ ***Өлім*** – Жаратушының тағайындаған межелі мерзімге жеткенде, күлден адамға айналған табиғи (денелік) дене қайта күлге айналып, Қиямет күнін күтеді.

- ✓ ***Қайта тірілу күні*** – осылайша жаратылыс кезеңі аяқталады.

Біз сендерді сол топырақтан жараттық және соған қайтарудамыз. Кезі келгенде сендерді одан тағы да шығарамыз (Таһа сүресі, 55-ші аят)

- ✓ ***Мәңгілік өмір*** – істеген амалдарымызға және Аллаһ Тағаланың рақымына қарай жұмақта немесе тозақта өмір сүру. Осылайша адам жаратылысының кезеңі өлгеннен кейінгі мәңгі өмірмен аяқталады.

Құран бұл айтылған ерекше кезеңдерді жаһандық көріністе дұрыс түрде қарастырады. Адамдар бұл дүниеде болмады, сол кезде Аллаһ Тағала бір болмысты, жанды жаратты. Осы бір жаннан Жаратушы оның жұбайын жаратты (оның қалай екені белгісіз, Құранда түсіндірмесі жоқ). Содан кейін екі ерлі-зайыптының үйленуі арқылы қоғамның ең маңызды бірлігін сақтаудан тұратын жаңа қалыптасу жүйесі құрылады. Ол бірліктерге: әкесі, анасы және балаларынан тұратын отбасыны сақтау және қорғау үшін лайықты түрде ресми неке жүйесін ұстану арқылы жұптасу жатады.

ҒАЖАЙЫП ҰРЫҚТАНУ, ЖҮКТІЛІК ЖӘНЕ БОСАНУ

Д'Ойен (1996-шы жыл) түсіндірмесі бойынша әкесінің сперматозоидтары (ұрық жасушалары) анасының жұмыртқасына ұрықтандырғанда, жаңадан ұрықтанған жұмыртқа «і» кіші әрпіндегі нүктеден сәл ғана үлкен болатынын және бірнеше апта бойы шайналған заттың кішкене бөлігіне ұқсас күйде болады. Ол төрт апталық болғанда, яғни көлемі бар жоғы бір елі кезінде оның адамдық ерекше қасиеттері көбірек дами бастайды және өмірінің соңғы сәтіне дейін соғатын жүрегі пайда болады. Жүктіліктің төртінші айында

оның ұзындығы шамамен он бес сантиметрге жетеді және саусақтары, аяқтары және қастары бар тамаша қалыптасқан адамға айналады. Ол әлі өздігінен тыныс алмаса да, көздері жабық күйде болса да, адам басы судың астында дауыстарды ести алатыны сияқты ол да анасының жүрек соғысын, дауысын және басқа да қатты шыққан дыбыстарды ести алады. Ұрық ана жатырында бас бармағын сорып жатқандай созылып, әр жаққа бұрылып, тепкілей бастайды. Кейде ол қағанақ сұйықтығын жұтып қойып, ықылық атып қалады. Ана бұл қимылдардың барлығын сезеді. Ұрық өскен кезде әкесі қолын анасының ішіне қойып, баласының ықылық атып, теуіп жатқан қимылдарын сезе алады.

Кейде аналар түнгі мезгілде ұйықтай алмай жатады, себебі іштегі бала анасы ұйықтар алдында белсенді қимылдарын бастайды. Баланың сау болып өсуі үшін анасы көп мөлшерде құнарлы тамақпен қоректенуі керек. Алайда, жатырдағы бала өскен сайын анаға көп мөлшерде тамақ жеу қиындай түседі, себебі тамаққа орын қалмайды. Жүктіліктің жетінші айына қарай нәрестенің салмағы ауырлай бастайды. Жүкті аналарға ерекше күтім мен қамқорлық қажет және үй шаруасына да көмек керек болады. Шамамен тоғыз айдан кейін баланың салмағы 3-5 кг және ұзындығы 45-54 см аралығында болады. Ол енді ананың құрсағында еркін қозғала алмайды, жаңа дүние есігін ашып сыртқы әлемге шығатын уақыты келеді.

Бала дүниеге келуге дайын сәтінде Алланың ең мықты етіп жаратқан жатыр бұлшықеті жиырылып, баланы төмен қарай итере бастайды. Басқа жануарлар сияқты әйел денесі ешқандай дәрігердің көмегінсіз босануға бейімделген. Бала босану негізінде теледидарларда көрсететін қорқынышты жайт емес, қауіпсіз түрде болатын нағыз бақыт сезімін сыйлайтын жайт болып табылады. Қатты толғақтардың салдарынан болатын босану ауыртпалықтарына қарамастан, аналар өз балалары үшін бәріне шыдап, батырлық көрсетеді. Қолдарына жаңа туылған сәбиін алып, оның кішкентай нәзік жүзіне қараған сәтте барлық ауыртпашылықтар артта қалады.

Аллаh Тағала жүктіліктің жандық жағдайын (уәhнән ъалә уәhниу, араб тілінде) әлсіреген үстіне әлсіреп, қинала жүріп (тоғыз ай бойы) көтеру деп сипаттайды. Шынында да, жүктілік кезінде аналар қышуды, мазасыздықты сезінеді, тез ашуланады, күйзеліс пен қуанышты сезімдердің арасында ауытқып тұрады және көп уайымға салынады. Аллаh Тағала қасиетті Рамазан айында жүкті әйелдердің ораза ұстамауына рұқсат береді, олар кейіннен денсаулығы қалыпқа келіп, шамасы жеткенде қарыз оразасын өтей алады. Сонымен қатар, босану кезінде және одан кейін 40 күн бойы бес уақыт намаз оқудан босатылады. Бұл күйеуіне мен туыстарына үй шаруасында және жандық, табиғи (денелік) тұрғыдан көмектесу қажеттігін көрсететін тұспал болып табылады. Олар емшек сүтімен емізу кезінде әйелдің денсаулығына назар аударып, оны құнарлы тағамдармен, жақсы ұйқы мен жан тыныштығымен қамтамасыз етулері тиіс.

АДАМ ДАМУЫНЫҢ ӘРТҮРЛІ КЕЗЕҢДЕРІ: ТУҒАННАН БАСТАП КӘРІЛІККЕ ДЕЙІН

Даму кезеңдері табиғи (денелік) және жандық тұрғыдан да болады және осы кезеңдер тиісті түрде қарастырылуы керек. Дамудың әр кезеңі үшін көрсетілген жас шамамен алынған

Омар Ибн Әл-Хәттәб көрсеткен даму кезеңдері. Бала жеті жыл бойы тәрбиеленеді (өседі); жеті жыл бойы іске жарамды болады; оның табиғи (денелік) даму (өсуі) 23 жасында тоқтайды; оның миы 35 жасында өсуін тоқтады және әрі қарай жинайтыны тек тәжірибе болмақ.

(араб тілінде, Туфаха, 1979-шы жыл)

Осы тұстағы ең маңызды екі сұрақ: Қай кезде мінез-құлық қалыптасады? Кейіннен оны өзгертуге болады ма? Бұл сұрақтардың нақты жауаптарын ешкім бере алмайтындықтан, жалпылама алынған ақпараттар әлдеқайда пайдалы болмақ. Төменде өсудің жалпы кезеңдері келтірілген:

ТУЫЛУ – 4 АЙ

Нәресте («Ән-Нәхл» сүресінің, 78-ші аятында, араб тілінде) ана құрсағынан түк білмейтін күйде шығатыны жайлы, өмірге бірте-бірте бейімделу, үйрену арқылы толыққанды адам болып қалыптасуы үшін есту қабілетін, көз және жүректі (жүректегі рухани сезімдерді) нәсіп еткен Аллаға шүкіршілік ету керектігі туралы айтылған.

0-ден 4 айға дейін баланың көзқарасы шашыраңқы болады, содан кейін ғана нәрестелер адамдарға мұқият зер сала қарауға үйрене бастайды. Олар басқа адамдарға қарағанда аналарына көбірек қарайды. Олар кенеттен шыққан дыбыстардан шошып, қатты жарықта көздерін жыпылықтатып, қолдарын созып, қайта жинап, басын әр жаққа бұрады. Көп ұзамай олар ата-аналарының дауыстары мен жүздерін танып, күлімсіреп, былдырлап сөйлей бастайды. Шамамен 4 айға қарай бала аунай бастайды. Ұлдардың бастары қыздарға қарағанда сәл

үлкенірек болады. (Спок, 1974-ші жыл)

Баланы иммундау кестесін уақытылы орындап отыру керек. Баланың миы әлі толық қалыптасып болмағандықтан, оны шайқауға болмайды. Егер нәресте жылауын тоқтатпаса, бірақ температурасы қалыпты болса, жөргегін ауыстыратын уақыт келді ме? Тамақтандыратын уақыт болды ма? Ұйқысы келді ме? Әлде қолға алып көтеруді қалайды ма? Осы сұрақтардың жауабын білу керек, себебі нәресте тек нақты қажеттіліктері болған кезде жылайды. Ата-аналары үшін баланың жылағаны қиын болса да, бұл қалыпты жағдай. Егер нәрестенің жылауы шамадан тыс көп болып көрінсе және тыныштандыру мүмкін болмаса, дәрігермен кеңесу керек.

5-18 АЙ

Дамудың бұл кезеңі адамдардың өмірге деген негізгі көзқарастарын қалыптастырудағы шешуші рөл атқаратын кезең болып табылады. Нәрестелер өздерін жеке тұлға ретінде сезіне бастайды және кейбір жағдайда еркіндік беруін талап етеді, мысалы, шөлмекті өздері ұстағысы келеді және өзгелердің ұзақ уақыт құшақтағанын қаламайды. Олар өздерінің ата-аналарымен алғашқы шынайы сүйіспеншілігін қалыптастырады. Егер ата-анасы жылы шырайлы адам болса, баланың бойындағы сүйіспеншілікті арттырады. Екінші бір тұсы, егер олардың ата-анасы суық келген және сенім ұялатпайтын болса, бала да осы бағытта дамиды. Олар сыртқы әлемге де сенімсіздікпен қарап, тек жаман жақтарын байқайтын болады. Бұл кезеңде нәрестелер өздері жайлы негізінен тартымды немесе тартымсыз, жақсы немесе жаман деген болжамға келеді. Баланың өмірге күле қарайтын немесе өмірден үнемі түңілуші болуының бастауы осы жерде жатыр. Егер бала ата-анасымен аз сөйлескен болса, онда ол көптеген заттардан бейхабар болып өседі. Емшек сүтімен емізу баланың табиғи (денелік) және сезімді дамуына үлкен әсер етеді.

Егер нәрестелер осы жаста еңбектемесе, ешқандай көмексіз өздері тұра алмаса, дыбыстар шығармаса және заттарды нұсқап көрсетпесе, ата-аналары дәрігер кеңесіне жүгінуі керек. Алты айлығында нәресте өзі отыра алуы керек, заттарды бір қолымен алып, екіншісіне ауыстырып, былдырлап сөйлеп, өз атын тануға қабілетті болуы керек. Көп нәресте, бәрі болмаса да, осы жаста түнгі уақытта тыныш ұйықтайды. Алғашқы тісі көбінесе алты айлығында пайда бола бастайды. Бала басын өзі ұстай алып, заттарға зер салып қарай алатын, есту мен көру қабілеті қалыпты күйде болуы керек. Ата-аналар баланың «менің қарным ашты» жылауы мен «ата-анасын іздеген» жылаудың арасындағы айырмашылықты түсіне білуі керек. Жалпы, ұлдардың тез өсетініне қарамастан, қыздар сыл-

дырмақпен шайқап ойнау сияқты даму кезеңдеріне ұлдарға қарағанда сәл жылдамырақ жетеді.

Тоғыз айлық кезінде нәрестелер еңбектейді және тентектік көрсете бастайды. Нәрестелер көптеген дыбыстарды айыра алып, оларды қайталауға тырысады. Қысқышқа ұқсас кішкентай қолдары оларға екі затты алып, бір-біріне соғыстыруға мүмкіндік береді. Жорғалап бастағаннан кейін олардың таным әлемі кеңейе түседі. Кейбір нәрестелер тұру үшін алға қарай ұмтылып, жиһаздарды ұстап жүре бастайды. Нәрестелер ұстаған затының барлығын дерлік аузына салады, себебі олар заттарды ауыздарына салу арқылы сезінуге дағдыланған. Кішкентай нәрестелердің ұстап көрмейтін заты қалмайды.

Бір жасқа жақындағанда сәбилер өздері жүріп, кейбір сөздерді айта алады және қасықты өздері ұстай алатын болады. «Ана» немесе «Әке» деп айта бастауы мүмкін. Нәрестелер жазалаудың не екенін білмесе де, «жоқ» сөзінің мағынасын түсінеді. Бала жасауға болмайтын істі жасап жатса, оны басқа жаққа қарай бағыттау қажет. Бір жасқа дейін балалар өздерінің тентек болып жатқанын білмейді. Олар тек көптеген нәрсені үйренуге болатын үлкен әлемнің бар екенін біледі.

Бір және екі жас аралығында бала жүруді жақсы меңгереді. Нәрестеден бүлдіршінге өтеді, тәуелсіз бола бастайды және барлық нәрсені зерттеуге құмартады. Кішкентай бүлдіршіндер допты тебе алады, жүгіреді, сүйеніш арқылы баспалдақпен көтеріле алады және бормен немесе маркермен сурет сала алады. Бүлдіршіндер көбіне қызба түрде әрекет етеді, себебі олар өзін сыпайы немесе дөрекі ұстаудың, жақсы мен жаманның айырмашылығын түсінбейді. Тайм-ауттар (баланы жағдайға аралластырмау немесе белгілі бір жерде оқшаулау) тәртіпті сақтаудың ең дұрыс әдісі болып табылады, жасына шамамен бір минут қосылуы керек. Бұл жастағы балалар пайымдауды немесе ымыраға келуді түсінбейді. Ата-аналар, жазалаудың орнына, оларға таңдау беруге тырысуы керек және еркін әрекет етулеріне мүмкіндік беруі керек. Ережелер аз болуы керек, бірақ оларды сақтаудағы ата-ана жүйелілігі маңызды.

Ата-аналар бала зейінінің дамуын қадағалап, сурет салу және текшелерден үй құрастыру сияқты әрекеттерді бірге жасауды ұсынуы керек. Егер баланың зейіні тұрақсыз болса, отбасылық дәрігермен кеңесу керек. Қатты ашуланшақтық ата-ананы шаршатуы мүмкін, бірақ әдетте үрей тудыратын жайт болып

Баланың тілі мен қисындық ми бөлігін дамыту үшін баяу дауыспен Құранды оқу, тыныштандыратын саз, табиғат дыбыстарының жазбалары, сондай-ақ бала жасына сай әндермен, нашидтермен және ырғақтарға баулу өте пайдалы болып табылады. Бұл баланың әртүрлі ми орталықтарын дамытуға көмектеседі.

табылмайды. Есту қабілеті көруден жылдам дамиды; нәресте қатты дыбыстарға үйрене бастайды. Ол алты айға дейін анық көре алмайды. Таным есту мен көруден кейін дамиды.

18-ШІ ЖӘНЕ 36-ШЫ АЙ

Бұл кезеңде бүлдіршіндер өзінің қалаулары бар жеке тұлғаға тән белгілі бір сезімдерді қалыптастырады. Алайда, олар өздерінің ата-аналарына тәуелді екенін көбірек түсіне бастайды. Бүлдіршін бұл кезеңде бірнеше қарама-қайшы түсініктерді сезінеді: тәуелсіздік – тәуелділік, тазалық – ластану, ынтымақтастық – қыңырлық және сүйіспеншілік – дұшпандық. Үш жастағы балалардың тұлғалық дамуы олардың мінезінің жұмсақтық немесе қайсарлық деңгейіне, туа біткен мінездік қасиетіне және осындай ұзақ та, қиын кезеңде ата-аналарымен қалыптасқан қарым-қатынастың жылылығына байланысты болады. Мысалы, ата-ана үнемі үстемдік көрсететін болса, ал бала мінездік қасиеті бойынша көнгіш келсе, бала өскенде ынжық немесе жасық мінезді болуы мүм-

Сарапшылар мен ғылыми зерттеушілердің арасындағы «дәретке отырғызып үйрету» пікірталасы

Бразелтон ата-аналарға баланың өздігінен дәретке отыра алу жетістіктерін мақтау қажеттігін айтады, дегенмен «тым көп түрде емес». Оның айтуынша, балалар нұсқауларды орындап, басқаларға үлгі бола алатын кезде, әдетте екі жасында дәретханаға баруды үйрету керек.

Лич 15 айға дейін баланы дәретке отырғызып үйретуге тырыспау керектігін және балалардың үш жасқа толғанынша, тіпті күндізгі уақытта да олардың бұл істі меңгермеуі қалыпты екендігін айтады. Оларға ұрыспау керек. Бұл үдерісті кешіктіруі мүмкін дейді.

Роузмондтың пікірінше, егер ананың қамқоршыдан беделді тұлғаға айналу қабілеті баланың екі жасына дейін кешіктірілсе, онда бала толықтай жетілмейді және кейінірек өмірде мінез-құлық мәселелері туындауы мүмкін.

Зерттеулер балалардың бұл істі әртүрлі уақытта үйренетінін дәлелдеді. Қыздар шамамен тоғыз айында өздігінен дәретке отыра алады (ұлдар сәл кештеу) және балаларға жиі көмек кеңестерін беру пайдалы екендігі айтылады.

(Лемоник, 1999-шы жыл)

кін. Егер ата-аналары дұшпандық танытып, әдепсіз болса және балаға қарсы пікірін айтуға мүмкіндік берсе, бала дұшпандық қасиетке ие болып өседі. Егер ата-анасы түнеріңкі және тазалыққа қатты мән беретін адамдар болса, олардың баласы, егер табиғатынан мойынсұнғыш келсе, кінәмшіл және тым ұқыпты болуы мүмкін. Егер мазасыз ата-аналар балаларын үнемі қадағалайтын болса, бала табиғатынан әсерленгіш келсе, онда ата-ана қамқорлығына тәуелді бала болып шығуы мүмкін. Емшек сүтімен емізу екі жаста тоқтап, баланың өзіндік жеке тұлға болып қалыптасуын көбірек ынталандыру керек. Әртүрлі жантанушылар баланың мінез-құлқы үш жасқа дейін қалыптасады деп санайды. Бірақ кейбір тұлғалық қасиеттер жағдайлардың қысымымен кеш балалық шақта және ересек өмірде айтарлықтай өзгеруі мүмкін.

Сонымен қатар, бұл жасқа дейін көптеген маңызды мінез-құлық үлгілері қалыптасып үлгермеуі мүмкін. Баланың өз жынысына және қарама-қарсы жыныс өкілдеріне деген көзқарасы көбінесе оның қандай достарды таңдайтынын және қандай некеге тұратынын анықтайды.

Бастапқы екі жылда бала жылдам өсіп, тез өзгереді. Әр ай сайын жаңа дүниені үйренеді. Екі жылдан кейін баланың өсу үдерісі сәл баяулай бастайды. Осы уақытқа қарай балалар еркін жүгіреді, секіре бастайды, өрмелейді, заттарды ұстап, тіпті үш дөңгелекті велосипед айдауды үйренеді. Олар іс-әрекеттер мен сөздерді қайталай бастайды. Шеңбер және шаршы секілді геометриялық пішіндерді сала алады және қарапайым пазлдарды құрастырады. Олар дәретке өздігінен отыруды үйренгісі келеді. Бұл кезеңде бүлдіршіндер қысқа сөйлемдермен сөйлеп, 50-ге жуық сөз біледі.

Ата-аналар баланың таусылмайтын «неге» деген сұрақтарына сабырлылық танытып жауап беруі керек; баланың қызығушылығына шыдамдылық танытып, ашуланбай жауар беру өте маңызды. Баланы мақтау және «тайм-аут» тәртіпті сақтаудың ең жақсы әдістері болып табылады. Осы жас басқалармен бөлісуді және кезекпен жұмыс істеу сияқты әлеуметтік дағдыларды үйренуге таптырмас кезең.

Баланың тілінің анық шықпауы, өзге балаларға қызығушылық танытпауы және жиі құлауы кездессе, отбасылық дәрігермен немесе психиатрмен кеңесу қажет. Айырмашылықтар теңесе бастайды: қыздарда даму қарқыны байқалады, ал ұлдар дамуының маңызды кезеңдеріне тезірек жете бастайды. Үш жасқа дейін екеуінің де сөздік қоры кем дегенде 250 сөзден тұруы керек.

4-7 ЖАС

Төрт жасқа қарай балалар, екі жастағы кезімен салыстырсақ, тамақты аз жейді, себебі өсуі баяулайды және белсенділігі төмендейді. Балалар жыл сайын тұрақты түрде өсіп, күн сайын жана нәрсені үйренеді, бұл тағы бір үлкен өзгерісті алып келетін жасөспірім жасқа толғанша жалғасады. Төрт пен бес жас аралығындағы балалардың қуаты шектік

деңгейді көрсетеді (олар серуендеуді, жүгіруді, секіруді қалайды), бұл олардың ата-аналарына еңбектеген кезін сағынышпен еске алдырады. Бала допты лақтырып, үш дөңгелекті велосипедті айдай алады.

Осы кезеңдерде ата-аналар өзін осылайша ұстаудың неліктен дұрыс емес екендігін балаға түсіндіріп, оның салдарын айтуы қажет. (бірақ қысқа түрде түсіндіруді естен шығармау керек) Жаман мінез-құлықты «жазалау» арқылы жақсы мінез-құлықты мақтаңыз және марапаттаңыз. Ата-анаға тым қатты тәуелді болмауын қадағалаңыз. Бала бес жасқа дейін өзі дәретке отырып үйренуі керек және өзгелермен ойнағанда немесе өзі ойнағанда да белсенділік таныту керек.

Балалар ер бала мен қыз баланың айырмашылығын байқай бастайды және әртүрлі дене мүшелерінің атауларын білгісі келеді. Бұл «Сұрақтар» кезеңінің басталуын білдіреді, себебі балалар барлық нәрсені білуге құмартады (соның ішінде жыныстық қатынасқа қатысты сұрақтар да бар). Ата-аналар балаларының қойған сұрақтарына байыпты түрде жауап беруі тиіс немесе балалар бұл сұрақтардың жауаптарын қате ақпарат беретін достарынан сұрай бастайды.

Бірте-бірте балалардың көңілкүйі және сезімділігі артып, бір күйден екінші күйге тез ауыса бастайды: тым көп сүйіспеншіліктен жеккөрушілік пен ашуға, қуаныштан қайғыға тез ауысуға бейім келеді. Балалар қараңғылықтан, жануарлардан, өлімнен және Құдайдан қорқа бастайды. Олар ата-анасынан бөлек болудан және олардан айырылып қалудан қорқады. Балалар өз ата-анасының және айналасындағы адамдардың қорқыныштарын өзіне сіңіре бастайды. Олар өрмекшілерден, бейтаныс жерлерден және қатты дыбыстардан өзгелерге еліктей отыра қорқады. Балаларда қызғаныш сезімдері оянып, өздерін агрессивті түрде ұстай бастайды. Сондықтан ата-аналардың барлық баласына бірдей және әділ қарауы өте маңызды. Жүсіп Пайғамбардың (Ғ.С.) бауырларының оған қарсы қастандыққа алып келген қызғаныш оқиғасы осы тұста жақсы мысал болып табылады.

Өсе келе бала өзінің жынысына сәйкес келетін ата-анасының ықпалын көбірек сезіне бастайды. Ұл балалар әкесінің бақшадағы жұмыстарына зер сала қараса, қыз балалар анасының жасайтын үй жұмыстарын бақылай бастайды. Ата-аналар бір-біріне және өзге балаларға деген өзара сүйіспеншілік пен құрмет үлгісімен балалардың бойында махаббат пен құрмет сезімін оята алады. Бірлескен іс-шаралар, соның ішінде ойындар, кітап оқу және жануарларды тамақтандыру олардың бойында өзіне деген сенімділікті және ашық қарым-қатынас негізін қалауға көмектеседі. Балалар ата-аналарын бақылап, олар жасаған құлшылықтар арқылы дінді үйренеді. Егер балалар сыртқы әлеммен танысқанға дейін өзін жақсы ұстауды үйренсе, есейген шақта дұрыс әрекеттер жасауы әбден мүмкін.

7-14 ЖАС

Бұл – бастауыш білім алу мен жыныстық жетілу орын алатын жас аралығы. Ұлдар мен қыздар есейген сайын, өздерін ерлер мен әйелдер сияқты ұстай бастайды. Бұл өзгерістер әдетте қыздарда – 9-13 жаста, ал ұлдарда – 11-15 жаста басталады. Бұл кезең жасөспірімдік шақ деп аталады, бұл жасбалалар ересек адамға айналатын және өздері бала тууға қабілетті жас болып табылады. Жасөспірім шақта көптеген табиғи (денелік), жандық, сезімдік және рухани өзгерістер болады. Балалар, осыдан бір жыл бұрынғы жасқа қарағанда, өздерінің басқаша көрінетінін, басқаша сезінетінін және басқаша ойлайтынын түсіне бастайды.

Жасөспірімдік кезеңге жақындаған қыз күрт өсуге дайындық үшін кенеттен салмақ қосуы мүмкін және аздаған уақытта бойының тез өсуін байқауы мүмкін. Қыз балалардың жамбастары кеңейіп, кеуделері үлкейе түседі. Қолтық астарында және әурет жерлерінде түктер өсе бастайды. Ер балаларда да осындай тез даму қарқыны орын алып, көп тамақ жей бастайды. Олардың иықтары кеңейе түседі. Қолтық астына, әурет жерлеріне, бет пен кеудесіне түктер өседі. Олардың дауысы жуандап, ер кісілердікіне ұқсай бастайды. Ұл балалар да, қыз балалар да аяқ киімдерінің бірнеше айда сыймай қалғанын байқайды. Бұл – ата-аналардың құлшылықтарға бұрынғыдан да көп көңіл бөлуі керек уақыт.

ТӨМЕНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР БАЛАЛАРДЫҢ БОЙЫНАН БАЙҚАЛҒАН (7-14 ЖАС):

- Сын пікірге аса сезімтал, ашулануы оңай, көңіл-күйі құбылмалы және тым сезімді келеді;
- Балалар өздерінің құндылықтары мен әдеп шамаларын араласатын достарынан сіңіреді. Сондықтан, ата-аналар қоғамда балаларының кіммен араласатынын қадағалауы керек.
- Балалар ұялшақ келеді және өзгелер құрметпен қарайтын өзіндік пікірін айту үшін оларға жігерлендіру керек.
- Дене бұлшықеттері тез өседі және олар спортпен шұғылдануға бейім болады (мысалы, жүгіру, өрмелеу, жүзу, футбол және баскетбол ойнау).
- Ендігі кезекте олар тамақтануға, киімге және жеке тазалық сақтауға қатысты мәселелерде толықтай өздері жауап береді. Оларға ішіп-жеу, араласу әдептерін үйрететін кез келді. Әртүрлі жағдайға қатысты дұға (құлшылық) жасауды үйретіңіз. Бұл «жыныстық әрекетсіздік» немесе «белсенді емес жыныстық қатынас» кезеңі. Олар өз жынысының өкілдерінен тұратын ортамен араласқысы келеді. Олар эротикалық бейнелерді теледидарда, журналдарда немесе кітаптардан көрмеуі керек. 10 жастан кейін олар бауырларымен бір төсекте ұйықтамағаны жөн.

11-13 ЖАС: ҚЫЗДАРДЫҢ ЕТЕККІРІ

Көптеген қыздарда етеккір айналымы 11-13 жаста басталады. 3-7 күн аралығында ай сайын қынаптан аз мөлшерде қан бөлінеді. Бұл – табиғи (денелік) тұрғыда олардың балалы болуға дайын екендігінің белгісі. Етеккір айналымы қауіпсіз және ауыртпалықсыз өтеді (адамзат осылай жаратылғандықтан, бұл табиғи үдеріс болып табылады). Бұл қан – жатырдың жұқа ішкі қабығы. Екі аналық безде ай сайын бір жұмыртқа жетіле бастайды және ұрық дами алатындай жатырда қанға бай шырышты қабық пайда болады. Еркектің шәует жасушасынсыз жұмыртқа өсе алмайды, ал шырышты қабық ескіріп, ағза етеккір айналымы арқылы одан құтылады. Шамамен 27-30 күн сайын (ай айы) бұл табиғи үдеріс қайтадан қайталанады.

ЕТЕККІР КЕЗІНДЕГІ АУЫРСЫНУЛАР

Миллиондаған әйел кісілер етеккір кезіндегі жайсыздыққа шағымданады. Бұл ауырсынулар бірнеше күнге созылуы мүмкін және ауырсыну деңгейі жеңілден қаттыға дейін өсуі мүмкін. Ауырсыну белгілеріне: іштің кебуі, түйілуі, кеуденің ауыруы, етеккір кезіндегі бас ауруы, құйылып немесе ұзақ уақыт қан кету, көңіл-күйдің өзгеруі және шаршау жатады.

(Калб, 2003-ші жыл)

Қыз баладағы алғашқы етеккір айналымы – оның өміріндегі маңызды оқиға. Бұл оның жыныстық жетілуге жеткенін және ресми түрде бойжеткен екенін білдіреді. Осы сәттен бастап ол – өзінің барлық діни міндеттеріне жауапты (кез-келген ересек мұсылман әйел сияқты), мысалы, ораза ұстау, құлшылық жасау және бейтаныс ер адамдардың алдында әурет жерлерін жабу. Барлық әйелдердің жартысынан көбі етеккір кезінде біршама қолайсыздықты сезінеді. Оларда іштің түйілулері, шаршау және тез ашулану сияқты белгілер болады. Аллаh Тағала әйелдерді Рамазан айында хайыз күндерінде ораза ұстаудан босатты, бірақ олар Рамазаннан айында қаза қылған күндерді кейіннен өтеуі қажет. Сонымен қатар, етеккір кезінде әйелдерге бес уақыт намаз оқуға, мешітке кіруге және Құранды ұстауға тыйым салынады. Бұл өткізген құлшылықтардың қазасы өтелінбейді. Әйелдердің тазалық сақтаулық төсеніштері киімді таза ұстау үшін және етеккір кезінде қанды ұстап тұру үшін қолданылады. Әйелдің етеккірі аяқталғаннан кейін, ол құлшылық жасауы үшін ғұсыл (бой дәрет) алып, толық тазаруы керек.

13-15 ЖАС: ҰЛ БАЛАЛАР ЕРЖЕТКЕНДЕ

Ұлдар жыныстық жетілуге жетіп, ер жете бастаған кезде шәует жасушалары бөліне бастайды. Ихтиламмен (поллюция), яғни түсінде шәуеттеніп оянған кезде, олардың

жыныс мүшесі қатты болып, аздап шәует жасушалары шығады. (мәни, араб тілінде: ماني) Бұл түнгі эмиссия (қобу, араб тілінде: انبعاث) деп аталады, өйткені жасушалар шәует (көп) деп аталатын сұйықтықта тұрады және ол шыққан кезде іш киімді ылғалдап, былғайды. Бұл зәр емес, таза сұйықтық және одан ұялудың еш қажеті жоқ. Бұл ер баланың табиғи (денелік) тұрғыдан әке болуға қабілетті екенін біл-діреді. Осы кезден бастап ол (кез келген кәмелетке толған мұсылман ерлер сияқты) өзінің діни міндеттеріне жауапты болып саналады. Кейбір ұлдарда түнгі шәуеттену болмайды, бірақ шариғат бойынша (ислам заңы) 15 жасқа толған немесе жыныстық жетілудің басқа да табиғи (денелік) белгілері (мысалы, дауысының жуандауы) болған кезде олар ер жеткен болып саналады. Қалай болғанда да, ұлдар мен қыздар 12 жастан бастап, балиғат жасына толу белгілері баяу дамып жатқан болса да, намаздарын үзбей оқып, ораза ұстаулары керек.

«Сіздің керемет балаңыз он үш жасқа толғанда, оны сізге бір сәт тыныштық бермейтін бейтаныс біреумен алмастырып кеткендей болады» Джилл Айкенберри.

(Браун, 1994-ші жыл)

Кейбір ұлдар мен ер кісілер эрекцияны тудыру үшін өздерінің ұятты жерлерін ұстап, оларды уқалау арқылы шәует шығарып, одан ләззат алады. Бұл истимна деп аталады. Бұл істі кейбір либералды қоғамдарда қолдайды және оған тыйым салынбайды . Алайда Исламда әйел кісінің және ер кісінің истимна жасауы құпталынбайды. Денесінің әурет бөліктерін қоздыру мақсатында ұстаған кез келген адам намаз оқымас бұрын жаңа дәрет алуы керек болады. Истимна (мастурбация, яғни сыртқы жыныс ағзаларын өзімен өзі қоздыру, араб тілінде: الاستمناء) жасаған кез келген адам құлшылық жасамас алдын тазару үшін ғұсыл (бой дәрет) алуы керек.

14 ЖӘНЕ 21 ЖАС

Бұл кезеңде ұлдардың дауысы қатты, дөрекі және жуан, ал қыздардың дауысы нәзік, әрі жіңішке болып келеді. Ұлдардың бұлшықеттері күшейіп, қыздардың кеуделері үлкейіп, денелеріне май жинала бастайды. Ұлдардың аяқтары мен қолдары ұзарып, иықтары кеңейіп, табандары үлкейеді. Бетінде, қолтығында және әурет жерлерінде түктер көбейеді. Аяқ пен қолдың өсуіндегі уақытша сәйкессіздіктер жүру кезінде және заттарды ұстау кезінде айтарлықтай ебедейсіздікті тудырады. Оларға бұл үдерістерге бейімделіп, өздерін толықтай қабылдау үшін уақыт керек болады.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТҮСІНІГІ

Жасөспірімдер шешім қабылдау кезінде ақылына емес, жан толғанысына жүгінуі мүмкін. Жүрек сананы жеңе алуы мүмкін, алайда сезім мен жан толғаныстары ақыл мен ойға үстемдік жасай алады. Жасөспірімдер жасқаншақ келеді: олар уақытының көп бөлігін сырт келбетіне алаңдаумен өткізеді. Олар тістерін түзету үшін брекеттер (тісжегі мен тіс қатарын туралау үшін олардың арасына салынған металл құрылғы) тағуы мүмкін, беттеріне безеулер (дақтар) шығуы, бойының тым ұзын немесе тым қысқа болуы, тым толық немесе тым арық болуы оларды қатты алаңдатады. Денелерінде болып жатқан кез-келген өзгеріс оларды мазалап, өздеріне сенімсіздік тудыруы мүмкін. Олар өздерінің болашақ мансаптары, қандай білім алатыны, қай оқу орнына түсетіні және кімге үйленетіндері жайлы алаңдауы мүмкін. Бұл шешімдердің барлығы жасөспірімдерді ашуланшақ және мазасыз күйге әкеледі.

Дененің өсуіне жауап беретін гормондар көңіл-күйдің тез өзгеруіне әкелуі мүмкін: ұлдар ешқандай себепсіз мазасыздануы немесе ашулануы мүмкін, ал қыздар болмашы нәрсеге жылауы немесе көңілі түсуі мүмкін. Кейде жасөспірімдер өздеріне ересектер сияқты қарауды қалайды, бірақ олар өздерін балалар сияқты ұстағысы келеді. Бұл жайттардың барлығы бақылауға келмейтін сәтке дейін қалыпты болып табылады. Есті адамдар өз сезімдерін басқаруды үйренеді және бір нәрсе айтпас бұрын немесе бір істі бастамас бұрын, ойланатын болады.

Ибн Сина айтқандай, біз бала табиғи (денелік) және жандық тұрғыдан қабылдауға дайын болған кезде ғана оған Құранды үйрете бастауымыз керек. «Оған әліпби мен діннің негізін үйрет. Одан кейін әдептілік, білімді мадақтау және надандықты айыптау, ата-анаға жақсылық жасау, өзгеге жақсылық жасау, әлсіздер мен кедейлерді құрметтеу, оларға көмектесу тақырыптары кездесетін аяттарды үйрет. Бала Құран мен тілді меңгеріп болғаннан кейін, оның қабілеті мен қызығушылығына сәйкес келетін белгілі бір әуестігіне және іс-әрекетке бағытталуы керек».

(Әл-Ибраши, 1976-шы жыл)

Жасөспірімдік шақта, шамамен 13-14 жаста ақыл-ой мен зият жақсы жұмыс істей бастайды, сондықтан олар бұрын түсіне алмаған күрделі нәрселердің мағынасын түсіне бастайды. Бұл – тамақ дайындау, балаларға қарау және үйдегі заттарды жөндеу сияқты өмірге қажет көптеген дағдыларды игеруге қолайлы уақыт. Жасөспірімдер басқалармен сөйлесу және қарым-қатынас жасау және әртүрлі ұйымдарға қатысу сияқты көптеген әлеуметтік дағдыларды меңгереді. Олар өздері үшін және басқалар үшін мойнына жауапкершілік алуды үйренеді және оқуын жалғастыра отырып, толық емес жұмыс күнінде еңбек ете алады немесе тіпті толық күндік немесе ерікті ретінде жұмыс істеп бастай алады.

Ислам осы кезеңде жасөспірімдерге арналған бірнеше алдын-алу шараларын ұсынады, мысалы:

- Қарама-қарсы жыныс өкілін көргенде көзін төмен салу
- Қуатты шығару үшін спортпен шұғылдану
- Дүйсенбі және бейсенбі күндері ораза ұстау және басқалармен бірге ауыз ашу
- Біреудің үйіне кірер алдын рұқсат сұрау
- Қарама-қарсы жыныс өкілімен оңаша қалудан сақтану
- Ағалы-қарындастар 10 жастан кейін бөлек төсекте (бірақ бір жатын бөлмеде болуы мүмкін) ұйықтауы керек. Бір қызығы, Ұлыбританияда тұрғын үй ережелері қарама-қарсы жыныстағы 10 жастан асқан балалардың бөлек жатын бөлмелері болуын талап етеді (Тұрғын үй туралы заң,1985). Бұл ережені барлығынан талап ету мүмкін болмас еді. Себебі, барлығы осы ережемен ұстана үй салатын болса, әлемді зәулім сарайлар қаптап кетер еді!

Табиғи (денелік) емес жағына келетін болсақ, төмендегі жайттарды атап өткен жөн:

- Жасөспірімдерге өзінің тұлғалық қасиеттерін дамыту үшін: жеке кеңістік пен ой-толғам жасауына уақыт беру қажет. Олар есейген сайын: Мен кіммін? Дүниеге не үшін келдім? Өмір дегеніміз не? Не себепті әлемде шешімін таппаған мәселелер тым көп? Бұл – жасөспірімдердің үйренген көп заттарына сыни көзбен қарап, жауаптар мен жаңа идеяларды іздейтін уақыты. Кейде бұл ата-аналармен шиеленіс пен жанжалдың да себебі болып жатады. Жасөспірімдердің әдетте 16 мен 19 жас аралығында мінездері тұрақтала бастайды. Баланың ересек болатын кезеңі (11-19 жас) ұзақ және қиынға соғады, бұл отбасының барлық мүшелерінен үлкен шыдамдылық пен түсіністікпен қарауды қажет етеді.

- Жасөспірімдердің дерексіз ойлау қабілеті дамиды: олар тұжырымдамалауға және елестетуге кіріседі. Олар туындауы мүмкін мәселелерді алдын ала болжап, болашаққа арналған шешімдерді таба алады. Бұрынғы жылдардан қазіргі болмысының айырмашылығы, олар тек қазіргі шақ туралы ғана ойламайды, олар енді уақытқа тиісінше мән бере алады: өткен шақ, қазіргі және болашақ. Олар күндердің, апталардың, айлардың, жылдардың, ғасырлардың мағынасын түсіне бастайды. Олар тарихтың мән-мағынасын түсіне бастайды. Сәйкесінше, олардың сұрақтары заттық нәрселердің шегінен асып, өмірдің бастауларына, ақырет жайлы өмірге, мақсаттар мен құралдарға, құндылықтар мен әдепке, ғаламның басы мен соңына, дүние мен ақыретке дейін баруы мүмкін.

- Жасөспірімдердің дінге деген қызығушылығы арта түседі: жасөспірімдік кезең діни ояну дәуірі деп те аталады, бұл кезде олар жұмақ пен тозақ, күнә мен тәубе, қайта тірілу мен мәңгілік өмір, тағдыр мен жазмыш, еркіндік пен детерминизм туралы өздерінің пікірлерін қуаттай түседі. Жиырма жасына қарай олардың өмірге деген көзқарастары тұрақты және нысанды түрде қалыптасады.

- Жасөспірімдер оянған армандар мен қиялдарына бой алдырады: бұл олардың өз қалауларын білдірудің маңызды тәсілі. Бұл жандық өсудің ерекшеліктерінің бірі, ол шектен шықпаған жағдайда қалыпты құбылыс (бұл олардың жеке немесе әлеуметтік өмірінің шамадан тыс бөлігіне айналмауы керек) болып табылады.

- Жасөспірімдер өздерінің ата-аналарынан бастап басқаларды сынай бастайды: олар ата-аналарының киімдерін, тамағын, талғамын және бауырларын тәрбиелеу тәсілдерін сынап, оларды өз құрдастарының ата-аналарымен салыстырады. Олар сондай-ақ мектептерді, қоғамды және үкіметті сынға алады және өзгертулер мен әлеуметтік өзгерістердің түбегейлі әдістерін қолдайды.

- Жасөспірімдер мұрағияткерге айнала бастайды: мұрағиятшыл жасөспірімдер арасында олардың өмірлік тәжірибесінің болмауына байланысты жиі кездеседі.
- Жасөспірімдер өзін жоғалтып алғандай сезінеді: өмірде әртүрлі шешім қабылдау қажет жағдайларға тап болады. Алайда, олар ата-аналарымен немесе өмірден тәжірибе жинаған адамдармен ақылдаспай, өз бетінше шешім шығаратындықтан, олар дұрыс шешім қабылдай бермейді. Бұл жаста оларды дұрыс шешім қабылдауға міндеттемейтін «тікелей емес көмек» әдісін қолдану керек.
- Жасөспірімдерде жетістікке жету сезімі дами бастайды: жетістік сезімі бірнәрсеге қол жеткізу арқылы өзін дәлелдеу үшін қажет. Нақты белгіленген міндеттер оларға табысқа жетуге мүмкіндік береді. Жауапкершіліктің болмауы оларда елеусіз және шеттетілген сезімдерін тудырады. Оларға тым көп немесе тым қиын тапсырма беру оларды қабілетсіз және сәтсіздікке ұшыраушы етеді. Барлық жерде тепе-теңдік сақталуы керек.
- Жасөспірімдердің есте сақтау қабілеті: есте сақтаудың жалпы екі түрі кездеседі: жатқа білу (өзінен өзі) және мағыналы есте сақтау (тікелей немесе жанама). Жатқа жаттау арқылы тікелей үйрену – мазмұнын аз көлемде немесе мүлде түсінбейтін үзінділерді қайталау. Жанама түрде мағыналы есте сақтау мазмұнды түсінуді және оның мағыналарын басқа бөліктермен байланыстыруды, сондай-ақ мазмұн бөлшектері арасындағы жаңа қатынастарды шығаруды қамтиды. Тікелей жатқа жаттаудың дамуы балалық шақта басталып, 15 жаста шарықтау шегіне жетеді (Әс-Сайид, 1975-ші жыл). Содан кейін, ол есте сақтау анықтығында, жылдамдығында және көлемінде төмендей бастайды. Жанама түрде мағыналы есте сақтау кейінірек басталады, алайда жасөспірім кезінде және орта жасқа дейін дамып, өсе береді. Ерте балалық шақта игерген ақпараттар тасқа таңба басқандай анық есте қалады (ұзақ уақыт бойына), ал есейген кезде үйренген ақпараттар су бетіне жазылған жазу секілді (тез өшіп қалады).

Дерексіз ойлау + Өмірлік тәжірибе аздығы → Мұрағиятшылдық

Мұрағияткер жасөспірімдер ата-анасының немесе қоғамның беделін мойындамауы мүмкін, әсіресе бұл олардың ұсыныстары мен шешімдерінің қанағаттанарлық түсіндірмесіз үнемі қабылданбаған кезінде орын алады. Жасөспірімдер көңілі қалған, мазасыз және ең соңында оқшауланып, қоғамға жат адамға айналады. Өзінің әлсіздігі мен үмітсіздігін сезіну жасөспірім мұрағияткерлерді өзіне деген және басқаларға деген сенімді жоғалтуына алып келуі мүмкін.

ОРЫН АЛУЫ МҮМКІН ОҚИҒАЛАР ТІЗБЕГІ

Бір жайт екіншісін тудыруы мүмкін:

Жасөспірімдік мұрағияттшылдық және өмірлік тәжірибе аздығы → ата-ана мен қоғамның теріске шығаруы → жанжал → оқшаулану → жатқа айналу → үміт үзу → сенімсіздік → дәрменсіздік → шарасыздық → бейжайлық → әрекетсіздік → бейқамдық

Көптеген елдерде өтетін наразылық шараларының басым бөлігі неліктен студенттерден құралатыны туралы ойлап көрдіңіз бе? Түркияда, Мысырда, Малайзияда, Индонезияда, Иранда немесе АҚШ елдерінде өткеніне қарамастан.... Себебі жасөспірімдердің өте жігерлі, сезімді және әуесқой және өзгертулер немесе түбегейлік туралы өз көзқарастарына берік сенімді келуінде. Бұл көбінесе олардың даму кезеңіне байланысты.

21-40 ЖАС: ЖАС ЕРЕСЕК ӨМІР

Көптеген адамдар үшін бұл – кемелдену, күш-қуаттың толысу және ұрпақ жалғастыру жасы. XX ғасырда Юсуф Әли де, VII ғасырда Омар Ибн Әл-Хәттәб та ақыл-ойдың 40 жасқа дейін толық дамитынын айтқан; одан кейінгі даму тек тәжірибеге негізделген.

40-65 ЖАС: ОРТА ЖАС

Бұл жетілудің шыңы, бұл кезең – даму табиғи (денелік) өзгерістермен емес, біліммен, жаттығулармен және тәжірибемен байланысты. Табиғи (денелік) әлсіздік бірте-бірте пайда бола бастайды.

65 ЖАС ЖӘНЕ ОДАН ЖОҒАРЫ: ҚАРТАЮ

Кәрілік басталып, қаусап, алжитын шаққа жетіп (әрзәлил ъумури), есте сақтау мен білім нашарлай бастайды. Бұрын-соңды біраз нәрселер үйреніп, білген болса да, білімдері төмендейді. Бұл уақыт өте келе азаятын компьютер жадына ұқсайды. Альцгеймер ауруы егде жастағы адамдарға әсер етіп, олардың есте сақтау қабілетін зақымдайды. Бұл кезеңнің басқа атаулары шәйхан (қарттық), дәф (әлсіздік), уәшәйбә (кәрілік[1]).

Тіршілік кезеңі нәрестенің дүниеге келуімен басталады (ана құрсағынан түк білмейтін күйде шығады, өмірге бірте-бірте бейімделу үшін есту қабілетін, көз және жүректі (жүректегі рухани сезімдерді) нәсіп етеді). Аллаh Тағала құлдарына үнемі шүкіршілік айтуға (ләъалләкум тәшкуруун, араб тілінде:) шақырады.

Кейіннен сәбилер әлсіз кезеңнен күш-қуат жинайтын шаққа, кейін қартайған кезде қайта әлсіз шаққа оралады (шәйбә, араб тілінде: شيبة). Адам баласы туылу мен кәрілік арасында ақыл-парасатқа ие болады және Аллаh Тағала оларды мағыналы ғұмыр кешіп, даналыққа шақырады: ләъалләкум тәъқилуун (ой жүгірту, түсіну, араб тілінде: لعلكم تعقلون). Өмірдің соңғы кезеңінде – өмірлік сапардың соңында – адамдар өзгелерге қиянат жасамай, ауыр күнәлардан аулақ болуы керек. 60 жасқа қарай адамдардың жасаған жамандықтарын ешқандай түрмен ақтап ала алмайсың, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түсіндіргендей: «Аллаh Тағала алпыс жас ғұмыр берген құлының ешбір сылтауына құлақ аспайды» деген. (Әл-Бұхари)

Біз қартайған сайын есте сақтау қабілетіміз нашарлайды, дегенмен ойлап, пайымдау қабілетіміз сол күйінде қалады.
Бұл да Жаратушының құдіреті!

Жаратушы иені ерте жастан мадақтап, құлшылық жасап, жер бетіндегі жаратылыс пен адамзаттың мәні мен міндетін даналық жасқа жеткенше танып, түсінген жандар – ең бақыттылар.

Бала сағатқа, уақытқа қарай дамымайды. Әр бала өз қарқынымен және өз үлгісімен дамиды. Баланың ерекше, өзіндік даму сағаттарына ата-ана назар аударуы керек.

ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІН ҚОЛДАНУ

Бала – біздің мүмкіндіктер тереземіз.

Баланың жүрегі таза, пәк және бос келеді. Оның барлық нәрсені ұстап көруге бейім қасиеті бар және оған айналадағының бәрі қызық.

(Имам Әл-Ғазали)

Бала өзіне айтылған барлық ақпаратты қабылдауға және өзіне бағытталған барлық нұсқауларды орындауға дайын болады.

(Ибн Мискәуәйh)

Бұл ата-аналар үшін баламен ортақ байланыс құратын және балаларын мүмкіндігінше жоғары деңгейде барлық нәрсеге үйрете алатын тамаша мүмкіндік

АЛҒАШҚЫ ЕКІ ЖЫЛДА БАЛАНЫ ЕМІЗУ: Бұл бала бойындағы маңызды тұлғалық бөлшектердің қалыптасатын кезеңі. Нәтиже – табиғи (денелік) және сезімдік тұрғыдан да дені сау бала. Нәрестелік кезеңде сәбидің ми орталықтары, мидың өзара байланыстары және ми желілері (триллион-триллиондаған нейрондар (жүйкелер) түрінде қалыптасады. Осы кезеңде батылдық, шығармашылық, махаббат, адалдық, әртүрлі көзқарастар, тіл және қисын қалыптаса бастайды. Ана сүтінің сансыз медициналық артықшылықтарынан басқа, аналар алғашқы екі жыл ішінде сәбилеріне сүйіспеншілік, жанашырлық және өзін-өзі бағалау сияқты орасан зор сезімдік артықшылықтарды да береді. Бала емізетін аналардың да нәрестемен жақын жандық қарым-қатынастан алатын пайдасы көп.

СҮЙІСПЕНШІЛІК ЖӘНЕ ТАҚУАЛЫҚ: Балаларды ерте жастан бастап Мейірімді және Рақымды Алланың беретін сүйіспеншілігімен, үмітімен, игілігімен таныстыру керек. Қорқыныш, жаза және тозақ туралы түсініктерді балалар дерексіз ұғымдар мен бейнелерді түсінетін жасөспірім кезге келгенінде үйрету керек. Бала кездеріндегі ақыл-ойларының тез әсерленгіштік себебінен оларға үнемі тозақ жайлы айтып қорқыту баланың еркіндігін, шығармашылығы мен қиялдау қабілеттерін басып тастайды. Балаларды қорқыту мен үрейлендіру олардың батылдығын, тәуекелге баруын, шешім қабылдау және өзіне деген сенімділігін жоғалтады.

ЕСТЕ САҚТАУ: Шейх Мұхаммед Әл-Ғазали өзінің *«Kayfa Nata'āmal Ma'a al-Qur'ān»* еңбегінде Құранды жаттауға қашан мән беру керек және оны түсінуге қашан көңіл бөлу керек деген мәселені көтереді. Қазіргі таңда жасөспірім кезге дейін мағынасын түсінуден гөрі жаттауға және жасөспірім кезден бастап түсінуге және тәпсірге (түсініктеме беруге) көбірек көңіл бөлу керек дейді. Бұл тәсіл ми әлеуетінің жақсаруынан көмектеседі, ерте жастан есте сақтау және кейіннен пайымдау қабілеттерін қалыптастырады.

АДАМДАРДЫ ИСЛАМ ДІНІН ҚАБЫЛДАУҒА ШАҚЫРУ ҚЫРЛАРЫ: Бұл ұғымдарды жұмақ, тозақ және ақыреттік өмір сияқты дерексіз түсініктерді қабылдауға дайын жасөспірімдік кезде күшейткен жөн. Бұл кезеңде олардың қуаты мен жан толғанысы ең жоғарғы деңгейде және олардың құштарлықтарын әділдікке, руханиятқа және ортақ игілік үшін өзін құрбан етуге бағыттау керек. Жасөспірімдердің жан толғанысы тиімді түрде теңестірілуі керек. Олар күйзеліс кезінде жан толғаныстарын қалай басқаруға болатынын білу арқылы құлшылық рәсімдерін күшейтіп, Аллаh Тағалаға тәуекел етіп (тәуәккәл, араб тілінде) үйрену керек.

ЖАСӨСПІРІМ КЕЗЕҢДЕГІ СЫНҒА СЕЗІМТАЛДЫҚ: Жасөспірімдердің сезімдерін жараламау және олардың өзін-өзі бағалауына нұқсан келтірмес үшін әдепті түрде тәрбиелеу керек. Мұндағы мақсат – олардың өзіне деген сенімін жоғалтпау, олардың дамуына бағыт-бағдар беру. Бұл кезеңде ынталандыру және қолдау көрсету тәсілдерін қолданған жөн. Жасөспірім кезінде олардың санасында қызғаныш пен салыстыру болады, сондықтан отбасындағы барлық балаға әділ және бірдей қарау өте маңызды.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КҮШЕЙТІЛУІ КЕРЕК: Дәл осы кезеңде жасөспірімдер өздерін, қоғамды, ғаламды және метафизиканы, ғайыпты (көрінбейтін) зерттей бастайды. Бұл тәуhид (Алланың жалғыз екендігін, араб тілінде: التوحيد), истәхләфәл (адамзат орынбасарларын, араб тілінде: إستخلافل), имран (өркениет құру, араб тілінде:إمْران), дүниетаным, өмірдің мақсаттары және адамның өзімен, басқалармен, қоршаған ортамен және Жаратушымен қарым-қатынасы сияқты шынайы ұғымдарды талқылайтын уақыты.

ЕКІНШІ ТІЛДІ ҮЙРЕНУ: Мұны жасөспірімдік жасқа дейін қалдыруға болмайды. Тіл үйрену 10 жасқа дейін басталуы керек. Бұл – тіл дыбыстары ми нейрондардың арасындағы байланыстардың орнығатын кезеңі. Неғұрлым тілді ертерек үйренсе, соғұрлым шет тілдегі дыбыстарды ана тілдегідей еркін айту мүмкіндігі болады. Ерте балалық шақта балалар бірнеше тілді оңай үйрене алатын керемет қабілетке ие. «Мидың ең жас кезінде тілді қабылдау қабілеті жоғары, ерте жасында екі тілді меңгерген адам үшін келешекте үшінші немесе төртінші тілді үйрену

оңайырақ болады. Ересектермен немесе тіпті жоғары сынып оқушыларымен салыстырғанда, кішкентай балалар неміс тілін ана тіліне жақын айтылуымен немесе қытай тілінің жіңішке дыбыстарына еліктеп үйрене алады» (Глод, 2006-шы жыл). Бұл араб және басқа тілдерді үйренуге де қатысты.

6 ЖАСАР ПАРСЫ ХАФИЗІ

(Хафиз – бүкіл Құранды толығымен жатқа оқи алатын адам; араб тілін түсінбеуі де мүмкін)

Сайид Мұхаммед Хусайн Табатабаи ана тілі парсы тілі болғанына қарамастан, 6 жасында Құранды толық жатқа біледі. Әкесі: «мен оның бұл талантын алғаш байқаған кезде ол небәрі 2 жаста еді», – дейді. Ол өзінің хафиз анасын тыңдай отыра, Құранды үйрене бастаған. Ол аяттарды бірекі рет тыңдау арқылы жаттап алатын. Кейіннен жаттағандарын есте сақтау үшін күнде Құран оқыған. Оның Құрандағы ең сүйікті оқиғалары – Пайғамбарлар (Ғ.С.), соның ішінде Жүсіп Пайғамбар (Ғ.С.) қиссалары. (Мұсылман жаңалықтары 1998-ші жыл)

Араб тілін түсінбейтін адамның басынан аяғына дейін Алланың сөзін жаттап алуы Құранның кереметі емес пе? Бүгінде 10 жасқа дейінгі әртүрлі нәсілдегі мыңдаған балалар Құранды өзінің түпнұсқа араб мәтінінде жатқа жаттайды.

4,5 ЖАСАР СИРИЯЛЫҚ ХАФИЗ

Құранды толық жатқа білетін ең жас бала (4,5 жаста) – 1996-шы жылы туылған Сирияның Алеппо қаласында тұратын Әбдулла Ахмад Шгхалах. Ол Құранды үш жасында жаттап бастап, төрт жарым жасында толық жаттап біткен. Сондай-ақ ол бес жасында Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) 1000 хадисін және 1000-нан астам өлең жолдарын жатқа білген.

Оқиға әкесінің дүкенінде екі жасар ұлының көршісінің радиосынан бір рет естіп Умм Кулсумның «Zalamūnī al-Nās» (қазақ тіліндегі мағынасы: «Адамдар мені өкпелетті») әнін қосылып айтып отырғанын көргеннен басталды. Ата-аналары баласының бұл қабілетін Құранды жаттауға бағыттауға шешім қабылдады. Олар Әбдуллаға бірнеше аяттарды оқып бастайды, ал ол болса екінші рет оқығанда барлығын жаттап алды. Бірнеше айдың ішінде Әбдулла тәжуид ережелерін сақтай отырып Құран оқуын жақсартты.

Бес жасында Әбдулла Сирияда өткен 14 пен 30 жас аралығындағы Құранды жаттау Ұлттық жарысында бірінші орынға ие болды. Ол Құран оқу сайысында бірінші орын алған ең жас хафиз атанды. (Әл-Усра журналы, 2005-ші жыл)

ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС АРАСЫНДАҒЫ ЕСТЕ САҚТАУ

Мұсылман елдеріндегі мектеп жасына дейінгі балаларды Құран жаттау мектептеріне беру жақсы нәтиже көрсетуде. Мұсылмандардың көпшілігі (бестен төрті) араб тілін түсінбесе де, ерте балалық шақтағы есте сақтау қабілетінің жоғары болуы – оларға Құранды түсінбей-ақ толық жаттауға мүмкіндік береді. Құранды түсіну жасөспірім кезде пайда бола бастайды. Қазіргі уақытта Батыста Киелі кітапты, поэзияны немесе пьесаларды жаттау болсын, есте сақтауға белгілі бір жүйе ретінде жеткілікті көңіл бөлінбейді. Алайда, бұрынғы христиандар Киелі кітапты жатқа білген. Кейбір христиан араб балалары Құранды жатқа біледі, бұл оларға сөздік қор, тіл және мидың ақпаратты жинақтауы, есте сақтау және ақпаратты қайта жандандыру қабілеттері тұрғысынан қарым-қатынаста үлкен артықшылық береді.

ЕРТЕ ЖАСТА ҚҰРАНДЫ ЖАТТАУ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ЖОҒАРЫ СЫНЫПТА ӨЗ КӨМЕГІН ТИГІЗЕДІ.

Дәрігер Юсуф Халифаның (Суданның бұрынғы Білім министрі) сөзінше: «Судандағы әртүрлі ауыл медреселері мен мектептердегі хафиздерімен болған тәжірибеміз Құранды жатқа білетіндердің күрделі ұғымдар мен мәселелерді жаттау, қабылдау және түсіну үшін есте сақтау қабілетінің жақсы дамығанын дәлелдеді. Қарапайым мемлекеттік мектептерде ешқашан оқымаған бұл студенттер университеттерге түсу үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша екі жылдық дайындық курсынан өтті. Олардың тоқсан пайызы республикалық жалпы қабылдау емтиханын сәтті тапсырды. Олардың білімі 12 жыл бойы мемлекеттік мектептерде оқыған басқа студенттермен тең болды». (Әбдулла, 1994-ші жыл) Дамудың алғашқы жылдардағы есте сақтау өмірдің кейінгі жылдарында есте сақтауды күшейтуге көмектесетіні анықталды.

ТАПСЫРМА 33

33-ші тапсырма:

Ата-аналарға кеңес

Келесі тармақтарды талқылап, оларды балаларыңызға қалай қолдану керектігін шешіңіз.

- Балаларыңызға олар күткеннен артығырақ беріңіз және оны шын көңілмен жасаңыз.
- Естігеніңіздің бәріне сенбеңіз және қолыңызда бар нәрсені ысырап етпеңіз.
- «Мен сені жақсы көремін» сөзін айтқанда оның мағынасын сезініңіз.
- «Кешірім» сұрағанда адамның көзіне тіке қараңыз.
- Балаларыңыздың арманын ешқашан келеке етпеңіз. Арманы жоқ адамдар көп жетістікке жетпейді.
- Келіспеушіліктер кезінде әділеттілікті сақтап, тіл тигізуден аулақ болыңыз.
- Адамдарды туыстарына қарап бағаламаңыз.
- Біреу сізге жауап бергіңіз келмейтін сұрақ қойғанда, жымиып: «Неге білгіңіз келеді?» деп сыпайы түрде сұраңыз.
- Үлкен махаббат пен үлкен жетістіктер үлкен тәуекелге әкеледі.
- Өзгелердің түшкіргенін естігенде «сау болыңыз» деп айтыңыз.
- Сәтсіздік кезінде одан алатын тәжірибені ұмытпаңыз.
- Өзіңізді, өзгелерді құрметтеңіз және барлық әрекеттеріңіз үшін жауапкершілік ала біліңіз.
- Кішкентай кикілжіңнің отбасылық берік қатынастарға зиян келтіруіне жол бермеңіз.
- Қате жібергеніңізді түсінген кезде, оны түзету үшін дереу әрекет етіңіз.
- Телефон тұтқасын алғанда күлімсіреңіз. Қоңырау шалушы оны сіздің дауысыңыздан естиді.
- Жалғыз уақыт өткізіп үйренеңіз.

11-ШІ ТАРАУ

Дені сау балаға апаратын жол: Гигиена, дұрыс тамақтану, дене жаттығу және ұйқы

КІРІСПЕ

Науқас адам дәрігерлерге үнемі ауырсыну болатыны жайлы шағымдана берді. Ақырында, бір дәрігер оған: «Сіз өзіңіздің бизнес активтеріңізді – машиналар мен ғимараттарыңызды қорғауға тым көп уақыт пен ақша жұмсайсыз да, бірақ өзіңізде бар ең маңызды активке – өз денсаулығыңызға мүлде мән бермейсіз!» – депті.

Осы орайда «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол изде» деген халық нақылы еріксіз еске түседі және бұл ата-аналардың назар аударуы керек нәрсе. Қауіптің боларын күтіп, кейін ғана әрекет етудің еш қажеті жоқ. Ата-ананың баласының денсаулығына қатысты жіберген кез-келген олқылығы оның болашағына зиянын тигізуі мүмкін. Ата-аналар өздерінің және балаларының денсаулығы үшін екі есе жауапты. Өкінішке орай, адамдардың көпшілігі алдын-алу шараларына аз ғана қаражатын жұмсаудың орнына, интенсивті емдеу шараларына қыруар қаражатын құртады. Уақытында дұрыс нәрсені жасау арзан әрі оңай, ал оның нәтижесі үнемі пайдалы болады. Әрекетсіздік бізді өкінуге әкеліп, бақытсыздық сыйлайды. Осы жайттардың ең қауіптісі-балалардың денсаулығына келтірілген зиянның қайтымсыз болуы. Оңай алдын алуға болатын ауру болған кезде балаларыңыздың денсаулығына немқұрайлы қарағаныңыз үшін өзіңізді қаншалықты кінәлі сезінетініңізді елестетіп көріңізші. Сол кезде қанша тырыссаңыз да, қанша ақша жұмсасаңыз да, ештеңе өзгерте алмайсыз.

Денсаулық әрдайым бірінші орында болуы керек. Егер адамның денсаулығы жақсы болмаса – жақсы отбасының, жақсы мансаптың болуы екіталай, жақсы білім алу да немесе жақсы уақыт өткізу де мүмкін емес. Сонымен қатар, салауатты рух салауатты денеден туады және дене сау болса, баланың рухани және жандық дамуы жақсы жүреді.

Ата-аналар балаларын таза сумен, жақсы санитарлық жағдаймен, құнарлы тамақпен, уақытылы екпемен қамтамасыз етуі, тұрақты жаттығулар жасау және дәрігерге қаралу мүмкіндіктерімен қамтамасыз етуі қажет. Дені сау балаларды тәрбиелеу – бала туылғанға дейін басталады; ең алдымен дені сау жұбайды таңдау керек.

ЖҮКТІЛІК УАҚЫТЫ

Жүкті аналар – жатырындағы баласы үшін үлкен жауапкершілікке ие. Дұрыс босану үшін дұрыс тамақтану, ұйқының қалыпты болуы, дәрігерге уақытылы қаралу және жаттығулар жасау қажет. Ол бактериялық жұқпалар қаупінен, сондай-ақ зиянды заттарды (мысалы, есірткі, зиянды тамақ және

ішімдік) тұтынудан аулақ болу керек. Темекі шегу – жүктілік кезінде аналар аулақ болуы керек ең зиянды әрекеттердің бірі. Ұрық анасынан бәрін сіңіреді (қоректік заттар мен оттегі ұрықжолдас пен кіндік арқылы өтеді), сондықтан темекі шегу ұрықты темекі түтініндегі токсиндерге тұншықтырып қана қоймайды, сонымен қатар ұрықжолдастың жұмысына зиянын келтіреді. Америка Құрама Штаттарында сатылатын темекі қораптарының сыртындағы келесі ескертуді оқыңыз:

Түтінсіз орта: егер құтылуға ниет болса, онда оның жолы табылады!

Елдер өздеріне міндеттеме алса, темекі шегуді айтарлықтай азайта алады. Бұл жағдай АҚШ-та орын алды.

Темекі шегуге тыйым салынады – 1985 жылы үй-жайларда таза ауаны сақтау ережелері бар муниципалитеттердің саны 202 болса, 2003-ші жылы бұл көрсеткіш 1631-ге дейін өсті.

Дегенмен, заңға қарамастан, ата-аналар балаларын түтінге оранған ортадан, үйдің ішінде де, сыртында сақтауы керек.

Егер жүкті ана вирустық жұқпаны жұқтырса, ұрыққа зиян келтірмеу үшін дереу дәрігерге қаралуы керек. Бұл емшек сүтімен емізу кезеңіне де қатысты. Жұқпалар баланың соқыр, саңырау, ақыл-есі кем, шизофренияға немесе аутизм ауруларына әкелуі мүмкін. Гемолитикалық ауруды (мидың зақымдалуына немесе баланың өліміне әкелуі мүмкін) болдырмау үшін аналар жүктілік кезінде қан тапсыруы керек.

БАС ХИРУРГТІҢ ЕСКЕРТУІ

Темекі шегу өкпе ісігін, жүрек ауруын және эмфиземаны тудырады және жүктілік барысын қиындатуы мүмкін.

БОСАНҒАННАН КЕЙІН: ВАКЦИНА ЕГУ ТУРАЛЫ КЕЛІСПЕУШІЛІКТЕР

Ата-аналардың саналы таңдау жасай алуы үшін вакцинаға қарсы және оны қолдайтын дәлелдер келтірілген.

Босанғаннан кейін дәрігер нәрестені, әсіресе көздерін, құлағын және шағылаларын тексеруі керек. Жұқпаны болдырмау үшін ұл балаларды сүндеттеу керек. Көптеген ата-аналар иммундау қажеттілігін түсінеді және ол кестені қатаң түрде сақтайды. Алайда, олардың 80 пайызға жуығы екпелердің көбі екі жасқа дейін жасалу керектігін білмейді. Ең қызығы, балапандарды жұмыртқадан шыққанға дейін үш күн бұрын жұмыртқаның ішіне егеді, бұзауларға да үйіріне қосылғанша дәрі егіледі, ал кейбір балалар болса екі жасқа толғанға дейін ешқандай екпе алмайды.

Вакцина көп нәрсеге қабілетті!

«Балалық шақтың» өлімге әкелетін алты ауруы – қызылша, полиомелит, туберкулез, сіреспе, көкжөтел және дифтерия – жыл сайын миллиондаған балалардың өмірін алады. Олардың басым көпшілігі ашыққан, ауруға қарсы иммунитеті қалыптаспаған жастар. Дамыған елдерде бұл аурулардың алдын алуға арналған вакциналар ондаған жылдар бойы қолданылып, аурулардың қаупін жоюда. Америкадағы дерлік әрбір балаға негізгі балалық шақта кездесетін ауруларға қарсы вакцина егілген, бірақ дамушы елдердегі миллиондаған балалар вакциналарға қол жеткізе алмағандықтан, олардың арасында аурулардың қаупі сейілмей тұр. Дамушы елдердегі балалардың жиырма пайызы әлі де вакцина егуге қол жеткізе алмай отыр және жыл сайын дүниежүзінде үш миллионға жуық бала вакцина арқылы алдын алуға болатын аурулардан шетінеуде.

(«Балаларға: денсаулық, білім және үміт сыйы» қайырымдылық кітапшасы, ЮНИСЕФ, 2003-ші жыл)

Балаларыңызға вакцинация тарихы жайлы айтып беріңіз: «1796-жылы вакцина егудің жаңартпашылық ұғымын, шығармашылықтың шынайы шыңын ұсынған доктор Эдвард Дженнер болды». Медицинада жақсы идеялардың үш түрі бар: айқын, айқын емес және доктор Эдвард Дженнер ойлап тапқан идея. Ол Англияның Глостершир ауылындағы көршілерінен сиыр шешегімен ауырған адамдар өлімге әкелетін басқа шешек түрлерімен сирек шалдығатынын естиді және ол бірінші аурудың денеде екінші ауруға қарсы қорғаныс тудырады деген ойға келеді. Бұл айтқандары оның әріптестеріне ақылға қонымсыз болып көрінсе керек. Ол кезде оларда «иммундық жүйе» және «микробтар» деген сөздер болмаған, себебі олар ол кезде бұл екі ұғымды да түсінбеген еді». (Кармайкл, 2007-ші жыл)

Дегенмен, Дженнер өзінің ұсынған ұғымына толықтай сенімді болды. Сол жылдың көктемінде фермасында сиыр шешек ауруы басталғанда, 8 жасар ұлы Джеймс Фиппске тәжірибе жасауға рұқсат берген әйел Дженнердің ұғымына толықтай сенді. Дәрігер шешекті жұқтырған сауыншыдан іріңді алып, оны балаға салып, күте бастады. Алты аптадан кейін ол балаға шешек ауруына қарсы вакцинаны салды. Ол Джеймстің ауырып қалмайтынына көз жеткізу үшін тағы біраз уақыт күтті. Осы сәттен бастап ол жаңа дәуірдің басталғанын жариялады. Ол вакцинаны ойлап тапты. Әрине, Дженнер бұл идеяны ұсынғанда ешкімнің сенбегені рас, революционерлерге негізінде көбісі сене де бермейді.

Вакциналар шешек ауруын жою арқылы бүкіл әлемді өзгертті және олар дамыған әлемді полиомиелит пен қызылшадан айтарлықтай деңгейде құтқарды. Вакцинация – соңғы екі ғасырдағы ең маңызды медициналық жаңалықтардың бірі, сонымен қатар экономикалық тұрғыдан ең тиімдісі. Вакциналар ауруды емдемейді; емдеуден де жақсысы – олардың алдын алады. Егер 100 адам екпе алған болса, олар өз денсаулығын сақтап қана қоймай, мыңдаған адамның ауру жұқтыруының алдын алады.

Жыл сайын вакциналар сансыз адамның өмірін сақтайды. Алайда, миллиондаған адам вакцинаға әлі де қол жеткізе алмай отыр. Африка, Азия және Латын Америкасының көптеген аумақтарындағы балалар, дамыған елдерде бар және егілуі керек вакциналардың ешқайсысын алмайды және соның нәтижесінде қайтыс болып жатады. Жыл сайын алты миллион адамның өмірін алатын АИТВ, туберкулез және безгек сияқты ірі жаһандық «жаналғыштарға» қарсы ешкім және еш жерде тұрақты және тиімді иммундау жүргізбейді. Себебі, қазіргі заманғы дамыған медицинаның барлық күшіне қарамастан, бұл ауруларға қарсы вакцина әлі де жоқ.

ВАКЦИНА ЕГУГЕ ҚАРСЫ ДӘЛЕЛДЕР

Көптеген адамдар балалық шақтағы вакциналардың ықтимал жанама әсерлері туралы білмейді. Вакцина егуге қарсы дәлел ретінде вакцинация бағдарламаларымен байланысты оң нәтижелердің көп бөлігі халық денсаулығының жақсаруына, әсіресе таза су мен санитарияға, халықтың аз қоныстанған өмір сүру жағдайларына, жақсы тамақтануға және жоғары өмір сүру үлгіқалыптарына байланысты болуы мүмкін екенін түсіндіреді.

«Барлық вакцина құрамында улы химикаттар, жануарлар тіндерінен және түсік тастаған ұрықтардан алынған ДНҚ, тірі немесе өлі вирустар мен бактериялар түріндегі бөгде ақуыздар бар. Қазіргі вакцинация технологиясы екі жүз жылдан асқан ғылымға негізделген және соған қарамастан вакциналар «иммундық жүйенің жауабын қауіпсіз түрде ынталандырады» деген пікірде. Ағзадан оңайлықпен шықпайтындықтан, вакциналарға қосылатын улы химикаттар иммунологияда да, жүйке жүйесінде де мәселелер туғызады және олар ми мен мүшелер тіндерінде жинақталып, жүйке жүйесіне зақым келтіреді. Бөгде ақуыздар мен ДНҚ иммундық жүйемен жеткілікті түрде бейтараптандырылмаса және жойылмаса, жасушалық мембраналар арқылы еніп кетуі мүмкін». (http://www.know-vaccines.org/parent.html)

Иммундық жүйенің толық дамуына бірнеше жылдар керек және ол бактериялар мен вирустардың әсерінен қалыптасады (дене қызба, шырыш, терлеу және бөртпелер арқылы оларды сыртқа шығарады). Вакцинация балаларды салыстырмалы түрде зиянсыз келетін аурулардан (қызылша, паротит, қызамық, желшешек және көкжөтел сияқты) табиғи өмірлік иммунитетке ие болу мүмкіндігінен айырады. Вакцинациядан кейін дене ешқашан орын алмауы мүмкін нәрседен үрейленген сезімде қалады. Осылайша, иммундық жүйе жоғары сезімталдылық пен ағзаның тітіркенуіне бейім болады.

Вакцина егуге қарсы адамдар, денсаулықты сақтау – ауруға қарсы иммунитетті қамтамасыз етудің ең жақсы әдісі деп санайды.

Қауіпті вирустардың шабуылы сырттан болмайды. Егер біз іштен сау болсақ, дене суық тиюге, тұмауға, қызылшаға немесе айналамыздағы кез келген ауруға қарсы тұра алады. Ең бастысы – оны қабылдай білуде.

(Синклер, 1995-ші жыл), (Хэд, 1999-шы жыл)

ТҚайталап айта кетейік, біз тек ата-аналарға ақпарат беретінімізді және олар дәрігермен кеңескеннен кейін вакцина егуге «қарсы» немесе «келісуі» жайлы шешімді өздері саналы түрде қабылдайды.

Педиатрлар балаларға алты, сегіз және он жаста және он бір жастан бастап жыл сайын жүйелі түрде тексеруден өтуді ұсынады. Бұл тексерулердің кереметі – мәселелерді ертерек анықтау және оларды елеусіз қалдыру және емделмейтін ауруларға айналдырудан гөрі, тиімді түрде емдеуге болатындығында. Кейбір елдер бастауыш сынып оқушыларын оқу жылының басында медициналық тексеруден өткізеді, бұл – мақтауға тұрарлық жайт. Осы тексерулер кезінде балалардың бойындағы сырқаттар (есту, көру немесе сөйлеу қабілетінің бұзылуы сияқты) анықталады. Ата-аналар аурудың алдын алуға ерекше назар аударуы керек. Вакцинациядан басқа, денсаулықты жақсы сақтау үшін, жоқ дегенде мына талаптар – тазалық сақтау, дұрыс тамақтану, ұйқы және табиғи (денелік) жаттығу орындалуы керек.

Иммундау – әлемде денсаулық сақтау бойынша ең тиімді мәміле.

Балаңызды қорғау үшін 15 доллар қажет. Біз соңғы екі онжылдықта әлемдегі балалардың 80 пайыздан астамын иммундау бойынша орасан зор табыстарға қол жеткізгенімізбен, қымбат денсаулық сақтау қызметінде осы негізгі құралдың жоқтығынан жыл сайын екі миллионнан астам бала көз жұмуда.

ТАЗАЛЫҚТЫ ЖӘНЕ ГИГИЕНА

Тазалық – адамның бактериялық және вирустық жұқпалардан қорғайтын ең тиімді жол. Әдетте адам көзін, ауызын, мұрынын және құлағын ұстаған кезде қолдары арқылы ағзаға жұқпа түседі. Сондықтан қолды күніне бірнеше рет жуу – микробтарды өлтіреді, аурулардың алдын алады.

Американдық жазушы Роуз Уайлдер Лэйн (1886-шы және 1968-ші жылдары) өзінің «The Discovery of Freedom» («Бостандықтың ашылуы») атты еңбегінде «Адамдар Мұхаммед Пайғамбарды (с.ғ.с.) дін жолына берілгені үшін айыптайды, алайда мен оның тек бірнәрсеге – тазалық пен тазалық сақтауға қатты берілгендігін байқадым» деп атап өтті.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бес уақыт намаз алдындағы дәрет алу дәрежесі жайлы:
«Аллаh Тағала күнәларды кешіретін бес уақыт намаз оқу есігіннің алдында ағып жатқан өзен іспетті, адам оған күніне бес рет шомылса, адам толық тазармайды ма?» (МҮСЛІМ)

ЕРЛЕР, ӘЙЕЛДЕР ЖӘНЕ ТАЗАЛЫҚ САҚТАУ

Қол тазалық сақтауы туралы айтатын болсақ, американдық әйелдер американдық ерлерге қарағанда таза келеді. Сауалнамаға қатысқан адамдардың 91% қоғамдық дәретхананы пайдаланғаннан кейін үнемі қолдарын жуатынын айтады. Бірақ АҚШ-тың төрт ірі қаласындағы алты қоғамдық дәретханада жүргізілген бақылау зерттеулері, әйелдердің 90%-ымен салыстырғанда, ерлердің тек 75%-ы ғана қолдарын жуу үшін тоқтайтынын көрсетті.

Көптеген ересектер мойындайды:

42%-ы – ит пен мысықты ұстағаннан кейін әрқашан қолдарын жуатынын,
21%-ы – ақша ұстағаннан кейін жуатынын,
32%-ы – түшкіргеннен немесе жөтелгеннен кейін қолдарын жуатынын айтты.

Аурудың таралуына қарсы ең жақсы қорғаныс – қолды 15-20 секунд сабындап жуу.

Қолды жумаудан тарайтын ауруларға АҚШ-тың жылына тоғыз миллиард доллардан астам қаржы жұмсайтыны анықталды!

(Хайд пен Сансони, Асм, 2005-ші жыл)

Сұрақ: *Мұсылмандар мен еврейлерге қарсы жүргізілген «инквизиция» кезінде испан билігі жүрегінде әлі де мұсылман болып қалған, бірақ күштеп дінге кіргеннен кейін өзін христианбыз деп көрсететін адамдарды қалай анықтады?*

Жауабы: *Егер адам үнемі жуынып, өте таза болса, онда ол әлі де мұсылман екендігі, өзін тек христиан етіп көрсететіндігі белгілі болды.*

(Ахмад, 1997-ші жыл)

ДЕНСАУЛЫҚ: КЕЙБІР ИСЛАМДЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Тазалық жайлы Пайғамбардың (с.ғ.с.) нұсқаулығы күніне бес мәрте дәрет алуды ғана қамтымайды. Сонымен қатар, тамақ ішерден алдын және кейін және дәретханаға барғаннан кейін қолды жууды да ескертеді.

Денсаулық пен тазалық сақтауды сақтау – исламның медицина саласына қосқан ең маңызды үлесінің бірі. Таза су мен жеке тазалық сақтауды жақсы сақтау, барлық антибиотикке қарағанда, адамның өмірін көбірек сақтап қалған шығар. Олар Пайғамбардың (с.ғ.с.) амалдары мен сөздерінен шабыт алатын, мысалы, «тазалық – иманның жартысы» (Тахур және Иман/Мүслім) және «адам денесінің оған хақысы бар». (Әл-Дахаби, 2004-ші жыл)

Пайғамбарымыз ауырған кезінде дәстүрлі медицинаны қолданып, кейде өзіне ем де тағайындаған. Ол (с.ғ.с.) көптеген табиғи (денелік) күш-жігерді талап ететін істерге, үлкен шайқастарға атсалысқан, Медина қаласына шабуыл жасағалы жатқан сәтте терең шұңқырлар қазуға қатысқан жігерлі адам, денсаулығы мықты болған тұлға. Ол (с.ғ.с.) үлкен табиғи (денелік) күш-жігерді, дайындықты талап ететін Хира үңгіріне жыл сайын бірнеше мәрте еш қиындықсыз көтерілетін.

Ата-аналар жыныстық жетілу басталғанға дейін ұлдар мен қыздар үшін жеке тазалық сақтауды бірінші орынға қоюы керек және ол неғұрлым ерте болса, соғұрлым жақсы. Балалардың жеке тазалығына ерекше назар аударған жөн. Балалар ересектер сияқты намазға, ораза ұстауға және басқа да діни парыздарға жауапты болады, сондықтан олар үнемі жинақы болып, өзінің денесін, киімін және қоршаған ортасын үнемі таза ұстауы керек.

ДӘРЕТХАНАДАҒЫ ТАЗАЛЫҚ

Мұсылмандар өздерінің іш киімдері мен әурет жерлерін мүмкіндігінше таза ұстауға міндетті. Жағымсыз иістерді болдырмау үшін іш киімді және шұлықты күнделікті ауыстырған жөн. Егер зәр кездейсоқ түрде киімге шашыраған болса, оны кетіргенше немесе иісі қалмайынша жуу керек. Пайғамбар (с.ғ.с.) бізге дәретханаға барғаннан кейін (истинжа, араб тілінде), зәрдің немесе нәжістің барлық ізін сол қолды пайдаланып сумен, дәретхана қағазы сияқты таза және құрғақ нәрсемен мұқият түрде жууға, сүртуге кеңес берді. Әурет жерлерді кірдің ізі кеткенше ақырын жуыңыз. Дененің әурет бөліктерін сумен жуып, содан кейін оны кептіру керек. Мұсылман үйлерінде дәретхананың жанында жуынатын бүріккіштер немесе дәрет алатын ыдыстар болуы керек. Сол қол – жуынып, тазалану үшін, ал оң қол – тек тамақтану үшін қолданылады (тіпті дәретханаға барғаннан кейін қолдар жуылса да). Ылғал іш киімде пайда бола-

тын жұқпалардың алдын алу үшін, әуретті жерді сумен жуғаннан кейін (әсіресе қыздар үшін) кептірген дұрыс. Қыздар арттан алдыға емес, алдынан артқа қарай сүртінуі керек. Сондай-ақ, синтетикалық нейлоннан немесе полиэстрден жасалған іш киімдерге қарағанда, «ауа өткізетін» және тез кебетін кең мақта-матадан жасалған іш киімді кигендері жөн. Тазалық сақтау үшін және тырнақтардың астында немесе айналасында жағымсыз иіс қалмас үшін қолды дәретханаға барғаннан кейін сабынмен жуу керек. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тырнақтардың қысқа болуы керектігі жайлы да айтқан.

Нәрестелер жұқпалардың 98 пайызға жуығын қолдарын аузына салғандықтан жұқтыратынын білесіз бе? Таза емізіктерді пайдалану арқылы оның алдын алыңыз...
(Гукин, 1996-шы жыл)

ШАШ ПЕН ТЫРНАҚ

Қолтық астында және әурет жерлерде өсетін түктер жағымсыз иістің шығу себебі болуы мүмкін. Күн тимейтін және ылғалда орта түк бактерияларының көбеюінің таптырмас мекеніне айналады. Оларды жұлу арқылы денедегі жағымсыз иістен құтылып, терінің қышуы немесе дененің биттеуі секілді ауруларды жұқтыру ықтималдылығын азайтуға болады. Пайғамбар (с.ғ.с.):

Бес нәрсе фитрадан (таза табиғи күй, араб тілінде): сүндетке отырғызу, шаттың түгін қыру, мұртты қысқарту, тырнақ алу және қолтық асты түгін жұлу», – деген

(Әл-Бұхари)

Қолтық асты және шат түктерін кез келген қарапайым және жылдам әдіспен (соның ішінде, жұлу, қырыну, қырқу және эпиляция (денедегі түктерді жұлып кетіру) әдісі) кез-келген мөлшерде арнайы түксіздендіруге арналған кремдер мен жақпа майларды немесе жаңа лазерлік технологияны қолдану арқылы кетіруге болады. Қырық күнде бір рет немесе өсуіне қарай артық түктерді алу керек. Дененің жағымсыз иісіне қарсы дезодорантты (жаман иістерді кетіретін ауа кірнесі) спортпен шұғылданар алдында, мектепке және мешітке барар алдында қолдану ұсынылады. Табиғи дезодоранттарды (жаман иістерді кетіретін ауа кірнелерді) ұсынуға кеңес беріледі, ал антиперспиранттар (теріге, әсіресе қолтық астына, терлеуді болдырмау немесе азайту үшін қолданылатын заттар) болса өте қауіпті және оларды пайдаланбаған дұрыс.

Кейбір ерлер мен әйелдердің шаш түсін өзгертуі, тырнақтарды өте ұзын өсіру немесе саусақ пен аяқтың тырнақтарын лакпен бояу

әдеті Исламда құпталмайды. Ұзын тырнақтар кірді жинайды және ауруды таратады (әсіресе тағам дайындау кезінде). Лак жағылған тырнаққа су өтпейтіндіктен, дәрет таза алынбайды. Дегенмен, тырнақтарды қынамен бояуға болады, өйткені ол тырнақтың беткі қабатына зиян келтірмейді. Ер адамдарға әсіресе мешітке барар алдында табиғи хош иістер мен иіссуларды пайдалануға кеңес беріледі. Үйде махрам емес (заңды некеде тұрған) ер адамдар болмаса, әйелдер өз үйінде иіссуларды қолдана алады.

Сіз өмір сүру үшін тазалық сақтайсыз ба, әлде таза болу үшін өмір сүресіз бе? Шектен тыс әрекетке жол бермеңіз!

- Бір ханым шамадан тыс тазалыққа көңіл бөлгендіктен «Тазалық ханымы» деген атаққа ие болған. Ол тазалықты сақтау үшін өмір сүреді. Оның үйі айнадай жарқырап тұратын. Үйді шашатын кез келген әрекетке – балаларының ойнауына, өзгелермен араласуына қатаң түрде тыйым салды. Үйдің таза болғаны соншалық, онда өмір сүру де, қуаныш сезімін сезіну де мүмкін емес еді. Некедегі қатынасы ол қалағандай кіршіксіз таза болмағандықтан, соңында ажырасып кетеді. Ол жан тыныштығын шамадан тыс тазалыққа айырбастайды. Балаларға кейіннен өздері жинайтынын айтып, оларға ойыншықтарын шашып ойнауға рұқсат беру керек. Кез-келген нәрсеге, тіпті тазалыққа шамадан тыс мән беру дұрыс емес.

- Бірде дәрігер психиатриялық ауруханадағы невротикалық науқас жайлы айтып берді. Оның басқалармен, соның ішінде медицина қызметкерлерімен қол алысып амандасқан сайын қолын сабынмен жуатын әдеті бар еді.

- Балаларға әдетке айналғанынша тамақ ішер алдында және кейін қолдарын жууды мүмкіндігінше ерте жасында үйрету керек.

Жан мен тәннің саулығына арналған Ислам әдеттер:

- Нәрестелерді емшек сүтімен емізу (2 жасқа дейін).
- Ұлдарды сүндетке отырғызу.
- Әйелдердегі етеккір кезінде жыныстық қатынастан уақытша бас тарту.
- Күніне бес мәрте дәрет алу.
- Жыныстық қатынастан кейін және жұма күндері ғұсыл (бой дәрет) алу.
- Тамақтанар алдында және кейін, сондай-ақ дәретханаға барғаннан кейін қолды жуу.
- Мисуак (араб тілінде: المسواك, қазақ тіліндегі мағынасы: тіс тазалағыш; арақ ағашының бұтақтары мен тамырынан жасалған тіс қылшағы, шайнағанда талшықтары бөлініп, қылшаққа айналады. Мисуак Шығыста исламға дейінгі дәуірде қолданылған, бірақ қазіргі уақытта ғана кең танымалдыққа ие болды) арқылы тіс күтімін жасау (бүгінгі күндегі тіс қылшағы мен пастаның баламасы)
- Түнді тынығуға, күнді жұмыс жасауға арнау.
- Босанғаннан кейін қырық күн аралығында жыныстық қатынастан бас тарту.

Тазалық «иманның жартысы» болып саналады. Құранда шошқа етін немесе шошқа өнімдерін, өлексені, қанды және ағзаны улайтын барлық нәрсені пайдалануға тыйым салынады. Жылына бір ай бойы (Рамазан) таң атқаннан күн батқанға дейін ораза ұстау ағзаға тыныштық сыйлайды және көптеген медициналық артықшылықтарға ие болып келеді. Медитация мен құлшылық жасау адам жанына жандық тыныштық әкеледі.

Ерлердің сүндеттелуі – әйелдердегі жатыр мойны жұқпасынан папиллома вирусын (АПВ) жұқтыру қаупін 50 пайызға азайтады, бұл сирек жағдайда 24 жасқа дейін жатыр мойны обырына әкелуі мүмкін. АПВ –Америка Құрама Штаттарында жыныстық жолмен ең көп таралатын ауру.

Төменде маңызды исламдық медициналық нұсқаулар берілген:

- Өмірді сақтап қалу маңызды.
- Қан құюға рұқсат етіледі (тиісті қан талдауларын тапсырғаннан кейін).
- Өзіне қол жұмсауға көмек беруге және эвтана́зияға (грек тілінде: Ευθανασία – «эвтана́зия» (грек тілінен аударғанда εὖ – «жақсы» + θάνᾰτος – «өлім») – жазылмайтын ауруға шалдыққан адамның немесе басқа тірі жанның өмірін аяқтау және осы аурудың салдарынан адам төзгісіз азапты бастан кешу тәжірибесі) жол берілмейді.
- Өлікті ашып зерттеуге рұқсат берілмейді (егер заң немесе әлеуметтік мүдде талап етпесе).
- Ұзақ уақыт бойы жантәсілім сатысындағы науқастың өмірін жасанды түрде ұстап қалуға рұқсат етілмейді.
- Түсік жасатуға тыйым салынады (ананың өмірін сақтап қалу жағдайын қоспағанда).
- Трансплантацияға рұқсат етіледі (кейбір шектеу жағдайларын ескере отырып).
- Ерлі-зайыптылар арасында жасанды репродуктивті (көбею) технологияларға рұқсат етіледі (тек олардың неке мерзімі аралығында).
- Гомосексуализмге тыйым салынады.
- Өсиет пен медициналық сенімхатты қалдыру құпталынады.
- Ауруды емдеуге арналған зәузаттық инженерияға рұқсат етіледі, бірақ оның қолайлылығын анықтау үшін клондау қосымша зерттеулерді қажет етеді.
- Орган (ағза) донорлығы құпталады.

ТАМАҚТАНУ

Кез-келген адам өміріндегі тамақтанудағы ең маңызды кезең – алғашқы 1000 күн. (Экономист, 2011-ші жылдың 26-шы наурызы)

Бала денінің саулығы үшін дұрыс тамақтану қажет. Барлық тағамдар құнарлы емес; тамақтану дегеніміз – бұл біз жегіміз келетін емес, пайдалы асты жеуіміз. Алғашқы екі жыл ішінде аналар балаларға табиғи (денелік), сезімдік, әлеуметтік, рухани және жандық артықшылықтар беру үшін нәрестелерін емізулері керек. Баланы емшектен шығарғанға дейін және одан кейін де балаға пайдалы, құнарлы тағам беру қажет.

Күнделікті тамақтану тағам мөлшері өсіп келе жатқан балаға қажетті дәрумендер мен минералдармен қамтамасыз ететін сүт, жарма өнімдері, жемістер, көкөністер және ет сияқты барлық азық-түлік топтарын қамтуы керек. Жемістер мен көкөністерді жуу керек, себебі оларда бактериялар, химиялық заттар және кір болуы мүмкін.

Құран түсірілген соң пайдалы тағам (әзкә таъамән) ретінде белгілі болған барлық қажетті тағам өнімдеріне әртүрлі ет түрлері (сиыр, түйе, қой, ешкі, құс және теңіз өнімдері), дәндер (бидай), бұршақ (бұршақ және жасымық), жаңғақтар, жемістер мен көкөністер (жүзім, інжір, зәйтүн, анар, құрма, пияз, сарымсақ және қияр), сондай-ақ сүт және бал да кіреді. Бал адамдарға дәрі және емдік зат түрінде сипатталады. Бір жастан кейін балаларды тұрақты түрде бал жеуге үйрету керек.

АРТЫҚ ТАМАҚТАНУ

Бала барлық қоректік тағамдарды жеу керек болса да, артық тамақтанудан аулақ болу керек. Құранда:

Уа, Адамның үрім-бұтағы! Қай кезде де намаз оқитын (немесе Қағбаны тауап ететін) болсаңдар, таза һәм әдемі киімдеріңді киіңдер. (Алланың өздеріңе берген нығметінен) ішіп-жеңдер, бірақ ысырап қылмаңдар, өйткені Алла ысырапқорларды ұнатпайды. («Әл-А'раф» сүресі, араб тілінен қазақ тіліне аударылған мағынасы: «Биік тосқауылдар» сүресі) – 7-ші Құран сүресі. 206 аяттан тұрады Меккелік сүре. Соңғы, 206 аяты сәждәні талап етеді, 31-ші аят)

Жейтін тағамыңыздың өзіңізге әсер ететін ұмытпаңыз. Адам баласы өмір сүру үшін тамақтанады, алайда тамақ ішу үшін өмір сүрмейді деген қағиданы жадыңызда ұстаңыз.

Балаларыңызға құрамында химиялық заттар жоқ, таза су беріңіз. Бала толық болса, оның дені сау деген қате түсінік бар. Алайда, ересектерге қарағанда, балалардың тамақ мәзірінде белгілі бір мөлшерде майдың болғаны жөн.

Америкадағы артық салмақ мәселесі

Біз – тағамды асқазанымен емес, көзбен жейтін ұлтпыз. Көп тамақ көрген сайын көбірек жегіміз келеді.

(Доктор Санджай Гупта,
CNN, 2008-ші жыл)

Ата-аналар: бұл балаларыңызды үйде қажет болған кездері дұрыс тамақтандыруға мүмкіндіктеріңіз!

20 жастан асқан американдық әйелдердің 36 пайызы және ерлердің 31 пайызы артық салмақтан зардап шегеді. Орта жастағы ересек адамның салмағы он жыл бұрынғыдан сегіз фунтқа артық. «Артық салмақ» сіздің қалаған салмағыңыздан 20 немесе одан да көп пайызға артық деп саналады. Әйел адамның бойы 165 см болса және қалаған салмағынан 25 фунтқа, ал ер адамдар 180 см бойымен қалаған салмағынан 30 фунтқа артық болса, онда оларда артық салмақ бар.

Семіздік ересектерге қарағанда балалардың арасында кеңінен тарап жатыр. Аз қимылдайтын өмір салты мен тағамның көптігі семіздіктің басты себептері болып табылады. Американдық азық-түлік қамтамасыз ету қоры ерлер, әйелдер және балалар үшін күніне 3700 калория мөлшерін қамтитын тағам түрлерін ұсынады, бұл негізінен қалыпты мөлшерден әлдеқайда көп.

(Кучмарский және т.б. басқалар, 1994-ші жыл)

Тамақтанған кезде жеген тағамның сапалы және өзара үйлесімді болғаны өте маңызды; бала толық болғанымен, ол дұрыс тамақтанбаудың салдарынан зардап шегуі мүмкін. Ата-аналар баланың бойында дұрыс тамақтану әдеттерін қалыптастыру үшін көп нәрсе жасай алады.

Әлхәмдулилләһ (бүкіл мадақ пен шүкіршілік Аллаға тән) деуден бас тартқан бала.

Үй келген қонақ таңғы асқа 4 жұмыртқа, 4 тілім нан және қуыратын құрылғыдағы ірімшік сэндвичін жеген жеті жасар ұлына қарап: «Балам, Әлхәмдулилләһ (Аллаға мадақтар болсын) деп айт, ол тамақтанудың аяқталғанын білдіреді. Сонда баласы: «Бірақ, әке, менің әлі де қарным аш! Мен әлі тойған жоқпын! Менің қазір «Әлхәмдулилләһ» деп айтқым келмейді!» – дейді Сол кезде барып үй иесі неліктен әкесінің баланы қолына алып көтере алмайтынын түсінді. Бала тым семіз болатын!

Ата-аналар семіздіктің әкелетін зардаптарын білуі керек (ашкөздік).

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Адам өз асқазаны секілді ешбір жаман ыдысты толтырған емес. Солай бола тұра, белді бүгу үшін бірнеше түйір тағам жеткілікті. Асқазанды толтыру қажет болса, үштен бірін тамақпен, үштен бірін сумен және үштен бірін ауамен толтырсын» деген болатын. (Ахмад, Тирмизи және басқалары)

(*АХМАД, ТИРМИЗИ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРЫ*)

Даниялық зерттеу дамыған 15 мемлекет арасында АҚШ-тағы жасөспірімдердің ең көп семіздікке ұшыраған көрсетті. Америка Құрама Штаттарындағы балалардың үштен біріне жуығы күн сайын фастфуд (өте тез әрі кең даярланған тағамдар) жейді. Дұрыс тамақтанбау дүниежүзі бойынша бірнеше миллион баланың өліміне себеп болатын жетекші себепшарт болып табылса, тағы бірнеше миллиондаған баланың аурушаң, ақыл-есі кем мүгедек болып өсуіне себеп болады. Балалардың тамақтануы ұрықтанған мезгілден бастап үш жасқа дейін маңызды рөл атқарады. (ЮНИСЕФ, 2003-ші жыл) Тамақтанудың жақсы әдеттерін қалыптастыруда балаларды зиянды тағамдар жоқ ортамен қамтамасыз ету оларға пайдалы тағамды мәжбүрлеп жегізгеннен гөрі тиімді әдіс болып табылады. Ұлдар шамадан тыс тамақтанған кезде, әдетте олардың қарындары өссе; қыздар артық тамақтанса, олардың кеудесі, бөксесін май басады.

(ЮНИСЕФ, 2003)

Болалар учун калорияга бой озиқ-овқат муҳитини таъминлаш, уларни ўзлари учун фойдали бўлган нарсаларни ейишга мажбурлашдан кўра, яхши овқатланиш одатларини ривожлантиришнинг анча самарали воситасидир. Ўғил бола семирса, бу унинг қоринларида акс этади; қиз ортиқча вазнга эга бўлса, бу унинг бел, кўкрак ва думба соҳаларида ўз ифодасини топади.

Ауру – астан!

ИМАМ ӘЛ-ҒАЗАЛИДІҢ ТАМАҚТАНУ ӘДЕТТЕРІНЕ КӨЗҚАРАСЫ

Мұсылман тарихындағы ең ірі өзгертушілердің бірі имам Әл-Ғазали (1058-ші және 1111-ші жылдары) былай деген:

1. «Мұсылман ең алдымен ас бөлмесіне жүгіріп, түрлі тамаққа аш көздене қарап, өзгелердің қалай жеп жатқанына көз тікпеуі керек. Ол өзінің тағамын жақсылап шайнап, тамақ қалдығын қолымен және киімімен сүртуден аулақ болу керек».
2. «Ашкөздікке деген жеккөрушілік баланың санасында алдымен ашкөздікті анықтау және оның көзінше ашкөз болған баланы айыптау, сонымен қатар аз мөлшердегі тағамға қанағат тұтқандарды мақтау арқылы қалыптасуы керек».
3. «Балаларды тамақтануда өзінен бұрын өзгелердің қамын ойлайтындай және қолында бар тағамға қанағат ететіндей қылып тәрбиелеу керек. Олардың дәмді тағамға, сусынға және керемет киімдерге деген көрсеқызарлық мінездерін сөгу керек».
4. «Баланы екі жастан артық емізу – оны есейгенде семіздікке әкелетін себепшарттардың бірі болуы мүмкін. Ал семіздік өз кезегінде көздің тоймауына себеп болады».

БАЛАЛАР ЖӘНЕ ТАМАҚТАНУ ЖАЙЫНДА ДЕРЕКТЕР

ЖҮКТІЛІК УАҚЫТЫ: Балаңыздағы жақсы тамақтану дағдылары қалыптасу үшін жүкті болмай жатып, дұрыс тамақтануға көңіл бөліңіз. Жүкті екеніңізді білмеуіңіз мүмкін алғашқы 4-6 апта – баланың дамуындағы маңызды кезең. Әйелдер мен болашақ аналар күн сайын ұрықтың миы мен жұлынының дамуы үшін қажет 400 мкг фолий қышқылын қабылдауы керек. Осылайша, жүйке жүйесінің жиі кездесетін ақауларының 50-70 пайызын алдын алуға болады. Жүктілік кезінде 10-15 кг салмақ қосу салауатты салмаққа қосуға жатады.

(Сазерленд және Стювер, 1997-ші жыл)

ТУЫЛУ МЕН ЖАСӨСПІРІМГЕ ДЕЙІНГІ ЖАС АРАСЫ: Бірінші жылдағы күрт өсу үдерісі екінші жылы тәбетпен бірге баяулайды. Балалар әдетте дамуының екінші жылында небәрі 3-4 кг салмақ қосады және тамаққа деген қызығушылығы жоғалғандай көрінуі мүмкін. Балалар өзіне ұсынылған пайдалы және алуан түрлі тағамдардың тек қажетті мөлшерін жейді. АҚШ-тағы көптеген бүлдіршін тым қамқор ата-аналары беретін төмен калориялы тағамдардың салдарынан дұрыс тамақтанбауға шалдыққан. Екі жасқа дейінгі балалар үшін «тағамдағы майды бақылаудың» қажеті жоқ. Майлар энергиямен, сондай-ақ терінің сау болуы үшін қажетті май қышқылдарымен қамтамасыз етеді. Майлар сонымен қатар ағзаға А, Д, Е және К дәрумендерін сіңіруге көмектеседі. Баланың ағзасы сиыр сүтін ішуге дайын болған кезде, кем дегенде екі жасқа дейін екі пайыз немесе майсыз сүтті емес, қаймағы алынбаған (жаңа сауылған) сүтті қолданыңыз. Америка Құрама Штаттарындағы 2-ші5 жас аралығындағы балалардың төрттен бір бөлігі ғана салауатты және теңдестірілген тамақтану үрдісін ұстанады, ал бұл көрсеткіш жасөспірімдердің арасында небәрі 6 пайызды құрайды.

ЖАСӨСПІРІМГЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР: Көптеген балалар денсаулыққа қатысты негізгі ережелерді білгенімен, оны көбіне ұстанбайды. Жасөспірім жасқа дейінгі және жасөспірім балаларды пайдалы тағамдармен қамтамасыз ету ата-аналар үшін үлкен сынаққа айналуы мүмкін. Сегіз жасар бала үстелге қойылған барлық нәрсені жей бергенімен, 14 жасар бала бір ай бұрын жеген тағамдарынан бас тартуы мүмкін. Кейбір мәселелердің қарапайым шешімдері – балаларға тағамдар мәзірін алдын ала жоспарлауда және оларды бірге дайындауға рұқсат беруде жатыр. Тамақ жеуді даулы мәселеге айналдырудан аулақ болу керек. Тамақтану уақытысында көбірек назарды тамаққа емес, сол күні болған жайттармен бөлісуге арнаған жөн. Өмірінің бірінші жылын санамағанда, жасөспірімдер басқа кезеңдерге қарағанда жылдам өседі. Қыз бала-

лардың қалыпты өсуін қамтамасыз ету үшін күніне 2000-2500 калория қажет, ал ер балаларға 3000-4000 калория қажет, ал ең белсенді балаларға ең көп калория қажет. Жыныстық жетілу кезіндегі тағамға деген қажеттіліктің жоғарылауы көбінесе қыздарда 15 жаста және ұлдарда 19 жаста болады. Қыздарға 25 жасқа дейін қосымша кальций қажет. Кальций олардың өсіп келе жатқан сүйектерінің тығыздығын арттырады және оларды келешекте остеопороздан (сүйек әлсіздігі мен сынғыштығынан) сақтайды. Балалардың уақытылы тамақ ішуі маңызды. Уақытылы тамақтанбау маңызды қоректік заттардың жоғалуын білдіреді және күні бойы аз мөлшерде жиі тамақтану күні бойы нәр татпай түн мезгілінде бірден көп тамақ жеуден жақсы.

2 ЖАСТАН 10 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТАМАҚТАНУ ТӘРТІБІНІҢ ҮЛГІСІ АМЕРИКАНДЫҚ ЕМДӘМШІЛЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ МӘЛІМЕТТЕРІ БОЙЫНША, БАЛАЛАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТАМАҒЫ МЫНАЛАРДЫ ҚАМТУЫ КЕРЕК:

- 6-11 түйір дәнді дақыл;
- 2-4 мөлшер жеміс;
- көкөністердің 3 мөлшері;
- 2-3 мөлшер көлемінде ет, құс еті, балық және кептірілген бұршақ;
- 2-3 мөлшер сүт өнімдері және
- аз мөлшерде майлар мен тәттілер болады. Жаңғақтар мен тұқымдар майға бай болып келеді.
- 1-5 жастағы балалар үшін мөлшер бір жасқа шамамен бір ас қасықтан тұрады.
- Кез келген жаста шамадан тыс тамақтану ағзаға зиян.

Ата-аналар балаларына күнделікті негізгі азық-түлік топтарын жеткілікті мөлшерде жеуге қалай көмектесе алады? Жауабы үнемі пайдалы тағамдардың аз мөлшерінің болуы.

ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

Балалардың көпшілігі тұрақсыз тамақтану әдеттеріне қарамастан құнарлы тамақтарды бойына сіңіре алады. Олар өз бойларына қажет нәрсенің барлығын ересек адамның тамақ көлемінің төрттен бірін құрайтын тағамнан ала алады – әр

жасқа шамамен бір қасық қосылады. Балалар тек өздеріне ұнайтын тағамдарды жейді. Алдарыңызда дұрыс тамақтануға арналған бірнеше пайдалы кеңестер: (Андервуд және Кучмент, 2008-ші жыл)

1. Балаға тамақты таңдау мүмкіндігін берген дұрыс па?

Тамақтану кезінде ата-аналар балаға әртүрлі пайдалы тағамдардың жиынтығын ұсыну керек: ақуыз, сүт, жемістер немесе көкөністер, нан және басқа да көмірсу түрлері (мысалы, күріш, кеспе немесе картоп). Кейіннен осы тағам жиынтығынан қалағанын алуына рұқсат берулері керек. Ата-аналар тек балаларына ұнайтын тағамдармен шектелу керек деп ойламауы керек. Бұл тізімге олар әдетте жейтін кем дегенде бір тағамды қосуы керек – нан немесе жеміс болса да. Балаларда витаминдердің жетіспеушілігі сирек кездеседі, сондықтан көп жағдайда оларға қосымша дәрумендер қажет емес.

2. Вегетариан болған дұрыс па?

Бұл жердегі ереже ет пен көкөністің үйлесілген мөлшерін сақтау болатын.

Аллаh Тағала осы дәмді, пайдалы тағамның барлығын адамдар үшін игі мақсатта жаратқан болатын. Сондықтан олар барлық рұқсат етілген тағамдарды тиісті мөлшерде жеулері керек. Балалардың тамақтану тағам мөлшерінен көп тағамдарды сызып тастау – олардағы қоректік заттардың жетіспеушілік қаупін жоғарылатуы мүмкін. Ет, құс еті мен балықтан бас тарту балалардың темірді жеткілікті мөлшерде алуын қиындатады. Адамдар темірдің шамамен 3-8 пайызын көкөністер мен дәнді дақылдардан, ал шамамен 20 пайызын еттен сіңіреді екен. С дәруменіне бай тағамдарды (апельсин немесе қызанақ) жеу тұтынылатын тағамнан темірді көп мөлшерде сіңіруге көмектеседі. Вегетариандық тамақтану үлгісінде май мен калорияның аз болуы балалардың калория қажеттіліктерін қанағаттандыруды қиындатады.

3. Балам мүлде сүт ішпейді, кальцийдің жеткілікті мөлшерін қалай алсақ болады?

Мектеп жасына дейінгі балалар мен жасөспірімдер үшін кальцийді жеткілікті түрде тұтыну өте маңызды, себебі олар жасөспірім кезінде ересек сүйек массасының жартысына жуығын жинақтайды. Сүт – кальцийге ең бай тағам, сондықтан егер балалар оны ішкісі келмесе, оны сорпа, қаймақ, пуддинг және тұздықтар сияқты дайын тағамдардың құрамына қосуға болады. Кальцийге бай басқа тағамдарға йогурт, ірімшік және балмұздақ жатады. Шоколадты сүтте кәдімгі сүтке қарағанда қант көп болғанымен, олда кальцийдің көп мөлшері кездесетін тағам түрі болып табылады.

4. Балаларға тамақтар арасында басқа нәрсені жеуге рұқсат беру дұрыс па?

Иә, әрине, балаларға жеңіл тағамдар қажет. Кішкентай асқазандарына байланысты балалар бір мезгілде көп тамақ жей алмайды, алайда оларға көп энергия қажет. Оларға әр екі-үш сағат сайын пайдалы нәрсе жеу керек. Тіскебасарлар балаларға басқа тамақтану кезінде жетіспейтін қоректік заттардың орнын толтыруға көмектеседі. Дегенмен, тіскебасарлардың да уақыты ретке келтірілген болуы маңызды. Егер балалар таңғы асты сағат 7-де ішсе, 9 немесе 10-ға дейін жеңіл тамақ бермеу керек, тіпті ол уақытқа дейін қарындары ашып қалсада. Тамақтану тәртібін сақтау қиынға соғуы мүмкін, әсіресе бала өте аз тамақтанса, бұл жағдайда ата-анасы оның тым болмағанда кішкене тамақ жегенінің өзіне өте қатты қуанады. Егер балаға қалаған кезінде жеңіл тамақтануға рұқсат берілсе олар негізгі тамақтану мен жеңіл тамақтану уақыты белгіленген балаларға қарағанда екі есе аз тамақ жейді. Тіскебасарларды дайындаған кезде, оларды аз тағам мөлшерінде елестетіңіз: жемістер мен көкөністер, аз мөлшерде ақуыз және шамалы крахмал (кейбір өсімдіктердің, мысалы, картоп, тамыр көкөністер (сәбіз, қызылша), бұршақ дақылдары (бұршақ, үрмебұршақ, жасымық),жералмұрт және т.б. құрамына кіретін табиғи заттек) мен май. Жеңіл тағамдардың ең жақсысына табиғи байланысты піспенан және сүт, алма және жержаңғақ майы немесе қытырлақ піспенан, ірімшік және жаңа сығылған жеміс шырынын жатқызуға болады.

5. Жеміс пен көкөністің ағзаға пайдасын жақсы білемін, бірақ балаларым оларды мүлде жемейді. Бұл жағдайда не істесем болады?

Орташа есеппен алғанда, американдық балалар күніне шамамен 1,5 мөлшер жеміс және 2,5 мөлшер көкөніс жейді екен. Көптеген жеміс пен көкөністің дәмі балаларға ұнай бермейді. Соған қарамастан, аз мөлшерде жесе де, балаларға үнемі жемістер мен көкөністерді ұсыну керек. Бұл тағамдардың балаларға ұнауы үшін төмендегі әдістерді қолдануға болады:

- Сму́зи («сму́зи» (ағылшынша: smoothie – «біркелкі», «біртекті», «жұмсақ», «жағымды») – блендер немесе араластырғышта (әдетте бір түрі) араласқан жидектер, жемістер немесе көкөністер түріндегі, мүмкін сүт, шырын, мұз, балмұздақ, өсімдік майы және т.б. қосылған қою сусын) жасау үшін сүт пен жемістерді араластыру.
- Кептірілген жемістерді – мейіз, банан, өрік және шие – сол күйінде немесе кекстер мен печеньелердің ішіне салып, пісіріп беру.

- Балаларды ақшамен сатып алудан аулақ болу керек. Әрине, тәтті тағам ұсынса бала амалсызда көкөністерді жеуі мүмкін, бірақ ол келешекте бұл тағамдарды ұнатуы екіталай. Балалардың ойынша егер ата-анасы тағамды жегізу үшін белгілі бір айла қолданса, ол дәмсіз тағам деген сөз.
- Ата-аналар балалардың тамағын тауыспай жеуін үлкен мәселеге айналдырмауы керек. Егер бала брокколи мен Брюссель қырыққабаттарын жеуден бас тартса, оған сүт пен табиғи байланысты піспенан (кальцийге бай тағамдар) ұсынуға болады.
- Көкөністерді сорпалар мен пісірмеге қосу.

АНАНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Бала кезімде алдымызға берілген тағамды ешқандай қарсыласусыз жеуіміз керек болатын. Егерде мен майлы ет пен балықтан бас тартсам, анам:

- *маған соғыс уақытында және соғыстан кейін қалай тамақтанғандары жайлы дәріс оқитын;*
- *маған әлемнің басқа бөліктеріндегі ашығып жатқан миллиондаған адамдар жайлы айтатын;*
- *желінбеген тағамды келесі тамақтану кезінде қайта ысытып беретін;*
- *егер тамақ арасында қарнымыз ашса, қара нан мен май жейтінбіз. Үйдегі бар тағам сол болатын. Барлығында оңды-солды шашатын ақша болмады дейді.*

(Сильвия Хант, Ұлыбритания)

6. Балаларға жасұныққа бай қай тағамдарды ұсынар едіңіз және неге?

Ата-аналар балаларына жемістер, көкөністер, астық дақылдар, күріш және макарон өнімдерін беруі керек. Жасұныққа бай тағамдарға: алма, інжір, апельсин, алмұрт, құлпынай, картоп, бұршақ, жасымық, тұтас бидай немесе қара бидай ұнынан жасалған нан, тоқаш, қоңыр күріш, кебек жармасы және гранола сияқты тағамдарды жатқызуға болады. Жасұныққа бай тағамдар қатерлі ісіктің алдын алуға көмектеседі және артық тамақтанудың алдын алады. Жасұнық ішектегі май мен калориялардың сіңуін азайтады, суды ағзада сақтап тұрады және тоқтық сезімін сыйлайды.

7. Үйдегі ең қарбалас кезең таңғы уақыт. Таңғы ас ішу керек пе?

Иә, әрине, керек. Ұйқыңыздан 15 минут ерте тұру керек болса да, отбасы мүшелерінің таңғы асты жібермей ішуі үшін қолдан келгеннің барлығын жасау керек. Таңғы асты жемейтін балалардың мектепте және ойын кезінде зейін қоюлары төмен келеді. Таңғы ас миға да, денеге де қуат береді. Қарынның аш болуы оқушының әлсіздігіне және қабілеттерінің төмендеуіне алып келеді.

8. Қызым арық боламын деп шешті. Мен оған мүлде тамақ жемеудің орнына дұрыс тамақтануды қалай үйретсем болады?

Зерттеулер көрсеткендей, американдық жасөспірім қыздардың 78 пайызы арық болуды қалайды. Кейбіреулер еттен бас тартып жатады, сондықтан оларға ақуызы жоғары басқа тағамдар қажет (мысалы, кептірілген бұршақ, жасымық, асбұршақ, сүт, ірімшік, жұмыртқа және жаңғақтар). Егер сіздің қызыңыз жыныстық жетілу кезеңін бастан өткеріп жатқан болса, оған өсуі үшін энергия қоры ретінде тері астындағы жаңа май қабаты қажет екенін түсіндіріңіз. Осыдан кейін де ол тамақтанудан бас тартса, оның тамақтануға қатысты әдеттерін талқылау үшін оны отбасылық дәрігер мен емдәмшіге апару керек.

9. Кейбір кездері тек фастфуд (өте тез әрі кең даярланған тағамдар) (өте тез әрі кең даярланған тағамдар) өнімдерімен тамақтанатын кездер болады. Бұл жайлы не дейсіз?

Ата-аналар балаларға газдалған сусындар, картоп тілімдері және гамбургерлерді жеуге рұқсат бермеуі керек. Оның орнына қуыратын құрылғыда піскен тауық еті, салат, майлылығы аз сүт пен йогурт өнімдерін ұсыныңыз. Пиццаға қуыратын құрылғыдағы тауық етін немесе тунец балығының етін және пайдалы көкөністерді қосыңыз.

10. Балаңыз тамақты тым талғап жейді ме?

Тәрбиешілер екі жастан бес жасқа дейінгі балалар жайлы «талғампаз жегіштер» деген қате пікірде болуы мүмкін. Бұл жас аралықтарында балалардың тағамға деген кірпияздығы қалыпты болып табылады. Балаға жаңа тағамды жеп көрмес бұрын, оған тағамды ең кемі 10 рет ұсыну керек. Отбасымен бірге тамақтану өте маңызды. Кішкентай балалар ата-аналарының тамақтану әдептеріне еліктейді және тамақ туралы сөйлесуден көп нәрсені үйренеді. Дегенмен, американдық балалардың 51 пайызы күн сайын отбасыларымен бірге тамақ ішпейтінін айтады. Үш жасында тағамдармен таныс болуы баланың қандай тағамды жейтінін анықтай-

тын жалғыз маңызды себепшартқа айналады. АҚШ-тағы барлық балалардың 75 пайызы күніне кем дегенде бір көкөніс жейді, дегенмен оның көбіне қуырылған картоп екені қынжылтады. Қызанақ өнімдері, соның ішінде сальса (езілген қызыл және көк (жасыл) бұрыш пен қызанақтан жасалған дәмтатымдық, түрлі-түсті мексикандық ащы тұздық) мен спагетти (итальяндық кеспе) тұздығы да балаларға қатты ұнайды. Ересек балалардың тағамға деген талғамы құрдастарының қалауына еліктей отыра өзгереді. АҚШ та сүтті тұтыну бес жасқа дейінгі балалар арасында бір балаға шаққанда 16 пайызға төмендеді, ал ішімдіксіз сусындарды тұтыну 23 пайызға өсті. Балалардың елу бір пайызы ең маңызды тағамды – таңғы асты жемейді. (АҚШ ауыл шаруашылығы министрлігі)

Сіз үшін бірінші орында қайсысы? Жұмыс немесе таңғы ас? Ешқашан таңғы ас алдында жұмыс жасамаңыз. Таңғы ас алдында жұмыс істеу керек болса, алдымен таңғы асыңызды ішіңіз!

11. Дәмдеуіштердің ағзаға тигізетін пайдасы немесе зияны?

Корнелл университетінің екі ғалымы жүргізген зерттеу бойынша дәмдеуіштердің тағамды бұзатын отызға жуық түрлі бактерияларды өлтіру қабілеті бар екенін анықталды. Тағамға пияз, сарымсақ, бұрыш, лимон және көптеген шөптер мен дәмдеуіштерді (мысалы, ақжелкен, орегано (кәдімгі жұпаргүл; киікшөп (Origanum vulgare), жебіршөп, зире, қалампыр, жалбыз және жанжабіл) қосыңыз.

(Шерман және Биллинг, 1998-ші жыл)

12. Ғалымдардың ойы үнемі өзгереді, біз не істеуіміз керек?

Ғалымдар «осы кезге дейін жұмыртқа, маргарин және тұз туралы білгендеріннің бәрін ұмытыңдар. Жылдар бойы қалыптасқан көзқарастарды таңғажайып жаңа зерттеулер жоққа шығаруда; барлығы осы уақытқа дейін қате пікірді ұстанғандай. Бір апта өтер-өтпес уақытта бір сарапшы белгілі бір жаңа тағам, дәрумен, іс-әрекет немесе жағдай сіздің жүрек-қан тамырларыңыздың денсаулығын қалпына келтіреді немесе зиянын келтіреді деген жаңа тұжырымдарды жариялайды және ол көбіне қалыптасқан ескі тұжырымдарға қарама-қайшы келеді».

(Лемоник, 1999-шы жыл)

Сонымен кімді тыңдаған дұрыс? Құран мен Пайғамбардың (с.ғ.с.) тағам және дұрыс тамақтану жайлы негізгі нұсқауларын орындаңыз. Дұрыс тамақтану – жылдар өте қалыптасатын өмір бойы дұрыс тамақтану әдеттерін таңдау мәселесі. Әртүрлі тағамдардан аз мөлшерде жеңіз.



ТАҒАМҒА ҚАТЫСТЫ ҚҰРАНДАҒЫ НҰСҚАУЛАР

Уа, иман келтіргендер! Алланың сендер үшін адал еткен таза әрі денсаулыққа зиянсыз нығметтерін өздеріңе харам қылмаңдар һәм (оларды ысырап қылу арқылы) шектен шықпаңдар. Шүбәсіз, Алла шектен шығушыларды жақсы көрмейді. Алланың сендерге ризық етіп берген нығметтерінен халал һәм таза болған күйінде ішіп-жеңдер. Өздерің иман келтірген Аллаға қарсы келуден барынша сақтаныңдар. («Әл-Маида» сүресі, араб тілінен қазақ тіліне аударылған мағынасында: «Асқа толы дастарқан» сүресі, 87-ші және 88-ші аяттар)

Уа, Адамның үрім-бұтағы! Қай кезде де намаз оқитын (немесе Қағбаны тауап ететін) болсаңдар, таза һәм әдемі киімдеріңді киіңдер, (Алланың өздеріңе берген нығметінен) ішіп-жеңдер, бірақ ысырап қылмаңдар, өйткені Алла ысырапқорларды ұнатпайды. («Әл-А'раф» сүресі, 31-ші аят, араб тілінен қазақ тіліне аударылған мағынасы: «Биік тосқауылдар» сүресі) – 7-ші Құран сүресі. 206 аяттан тұрады Меккелік сүре. Соңғы, 206 аяты сәждәні талап етеді, 31-ші аят)

(Уа, Мұхаммед! Оларға): «Алланың құлдары үшін жаратқан адам көркі киім-кешекті және таза әрі пайдалы адал ризықтарды кім харам ете алады?» – де. Сондай-ақ оларға: «Олар бұл дүниеде негізінен иман келтіргендерге арналған, ал қиямет күні тек мүміндерге ғана тиесілі болады», – деп айт. Міне, Біз білімділер мен білгісі келетін қауым үшін ақиқатқа жетелейтін аяттарымызды осылайша егжей-тегжейлі баяндаймыз («Әл-А'раф» сүресі, 32-ші аят, араб тілінен қазақ тіліне аударылған мағынасы: «Биік тосқауылдар» сүресі) – 7-ші Құран сүресі. 206 аяттан тұрады Меккелік сүре. Соңғы, 206 аяты сәждәні талап етеді, 31-ші аят)

[Аралар сүресі]«... содан кейін түрлі жемістермен қоректеніп (жиған қорегіңмен) Раббыңның сен үшін оңтайластырылған (яғни жеңілдетіп қойған ұяңа жеткізетін) жолдарына түс», – деп аян берді. Араның қарнынан адамдарға шипа болатын түрлі-түсті шәрбат (бал) шығады. Расында, осында да терең әрі жүйелі түрде ойланатын қауым үшін анық белгі, айқын ғибрат бар. («Ән-Нәхл» сүресі, 69-шы аят)

Міне, осылайша (яғни, оларды қалай ұзақ жылдар бойы ұйықтатқан болсақ, өздерінің жағдайы жайлы) бір-бірінен сұрасын (һәм сол арқылы Алланың құдіреті әрі ақиретке қатысты зор ақиқат айқындалсын) деп оларды ұйқыдан ояттық. Сонда араларынан біреуі қалғандарынан: «Қанша уақыт ұйықтадыңдар?» – деп сұрады. Олардың біразы: «Бір күн, бәлкім, одан да аз ұйықтаған шығармыз», – десе, енді бір бөлігі: «Қанша уақыт ұйықтағандарыңды Раббыларың біледі! (Қазір бұл әңгімені қоя тұрайық). Одан да араларыңнан біреуді мына күміс ақшамен қалаға жіберіңдер. Сөйтіп, ол қаладан ең таза әрі адал ас қарастырып, біраз ас-ауқат алып келсін. Алайда өте сақ болсын! Ел-жұрттың назарын аударатындай іс-әрекеттерге бармасын һәм ең маңыздысы, сендерді (яғни, бар екендеріңді әрі жасырынып жатқан жерлеріңді) жан баласына сездірмесін», – деп айтты. («Әл-Кәһф» сүресі, 19-шы аят)



Қорытындылай келе:

- Тамақтың барлық түрлерін қалыпты мөлшерде жеңіз. Барлығынан аз мөлшерде жеген, бір нәрсені көп жегеннен жақсырақ.
- Вегетариандық өмір салтын ұстану білім мен тәжірибені қажет етеді. Егер сіз «қалыпты мөлшерде ет» жейтін болсаңыз, вегетариан бола алмайсыз.
- Шошқа етінен, қаннан, өлекседен, ішімдіктен, есірткіден және темекі шегуден аулақ болыңыз. Бұлар арам тағамға жатады және адамға зиян.
- Асқазаныңызды тамаққа толтырмаңыз. Тағы да жегіңіз келгеніне қарамастан, тамақтануды доғарыңыз.

- Күнделікті тамақтану тағам мөлшеріңізге балды қосыңыз. Оның емдік қасиеттері бар.
- Зәйтүн майын қалыпты мөлшерде пайдаланыңыз, себебі ол жақсы холестеринмен HDL (жоғары тығыздықтағы липоақуыз) қамтамасыз етіп, жаман холестеринді LDL (төмен тығыздықтағы липопротеидтер) мөлшерін азайтады.
- Құрамында химиялық заттар, пестицидтер және жасанды қоспалар бар кез келген нәрседен аулақ болыңыз.

Педиатрдың ерекше кеңесі

Әкесі баласына арналған дәрігер кеңесі жазылған конвертті ашқанда 10$ қағаз ақша мен хатты көреді: «Балаңызға пайдалы тағам сатып алып беріңіз. Ол дұрыс тамақтанбайды». Бұл ата-аналардың балаларының дені сау болып өсуі үшін қажетті нәрселерге қалай немқұрайлы қарайтынын көрсетеді. Қоғамдағы тынымсыз тірлік және ата-аналардың қарбалас өмір салты балаларға пайдалы тамақ беруге немқұрайлы қарауына әкеледі. Ата-аналар балаларының негізгі қажеттіліктерін өсудің алғашқы жылдарында кеш болмай тұрып қамтамасыз етуі керек. Балалар үшін табиғи (денелік) және сезімдік қажеттіліктер өте маңызды.

БАЛАЛАР ЖӘНЕ ТАБИҒИ (ДЕНЕ) ЖАТТЫҒУЛАР

«Ертең бізбен бірге жіберіңіз, (бала емес пе) ішіп-жеп, ойнап-күліп қайтсын. Біз оны (бір сәтке де көзден таса қылмай) қорғаштап жүреміз», – деді («Жүсіп» сүресі, 12-шіаят)

«Бері кел!»,
«Үйді айналып жүгірме!»,
«Үйде доппен ойнаушы болма дедім емес пе!»

Бұл ата-аналардың балаларына жиі айтатын сөздері.
БІРАҚ БҰЛ ДҰРЫС ЕМЕС.
Керісінше балаға:

«Барып баскетбол ойна!»
«Достарыңмен бірге футбол ойнай ғой»,
«Қалағаныңша жүгір, серуенде» деп қолдау білдіру керек.

Табиғи (денелік) жаттығулардың бала үшін пайдасы қандай?

Дене белсенділігінің артуы өмір сүру ұзақтығының артуына және жүрек-қан тамырлары аурулары қаупінің төмендеуіне тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, табиғи (денелік) белсенділіктің жалпы табиғи (денелік), жандық және әлеуметтік тұрғыда көптеген пайдасы бар. Белсенді емес балалар белсенді емес ересектерге айналуы мүмкін. Дене белсенділігінің пайдалары:

- Салмақты бақылауда ұстау
- Қан қысымының төмен болуы
- жақсы холестериннің HDL (жоғары тығыздықтағы липоақуыз) жоғарылауы
- Қант диабеті мен қатерлі ісіктің кейбір түрлерінің қаупін азайту
- Жандық әл-ауқаттың жақсаруы (соның ішінде өзіне деген сенімділіктің артуы мен өзін жоғары бағалау)
- Командалық рухқа тәрбиелейді.

Америка жүрек қауымдастығы

АҚШ-та 6-17 жас аралығындағы балалардың 21% семіздіктен зардап шегеді. Артық салмағы бар балалар өскенде артық салмаққа ие ересектерге айналады. Ал ересектердегі артық салмақ қант диабеті, жүрек ауруы, инсульт, қатерлі ісік және басқа созылмалы аурулардың даму қаупін арттырады. Артық салмақты және де басқа ауруларды жеңудің ең жақсы жолы бала күннен табиғи (денелік) жаттығулармен шұғылдану. Табиғи (денелік) жаттығу денеге күш сыйлап, икемділік пен төзімділікті арттырады; бұл әсіресе екі жастан асқан балалар үшін өте маңызды болып табылады. Балалар үшін жаттығу – ойын ойнау және үнемі белсенді күйде болу. Белсенді баланың бұлшық еттері мен сүйектері мықты, дене бітімі шымыр, өмірге деген оң көзқараста болады. Белсенді емес балаларда түрлі аурулар, инсульт, семіздік және HDL (жақсы) холестериннің төмен деңгейі жиі байқалады. Жаттығулар балаларға жақсы ұйықтауға көмектеседі және оларды күнделікті табиғи

(денелік) және сезімдік қиындықтармен күресу қабілеттерін шыңдайды (мысалы, таңертең автобусқа жету үшін жүгіру, аяқ киім бауын байлау үшін еңкею немесе емтиханға дайындалу). Балалық шақтағы табиғи (денелік) белсенділіктің болмауы әдетте ересек жастағы әрекетсіздікке әкеледі.

(АҚШ ауруларды бақылау және алдын алу орталығы)

БАЛАЛАР ЖӘНЕ АЯҚ КИІМ

Guardian газетінде жарияланған қызықты мақалада фитнес-сарапшы Сэм Мёрфи балаларға жалаң аяқ жүрудің пайдалы екендігін айтып, балалар аяқ киімі олардың миының дамуына зиянды әсер етуі мүмкін екенін ескертеді. Трейси Бирн (подопедиатрияға маманданған дәрігер) жалаң аяқ жүру аяқтың бұлшық еттері мен байламдарын дамытатынын, табан күмбезінің беріктігін арттырып, дененің жақсы қалыпқа келуіне ықпал ететініне және баланың айналасындағы кеңістікке қатысты қай жерде екенін түсінуін жақсартатыны туралы айтады.

Аяқ киімнің сәнді болуы емес, аяққа зақым келтірмеу маңызды болуы керек. 2007-ші жылғы «The Foot» подиатрия журналы басылымындағы зерттеулер кейбір балалар аяқ киімдерінің табандары қатты екендігін және ол табиғи (денелік) белсенділікке қолайсыз (қозғалыстағы шектеулерге әкелетінін) келетінін көрсетті. Ыңғайсыз немесе нашар жасалынған аяқ киімнің салдарынан аяқтың зақымдану қаупі жоғары. Аяқ киімнің пішініне бейімделуге мәжбүр болып, өзінің еркін түрдегі өсуін жалғастыра алмауы өте қауіпті.

Ата-аналар балалар аяқ киімін сатып алу кезінде сән немесе тартымдылығынан гөрі ыңғайлылығын бірінші орынға қоюы керек және де балаларды көбірек жалаң аяқ жүріп үйрету керек (әсіресе үйде және мүмкіндігінше барлық жерде). (Мёрфи, 2010-шы жыл)

БАЛАЛАРДАҒЫ БЕЛСЕНДІЛІКТІ ЫНТАЛАНДЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Жаттығу жасау дағдыларын қалыптастыруда ата-аналар үлкен үлестерін қоса алады. Төменде пайдалы ұсыныстар келтірілген:

- Балалардың теледидар көру және бейне ойындарды ойнау уақытын қысқартыңыз. Қауіпсіздік мақсатында көптеген балалар ата-аналары үйге келгенше теледидар көріп, үй тапсырмасын орындауға қалады. Ең дұрысы, балалардың мектептен кейін белсенділік танытып, кешкі уақытта сабақ оқуы.
- Балаға өз жасына сәйкес іс-әрекетке қатысуды ұсыныңыз. Екі жасқа дейінгі балалар теледидарды мүлдем көрмеуі керек. (Американдық педиатрия академиясы)
- Табиғи (денелік) белсенділіктің көңілді екенін және әртүрлі болатынын көрсетіңіз (қуыспақ ойыны, жерге сызылған шаршылар үстінде секіру ойыны, спортпен шұғылдану). Егер олар жаттығуларға қызықса, олар міндетті түрде оны қайта жасайтын болады.
- Дене шынықтыруды жазалау түрінде қолданбаңыз. Мысалы, мұғалімнің баланың жасаған қателігі үшін бес айналым жүгіруді бұйыруы дұрыс емес.
- Ата-аналар балаларға үлгі болып табылады және оларда табиғи (денелік) жаттығулармен айналысуы керек. Лифттің орнына баспалдақты пайдаланыңыз, көліктің орнына жаяу серуендеңіз және жаяу жүрудің орнына жүгірумен айналысыңыз.
- Отбасыңызбен бірге спортпен шұғылданыңыз. Ата-аналар өздері диванда жатып, балаларына белсенді болып, жаттығулар жаса дей алмайды.
- Салауатты өмір салтының негізі – табиғи (денелік) жаттығу мен дұрыс тамақтану. Балалар жемістерді, көкөністерді және дәнді дақылдарды үнемі жеуі керек.
- Денеге күш сыйлайтын, икемділік пен төзімділікті арттыратын қызықты істер жасауына ынталандырыңыз. Белтемірде маймылша жүру, қолмен тіреніп тұру немесе күресу әрекеттермен өз күштерін арттыруға болады. Отырып тұру, тартылу және кеудені жерден көтеру жаттығулары арасында жарыстар ұйымдастыруға болады.
- Балаларға аэробты жаттығуларды үйретіңіз. Жүрек жиі соққанда адам терең тыныс алады, бұл жүректің жұмысын нығайтып, дене жасушаларына оттегін береді. Аэробты жаттығуларға: баскетбол, волейбол, велосипед тебу, конькимен сырғанау, ролик тебу, футбол, жүзу, теннис, серуендеу, асықпай баяу жүгіру және жүгіру жатады.

ҰСЫНЫЛАТЫН ЖАТТЫҒУ КЕСТЕСІ

Балалардың өсуі үшін жастарына сай жаттығулар кестесін даярлау қажет. Ұлттық спорт және дене шынықтыру қауымдастығы (NASPE) ұсынады:

Жасы	Ең аз түрдегі күнделікті белсенділік	Пікірлер
Сәби	Арнайы ұсыныстар жоқ	Табиғи (денелік) белсенділік қимыл қабілетін дамытуға ықпал етеді
Бүлдіршін	1 ½ Сағат	30 Минут жоспарланған жаттығулар және 60 минут ойын ойнау
Мектеп жасына дейінгі	2 Сағат	60 Минут жоспарланған жаттығулар және 60 минут ойындар ойнау
Жеткіншек	1 Сағат және одан көп	Жаттығуды 15 минут немесе одан да көп уақытқа созылатын жеке бөліктерге бөлу

Америка Жүрек Қауымдастығының ұсынысы:

- Екі жастан асқан барлық балалар күн сайын кем дегенде 30 минут орташа қарқындағы, көңіл көтеретін әрекеттермен айналысуы керек.
- Балалар жүрек пен өкпе жұмысының жақсы деңгейіне жету және оны сақтап тұруы үшін аптасына 3-4 мәрте 30 минуттан қарқынды жаттығулар жасауы керек.
- Егер сіздің балаңызда күн сайын 30 минуттық үзіліс болмаса, екі 15 минуттық немесе үш 10 минуттық белсенді жаттығуларды орындап көріңіз.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз сөзінде:

Алланың алдында әлсіз мүмінге қарағанда күшті (қауий) мүмін әлдеқайда жақсы әрі ұнамды. Десе де (иманды болғандықтан) екеуі де қайырлы. Мән беріп қарасаңыз хадистегі қауий сөзі сенім мен дене күшінің мықтылығын білдіреді.

«Оны қолданыңыз немесе мүлдем жоғалтыңыз» ережесі дене байламдарына, жүрек бұлшық еттеріне және ми жасушаларына қатысты: табиғи (денелік) жаттығулар жеке даму үшін міндетті шарт (ешқандай да таңдау емес). Салауатты табиғи (денелік) күйге жету жетістік болғанымен, сол күйде өзгеріссіз қалу қателік. Денені шынықтыру сіздің энергетикалық деңгейіңізге, ақыл-ойыңызға және рухани ұмтылыстарыңызға оң әсер етеді. Егер дүйсенбі күні жүгіріп, жұмаға дейін жүгірмесеңіз, қалған күндердің орнын толтыру үшін артығымен жүгірмеңіз. Өзіңізді тым қатты қинамаңыз. Жүгіруді жалғастырыңыз және мүмкіндігінше жаттығу залында немесе сыртта жаттығу жасауға тырысыңыз.

Тіпті, нәрестелерде күнделікті тамақтануы мен ұйықтауының арасында жаттығуды қажет етеді. Туылғаннан бір жасқа дейін оларды арқасына жатқызып, «велосипед» айдағандай аяқтарын ақырын айналдыру және басын көтеріп ұстау үшін ішіне жатқызып, денесін қозғалтып, еденге ойыншықтар немесе басқа да қауіпсіз заттарға жетуі үшін көрпенің үстіне жатқызуға болады.

ҰЙҚЫ

Балалардың денінің саулығы мен күнделікті тіршілігі үшін ұйқылары қанық болуы маңызды. Әдетте, нәресте кезде қалыптасқан ұйқы әдеттері өмір бойына сақталады. АҚШ-тағы ұйқыны жақсарту жөніндегі кеңес адамдардың үштен екісіне жуығы ұйқының дұрыс болмауы олардың еңбек өнімділігіне әсер етті дейді (ерлердің 26 пайызы және әйелдердің 13 пайызы жұмыс орнында маужырап отыратынын мойындайды). Түнгі уақыт ұйықтау үшін жаралған. Біздің денеміз күндіз сергек болуға, түнде ұйықтауға бейімделген. Біздің денеміз кеш пен таң арасында (күннің батуы мен шығуы) демалуға арналған. Бірақ кейде түнгі ұйқымызға түзетулер енгізу керек болады. Мысалы, Еуропаның солтүстігінде түндер жазда өте қысқа, қыста өте ұзақ. Шотландияның солтүстігінде жаздың ортасында күннің батуы шамамен сағат 22:30 және күннің шығуы таңғы 3 шамасында (арасында тек ымырт бар). Қыста күн 15:30-да батып, таңғы 9-дар шамасында шығады.

Сендерді жұп қылып жараттық.
Ұйқыларыңды дамылдап тынығудың бірден-бір жолы қылдық.
Түнді (бейне бір) жамылғы,
Ал күндізді тіршілік уақыты қылдық.

(«Ән-Нәбә’» сүресі,
8-ші және 11-ші аяттар)

Күндізгі ұйқы жоғалған түнгі ұйқының орнын толтыра алмайды. Түнгі ұйқының жеткілікті болуы адамның сау болуына көмектеседі және ауру қаупін азайтады.

Кейбір мұсылмандар Рамазан айының ораза күндері түнде ояу болып, күндіз ұйықтауды әдетке айналдырған. Күндізгі уақытпен түнгі уақыттың орынын ауыстыру оразаның негізгі көрінісі болып табылмайды. Ол денеміздің ырғақтарының табиғи жұмысын бұзады.

Күннің батуымен миымызда орналасқан сезімтал тетіктер дене мүшелерімізге демалуға, ұйқыға дайындалуға шақыратын химиялық дабыл белгілер жібере бастайды. Күн батқан шақта есіней бастаймыз; көздеріміз жұмылып, қозғалыстарымыз баяулай бастайды. Біз ұйықтап жатқанда, мидың қабылдау жүйесі қоршаған әлемнен оқшау болады. Ұйқының әрекеті мелатонин гормонымен және оның бастамашасы серотонинмен бақыланады. Екі химиялық зат та түннің қараңғылығының көмегімен ұйқының тиімділігін басқарады. Күн мен түннің табиғи емес түрде өзгеруі біздің таңертең тыныққан, сергек және жігерлі болып тұруымызға көмектесетін «биологиялық сағатымыздың» жұмысын бұзады. Бұл табиғи қалыптасқан сағат жұмысына кедергі жасау ұйқының бұзылуына және денеміз бен ақыл-ойымыздың қажеттіліктерінің орындалмауына алып келеді.

Ұйқының жеткіліксіздігі кезінде жандық жауап қайтарулармен қабілеттер төмендейді және табиғи (денелік) шағылалар мен жауап қайтарулар баяулайды. Бұл әсіресе қырағылықты талап ететін жұмыстар мен көлік жүргізу кезінде өте қауіпті. Дене жауап қайтаруларының төмендеуі жұмыс тиімсіздігіне, қателіктерге және жазатайым оқиғаларға алып келеді. Ұйқының жоғалуы біздің миымызда жүретін есептерде жазылатындықтан, оның орнын жеткілікті сағаттық сапалы ұйқымен толтыру керек. Көптеген ғалымдар ақыл-ой мен табиғи (денелік) өнімділік үшін әр түннің жеті-тоғыз сағатын ұйқымен өткізуді ұсынады. Неғұрлым аз ұйықтасақ, соғұрлым өнімділігіміз бен жігеріміз төмендейді. Ұйқының болмауы ашушаңдық пен ұйқышылдықты тудырады және бұл біздің танымдық қабілеттеріміздің жұмысын төмендетеді.

ҰЙҚЫСЫЗДЫҚТЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ САЛДАРЫ

Ұйқы сапасының төмендеуі иммундық жасушаларды қалпына келтіруге және иммундық күресуші жасушалардың жұмысын жақсартуға кедергі келтіреді, ағзаның қорғаныс тетік жұмысын нашарлатады және жұқпа мен ауру қаупін арттырады. Ұйқы тәртібінің дұрыс болуы денсаулықты, есте сақтау қабілетті, сергектікті, жандық жауап қайтаруларды және табиғи (денелік) шағылаларды жақсартады. Дұрыс ұйқы бізге тиімді және ұқыпты жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ұйқының жеткілікті болуы қателіктерден, қате қабылданған

шешімдерден, ақшаның ысырап болуынан және өмірімізге қауіп төндіруі мүмкін апаттардан сақтайды. Біздің денеміз бен санамыз бір-бірімен тығыз байланысты. Ми, жүйке жүйесі және иммундық жүйе симпатикалық жүйке жүйесі шығаратын нейротрансмиттерлер (мидың химиялық заттары) арқылы байланысады. Тыныш ұйқы қуатты, көңіл-күйді, есте сақтауды, ойлау қабілетін және зейінді арттырады.

Жиналыстарда көздері жұмылып, маужырап, ұйқысырап отырғаннан бөлек ұйқының жеткілікті болмауы немесе мезгілсіз уақыттарда ұйықтау әртүрлі ауруларды, соның ішінде тоқ ішек пен сүт безінің қатерлі ісігі, қант диабеті, жүрек ауруы және семіздікке шалдығу қаупін арттырады.

Бүгінгі таңда Батыстағы адамдар тәулігіне 24 сағат, аптасына жеті күндік жұмыс істейтін қоғамға көшіп, бұрынғыдай жеткілікті түрдегі ұйқы режимін сақтамайды. Семіздік эпидемиясы орташа түрдегі ұйқы сағатының азаюымен, тәбетті реттейтін ақуыз бен гормондардың жұмысының бұзылуымен ішінара байланысты.

Физиологиялық зерттеулер ұйқы жетіспеушілігі денедегі мазасыздықты тудырып, күйзеліс гормондарының көп мөлшерде бөлінуіне және инфаркт пен инсульттің негізгі қауіп себепшарты қан қысымының жоғарылауына алып келетінін көрсетеді. Ұйқысы қанбаған адамдарда дененің қабынуы жоғары болады, ол өз кезегінде жүрек ауруы, инсульт, қатерлі ісік және қант диабетінің тууына ықпал етеді. Аз уақыт мызғып алу ұйқының жоғалуының зиянды әсеріне қарсы тұруға көмектеседі. Ұйқы қан тамырларының ішкі қабатының жұмысына әсер етеді және бұл адамдардың неліктен таңертеңгі уақыттарда инфаркт пен инсультке жиі шалдығатынын түсіндіре алады. Гарвард медицина мектебінің қызметкері Ева Шернхаммен: «Мелатонин ісік жасушаларының өсуіне жол бермейді – ол қатерлі ісіктен қорғайды», – дейді. Егер сіз түнде жарық жерде ұйықтасаңыз, мелатонин аз мөлшерде бөлініп және ол қатерлі ісіктің туу қаупін арттырады. (Штайн, 2005-ші жыл)



10 000 ересек адамның талдауы тәулігіне жеті сағаттан аз ұйықтайтын 32 Мен 49 жас аралығындағы адамдардың семіздікке шалдығу ықтималдығы жоғары екенін көрсетті. (Стайн, 2005)

Ерте жатып, ерте тұру – адамды сау, бай, ақылды етеді.
(Бенджамин Франклин)

УЛАНДЫРУШЫ ЗАТТЕКТЕР: МАСКҮНЕМДІК ПЕН НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Табиғи (денелік) әл-ауқат тақырыбымызды жалғастыра отырып, ата-аналар мен балалар жүкті аналарға, сәбилерге және ұрық жасушаларына қауіп төндіретін ландырушы заттектерді, соның ішінде темекіні пайдаланудан аулақ болуы керек.

Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жолізде.

Шылым – қағазға оралған бір шымшым темекі, бір жағында от, екінші жағында ақымақ болады.

Маскүнемдік және нашақорлық кәсіби түрдегі медициналық және жандық емді қажет етеді. Келесі кеңестер маскүнемдік пен есірткіге тәуелділіктің алдын алады деген үміт бар. Үлкен мәселелер міндетті түрде үлкен қателік кесірінен туындамайды; олар бірнеше шағын себепшарттардың жинақталуына байланысты болуы да мүмкін. Егер ата-аналар үйде бақыт пен сүйіспеншілікке толы ортаны құра алса, балалары сырттан қанағаттану сезімін іздемейтін болады.

Маскүнемдік және есірткіні қолдану (мысалы, марихуана, кокаин, героин және ЛСД (галлюциногенді есірткі) ми жасушаларына, сондай-ақ көбею, қан айналымы және тыныс алу жүйелеріне үлкен зақым келтіруі мүмкін. Есірткі мидың зақымдануын тудырады, нәтижесінде табиғи (денелік) басқыншылық, шындықты бұрмаланған түрде қабылдау және шабыттың болмауы туындайды. Марихуана сияқты жеңіл есірткіні теріс түрде пайдалану шизофрения ауруымен байланысты болуы мүмкін.

БАЛАЛАР ЖӘНЕ АЗҒЫРУ

Балаларға достары немесе таныстары заңсыз есірткіні қолданып көруді ұсынуы мүмкін. Олар өздерінің есірткіні қабылдамау жайлы шешіміне нық сенімді болулары ке-

рек. Жасөспірімдік кезең (14-20 жас) бұл тұрғыда ең қауіпті кезең. Есірткінің зиянын білу және түсіну өте маңызды. Азғырулар немесе құрдастар қысымы орын алғанда, дереу қалай әрекет ету керектігін білуі үшін балалармен рөлдік ойындарды ойнап көріңіз.

Америкадағы әрбір екінші адам ішімдік ішеді немесе заңсыз есірткінің қандай да бір түрін қолданып көрген. Бұл зиянды заттардың қауіптері жайлы құр ескертулер адамдарды ішімдік ішуден немесе темекі шегуден тоқтатпайды – керісінше, темекі түтінінің өкпеге әсері жайлы қорқынышты фильмдер олардың бойында пайда болған қорқынышын басуы үшін темекі шегуге асықтыруы мүмкін. Сыртқы ортадан келетін қысымды және оған қалай қарсы тұру керектігін талқылау керек.

Ата-аналар балаларына есірткіге азғырудың себептерін түсіндіруі керек, ол көбіне «ләззат сезімінің» жағымды әсеріне байланысты болады. Бұл «жасанды ләззат сезімі» уақытша және «денесінің сына бастауы» сияқты қорқынышты салдармен бірге жүреді. Егер бұл жайттарды айтпаса, балалар есірткі қолданатын адамдарды және олардың қызықтыратын әңгімелерін естіп, ата-аналары оларға есірткі жайлы жалған ақпарат айтты деп ойлайды. Олар бұл алатын ләззаттың өте қиын жолмен: аз уақыттық рахат және өте ұзаққа созылатын ауырсынулар арқылы келетінін түсінуі керек. Құранда шарап және құмар ойындарының зияны жайлы дәл сипаттамалар берілген. Онда былай делінген.

Олар сенен (мас қылатын) шарап пен құмар ойындарының үкімін сұрайды. Оларға: «Екеуінде де үлкен күнә һәм адамдар үшін бірқатар пайдалар бар. Алайда олардың пайдасынан гөрі күнәсі мен зияны әлдеқайда көп», – деп айт. Сондай-ақ олар сенен қайыр-садақаға не беру керектігін сұрайды. Оларға: «Қажеттеріңнен (яғни өздеріңнен және қолдарыңа қарап отырған жандардың нәпақасынан) артылғанды беріңдер», – деп айт. Міне, осылайша Аллаһ Тағала сендерге (дүние һәм ақирет жайлы) жүйелі түрде һәм жан-жақты ойланарсыңдар деп, аяттарын ашып түсіндіреді.

(«Әл-Бақара» сүресі, 219- аят)

Осылайша қоғамдағы қалыпты мөлшерде ішімдікті тұтынудың пайдасы және оның миға немесе жүрекке тигізетін пайдасы шындыққа жанасуы мүмкін. Дегенмен, оның тигізер зияны пайдасынан әлдеқайда көп.

ЕСІРТКІНІ ЕРТЕ ЖАСТАН ҚОЛДАНУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ: АТА-АНАЛАР НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

Есірткіні қолданатынын дәлелдейтін көптеген белгілер бар, олардың ең жиі кездесетіндеріне: күйдірілген қақтама (фольга), тұтқалары иілген қасықтар, күйдірілген қалайы қақпақтар немесе тостағандар, айна немесе ұстара жүздері, қағаз бұрандалары, босаған құтылар немесе еріткіш шөлмектері, темекі қағаздары, көз тамызғыштары, дәрі құтылары, жуынатын бөлмеде немесе жасөспірімдердің киімдеріндегі шашыраған қан іздері, жеңдерін қайырудан бас тартуы, тәбеттің бұзылуы, кенеттен тәттілерге құмартуы, түнде ұйықтамау, күндіз ұйқысынан тұра алмауы, бейтаныс адамдар қоңырауы, сондай-ақ жасырын және оғаш мінез-құлық жатады. Балалардың есірткіге тәуелдігі үнемі көздерінің қызаруы немесе мінездің өзгеруі арқылы көрінбейді, олар мұны мүлдем жасырын түрде жасауы мүмкін. Егер ата-аналардың баланың есірткіні қолдануы жайлы күдіктері болса, олардың аузында, ернінде немесе мұрнында жараның бар жоғын, мас немесе «есін білмейтін» күйде қаншалықты жиі болатынын бақылаған жөн. Егер олар нашақорлармен серіктес болса, ата-аналарға дереу шара қабылдау керек.

Уландырушы заттарды қолданудың алдын алу үшін ата-аналар не істей алады:

- ***Отбасындағы сенімді нығайту.*** Сенім ең жақсы қорғаныс. Есірткі, ішімдік және құмар ойындары шариғатта тыйым салынған. «Әл-Бақара» сүресінің 219-шы аятында келген хамри сөзі (мас қылатын, араб тілінде: خَمْرَ) ашыған және мас қылатын зат атауын білдіреді және бұл ақыл-ойды бұзатын, өзінөзі басқару қабілетін жоятын кез келген затқа қатысты айтылған.
- ***Отбасыңызға шылым шегудің, ішімдік ішудің және нашақорлықтың зиянын түсіндіріп, зарарлы салдары жайлы айтыңыз.*** Бұл есірткімен зардап шегетін адамды көргенде балаға пайдалы болуы мүмкін. Балаларға есірткі мен ішімдіктің әлеуметтік, медициналық және экономикалық зияны туралы өз ойларын жазып, кейіннен оны баяндама ретінде қорғауға тапсырма беруге болады. Егер олардың зерттеуіне қаражат керек болса, бергеніңіз дұрыс.
- ***Ересектердің қадағалауы – тамаша тосқауыл.*** Ересек адамдардың бақылауындағы жасөспірімдер өзіне зиян келтіре алмайды. Олардың түн ортасында қыдыруына және ата-анасы сыртқа көңіл көтеруге шыққанда үйде балалардың жалғыз қалуына жол бермеңіз. Ата-аналар мүмкіндігінше отбасымен барлығы бірге қыдыруды әдетке айналдырып, үйдің ішінде және сыртында да бірге көбірек уақыт өткізуді жоспарлауы керек. Сонымен қатар, жасөспірімдерге берілетін ақшаның шамадан тыс көп болуы олар-

ды бұзады және заңсыз түрде есірткі сатып алуына итермелейді.

- ***Ата-аналарға балаларының бөлмесін тексеріп тұруы керек.*** Ата-аналар балаларының жеке шекараға деген қажеттілігін толық түсінеді. Ата-аналар «Мен мұны сенің қамың үшін жасап жатырмын» деудің орнына «Мен сенің қауіпсіздігің мен амандығың үшін жауаптымын» дегені жөн. Бұл ешқандай да жеке шекараны бұзу емес, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары. Сондай-ақ, балалардың қалталарын, сөмкелерін және әмияндарын олардың хабарынсыз арасында тексеріп тұру керек.
- ***Балалардағы құпиялықтың көп болуы оларға кері әсер беруі мүмкін.*** Олардың жатын бөлмелерінде теледидар, телефон немесе ғаламторы бар компьютерлердің болуына жол бермеу керек. Alcohol Concern (2009-шы жыл) қауымдастығы Ұлыбританиядағы 11-13 жас аралығындағы жасөспірімдердің ішімдік ішу деңгейі айтарлықтай өскенін көрсетті.
- ***Бала өз жолдастарын дұрыс таңдау қажет.*** Ата-ана өз баласына қоршаған ортасынан, туған-туыстар және көршілер арасынан дұрыс дос таңдауы керек. Ата-аналар балаларына жақсы жолдас табуына көмектесуі керек; бұл үлкен күш салу керек жұмыс.

Кейде барлық осы алдын алу шараларына қарамастан, бірінің қызы немесе баласы есірткі тұтыну жағдайларына түсіп жатады. Дүрлікпеңіз. Жүрегіңіздің ауруы, ашу-ыза және қайғы-қасіретке салынуыңыз мүмкін. Кәсіби түрдегі кеңес берулер ата-анаға мәселенің шешімін табуға көмектеседі. Ата-аналардың өз сезімдерін бақылауда ұстауы және жағдайды дұрыс түсінуі маңызды. Көптеген жағдайларда толық немесе ішінара емдеуді жасауда кәсіби көмек көп үлесін тигізеді, қарастырылатын емдеу және ықпал ету мәселелері де қисындық қадамдар арқылы болады. Ата-аналардың отбасында нашақор бар деген жаладан немесе заңды зардаптардан қорқу салдарынан қоғамнан жасырынуы немесе көмекке жүгінбеуі қателік. Қатты ашуға булықпау үшін ата-аналар жағдайды өздерінің баласы емес, досының баласы кеңес сұрап келді деп елестетуі керек. Бұл байыпты түрде және сезімді тұрақсыздықсыз шешім қабылдауға мүмкіндік беретін пайдалы әдіс. Бұл қиын жағдайларда ешкім де жалғыз емес, өйткені миллиондаған отбасылар да дәл осындай қиындықты бастан кешуде.

Ата-аналар төмендегілерді балаларымен талқылауы керек:

1. Арақ күнәлардың ең үлкені, барлық жамандықтың, барлық күнәнің анасы

Осман Ибн Әффән (р.а.) мастыққа шалдықтыратын заттардың зияны туралы оқиғаны былай баяндайды: Бірде бір адамды бес күнәнің біреуін таңдауға мәжбүрлейді: Құранды жырту, баланы өлтіру, пұтқа табыну, ішімдік ішу және бөтен әйелмен ұйықтау (зина). Ол бұл күнәлардың ішіндегі ең кішісі арақ ішу деп ойлайды. Ол ішімдікті ішкеннен кейін есін білмей әйелмен де жақындасады, баланы да өлтіреді, Құранды жыртып, пұтқа құлшылық жасайды. Шығатын қорытынды: Ішімдік барлық күнәнің бастауы және анасы.

2. Кокаин ұрыққа зиян тигізеді

1980 жылдардың ортасында АҚШ-та кокаин эпидемиясы етек алды. Педиатрлар кокаин тұтынған жүкті әйелдерден туған нәрестелердің басқа сәбилерге ұқсамайтынын байқады. Олардың салмағы аз болатын, қалтырап, тынышы кететін, құшақтау немесе жақындаудан жасқанатын, кішкене дыбыстан шошитын. Мектеп жасына жақындаған кезде олардың көпшілігі бір орында отыра алмайтын немесе өздерінің сүйікті іс-әрекеттеріне де зейін қойып тыңдай алмайтын күйге шалдығады. Мұндай сәбилер адасқан ұрпақ көрінісіне айналар еді. (Бегли 1998)

3. Барлық бала бейкүнә жан емес

1987-ші жылы MYNA (Солтүстік Америка мұсылман жастары) президенті Вирджиния штатының Херндон қаласының полиция басшысын Херндондағы IIIT (Халықаралық Ислам ойы институты) аудиториясында ішімдік ішуді алдын алу бойынша семинар өткізуге шақырды. Полиция басшысы мына оқиғаны баяндап берді:

«Маған ауданда құнды заттардың қолды болғаны жайлы көптеген шағымдар түсті. Мен 14 жастағы бір баладан күдіктеніп, оның ата-анасына баланың бөлмесін тінту туралы бұйрықты алып бардым. Ата-анасы бірден қарсы келіп: «Біздің ұлымыз ондайға бармайды; ол өте тәртіпті» деді. Сонда мен «Оның бөлмесін тексеріп көрдіңіз бе?» деп сұрадым. Олар: «Жоқ, тексеріп көрмедік. Ол үнемі бұл оның жеке бөлмесі екенін айтып, бізге кіруге рұқсат бермейді және үнемі құлыптаулы ұстайды» деді. Бөлмеге кіргенімде жоғалған құнды заттарды таптым: теледидарлар, фотоаппараттар, магнитофондар, сағаттар және зергерлік бұйымдар. «Бұл оның жеке бөлмесі болғанымен, үй сізге тиесілі, бөлмеге кіруге құқығыңыз бар және баланың бөлмесін жиі тексеріп тұру сіздің міндетіңіз!»

Сіздің балаңызда осындай жағдай орын алуы мүмкін бе? Егерде полиция басшысының ұсыныстарын орындасаңыз, бұл жағдай орын алмайды.

МАСКҮНЕМ АДАМНЫҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ КЕҢЕСІ

Бір шөлмек сыра тым көп болып көрінгенімен, бір бөшке сыра жеткіліксіз болуы мүмкін. Ешқашан ішімдік ішпеңіз; тіпті, бір шөлмек болсада. Ол жолға түскеннен кейін бір бөшке сыраға тоймайынша қоймайтын хәлге душар боласыз. Содан кейін, сіз әсері күштірек қауіпті есірткілерге көше бастайсыз.

ТӘУЕЛДІЛІК ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ҮЙ БАЙЛАНЫСЫ

Ата-аналар өздеріне: «Біздің баламызбен қарым-қатынасымыз дұрыс па?» әлде арамыз алшақтап кетті ме?» деген сұрақтарды қоюы керек. Салауатты қарым-қатынасқа балаңызбен көрісуге ынтық болу, оларды көргендегі бақыттан жүзіңіздің бал-бұл жайнауы және керісінше балаларыңызды сізді көргендегі осы сезімдерді сезінуі жатады. Адамдар өзгелермен тығыз байланысты сезгенде, оларға жақын болып, өз ойларымен бөлісіп, сөйлескеннен ерекше рақат сезімін алады. Адамдардың өзгелермен байланысын үзіп, өздерін жалғыз сезінгенінде ішімдікке және есірткіге тәуелді бола бастайды. Құрама Штаттарында алпыс миллионнан астам ішімдік әсерінен зардап шегеді. Ол ата-аналардың балаларымен бірге ойнауға, сөйлесуге және ақылдасуға зауқы жоқ. Ата-анасы ажырасқанда, ішімдік, есірткі және темекі сияқты зиянды заттар балалардың қалауын басады. Олар өздеріне рақат пен ләззат сыйлайтын нәрсемен байланыс орната бастайды.

Адамдар байланыс орнатуды және туыстарына жақын болуды үйренуі керек. Әртүрлі тәжірибелерді бастан өткеру және қиындықпен бірге күресу арқылы отбасы мүшелері бір-біріне жақынырақ және қарым-қатынастары берік бола бастайды. Балаларын үнемі бақылау және қажет болған жағдайда олардың істеріне араласу ата-ананың жауапкершілігіне жатады. Бұл – үздіксіз және демалыссыз болатын үдеріс. Мұны арбаны тауға қарай ақырын итергенге теңеуге болады, егер итеруді тоқтатсаң ол төмен қарай құлдилайды.

Егер балалары сауық кешке баратын болса, ата-аналар бұл кештерде не болып жатқанынан толық хабардар болуы керек. Балалардың мектепте, одан тыс жерлерде ішімдік ішкені мен есірткі қолданғаны жайлы діни жастар топтарына, саздық топтарға, мұғалімдерге, мектеп кеңесшілеріне, дәрігерлерге және полиция қызметкерлеріне хабарлағанын ата-аналар білсе қатты үрейленеді! Ата-аналар балаларымыз сенімді қолда деп ойлап, өз жауапкершілігінен бас тарта алмай-

ды. Құр сенімнің болуы жеткіліксіз – оларды үнемі тексеру керек.

Ата-ана бала күтушісі жайлы ақпараттарды да білуі керек. Олар сіздің дәрілер тұратын сөреңіздің ұйықтатын дәріні алып, балаға беріп, өздері демалып уақыт өткізуі мүмкін. Әдетте, ең жақсы «бала күтушілер» сүйіспеншілік пен махаббатын төгетін ата-әжелер.

Ата-аналары темекі шексе баланың оған құмарту ықтималдығы қанша? Есірткі пайдаланса ше?

Болған оқиға ізімен!

Бұрын ата-анам шылым шеккенімен, мен ешқашан оған жолаған емеспін. Неліктен дейсіз бе? Себебі, әкем маған жиі айтатын: «Балам мен бұл жаман әдеттің құрбанына айналдым, оны тастағым-ақ келеді, бірақ ерік-жігерім жетер емес. Бұл үлкен қателік менің денсаулығымды құртуда».

Шайыр (смола) мен қара пастаға толған қорқорды тазалап жатқанымда, әкем маған: «Балам, мына тазартып жатқан лас заттарыңның барлығын менің кеудемді толтырып жатыр!» – деді.

Ата-аналар жіберген қателіктерін мойындап, оның салдарын балаларына түсіндіруі керек. Бәлкім, балалар бұл жағдайлардан сабақ алып, ересектердің қателіктерін қайталамас. Бұл қағиданы кез келген жаман әдетке қолдануға болады: темекі шегу, ішімдік ішу, тым кеш тұру, түске дейін ұйықтау, көп тамақ жеу, тырнақ тістеу, қатты немесе тым көп сөйлеу, өзгелердің сөзін тыңдай алмау және көп ұйықтау. Алайда, ата-аналар балаларының өздеріне деген сенімі мен құрметін жоғалтып алмас үшін бойларындағы жаман әдеттерін түсіндіру үшін қолайлы жас пен жағдайды таңдауда мұқият болуы керек.

Балаларыңызға үлгі болу арқылы олармен дұрыс байланыс орнатыңыз. Ата-аналар темекі шегетін, ішімдік ішетін немесе есірткі қолданатын болса, балаларына не айту керек? Бұл жағдайда олар балаларына жақсы үлгі бола алмайды. Дегенмен, ата-аналар бұл жаман әдеттермен әуестеніп, өздерін тежей алмағанымен, тым болмағанда өзінің кемшілігін мойындай білуі керек. Балаларыңызға бұл заттардың зиянын түсіндіріп, олардан аулақ болуға кеңес беріңіз. Оларға маскүнемдік пен нашақорлықтың қандай қасірет екенін көрсетіңіз. Өтірікші немесе екі жүзді болу жағдайды одан әрі ушықтырады, себебі балалар өтірікші немесе екі жүзді болу қалыпты нәрсе деп түсінуі мүмкін.

КЕЙІНГІ КҮТІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ: ДІН АЛДЫН АЛУ ШАРАСЫ РЕТІНДЕ

Егер балаңыз уландырғыш заттардың құрбаны болса, емдеу орталығында алған терапия емдеудің тек бір бөлігі ғана; емнен кейінгі күтім келесі маңызды кезең болып табылады. Тиісті күтім болмаса, ата-ананың, баланың және емдеу орталықтарының жұмсаған күш-жігерлері босқа кетуі мүмкін. Кейінгі күтім жасау дегеніміз емдеу орталығында қол жеткізген прогрессті жалғастыру және осылайша ем алуды да қолдауға жатады.

Ата-аналарға бұл күтімді көрсету оңайға түспейді. Емдеу бағдарламасы қарқынды түрде болғаны және баланың жақсарғаны соншалық, ата-анасы оның қалайша бұл теріс жолға қайта түсетінін елестете алмауда. Дегенмен, ешнәрсеге қарамастан, емді жалғастыру өте маңызды! Олардың балаларына ата-ана тілін алмауға бір ғана ұрыс, дұрыс емес ортамен байланысқа түсу үшін бір ғана телефон қоңырауы және химиялық тәуелділікке қайта оралу үшін бір ғана жұтым, иіскеу немесе укол алу жеткілікті болатын күйде тұр. Кейінгі емдеу арқылы бұл күресте ата-аналар жеңеді не жеңіледі.

Скотт (1989-шы жыл) нашақорлықты емдеу орталықтарының әрдайым дерлік рухани «тылсым күштер» тұжырымдамасын қолдайтынын айтады. Олар жалпыға түсінікті-жантанудың Құдай туралы түсінікті жоққа шығаратынына қарамастан, мұны жасайды. Келесі жағдайларға ата-ана шұғыл назарын аударуы керек: егер олардың баласы өзіне-өзі қол жұмсауға бейім, өзін бақылауда ұстай алмайтын, басқаларға қауіп төндіретін, химиялық тәуелділіктерден кейін химиялық детоксикацияны (уытсыздандыруды) қажет ететін, оңалту бөлімдеріне жіберілсе немесе түзеу орындарында оқылатын болып жазаланса; немесе араласатын ортасы дұрыс болмаса. Егер ата-ана үкіметке баруға мәжбүр болса, баласын Алламен үнемі байланыста ұстау үшін олар апта сайын білікті діндармен кездесу ұйымдастырып тұруы керек.

ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚ

Уытты заттарды пайдалану, сайып келгенде, пайдаланушының заңды бұзуына және құқық бұзушыға айналуына әкелуі мүмкін. Құқық бұзушы – он жетіге толмаған, мінез-құлқы заң бойынша жазаланатын адам. Ата-аналардың көпшілігі балаларының түптің түбінде түрмеге түсулері мүмкін екендігіне сенбейді, бірақ бұл көпшілігінде кездесіп жатады. Ата-аналар балаларының бойында заңға деген құрметті қалыптастырған жағдайда, мұның алдын алуға болады. Егер ата-аналар жылдамдықты бұзса, қызыл түске өтсе, салықтан бұлтартса, кеден қызметкерлеріне өтірік айтса, кеңседен немесе зауыттан заттарды ұрласа, мектепке бармауы үшін балалары-

на жалған ақтаушы қағаздар ойлап тауып берсе, онда балалары заңның шынында да маңызды емес екендігін сезінеді. Егер ата-ана полицияға жау ретінде қараса, балалары да полицияны құрметтемейтін болады.

Кейбір келімсектер зайырлы заңдармен басқарылатын елде аз болып р, өмір сүріп жатқандықтан, бұл заңдарды бұзуға болады деген қате түсінікке ие. Бұл қате пікірді жоққа шығару үшін IIIT (Халықаралық ислами ой институты) сенімді өкілі Шейх Таһа Джәбир Әләлуәни былай дейді:

Адам шет елге кіргеннен кейін, ол негізінен сол мемлекеттің конституциясы мен заңдарына бағынамын деген «келісімшартқа» қол қояды. Қол қойғаннан кейін мұсылман Құран мен Пайғамбар (с.ғ.с.) бізге ашық түрде бұйырғандай, өзінің барлық келісімдері мен мәмілерін орындауы керек. Егер ол елдің заңдарын ұстанғысы келмесе, ол елге кіруден бас тартуы немесе оның заңдарына бағынғысы келмейтінін мәлімдеу керек, бұл жағдайда сот оны елден шығарып жібереді.

Егер азаматтарға белгілі бір заң ұнамаса, олар конституцияда егжей-тегжейлі жазылған демократиялық рәсімге сәйкес оны заңды түрде өзгерте алады. Ислам діні жеке адамның заңды өз қолына алуға және оны өз қалаулары бойынша қолдануға тыйым салады, себебі бұл бейберекетсіздікке, заңсыздыққа және әділетсіздікке әкелетіні сөзсіз. Сонымен бірге, мұсылман азаматтық заң негізінде белгіленбеді деген сылтаумен әділетсіздік жасай алмайды. Мұсылманға харам әрекет жасауды талап ететін заңға бағынуға болмайды. Заң әділетсіз болған кезде, бейбіт түрдегі азаматтық бағынбау – бұл Торо, Ганди және Мартин Лютер Кинг көрсеткендей, оны өзгерту тәсіліне жатады. Ал бұл тұлғалардан алдын Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) пұтқа табынушы құрайыш билеушілеріне қарсы шығып, өз халқын бейбіт және зорлық-зомбылықсыз Меккеге қажылыққа (hижрет) алып барды, нәтижесінде б.з. 630-шы жылы әл-худайбия келісімі пайда болды.

Баға жетпес байлық: сіздің дене̧із!

Бізде негізгі, жылжымалы және алмастырылмайтын мүліктердің түрі кездеседі. Соның ішінде, денеміз алмастырылмайтын (баға жетпес) мүлікке жатады. Көліктерді, үйлерді және жиһаздарды көп қылып сатып ала алатын болсақ та, бізде бір ғана дене бар және ол – Алланың бізге берген аманаты. Біз денемізді Жаратушы көрсеткен нұсқауға сай күтуіміз керек. Біздің рөліміз тек осындай құнды мүлік үшін Оның алдында есеп беретін сенімді тұлға болу. Бұл тазалық сақтау, дұрыс тамақтану, табиғи (денелік) жаттығу, ұйқы, уландырушы заттардан аулақ болу және некесіз жыныстық қатынас сияқты негізгі салаларға қатысты.

ТАПСЫРМАЛАР 34-37

34-ші тапсырма:
Медициналық тексеру кестесі

Отбасыңызбен бірге отырып, стоматологиялық емді қоса, тұрақты медициналық тексерулер кестесін жасаңыз. Кітапханашымен, мұғаліммен, медбикемен, дәрігермен немесе ауруханамен кеңесіңіз. Қорытынды кестенің көшірмесін отбасының барлық мүшесіне таратып беріңіз.

35-ші тапсырма:
Отбасылық дене шынықтыру жоспары

Балалармен отбасыдағы жаттығулардың барысын талқылаңыз. Содан кейін бүкіл отбасымен табиғи (денелік) жаттығулар жоспарын келісіп, тұрақты орындалатын жаттығулар кестесін жасаңыз. Жаттығулар санын біртіндеп және уақыт өте келе көбейтуге тырысыңыз. Көлікпен емес, жаяу серуендеңіз, кейде ыдысты ыдыс жуатын машинамен емес, ыдысты қолмен жуыңыз. Шынығатын жабдықтарды, спорт клубына абонементті және пайдалы тағамдарды сатып алу үшін бюджет қарастырылуы керек.

36-шы тапсырма:
Мағыналы тіркестер арқылы сәлемдесумен қарым-қатынасыңызды жақсартыңыз

Келесі жолы ата-аналар балаларын көрген кезде, үйреншікті «Сәлем! Не жаңалық? Қалың қалай?» деген тіркестердің орнына оларға деген алаңдаушылықты, махаббат пен қамқорлықты көрсететін мына тіркестерді қолданғаны жөн:

- Бүгіндікке пайдалы тамақ жедің бе?
- Жаттығу жасадың ба?
- Жақсы ұйықтадың ба?
- Ата-анаңа күлімдеп қарадың ба? Достарыңа ше?
- Бүгін қандай кітап оқыдың?
- Ата-анаңды сүйіп, құшақтап немесе қолын алып амандастың ба?
- Бүгін біреуге көмектестің бе?
- Қайырымды іс жасадың ба?
- Құлшылық жасадың ба?

Бұл тізімдегі барлық сұрақты қатарынан қоюдың қажеті жоқ; бірнешеуін сұрасаңыз да жеткілікті. Болып жатқан жағдайға байланысты кез келген мәселені қосыңыз.

37-ші тапсырма:
Ұйқы әдеттері

Балаларыңызға дұрыс ұйықтау және тамақтану тәртібін түсіндіріңіз:

> Ибн Мәджә былай дейді: «Пайғамбар (с.ғ.с.) мешітте ішпен ұйықтап жатқан кісінің қасынан өтіп бара жатты. Сонда Ол (с.ғ.с.) оны аяғымен түртіп, оятып: «Бұлайнан жатпа, себебі бұл Аллаh Тағала және Оның елшісі жек көретін істер қатарынан», – деді. Сол сияқты, Пайғамбар (с.ғ.с.) адамдарды жатып тамақ ішуден тыйған

12-ШІ ТАРАУ

Ер балалар мен қыз балаларды тәрбиелеу: Олар бір-бірінен ерекшеленеді ме?

КІРІСПЕ

Ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылықты талқылау маңызды және бұл олардың әртүрлі рөлдері мен қажеттіліктерін түсінуге көмектеседі. Бұл айырмашылықтар ерлі-зайыптылардың арасындағы қарым-қатынасқа тікелей әсер етумен қатар, ата-ана мен олардың ұл-қыздары арасындағы қарым-қатынасқа да өз әсерін тигізеді. Салауатты қарым-қатынас жыныстар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды өзара түсінуге негізделген. Ата-ананың ұлдар мен қыздар арасындағы айырмашылықтар туралы түсінігі балалардың келешек өмірдегі қарым-қатынасына әсер етеді. Ұғымдар мен ойлар сөзге айналады, сөз іс-әрекетке айналады, іс-әрекет әдетке айналады, әдеттер жеке тұлғаны қалыптастырады.

Бұл қай жыныс жақсырақ немесе маңыздырақ деген пікірталас емес, Құран және Пайғамбар (с.ғ.с.) бұл сұрақтың жауабын нақты былайша берді:

Әйелдердің күйеулерінің алдында міндеттері болғанындай, ер азаматтардың да әйелдерінің алдында заңды міндеттері бар.
(«Әл-Бақара» сүресі, 228-ші аят)

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді:
«Әйел – ер кісінің екінші жартысы». (Ахмад)

Осылайша, ол (с.ғ.с.) ерлер мен әйелдерді қарама-қарсы немесе бәсекелес ретінде емес, әртүрлі, дегенмен бірін-бірі толықтыратын рөлдерді атқаратындай тең дәрежеге қойды.

ЕРЕКШЕ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР: ҚИСЫН ЖӘНЕ ЖАН ТОЛҒАНЫСТАР

Смолли (1995-ші жыл) ерлер мен әйелдер арасындағы кейбір айырмашылықтарды айта кетеді:

- Әйелдердің (XX хромосомалары) иммундық жүйесі ерлердікіне (XY хромосомалар) қарағанда күштірек.
- Ерлерде әйелдерге қарағанда эритроциттер көп болады, сол себепті олардың қуаты көбірек.
- Ерлердің бұлшықеттері мықтырақ, бас сүйегі ірі және терісі әйелдерге қарағанда қалың болып келеді.

Ерлер мен әйелдердің 80%-ға жуығы осы үлгіні ұстанады: әйелдер мидың екі бөлігінде, ал ерлер болса негізінен мидың сол жақ бөлігін пайдаланады. Әйелдер ерлерге қарағанда қырағы келеді, себебі олар көбірек естиді және сезінеді. Бір зерттеуде компьютер экранында хабарлама пайда болды. Әйелдер көргенін жаза білсе, ер адамдар бір-бірінен: «Сен оқып үлгердің бе? Мен үлгермедім» деп жатты.

Жалпы ерлер қисын, кеңістіктік қабілет, жаулап алу, дәріс оқу, бухгалтерлік есеп пен инженерияға жауап беретін мидың сол жақ жарты шарын пайдалануды жөн көреді. Ал әйелдер болса сезімдерге, жан толғаныстарға, өнерге, поэзияға, махаббатқа, сазға және сөйлеу қабілеттеріне жауап беретін мидың он жарты шарын пайдалануды таңдайды, алайда олар сол жақ жарты шарды да қолдана алады. Әйелдерде ашушаңдық аз кездеседі, ал ерлер дауласқанға бейім, мақтаншақ және бала кезінен жаңа нәрсені үйренуі қиын болады. Ерлерге карталармен жұмыс істеу қиынға соқпайды, себебі оларда кеңістіктік ойлау қабілеті шыныққан.

Екеуінің де миды толық пайдаланатынына қарамастан, ақыл-ой қабілеттері «әйелдердің» миына қарағанда «ерлерде» көбірек шоғырланған. Сонымен қатар, мидың қай жағын таңдайтынына байланысты әртүрлі болып келуі мүмкін (шығармашылыққа жақын ерлер мидың оң жағын, ал ғылым-білімге жақын ерлер мидың сол жағын таңдайды. (Барон-Коэн 2002; Гилмартин және т.б., 1984-ші жыл)

Ерлер мен әйелдер мидың екі жағын да қолдана алады, егер оны жаттықтырып, қалай жасалатынын білсе. Грей (2003-ші жыл) ер адамдар шешім қабылдауды, жеңіске жетуді, мәселенің шешімін табуды және жетістікке жеткенді ұнатады деп мәлімдейді. Әйелдер өз сезімдерін білдіруді, мәселелерді талқылауды және оларды шынайы ықыласпен тыңдайтындарды бағалайды, осы себепті оларға махаббат пен қорғау көрсету керек. Ер адамдар мәнбілерді анықтауға және жеткізуге бейім, ал әйелдер болса сезімдері мен жан толғаныстарын білдіруге бейім. Бір зерттеуде жас американдық ұлдар мен қыздардан айтқысы келетін кез келген сөздерді айтуын сұрады. Барлық қыздар күнделікті ауызекі сөздерге қатысты бірдеңе айтты, ал ұлдардың 60 пайызы болса сөздің орнына жай ғана дыбыс шығарды. Орта есеппен американ-

дық ер азамат күніне шамамен 12 000 сөз сөйлейді, ал әйел кісі болса күніне 25 000 сөз сөйлейді екен. Тіпті, ерін бұлшықеттері туылған кезде ұлдарға қарағанда қыздарды көбірек қозғалады. (Эллиот, 2009-шы жыл)

Ер адамдар мәселе туындаған кезде дереу шешім қабылдауға бейім. Әйелі күйеуіне шағымданған кезде, ол бірден шешім ұсынуға тырысады. Әйелдер, керісінше, жанашырлық пен сүйіспеншілік сыйлағанды ұнатады.

Ер адамдар нысанды және ұтымды ойлануға үйретілсе, әйел адамдар жеке тұлға болып қалыптасуға үйретіледі. Егер ер адам баскетбол ойынын көріп отырса, оған ойыншылардың өмірі туралы ақпарат қызық емес. Ал әйел адамдар болса ойыншылардың есімдері мен олардың отбасылары жайлы білсе, ойынды көруге көбірек қызығушылық танытады. Әйелдер ерлерге қарағанда қарым-қатынасқа көбірек көңіл бөлуге бейімделген.

Ерлер белгілі бір дәрежеде өздерін қоршаған ортадан алшақтауды үйренеді. Әйелдер өздерінің дара болмысын өздері білетін адамдардан және қоршаған ортадан алады. Әйел адам өзін үйінен, бала-шағасынан және жұмысынан бөлек алып қарай алмайды. Егер ол ыдыс жууды ұмытып кетсе, онда ол қайтып барып, оны жуу әдістерін ойластырады. Әйел адам үшін оның үйі өміріндегі маңызды бөлік болып табылады. Ер адамның өз үйіне деген көзқарасы басқаша, өйткені ол үшін үй негізінен демалыс орны болып табылады және ыдыс-аяқты уақтылы жуу оның басты мақсаты емес. Ер адамдар қарым-қатынастағы жалпы мәліметтерді есте сақтауға бейім болса, әйелдер үйлену тойының бірінші жылдығында не кигені және не жегені сияқты егжей-тегжейлі мәліметтерге көбірек көңіл бөледі.

Әйелдер қарым-қатынастың берік болуына ұмтылады және ер адамдарға қарағанда қарым-қатынастағы құлдырау кезеңдерін тани алады. Кейбір зерттеушілер ерлі-зайыптылардан өздеріне келесі сұрақтарды қоюын сұрады: 0-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша біздің қарым-қатынасымыз қандай? Қарым-қатынасымызды 10 деген ұпайға жақындату үшін не істеуіміз керек?

Ер адамдар бірінші сұраққа әйелдерге қарағанда екі ұпайға жоғары жауап береді, ал әйел адамдар қарым-қатынастарының сапасын дәлірек бағалайды.

Ер адамдарға өздеріне деген сенімділік пен қолдау қажет, бұл

әйелдері жиі мақтаған кезде және сынға алудан аулақ болған кезде (егер өзі сұрамаса) туындайды.

Әйел адамдарға балаларына дұрыс күтім жасауы үшін көбірек сезімді энергия қажет. Бала күтімінде әйел адамдар, ерлерге қарағанда, шыдамдырақ келеді. Бір әке 4 жасар баласымен бір күн уақыт өткізген. Ол баласын күні бойын тәртіпке салған болса, баланың үздіксіз жасаған бұзақылығы үшін жаза жеткіліксіз болады деп қорытындылаған. Аналардың баланы жазалау туралы мұндай ауыр сөздерді айтуы екіталай.

Көптеген ер азаматтарды бірінші орынға өздерінің тартымдылықтарын емес, тұрақты қаржылық жағдайын қоюды үйрету арқылы тәрбиелейді. Әйелдерді қаржылық жағдайға емес, өздерінің сұлулықтарына назар аударатындай етіп тәрбиелейді. Әйелдер ер адамның көңілін аулау үшін және оларға отбасын асырау жауапкершілігін жүктеу үшін сұлу болу керектігі айтылады.

Гур және т.б. (1999-шы жыл) әйелдердің миы біршама жоғары температурада жұмыс істейтінін, қанның айналымының көп болатынын және жалпы зарядты біршама жоғары ұстайтынын көрсетті. Қыздар ұлдарға қарағанда тезірек жетіледі, мысалы, олар ерте жасында сөйлейді және жүруді де ұлдардан бұрын бастайды. Әйелдер мен ерлердің миы әртүрлі бағытта дамитын көрінеді, бірақ мұның не себепті екені белгісіз. Бұл айырмашылықтар тұрақты емес, себебі жасқа байланысты алшақтықтар ұлғаюы немесе қысқаруы мүмкін. Жас қыз жас балаға қарағанда сөзге шебер келуі мүмкін, бірақ жылдар өткеннен кейін ол қызды қуып жете алады.

Нейрондық бейнелеу зерттеулері биологиялық айырмашылық мінез-құлықтың белгілі бір түрін

Сезімді тұрғыда ер адамға әйелімен байланыс орнату қиын соғады, ал әйелге бұл оңайырақ болады. Бұл ішінара адам жаратылысына және ішінара тәрбие мен алған біліміне байланысты болуы мүмкін. Әйелдер, ерлерге қарағанда, жақын достық қарым-қатынас орнатуға шебер.

Доктор Уоррен оған жаңа клиент келгенде: «Сіздің үш жақын досыңыз кім?» деген сұрақты қояды. Егер клиент әйел кісі болса, жауап тез және ол үштен көп досын еркін сипаттай алады және достарының тізімін үшке дейін қысқартуға қиналады. Егер клиент ер кісі болса, үнсіздік орнап, артынша: «Жақын дос деу арқылы нені меңзейсіз?» деген сұрақ қойылады.

Көптеген ер адамдар жақын достық қарым-қатынас құруға қабілетті емес. Олар бірге уақыт өткізуді, аң аулауды немесе балық аулауды ұнатады. Бірақ олар «жақын» достар болып табылады ма? Мұны «жақын» достық деуге келеді ме? (Вольгемут, 1996-шы жыл)

болжайтынын көрсетеді. Ерлер табиғи (денелік) түрде, ал әйелдер сөйлеу арқылы ауызша соққы береді және бұл адамдардың әдетте қалай әрекет ететіндігінің көрінісі болып табылады. Мұндай жағдайларда мінез-құлықты басқаратын мәдениет емес, биология деп қорытынды жасауға болады. Дегенмен, табылған функционалдық айырмашылықтар бізге биология сияқты мәдениет туралы да көп нәрсе айта алады. Біздің миымыз, әртүрлі түрде қолданса, та, негізінен бірдей. Егер біз екі миды қатар қойсақ, олар бірдей көрінеді және айырмашылықтарды табу үшін өте мұқият іздену керек болады. Бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі мүшелер деп болжау үшін табылған қарама-қайшылықтар тым аз және әлі де жұмбақ. Адамдар кейбір нәрселерді әртүрлі жолдармен жасайтынына қарамастан, ерлер мен әйелдердің негізгі мінез-құлық үлгілері бірдей.

ӘСЕРШІЛ БАЙЛАНЫС

Сезімді байланыс таптаурындар мен құттықтау хаттарының тақырыбына айналды: әйелдер міндеттерді жүктеуге, ал ерлер одан қашуға тырысады; әйелдер өз сезімдері жайлы айтса, ал ерлер тақырыпты футбол ойынына ауыстырады; әйелдер өз жан толғаныстарымен достарымен бөліседі, ал ерлер үшін өз жан толғаныстарымен бөлісу жат қылық болып көрінеді. Бұл қабылдау мәселесіне қатысты ма? Ал егер солай болса, бұл қабылдау қайдан бастау алады?

Тәуліктік сәбилердің сезімді жауап қайтарулары үйренгеніне немесе әлеуметтенуге байланысты емес. Нәрестелер дыбыстарды – басқа сәбилердің жылағанын, жануарлардың шақыруларын, компьютер арқылы жасалған қатты дауыстарды – оларға қиындыққа тап болған басқа адамның дауысы қатты әсер етті. (Кассиди, 1999-шы жыл) Алайда, өзгелердің қиналған дауыстарына ең көп назарын аударған кішкентай қыз балалар болды – бұл өзгелерге жанашырлығы олардың бойында өмір бойында қалады. Ұлдар мен қыздар да бір-бірінің қайғысына ортақтаса білгенімен, қыздар өмірінің алғашқы күнінен бастап өзгенің уайымына ортақ болуға көбірек бейім болып келеді. Әйел кісілер өзгелерге әсер етіп жатқан ашу тудыратын жайттар өздеріне әсер еткенде, қандай күйде болатынын жақсырақ елестете алады. Әйелдер ұзақ уақыт бойы қамқорлықтың алғашқы нышанына – нәрестені қоршаған әлемнен қорғайтын алғашқы қорғанысы – өзгелердің қажеттіліктерін өтеу үшін бағытталған.

СЕЗІМДЕР

Сондықтан әйелдердің осындай нәзік сезімдерге ие болуы таңқаларлық жайт емес. Әйелдердің ерлерге қарағанда иіс сезу қабілетті күштірек (әсіресе, овуляция кезінде) және сезімтал келеді. Бір-бірімен жанасу арқылы қарым-қатынас ор-

нату қабілеті баланың сау болып өсуі үшін өте маңызды. Шала туылған нәрестелерді қолда көп ұста, тіпті жай ғана еркелетіп сипаласа, олар тез өсіп, жетіледі. Олар жалғыз қалған нәрестелерге қарағанда 47 пайызға тез салмақ қосады, тіпті екеуіне бірдей мөлшерде тамақ берілсе де. (Додд, 2005-ші жыл)

Аналардың дауыстары нәрестелердің сезімталдығы мен қажеттіліктерімен жарасым табады. Нәрестелерге таспаға жазылған дауыстарды ойнатқаннан кейін олардың әйел адамдар ересектер үшін пайдаланатын дыбыстарына қарағанда әйелдің жоғары нота-лық дыбыстарын тез қабылдайтыны анықталды. Сонымен қатар, нәрестенің жүрегі ана дауысының ерекше әуенін естіген сайын баяу соғады, тынышталады және орнықты күйге енеді. Ананың балаға беретін жайлылығы ана құрсағында болатын дамуға байланысты негізгі, биологиялық және үздіксіз болып көрінеді. Ерлер мен әйелдер арасындағы сезімдік айырмашылықтар ана мен баланың тоғысуынан басталады – екі жүректің оқиғасынан.

ЖАҒДАЙЫ

Мәртебеге ие болу, қыз балаларға қарағанда, ұл балаларда ерте пайда болады. Жалпы, қыздар үшін «бірінші болудың» маңызы азырақ, кейбір ерекшеліктерді қоспағанда. Балалар ойынының әдеттегі зерттеуі бір жыныстағы балалар топтарының «дәрігер» ойынын қалай ойнағанын зерттеу арқылы бұл мәселені көрсетеді. Ұлдардың барлығы өзгелерге не істеу керектігін бұйыру үшін – дәрігер болғылары келеді. Олар бұл үшін ұзақ уақыт дауласады. Ал қыздар болса кімнің дәрігер болғысы келетінін сұрайды. Кейіннен олар келісе отыра дәрігердің, медбикенің және пациенттің рөлдерін бөлісіп алады.

Ұл балалар, қыздар сияқты емес, жеңімпаздары айқын болатын ойындарды ұнатады. Олар сондай-ақ ойындардың нәтижесі туралы туындаған қарама-қайшылықтарға байсалды түрде қарайды. Қыздардың ойындары ұлдарға қарағанда қысқарақ келеді. Ұлдар ойыннан кейін кімнің не істегенін, кімде қандай мүмкіндік болғаны жайлы айтысады және олардың ойыны бұл даумен бітпейді. Алайда, қыздардың өздері үнемі ұрыс-керіс олардың ойындарына кедергі келтіретініне шағымданды. Ұлдар қыздарға қарағанда келіспеушіліктерді оңай шешеді; ал қыздар қақтығыстарды сезімді түрде қатты қабылдайды. Кейбіреулер бұл қыздардың сезімді болуын қолдап, ұлдардың өз жан толғаныстарын көрсетуге мүмкіндік бермейтін мәдениеттің нәтижесі болуы мүмкін деп санайды.

Дегенмен, қанша бөліп қарауға тырысқанымызбен, биология мен мәдениет бір-бірін теріске шығаратын ұғымдар емес. Олар бір-бірін теріске шығара алмайды да. Табиғат пен тәрбиенің рөлі туралы сұрақтарымыз бірінің әсерінен екіншісі қуат алатын шеңберді құрайды. Бұл шеңберде биология алғашқы нүкте ретінде маңызды рөлді атқарады. Ал шеңбердің қай жерде басталатынын қалай анықтауға болады?

БЕТ ӘЛПЕТІНІҢ ӨЗГЕРІСІ

Әйелдер бет қимылдарын түсінуде, ерлерге қарағанда әлдеқайда шебер келеді. Әйелдер ерлерге қарағанда жиі күледі, ал ерлер болса әйелдердің күлкісінің себепкері болғысы келеді. Кейбіреулер мұның екі жыныс арасындағы үстемдік пен мойынсұнушылық қарым-қатынасқа негізделген өткенге байланысты болуы мүмкін деп санайды. Сонымен қатар, әйелдер бейсезімдік қимылдарын (мысалы, дене тілі және бет қимылдары) ерлерге қарағанда жақсырақ түсінеді. Бет-әлпеттің фотосуреттерін зерттеу барысында, ерлер мен әйелдер де басқа адамның бақытты күйін анықтауға бірдей қабілетті екенін анықталды. Сонымен қатар, әйел адамдар кез келген адамның жүзіндегі мұңды 90 пайыздай дәлдікпен оңай оқи алады. Ал ер адамдар бөтен адамның жүзіндегі мұңды шамамен 90% дәл оқыды, бірақ әйелдердің бет-әлпетіне қарағандағы нәтиженің тек 70% дұрыс болды. Ер адамдардың байқауы үшін әйелдер адамдардың жүзі өте мұңды болуы керек, олар жасырынған нәзік сезімдерді түсінуге қабілетті бола бермейді.

ЕР БАЛАЛАР МЕН ҚЫЗ БАЛАЛАРДЫҢ МӘДЕНИ ТАПТАУРЫНДАРЫ

Кейбір адамдар біздің жаратылысымыздың шындығын қате түрде түсінеді. Балабақшадағы ескі тақпақта қыздардың «қанттан, тәттіден тек жақсыдан», ал балалардың «шырыштан, ұлудан және иттің құйрығынан» жасалатынын айтады. Сонда бес жасар бала ашуланып: Неліктен қыздар тек жақсы нәрселерден тұрады? Ал ұлдар болса, ұлу секілді бау-бақша зиянкестері мен иттердің дене мүшелерінен құралатыны айтады.

Кейбір зерттеушілер ұл балаларға көбірек көңіл бөлу керектігін айтады, себебі балаға деген сүйіспеншілік мидағы жыныстық гормон деңгейін өзгертіп, мидың дамуына әсер етеді. Ерлер мен әйелдердің көптеген зерттеулері некедегі сүйіспеншілік пен қолдаудың, жүрек ауруы мен қатерлік ісік сияқты қауіпті аурулардың да бетін қайтара алатынын көрсетті. Тіпті ерлі-зайыптылардың арасындағы кішігірім кикілжіннің өзі иммундық жүйеге әсер етеді және бұл ұрыстан кейін ерлі-зайыптылардың суық тию немесе тұмау жұқтыру ықтималдығы жоғары болады. Жұбайы қайтыс болған жағдайда, екінші адамның иммундық жүйесі төрт айдан он төрт айға дейін күйзелісте болады.

Құран сүрелерінің неліктен «Аса қамқор және Ерекше мейірімді Алланың атымен басталатыны» жайлы ойланып көрдіңіз бе? Бәлкім, бұл ата-аналардың балаларына мейірімді болу керектігін нұсқайтын белгі болар?

ҚАЙҒЫ

Ешкім ешқашан жалғыздық пен қайғыны жандық және табиғи (денелік) денсаулыққа пайдалы деп тапқан емес. Әйел адамдар қайғыны ерлерге қарағанда басқаша бастан кешіреді. Бұл неліктен ерлі-зайыптылардың баласынан айырылған кезде қайғыны әртүрлі түрде бастан өткеретінін түсіндіреді (ерлер әдетте жалғыз қалуға тырысады, ал әйел кісілер барлығымен қайғысын бөлісіп, жылайды). Дегенмен, біз әйелдердің барлығын жақсы сезімді коммуникатор немесе ерлердің барлығын «қайғы келсе қайырылмай, қасқайып қарсы тұрады» дей алмаймыз. Ғылым біздің кім екеніміздің барлық қырларын анықтай алмайтын кездер де болады.

ЖЫНЫСТЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР

Кейбір әйел кісілерден «Егер күйеуіңізбен ұзақ уақыт бойына жыныстық қатынас болмаса, өзіңізді қалай сезінер едіңіз» деп сұрағанда, көпшілігі ештеңенің өзгермейтінін, оларға тек құшақтау мен сүюдің жеткілікті екенін айтты. Ал ер адамдар әйелдерімен жыныстық қатынасқа түсе алмаса, өздерін жаман сезінетінін айтты. (Фишер және басқалар, 2012)

Жыныстық жағынан әйелдер ерлерге қарағанда күштірек келеді. Олар ұзақ уақыт бойы жыныстық қатынассыз жүре алады және әдетте ләззат алулары үшін оларды құшақтау қажет болады. Ерлерге ұзақ уақыт жыныстық қатынасқа түспеу қиынға соғады. Бір ауыз сөз ер адамның жыныстық қозуы мен эрекциясын тудыруы мүмкін. Әйелдер жыныстық қозуды сезінбестен қатынасқа түсе алады, ал ерлер үшін ол қозуды сезіну маңызды болып табылады.

Америка Құрама Штаттарындағы әрбір орташа ер адам бірнеше минут сайын жыныстық қатынас

туралы ойлауы мүмкін. Ер адамдар өздерінің жыныстық құштарлықтарын бақылауда әлсіз болғандықтан, көздерін төмен түсіреді. Жыныстық қатынас маңызды әрекет, ал балалар оның салдарына жатады. Жыныстық қарым-қатынастарды реттеу салауатты қоғам үшін ақылақтық, жандық және әлеуметтік тұрғыдан маңызды болып табылады.

ЖЫНЫСТЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРДЫҢ ДАНАЛЫҒЫ: АРТЫҚШЫЛЫҚ ЕМЕС, РӨЛДЕР

Әйел балаларын кез келген қауіптен оңай қорғай алатындай етіп жаратылған және әдетте сезімтал және сезімді болуға бейім. Бұл жануарлар әлемінде де айқын байқалады. Ана мысық өзінің марғауларын қорғайды және оларды тышқандардың жеп қоймаулары үшін барлық аталықтардан және басқа мысықтардан, соның ішінде әкесінен де жасырады. Жүктілік кезінде нәрестелерді босануға, тамақтандыруға және қорғауға көмектесетін арнайы гормондар бөлінеді.

Ай сайынғы етеккір, жүктілік, босану және емізу кезінде әйелдер тәуелділік күйінде көбірек болады. Сол себепті, бұл кезеңдерде әйелдерге көбірек көңіл бөліп, қамқорлық таныту керек. Миллиондаған әйел кісілер етеккір кезіндегі жайсыздыққа шағымданады. Бұл ауырсынулар бірнеше күнге созылуы мүмкін және ауырсыну деңгейі жеңілден қаттыға дейін өзгеруі мүмкін. Ауырсыну белгілеріне: іштің кебуі, түйілуі, кеуденің ауыруы, етеккір кезіндегі бас ауруы, құйылып немесе ұзақ уақыт қан кету, көңіл-күйдің өзгеруі және шаршау жатады.

Ер адам әйелге және балаларына қызмет көрсетуге жауапты болу үшін жыныстық жағынан әйелдерге тартылады. Ол өзінің және олардың ұрпақтарының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жомарт болуы керек, ал анасы өзін және сәбилерінің күнкөрісі туралы көбірек ойлауы керек. Ерлерде ай сайынғы етеккір, жүктілік, босану, емізу сияқты ауыртпалықтар жоқ. Осылайша, ол жақсы табыс пен отбасылық қажеттіліктерді қамтамсыз етуге өзінің назарын көбірек сала алады.

Ерлер мен әйелдер табиғатындағы қосымша айырмашылықтарды Исламдағы отбасы заңдары мен ұйғарымдары түсіндіріп бере алады. Олардың ерекше жыныстық табиғаты «әурет – адамның ұят жерлері» ұғымында көрініс табады. Ер адамның ұятты жерлері кіндік пен тізе арасы болып табылады, сондықтан ол ауыр табиғи (денелік) жұмысты кедергісіз және шектеусіз жасай алады. Сонымен қатар, оның денесінің ашық бөліктері әйелдерді ғашық қылдырып, ақыл-есін жоғалтатындай еліктермеуі керек. Әйелдермен барлығы керісінше болады. Әйелдің бүкіл денесі дерлік ер адамдар үшін тартымды және арбайтын болып келеді. Ерлер әйел денесінің тартымды

сыртқы бейнесіне тез арбалынады; демек, оның бүкіл денесі бет, қол және аяқтардан басқасы әурет жерлеріне жатады. Әдетте, әйелдерге өз денесін еркектерге көрсетудің еш қажеттілігі жоқ. Беттің ашық болуы мүлдем басқа мәселеге жатады. Бет-әлпеттің өзіндік атқаратын функциялары мен әсерлері болады және ол әйелдің жеке тұлға екенін көрсетудің бір белгісі. Бұл нақты және егжей-тегжейлі құрастырылған «әурет» ұғымы отбасы үшін берік қорғаныс және отбасы мен қоғамды бұзатын азғындықтан тиімді сақтандыру болып табылады. Алайда ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынаста Құранда түсіндірілгендей, бір-біріне денелерін көрсетуде шектеу қойылмайды.

Олар сендер үшін (сендерді бүркейтін, күнәдан тыятын, жан мен тән рақатына бөлейтін һәм көрікті қылатын) киім (іспетті), сендер де олар үшін дәл сондай киім (секілдісіңдер) («Әл-Бақара» сүресі, 187)

Қоғамның тең мүшесі ретінде, ерлер мен әйелдер бірдей құқыққа ие, алайда жандық және физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі және бірін-бірі толықтыратын рөлдерге ие. Отбасы – бұл тиімді жұмыс жасайтын және барлық отбасы мүшелеріне пайда әкелетін ерекше адами институт.

20 және 40 жас аралығындағы әйел кісі – отбасының негізі. Олар отбасыдағы тыныштық пен жайлылықты қамтамасыз ете алатындай нәзіктік пен қамқорлыққа ие. Отбасын асырау жолында ұзақ және қажытатын жұмыстан оралған күйеуіне тыныштық керек болады. Бұл осы кезеңдегі олардың өміріндегі табиғи басымдыққа жатады. Бірақ бұл әйелдердің басқа жұмыстарды жасамауы керек дегенді білдірмейді және әкелерді үйдің ішіндегі тыныштықты сақтау міндетінен босатпайды. Бұл рөлдерді әйелдердің әлсіздігі және ерлердің үстемдігі деп түсінуге болмайды. Олар әрбір отбасы мүшесінің нақты рөліне сәйкес келеді. Ислам заңында әйелдің экономикалық жағдайына қарамастан, ер кісіге отбасылық табысты қамтамасыз етудің заңды жауапкершілігін жүктейді, өйткені бұл жерде мәселе рөлдер мен осы рөлдерге сай болу үшін жасалатын дайындықта. Жұмысқа шығу немесе шықпау жайлы шешімді қабылдау әйелдің өз еркінде. Оны жұмыс істеуге мәжбүрлеуге болмайды, өйткені оны және балаларын күнкөріспен қамтамасыз ету – толығымен күйеуіне жүктелген міндет. Егер әйел жұмысқа шығуды шешсе, онда тұрған ештеңе жоқ. Ол жұмысты да, аналық рөлді де қатар алып жүре алатындықтан, оның табыс табушы болуға да, ана да болуға құқығы бар.

Дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі жыныстар арасындағы физиология мен жантанудағы айырмашылықтар олардың құқықтары мен міндеттерін азайтпайды. Белгілі бір сипат немесе қасиет әйелде жағымды (мысалы,

жіңішке дауыс) және еркекте жағымсыз өзгеріс болуы мүмкін және керісінше. Ер адамның әйелге құмарта қарауы – Ислам заңдарына қайшы. Әйел кісі ер адамды ұнатып қалса және үлкен күнә жасайтын болса, онда оның салдары өте ауыр болады және жүктілікке әкелуі де мүмкін. Бұл жағдайда ер адамның оған адал болуы және онымен бірге болуы талап етіледі. Ол оны және нәрестені асырауға міндетті. Егер ол өз міндеттерін орындай алмаса, оларды Алланың берген ризық-несібесінен, күнкөріс құқығынан айырады.

АМЕРИКАНДЫҚ ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ: ЗЕРТТЕУ

Washington Post газеті мен Гарвард университеті жүргізген төрт мың ерлер мен әйелдер арасындағы сауалнама бойынша төменде келтірілгендер Америка Құрама Штаттарындағы ерлер мен әйелдердің басымдықтары болып табылады деген қорытындыға келді:

- Қазіргі өмірдің жандық және экономикалық қысымдарына қарсы тұру.
- Отбасылық байланыстарды нығайту.
- Балалармен жақсы қарым-қатынас орнату.

Қазіргі таңда, өкінішке орай, Батыста да, мұсылман әлемінде де әйелдер ауыр экономикалық жағдайлардың құрбанына айналуда. Қаржылық қысымнан бөлек, мәдениеттік түсінікке сәйкес әйел адамдар жұмысқа шығуы керек және жыныстық қатынастың, арзан ойын-сауықтың және сауданың нысаны ретінде қарастырылады. Кейбір мұсылман елдерінде әйелдер білімсіз және ана болу сияқты үлкен міндетке дайын болмайды. Олардың көпшілігі күйеуінің толық билігінде болғандықтан, әлеуметтік құқықтары жоқ және көптеген елдерде елеусіз және құқықтары шектелген күйде болады.

Марқұм шейх Мұхаммед Әл-Ғазали өзінің естеліктерінде ауылда балалық шағында әйелдерді мешіттен басқа жердің бәрінде көруге болатын айтты. Кейбір елдерде мешітте әйелдерге орын жоқ екеніне куә болу қынжылтатын жағдай еді. Қазір Түркиядағы теолог студенттерінің көпшілігі әйелдер. Дегенмен, мешіт сәулетшілері «құлшылық ететін әйелдерге арналған орын жайлы аз ойланған» деседі. Сондықтан Стамбулда жамағатпен намаз оқу үшін әйелдерге негізгі намазхананың бір бөлігі, тіпті жеке мешіт бөлінген. (Мурад, 2009-шы жыл) Ең ықпалды институттық білімге саналатын апта сайын жұма уағызында берілетін діни нұсқау мен білімсіз, ананың балаларын қалай тәрбиелей алады?! Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) дәстүріне қарамастан, әйелдерді алшақтату ғасырлар бойы жалғасуда.

Ерлер әйелдердің сыртта жұмыс жасауын қолдағанымен, көптеген ерлер мен әйелдер аналардың барлық уақытын баласы мен үйіне арнағанын жөн көреді. Көпшілік американдық аналарды өмірлік қажеттіліктерін қамтамсыз ету мақсатында ғана жұмыс жасауға мәжбүр деп санайды.

(әл-Усра, 61-ші сан, 1419 хижра)

Он алты жыл тым кеш болуы мүмкін

Бір араб ақыны:

Қызың Лубнаны толық жеңгеннен кейін, оны жоқтап жылап жатсың ба? Ол енді жоқ, енді не істемексің?

Кейбір ата-аналар балаларын шектен тыс еркелетеді, оларға қатыгездік танытады және кейін жасаған істеріне өкінеді.

Олардың өкінуі 16 жылға кешігуі мүмкін.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтады:

Егер әйелдерің мешітке баруға рұқсат сұраса, оған тыйым салмаңдар. (Мүслім)

Әйелдер өздерінің негізгі отбасылық міндеттеріне байланысты мешітте немесе үйде өз рөлдері мен міндеттеріне сәйкес құлшылықтарға еркін қатыса алады. Расында, ерлердің парызы әйелдерінің мешітке баруын жеңілдету, оларға ауыртпалық түсірмей, керісінше оларға көмектесе білу.

Жыныстық алшақтық қашан басталады?

Балалардың көпшілігі жыныстық алшақтықты өмірінің алғашқы жылдарында түсіне бастайды. (Бил, 1993-ші жыл) Екі жастан үш жасқа дейін өзінің жынысын толық танып, түсінеді. Осылайша, үш жасар бала анатомия туралы маңызды бақылауларын және екі жылға жуық уақыт бойы ойланған нәрселерін сөзбен айтып беруі мүмкін. Жыныстық тұрғыдан алғанда, сәбилер әлемді екі лагерьге бөлінгендей көреді. Олар жынысын білгеннен кейін, өздерін ұл немесе қыз ретінде сезінуі тез анықталады және өз жынысына қарай қалай бейімделу керекті-

гін үйрене бастайды. Шамамен үш жаста баланың мінез-құлқы айтарлықтай өзінің жыныстық ерекшелігіне сай өзгереді. Қыздарда ашушаңдық аз кездеседі және үй ойнау сияқты «қыздарға» лайық ойындарды таңдауы мүмкін. Ұлдар дөрекі және тентек келіп, жүк көліктері мен әскер ойыншықтар сияқты «ұл балаларға» лайық ойыншықтарға қызығушылық танытуы мүмкін.

Жыныстық сәйкестік көбіне бездердің әсеріне байланысты, әсіресе жыныстық жетілу кезінде және ішінара ерте балалық шақта анатомиялық ерекшеліктерді тануға және оған деген жандық жауап қайтарулар әсерінен болуы мүмкін. Ең бастысы, жыныстық сәйкестік өзімен бір жыныста болған ата-анамен тиімді байланыстан туындайды. Ер тұлғалы әйелдер мен әйел сияқты ерлер жағдайында мәселе жыныстық бездерден бұрын, ішінара ата-аналармен болған мәселелік қарым-қатынаста болуы мүмкін.

Баланың өзіне деген еркектік сенімін тудыратын жайттары – жақсы көру, оны жақсы көруі және еркек болғанын мақтан тұтатын әкеден алған үлгісі. Әке өз қоғамындағы басқа ер адамдармен бәсекелестік және ынтымақтастық қарым-қатынасында өзін тең сезінуі керек. Өсіп келе жатқан бала бойындағы жыныстық сәйкестіктің жақсы болуы оның әкесі немесе қоғамдағы ер адамдардың арыстан аулайтынына немесе конвейерде жұмыс істейтініне немесе үйде тамақ пісіріп, жөргек ауыстыратынына байланысты емес. Әкесі ер адам ретінде өзін жайлы сезінсе және ұлымен жақсы қарым-қатынаста болса, жыныстық сәйкестік жақсы және қауіпсіз күйде болады.

Өзінің еркектік қасиетіне әрқашан сенімсіздікпен қарайтын әке өзінің бойындағы бұл мазасыздығын бейсаналы түрде баласына беруі мүмкін. Бұл баланың бойындағы ер тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда кедергі келтіреді. Әкесінің кез келген үй шаруасын «әйелдерге тән» немесе «еркектікке жатпайтын» деген нұсқаулары – ұлына өзінің бойындағы сенімсіздік пен мазасыздығын көрсететін әдістердің бірі. Бала мұны сезеді және бейсаналық түрде сол мазасыздықты бойына сіңіре бастайды.

Қыз бала өскенде бақытты әйел болғысы келеді және әйелдің рөлін ұнататын ананың сүйіспеншілігі мен мақұлдауын алу арқылы табысты отбасын құруға дайындалады, оның мәдениеті мейлі шаруа анасы немесе жұмыстан босамайтын сенатор болсын. Қыз бен ұлды бірдей тәрбиелеу керек деген талап жоқ. Үйде бір жыныстың екіншісінен үстем болуы дұрыс емес. Әртүрлі атқаратын рөлдеріне қарамастан, бала күтімі және үй шаруасын жасау кеңседе, зауытта немесе қоғамдық өмірде жұмыс істегенмен бірдей құрметке лайықты.

Ұлдар мен қыздарға әділ қарау керек, бірақ бірдей емес. Оларды өмірдегі жағдайлармен бетпе-бет

келуге және өз рөлдерін сәтті ойнауға үйрету керек, бірақ бұл жерге ұлдарды ашушаңдықпен мен мейірімсіздікке, ал қыздарды дәрменсіз және ерлерге толықтай тәуелді болуға тәрбиелеу мәселесі кірмейді. Қыздарды тым сезімді болудан және өзі қалаған нәрсесін алу үшін көз жасына ерік беруден аулақ ұстаған жөн. Ұл балаларды тым агрессивті болудан және өз дегеніне жете алмаған кезде зорлық-зомбылыққа барудан аулақ ұстау керек.

Мүмкіндігінше және колледжді аяқтағанынша, білім – ұлдар мен қыздар үшін бірдей маңызға ие. Ұлдар мен қыздарға тек қуыршақтар мен мультфильм кейіпкерлерінің ойыншықтарын емес, жыныстық бейтарап ойыншықтарды да беру керек. Lego құрылыс құрауыштарының жиынтығын қыз баланың қуыршағының немесе мультфильм кейіпкерлерінің қуыршақтарының қасына қатар қою керек. Күтім жасау мен киім киюде қыздарға көп көңіл бөліп, ұлдарды елемей қалуға болмайды. Анасы мен әкесі ұлының да, қызының да шаш үлгісіне бірдей мән берулері керек. Дәл осындай қағида киім киюге де қолдану керек. Киім қыз баланың ойнауына ыңғайлы болуы керек. Кейде ата-аналар қызына белдемшені мәжбүрлеп кигізеді де, кейіннен олар іш киім көрініп қалса, айқайлай жөнеледі, бұл әділеттілікке жатпайды. Ата-аналар қызына тым тар емес, ыңғайлы шалбар киюге және аға-інілері сияқты белсенді ойнауға мүмкіндік беруі керек. Қызы ағаінісі сияқты белсенді ойнауды және өзінің табиғи (денелік) мүмкіндіктерін бағалауды үйренуі керек. Ұлға ешқашан қызға қол көтермеуді үйрету керек, тіпті ойнап жүрген кезде де. Қыздарға ұлдың ұрып-соғуына ешқашан жол бермеуге үйрету керек, ал егер ол қол көтерсе, ол жылаудың немесе қашудың орнына өзін қорғай алуы тиіс.

Ер тұлғалы әйелдер мен әйел сияқты ерлер

Пайғамбар (с.ғ.с.) (сөйлегенде, жүріп-тұрғанда, киінгенде) әйелдерге ұқсаған ерлер мен ерлерге ұқсаған әйелдерді лағынеттеді. (Әл-Бұхари)

Еркек адам ол еркек адам, әйел ол әйел адам және екеуі де өзінің жаратылысына толықтай разы болуы керек! Бір-біріне еліктеудің еш қажеті жоқ. Олар өмір сүретін мәдениетте ұлдар мен қыздарды ажырату оңай болғанымен, қазіргі уақытта бұл мәселе екіұшты болып тұр. Аллаh Тағала ұлдар мен қыздардың болмысын бөлек етіп жаратты, себебі олардың атқаратын рөлдері әртүрлі, бірақ олар үнемі бірін-бірі толықтырушы сипатқа ие. Біздің әртүрлі болуымыз бізге берілген үлкен сый, себебі сол арқылы бір-бірімізді қызықтыра аламыз, өміріміз де мәнді бола түседі. Біз мұндай ерекше, әрі жағымды айырмашылықтарды елеусіз қалдырмауымыз керек.

Жыныстар «шайқасында» ешбір жыныс жеңіске жете алмайды. Оның себебі «қарсыласпен» байланыстыратын заттардың тым көптігінде. Радикалды феминистер Батыс мәдениетіне өзінің зиянды әсерін тигізді. Кейбір феминистер әйелдер де ерлер сияқты мықты және әлсіз тұстары жоқ және ерлердің қолынан келгеннің бәрін жасай алады деп мәлімдейді. Басқа радикалды пікірлер: әйелдердің еркектерді қажет етпейтінін айтады. Әйелдер еркектерге балықтың велосипедке мұқтаж болғанындай мұқтаж. Қоғамға қажет нәрсенің барлығын әйелдер ерлердің көмегінсіз жасай алады.

Басым христиандық көзқарастар бұл пікірлерге қарсы келеді. Иса Мәсіх адамдарға тек жұмсақ мінезді және мейірімді болуды ғана емес, сонымен бірге батыл және басшылық қызметті атқаруға қабілетті болу керектігін айтты. Кез келген ақымақ «әйелді уысында ұстайтын қатал бола алады», бірақ әйелге ізет пен құрмет көрсету үшін нағыз тәрбиелі, көреген адам болу қиынырақ деді. Ерлер отбасылық шешімдерді әйелдермен байыпты түрде кеңескеннен кейін ғана қабылдай алады. Күйеулері әйелдеріне құрметпен қарау, бұл олардың құрмет көрсететіндей әрекет ету керектігін білдіреді. Аллаh Тағала еркектерді еркек мінезді, әйелдерді әйелге тән нәзіктікпен жаратқандықтан, қыздарға ұл балаларға қарағандай қарауға болмайды.

Құран жыныстық мәселелерді былайша қарастырады:

Сондай-ақ Алланың кейбіріңе басқаларға қарағанда молынан берген (байлық, атақ-абырой, мансап, сұлулық сынды) дүниелік нәрселерге аңсарларың аумасын, (біреудің несібесіне қызығамын деп, күншілдік дертіне шалдығып, Алланың жазғанына қарсы келіп жүрмеңдер). Ер адамдардың істеген ісіне, еткен еңбегіне қарай алар сыбағасы (сауабы немесе күнәсі) болғанындай, әйелдердің де істеген ісіне, еткен еңбегіне қарай алар сыбағасы (сауабы немесе күнәсі) бар. Ендеше, (не тілесеңдер де тиісінше дұға әрі адал еңбек етіп) Алланың шексіз шарапатынан тілеңдер. Шүбәсіз, Алла бәрін біледі hәм әр ісін біліп істейді. («Ән-Ниса» сүресі, 32-ші аят)

Ерлер де, әйелдер де ерекше жаратылыс

- Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады.
- «Әлемдегі ең күшті адам кім?» – деп сұрады император Фемистокл. «Афиндықтар гректерді басқарады; мен афиналықтарды басқарамын; әйелім мені басқарады; менің балам әйелімді басқарады; бала сені басқарады».
- Ер адам әйелді толық түсіне ала ма? Әйел адам еркекті толық түсіне ала ма?
- Ер адам жүктілік пен босану кезіндегі әйелдің жан қиналысын түсіне ала ма? Бұл мүмкін емес жайт, дегенмен бүйректегі қатты ауырсыну осыған сәл жақын болуы мүмкін.
- Егер сізде ер адамды немесе әйелді оқытудың арасында таңдау мүмкіндігі болса, кімді таңдар едіңіз? Ер адамды оқытсаң – азаматты тәрбиелейсің, ал әйелді оқытсаң – ұлтты тәрбиелейсің!

АТА-АНА МӘРТЕБЕСІ: ЖЫНЫСТЫҚ ДАНАЛЫҚ

Қазіргі таңда көптеген отбасыларда бала тәрбиелеу ананың міндеті, әкесі тек көмек беруші деген түсінік қалыптасқан. Америкадағы ерлер мен әйелдер арасындағы бала күтіміндегі теңгерімсіздік (2001 жылы) төмендегідей нәтижелерді көрсеткен:

- Әкелердің 75 пайызы күнделікті бала күтіміне қатыспайды.
- Әкелердің 50 пайызға жуығы жұмыстан қолы босаған кезде ғана көмектесетінін айтады.
- Аналар бала күтіміне (аптасына орта есеппен 32 сағат) әкелерге қарағанда (аптасына орта есеппен 10 сағат) көбірек уақыт бөледі. (Таффел, 1994-ші жыл; таффел, 2001-ші жыл; дэвидсон, 1992-ші жыл)

Жиырма бірінші ғасырдағы бала тәрбиесінің жұмысы мен міндеттері енді жыныспен емес, қолжетімділік пен жақындықпен белгіленеді және бұл тең мүмкіндіктерді еске салады. Жөргектерді ауыстыру енді «Менің әкем бұлай ешқашан жасамаған, мен неліктен жасауым керек» деген сөзбен емес, «Жағымсыз иісті кім бірінші сезді» деген сөзбен шешіледі. Жасөспірім жастағы қыздарға қатысты қолданылатын «бала күтуші» сөзі енді анасы жоқ кезде балаларына қарайласатын әкеге қатысты қолданылмайды, себебі қазір әкелер бала тәрбиесіне араласатын қамқоршыға айналды. Дегенмен әкелер қамқорлықтың барлық қырлары бойынша тең құқылы серік болып

табылмайды. Әйелдердің жұмыс орнындағы беделі ерлер мен әйелдердің қалыптасқан отбасы рөлдерін қайта бағалауына себеп болды. Екеуі де жұмыстан оралған кезде, кім жайғасып, газет оқуға кіріседі және кім кешкі асты бастап, тамақтандырып, шомылдырып, балаларды ұйқыға жатқызуы керек? Бұл мәселелер әдетте міндеттерді бөлісу арқылы шешіледі: біреуі тамақ жасап жатқанда, екіншісі балаларды шомылдырып, ұйықтауға дайындайды. Тіпті балаларды тәртіпке келтірудің өзі әділ түрде жүретін болды. Қазіргі кездегі аналар балаларын бұрынғыдай «Әкең келгесін көресің» деп қорқытпайды. Тәртіп «Бұл жайтты кім бірінші көрді?» деген сұраққа байланысты анықталады және бұл қазіргі әкелердің мойындарынан үлкен жүкті түсіреді.

ТЕҢГЕРІМСІЗДІК НЕЛІКТЕН ПАЙДА БОЛАДЫ?

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ТАРАПЫНАН ОЛАРДЫҢ БАЛА КҮТІМІНЕ КӨБІРЕК АРАЛАСУЫ КЕЛЕСІДЕЙ СЕБЕПТЕРМЕН КЕЛТІРІЛГЕН:

- Әйелдер отбасын берекесін кетіруді немесе жанжал шығаруды қаламайды.
- Әйелдер әлеуметтену тәсіліне және өздерінің жаратылысына негізделген туа біткен қабілеттеріне қарай қамқорлыққа бейім келеді.
- Балаларға қатысты мәселелер туындаған кезде қоғамда оған ең алдымен әйел жауапты деген түсінік қалыптасқан және көптеген әйелдер бұл жауапкершіліктен бас тартқысы келмейді.
- Көптеген әйелдер бұл міндеттерді бөлісуде екі ойлы болады, себебі олар баланы бақылауын жоғалтуды қаламайды және балалардың сүйіспеншілігі мен махаббатын өзгелермен бөліскісі келмейді, кей жағдайларда жұбайының жасаған жұмыстары оның көңілінен шықпайды.

ЕРЛЕРДІҢ ТАРАПЫНАН БАЛА КҮТІМІНЕ АЗ АРАЛАСУЫ КЕЛЕСІДЕЙ СЕБЕПТЕРМЕН ТҮСІНДІРІЛЕДІ:

- Мен балама жауапты кезде оқыс жағдай орын алама деп қорқамын.
- Баланың қажеттіліктерін орындай алмаймын және ашуға бой алдырамын.
- Ана балаға керемет күтім жасайды, ал мен оны ешқашан да игере алмаймын.
- Егер мен балалармен көп уақыт өткізетін болсам, уақыттың жетіспеушіліні кесірінен жұмыста табысты бола алмаймын.
- Ерлердің мектептегі бала күтімі немесе баланың дамуы сияқты дайындық сабақтарға қатысу ықтималдығы аз.
- Ерлер балаға жақсы үлгі бола алады.
- Ерлерде ата-аналық рөлді қолдау жүйесі жоқ.
- Кейбір аналар әкелердің бала күтіміне араласуына кедергі келтіреді.

Дегенмен, әкелердің бүгінгі буыны өздерінің әкелеріне қарағанда бала күтіміне көбірек уақыт бөледі және бұл мінез-құлықтың өзгеріп келе жатқандығын білдірсе керек.

ТӘРБИЕШІ ӘКЕЛЕР ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР МЕН ШЫНДЫҚТАР

Тәрбиеші әкелер туралы аңыздар мен шындықтар

АҢЫЗДАР	ШЫНДЫҚТАР
• Әйелдер бала күтімінде әрқашанда жақсы.	• Бала әкесіне де, анасына да бірдей жақын бола алады.
• Бала өмірінің алғашқы жылдарында әкелері айтарлықтай керек емес, олар бала есейгеннен кейін онымен көп уақытын өткізе алады.	• Әкелер сәбилерге анасындай сезімтал бола алады.
• Әкенің ең басты міндетті – тәртіпті орнату.	• Американдық әкелер аналарға қарағанда балаларымен басқаша ойнайды: әкелер ойынға табиғи (денелік) белсенділікті қосады, жанасу әрекеттері көбірек болады және баламен өткізген уақытының көп бөлігінде бірге ойнайды (әкелердің 40 пайызы, аналардың 25 пайызы). Парке, 1996-шы жыл; Йогман, 1981-ші жыл.
• Әке отбасы асыраушысы болғандықтан, оған балалармен көп уақыт өткізудің қажеті жоқ.	• Қамқор әке: әкелерінің махаббаты мен қамқорлығын толықтай алған сәбилер стандартталған тестілеу кезінде жақсы нәтижелер көрсеткен.
• Балалар дені сау болып өсуі үшін аналарына жақын болуы керек.	• Баланың әлеуметтенуіне әкенің ата-аналық тәрбиелеу үлгісі әсер етеді. Балалардың мінез-құлқын қалыптастыруда сүйіспеншілікке толы, парасатты және берік мәнерлі қолданатын әкелер құзыреттілігі жоғары балаларды тәрбиелеп шығарады. Балаға мейірімін төкпейтін, жазалаушы және өктемдік танытатын әке тәрбиесінен тәуелді, тұйық және мазасыз балалар шығады.
• Бала болғанымда әкеммен жақын қарым-қатынаста болмадым; бірақ қазір менде бәрі жақсы, сол себепті баламмен де жақын қарым-қатынас орнатудың еш қажеті жоқ. Әке рөліндегі кемшіліктерім үшін мені кінәлауға болмайды, өйткені мені әкем солай тәрбиелеген.	• Біз әрқашан өз жасаған әрекеттеріміз үшін жауаптымыз. Егер ата-анамыз бізге жақсы үлгі болмаса, біз жақсы үлгі болуға тырысуымыз керек.
• Жұмыста табысты болу – отбасыма көмектесу үшін қолымнан келетін ең маңызды нәрсе.	• Отбасының амандығы мансаптан да жоғары.

ӘКЕСІ ЖОҚТЫҚТЫҢ БАЛАЛАРҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Зерттеулер қамқор әкенің жоқтығы мен баланың келесі теріс қылықтары арасындағы байланысты көрсетеді:

- Есірткі мен ішімдікті қолдану.
- Ерлердің зорлық-зомбылығының артуы.
- Ер адамның үлгісісіз өскен балалардағы көтеріңкі еркектік қасиеттер.
- Қылмыстық мінез-құлық.
- Ата-анасының ажырасуына немесе қайта некеге тұруына бейімделудегі қиындықтар.
- Басқалардың қажеттіліктері мен сезімдеріне мән бермеу.
- Оқу үлгерімінің төмендеуі және мектепті тастап кетуінің жоғары деңгейі.

ЕР БАЛАЛАР МЕН ҚЫЗ БАЛАЛАРДЫҢ ӘРТҮРЛІ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ

Ұлдар мен қыздардың әртүрлі қажеттіліктерін тудыратын жаратылу табиғаты ма, әлде алған тәрбиесі ме оны ешкім нақты білмейді. Дегенмен, ата-аналар балаларының қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектесуде маңызды рөл атқара алады. Кейбір қоғамдарда жыныстық рөлдер және олармен байланысты мінез-құлық, әсіресе қоғамның кедей топтарында қатаң түрде

анықталған. Бұл ережелерді бұзған адам жазаға тартылады.

Төменде кішкентай ұлдар мен қыздарды өз рөлдерін орындауға жігерлендіретін кейбір кеңестер берілген (Фридман 1998 бойынша бейімделген):

Кішкентай қыз балаға не қажет?

Өзіне деген сенімділік: ата-аналары өздері қызының бойында көргісі келетін қасиеттерді сипаттайтын сөздермен оларды жиі мақтауы қажет: мысалы, «Баспалдаққа өзің көтерілдің бе? Қандай батылсың!» Қыз балаларға ата-аналарының оларға сенім білдіретінін, ақылды және көп нәрсеге қабілетті екенін білуі маңызды. Қыздарға көшбасшылық қабілетін дамытуда көбірек мүмкіндіктер беру керек, мысалы, айналысқысы келетін істі таңдау, ережелер құрау және дауларды шешуге араластыру. Көшбасшылық қасиет бойында бар меңгерген қыздар өз білімі мен мансабына жауапкершілік ала алады.

Өзін-өзі қамтамасыз ету: Кішкентай қыздардың өз бетінше қолдарынан келгеннің бәрін жасауға – кесе толы шырын алып жүруге, шаштарын тарауға немесе құрастырғыштардан мұнара салуға мүмкіндік беру арқылы өзін құзыретті сезінуі маңызды. Қыздарға көптеген әйелдер өмірінің басым бөлігін жұмыс жасау арқылы өткізетінін еске салу керек, сондықтан әрбір қыз өзін қамтамасыз етуге дайын болуы тиіс. Ата-аналар жұмысын, ерікті әрекеттерді және отбасылық өмірді қатар алып жүрген әйелдерді жақсы үлгі ретінде мысалға келтіре алады. Кеңістіктік қарым-қатынастар және координация (үйлесімділік): қыздарға ойынға арналған әртүрлі ойыншықтар, соның ішінде жүк көліктері мен жеңіл көліктер, құрылыс блоктары, суда ойнауға арналған құралдар, әртүрлі доптар және олар мінуге немесе өрмелеуге болатын ойын заттары берілуі керек.

Дене шынықтыру: ата-аналар қыздарымен белсенді ойындар ойнай алады (мысалы, өрмелеу, қуыспақ және үресу). Топтық ұйымдасқан спортпен айналысуға әлі ерте болған қыздарға ойын алаңындағы сырғанаққа шығу, жүгіру және сальто жасау денсаулығына пайдалы болуы мүмкін. Ата-ана қыздарын әрдайым қауіптерден құтқаруға тырыспауы керек; керісінше, ағаштарға өрмелеу немесе шөпте ойнау кезінде үстін былғауына, лас болуына және терлеп, жүгіріп ойнауына мұрша беруі керек. Сол арқылы қызының бойындағы барлығына жиіркеншектікпен қарайтын қасиетке тосқауыл бола алады. Сондай-ақ оны балшықпен ойнауға немесе ашық ауада спортпен айналысуға ынталандыру керек.

Шешім қабылдау дағдылары: Ата-аналар қыздарына таңдау жасауға және шешімдері үшін жауапкершілік алуға мүмкіндік беруі керек. Сәби кезінде оған тамақ кезінде қай шыныаяқты немесе табақты қолданғысы келетінін және қай досын ойнауға шақырғысы келетінін таңдауға рұқсат етілуі керек.

Әуесқойлық: қыз балаларға қоршаған ортасын зерттеу үшін барлық мүмкіндік жасалуы керек. Олар нәресте немесе сәби кезінде, үйде еркін қимылдай алуы үшін үй толығымен балаларға қауіпсіз етіліп даярлануы керек. Сондай-ақ ата-аналар қыздарын әлемге саяхат жасауға – кітапханаға, саябаққа, хайуанаттар бағына, супермаркетке, көшедегі базарларға және ғибадат орындарына апара алады. Ата-аналар балаларының мектебінен фермаларға, фабрикаларға, қолөнер шеберханаларына, бақшаларға, сот алқаларына және басқа да білім беру орталықтарына қызығушылық танытып, оларға баруға саяхат ұйымдастыра ала ма деп сұрауы керек.

Үлгі: ата-аналар баланың келбетінен гөрі оның жетістіктеріне көбірек назарын аудару керек. Қызымен оның көйлегінің әдемілігі жайында емес, қандай жетістіктер мен асуларды еңсере алатыны жайлы сөйлескен әлдеқайда дұрыс. Мысалы, оларға «Бүгін өте әдемі көрінесің» орнына «Керемет жұмыс атқардың, жарайсың!» деп айтуға болады.

Сыни талдау дағдылары: Егер балалар теледидар мен фильмдерді көретін болса, онда ата-аналар оларға сын көзбен қарау дағдысын үйрете алады. Олар бірге көргендерін талқылап, ол жерден «дәстүрлі» рөлдерді іздей алады. Мысалы, сырт әлпет бейнесі туралы талқылауды бастаңыз. Теледидарда қыздарды қалай бейнелейтінін қарастырайық: артық салмағы бар қыздар ұнамсыз кейіпкер ретінде суреттеледі ме? Оларды күлкі мен мазаққа айналдыру үшін пайдаланады ма? Толықша келген қыздар жыныстық қатынастың рәмізі ретінде көрсетілген бе? Олар ақылды бола алады ма?

Математика және жаратылыстану қабілеті: Қыздарға ғылым, математика және технологияны меңгеру үшін барлық мүмкіндіктер жасалуы керек. Қыздар әлемді зерттеуге дайын, ынталы және құмартып тұрғанымен, оларға жиі тәжірибенің аздығы мен ынталандырудың болмауы кедергі келтіреді.

Үлгі болыңыз: Өздерін және басқа әйелдерді құрметтеу арқылы аналар, апалар және басқа туыс әйелдер ұстанатын қалыпты түрде қалыптастырады. Осылайша, олар қыздарды «қант, тәтті және тек жақсыдан» құралатын заттардан да артық болуға және қалыптасқан таптаурындарды бұзуға көмектеседі.

Кішкентай ер балаға не қажет

Ерлердің үлгісі: Ерлер өздерінің жеке және кәсіби өмірінде жыныстық қырларды қайта қарап, сәйкестік, теңдік және жыныстық қатынас мәселелерімен күрес жүргізеді. Әкелер аз кездесетін заманда, егер ұлдар ер адамнан үлгі ала алмаса, онда олар танымал мәдениет көздері (мысалы, спорт пен теледидар) арқылы еркектіктің төрт нәрсемен анықталатынын үйренеді: жыныстық қатынас, зорлық-зомбылық, спорт және заттық құндылықтар. Ата-аналар қамқоршы ретінде әйелдер, ерлер және ұлдар арасындағы қарым-қатынасты қайта қарастыруы қажет. Ер адамдар әйелдер мәдениетінде қалыптасқан үлгілермен тәжірибе жасап көруі керек: сезімдерімен бөлісу, сезімді қолдау көрсету және әңгімелесу өнерін шыңдауға тырысу керек. Егер бала әкесіне келіп, оны басқа бала ұрып жатқанын айтса, онда әкесі бұл әңгіменің анасы мен қызы арасындағы қалай болатынын елестетіп, оның кейбір тұстарын талқылауға қоса алады.

Табиғи (денелік) сүйіспеншілік: Кішкентай ұлдар кішкентай қыздар сияқты ананың құшағын қажет етеді, сондықтан ата-аналар нәрестесі жылағанда оны қолына алып, жұбатуы керек. Олар сондай-ақ онымен жұмсақтық реңкі бар ойындар ойнауға уақыт бөлуі керек және бала есейген кезде оған сүйіспеншілігі мен махаббатын беруді жалғастыру керек.

Ауызша дағдылар: Ата-аналар баласымен, тіпті нәресте кезінде де жиі сөйлесуі керек. Олардың дауыстары балаға тыныштық сыйлап, оның тілінің дамуына көмектеседі.

Өзгелерді ойлау: ата-ана баласына оның жасаған әрекеттері басқаларға қалай әсер ететіндігін түсіндіруі маңызды. Қыз бала тәртіп бұзса, өзгенің мазасын алма деп жай қоя саламыз, ал ер бала тентектік жасаса жазаға ұшырайды. Олар жазаланған кезде, балалар өздерінің жаман мінез-құлқының ата-аналарына немесе достарына қалай әсер еткеніне емес, олардың қаншалықты ашуланғандығына назар аударады.

Бейбіт шешім қабылдау дағдылары: Ұл балаларға қақтығыстарды шешудің құрылымдық әдістерін ұсыну қажет. Егер бала көптеген адамдардың сәбилік кезінде жасайтын ұрып-соғумен немесе тістеумен айналысса, ата-аналар өзгелерді ренжітуге болмайтынын түсіндіріп, өз ашуын білдірудің басқа жолдарын ұсынуы керек.

Жасаған әрекетіне деген жауапкершілік: қосарланған стандарттарды қолданудан аулақ болу маңызды. Егер ата-ана қызының кейбір мінез-құлқын жағымсыз деп тапса, дәл сол түсінікті ұлына да қолдануы керек. Олар дөрекілікті ақтап алу үшін «Бала ғой енді» деген сылтауды қолданбауы керек.

Жан толғаныстарды көрсету: Ұлдарға өз сезімдерін, әсіресе жылауды көрсетуі қалыпты жағдай екенін түсіндіру керек. Егер ұлдар қайғыруға болмайды деген түсінікті миларына сіңірсе, олар ересектер болғанында өзінің бұл жан толғаныстарын басып тастайды.

ЖЫНЫСТЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРҒА ҚАРСЫ ОҢТАЙЛЫ РЕАКЦИЯЛАР

Ата-аналар балаларына ұл мен қыз арасындағы айырмашылықты байыпты түрде түсініп, қабылдауына көмектесе алады.

- Олар қыздарының жыныстық айырмашылықтар туралы бақылаулары мен ашқан жаңалықтарына дұрыс жауап бере алулары керек.
- Ата-аналарға балаларының үйренгенін қалайтын мінез-құлықты үлгі ретінде көрсете алады. Бұл мысалдарға балаға анасының шөп қырқып, көлік айдап жатқанын, ал әкесінің шаң сүртіп, тамақ пісіріп жатқанын немесе ыдыс-аяқ жуып жатқанын көрсету жатады. Кейбір елдерде, ауыр жұмыстардың көбін әйел адамдар атқарады (мысалы, су тасу).
- Ата-аналар балаға жыныстық бейтарап ойыншықтарды ұсынуы керек. Кішкентай балалар ата-аналары сияқты құрдастарының мінез-құлқынан да көп нәрсені үйренеді, сондықтан ата-аналар басқа ата-аналармен тығыз жұмыс жасауы керек.

ЖЫНЫСТЫ ТЕМПЕРАМЕНТПЕН ШАТАСТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ

АТА-АНАЛАРДЫҢ КӨПШІЛІГІ ЖАНТАНУШЫЛАРДЫҢ ТЫМ ЕРКЕК МІНЕЗДІ БОЛУДЫҢ НЕМЕСЕ ӘЙЕЛ НӘЗІКТІГІНІҢ ШАМАДАН ТЫС БОЛУЫ ДҰРЫС ЕМЕС ЕКЕНДІГІМЕН КЕЛІСЕДІ. ҰЛДАР ДА, ҚЫЗДАР ДА ТАБАНДЫ ЖӘНЕ ЖҰМСАҚ МІНЕЗДІ, ИНТУИТИВТІ ЖӘНЕ ПАРАСАТТЫ ПАЙЫМДАЙ БІЛЕТІН БОЛУЫ КЕРЕК. ДЕГЕНМЕН, КӨПТЕГЕН АТА-АНАЛАР БАЛАНЫҢ ӨЗІНІҢ ЖЫНЫСЫНА САЙ ЕМЕС МІНЕЗ-ҚҰЛЫҒЫН КӨРГЕНДЕ АЛАҢДАУШЫЛЫҚ ТАНЫТАДЫ. ӘКЕСІ ҰЛЫНЫҢ БАРБИ ҚУЫРШАҒЫН АЛҒЫСЫ КЕЛЕТІНІНЕ, АЛ АНАСЫ ҚЫЗЫНЫҢ КӨЙЛЕК КИЮДЕН БАС ТАРТҚАНЫНА АЛАҢДАЙДЫ. (КЕССЛЕР ЖӘНЕ МАККЕННА, 1978-ШІ ЖЫЛ) БҰЛ ЖАЙТТАР ҚАНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗДЫ? БҰЛ НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Әрқайсысымыз белгілі бір мінездік қасиетпен туылғанбыз. Мінездік қасиет – айналамызда болып жатқан оқиғаларға жауап берудің сипатты тәсілі. Мінездік қасиет белгілі бір дәрежеде біздің қандай нәрселерге қызығатынымызды және қандай нәрселерді ұнатпайтынымызды анықтайды. Кейбір нәрестелерде туа біткен сезімталдық және адамдарды тануға деген қызығушылық қабілет болады. (көзбен байланысты оңай орнатуы және күлімсірегенге күлімсірей жауап беруі) Басқа нәрестелер болса көрнекі заттарға және дыбыстарға қызығушылық танытуы мүмкін. (мысалы, саздық ойыншыққа ұзақ уақыт көз алмай қарап тұруы)

Егер ата-аналар белгілі бір мінездік қасиеттік мәнер еркекке немесе әйелдік болмысқа тән болып табылады деп есептесе, осы кезде үлкен мәселе туындайды. Бұл жағдайды ушықтыруы мүмкін. Мысалы, ата-анасы тырнағын қызғылт түске бояп жатқан ұлына: «Сен өзіңді қызбын деп ойлайсың ба?» десе, бала «қыздар жасайтын істі» жасау үшін қыз болу керек деген қате тұжырымға келуі мүмкін. Содан кейін ол өзінің қыз болуды қалайтынын немесе «шынымен» қыз болғысы келетіні туралы айта бастауы мүмкін. Бұл түсінік оған ата-аналары арқылы бейсаналы түрде берілген болатын. Көптеген қыздар шулы, дөрекі және төбелесіп ойнайтын ойындарды ұнатуы мүмкін. Егер қыз бала табиғи (денелік) белсенділікті ұнатса және дөрекі түрдегі ойындарды ұнататын болса, ата-аналар оны «әйелдік нәзіктікке сай емес» деп санауы мүмкін, дегенмен бұл жердегі мәселе оның мінездік қасиетінің қоршаған ортадағы әрекеттесудің жоғары деңгейін талап етуінде.

Мінездік қасиет пен жыныстық рөлдің шатасуы, әсіресе ұлдар үшін қиын жағдай болып табылады. Ұлдар «қыздарға арналған» ойынды ойнағанда, қыздардың «ер балаларға тән» ойындарын ойнағанына қарағанда көбірек жағымсыз пікірлер алады. «Қызтеке» сөзі – «Еркекшора» дегенге қарағанда әлдеқайда ауыр қорлық таңба. «Еркектік қасиет» белгісі қоғамда «әйел нәзіктігіне» қарағанда жоғары беделге ие және ерлердің «әйелдік нәзік» сияқты төменгі дәрежеге түсуі үнемі сынға ұшырайды.

Ата-аналар ұлдары мен қыздарын жақсы көруі керек. Балалар ата-аналарымен берік және жақсы қарым-қатынаста болғанда және ата-аналары балаларының қамқор, жігерлі, дені сау және бақытты адам болғанын қалаған кезде балалар гүлдей жайнап құлпырады

ЕР БАЛАЛАР МЕН ҚЫЗ БАЛАЛАР ӘРТҮРЛІ ҮЙРЕНЕДІ

«Мектеп жасынан дейінгі кезеңнен бастап, ұлдар мен қыздар ақпаратты әртүрлі жылдамдықпен, әртүрлі себептермен және әртүрлі нәтижелілік деңгейімен қабылдайды». (Гуриан, 2001-ші жыл) Жеткіншек балалар заттар мен әртүрлі пішіндерге көбірек қызығушылық танытуы мүмкін, ал жеткіншек қыздар адамдарға және олардың қарым-қатынастарына назар аударуы мүмкін. Бастауыш мектепте ұл балаларға картадан Франция мемлекетін табу оңай болса, қыздарға француз тілін үйрену оңайырақ болуы мүмкін. Ұл бала көрсетілген нұсқалардағы дайын дұрыс жауапты белгілесе, қыз бала сұрақты мұқият тыңдап, өзінің жауабын жазуы мүмкін. Өкінішке орай, ұлдар мен қыздарға бірдей білім беру тәсілдері қолданылады, бұл дұрыс емес, себебі бұл мінез-құлықтың бұзылуы мен сәтсіздіктерге әкеледі.

Ата-аналар төменгі жайттардан хабар болуы керек:

- Балаңыздың ойын әрекеті мәжбүрлі және икемсіз түрде болса, оған назар аударған жөн. Баланың (ұл немесе қыз) Барби қуыршақтарымен ойнағысы немесе қыздардың киімін киіп көргісі келуі бұл басқа мәселе. Ал егер баланың бар қалауы сол заттарға ауса және ол қайталанатын мәнерде болса сақтанған жөн.
- Өте сирек жағдайда, бала өзін бақытсыз сезінгенде ғана өзінің басқа денені, әсіресе басқа жыныс мүшелерін қалайтынын айтуы мүмкін.
- Ата-аналар баласы денесіне зақым келтіруге тырысса немесе бұл туралы сөз қозғаса, абай болғандары жөн. Бұл жағдайда кәсіби көмекке жүгінген дұрыс.
- Ата-аналар баласының мінездік қасиеттік мәнерін дертке айналдырмауы керек. Егер олардың ұлы немесе қызы бақытсыз, күйзеліске түскен немесе мазасыз күйде болса, оны балалық депрессияны немесе мазасыздықты емдеуге маманданған балалар жантанушысына көрсету керек.
- Баланы дәрі-дәрмек арқылы емдеу қауіпті. Бас сала дәрі-дәрмекпен емдеудің орнына, кейде баламен жақсылап сөйлескен дұрыс.
- Біреуді кінәлаудың еш қажеті жоқ. Баланың ерекше қалауы ата-ананың жасаған әрекеттеріне қатысты болмауы мүмкін.

Егер біз ұлдар мен қыздардың арасындағы айырмашылықтарды мойындап, қалыптасқан көзқарастарымызды қайта ой елегінен өткізетін болсақ, көптеген үлгерімі нашар оқушылардың жетістікке жетуіне көмектесе алар едік. Майкл Гурианның сәтті стратегиялары үлгерімі төмен оқушыларды үздік оқушыларға айналдыру үшін қолданылды. Оның стратегиялары әрбір сыныпқа өз пайдасын тигізуі мүмкін, себебі ол ұлдар мен қыздардың мықты тұстарын негізге алады және олардың әлсіз тұстарын толықтыру арқылы жұмыс жасайды.

Қыздар үшін: Ата-аналарға олардың көшбасшылық рөлдерін дамыту, белсенді қозғалысқа байланысты ойындарды ойнау, көркем жазу дағдыларын пайдалану; компьютерді пайдалануды және оны меңгеру жұмыстарын жеңілдету; және оларды математика және жаратылыстану ғылымдарына қатысты сайыстарға қатысуда қолдау көрсету керек.

Ұлдар үшін: Ата-аналар оларды тазалауға, көмектесуге және айналадағы заттарды жылжытуға күштерін жұмсауға ынталандыруы керек; ашу, қайғы, қуаныш сияқты сезімдерді бағалауға көмектесу керек; олардың миының елестету және сөздік дағдыларын дамыту үшін оқиғалармен бөлісу және ертегілер құрастыруды ұсыну керек; табиғи (денелік) қозғалысқа рұқсат беру (құшақтаудан акробатикалық трюктерге дейін);

медиа сауаттылыққа үйрету; және оларды жанжалдарды шешуге және қоғамдағы жаттығуларға қатысуына мүмкіндік беріңіз.

Жеке жыныстық білім беру мәселесі даулы болып табылады. Дегенмен, ұлдар мен қыздардың ақпаратты қабылдауы әртүрлі екені белгілі болса, білім алуды тиімді қылу үшін бөлек сыныптарды пайдалану орынды емес пе? Бір сыныпта екі түрлі стратегияны бір уақытта қалай қолдануға болады? Олай жасауға бола ма? Егер жасауға болатын болса, онда уақыттың, ақшаның және нәтижелердің тиімділігінің құны қандай?

Майкл Гилберт (2007-ші жыл) бір жынысты мектептерде білім алуды ұсынады. Төменде оның ғаламтордағы мақаласының қысқаша үзіндісі баяндалған.

Қыз балалардан үлгерімі бойынша артта қалып, мектепті тастап кетіп жатқан ер балалардың саны көбеюде. Колледжге түскен күннің өзінде олардың саны аз болады және әдетте жас қыздардың саны ұлдарға қарағанда екі немесе үш есеге көбірек келеді. 1960-шы жылдары бөліну тең емес деген мағынаны береді дегеннен қорқып және жыныстық таптаурындарды бұзуға тырысқан жоспарлаушылар мүмкіндігінше ерте жаста ұлдар мен қыздарды араластыру керек деп шешті. 1965-ші жылы Америкадағы мемлекеттік мектеп сыныптарының көпшілігі бір жынысты болатын; 2000-шы жылға қарай саусақпен санарлықтайы ғана қалды.

Бірлескен білім беру жыныстық ерекшеліктерді ескермейтін оқу мәліметтерінен, бірыңғай тестілеуден және мінез-құлықтың қалыптасқан үлгісінен тұрады. Нәтижесінде, мектептердегі мінсіз теңдестірілген әлем «тең» түсінігінен «бірдейге» айналды. Бұл жерде туындайтын бір мәселе бар: ұлдар мен қыздар бірдей емес. Олар бірдей немесе бір уақытта дамымайды. Балалары бар ата-аналардың көпшілігі ұл балалардың сөздік қордан көркем жазуға дейін, тіпті бір орында отыру қабілеті де қыздарға қарағанда баяу дамитынын біледі.

Бүгінде АҚШ-та жас балалар мектепке кіргенде білім беретін мұғалімнен басшыға дейін әйел адам екендігін көріп жатады. Елдегі мемлекеттік мектептердегі ер мұғалімдердің үлесі соңғы 40 жылдағы ең төменгі деңгейді көрсетуде. Айналасындағы қыздар оларға қарағанда жылдамырақ оқиды, жан толғаныстарын бақылауда ұстай алады және бүгінгі білім берудегі бірлескен оқуға қойылған акцентке және сезімдерін білдіруге бейімірек келеді. Ұлдар ақпаратты көрнекі түрде қабылдағанды ұнатады және оларда қыздардың ерте сыныптарда игеретін қимыл қабілеті қабілеттері кездеспейді. Мектеп қабырғаларында ұлдар ұнататын табиғи (денелік) белсенді әрекеттер, бәсекелестік немесе жүйеліліктің ешқайсысы жоқ. Ұлдар өз сезімдерін білдіруден басқа нәрсенің барлығын жасағанды ұнатады.

Ұлдар сабақта зейін қоюда қиналады. Олар көбінесе берілген нұсқауларды елегісі келмейді және жұмысты ұқыпсыз орындайды. Ұлдар қыздарға қарағанда дамудың бұзылуынан үш-төрт есе көп зардап шегеді және оқуға қабілеті төмен деген санатқа екі есе көп жатқызылады. Көп ұл балаларды тым табиғи (денелік) белсенді болғаны үшін жазалайды. Ұлдар өздерін ұлдар сияқты ұстағаны үшін бақылауға алынады және емделуі үшін дәрі-дәрмек ішуге мәжбүр болады (әрбір бесінші кавказдық бала қатты әсер етуші «Риталин» («Риталин» – Америка Құрама Штаттарында және кейбір Еуропалық Одақ елдерінде назар тапшылығының жоғары белсенділігінің бұзылуын (НТЖББ), нарколе́псияны («нарколе́псия» (ежелгі гректің νάρκη зат есімінен шыққан арнайы сөз – «ұйқышылдық», «ұйқы» және λῆψις – «шабуыл»; басқа мағынасы ұқсас атаулары: «Желино́ ауруы», «күре нарколе́псия») – жүйке жүйесінің гиперсо́мниямен (аса ұйқышылдықпен) байланысты ауруы, күндізгі тоқтаусыз ұйқышылдық және кенеттен құлап кету ұстамаларымен сипатталады. Анық сана кезінде бұлшықет межеқуатының жоғалуы, түнгі ұйқының бұзылуы, гипнаго́гиялық (ұйқыға кеткенде) және гипнопо́мпиялық (ояну кезінде) елессезімдердің пайда болуы. Кейде оянғаннан кейін бірден дененің қысқа мерзімді салдануы байқалады) және бастапқы гиперсо́мнияны емдеу үшін қолданылатын орталық жүйке жүйесінің стимуляторы. Жалпы жанама әсерлер – өтпелі гипертензи́я (қысым арту), діріл, мазасыздық және ұйқының бұзылуы) есірткісімен уақытын өткізеді). Оларға сабақтар арасындағы үзілісте де жүгіруге рұқсат етілмейді. Бұл дегеніміз, ұлдардың үлгерімінің нашарлауының, ештемеге үлгермеуінің және мектепке деген жеккөрушіліктің басталуын білдіреді.

Бастауыш сыныптағы ұлдардың 50%-ы қыздарға қарағанда келесі жылға көбірек қалады және жоғары мектепті қыздарға қарағанда үш есе жиі аяқтамай тастап кетіп жатады. Көбінесе табысы төмен және аз қамтылған отбасылардан шыққан ұлдар бұл жайттардан зардап шегеді. Ақырында, Американың білім беру жүйесі тек құжат түрінде табысы болашақ экономикаға оң әсерін беретін, ал шын өмірде нашар дайындалған немесе білімін жетілдіруге қызығушылық танытпайтын сансыз көп жас жігіттерді шығарады. Бұл ерлерге, әйелдерге және елдің экономикалық болашағына теріс әсерін береді.

Маргарет Мид және басқада антропологтар барлық дерлік өркендеген мәдениеттер ұлдар мен қыздарды бөлек оқытып, дайындағанын хабарлайды. Америкадағы

90 000 бірлескен мектептердің ішінде 33 штатта 250-ге жақын мектептер ғана бір жынысты білім беретін мектептердің жүйесін таңдады. Бір жынысты мектептер діни және жеке мектептердің арасында бұрыннан танымалдылыққа ие.

Бір жынысты жеке мектептер керемет жетістіктерге жетуде. Флоридадағы бастауыш мектептің төртінші сынып оқушылары бөлек оқытылуға көшірілді. Ұлдар да, қыздар да жазбаша тестілеуде керемет нәтижелерге қол жеткізді. Басқа үлкен үміт күттіретін эксперименттер АҚШ-та, Канадада және Ирландияда орын алды. Бірлескен сыныптардағы бәсекелестік пен әлеуметтік қысымнан құтылған кейін, ұлдар мен қыздардың оқу үлгерімі жақсарып, тәртіп бұзушылықтары да азайғаны көрінеді.

Бір жынысты білім беру ұлдар мен қыздар үшін оң нәтиже берді, оның ішінде жоғары оқылым көрсеткіші және шет тілін меңгеру, үй тапсырмасына көбірек уақыт бөлу және жаңа білім алуға деген ұмтылыс кіреді. Мемлекеттік білім беру кеңестерінің ұлттық қауымдастығының (NASBE) 2002-ші жылғы есебінде бір жынысты мектептерде «қыздар арасында және екі жыныстағы аз оқушылардың арасында оң нәтиже ең көп кездескенін көрсетеді».

МЕКТЕПТЕР МЕН СЫНЫПТАРДА ЕР БАЛАЛАР МЕН ҚЫЗ БАЛАЛАРДЫ БӨЛУ

Грин аймағы (Джорджия штаты, АҚШ) Америкадағы бір жынысты білім беретін, ұлдар мен қыздар бөлек сыныптарда оқитын алғашқы мектеп ауданы болуды жоспарлады. Бұл көптеген жылдар бойғы тесттің төмен нәтижелерінен, оқуды тастап кету деңгейінің жоғарылауынан және жасөспірімдер жүктілігі санының артуынан кейін орын алды. Көптеген ата-аналар мен мұғалімдер бұл мәселе жөнінде олармен кеңеспегендіктен бұл өзгерістерге қарсылық танытып, соңында бұл жоспарлардан бас тартылды.

Мектеп директоры Мак Коллоу ұлдар мен қыздардың әртүрлі білім алатынын және оларды бөлу мұғалімдерге оқытуды дараландыруға мүмкіндік беретінін айтты. Сондай-ақ, ұлдар қыздардың назарын аудару үшін өздерін дөрекі ұстамайды, ал қыздар ұлдардың алдында ақылды болып көрінуден қорықпайтындықтан, сыныпта сабақ айтуда белсенді бола бастайды дейді.

(India Times, 2008-ші жыл)

Жеке сыныптар сабақты ұлдардың немесе қыздардың мықты тұстары мен қажеттіліктеріне қарай дайындайды. Ұлдар мен қыздар ақпараттарды әртүрлі үйренетіндіктен, олар өздерінің қажеттіліктеріне сай әзірленген сабақтар арқылы оқуда жетістікке жете алады. (Сакс,

2006-шы жыл) Біз ұлт ретінде жыныстық айырмашылықтарды түсінбегендіктен, оны саяси тұрғыдан талқылауды дұрыс емес деп санаймыз. Соның салдарынан мектептер оқушыларға өз әлеуетін ашуға көмектеспейді. Біз қыздарды компьютерлік ғылымдардан, ұлдарды өнер мен тіл үйренуден алшақтатып жатырмыз. Гуриан (2001-ші жыл) ұлдардың қыздар сияқты жақсы ести алмайтынын және қыздардың жарыққа сезімтал екенін айтады. Ұлдардың әрдайым сергек болу үшін жиі қозғалуды қажет етсе, ал қыздар өздерін ұқыпты және ілтипатты ұстауға бейім келеді. Мұндай айырмашылықтардың аражігін ажырату үшін әртүрлі оқыту әдістері қолданылу керек.

(Чандлер және Голд, 2008-ші жыл)

Біз Малайзиядағы Халықаралық Ислам Университетінің (ХИУ) өзінің бастауыш, орта және жоғары мектептеріне сәтті түрде енгізген келесі жүйелерін ұсынамыз:

1. ***Балабақшадан үшінші сыныпқа дейін:*** ұлдар мен қыздарға бөлек білім берілмейді, мұғалімдер әйелдер кісілер болады.

2. ***Төртіншіден алтыншы сыныпқа дейін:*** ұлдар мен қыздар бөлек сыныпта, бірақ бір мектепте оқытылады. Ұлдар мен қыздар үзіліс және басқада шаралар кезінде бірге бола алады. Алайда, ұлдар мен қыздар бір сыныпта бірге бола алады, бірақ келесідей үлгіде отырғандары жөн:

Ұлдар мен қыздарға ұсынылатын сыныптағы отырғызылу үлгісі (4-6 сынып)			
Ұлдар		***Қыздар***	

3. ***Жетінші және сегізінші сыныптар:*** ұлдар мен қыздарға арналған бөлек мектептер және ер балаларға ер мұғалімдердің қыз балаларға әйел кісілердің болуы. Бұл шамамен 13-14 жаста жыныстық жетілудің басталар тұсы және балалар әртүрлі тәжірибелер жасап, есеюді біртіндеп үйренетін кезеңіне сәйкес келеді. Олар жыныстық зорлық-зомбылықтың салдарын толық түсінбей тұрып, оларды өзге жынысы өкілдерімен араластыру қауіпті.

4. ***Тоғызыншы – он екінші сыныптар:*** тек өзінің жынысына сәйкес келетін мұғалімдері бар бөлек мектептер.



5. ***Университеттік білім:*** ұлдар мен қыздар бір сыныпта, бірақ екі бөлек қатарда отырады. Бұл жаста жасөспірімдер жауапкершілікті толығымен сезіне бастайды. Олар оқытушылар мен ата-аналарының қолдауымен және берген дұрыс бағыт-бағдарының көмегімен өмірлік жұбайын сәтті таңдай алады. Бұл көрсетілген үлгілер барлық студенттерге «Ата-ана тәрбиесі» курсы ұсынылатын ХИУ-де (Халықаралық Ислам Университетінде) сәтті түрде жүріп жатыр.

ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ЖЫНЫСТЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР: ИСЛАМ ТҰРҒЫСЫНАН

610-шы жылы ислам келгенге дейін араб қоғамының мәдениетінде ер адамдар үстемдік етті және шовини́стік («шовини́зм» (француз тілінде: chauvinisme – Наполеон Бонапарттың басқыншылық саясатына табынушы солдат Николя Шовеннің (Nicolas Chauvin) атына байланысты шыққан сөз) – шектен шыққан, жауыққан ұлтшылдық ұғымнамасы және саясаты; шовинизм фашизм ұғымдары мен саясатында ашық көрініс тапты; шовинист өз ұлтын, тобын, табын басқалардан артық көріп, асыра бағалайтын адам) көзқарас басым болды; қыз баланың туылуы ұят және масқаралық жағдай болды.

Олардың бірі «қызды болдың!» деп сүйіншіленгенде, жүзі түтігіп, іштей ашуға булығады. («Ән-Нәхл» сүресі, 58)

Құранның осы тұстағы жауабы барлығы тек ұл бала болсын немесе тек қыз балалар болсын, олардың аралас түрі болсын, ұрпақ – Алланың берген үлкен сыйы.

Пайғамбарымыз қыздарын дұрыс тәрбиелеген ата-аналарды жақсы хабармен сүйіншілеген: Кімнің үш қызы немесе әпкесі немесе екі қызы немесе екі әпкесі болса және олардың қиыншылығына шыдап, қуанышымен бөліссе, жақсылап тәрбиелесе, жеткізсе, Аллаһ Тағала осы қыз балаларға жасаған рақымы үшін ол кісіні өз жұмағына кіргізеді.

(Әл-Бұхари және Мүслім)

Уа, адамдар! Шүбәсіз, сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық. Сондай-ақ сендерді бір-біріңмен танысып, табысуларың (һәм біріңе-бірің қамқоршы дос болып, өзара жәрдемдесіп, тату-тәтті өмір сүрулерің әрі жер бетін көркейтулерің) үшін сан алуан ұлыстар мен руларға бөлдік. Біле білсеңдер, Алланың алдындағы ең ардақтыларың – ең тақуаларың (яғни, Аллаға тағзым етуде, иман келтіруде әрі мойынсұнуда ең алда болғандарың)! Шүбәсіз, Алла – Әлім (барлық нәрсені, соның ішінде, сендердің жай-күйлеріңді һәм не істеп, не қойып жүргендеріңді толық білуші), Хабир (бәрінен толық хабардар болушы). («Әл-Хужурат» сүресі, 13-ші аят)

Бүкіл адамзат бір еркек (Адам ата) мен бір әйелден (Хауа анадан) тараған. Нақты жыныстық рөлдерге келетін болсақ, Пайғамбар (с.ғ.с.) ер адамдар үстемдік ететін араб қоғамына келесі мәңгілік тұжырымдамалар мен тәжірибелерді орнатты:

Сендердің араларындағы жақсыларың – жанұяларыңа жақсы болғандарың, ал мен сендердің араларыңдағы отбасыма ең жақсысымын.

(Әт-Тирмизи және Ибн Мәджә)

Пайғамбар (с.ғ.с.) өз шаруасын өзі атқарып, үй ішінде жарларына көмектескен:

Айша және Умму Сәләмә Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) үй ішінде киімін өзі жамап, аяқ киімін өзі жөндеп, әйелдерінің үй шаруасына жәрдем ететін айтқан.

(Ахмад)

Пайғамбар (с.ғ.с.) шаруаларды «әйелдің ісі» және «ер адамның ісі» деп бөліп қарастырмаған. Құран ана атану, жүктілік және емшек сүтімен емізу сияқты биологиялық рөлдер туралы сөз болғанда, әкенің ана мен балаға заттық және рухани жағынан толық қолдау көрсетуін міндеттеген. Сонымен қатар, Пайғамбар (с.ғ.с.) әкені емес, ананы ең жоғары орынға қойған:

Жұмақ кілті ананың табанының астында. (Ахмад Ән-Нәсәи және Ибн Мәджә)

Пайғамбар (с.ғ.с.) жыныстық теңдікті насихаттады және күнделікті өмірінде үй шаруаларының орындалу үлгісін көрсетті, бұл араб шовинизмі мен пұтқа табынушылық белең алап тұрған шақта болғандықтан, мұны үлкен өзгеріске жатқызуға болады.

Жыныстық қатынас мәселесіне келгенде Исламда ер мен әйелдің некесіз кез келген жыныстық қатынасқа түсуіне жол бермеу туралы анық және қатаң түрде айтылған. Бұл ереже отбасы мен қоғамды аурудан, құлдыраудан сақтауға көмектеседі. Ислам бұл мәселелерде ешқашан ымыраға келмейді және заңсыз жыныстық қатынасқа (ішімдік, есірткі, қылымсу және арбау сияқты) әкелетін барлық жолдарға бөгет қояды. Бауырлар он жасқа толғаннан кейін, кез келген жыныстық мәселелердің алдын алу үшін бөлек төсекте ұйықтаулары керек.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейд:

Балаларың жеті жасқа келгенде, намаз оқуды бұйырыңдар. Он жасқа келгенде, намаз оқымаса (тәрбиелік мақсатта) ақырын ғана ұрыңдар және сол жастан бастап төсектерін бөлек салыңдар.

(Ахмад және Әбу Дәуіт)

Ислам қыздарды ана болу және бала күтімі, сондай-ақ үйден тыс жұмыстарға және қоғамдық рөлдерге (соның ішінде әскери қызметке белсенді қатысуға) дайындайды. Пайғамбар заманындағы әйелдер Алла елшісімен (с.ғ.с.) иық тіресе соғысқан. Балалары белгілі бір жасқа толған соң, аналар қоғам өміріне белсенді араласып (ресми немесе бейресми), толық немесе толық емес жұмыс күні, ақылы ерікті жұмыс, саяси немесе саяси емес қызмет атқаруы керек. Олардың жағдайына, мамандығына, оқуына, тәжірибесіне және экономикалық қажеттіліктеріне сәйкес келетін кез келген нәрсесіне қолдау көрсету керек. Жұмыс жасау әйелдердің міндеті емес, олардың жеке таңдау құқығы. Керісінше, жұмыс жасап, отбасын асырау – ерлердің міндеті.

Жыныстық рөлдердің кейбір бөлшектері қазіргі мәдениетте кездеседі. Мысалы, Пайғамбар (с.ғ.с.) заманында ер адамдардың шаштары ұзын болған. Батыста 1900 жылдар ортасында ұзын шаш үлгісі ер адамның жақсы жұмысқа орналасуы-

на кедергі болды. Алайда, қазіргі жиырма бірінші ғасырда ерлердің ұзын шаш қоюы қалыпты жағдайға айналды. Бұрындары ауыр жұмыстарды күш-жігері мықты, еңбекқор ерлерге жүктейтін. Алайда, қазіргі уақытта бұл ауыр жұмыстардың көпшілігі ақпараттық технологиялар, электроника және компьютерлердің арқасында мықтылық пен күшті қажет етпейді. Құрылыс, инженерлік іс және көлік сияқты мамандықтарды әйел адамдар оңай басқара алады.

Осыған сәйкес, ерлер мен әйелдер білім беру, тамақтандыру, медбикелік қызмет, хатшылық, ақпараттық технологиялар және қонақүйді басқару салаларында жұмыс істей алады. Сондай-ақ, киімге келетін болсақ, қарапайымдылық, қадір-қасиет және құрмет көрсету (тым тар емес, дене көрінетіндей жұқа емес, денені толық жауып тұратын және көзге тұрпайы көрінбейтін) болған жағдайда ерлер де, әйелдер де джинсы мен шалбарлар кие алады. Кейбір мұсылман елдерінде, мысалы, Пәкістанда шалбар әйелдердің дәстүрлі киімінің бір бөлігіне айналған.



Ер мен әйелдің бір-бірінен үйренері көп. Әрбір ер адамның бойында сезімталдық және әрбір әйелдің бойында ер мінезділік кездеседі. Екеуінде де әртүрлі мөлшерде ерлер мен әйелдерге тән гормондар бар. Келесі аяттарды талдайтын болсақ, бұл таңқаларлық жайт емес болып көрінеді:

Олар сендер үшін (сендерді бүркейтін, күнәдан тыятын, жан мен тән рақатына бөлейтін һәм көрікті қылатын) киім (іспетті), сендер де олар үшін дәл сондай киім (секілдісіңдер) («Әл-Бақара» сүресі, 187-ші аят)

Раббылары олардың дұға-мінәжаттарына былай жауап берді: «Шүбәсіз, Мен мейлі ер, мейлі әйел болсын, араларыңнан үнемі осылай игілікті істер атқаратындардың еңбегін зая етпеймін. Өйткені сендер бір бүтінсіңдер (яғни мақсат-мұраттарың, ұстанған жол-

дарың бір һәм еңбектеріңе қарай қарымдарыңды аласыңдар). («Әли-Имран» сүресі, 195-ші аят)

Ол сендерді бір ғана жаннан (Адам атадан) жаратты. («Әз-Зумәр» сүресі, 6-шы аят)

Жыныстық рөлге қатысты қорытынды мынадай:

Сондай-ақ Алланың кейбіріңе басқаларға қарағанда молынан берген (байлық, атақ-абырой, мансап, сұлулық сынды) дүниелік нәрселерге аңсарларың аумасын, (біреудің несібесіне қызығамын деп, күншілдік дертіне шалдығып, Алланың жазғанына қарсы келіп жүрмеңдер). Ер адамдардың істеген ісіне, еткен еңбегіне қарай алар сыбағасы (сауабы немесе күнәсі) болғанындай, әйелдердің де істеген ісіне, еткен еңбегіне қарай алар сыбағасы (сауабы немесе күнәсі) бар. Ендеше, (не тілесеңдер де тиісінше дұға әрі адал еңбек етіп) Алланың шексіз шарапатынан тілеңдер. Шүбәсіз, Алла бәрін біледі һәм әр ісін біліп істейді. («Ән-Ниса» сүресі, 32-ші аят)

Құран барша адамзатқа арналған. Кейбір жағдайларда орындалатын белгілі бір рөліне байланысты аяттар ерлерге немесе әйелдерге жеке арналған. Қалай болғанда да, Құран ерлер мен әйелдерге үлкен құрметпен қарайды.

ҚҰДАЙ ЖОЛЫ – ЕҢ ИГІ ЖОЛ: ҚЫТАЙ, ГЕРМАНИЯ ЖӘНЕ ҮНДІСТАННЫҢ МЫСАЛДАРЫ

Әлемдердің Жаратушысы барлығын кемел түрде жаратқан және бізге теңдестірілген ортаны сыйға тартқан. Жаратушының табиғи заңдарын бұзатын болсақ, айналамызда бүлік тудырамыз. Қытай мемлекетін мысал ретінде айтуға болады. Халықтың өсуін бақылау мақсатында қоғамда дауға іліккен «бір отбасы – бір бала» саясатын енгізді. Ерлі-зайыптылар отбасында бір баламен шектелуге мәжбүр болды, әйтпесе оларға жәрдемақыдан айырылу қаупі төнді. Бұл қоғамдағы ерлердің басымдығына әкелді, себебі адамдар отбасы қамын жақсартуға жәрдемдесу үшін жалғыз баласының қыз емес, ұл болғанын қалады. Бірнеше ондаған жылдар бойы ата-аналар ұлдарды асырап, бағып қыздарынан құтыла бастады. Нәтижесінде көптеген жасырын түсіктердің зиянды салдарын айтпағанда, халық арасында әйелдердің айтарлықтай тапшылығы пайда болды, соның кесірінен қылмыстар, адам ұрлау және жезөкшелік көбейе бастады. Бұл жантүршігерлік жағдайлар үкіметті ақырында өзінің «табиғи заңдарға қайшы» әлеуметтік экспериментін жоюға және отбасыларға өздерінің табиғи күйіне қайта оралуына мүмкіндік беруге мәжбүр етті. Құранда Жаратушының жаратылыс заңын былай түсіндіреді:

Күллі аспан әлемі мен жердің бар билігі мен иелігі бір Аллаға тән! Ол қалағанын жаратады. Қалағанына қыз сыйлайды (береді), қалағанына

ұл сыйлайды (береді). Яки қалағанына ұл мен қызды бірге береді, Сондай-ақ қалағанын бедеу етеді. Шүбәсіз, Ол бәрін білуші, бәріне толық құдіретті. («Әш-Шұрә» сүресі, 49-шы және 50-ші аяттар)

Адам ата мен Хауа анадан бері жыныстық тепе-теңдік Жаратушының қалауы бойынша табиғи түрде жалғасып келеді. Нацистер жеке тұлғалардың бойындағы қасиеттерімен тәжірибе жасап көруге тырысты. Олардың евге́ника («евге́ника» (ежелгі грек сын есімінен εὐγενής – «жақсы мейірімді», «асыл») – адамға қатысты сұрыптау ілімі, сондай-ақ оның тұқым қуалаушылық қасиеттерін жақсарту жолдары. Ілім адам тектік қорындағы азғындау құбылыстарымен күресуге шақырылды. Евге́никаны жақтаушылар евге́никтер деп аталады; биологияның тектілік мүмкіндіктерді зерттеу саласы) бағдарламасы бірнеше сәйкестендіру, оқшаулау және оқыту тәртіптері бар «адам қабілетінен тыс» адамды шығаруға бағытталды. Нәтиже тағы да сәтсіздіктерге алып келді.

Агнивеш және т.б. (2005-ші жыл) Үндістанда әйелдердің ұрықты өлтіруі – қыздардың жынысына байланысты түсік түсіруі – ерлердің санының әйелдерге қарағанда 50 миллионға артық болуына және «жыныстық алшақтыққа» алып келгенін айтады. Бұрынғы уақытта көптеген қыз сәбилерді туылғанынан кейін өлтірілетін болған. Ал қазір ата-аналар мен дәрігерлерге ультрадыбыстық диагностика көмегі арқылы ешқандай жазаға ұшырау қаупін тудырмай, жатырдағы сәбилерді өлтіру әлдеқайда жеңіл болды. Бұл бассыздықты ауыздықтау үшін үкімет ұрықтың жынысын ультрадыбыстық зерттеу арқылы анықтауды заңсыз деген шешімге келді.

Бұл қыздардан құтылу жайлы әдет-ғұрып кедейлер мен сауатсыз топтар арасында кең таралған деп болжалады, бұл негізінен күйеу жігіттердің отбасыларының қалыңдық жасауына қоятын жоғары талаптары мен басқа да дәстүрлі соқыр наным-сенімдерге байланысты. Дегенмен, бүгінде қыз балалардан құтылу бай және жоғары білімі бар адамдар арасында да жиі кездеседі, бұл білім деңгейінің жоғарылауымен өсуде – әйелдер арасындағы ең төмен білім бесінші сынып болса, ең жоғары білім дәрежесі университет денгейі болып табылады.

Қыздарды Бангладеш пен Непал тәрізді кедейленген аумақтардан немесе Үндістанның жағдайы төмен және тайпалық аудандарынан әкеліп, шамамен 200 АҚШ долларына күйеуге сатады, ал бұқаның бағасы болса 1000 АҚШ долларын құрайды (Хьюз және т.б., 1999-шы жыл). Өкінішке орай, Үндістанның көптеген жерлерінде ұл баланың дүниеге келуі тойланады, ал қыздардың дүниеге келуі қаралы жағдайға айналады.

ТАПСЫРМАЛАР 38-40

38-ші тапсырма:
Ата-аналардың талқылауы

«Баланы қалай жақсы тәрбиелеуге болады?» тақырыбын ортақ талқыға салу үшін әкелер мен аналардың басын қосып, бастарынан өткен жағымды және жағымсыз тәжірибелерімен алмасыңыз.

Бұл отырыстан кейін, барлық ата-аналар отыра қалып, жақсы бала тәрбиелеудің жолдарын талқылай бастады. Көптеген құнды ақпарат-тармен бөлісу орын алды. Соңында бір дана ата-ана тұрып: «Айтылған нәрселердің барлығы қажет, барлығы пайдалы. Алайда, бұл жеткіліксіз, себебі барлық ережелерді сақтасаң да Алланың мейірімі сенің отбасыңа түспесе, балаңның сенің көңіліңді қалдыру әбден мүмкін», – деді. Сол кезде ата-аналар бір ауыздан:

Қанша күш жұмсасаңыз да, сіз әрқашан біліміңіз бен дағдыларыңыз-ды ата-ана болудың осы бір асыл да, күрделі міндетін шешуге көмектесу үшін Аллаh Тағаланың мейіріміне жүгінумен байланыстыруыңыз керек.

Баланы тәрбиелеу үшін отбасы, ауыл, үмбет (мұсылман қауымдастығы) және Аллаh Тағаланың мейірімі керек. Барлығының оқшауларда емес, ынты-мақтастықта болуы шарт

39-шы тапсырма:
Аллаға бар болмысыңыз үшін шүкіршілік қылыңыз!

Барлық мақтау, мадақ тек – бүкіл әлемнің Раббысы болған Аллаға тән «Әлhәмдүлилләh»

Балаларыңызды келесі тіркестерді қайталап айтуға үйретіңіз:

Маған берген барлық жақсылығы үшін Аллаға шүкіршілік етемін.

Мені адам етіп жаратқаны үшін Аллаға шүкіршілік етемін.

Мені қыз бала етіп жаратқаны үшін Аллаға шүкіршілік етемін немесе

Мені ұл бала қылып жаратқаны үшін Аллаға шүкіршілік етемін.

Мені қара, ақ, қоңыр және сары етіп жаратқаны үшін Аллаға шүкіршілік етемін.

Мені осы болмысыммен жаратқаны үшін Аллаға шүкіршілік етемін.

Мені ұл бала қылып жаратқаны үшін Аллаға шүкіршілік етемін.

Мені қара, ақ, қоңыр және сары етіп жаратқаны үшін Аллаға шүкіршілік етемін.
Мені осы болмысыммен жаратқаны үшін Аллаға шүкіршілік етемін.

40-шы тапсырма:

Барак Обама: жалғыз басты ата-ананың үлгісі

Ата-аналарға балаларымен бірге отырып, афроамерикалықтың әлемдегі ең жоғары саяси лауазым шыңына шыққаны туралы талқылауға кеңес беріледі. Оның президенттігінің соңы қалай аяқталатынына қарамастан, Барак Обаманың бұл жетістігі адам баласының әрқашан ең қиын деген сынақтардың өзін жеңе алатының куәсі болып қала береді. Балаларыңыздан Обаманың екі кітабын оқып шығуды сұраңыз: Dreams from My Father: A Story of Race and Inheritance, and The Audacity of Hope (Әкемнің армандары: нәсіл мен мұра туралы оқиға және батыл үміт) Ата-аналар ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып, жолындағы көп кедергілерге қарамастан, әрқадайым өзінің соңғы межесіне жететін Жаратушының жоспарлары мен даналығы туралы балаларына түсіндіруі керек. Обаманы жалғыз анасы ғана тәрбиелеген, ата-аналар бұл жайтты балаларымен талқылай алады. Сондай-ақ Мұса мен Исаны (оларға Алланың игілігі мен сәлемі болсын) тәрбиелеген аналарды және Мұхаммед Пайғамбарды (с.ғ.с.) өсірген нағашы атасын талқылауы керек.

Обама мен Жаратушының жоспарына қатысты, егер оның өміріндегі жағдайлар басқаша болса, нәтиженің де түбегейлі өзгеретінін атап кеткен жөн. Төменде «егер осылай болған жағдайда» деген жайттарды қарастырсақ:

- Егер Обаманың әкесі (Барак Хусейн Обама) кениялық мұсылман болмаса және Америкада оқу шәкіртақысын ұтып алмаса ше?
- Егер әкесі Канзастан шыққан аққұба әйелге (Энн Данхэм) үйленбесе ше?
- Егер әкесі Барактың екі жасында отбасын тастап кетпесе, қайтып оралмаса ше?

- Егер анасы индонезиялық мұсылманға (Соеторо) тұрмысқа шықпаса және Обама мұсылман балаларымен бірге мектепке барған Джакартада төрт жыл тұрмаса ше?
- Егер анасы өгей әкесімен (Соеторо) ажырасып, Америка Құрама Штаттарына оралмаған болса ше?
- Егер анасы қатерлі ісік ауруынан қайтыс болмаса және оның ата-әжесі (Мадлен мен Стэнли Данхэм) мектеп барған Гавай аралдарында тәрбиелемесе ше? Үлкен әулеттің балаға тигізер әсері мен оның берер пайдасы жайлы ойланып көріңіз.
- Егер ол Гарвард университетіне түспесе және беделді Harvard Review журналының редакторы болған алғашқы афро-американдық болмаса ше?
- Егер ол Чикаго қаласында христиан дініндегі адам ретінде тұрмаса және ондаған жылдар бойы Христиан Троица шіркеуіне бармаса ше?
- Егер ол Гарвардты бітірген африкалық құлдардың ұрпағы болған Мишельге үйленбеген болса ше?

Адамның емес, Алланың дегені болады.

Нәсілшілдік пен жанкештілікті жеңіп, теңдікті, сан алуандылықты және төзімділікті қабылдай алу адамзаттың жеткен үлкен жетістігі. Ақ үйді 1792 және 1800-жылдар аралығында салған африкалық құлдардың бірінің ұрпағы болған адамның бүгінгі таңда билікті иеленуі таңқаларлық өзгеріс. Обама не істесе де, тарихта қалары сөзсіз!

Дәл осы тақырыпта ата-аналар өздерінің жеке тәжірибелерін Жаратушының құрған жоспарына сүйене отыра баяндап бере алады және өмірлерінің түрлі қиын сәттерінде қабылданған маңызды шешімдерінің оларды үйленуге, балалы болуға және қазіргі жағдайына қалай әкелгендігі туралы бөлісе алады.

Мұның бәрі Жаратушының негізгі жоспары:

Алланың қалауынсыз, сіздің «қалауыңыз» жүзеге аспайды!

13-ШІ ТАРАУ

Жыныстық қатынас және жыныстық тәрбие: Біз балаларымызға не айтамыз?

КІРІСПЕ

Жыныстық қатынас және жыныстық тәрбие – аса маңызды және терең мәнге ие тақырыптар. Ата-аналардың көпшілігі жыныстық қатынас мәселесін талқылауға ыңғайсызданады және жыныстық тәрбиені үйретуді мектепке немесе басқа адамдардың жауапкершілігіне қалдырады. Адамдар табиғи (денелік) тұрғыда және ақыл-ойы, тәні, жүрегі және жаны сау болуы үшін жыныстық қатынасқа дұрыс көзқарас қалыптастыруы керек. Алайда, некеге дейін болған жыныстық қарым-қатынас соңы қайғылы жағдайға және ұзақ мерзімді зардапқа әкелуі мүмкін. Олардың ішіндегі ең танымалдары әлеуметтік және табиғи (денелік) аурулар. Бұл жұқтырған аурулардан олардың жұбайлары және ұрпақтары да зардап шегуі мүмкін. Зардаптың салдарының ауыр болғаны соншалық, ол емделмейтін ауруға айналады.

Жаратушымыз некесіз жыныстық қатынасқа (зинаға) және ерлі-зайыптылардың опасыздығына тыйым салды. Жыныстық азғындық салдары үлкен апаттарға алып келеді, сондықтан да негізгі ережелердің бірі жыныстық қарым-қатынасты некемен шектеу. Жыныстық жолмен берілетін аурулар (ЖЖБИ) некесіз жыныстық қатынастан туындайды. Адам баласы жаратылыс заңдарына бағынбай өмір сүретін болса, жаңа аурулардың пайда болуы мүмкін. Ата-аналар өздерінің және балаларының жыныстық тәрбие алуына белсенді қатысуы керек.

ЖЫНЫСТЫҚ ТӘРБИЕ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Адамдар жыныстық тәрбиені әртүрлі қабылдайды. Бұл адам ағзасының анатомиясы мен физиологиясы, жыныстық қатынас тәжірибесі, ұрпақты болу және отбасылық өмір, аурулар мен қалаусыз жүктіліктің алдын алуына қатысты ма? Балаларға жыныстық қатынас туралы білім беру оларға жыныстық қатынасқа түсуге рұқсат берумен тең бе? Бір мұғалім былай деді: «Мен балаларыңызға жыныстық қатынасқа түсу керек пе, жоқ па және оны қалай істеу керектігі туралы айтуды жоспарламаймын. Бірақ егер олар жыныстық қатынасқа түсуге шешім қабылдаса, олар ауру мен жүктіліктің қалай алдын алу керектігін білуі керек». Жыныстық білім беру бағдарламаларының көпшілігі толық әзірленбеген және ақылақ, жыныстық әрекетсіздік, ауытқулар мен неке мәселелерін қозғамайды.

Бұл бағдарламаларда екі мәселе қарастырылады. Оның бірі биологиялық мәнбілер. Бұл жасөспірімдерді ата-аналары етеккір немесе түнде болатын бөліністерден хабардар етпеу салдарынан жасөспірімдерде пайда болатын қорқынышпен байланысты. Екінші маңызды мәселе – жыныстық тұрғыда белсенді жетілген жастарға қалаусыз жүктіліктен және оның салдарынан болатын түсік жасатудан аулақ болу үшін жеткілікті ақпарат беру. Мұндай ақпарат оларды қауіптен қорғауға көмектеседі.

Кейбір білім беру орталықтары табиғи (денелік) көбеюдің жалпы механикасы пәнімен қатар ақылақтық жауапкершілікті де үйретеді. Басқа мектептерде жыныстық тәрбие жайлы ақпараттар аз беріледі. Көптеген мектептерде жыныстық тәрбие әдеп және әлеуметтік білім беру бағдарламасының маңызды бөлігі болып табылады. Балаңызды бұл сабақтарға қатыстырмаудың берер пайдасы шамалы, себебі жыныстық қатынас мәселесі ағылшын немесе тарих, дене шынықтыру, өнер, апта сайынғы діни білім беру бағдарламасында немесе кез келген басқа жерде де талқылануы мүмкін тақырып. Жыныстық қатынас өміріміздің ажырамас бір бөлігіне айналды.

Көп жағдайда жыныстық тәрбие бақытты және толыққанды некелік өмірді көрсетпейді. Осылайша, көптеген ерлі-зайыптылар көбінесе білім мен дағдылардың жетіспеушілігінен бақытсыз некеде өмір сүреді. Қоғамда «ер адамның әйелін қоздыру немесе оны қанағаттандыру қабілеті өздігінен пайда болады» деген қате түсінік қалыптасқан. Бақытты неке құру жолы жыныстық тәрбиенің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл білімнің жасөспірім кезінде берілмейтіні өкінішті.

Егер жасөспірім балаңыз жыныстық тұрғыдан белсенді бола бастаса, сіз ол туралы ең соңғы болып естисіз. Жасөспірім бала мұны құпия ретінде сақтауы мүмкін. Сонымен қатар, жасөспірімдердің арасында жасырын желі бар, онда олар өз құрдастары арасында құпия ақпараттармен алмасады, бірақ барлығы бұл жайттарды ата-анасынан жасырады.

Бұл сауал тұрғысындағы ең қанағаттанарлық жауап – Пайғамбар көрсеткен үлгісі. Мектептерде жыныстық тәрбиені анықтау және оқыту тәсілінің көптеген оң және теріс жақтары бар. Сондықтан ата-ана баласына дұрыс бағыт-бағдар беруді өз мойнына алуы керек. Қоғамның бізге беретін жыныстық қатынас туралы ақпараттары, соның ішінде мектептер, теледидар, ғаламтор және құрдастарды қоса алғанда әртүрлі артықшылықтары мен кемшіліктерге ие.

АМЕРИКАНДЫҚ КӨРІНІС

Атхар (1990-шы жыл) балаларға мектептерде және бұқаралық ақпарат құралдарында берілетін қате хабарламалары жайлы айтады. (Жыныстық тәрбие: Исламдық көзқарас,

өңдеген медицина ғылымдарының докторы Шәһид Әтһәр, http://www.techislam.com/dmdocuments/33/BOOK/SexEducation). Көптеген мектептерде жыныстық тәрбие 2-ші және 12-ші сыныптар аралығында оқытылады және оған миллиардтаған қаражат жұмсалады. Мұғалімдер балаларға көбіне жыныстық қатынастың ақылақтық құндылықтарын немесе дұрыс шешім қабылдауды емес, оның техникалық қырларын сипаттайды. Көбеюдің анатомиясы мен физиологиясын түсіндіргеннен кейін, негізгі назар венерологиялық аурулардың және жасөспірімдік жүктіліктің алдын алуға аударылады. ЖИТБ-нің өршуі «қауіпсіз жыныстық қатынасқа» көп көңіл бөлуге алып келеді, бұл әдетте мүшеқапты қолдануды білдіреді. Кейбір мектептерге мектеп емханаларына қаралатындарға тегін мүшеқаптар мен басқа да бала көтертпейтін дәрі-дәрмектер бергені үшін салық аударымдары төленеді. Ал кейбір мектеп және университеттерде дәліздерінде мүшеқап сататын автоматтар орналасқан.

Жыныстық тәрбие мәселесінде ата-ана рөлі барынша төмендетілген, кейде, тіпті, келемежге ұшырайды. Жас бала жыныстық қатынас жайлы сұрақ қойғанда, әкесі көбінесе ол туралы сөз қозғаудан қашып, тақырыпты өзгертеді. Сондықтан ұлдар жыныстық қатынас жайлы бөтен адамдардан үйренеді. Мұғалімдер насихаттаған кейбір кемшіл жайттар діни қағидаларға сәйкес келмейді. Доктор Шәһид Әтһәр адасқан мұғалімдердің қате көзқарастарын мысалға келтірді:

(а) Үйде жалаңаш болу (жуынатын немесе жатын бөлмеде) – кішкентай балаларды (5 жасқа дейін) жыныстық қатынаспен таныстырудың пайдалы әдісі және бұл оларға қызықтырған сұрақтарын қоюына мүмкіндік береді. Дегенмен, 1997-жылғы зерттеуге сәйкес, балаларды зорлау мен жақынымен жыныстық жанасудың (туыстық дәрежесі бар адамдар арасындағы жыныстық қатынас) 75%-ын (жылына 500 000) жақын туыстары (ата-анасы, өгей ата-анасы немесе басқа отбасы мүшесі) таныс ортада жасайтыны анықталды. (Абель және басқалар, 2001-ші жыл)

(б) Баланың басқа баланың жыныс мүшелерімен ойнауы «бала аңғырттығы» болып саналады және бұл жерде ұрысуға немесе жазалауға ешбір себеп жоқ екендігі айтылады. Алайда, бұл ақпаратты айтқан мұғалім 12 жастағы ұлдардың 8 жастағы қыздарды зорлағанынан хабардар. Дегенмен, ол «бала аңғырттығының» жыныстық қатынасқа айналуы жайлы сөз қозғамады.

(с) Кейбір мұғалімдер «ұятсыз» журналдарды оқып жатқан балалар өзін кінәлі сезінбеуі керектігін, керісінше ата-аналар мұны балаларға жыныстық көзқарас, құндылық және жыныстық қанау туралы пайдалы ақпарат беру мүмкіндігіне айналдыру керек дейді. Бұл таза надандықтың белгісі. Бұл журналдардың көбісі жыныстық қатынасты ләззат құралы және әйелдерді ерлердің ойыншығы ретінде көрсетеді. Шын мәнінде, өзін кінәлі сезіну, жасаған қателігіне өкініп, оны түзетуге тырысатын болса, ол зиянды жан толғанысқа жатпайды. Өзін кінәлі сезіну арқылы өкіну (дұрыс емес әрекетті бағалауға және болдырмау үшін) балаларға өз мінез-құлқын бағалауға және жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік беретін маңызды тетік.

(д) Мұғалімдердің тағы бір кеңесі егер біреудің баласы жыныстық өмірді бастаса, оны тоқтатудың орнына, ата-ананың ақылақтық міндеті баланың денсаулығы мен мансабын қорғау үшін бала көтертпейтін және венерологиялық аурулардың алдын ала дәрілер жайлы ақпарат беру. Мұндай мұғалімдер жыныстық қатынас жайлы ақпарат беру жыныстық қатынасқа баруға рұқсат беру деп санамайды. Дегенмен, егер біреуге жаңа жемістің пішіні, түсі, иісі мен дәмі және оны жеуден алған ләззат жайлы айтылса, олардың ол затты жеп көргісі келетіні ақылға қонымды жайт емес пе? Ата-аналар ерте жыныстық қатынастың дұрыс еместігі жайлы тиісті талқылаулар жүргізуі керек. Талқылау тақырыптары таныстар арасындағы қалаусыз жүктілік, анайы жарнама, азғындықты насихаттайтын саз немесе теледуман туралы болуы мүмкін.

Американдық мемлекеттік мектептердегі жыныстық тәрбие жасөспірімдердің венерологиялық аурулары мен жүктілігінің деңгейін төмендеткен жоқ және олардың жыныстық әдеттерін де өзгерткен жоқ. Өкінішке орай, шіркеуге бару да көп көмегін тигізбеді. (Атхар, 1990) Егер сіздің балаңыз мектептегі биологиялық білімді алмаған күннің өзінде олар жыныстық тәрбие жайлы ақпаратты бәрібір сыртқы ортадан білер еді және ата-аналар бұл жағдайда көбірек белсенділік танытуы керек. Мектептер әдетте қарапайым биологиялық білім мен жүктіліктің алдын алатын ақпараттарды ғана береді. Көптеген мұсылман ата-аналар, басқа діндегі ата-аналар сияқты, мемлекеттік мектептерде берілетін жыныстық тәрбие олардың діни заңдарына сәйкес келмейтініне және балаларға жүктіліктің алдын алу туралы кеңес беру оларды жыныстық қатынасқа итермелеуі мүмкін екенді-

гіне алаңдайды. Бұл орынсыз алаңдаушылық, себебі берілетін ақпараттар нақты және жас балаларға қажетті болып табылады.

Мұсылман және мұсылман емес көптеген ер адамдар әйелдерінің жыныстық қатынас кезіндегі ләззат жетіспеушілігін білгенде таң қалды. Себебі, көптеген ер адамдарға әйелдің ер адамның жыныстық қажеттіліктерін қанағаттандыру оңай екені айтылған, өйткені бұл үшін тек бірнеше секунд тыныш жатып, қалауын алуға рұқсат беру керек. Алайда, ер адамға әйелдің жыныстық қажеттіліктерін қанағаттандыруды үйрену шеберлікті қажет ететінін және діни міндеті екендігі туралы айтылмаған. Олар әйелдің әурет жерлеріне қатысты бойындағы ұялшақтықты жеңіп, жыныстық қатынас алдында бір-бірін аймалауды үйренуі керек және ерлер өздерін қанағаттандырып, әйелді «аш» күйде қалдырса, бұл әйелдерін ләззат сезімінен айыратын қатыгездіктің бір түрі болып табылады.

Көптеген ата-аналар балаларының кездейсоқ түрде жыныстық қарым-қатынасқа түскенін қаламайды. Дегенмен, жасөспірім ата-ана назарынан тыс жеке өмірін бастағанда, ата-аналардың бақылауы азаяды. Пәктік жасөспірімдерді қорғаудың бір жолы болғанымен, ата-ана қалаған бұл пәктік түрі әдетте бала 10 жасқа толғанға дейін ойын алаңдарында жоғалып жатады. Қазіргі уақытта балалар білімді ғаламтордан, теледидардан және фильмдерден алады, ал егер сіздің балаларыңыз DVD дискілерін (немесе DVD дискісі бар достарына) еркін қолдана алса, олардың көргенінен алған «білімі» сіздікінен әлдеқайда көп болуы мүмкін. Егер ашығын айтатын болсақ.

ЖИТБ Таиландтағы өлімнің негізгі себебінің бірі

Қоғамдық денсаулық сақтау министрінің орынбасары Сурапонг Суебвонглидің айтуынша, 2001-жылы ЖИТБ Таиландта жазатайым оқиғаларды, жүрек аурулары мен қатерлі ісіктерді басып озып, өлімнің басты себебіне айналған. Министр нақты сандарды жарияламады, бірақ АИТВ-ЖИТБ таралу ауқымының азайғанын айтты, оның себебі ауылдық жердегі қайтыс болғандардың туыстары өлімнің нақты себебін айтудан бас тартуында. «Ауыл басшылары жазатайым емес өлім-жітімдердің көбісі «жүрек соғысының тоқтауынан» деп хабарлады. Бұл тайлықтардың көпшілігі «жүрек ауруынан» қаза тауып жатыр деген қате пікірге әкелді. «Бірақ біз жаңа сауалнама жүргізіп, нәтижесінде ауылдық жерлердегі өлімнің ең үлкен себебі ЖИТБ екенін анықтадық», – деді ол Мальдивте өткен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының отырысынан оралғаннан кейін. БҰҰ-ның АИТВ-ЖИТБ (Біріккен Ұлттар Ұйымының АИТВ/ЖИТБ бойынша біріккен бағдарламасы) бағдарламасының Бангкоктағы кеңсесі 10 жыл бұрын індеттің басында жұқтырған тайлықтардың ауырып, көптеп қаза болу себебінен ЖИТБ-нен туатын өлім-жітім санының әлі де көбейетінін мәлімдеді. Есептеулер бойынша, Таиландтың 60 миллион халқының шамамен бір миллионы АИТВ ауруын жұқтырған және олардың шамамен үштен бір бөлігі қайтыс болған.

(ЖИТБ туралы білім берудің жаһандық ақпараттық жүйесі, 2001-ші жыл)

Неліктен білікті профессор АҚШ-тан кету жайлы шешім қабылдады?

Малайзиядағы (ХИУ) Халықаралық Ислам университетінің профессоры келесі бір оқиғаны баяндап берді.

Мичигандағы мемлекеттік бастауыш мектептің үшінші сыныбында оқитын баласы үйге келгенде сыныптасының барлық сынып көзінше мектеп оқушысымен жасаған жыныстық әрекетін егжей-тегжейлі баяндап берді. Бұл жағдай профессорге заттарын жинап, бес баласымен бірге АҚШ-тан дереу кетуіне себеп болды. Ешқандай құндылыққа негізделмеген жыныстық тәрбие, жауапсыз жолмен жыныстық қатынасқа баратын ұрпақты тудырды. Кең таралған мәдениет жыныстық қатынасты қызықтыратын, қолжетімді және жағымды етіп көрсетті. Жыныстық бейнелер мен азғындық әдеттегі жайтқа айналғандықтан, одан қашу көпшілікке оғаш болып көрінеді

АҚШ-ТАҒЫ АНАЛАР МЕН ҚЫЗДАРЫНЫҢ ТҮСІНІКТЕРІ

Жасөспірімдерге жыныстық мінез-құлық мәселесі шиеленіс тудыруда және оларға ата-аналар мен мұғалімдердің тиісті нұсқаулары жетіспейді. Төменде жасөспірімдердің айтқан ойларына мысалдар келтірілген:

- 16 жасар Селма былай дейді: «Жыныстық қатынас жайлы анамнан ештеңе сұрай алмаймын. Егер сұрақ қойып бастасам, не үшін сұрап жатыр екен деп аландайды. «Не үшін оны білгің келеді» деп сұрақтың астына алады. «Бәлкім солай болды ма...»
- 14 жасар Джульетта былай дейді: «Менің анам сауатсыздық тазалыққа (пәктікке) кепілдік береді деп санайды. Анамнан жыныстық қатынас жайлы бірдеңе сұрасам ашуға булығып шыға келеді. Оның айтуынша: «Күйеуім жыныстық қатынас туралы білгім келетін нәрсені бәрін үйретеді екен».
- 18 жасар Луис былай дейді: «Ата-анамның айтқан сөздерінен екі ойлы болып тұрмын. Бірі ол әрекетке барма, басың дауға қалады десе, екіншісі жас күніңде күліп, ойнап қал дейді. Оларға өзара ақылдасу керек сияқты. Егер жыныстық қатынас бізге пайдалы болса, оны ашып айтсын. Ал егер зиян тигізетін болса, азғырмасын, арандатпасын және шатастырмасын».
- 15 жасар Джошуа былай дейді: «Әкеміз біздің әрқашан шыншыл болғанымызды қалайды. Бірақ оның шыншылдығы жыныстық қатынас жайлы әңгіме қозғалғанда аяқталады. Жыныстық қатынас мәселесінде менің шыншылдығыма орын жоқ»
- 22 жасар Джонатан былай дейді: «Колледжде оқитын ұлдар үшін жыныстық қатынас жетілу мен еркектікті дәлелдейтін белгі болып саналады. Ал қыздар үшін шеттетілу мен жалғыздықтан қорғаныс болып табылады».
- Жасөспірім жыныстық қатынас екінің бірін алуы жайлы: «Комедия көрсем, күлемін; трагедия көрсем, жылаймын; мені ашуландыратын нәрсе болса, айқайлаймын; ал егерде жыныстық қоздыратын нәрсені көрсем, не істеуім керек?»

Бұл талқылаулар сауатсыздыққа қарсы күресу үшін тиісті жыныстық білім берудің қажет екенін көрсетеді. Қоғам енді көше мен экрандарда өзінің жыныстық үлгіқалыптары мен құндылықтарын ашық түрде көрсетуге жол бере алмайды.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС: БҮГІН ЖӘНЕ КЕШЕ

Бүгінде адамдар арасында құндылықтардың айтарлықтар қарама-қайшылығы кездеседі. Кейбір ата-аналар жаңа шындықты қабылдайтын уақыт келді деп санайды. Олар ЖЖБА (жыныстық жолмен берілетін аурулар), қалаусыз жүктілік және абырой-беделіне нұқсан келуі жайлы алаңдайды. Олар жыныстық білім беруді ашық жүргізу арқылы бұл қауіптерден аулақ боламыз деп үміттенеді. Кейбір ата-аналар жасөспірімдерге жыныстық қатынас жайлы ақпараттар беріп, жүктілікке қарсы дәрілермен қамтамасыз етеді.

Басқа ата-аналар бұл шараларды наразы түрде қабылдаудан бас тартады. Олар жүктілікке қарсы дәрілер некеге дейінгі жыныстық қатынасқа ынталандыруы мүмкін деп санайды. Олар қоғамның жасөспірімнің жыныстық қатынасы құпталынбайтынын біледі, өйткені ерте эротикалық қозу оған жауапты адамдық қарым-қатынастар мен өркениетке қауіп төндіреді. Жастардың басты міндеті – білім алып, парасатты тұлға болуға және отбасылық өмірге дайындалу. Бұл тапсырманы орындауда мына қағидаға сүйенген дұрыс: «ақылың болса, арыңды сақта». Кейбіреулер тіпті жыныстық қатынас туралы талқылауды жағымсыз және жиіркеніштi деп санайды. Кейбір ата-аналар жыныстық қатынас жайлы ашық сөйлесу жыныстық қатынасқа түсуге ынталандырады деп ойлайды. Расында, бұл жердегі негізгі түпкі мақсат өзін-өзі қорғау болатын. Бір ата-ана балаларға үлгі-өнеге болу жайлы: «Біз ересектер лайықты түрде үлгі көрсетіп, әдепті мінез-құлықты талап еткенде ғана балаларымыз бізге ұнайтын адамдарға айналады».

Өмірде де, әдебиетте де жыныстық ақылақ аз кездеседі. Америка Құрама Штаттарында және басқа да көптеген елдерде жыныстық қатынас енді тыйым салынған тақырып емес; ол мектептерде оқытылады және үйде қызу талқыға түседі.

Бұл қоғамдарда жастар азғыруға ұшыраса, соның артынан еріп кететінін барлығы жақсы түсінеді. Сондықтан ұлдардан көбірек күдіктенеді, ал қыздарды бақылауда ұстауға тырысады. Қазіргі ұлдарда көлік бар, ал қыздарда еркіндік бар. Азғырудың өршіп, бақылаудың жоғалған кезінде жастардан ақылақтық ережелердің сақталуын күтуге бола ма?

Бұрын тәртіпті қыздар пәктіктің сақталуына мән беріп, жігітіне тек құшақтауға немесе петтингке (жыныс мүшелеріне тигізбей, дененің эрогендік аймақтарын аймалау және қоздыру арқылы орга́змге (орга́зм (көне грекше: ὀργάω сөзінен шыққан көне грекше: ὀργασμός – құштарлықпен жалындаймын) – мықты рақаттану, тоят алғандық сезіммен сипатталатын жыныстық қозудың аяқталуы) жету) рұқсат беретін. Бұл оның ар-ожданмен және қоғам алдындағы абыройының көрінісі болатын. Ал қазір көптеген жасөспірімдер бұл шешімге күмәнмен қарайды. Ұл балалар теледидарлар, фильмдер мен журналдар олардың жыныстық құмарлықтарын арттыратынына на-

разы болса, қыз балалар жыныстық қатынастан бас тарту оларды күлкіге айналдыратынына наразы.

Бұл елдердегі колледжде оқитын қыздар қыз болып қалудың қиын екенін айтады. Көптеген ұлдар олармен кездесуден бас тартады, ал кейбір қыздар оларды заманнан артта қалған деп санайды. «Некеге дейін жыныстық қатынасқа түспеуді» қолдайтын жандар қоғамнан оқшауланыу мүмкін. Осындай

қысымдар кезінде пәк қыз өзінде бір шикілік бардай түрлі күмәнға салынады. Азғырулар мен келемеждерге қарсы ақылақтық тұрғыдан мықты адамдар ғана өздерінің намысын сақтап қала алады. Өкінішке орай, көптеген қыздар осындай ортада қажеттіліктен емес, көрсетілген қысым нәтижесінен жыныстық қатынасқа түседі. Бұрын қыз жүктіліктен қорқуды пәктігін сақтап қалу үшін қолданатын еді. Қазір бұл сылтау орынсыз болып қалды.

Профилактикалық құралдар супермаркеттерде сатылады, таблеткалар мен жүктілікке қарсы дәрілерді де қолжетімді, ал кейбір мектептерде, тіпті шіркеулерде мүшеқаптар тегін таратылады. Колледжден үйіне оралған 18 жасар Джейсон өмір мен махаббат жайлы ойлана былай деді: «Мен ұлдар мен қыздар арасындағы нақты айырмашылықты енді түсіндім. Қыздар махаббат пен сүйіспеншілікке ие болу үшін жыныстық қатынасқа түседі. Ал ұлдар жыныстық қатынасқа түсу үшін махаббатты құрал ретінде пайдаланады. Менің ойым – оларды уақытында жақсы көру және кейін тастап кету». Әкесі сонда: «Оны уақытында жақсы көріп, кейін тастап кететін қыздарға не болмақ?». «Бұл менің шаруам емес, ол жайлы ойламауға тырысамын», – деді Джейсон.

«Жақсы, дегенмен бұл жайлы ойланып көр. Шығыста адамды өлімнен құтқарсаң, оның өміріне енді сен жауаптысың дейді. Қызды өзіңе ғашық қылдырып, сезімін оятқаннан кейін оның сезімі ендігі де сен жауапты боласың», – деді әкесі.

Джейсонның әкесі негізгі қағиданы ұсынды: адалдық пен жауапкершілікті сезіну барлық адами қарым-қатынастарға тән. Барлық жағдайлар қарапайым немесе күрделі, әлеуметтік немесе жыныстық қатынас болсын адамның адалдығы мен жауапкершілігін талап етеді.

ЖЫНЫСТЫҚ ТӘРБИЕ НЕЛІКТЕН ҚАЖЕТ? БІЗ ОНЫ ҮЙРЕТУГЕ МІНДЕТТІМІЗ БЕ?

Жасөспірімдер жыныстық қатынас жайлы барлығын білгісі келеді. Олар мазасыз және абыржулы күйге түсіп, тек шынайы және басынан өткен жеке оқиғаларды естігілері келеді. Жасөспірімдер жыныстық қатынас жайлы маңызды талқылауға мүмкіндік туған жағдайда, өздерін еркін, әрі байыпты ұстайды. Олар өздерінің жыныстық құмарлығымен мәміле орнату үшін белгілі бір стандарттар мен түсініктерді іздейді. Сұрақ: жасөспірімдерге жыныстық тәрбие беру керек пе? Көбінесе бұл тым кеш орын алады. Ғаламторда, мектеп ауласында және көшеде жыныстық қатынасты нашар үйретеді. Сөздер мен суреттерде балалар жиі жағымсыз және анайы жыныстық қатынастың түрін көреді. Экрандар мен көшелер жалған ақпараттың сарқылмас көзіне айналды. Азғындықты насихаттаушылар жыныстық «мәнбілер» мен алған әсерлерімен бөлісуден еш тартынбайды. Ерте жыныстық тұрғыдан жетілген құрдастары шынайы және ойдан шығарылған оқиғаларымен бөліседі. Ал ата-аналар мен мұғалімдер қажет ақпаратты дер кезінде жеткізуге қорқады.

Жыныстық тәрбие екі бөліктен тұрады: ақпарат беру және құндылықты түсіндіру. Құндылықтарды үйде үйренгендері жөн. Ал ақпаратты сарапшыдан алу керек. Алайда, жыныстық қатынасқа қатысты барлық сұрақтар білім алу құштарлығынан туындамайды. Кейбір балалар ата-аналарын ыңғайсыз күйге түсіру үшін әдейі арандатушылық сұрақтар қояды. Ата-аналарды жыныстық қатынастың барлық қырларында шынайы, ашық және бәрін біледі деп күтуге болмайды. Шын білгіңіз келген ақпаратты ата-анаңыздан алып, қалған мәселелер бойынша сарапшы көмегіне жүгінген жөн. Ата-аналар жасөспірімдерді тек мектеп қана емес, сонымен қатар шіркеу, мешіт және қоғамдық орталық демеушілік ететін жыныстық пікірталастарға қатысуға шақыруы керек. Нысанды және шынайы түрде берілген ақпарат дұшпандықты азайтып, ұрпақтар арасындағы сенімді нығайтады. Ересектер жастардың жоғалған сенімін қайта қалпына келтіре алады, ал жастар болса жас айырмашылықтарына қарамастан, ересектердің шынымен де олардың аман-есендігіне алаңдайтынын және олармен ортақ адамгершілік құндылықтарды бөлісетінін түсінуі мүмкін.

Екінші жағынан, туындайтын қарсы пікір: Балаларға жыныстық тәрбие керек пе? Сіз үйректің балапанына жүзуді үйретесіз бе, әлде оны суға жіберіп, жүзгенін күтесіз бе? Мыңдаған жылдар бойы ерлер мен әйелдер ешқандай арнайы білімсіз жыныстық қатынаста болды. Көптеген дәстүрлі өркениеттерде жыныстық тәрбие некеден кейінгі сынақтар мен қателіктерден

басталады. Алайда, он шақты балалы болу арадағы махаббатың дәлелі емес. Дұрыс және салауатты түрдегі берілген жыныстық тәрбие бақытты некенің кепілі бола алады.

Жыныстық тәрбиеге кім үйрету керек? Бұл тұста әркімнің атқаратын рөлі бар. Ата-аналар балаларына қатысты мәнбілер мен алаңдатушылық тудыратын мәселелерді білуі керек және өздеріне ең жауапты рөлді алулары тиіс. Әкесі ұлының, анасы қызының қойған сұрақтарына жауап беруге қабілетті болулары керек. Біз мектептегі немесе бұқаралық ақпарат құралдарындағы жыныстық тәрбиеге сене алмаймыз. Оны әдептіліктік және ақылақтық құндылықтармен толтыру біздің міндеттіміз. Жексенбілік мектеп мұғалімдері, отбасылық дәрігер, педиатр, осы салада жақсы хабардар имамдар мен дін қызметкерлері де жыныстық білімді беруде маңызды рөл атқара алады. Отбасында үлкен әпкесі сіңлісіне, ағасы інісіне түсіндіруге міндетті.

Ата-аналарға жыныстық тәрбие мәселесінде үнсіз қалуға болмайды. Үнсіздік балаларда қате түсініктерді қалыптастырады. Балалар бейтаныс адамдар мен құрдастарынан естіген бір-біріне қарама-қайшы «мәнбілер» кесірінен адасуға ұшырайды. Олардың жыныстық қатынас туралы қалыптасқан жағымсыз көзқарастары ересек өмірлеріне теріс әсер етуі мүмкін. Қазірде жыныстық тәрбиеден бас тарту мүмкін емес.

Біз шындықты қабылдай алуымыз керек. Балаларына жыныстық тәрбие бермеуге тырысатын ата-аналар шынымен де басын жарға жығуда. Әрине, олардың балалары үшін өз ата-аналарынан гөрі қоршаған ортаның кез келген күрделі жайттары мен жағымсыз әсерлерін жоя алатын білімді және әдептіліктік тұрғыдан жауапты ересек адамдардан сабақ алғаны дұрыс.

Құран және Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жыныстық тәрбиені ашық және дана түрде талқылайды. Жыныстық қатынас ластықты білдіретін сөз емес, керісінше ол адам өмірінің маңызды бір саласы. Құранда ұрпақ көбеюі, жаратылыс, отбасылық өмір, етеккір және шәует шығу мәселесі лайықты түрде түсіндірілген. Пайғамбар (с.ғ.с.) – сахабаларымен олардың жыныстық өмірінің көптеген қырларын осы жағдайларға байланысты орынды талқылай білген. Мұсылман ата-ананың жыныстық қатынасты талқыламауының бір себебі олардың алған тәрбиесіне байланысты. Ата-аналар жыныстық қатынас туралы білмеуі мүмкін және өздерінің жыныстық қатынасынан немесе оның көрінісіне өздерін жайсыз сезіну мүмкін.

БАЛАЛАРҒА НЕ ҮЙРЕТУ ҚАЖЕТ?

Көптеген ата-аналар қыздарын алғашқы етеккір айналымына, ал ұлдарын түнгі зәрге (қобуға) дайындайды. Ал кейбір ата-аналар балаларына бұл құбылыстар

жайлы ескертпейді, нәтижесінде жасөспірімдерде қорқыныш пен күйзеліс пайда болады. Кез келген күтпеген бөлініс немесе қан жас баланың санасында дағдылы түрде аурумен немесе бұзылыспен байланысады және егер ол кез келген өзінөзі зерттеу немесе мастурбация,яғни сыртқы жыныс ағзаларын өзімен өзі қоздыру тәсілін қолданған болса, кейіннен ол мазасыздық пен өзін кінәлі сезінуі мүмкін. Қанның немесе шәуеттің қатты ағуы олардың ағзасында әлдененің дұрыс еместігін немесе ауруға шалдыққандығына сенуге мәжбүр етеді және олар бұл туралы айтуға ұялады және қорқады. Бір жас қыз айлар бойы қанның келуін қол орамалмен тоқтатуға тырысқан, ол өзін ауруға шалдықтым деп ойлап, қатты қорыққанынан өзгелерден көмек сұрай алмаған. Соңында бір мейірімді мұғалім оның қанға боялған киімдерін көріп, көмектескен. Анам көріп қалмасын деген қорқынышпен киімдерін тынбай жуып-шайған.

Кейбір аналарға қыздарымен етеккір жайлы сөйлеспес бұрын, өздерінің етеккірге қатысты қате көзқарастары жайлы ойлану керек. Ұлдардың да бұл жайлы ақпарат білгені жөн. Бұл кейінірек жас жігіттің ауырсынумен, етеккір алды күйзеліс пен көңіл-күй өзгеруімен қиналатын әйелінің жағдайын түсінуге көмектеседі. Етеккірді лас және ұят деп санап, сол уақыт аралығында қыздардан аулақ болуға тырысу мүлдем ақылға қонымсыз әрекет.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) біз әйелдерді етеккір кезінде ренжітпеуіміз керек, оларды шеттету немесе лас деп санау арқылы көңілдеріне кірбің түсірмеу керек деп кеңес берді. Тек толық жыныстық қатынастан аулақ болу керек. Дегенмен, әйелдің ұятты жерлері жабық және ер адамға қан жұғу қаупі болмаса, ерлі-зайыптылар өздері қалағандай ләззат сезімін ала алады.

Кейбір ерекше тұстарды қоспағанда, американдық мемлекеттік орта мектептердегі жыныстық тәрбие мүшеқапты қалай пайдалану, аурулардың алдын алу және түсік жасату жайлы сабақтар топтамасына айналған. Құрама Штаттардағы басым көзқарас жастар қандай жолмен болмасын жыныстық қатынасқа түседі, сондықтан біз оларға мұны барынша қауіпсіз жасауға көмектесуіміз керек деген сияқты. Ақылақтық немесе әдептіліктік құндылықтар сирек кездеседі, кездескен күннің өзінде дінге, руханиятқа және Аллаға ұнамды істерге сілтеме жасамайды. Ұлдар мен қыздардың аралас сыныптары жас баланың бойындағы табиғи ұялшақтық сезімін жояды. Тіпті, бір жынысты сабақтардың өзінде балаларға жыныстық қатынаспен айналысуға рұқсат беріледі және «жыныстық қатынасты табиғи зерттеу» бөлігі ретінде сүйісу техникасы немесе мастурбация, яғни сыртқы жыныс ағзаларын өзімен өзі қоздыру туралы кеңестер беріледі. Бұл тақырыптармен таныс емес мұ-

сылман балалары қалай жауап беру керектігін білмейді және бұл туралы ата-аналарынан сұрауға ұялуы мүмкін.

ЖЫНЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ! БҰЛ ҚАНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗДЫ?

Ислам заңдары бойынша, кез келген некеге дейінгі жыныстық қарым-қатынас (зина) ақылақтық және діни зорлық-зомбылық болып табылады. Кейбіреулер жыныстық зорлық-зомбылық салдарынан дүниеге келген некесіз балалар қоғам үшін – кейбір жағдайларда – кісі өлтіруден де ауыр болуы мүмкін деп санайды. Зинақорлық болашақ ұрпақ үшін отбасы мен қоғамға ұзақ уақыт бойы өзінің зиянын тигізуі мүмкін. Зинақорлықтың салдары келесі жайттардың біреуі немесе бірнешеуі болуы мүмкін: аурулар, түсік жасату, мүгедек немесе ақыл-есі кем балалар (егер жүкті әйелге ЖЖБИ – жыныстық жолмен берілетін жұқпа – берілсе), некесіз балалар, толық емес отбасылар, шаңырағы шайқалған отбасы, тектіліктің бұзылуы, аманатқа қиянат жасау және жезөкшелік.

Зинақорлық адамның қадір-қасиеті мен қарым-қатынасының құнын жоғалтады. Жыныстық қатынасқа қатысты тыйымдарға (мысалы, зинақорлық сияқты) рұқсат беретін қоғам, оның заңсыз екендігіне қарамастан, одан да ауыр жыныстық тыйымдарға (мысалы, жезөкшелік) тап болуы мүмкін. Кішігірім көлемдегі тыйымдар бұзылған соң, оларды үлкен көлемде бұзу оңайырақ болады. Зинақорлық пен опасыздық Аллаh Тағаланың бұл өмірдегі және ақыреттегі қаhарына ұшырататын үлкен күнәлар.

Ислам азғындық пен зинақорлықты тек жеке адамның күнәсі ретінде қарастырмайды, оны қоғамға жасалған қастандық деп санайды. Егер оларға еркін түрде рұқсат берілетін болса, қоғамның негізі, яғни отбасыны зардап шегеді. Расында, Құранда азғындық пен зинақорлықтың заңды жазасы – көпшілік алдында 100 мәрте дүре соғу. Зинақорлықтың қоғамға қауіптілігі соншалық, ертеде зинақорлардың жазасы таспен ату болған. (яғни, Киелі кітап, Заң. 22:23–24) Алайда, тас ату жазасы Құранда көрсетілмеген және көптеген мұсылман ғалымдары тас атудың дұрыстығын жоққа шығарады. Некедегі адалдықты бұзды деген айыптың ауырлығы мен абыройсыздығына байланысты төрт дұрыс пікірлі, сенімді, кәмелетке толған мұсылман куәгерлері сотқа зина әрекетінің егжей-тегжейлері туралы куәлік беру керек. Төрт куәгердің талабы – күдіктілердің жеке өмірі мен ар-намысын қорғау, сондай-ақ азғындық пен зинақорлықтың әлеуметтік мәселе екенін жеткізу. Төрт сенімді куәгер зинақорлық әрекетіне куәлік етпейінше, барлық адам уақытша кінәсіз саналынады. Сенімді куәгерлердің төрт адамнан аз болуы жарамсыз болып табылады және заңгерлер дәлел ретінде ДНҚ сараптамасына жүгінуі мүмкін. Төрт немесе одан да көп куәгердің көзінше жасалған зинақорлық – жасырын жолмен жеке нәпсісін қанағаттандыру емес, қоғамға зұлымдықты жария түрде насихаттау.

Сонымен қатар, зинақорлық неке шартының бұзылуы болып табылады. Құрама Штаттардағы барлық алғашқы некелердің жартысына жуығы екі жыл ішінде ажырасуға әкеледі және оның басты себебі – ерлі-зайыптылардың бірінің некеден тыс қарым-қатынасының болуы. Көптеген адамдар Киелі кітаптың да, Құранның да заңдарына құлақ аспайды. Інжілде: «Зинаға барма» делінген, ал Құранда: «Зинаға жақындама» делінеді, бұл оның заңсыз екенін ғана емес, сонымен бірге оған апаратын кез келген нәрседен аулақ болу керектігін білдіреді. Зинақорлыққа қатысты барлық тәсілдер (мысалы, танысу, жаман ой салатын киімдер, жалаңаштық, ұятсыздық және бейәдептік) айыптауға енгізілген. Ерлер мен әйелдерге арналған киім үлгілері оларды көрушілердің азғыруы мен нәпсіқұмарлығынан да қорғау үшін бекітілген. Кейбір ер адамдар өз нәпсісін тыя алмай, үлкен күнәға батып, зорлыққа баруы да мүмкін!

Жыныстық мәселелерге деген көзқарас сөздерден гөрі айқынырақ. Қоғамның жыныстық қатынасқа деген шынайы көзқарасы қандай? Біздің адамгершілік туралы түсінігіміз қандай? Қоғам ретінде бізге адамгершілік үлгілері жетіспейді. Терең ойлай білетін жасөспірімдерді кең таралған қоғамдағы қарама-қайшылықтар таң қалдырады: бір жағынан, қоғам жыныстық қатынасқа және ақшаға құмар. Көңіл көтеру мен пайда табу үшін жыныстық қатынасты фильмдерде көрсетеді, жарнамалық тақталарда жарнамалайды және саудалық азғыру мақсатында пайдаланады. Екінші жағынан, қоғам некеге дейінгі жыныстық қатынастың болмайтынына сенетінін мәлімдейді. Бұл жағдай арадағы түсініспеушілік пен жанжалды тудырады. Егер қоғам үздіксіз азғыру көздеріне рұқсат берсе, ол зорлық-зомбылықтың өршуіне тосқауыл бола алмайды. Көптеген жастарда «ғашық болу» кез келген адаммен, олардың ешқандай жауапкершілікті сезінбеуіне қарамастан, жыныстық қатынасқа түсуден тұрады деген «тым еркін» түрдегі түсінік қалыптасқан. Бұл жыныстық жақындасуға, сонымен қатар ажырасуға әкеледі.

19 жасар екінші курс студенті Натали, өзінің екінің бірін алуы жайлы (Фабер және Мазлиш, 1982-ші жыл):

Менің ата-анам және мен: ешқандай терең мәнге ие сұрақ, ешқандай шынайы жауап деген ереже бойынша өмір сүреміз. Расында, олар менің өмірімде не болып жатқанын білгісі келмейді, менде оларға ештеңе айта алмаймын. Мен жалпы ақылақтық негізі бар жақсы қызбын. Біріншіден, маған мені дос ретінде жақсы көретін адамды табу қиын. Маған кездесулерге барған ұнайды. Алғашқы бірнеше кездесулер қызық өтеді. Содан кейін қысым басталады: сені ішімдік пен марихуана бар сауық кештерге шақыра бастайды. Сенің онымен төсек қатынасына баратының қалыпты қабылданған жайтқа айналады. Және олар: «Егер сен келіссең, сенде бәрі тамаша болады. Ал егер келіспесең қу тізеңді құшақтап, жалғыз қаласың» дейді. Осы себепті менің адалдығым көз жасымның көп төгілуіне алып келді.

Мұның сұмдық нәтижесі балалардың ақ пен қараны ажырата алмауына алып келуде. Құрама Штаттарда ЖИТБ, есірткі және зорлық-зомбылық мәселелері бар. Мектептер жақсы мінез-құлыққа үйретуді өзінің басты міндетіне айналдырмайынша, бұл мәселелердің ешқайсысы жойылмайды. Мектеп бағдарламасы ата-ананың басшылығымен толығатын ақылақтық ортаны құруы керек. Салауатты қоғам құруда дәрігерлердің, кеңесшілердің, полицияның және әлеуметтік қызметкерлердің армиясынан гөрі ізгілікті нығайтуға және оны іс жүзінде қолдануға бағытталған мектептер жұмысы артығырақ

ИБРАҺИМДЫҚ ДӘСТҮРЛЕР АЗҒЫНДЫҚ ПЕН ЗИНАҚОРЛЫҚҚА ТЫЙЫМ САЛАДЫ

Төмендегі реттілік бүгінгі жас ұрпақ арасында толық немесе ішінара кездеседі:

Жігіт-қыз болып кездесу→ Азғырулар мен арбаулар→ Некеге дейінгі жыныстық қатынас→ Пәктік пен ар-намысты жоғалту→ Қалаусыз жүктілік→ (түсік жасату немесе ерте мәжбүрлі үйлену/тұрмысқа шығу немесе асыранды некесіз туған балалар)→ Кедейлік пен қасірет→ Отбасылық қатынастардың үзілуі→ Түрлі аурулар→ Өлім!

Зинақорлықпен айналысатын адам соз, мерез, ұшық шығу немесе ЖИТБ ауруларын жұқтырып, содан кейін бұл ауруды (ларды) жұбайына беруі мүмкін. Егер әйелі жүкті болса, ауру балаға үлкен зиянын келтіруі мүмкін. Баланың соқыр немесе мүгедек болып туылуы қаупі бар. Егер ЖИТБ жұқтырылған болса, күйеуі әйелі, баласының және өзінің баяу да, азапты өліміне жауапты болады!

Зинақорлыққа балалар араласқанда кезде нағыз бүлік басталады. Ер адам басқа әйелдерден балалы бола алады және олардың анасымен (аналарымен) заңды некеде тұрмағандықтан, бұл балалар үшін жауапкершіліктен бас тарта алады. Ол өзінің лайықсыз, әрі жалған әрекеттерімен балаларын қауіпсіз, бақытты және толық отбасында тәрбие алу құқығынан айырады. Сол сияқты күйеуінен басқа біреумен жыныстық қатынасқа түскен әйел басқа еркектен жүкті болып қалуы мүмкін. Бұл шындықты барлығынан жасырғанымен, өзінің ар-ұждынынан жасыра алмайды. Сондай-ақ, бала ешқашан өзінің шын әкесі мен туыстарын білмей өтуі мүмкін. Өзінің шынайы әкесі оған әкелік қамқорлық көрсете алмайды, ал өгей әкесі оның өзінің баласы екеніне сеніп, өзгенің баласы үшін жауапты болып өтеді. Әйел адам өзінің алдамшы әрекеттері арқылы адамдарды өзінің шынайы отбасын білу құқығынан айырады. Алданған әке немесе бала шындықты қан сәйкестігі арқылы немесе ДНҚ сараптамасы көмегімен анықтай алады. Сондай-ақ ол күйеуі мен балаларының өміріне қауіп төндіретін ЖИТБ сияқты ауруларды жұқтыруы және таратуы мүмкін. Әдетте, некеден тыс қарым-қатынасы бар үйленген адамдардың ерте ме, кеш пе өтірігі әшкереленіп, бұл көбінесе балаларына, отбасына және қоғамға ауыр зардаптар әкелетін құлдыраулар мен ажырасуларға әкеледі.

Исламдағы зинақорлық үшін тағайындалатын жазалар ислам заңдарын ресми түрде қолданатын сотта ғана қолданылады. Жеке тұлғалар заңды өз иеліктеріне ала алмайды, олар қажетті болған дәлелдермен уәкілетті органдарға баруы керек. Өкінішке орай, кейбір әкелер «ар-намысын сақтау үшін» күйеуге шықпай жатып жүкті болып қалған қыздарын – жігіттерімен бірге – ашуға бой алдырып, өлтіріп жатады. Бұл кісі өлтірулердің кейбірі (ар-намысты қорғау мақсатында) жай ғана теріс қылықтарына күдік танытқаннан болып та жатады, ал жауапкершіліктен қашқан жігіттер қызды тастап кететін жайттар да жиі кездеседі.

Жасөспірімдерге өз құрдастары мен БАҚ-ты тыңдау және айтқандарына сәйкес келу тырысу сияқты үлкен әлеуметтік қысым бар. Егер олар өз ар-ұжданын тыңдаса, бұл қиындықтарға тап болмас еді. Некеге дейін жыныстық қатынасқа түсуге тырысатын некеде тұрмаған адамдар (тым кеш болса да) бұл ке-

регі жоқ нәрсе екенін түсінеді. Бірнеше минуттық ләззат сезімі оларға өмір бойы қиындық пен қайғы сыйлайды. Бұл олардың өмірлерінде қабылдаған ең сорақы шешім болуы мүмкін. Ал қиямет күні Аллаһ Тағаланың алдында бұл істеген істері үшін жауап беретіні сөзсіз.

ЗИНАҚОРЛЫҚ ПЕН АЗҒЫНДЫҚ ҮШІН ЗАҢДЫ ЖАЗАНЫҢ ҰТЫМДЫ НЕГІЗДЕМЕСІ

Қазіргі таңда зинақорлық пен азғындықты қылмысқа бағалау ақылға қонымсыз көрінгенімен, Ислам шеңберінде бұл әрекеттер адам өмірі мен қоғамға орасан зор зиянын тигізетін жайттар ретінде көрсетіледі. Бұл тақырып адам болмысын терең түсінуді талап етеді. Біз төрт бөлшекті алып қарастырамыз: Алладан түскен аян, сана, табиғат және жасалатын әрекет.

Жазалау заңының негізі мақсаты қоғамда тыныштық пен қауіпсіздік орнату. Қылмыс дүние-мүлікті тонауға немесе кісі өлтіруге қатысты болса, Ислам заңы айғақтарды орнату үшін екі куәгерді талап етеді. Ал қылмыс зинақорлықпен байланысты болса (нәпсі мен қалау), төрт куәгерді қажет етеді. Неліктен? Себебі, бұл жерде мәселе жеке тұлғаның жасаған күнәсінде емес, сол күнәнің қоғамға (кемінде төрт адамнан қатысуы) тигізер зиянында болып тұр. Оның қоғамның алдында жасаған бұл әрекеті зұлымдық пен жамандықтың тарауына себеп болады.

Сондай-ақ жамандықтың өршуін басу мен жеке өмір мен ар-намысты қорғауды теңдікте ұстау қажет. Адамның нәпсі қалауын қанағаттандыру үшін жасырын күнә жасауы мен адамдар арасында жамандықты тарату және олардың ар-намысы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретін күнә жасаудың арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Осы тұста жақсы мысал ретінде екінші халифа Омар Ибн Әл-Хәттәб оқиғасын айтуға болады. Ол бір үйдің жанынан өтіп бара жатып, адамдардың ән айтып, ішімдік ішіп жатқанын естіп, не болып жатқанын анықтау үйдің қабырғасына жақындайды. Халифа оларды жауапқа тартқысы келгенде, олар оның қабырғаға шығып, тың тыңдауға құқығы жоқ екендігін айтып қарсылық білдірді. Ол өз қателігін түсініп, оларға қарсы ешқандай шара қолданбаған. Зина жасалған жағдайда төрт куәгерден аз болса, олар көргендері жайлы ешкімге тіс жармауы керек, әйтпесе жала жауып, қоғамда жанжал тудырғандары үшін жазаланады. Ислам жасалған күнәлар мен жамандықты насихаттауға тыйым салады, себебі бұл әңгімелер оларды күнәні жақынырақ тануға әкеліп, қалыпты және қоғамдағы үйреншікті жайтқа айналауына мүмкіндік береді.

ЖЫНЫСТЫҚ ЖОЛМЕН БЕРІЛЕТІН АУРУЛАР (ЖЖБА)

Жасөспірімдер бір-бірін сүйген кезде моно (мононуклеоз) деп аталатын ауруды жұқтыруы мүмкін; ол бауырға зиянын тигізіп, бірнеше апта бойғы тыныгуды қажет етеді. Жыныстық қатынас арқылы таралатын басқа жұқпалы аурулар:

- Гонорея (соз) ерлер мен әйелдерді бедеулікке алып келеді (балалы болу мүмкіндігінен айырылу)
- Жыныс ұшық – жыныстық мүшелерде жаралардың пайда болуын тудыратын және адам өмірінде бірнеше рет қайталанатын ауру түрі.
- Мерез – адам ағзасының барлық дерлік мүшелеріне зақым келтіре алатын ауру.
- ЖИТБ (жұқтырылған иммун тапшылығының белгісі), ол баяу және азапты өлімге әкеледі. Антиретровирустық дәрі-дәрмекпен емдеу ЖИТБ-тің басталуын бірнеше ондаған жылдарға алдын алуы мүмкін.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді:

«Қоғамда жыныстық ауытқулар таралып, қалыпты жайтқа айналатын болса, олардың арасында бұрындары кездеспеген оба және сол сияқты басқа аурулар пайда болады және тарайды»

(Ибн Мәджә)

Бір-бірінен басқа ешкіммен жыныстық қатынасқа түспеген адал ерлі-зайыптылар венерологиялық ауруларды жұқтырмайды. Венерологиялық аурулар некеде тұрмаған, бірнеше серіктесі болған адамдар немесе жұбайына опасыздық жасап, жасырын жыныстық қатынасқа түскен некедегі адамдар арасында көп кездеседі. 1940-шы жылдары белгілі жыныстық жолмен берілетін аурулар ішінде мерез және гонорея (соз) болды. Қазір бірнеше жыл сайын жаңа аурулар анықталып, оларды емдеу қиындай түсуде. ЖИТБпен герпеске қарсы емдік тәсілдер кездеспейді. Бір жағынан, бұл аурулар қоғамның әлеуметтік күнәкарлығы нәтижесінде табиғи құбылыстардан ауытқудың алдын алатын тосқауыл болып табылады.

Некеге дейінгі жыныстық қатынастың денсаулыққа қауіп-қатерлеріне жыныстық жарақаттар, жатыр мойны обыры және қалаусыз жасөспірім шақтағы жүктілік жатады. Жыныстық мүшелер жыныстық қатынасқа дайын емес кезде жарақаттар пайда болуы мүмкін. Бұл жарақаттардың кейбіреулері ұзақ мерзімді әсерге ие. Жатыр мойны обыры ерте жаста бірнеше жігітпен/қызбен болған жыныстық қатынасқа байланысты деп саналады. 1960-шы жылдардағы АҚШ-тағы жыныстық төңкеріс денсаулық сақтау шығындарының өсуіне әкелді. 1985-жылдың өзінде хламидиоздың он миллион жағдайы, гонореяның (соз) екі миллион жағдайы, венерологиялық

сүйелдің бір миллион жағдайы, жыныс ұшықтың жарты миллион жағдайы, мерездің 90 000 жағдайы анықталды. ЖИТБ індеті қорқынышымызды одан сайын күшейтуде.

Жатыр мойны обырын туды-руы мүмкін қауіп себепшарт-тарына бірнеше жыныстық серіктердің болуы мен шылым шегу жатады. Ауру қаупі жоға-ры әйелдер үнемі пап-тесттер тапсыруы керек.

(Ұлыбританиядағы қатерлі ісік ауруын зерттеу)

АҚШ-та барлық дамыған ел-дер арасында емдеуге болатын ЖЖБИ деңгейі ең жоғары. Жыл сайын 12 миллионнан астам адам, оның ішінде үш мил-лионға жуық жасөспірім бұл ауруды жұқтырады.

(Медициналық институт, 1997-ші жыл)

ЖІГІТ ПЕН ҚЫЗДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Кішкентай балалар өзінің кім-мен ойнап жатқанына аса мән бере бермейді, алайда шамамен сегіз жастан бастап ұлдардың көпшілі-гі ұлдармен, қыздардың көпшілі-гі қыздармен ойнағанды қалайды. Балалар көбіне 10 және 12 жас аралығында «жақын достарын» табады және жасөспірімдік шақ бойы осы жақын достықтарын сақтайды. (Д'Ойен, 1996-шы жыл) Ер адам есейген кезде оның басқа ерлермен достығының құндылығы арта түседі. Егер отбасында бәрі жақсы болса, ол әкесімен, ағала-рымен, нағашыларымен, немере ағаларымен, кейіннен есейген ұл-дарымен тығыз қарым-қатынаста болады. Тұрмысқа шыққан әйел анасы мен әпкелері, туыстары және көршілері сияқты басқа әйелдермен достық қарым-қатынасынан үлкен қолдау алады.

Шынайы достық белгілі бір шеңберден шықпағанда ғана сақта-лып қала алады. Жақын туыс не-месе махрам (некеге тұруға рұқсат етілмеген туыстар) емес ұл мен қыздың бір жерде оңаша қалуына болмайды; екеуінің де киімі мен мінез-құлқында қарапайымдылық және ұяңдық сақталуы керек және әңгімелерін сыпайы тақырып-тармен шектеген жөн. Көптеген қоғамдарда кең таралған танысуы-на (кездесу) және қыз бен жігіттің жақын достығына Исламда рұқсат етілмейді. Отбасылық бас қосулар, мешіттегі іс-шаралар және достық бас қосулар ұлдар мен қыздардың қарапайымдылық шегінде пікір ал-масуына және жақсы уақыт өткізуі-не көптеген мүмкіндіктер береді.

Көптеген қоғамда ұл мен қыз-дың бірге кездесулерге баруы және үйленбестен бұрын бірнеше жігіт-пен немесе қызбен жүруі қалыпты жайтқа саналады. Олар некеге дейін жыныстық қатынасқа түссе,

сәтті некеге тұру мүмкіндігі жоғары болады деген қате пікірде. Немесе олар өздерінің өмірлік жарларын жолықтырғанша, басқалармен де жыныстық қатынасты сынап көру керек деп ойлайды. Немесе олар жай ғана «көңіл көтеруді» қалайды. Кейде олар некеге тұрмай, ерлі-зайыптылар сияқты бірге өмір сүреді. Олар үйленуге шешім қабылдамай тұрып, тіпті балалы болуы мүмкін немесе ешқашан үйленбеу туралы шешімді қабылдауы да мүмкін.

Бұл ұстаным көптеген діндерде оның тудыратын орасан зор залалдары себебінен тыйым салынған. Өкінішке орай, жастарды осындай өмір салтын ұстануға итермелейтін қысым күшеюде. Теледидар жарнамалары, фильмдер, ғаламтор және түрлі кітаптар адамдарды егер олардың жігіті немесе қызы болмаса, оларда бір шикіліктің бар екенідігіне сендіруде. Тоғыз жасар кейбір мектеп оқушылары өзге жыныс өкілімен жасаған істері жайлы мақтанып, өмірлерінің қызыққа толы екенін айтып, өздерін ересектер сияқты ұстағысы келеді. Олар өзге балаларды бұл істі жасап көрмейінше, заманнан артта қалған деп кемсітеді. Бұл балалар есейгенде қандай болмақ?

Өте ерте жаста жыныстық қатынасқа түскен жастардың көбісі тұрмысы нашар отбасылардан шығады. Олардың ата-аналары ажырасқан болуы мүмкін немесе отбасындағы жылу мен махаббаттың болмауы мүмкін. Осы себепті олар өзге жыныс өкілінің құшақтауын, сүюін және жанында бірге болғанын қалайды. Бұл өте қауіпті жағдай, себебі олар өз нәпсі құмарлығына ерік беріп, дайын болмастан жыныстық қатынасқа түсуі мүмкін. Бұл олардың мәселелерін тек көбейте түседі.

Жасөспірімдердің некеге тұрғанға дейін жігіті немесе қызының болуын, мұсылман көзқарасы қолданыстан шыққан немесе «пайдаланылған» заттың бейнесі сияқты көреді. Некеге тұрғанға дейін жыныстық қатынасқа түсуге дейін барса, олар пәктігінен айырылады. Дүние жүзіндегі көптеген дәстүрлі мәдениеттер некеге тұрғанда пәктікке (әсіресе қыздардағы) ерекше мән береді, ал өз тазалығына немқұрайлы қарап, намысына нұқсан келтірген қыздар, лайықты өмірлік жарын табуда қиналады. Дегенмен, Ислам ерлер мен әйелдердің абыройы мен пәктігін жоғары және тең дәрежеде бағалайды. Бұл мәдениеттердегі ата-аналардың көпшілігі қыздарын абыройына нұқсан келген және бірнеше қыздармен жүрген жас балаға беруге қарсы болады. Ондай ерлер көп ұзамай жұбайынан жалығып, басқа әйелге кетуі мүмкін немесе оны сыйламай, лайықты түрде құрмет көрсетпеуі мүмкін.

Жыныстық қатынасқа түсу жүктілікке әкелуі мүмкін, себебі жүктілікті болдырмайтын дәрілер әрдайым көмектесе бермейді. Егер қыз бала некесіз болған қатынастан жүкті болып қалса, бұл ол үшін

және баласы үшін үлкен қасірет болып, отбасының абыройына нұқсан келтіруі мүмкін. Ана болу – толыққанды отбасыдағы ересек әйелдер үшін де үлкен жауапкершілік. 11 жасында тұрмыс құрмай ана атанған қызға және әке болуға дайын емес 14 жасар ұлға бұл ауыр сынақ және бұл сынақтардан олар көп жағдайда отбасының көмегісіз өтуі керек болады. Олардың білімділік, сезімдік және экономикалық тұрғыдан толық жетілуі де екіталай. Сондықтан олар өздеріне және баласына жақсы өмір сыйлай алмайды. Бұл жазықсыз сәбиге жасалған әділетсіздік. Көбінесе ұл бала бұл жайттан қатты үрейленіп, баланың әкесі екенін мойындаудан бас тартады және қызбен барлық байланысты үзуге тырысады. Сонда қыз әкесінің махаббаты мен қолдауына мұқтаж сәбимен жалғыз басты ана болып қалады. Мұндай адамдар өте қиын кезеңдерді бастан өткереді. Олар оқуын аяқтай алмай қалуы мүмкін және ата-анасы есепшоттарды төлеу үшін амалсыз ауыр жұмыстарға тұруы керек болады.

Либералдық қоғамдарда ата-аналар қыздарына және олардың жігіттерге деген құлай сүю сезіміне қарсы не істей алады? Қыздары өсе келе, ата-анасы олардың жігіттерге көңілі ауа бастағанын байқайды. Олар қызының «сері» жігіт жайлы айтқан әңгімелерін құлағы шалады. Ата-анасы қызының жігітпен қарым-қатынасы туралы айтқанын алғаш естігенде, аздап қобалжуы мүмкін. Мұндай жігіттің (олар жексұрын деп санайтын) қызын жақсы көруі, содан кейін онымен жақын қарым-қатынас орнатуға тырысуы ата-ананың жиіркенішін тудырады.

Қыздың әке махаббатын көріп өсуі, өзін-өзі құрметтеуі, жауапкершілік сезінуі және құндылықтар-

ды үйренуі өте маңызды, сонда ол бойында мәрттігі мен ізгілігі (бірақ белсенді гормондары бар) төмен ер адаммен кездескенде, оның көрсеткен қысымына төтеп бере алады. Ата-анасымен жақсы қарым-қатынаста болғаннан кейін, ол өз жеке қарым-қатынастары жайлы ашық айта алады. Арада ешқандай құпия болмаған кезде, ата-ананың қорқынышы сейіледі. Сонымен қатар, қызына өз ойын анық жеткізуді үйрету де оны ұлдардан табиғи (денелік) тұрғыдан қорғай алады, себебі ол ұлдың айтқан өтініштеріне үнсіз көнбестен, «мен мұны жасамаймын» деп сенімді түрде өз ойын айта алады.

Ата-аналар қыздарына жігіттерге «есі кете ғашық болудың» ертегі екенін түсіндіруі керек. Ұлдар жиі қыздарды, ал кейбір қыздар ұлдарды алдауға тырысады. «Тәртіпті» қыз өзінің жыныстық қатынасқа деген құмарлығын ғашық болу деп ақтауы мүмкін. Бұл жасөспірім қыздың романтикаға және ұлдардың айтқан алдамшы «тәтті» сөздеріне осал келуінің бір себебі. Айтылған махаббат сөздері қыздар үшін араларында болған сүйіспеншілік әрекетін ақтай алады. Қыздар өзінің сезімі мен ұлдардың сезімін бірдей деп есептейді. Алайда ұлдар табиғи (денелік) және жандық жағынан өзгеше келеді және басқаша тәрбиеленген. Ұлдар ешқандай махаббат сезімсіз жыныстық әрекетке түсе алады және қыздар болмаған кезде де жиі жыныстық қозуды сезінеді. Содан кейін ол өзінің қалауын қанағаттандырғысы келіп, кез келген «қызбен» жақындасуы мүмкін. Бұл екі жақты көзқарас оған өзі қатыспаса да жұптық арақатынас құруға көмектеседі. «Жақсы көңіл көтер, бірақ ешқандай қызды үйге әкелуші болма», – бұл ұлдарға айтылатын қате кеңес.

Қыздардың міндеті өзін құрал ретінде пайдалануға жол бермеу, ал ұлдардың міндеті қыздарды қалауын қанағаттандыратын құрал ретінде пайдаланбау. Ұлдар мен қыздар махаббат пен жыныстық қатынастың қатаң ережелері бар екенін білуі керек. Қыздың жігітті арбап, еліктіруіне және жігіттің қызға қысым жасауы әділетсіздік. Жігіт өзінің адастырған нәпсісіне соқыр түрде еріп, қыздың дайындығын немесе өзінің мойнына алп жауапкершілігін еш ойланбастан үлкен қателік жіберуі мүмкін.

БАЛАЛАРЫ БАР БАЛАЛАР: ИСЛАМДА ТҮСІК ТҮСІРУ ЖӘНЕ БАЛА АСЫРАП АЛУ

Некеге дейінгі жыныстық қатынас – жүктілікке әкеліу мүмкін жыныстық зорлық-зомбылықтың бір түрі. Жасөспірімдер қолданатын жүктілікке қарсы дәрі-дәрмектерге қарамастан, некеге тұрмаған аналар арасында қалаусыз жүктіліктің саны артуда. Бұл некесіз жүкті жасөспірім үшін ауыр соққы. Жан-

дық тұрғыдан алар соққыдан бөлек, оларға екі жамандықтың (күнәнің) бірін жасау керек болады: түсік жасату немесе некесіз туылған баланың анасы атану. Мұндай жағдайлар жиі кездеседі: АҚШта жыл сайын бір миллионнан аса жасөспірім қыз некесіз жүкті болып қалады.

АҚЫРЫ ОЛ МҰНЫ МОЙЫНДАДЫ...

1962-ші жылы Ұлыбританиядағы Ливерпуль университетінде оқып жүргенімде, жергілікті мұсылман емес қыздармен үнемі кездесуге баратын бір мұсылман досым болатын. Мен оған бұл кездесулердің зияндығы жайлы қанша айтқаныммен, одан түк шықпады.

Үш жыл үздіксіз кездесулер мен таныстықтардан кейін ол бірде маған: «Білесің бе, сен үйленгенде ерекше бақытқа бөленесің, себебі некеге дейін сен де, әйелің де бір-біріне адал болғансыңдар, сондықтан бұл сендердің ең алғашқы жақындасуларың болады және бұл екеуің үшін де ерекше, әрі бағалы сый болмақ. Ал мен үшін әйелім өзім кездескен көп қыздардың бірі ғана болмақ. Сондықтан мен үшін жыныстық жақындықтың ешқандай құны да, қадір-қасиеті де болмайды!

Жүкті болған американдық жасөспірімдердің өмірі не болмақ? Олардың тек 50%-ы ғана орта мектепті бітіреді. Олардың 50%-дан астамы әлеуметтік қамтамасыз етуге тәуелді. Олардың балаларына зорлық-зомбылық көрсету ықтималдығы жоғары және есейген балалары жасөспірімдік жүктіліктің 82 пайызын құрайды. Америка Құрама Штаттарындағы осы жасөспірім аналарды қаржылық және медициналық қолдауға жыл сайын миллиардтаған доллар жұмсалады!

Некесіз туылған балалар болмайды, жазықсыз сәбилері бар некесіз жақындасқан ата-аналар болады!

(Вайсс, 2007-ші жыл)

Түсік түсіру

Ата-ана өзінің қызының жүкті екенін білді, бірақ бәріне тым кеш. Бұл жағдайды шешу үшін ата-ана ретінде не істей алады? Түйсігі әкесінің кім екенін анықтау үшін ДНҚ тест тапсыру қажет дейді. Кейіннен ол жігіт «қыздарына» үйленіп, бірге бақытты отбасын құру керек.

Баланы жалғыз өсіре алмайтынын түсінген жүкті «қыз» түсік жасатуға баруы мүмкін. Ол ұрықты өлтіріп, үлкеймей тұрып, жатырдағы нәрестені алып тастайтын дәрігерді іздей бастайды. Кейбіреулер түсік түсіруді қолдап, туылмаған нәресте жүктіліктің алғашқы айларында адам ретінде қалыптаспағанын айтады.

Алайда, ұрық шәует жасушасының аналық жасушаға қосылған сәтінен бастап тірі күйде болады, ұрықтанған жасушаны еркінде қалдырса, ол толық адам кейпіне ене алады. Құранда және хадисте ұрықтың төртінші айдан бастап жаны (рухы) бар жаратылысқа айналатыны айтылған. Егер әйелдің құрсағындағы нәрестесі – төрт айдан асқаннан бастап – жүктіліктің соңғы шақтарында қандай да бір себептермен қайтыс болса немесе баласы түсіп қалса, нәрестеге ат қойылып, дұға етіп, құрметтен жер қойнауына тапсыру керек.

Ислам барлық жаратылысқа деген мейірімділік пен құрметке үйретеді. Әр адам өмір сүруге құқылы. (кісі өлтіру сияқты өлім жазасына лайықты ауыр қылмыскер де) Бұл «өмір сүру құқығы» Жаратушының әрбір адамға берген ең негізгі құқығы. Демек, дәлелді себепсіз түсік жасатуды көптеген мұсылман ғалымдары кісі өлтірумен бірдей деп санайды, себебі ол жазықсыз жанның өмірін алады.

Әйелге түсік жасатуға егер жүктілігін жалғастыруда өз өміріне қауіп төнген жағдайда және кейбір ғалымдардың пікірінше, зорлау мен жақынымен жыныстық жанасу (туыстық дәрежесі бар адамдар арасындағы жыныстық қатынас) орын алғанда рұқсат етіледі. Басқа ғалымдар мұндай қатаң шектеулерді тек ұрыққа жан біткенде ғана

қойып, төрт айға дейін түсік тастаудың басқа себептеріне рұқсат етілген деп санайды. Алайда, Ислам кез келген уақытта болсын түсік жасатуды құптамайды және төртінші айдан бастап түсік жасауға қатаң тыйым салады. Жасанды түсік жасауға төтенше жағдайларда рұқсат етіледі: ананың өміріне қауіп төндірмеу немесе отбасы ар-намысына тиетін ауыр зардаптарды болдырмау, анаға, нәрестеге және бүкіл отбасына жандық және әлеуметтік залалын тигізбеу үшін.

Кейбір ілім мектептері түсік жасатуға өте сирек жағдайларда рұқсат етсе де, оны тууды бақылау құралы ретінде немесе жоспарланбаған жүктіліктің экономикалық шығынын болдырмау мақсатында жасатуға рұқсат бермейді. Егер жүкті қыз баланы қалдыруға шешім қабылдаса, ол некесіз баланың жалғыз басты ата-анасы айналады – бұл тұрмыс құрмаған ана мен әкесіз қалған бала үшін өте ауыр жағдай.

Исламда бала асырап алу

Некесіз жыныстық қарым-қатынастың алдын алу үшін қолынан келгеннің барлығын жасаған күннің өзінде немерелі болған ата-ана не істеуі керек? Тұрмыс құрмай жүкті болған қызының мұндай сорақы әрекетіне көптеген ата-аналар қатты ұялады және оның сәбиін бағуына көмектескісі келмейді. Ислам анаға баланы асырап алуға беруге рұқсат береді. Ислам жетімдерге қамқорлық жасаудың бір жолы ретінде асырап алуды құптайды. Дегенмен, жетім баланың мүлігі сақталып, шығу тегі жайлы ақпараттарды білуі керек. Тұрмысқа шықпаған аналар көбінесе балаларын жетімдер үйіне беруге мәжбүр болады және олар балаларын қайта көрмеуі мүмкін. Оларды әрқашан балаларының жағдайы алаңдатады, ал балалары өскен кезде және оларды асырап алынғанын түсінгеннен кейін, өздерінің биологиялық ата-аналары мен туыстарын табуға қызығушылығы оянады.

Асырап алған балалардың барлығы бірдей жақсы отбасыларға тап бола бермейді. Ал кейбір балаларды тіпті ешкім асырап алмайды. Олар жетімдер үйінде тәрбиеленеді немесе бір бала асыраушы отбасыдан екіншісіне жіберіліп, қиянатқа ұшырап жатады. Кейбір қоғамдарда баланың некесіз туылғанын білсе, оны кемсітіп, шеттете бастайды. Бұл балаларға көрсетілген қорлық пен кемсітулер кесірінен ол келешекте тұйық, әрі мінезі қиын бала болып өседі.

Асырап алынған баланы асырап алушы әкесінің атына өткізуге бола ма? Құранда тектілік маңызды рөл ойнайды, сол себепті біреудің шыққан тегін өзгертуге тыйым салынады:

Сондай-ақ (аттарыңа жазғызып алған) асыранды балаларыңды да өз балаларың қылмады. Міне, мұның бәрі құр ауызбен айтқан негізсіз сөздерің ғана. Алла болса, тек ақиқатты ғана айтады һәм әрдайым тура жолға бағыттайды. («Әл-Ахзаб» сүресі, 4-ші аят)

Әрбір адам өзінің шынайы биологиялық әкесінің тегінде болуы керек:

Асыранды балаларыңды өз әкелерінің атымен атаңдар. Алланың құзырында ең дұрысы сол. Егер олардың әкелерін білмесеңдер, онда олар діндес бауырларың әрі достарың болады. Олардың атын атағандарыңда (өгей әкелеріне телу арқылы) байқамай қателессеңдер, күнәға қалмайсыңдар, сендер тек жүректеріңдегі ниет-пиғылдарың мен қасақана істерің үшін ғана күнәға батасыңдар. Алла құлдарына өте кешірімді, ерекше мейірімді. («Әл-Ахзаб» сүресі, 5-ші аят)

Құранда егер өз туған әкесі белгісіз болса, онда олар діндес бауырларың, әрі жақын достарың болады және сенің тегіңді ала алатынын айтады. Мұндағы басты мәселе оның алатын тегінде емес, балаларға абырой мен қадір-қасиетті беруде.

Егер туған әкесі белгісіз болса, Құранда олардың діндегі бауырларың және жақын достарың екенін және сенің тегіңді алуға болатынын айтады. Мұндағы басты мәселе тек сөзбе-сөз атау емес, балаларды қабылдау мен қадірлеу. Бауырластық қағиданың Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) асыранды баласы Зәйд Ибн Хәрисаның ажырасқан әйелі Зейнепке (немере қарындасы) үйленіп, іс жүзінде лайықты үлгісін көрсетті.

Содан, Зәйд әйелімен біржола ажырасқан кезде оның талақ еткен әйелін (ғ'иддат мерзімі толған соң) саған қостық. Біз мұны мүміндердің асыранды балалары өз әйелдерімен біржола ажырасқан кезде, өгей балаларының талақ еткен әйелдерін алу мәселесінде (мұнымыз күнә немесе ұят болмас па екен деп) қиналмау үшін істедік. Алланың әмірі сөзсіз орындалуға тиіс. («Әл-Ахзаб» сүресі, 37-ші аят)

Исламға дейінгі «надандық дәуіріндегі» ата-тегін жасыру қиянаты мен XXI ғасырдағы асыранды балаға өгей әкесінің тегін беру арасындағы ұқсастықтар жайлы ой жүгіртуге болады. Бұл әрекеттерді тоқтату керек және биологиялық әкесі белгілі болса, оның тегін беру керек. Ең бастысы – жетімге жақсылық жасау және оның құқықтарын барынша қорғау. Егжей-тегжейлі механика сол кездегі басым мәдениет пен тәжірибеге байланысты.

Гомосексуализм (бір жынысты адамдардың табиғи заңнан тысқары қосылуы) және ата-аналар

Гомосексуал – бұл бірдей жынысты адамдардың өзге жыныс өкілдеріне қарағанда бір-біріне деген жыныстық құштарлығы. Гетеросексуал – бұл қарама-қарсы жыныстың өкілдерімен жыныстық қатынасты шектейтін адам. Басқа әйелдермен жыныстық қатынасқа түсетін әйелдер лесбиян деп аталады. «Гей» – еркектің еркекке құмар болуын білдіретін сөз. Біз әуелден біздің ниетіміз адамзат үшін терең рухани, әрі асыл мәні бар мәселелерді талқылау деген едік. Гомосексуализм әрекетіне және оның насихаттауына түбегейлі қарсы болсақ та, гомосексуалистерге наразылық білдірмейміз, себебі адамдардың барлығына жеккөрінішпен емес, құрметпен қарау керек. Мұндағы мақсат – Киелі кітапта айыпталатын, бірақ зайырлы құқықтық жүйелер оны заңды деп таныған әлемде балалары өздерін гомосексуал санайтын ата-аналарға көмектесу.

Құран және Киелі кітаптар гомосексуализмді айыптайды:

Сондай-ақ оларды: «Адамдар арасынан (әйел затын былай қойып, нәпсілеріңді қанағаттандыру үшін) осылайша көрер көзге еркектерге барасыңдар ма?»

«Раббыларының сендер үшін жаратқан жұбайларыңды былай қойып, неліктен мұндай жиіркеніштi іске барасыңдар? Сендер расында да, тым шектен шыққан азғын қауымсыңдар», – деп адам айтқысыз арсыздықтан тыйылуға шақырды.

(«Әш-Шу'ара» сүресі, 165-ші және 166-шы аяттар)

Бұл ата-аналар үшін талқылауға ыңғайсыздық тудыратын мәселе. Ата-ана ретіндегі барлық міндеттерін толық атқарғаннан кейін ұлдарының гомосексуалист екенін білген әке мен ана не істеуі керек? Егер жасөспірім ұлдың гомосексуалшылыққа бейім екенін білсе, ата-анасы сақтықпен әрекет етіп, тиісті көмекке жүгінуі маңызды. Гомосексуализм ата-аналар үшін талқылауға қиын тақырып. Кейбіреулер бұл туралы неғұрлым аз білсе, соғұрлым жақсы болады деп санайды. Ата-аналар ұлдарының ер мінезді болғанымен, ал қыздарының әйелдік нәзіктік қасиеттерге ие болғанымен мақтанады. Дегенмен, шынайы мәнбілерді мойындау керек. Құрама Штаттарда 10 миллионнан астам гомосексуалдар бар (Смит және басқалар, 2001-ші жыл) және олардың бәрі бірдей бала болды; олардың саны үнемі артуда.

Гомосексуалдар өз құқықтарын қорғау күресінде белсенді бола бастады. Олар наразылық шерулерін өткізіп, өздерінің бостандығын шек-

тейтін заңдарды өзгертуге тырысуда. Қоғамдық орындарда бір-бірінің ернінен сүйіп тұрған немесе әйел киімін киіп алған еркектерді көруге болады. Оларды трансвестит деп атайды. (трансвеститтердің көпшілігі гетерожыныстық болғанымен, «гей құқықтары» қозғалысы «трансгендер мәселелерін» қарастырады) Кейбір елдер мен штаттарда ерлер ерлерге, ал әйелдерге әйелдер үйленуі мүмкін. Бұл гомосексуал жұптар қалыпты ерлі-зайыптылар ретінде қарағанын қалайды. Бұл жұптар балалары бола алмау себебінен, кейде бала асырап алып жатады. Олардың мінез-құлқына қарсы пікір айтқан кез келген адамды «гомофоб» деп, оларды гомосексуалистерден қорқады немесе олар жайлы қате түсінікте/жек көреді деп саналады.

1960-шы жылдары АҚШ-та жүктілікке қарсы дәрі-дәрмектердің дамуы, түсік жасатуды заңдастыру және танымал жантану ілімдері «жыныстық төңкеріске» алып келді. Либералды қоғамға жақын адамдар ерлі-зайыпты болғанына немесе үйленбегеніне, бір жынысты немесе қарама-қарсы жыныс өкілі болғанына қарамастан өзінің қалаған адамымен жыныстық қатынасқа түсе алатынын және оның бұл жыныстық көзқарасына құрметпен қарау керектігін айтты. Адамдар арасында бұл идея қолдау тапқандықтан, бүгінде көптеген елдерде гомосексуалдарды кемсіту заңсыз болып табылады.

Адам қалай гомосексуалға айналады? Бұл тұста көптеген теориялар ұсынылады. Бұл адамның таңдауы ма, әлде тектілік бейімділік пе? 1970-жылдарға дейін сарапшылардың көпшілігі гомосексуализмді жандық аурудың немесе бұзылыстың бір түрі ретінде қарастырды. Медицина қызметкерлері әлсіз, қатыгез және суық қараған аналары бар ұлдардың көбіне әйел затын жек көруі, ал әкелері зорлық-зомбылық көрсеткен қыздардың көбінде ер азаматтарды жек көру болатыны анықтап, олардың өсе келе неліктен өз жынысының адамын ұнататын себебін түсіндірді. 1990-шы жылдары кейбір медицина және мінез-құлықты зерттеу мамандары гомосексуализм шын мәнінде адамның жыныстық көзқарасының қалыпты түрі деген теорияны дамыта бастады. Олар гомосексуализм адамның генінде болады және ол тұқым қуалайтын қасиетке ие деп мәлімдеді (кейбір отбасыларда басқаларға қарағанда гомосексуалистердің саны көп кездеседі, бірақ бұл отбасылардың балаларын тәрбиелеу тәсіліне байланысты болуы мүмкін деп те айтуға болады). Сонымен қатар, кейбір жануарлардың гомосексуалдық мінез-құлқының кейбір сирек кездесетін жағдайларын анықтағаннан кейін, кейбіреулер бұл адамдар үшін де қалыпты болуы мүмкін деген қорытындыға келді; бірақ бұлай қорытындылау қаншалықты орынды: гомосексуалдық шамаларды анықтау үшін

жабайы жануарлардың әрекеттерін саналы адамның әрекеттерімен салыстыру қаншалықты дұрыс? Адамдар жануарларды өз мінез-құлқының үлгісі деп санай ма?

Адами құндылықтарды жануарлардың мінез-құлқы арқылы анықтауға болмайды. Адам жаратылысы жануардікінен бөлек және Жаратушы адамды барлық жаратылыстан жоғары қойды. Төменде гомосексуализм туындауының кейбір себептері келтіріледі. Пайда болу себебінің біріне тектілік жатады. Дегенмен, тәжірибе, қоршаған орта себепшарттары және қарым-қатынастарды қалыптастыру мәселелері де үлкен әсер етеді және ерекше маңыздылыққа ие:

- ***Достық қатынасқа күмәндану.*** Достық қарым-қатынастары берік жастар гомосексуализм туралы әңгімелерден кейін араларындағы достыққа күмәнмен қарай бастайды. Олар өздерін гомосексуалист немесе лесбиянмын деп ойлай бастайды. Қыздар өз құрбыларын қатты жақсы көргендіктен, сезімін құшақтау немесе сүю арқылы білдіргісі келуі мүмкін. Алайда, ол кейін бұл ойлары үшін өзін кінәлі сезініп, достық сезімдерінің жыныстық қатынасқа ұласып кеткенін өздері де байқамайды. Егер ол өзінің лесбиян екеніне көзін жеткізсе, ол құрбысын онымен жыныстық қатынасқа түсуге көндіруге тырысуы мүмкін. Бұл мәселенің шешімі ата-аналардың балаларына тиісті жыныстық тәрбиені беруінде.

- ***Балаларға махаббатың жетіспеуі.*** Адамның сүйіспеншілік пен қолдау білдіретін ешкімі болмауы мүмкін. Ата-анасымен, туған-туыстарымен нашар қарым-қатынастағы жасөспірімдер өзге адамның жанашырлығы мен сүйіспеншілігін қажет етеді. Егер оның жалғыз жанашыры өзінің жынысындағы адам болса, оның құшақтауы, қолдауы және сүйіспеншілігі әдептіліктің шеңберінен шығып, жыныстық әрекеттерге әкелуі мүмкін. Бұл жердегі шешім алдын алу шарасы: яғни, балаларды сәби кезіндегі емізуден бастап, сүйіспеншілік пен махаббатқа бөлеп өсіру. Сүйіспеншілікке толы қарым-қатынастар отбасының барлық мүшелерінің арасында мәңгіге жалғасуы керек. Осылайша адам өзіне қажет сүйіспеншілікті сырттан емес, үйден табады.

- ***Кәмелетке толмағандарға жыныстық зорлық-зомбылық көрсету.*** Кейбір жастарды кәмелетке толмағандарды зорлаушылар өз мүддесіне пайдаланып, үйренгендерінше олардың еркінен тыс жыныстық әрекеттерге итермелейді. Басқа еркектермен жыныстық қатынаста болған 2881 ер адамды

жүйелі зерттеуде Пол және т.б. (2001-ші жыл) олардың бестен бір бөлігі балаларға жасалатын жыныстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болғаны анықтады. Шешім ата-аналардың үнемі балаларын бақылап отыруы және олардың жақсы ортамен араласуын қамтамасыз ету. Есіңізде болсын, балаларға жасалған зорлықтың көбі отбасы мүшелері арасынан болады, сондықтан да сақ болыңыз.

- ***Аномалия (ауытқу):*** кейбір адамдар сирек кездесетін аурулармен туылады немесе қалыпты ерлер мен әйелдер сияқты көріну және өзін-өзі үшін еркек немесе әйел гормондарының жетіспеушілігінен зардап шегеді. Гормондар дененің әртүрлі органдарында өндірілетін химиялық заттар болып табылады және олар табиғи (денелік) жыныстық сипаттамаларға жауап береді (мысалы, әйелдер кеудесінің өсуі). Гормондар сондай-ақ қалыпты ерлерге (мұрт пен сақал өсіру, бұлшықеттердің дамуы, күресуге және өзін көрсетуге деген ұмтылыс сияқты) немесе әйелдерге тән (сәбилерді құшақтағысы келу) сипаттамаларға әсер етеді. Еркектік гормондары жеткіліксіз жас жігіт сақал өсіре алмауы мүмкін, дауысы жуандамауы мүмкін және өзіндегі еркекке тән қасиеттерді сезінбеуі мүмкін. Шешімі медициналық ем алу.

- ***Үйленуді кейінге қалдыру.*** Уақытында некеге тұрмаған ерлер мен әйелдер өздерінің жыныстық құмарлықтарын қанағаттандыруға деген құштарлықтықты әлі күнге дейін сезінуі мүмкін. Егер мұны тиісті түрде (некеге тұрғаннан кейін) жасамаса, нәпсісін қанағаттандыратын басқа амалдар іздей бастайды. Жыныстық жетілген жастағы балаға ерте некеге тұруға рұқсат берілу керек, себебі бұл балалардың құқығы болып табылады. Сонымен қатар, ата-аналардың міндеті – балалардың некеге тұруына және өзінің отбасын құруына көмектесу.

Баласының гомосексуалдық бейімділігі бар екенін білген ата-аналар шыдамдылық пен түсіністік танытып, дереу маманның көмегіне жүгінуі керек. Бұл жайтты білгеннен кейін де ата-аналар балаларына мейірімін төгуін тоқтатпау керек. Жеке тұлғалардың гомосексуалдарды кемсітуі заңсыз болуы мүмкін болса да, олар гомосексуалдық әрекеттерге төзуге міндетті емес, тіпті олар ол әрекетті сынау арқылы оны танымал қылса да, себебі барлық адамның бұл тұрғыда жеке пікірі қалыптасқан. Заң гомосексуалисттердің құқығын қорғайтыны сияқты, діни сенім бостандығын да қорғайды.

Ата-аналар гомосексуализмге қатысты құқықтық мәселелерден хабардар болуы керек: АҚШ жынысына, жыныстық көзқарасына, нәсіліне, тіліне немесе ұлттық шығу тегіне байланысты кемсітушілікке тыйым салады. Көптеген қоғамдар балалар санасында гомосексуал болу қалыпты құбылыс деген түсінікті қалыптастыруда. Бұл қоғамдарда әдеп пен арсыздық арасындағы шекара жойылуда.

Сондай-ақ балаларға өздерінің табиғи тыйымдарын елемей, құмарлықтарының жетегінде кетуге рұқсат беріліп жатады.

Біз ата-аналарды балаларға гомосексуалдық мінез-құлықтың дұрыс емес екенін нақты түсіндіруге шақырамыз. Егер де мұғалім гомосексуалдық мінез-құлықты қолдайтын болса, ата-аналар бұл мәселені дереу шешуі керек.

Еркек!

Еркек ер мінезді болуы керек әйел затын құрметтеу, өзіне тиесілі емеске қарамау, әлсіздерді қорғау, әурет жерлерін жабық ұстау.

Әйел!

Әйел әйел адамға тән нәзіктікке ие болуы керек қарапайым киіну, биязы болу, өзгені арбау мен жалаңаштықтан аулақ болу, өз арын сақтау.

Исламдық жыныстық тәрбие

Ислам Аллаh Тағаланың жыныстық қажеттіліктерді жаратқанын мойындайды. Жыныстық қатынас Құранда және Пайғамбардың (с.ғ.с.) неке мен отбасылық өмір мәселелерінде лайықты түрде талқыланған. Ислам әйелдерді (немесе ерлерді) жыныстық ләззат алу объектісі ретінде қарастырмайды, керісінше оларға адам қажеттілігі мен Алланың қалауын қанағаттандыратын және бірбірін толықтыратын қарым-қатынас шеңберінде құрмет көрсетеді. Ал некесіз жыныстық қарым-қатынас дұрыс емес және жазаланатын үлкен күнәлардың біріне жатады (Киелі жазбалар бойынша), жұбайымен болған жыныстық қатынас құлшылық ретінде сауап берілетін ізгі іске жатады. Исламның жыныстық қатынасқа қатысты заңдары түсінікті және табиғи; олар достарының қысымы немесе қоғамның құбылмалы құндылықтары әсерінен өзгеріске ұшырамайды. Некеге дейінгі пәктіктің сақталуы өзге қоғамдардағыдай кемшілік емес, ар-ұяттың сақталуы болып табылады.

Төмендегі аяттарда ерлер мен әйелдер арасындағы жыныстық қатынас сипатталған:

Біз сендерді болмашы судан жаратпадық па?! Артынша оны (яғни, ұрықты) берік орынға (ана жатырына) орналастырдық. Белгілі бір уақытқа дейін (сол орынға орналастырдық). Сондай-ақ (болмыстарыңа қатысты барлық нәрсені) белгілеп қойдық. Біз қандай керемет белгілеушіміз! («Әл-Мурсәләт» сүресі, 20-шы және 23-ші аяттар)

Зинаға, тіпті жоламаңдар! Өйткені ол – барып тұрған азғындық, (кісіні тозаққа сүйрейтін) жаман жол! («Әл-Исра» сүресі, 32-ші аят)

Төменде ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасына қатысты сүннет әрекеттерінен кейбір мысалдар берілген:

Пайғамбар (с.ғ.с.) ерлі-зайыптылардың жақындығын сауапты игі іс ретінде қарастырады. Пайғамбар (с.ғ.с.) былай дейді: «Сендердің біреулерің әйелімен ұйықтаса, бұл сауапты іс». Сахабалар сонда таң қалып: «Нәпсілерімізді қанағаттандырып, соның арқасында сауапқа кенелуіміз қалай?» – деді. Пайғамбарымыз: «Кімде-кім оны харам жолмен істесе, ол күнә болып саналады, ал егер оны шариғат заңына сай істесе, онда сауап алады», – деп жауап берді. (Мүслім)

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) отбасылық құпияны жариялауға тыйым салған: «Ақиқатында, Қиямет күні Алланың алдында аманатқа жасалған ең үлкен қиянаттың бірі – ерлі-зайыптының жыныстық қатынасқа түскеннен кейін араларындағы сырды басқа біреулерге жаюлары», – дейді. (Мүслім)

Айша (р.а.) өз сөзінде: Мен Алла Елшісімен (с.ғ.с.) бір көрпенің астында жатқанымда етеккірімнің келгенін байқадым, орнымнан тұрып, етеккір кезінде киетін киімімді алдым. Сонда ол: «Етеккірің келді ме?» – деп сұрады. Мен: «Иә» дедім. Ол (с.ғ.с.) өзінің қасына шақырып, бір көрпенің астында жаттық.

(Әл-Бұһари және Мүслім)

Айша (р.а.) анамыз бір түні Пайғамбар (с.ғ.с.) жанынан ақырын кетіп қалғанын айтады. Алайда, Ол (с.ғ.с.) етеккір басталуы себебінен жанынан кеткенін білгенде, оған жай ғана тиісті жерлерін жауып, қайтадан қасына жатуын айтады. Пайғамбар (с.ғ.с.) мен оның жұбайы Айша (р.а.) анамыз «бір көрпенің астында» ұйықтағанын, көптеген хадистер растайды. Құранда ерлі-зайыптылар бір-біріне киім ретінде сипатталған. Киім адам денесіне өте жақын зат, дәл сол секілді ерлі-зайыпты жандар да бір-біріне

жақын бола білуі керек. Киім адамды табиғаттың ыстық суығынан қорғайды. Сол сияқты ерлі-зайыптылар да өмірдің қайғысы мен қуанышында да бір-біріне қорған бола білуі қажет. Киім кез келген уақытта киіледі, сондықтан ерлі-зайыптылар да кез келген уақытта жан мен тән рақатына бөлену үшін бір-біріне ашық болуы керек. Киім – адамның көркі. Ер мен әйел де бір-бірінің көркін киімдей кіргізе білуі шарт.

Жыныстық қатынас – бірін-бірі толықтыратын махаббаттың көрінісі. Күйеуінің міндеті – әйеліне жыныстық қатынас мәселесінде өзінің ұнататын және ұнатпайтын нәрселерін түсіндіріп, үйрету және оны басқа әйелдермен салыстырмау. Барынша көп ләззат сезімін алу үшін әйелдер де осы айтылғандарды жасауы керек. Әйелдер ерлердің жыныстық қажеттіліктері өз қажеттіліктерінен өзгеше екенін түсінуі керек. Әйел кісі бұл іспен белсенді және сүйіспеншілік таныта айналысуға тырысуы керек. Ерлі-зайыптылар сыртқы ортаның азғырушы себепшарттарын көріп, олардың әсерлері кесірінен өз жұбайларын үнемі өзгелермен салыстыруы мүмкін. Демек, ерлі-зайыптылардың мүддесі үшін, әйел кісі күйеуіне қысым жасамау үшін және шаңырағын шайқалтып, Алланың наразылығына алып келетін әйелі мен басқа әйелдер арасында таңдау жасауға себеп бермеу үшін оның көңілінен шығуы керек. Сол сияқты, күйеуі де әйелінің барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруға және қалауын орындауға дайын болуы керек.

Пайғамбар (с.ғ.с.) барынша көп рақат алуға мүмкіндік беретін ерлі-зайыптылар арасындағы жақын қарым-қатынастарды барынша егжей-тегжейлі түсіндіреді. Ислам анальды қатынасқа қатаң тыйым салады. Алайда, Құранда немесе сүннет амалдарында оралды қатынасқа тыйым салатын ешқандай ақпарат жоқ. Жыныс мүшелерін үнемі таза ұстау керек және кез келген сұйықтық (бөлініс) ағып кеткеннен немесе жыныстық қатынастан кейін дәрет (ғұсыл) алу керек.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сендердің ешқайсыларың әйелмен жыныстық қатынасқа хайуан сияқты түспеуі керек. Ерлі-зайыптылардың араларында жұмсақ қарым-қатынас болуы керек. Одан (с.ғ.с.): «Ол қандай қатынас?» деп сұрады. Сонда Алла елшісі (с.ғ.с.): «Жылы сөздер сөйлеу», – деді. (Әз-Зубейди мен Әл-'Ираки риуаят еткен)

«Қайсыбіреулерің әйелімен төсек қатынасын жасаса, оған адал болсын. Егер ол қажетін (әйелінен) бұрын өтеп қойса, оны қажетін өтеп болғанша асықтырмасын». (Әбу Яла)

Әрбір ер адам жұбайына көңіл бөліп, қамқор болуы керек. Егер ер адам жұбайының өзіне адал болуын

қаласа, онда оған жыныстық ләззатты толық сезінуі үшін жеткілікті уақыт беру оның міндеті болып табылады. Әйелдің ләззат алу үшін әдетте 15-20 минут керек болады.

Ер адам жылы сөздерінсіз немесе жыныстық қатынас алдындағы дайындықсыз әйелдеріне жануарлар сияқты бас салмауы керек. Исламда бұл құпталынбайды, сол себепті де ер адамдарға абай болған жөн. Олар әйелдің жыныстық қатынасының биологиялық қажеттіліктерін түсініп, әйеліне ләззат сыйлаудың әдістерін үйрену арқылы бірге бақытты өмір сүре алады. Әйелге осы тиісті уақытты бөлмейтін ер адамдар, оларға қайғы-қасірет сыйлап, сыртқы ортаның азғыруына мүмкіндік береді.

Жыныстық қатынас жаман немесе лас дүние емес; дін мен ақылақтың белгіленген шеңберінде болса, салауатты және пайдалы болады.

АТА-АНАЛАРДЫҢ БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ МІНДЕТІ

Ата-аналар баланың санасында жыныстық қатынасқа деген дұрыс көзқарасты қалыптастыруы керек. Жыныстық қатынас – шайтанның арбауы, жаман немесе лас дүние емес (шариғат заңдарына сәйкес болса). Бұл Аллаһ Тағаланың берген сыйы мен мейірімі және одан жәннаттың кейбір белгілерін де көруге болады.

Жыныстық қатынас – ләззат сыйлайтын және адамды керемет әсерге бөлейтін әрекет болғанымен, ол сонымен қатар, азғыру, арбау, тура жолдан тайдыру және үлкен қайғы-қасіретке әкелетін шайтанның тәсілі болуы да мүмкін. Аштық пен соғысты қоса алғанда, жыныстық қатынас жер бетіндегі қайғы-қасіреттің ең үлкен себебі болып табылады. Жыныстық қатынастағы шалыс әрекет өмір бойғы қайғы мен өкініште өмір сүруге әкеледі. Жыныстық қатынас – бұл Жаратушының бұйрығына сәйкес таза түрде, еш мәжбүрлеусіз және азапсыз қанағаттандырылуы керек қажеттілік.

Пайғамбар (с.ғ.с.) бұл мәселе тұрғысынан ашық, әрі шыншыл еді және ерлер мен әйелдердің қажеттіліктерін де түсіне білетін. Бұл жағдайға келгенде Пайғамбар (с.ғ.с.) екіжүзділік танытқан емес, керісінше жұбайымен бірге бақытты ғұмыр кешкен. Бұл Пайғамбарды (с.ғ.с.) басқаларға қарағанда жақынырақ білетін Айшаның (р.а.) анамыздың көзқарасы еді.

Жыныстық ләззат ақылақтық қағидалар шеңберінен шықпауы керек. Жыныстық қатынас бассыздығы отбасы мен қоғамның бұзылуына, өтірік пен алдауға, жауапкершіліктің жоғалуына, кейде, тіпті зорлық-зомбылық, нашақорлық, ұрлық және кісі өлтіру сияқты қылмыстарға алып келеді. Егер адам Алланы шын жақсы көріп, Оның

қаһарынан қорқатын болса, нәпсінің азғыруларына қарсы тұрып, жақсы мен жаманның аражігін ажырата білуі керек. Кейбір адамдардың бойындағы ұялшақтығы оларға жыныстық қатынаста барынша көп ләззатты қалай алуға болатыны жайлы білім алуларына кедергі келтіреді.

ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС ЖӘНЕ ТАЗАЛЫҚ САҚТАУ: ЕТЕККІР, ӘУРЕТ ТҮГІ, СҮНДЕТТЕУ, ШӘУЕТ СҰЙЫҚТЫҒЫ

ЕТЕККІР КЕЗІНДЕГІ ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС: ортағасырлық еврейлер дәстүрінде ай сайынғы етеккір кезінде әйелдермен араласудан аулақ болғанын көрсетеді. Пайғамбар (с.ғ.с.) сахабаларына етеккір кезінде әйелдерімен араласуын тоқтатпай, тек толық жыныстық қатынасқа бармауын мен ұятты жерлеріне қол тигізбеулері керек екенін ескерткен.

Қыздарға тазалық сақтаулық төсеніштерді дұрыс пайдалану және оларды дәретханаларға тастамау керектігі жайлы кеңестер беру керек. Тазалық сақтаулық төсеніштердің баламасы ретінде жууға, кептіруге және қайта пайдалануға болатын бір реттік сүлгілер немесе шүберектерді айтуға болады. Ай сайынғы болатын етеккір айналымы табиғи құбылыс және қыз баласы жайсыздық пен ауырсынуды сезініп, көмекке мұқтаж болған жағдайда оны жасырудың немесе одан ыңғайсызданудың еш керегі жоқ.

ӘУРЕТ ТҮГІ: Пайғамбар (с.ғ.с.) ерлер мен әйелдерге әурет түктерін белгілі бір уақыт аралығында – айына бір рет дененің таза және ұқыпты болуы үшін және жұбайларының ләззат алуына дайын болуы үшін алуды ұсынған. Әурет жерлерде түктің болуы қалыпты және табиғи жайт, ал оны жұлу адамның тазаруына әкеледі.

Ер балаларды кеудесінің немесе аяқтарының түкті болу және мұрттарының өсуі еш алаңдатпайды. Ал көптеген қыздарға бұл ұнамайды. Қыздар кеуде жақтарында өсіп келе жатқан қара түктерді немесе аяқтары мен қолдарын қалың қара түк басқанын көргенде үрейленіп, жайсыздық сезіне бастайды. Аналар қыздарына түксіздендіруге арналған кремдерді немесе қажетсіз дене түгінен құтылуға көмектесетін басқа да құралдарды қалай пайдалану керектігі жайлы кеңес берулері керек. Қыздар мұрт өссе немесе иегінде талшықтар пайда бола бастаса, ер адамға айналамын деп ойламауы

керек. Қыздар әртүрлі түксізденділік құралдардың көмегімен оларды ақырын алып тастай алады. Қыздар өзінің дене-бітімін толықтай қабылдап, жақсы көруі керек және қоғамдағы ерлердің көңілінен шығу оларды алаңдатпауы керек.

СҮНДЕТТЕУ: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ер балаларды ерте жастан сүндеттеуді міндеттеген. Бұл дене тазалығының жақсаруына және некедегі жыныстық ләззаттың артуына ықпал етеді. Сүндеттеу қатерлі ісік ауруын, жұқпалардың таралуын азайтады және зәр шығару кезінде ауырсынуды жояды. Ислам әйел жыныс мүшелерінің кез келген бөлігін кесуге тыйым салады. Әйел адамдарда бұл жайтты FGM немесе әйел жыныс мүшелерін кесу деп атайды. 2006-жылғы Дар Әл-Ифта Әл-Мисрийя конференциясында талқыланған келесі ұсыныстарды қарастырсақ:

- адам денесі өте ерекше жаратылған
- құран да, хадисте де әйел жыныс мүшелерін кесудің негізі жоқ екені көрсетілген
- бұл тәжірибе әйелдің денесіне және санасына өзінің зиянын тигізеді
- ғалымдар тобы бұл тәжірибелерді тоқтатуға шақырады.
- олар халықтың сана-сезімінің ояну үшін білім алуға шақырады
- олар бұл қауіпті тәжірибеге тыйым салатын заңнаманың шығуын талап етуде.

ҰЛДАРДА БОЛАТЫН ШӘУЕТ СҰЙЫҚТЫҒЫ: Кейбір жасөспірімдер іш киімінде лас нәрсені немесе ағып кеткен сұйықтықты көрсе, қатты ыңғайсызданады және ата-аналарының көріп қоюынан қорқады. Белгілі мөлшерде шәует сұйықтығының шығуы қалыпты құбылыс екенін түсіндіру керек. Егер сұйықтық түсті немесе қанға боялған, иісі бар немесе іш киімді күніне бір реттен көп ауыстыру қажет болса, дәрігердің көмегіне жүгіну керек. Шәует пен зәрді шатастырмау қажет. Зәр лас (нәжіс) болып келеді және оны міндетті түрде жуу қажет болады. Шәует таза келеді және оны зәр сияқты жуудың қажеті жоқ, оны бірнеше тамшы сумен тазалап, ысқылау жеткілікті.

ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТЕЖЕУ

Американдық және канадалық балаларда жыныстық жетілу әдеттегіден ерте басталуда. Қыздарда жыныстық жетілу 8 бен 13 жас аралығында, ал ер балаларда 9 бен 14 жас аралығында болады. Ұлыбританияда соңғы 150 жылда жыныстық жетілудің орташа жасы 16,5 жастан 12,8 жасқа дейін төмендеген. Бұл жануарлардан алынатын өнімдерді тұтынудың жоғарылауына байланысты болуы мүмкін, олардың көпшілігі өсуді ынталандырғыш ретінде антибиотиктер мен гормондардың тұрақты мөлшерлерінде кездеседі. Екінші жағынан, алғашқы некеге тұрудың

орташа жасы да өсіп келеді. Америка Құрама Штаттарында бұл шамамен ерлер үшін 29 және әйелдер үшін 26 жасты құрайды. Экономикалық жағдайы басқаша Иордания мемлекетінде некеге тұрудың орташа жасы ерлер үшін 35, әйелдер үшін 30 жас құрайтынын көрсетеді. Некеге дейінгі тазалықтың (пәктіктің) сақталуына сенетін ата-аналар балаларынан жыныстық жетілуден бастап үйленуге дейін жыныстық құмарлықтарын тежеуге шақырады, бұл шамамен жыныстық құмарлық пен күш-қуаттың шыңына жететін 16 жасты көрсетеді. Бұл жас ересек адамдар үшін үлкен сынақ болмақ.

Бір ғасыр бұрын көптеген адамдар жыныстық жетілуден кейін көп ұзамай отбасын құрған. Қоғамдар да өмір сүру үшін күрес болып жатты. Нәрестелер өлімінің артуы және соғыстардың жиі орын алуы, жыныстық күш-қуаты мен өміршеңдігі шыңына жеткен кезде ерлердің де, әйелдердің де ерте некеге тұруы маңызды болды.

Кейбір қоғамдарда жыныстық шектеулер жойылғаннан кейін, кеш отбасын құру қалыпты жайтқа айнала бастады. Дін жолындағы адамдар мұны құптамайды, бірақта жасөспірімдер үшін жыныстық құмарлықтарын тыю қиынға соғып жатады. Адам жыныстық жетілуден бастап некеге дейін (20 жас немесе одан кеш) жыныстық құмарлықтарын тежей алады деуі мүмкін еместей көрінеді. Жасөспірімдер гормондар деңгейінің жоғарылауы кезінде айналадағы үздіксіз азғырулар салдарынан зардап шегуі мүмкін.

Мұсылман қоғамдары бұл мәселені жеңу үшін ерте некеге тұруды қабылдауы керек. Бұл баламаның салдары да зиян әкелуі мүмкін. Дегенмен, ата-аналар жасөспірімдердегі жыныстық қажеттіліктеріне қарамастан, некеден тыс жыныстық қатынасқа неге тыйым салынғанын

түсіндірудің жолын табуы керек. Әулет үлкендері жас жұбайларға бала тәрбиесінде өз көмегін тигізе алады, әсіресе отбасын құру ақылмен жоспарланса.

Мұсылман ғалымдардың көпшілігі мастурбация, яғни сыртқы жыныс ағзаларын өзімен өзі қоздыруды харам деп есептеп, ләззат үшін емес, бойдақтарға мазалап қоймаған шәхуат сезімін басу үшін жасалса ғана рұқсат деген. Алайда мұны әдетке айналдырмау шарт. Қатты қысылып, өзін тыныштандыра алмаған жағдайда мастурбация,яғни сыртқы жыныс ағзаларын өзімен өзі қоздыру жасаудың күнәсі зинадан жеңіл болуы мүмкін. Марқұм шейх Мұхаммед әл-Хамид өзінің «Rudūdun ‘alā Abātīl» еңбегінде ғалымдар мастурбация,яғни сыртқы жыныс ағзаларын өзімен өзі қоздыру жыныстық құмарлықты ояту үшін қолданылса, тыйым салатынын түсіндіреді. Алайда, шәхуат қатты қысып, кісінің бар ой-санасын тұмшалап, есін кетірген (зинаға итермелейтін қауіп тудырған) жағдайда, мастурбация,яғни сыртқы жыныс ағзаларын өзімен өзі қоздыруға жүгініп, шахуатын басуға рұқсат етіледі. Мастурбация,яғни сыртқы жыныс ағзаларын өзімен өзі қоздыруға ешқандай марапат та, жаза да, айып та, мақтау да берілмейді; бұл күнә саналмағанымен, жақсы іске де жатпайды.

Мастурбация, яғни сыртқы жыныс ағзаларын өзімен өзі қоздыру оңашада өзін-өзі қанағаттандыру болып табылады. Жалғыздықта жасөспірім өз қиялындағы дүниелерді толық қанағаттандыра алады. Бұл күйзелістен уақытша құтылудың жолы ретінде пайдалы болғанымен, жасөспірімдердің неке мен отбасыға деген көзқарастарына кері әсерін тигізеді. Жасөспірімнің негізгі қанағаттануы жеке қарым-қатынастан туындаған кезде, өзін-өзі қанағаттандыру ол үшін мәселеге айналады.

Жасөспірімдердің мастурбация, яғни сыртқы жыныс ағзаларын өзімен өзі қоздыруды жыныстық құмарлықтарын қанағаттандыруы үшін қолданатынын білген ата-аналары түсіністікпен қарауы керек. Көбіне бұл өзін-өзі қанағаттандыру әдеттері ер жеткенде немесе үйленетін кезде жоғалады. Ата-ананың басты міндеттері балаларын спортпен шұғылдандыру немесе аптасына екі күн ораза ұстауды әдетке айналдыру және топтық іс-шараларға қатыстыру. Ата-аналар мастурбация,яғни сыртқы жыныс ағзаларын өзімен өзі қоздыруды тұрақты әдетке айналдыру денсаулыққа үлкен зиян тигізетінін және түрлі азғырулар мен жыныстық қысым туғызатын жағдайлардан аулақ болу керек екендігін жасөспірімдерге түсіндіруі керек. Осылайша, жасөспірімдер мастурбация,яғни сыртқы жыныс ағзаларын өзімен өзі қоздырудың әуесқойлыққа айналуына жол бермейді.

Ата-аналар балаларының өз денелеріне қатысты мәселелерін ашық

түрде талқылай білуі керек. Жастар жыныстық қатынас туралы көп ойлағанымен, бұл ата-ана мен бала арасындағы ең аз талқыланатын тақырып қатарынан, талқыланған күннің өзінде шынайылық себепшарттары жетіспейді. Мұсылман ғалымдары жасөспірімдерге мастурбация, яғни сыртқы жыныс ағзаларын өзімен өзі қоздырудың тыйым салынғанын айтса, басқа ғалымдар кейбір шұғыл болған жағдайларда рұқсат екенін айтады. Жасөспірімдердің көпшілігі мұны бәрібір жасап көріп, кейіннен ұят немесе өзін кінәлау сезімімен өмір сүреді. Өзін-өзі қанағаттандыру тәжірибесін денеге табиғи (денелік) немесе сезімді зиян келтірместен тек қажет болған жағдайда және әдетке айналдырмай қолдану керек.

ЖЫНЫСТЫҚ ЕКІНІҢ БІРІН АЛУДЫҢ ИСЛАМДЫҚ ШЕШІМІ: АЛДЫН АЛУ ТӘСІЛІНІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ.

Ең негізгі жасалу керек амал сақтану:

Лә тәқрәбууз зинә (араб тілінде), зина мен азғындыққа жоламаңдар делінген. Күнәға апаратын кез келген әрекеттен аулақ болу керек.

Зинаға, тіпті жоламаңдар! Өйткені ол – барып тұрған азғындық, (кісіні тозаққа сүйрейтін) жаман жол!

(«Әл-Исра» сүресі, 32-ші аят)

Бұл жердегі маңызды тіркес «жоламаңдар» (лә тәқрәбууз): оған жақындамау, аулақ болу, өзін барынша сақтау, мүмкіндігінше қол жетімсіз қылып, оған апаратын жолдың барлығын жабу. Қоғам стратегиясы заңсыз жыныстық қатынасты іс жүзінде қол жетімсіз ету үшін шаралар қабылдап, күнә істерді жасауды барынша қиындатуға бағытталу керек. Жыныстық сауданың барлық түрлерін тоқтату, жыныстық қатынасқа қатысты ұсыныс пен сұранысты барынша азайту арқылы қоғам дұрыс мінез-құлықты қалыптастырып, таза некені сақтап қала алады. Ақылақтың бұл түрі тек ислам дінінде емес, сонымен қатар бастапқыда басқа діндерде (соның ішінде христиандық, иудаизм және индуизм) үйретілген. Ешқандай саналы адам жас пен кәрінің бей-берекет жыныстық қатынасқа түсуін, нәпсісінің жетегінде кетіп, оның құлына айналуын дұрыс

деп есептемейді. Құдайға сенетін адамдар жыныстық қатынас үшін ең тамаша орынды неке деп санайды. Мәселе көптеген қоғамдарда жыныстық тәжірибеге деген консервативті көзқарасты жас ұрпақтың жоққа шығаруында.

Қазіргі уақытта жыныстық жолмен берілетін жұқпаларды жұқтыруы (ЖЖБА) өте оңай. Ал олардан аулақ болу үлкен тәуекелді талап етеді. Нәпсісіне тұсау қоя алған адамды үлкен сый күтуде, ал құмарлықтың жетегінде кетіп, некесіз жыныстық қатынасқа түскен адамды өмір бойғы өкініштің ащы дәмі күтуде. Жалпы ислам жүйесін қарастырған кезде оның отбасының қорғалуы мен қадір-қасиетінің сақталуына бағытталғанын айқын көруге болады. Киім үлгісіндегі қарапайымдылық, некеден тыс жыныстық қатынасқа бармау, ішімдік пен есірткіден аулақ болу, өзге жыныс өкілдерімен кездеспеу (таныспау), жыныстар арасындағы арандатушылық қарым-қатынасқа жол бермеу, ұл мен қыздың жақын араласпауы, бейәдептік қарамау, теледидардағы анайы жыныстық көріністер және жыныстық құмарлықты оятатын жарнамалар немесе сазды тыңдамауға дінде үлкен көңіл бөлінеді. Мұның бәрі зинақорлық пен азғындықтыққа апаратын жолдарды жабудағы маңызды әрекеттер. Сонымен қатар, ата-аналар жасөспірімдерге жауапсыз болған жыныстық қатынастың қауіпті салдарын түсіндіруі керек.

Зинаны (некесіз жыныстық қатынасты) болдырмауға бағытталған бұл алдын алу тәсіл ерте сәби кезден басталуы керек. Жасөспірімдер жыныстық құмарлықтарын тежеуде жеке өзінің және айналасындағылардың көмегіне мұқтаж.

Құранда адамдарда бойындағы жыныстық құмарлық туралы айтылған. Раббысының мейірімі мен көмегі болмағанда, Жүсіп Пайғамбар да (Ғ.С.) шайтанның азғыруына ұшырар еді.

Содан Юсуф тұрған үйдегі әйел онымен ашына-жай болуды қалады. Оны азғыруға тырысып, есіктердің бәрін іштен іліп алды да, «Қане, келші маған!» – деді. Ол: «Алла сақтасын! Расында, (сіздің күйеуіңіз) менің қожайыным маған пана болып, көп қамқорлық көрсетті (оған қалайша опасыздық жасамақпын). Опасыз залымдар әсте мақсат-мұратына жетпейді һәм оңбайды», – деді.

Әйелдің көңілі оған әбден ауып (тұрса да), оны баурап алудың амалын ойлады. Егер Раббысының (ар-ұятты сақтауға, ненің жақсы, ненің жаман екеніне қатысты) айқын дәлелін көрмегенде, бәлкім, Жүсіптің көңілі де оған ауар еді. Міне, осылайша жамандық пен арсыздықты одан аластадық. Шүбәсіз, ол Біздің ықыласты қылынған құлдарымыздың бірі болатын. («Жүсіп» сүресі, 23-ші және 24-ші аяттар)

Алланың ерлер мен әйелдерге берген жыныстық құмарлық қасиеттері әдетте өшірулі күйде болады және оны себепсіз оятуға немесе қоздыруға болмайды. Жыныстық құмарлық тек некеде қанағаттандырылуы керек. Түрлі азғырулар себебінен нәпсінің құмары артса, кейіннен онымен күресу қиынға соғады. Әйел кісілер ерлерге қарағанда өзінің жыныстық қалауларын бақылауда ұстай алады және жыныстық жетілу кезінде қыз балаларға қарағанда көбіне ұл балалар жыныстық қатынасты қалау сезімінен зардап шегеді.

Жиырма бірінші ғасырда көптеген қоғамдардағы кеңінен таралған жыныстық бассыздық қалыпты жағдайға айналды. Қоғамда жастарға тиісті көмек берілмеуде: іс жүзінде ол көмек жасөспірімдерді қолдарын байлап, суға лақтырып, кейіннен «Абай болыңдар, үстерің су болып қалмасын!» деген іспеттес. Түрлі азғырулар жасөспірімдердің жыныстық құмарлығын қоздырғанда, қоғам олардан нәпсісін тыюы мен өзін-өзі тежеуін күтеді. Бұл аш мысықтың алдына дәмді балықты қойып, «жеме!» дегенмен бірдей. Азғыратын себепшарттар аз болған жағдайда өзін-өзі тежеу әлдеқайда оңай болады.

Аяусыз қолдарын байлап, суға лақтырғаннан кейін: Абайла, сақтан, үстің су болып қалмасын! – деу қаншалықты ақылға қонымды.

Адамдар қол тигізуден, көруден, естуден, иісті сезуден немесе қиялына ерік беру арқылы жыныстық қозуды сезінуі мүмкін. Азғырудың және қозудың барлық құралдарын мүмкіндігінше жою маңызды. Қауіпсіз қорғаныс тәсілін ұстану, қиындықтардан аулақ болу оған тап болып, шешім іздегеннен әлдеқайда ұтымдырақ. Адам жыныстық қозуды сезінгенде оның қорғаныс күштері әлсіреп, арбауға ұшырау қаупі жоғары болады.

Құранның алдын алу және тұтастық тәсілі өте тиімді. Бұл жерде мәселе мынада: Жыныстық бассыздық белең алған қоғамда жасөспірімдер қажетті әдептіліктік шамаларды қалай сақтай алады? Бұл адамның күш-жігеріне бағынады ма? Ислам заңдары бойынша жамандыққа апаратын кез келген нәрсе дұрыс емес болып табылады. Демек, жыныстық құмарлықтан тыюды бұзатын және дененің өзін-өзі басқаруын жоғалтуға алып келетін кез келген әрекеттен аулақ болу керек.

Төменде некесіз жыныстық қарым-қатынасқа әкелетін әрекеттерді тежеуге арналған кеңестер тізімі көрсетілген. Түрлі азғынуларды азайту – бұл өмір бойы жалғасатын және ата-аналардың, әулеттегі жақындардың, мектептің, бұқаралық ақпарат құралдарының және қоғамның жұмыла әрекет етуін қажет ететін үдеріс.

Қарапайымдылық (ḥayā’, араб тілінде: حياة)

Сәбидің әурет жерлерін құрметтеу арқылы туғаннан бастап оның бойында қарапайымдылық ұғымын қалыптастыру керек. Шомылу жағдайларын қоспағанда, ата-аналар баланың жыныс мүшелеріне қол тигізбеуі керек. Сондай-ақ, үш жастан асқан балалардың жыныс мүшелерін, тіпті жуыну кезінде де жауып қойған дұрыс. Жыныс мүшелерінің жабық болуы балаға төнуі мүмкін қауіптің деңгейін азайтады.

Сыпайылық дегеніміз не? Сыпайылық (биязылық) дегеніміз: жеке тұлғаны қорлайтын кез-келген әрекеттен қымсыну, жасқану және ұялуды білдіреді. Ал араб тілінде төмендегідей мағынада келеді:

Адам бойындағы биязылық оны ұятқа қалдыратын немесе көңілге қонымсыз, жақсылыққа жат әрекеттерден қорқуды тудыратын қасиет немесе көзқарас деп түсіндіріледі.

Дін мамандары ұялу адамның ұнамсыз істерден қысылып, оларды жасаудан тыйылуы деп санаған.

Ұяңдылық – отбасы мен қоғамда қалыпты жағдайға айналуы үшін ата-ананың бала бойына дарыта білуі керек асыл қасиеті. Тіпті жерлеу рәсімінде мәйіттің денесін жуған кезде жуатын адамның (адамдар) жыныс мүшелеріне қарауына болмайды және жуатын адам қолына бір мата орау арқылы ғана мәйіттің әурет жерін жуып, тазалай алады. Пайғамбар (с.ғ.с.) ұят пен ұяңдылықтың маңызы мен қасиеті жайлы былай дейді:

«Иман – жетпіс бірнеше (немесе алпыс бірнеше) тармақтан тұрады. Оның ең абзалы (ең жоғарғы деңгейлісі) «Алладан басқа тәңір жоқ» деп айту. Ал, ең төменгісі жолдан зиянды нәрселерді алып тастау. Ұят – иманның (ұлы) бір тармағы».

(МҮСЛІМ)

Адамдарға алғашқы пайғамбарлықтан жеткен сөздердің бірі – «Ар-ұятың болмаса, білгеніңді істе», – деген асыл сөз.

(ӘБУ ДӘУІТ)

Пайғамбар (с.ғ.с.) бір сөзінде:

Арсыздық не нәрсеге жабысса да, әлбетте оның масқарасын шығарады. Ал ұят не нәрседен табылса да оны көркем ете түседі», – деген.

(ИБН МӘДЖӘ)

Әл-Джурджани ұяңдылықты екі топқа бөліп қарастырады:

a) Барлық адамдарда болатын жандық бөлік, мысалы, ұятты жерлерін ашпау немесе басқалардың көзінше жыныстық қатынасқа түспеу. Ұяңдылықтың бұл түрі барлық адамдарда кездеседі және ол адамның туа біткен табиғатының бір бөлігі болуы мүмкін

b) Жаратушының бұйрықтарын орындап, тыйымдарынан бас тарту арқылы адамды жамандық жасаудан сақтайтын иманнан туған ұяңдылық.

Уят – иманның (ұлы) бір тармағы

Балаларға ұяңдықтың (ұялудың) мына түрлерін үйрету керек:

- Басқа жыныс өкіліне немесе әдепсіз көріністерге қараған кезде көзін төмен салу
- Жыныстық арандатушылыққа жол бермеу және басқа жыныс өкіліне еліктемей өзін байсалды ұстау
- Ешқандай қылмыңдаусыз сыпайы түрде сөйлесу
- Әурет жерлерді жабатындай қарапайым, әрі сәнді киіну.

Ал төмендегі жағдайларда ұяңдық (ұялу) қажет болмайды:

1) ***Білім алуда:*** жаңа нәрсені үйренуде (неғұрлым көп білсең, соғұрлым жақсырақ), әсіресе некедегі жыныстық қатынасқа, етеккірге, жүктілікке және түнгі мезгілдегі бөлініс-терге қатысты діни нұсқауларды қарау. Дін мамандары білім беру аясында «Дінді үйренуде қысылу немесе ұялудың қажеті жоқ» дейді. Бұл тіркесті толықтырып: «Білім іздеуде ұялу болмайды» деуге болады.

2) ***Өзгеріс енгізуде:*** орындалуы тиіс парыз болған ізгі істерді насихаттау мен жамандықтан тыюда ұялмау.

3) ***Некеде:*** үйлерінде ерлі-зайыптылар бір-бірінен ұялмауы керек.Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген: Жұбайыңыздан басқа адамдардан ұятты жерлеріңізді жасырын ұстаңыз).

(ӘБУ ДӘУІТ, ИБН МӘДЖӘ ЖӘНЕ ӘЛ-ХӘКІМ)

Ерлі-зайыпты емес адамдар арасындағы жыныстық қатынасқа қатаң тыйым салынған, ал некелі жұбайлардың жатын бөлмедегі бұл қатынасына ешқандай шектеу қойылмаған.

Егер ата-ана бала бойындағы ұят (ұялу) сезіміне немқұрайлы қараса, қоғам зардап шегеді. Ұяңдық (ұялу) – арсыздық пен азғындыққа қарсы тұратын берік негіз. Төменде ұлттар арасындағы ұят түсінігінің жоғалуының нәтижелеріне қатысты кейбір мәліметтер келтірілген:

Ұяңдық туралы араб поэзиясы

Өз әрекеттеріңіздің салдарынан немесе өзіңізді сыпайы (биязы) ұстамаудан қорықпасаңыз, қалаған нәрсеңізді жасай аласыз.

Алайда, ар-ұятпен өмір сүрмеген адамды өнегелі өмір кешті дей алмаймыз. Адам ұят пен сыпайылық шеңберінен шықпағанда жайлы өмір кешеді; бұл ағаш дінінің қабықпен жабылып қорғалғанындағы қауіпсіз күйіне ұқсайды.

- Өнер мен өз ойын еркін білдіру деген желеумен көптеген елдердегі мұражайлар мен қоғамдық алаңдар жалаңаштанған ерлер мен әйелдер бейнелеріне және ұятты жерлерін әшкерелеген мүсіндерге толып кетті. Бұл Үндістандағы кейбір храмдарда да кездеседі. Көптеген адамдар өнер деп саналатын дүние мен бейәдептік немесе анайы бейнелердің аражігін айыра алады. Батыстың көркемдік дәстүрлеріндегі жалаңаштану, өте қызық құбылыс, себебі ол адамның ізгілігінің, ар-намысының және даңқының көрінісі болып табылады. Жақсы мысалы ретінде Микеланджелоның «Дәуіт Пайғамбардың (ғ.с.) жалаңаш бейнесі» мүсінін айтуға болады. Дүние жүзіндегі кейбір ғибадатханаларда (мы-

салы, Үндістан) діни жағдайда толық жалаңаштанған бейнелер жиі кездеседі. Әрине, Дәуіттің жалаңаш мүсіні пайғамбардың емес, қайта өрлеу дәуіріндегі адамның бейнесі болып табылады. Қоғамның жалаңаштыққа деген көзқарасы мен түсінігіне қатысты барлық мәселелер, ата-аналардың, әсіресе балаларына қатысты терең ой-толғам жасауы керек тақырыптар.

- Чилидің Сантьяго қаласындағы мұражайда жыныстық қатынас жасап жатырған ер мен әйел адамның мүсіндері қойылған.
- Құрама Штаттардағы бір жас әйел жатын бөлмесі мен жуынатын бөлмесіне бейнекамералар орналастырып, тәулік бойғы әрекеттерін тікелей эфир арқылы көрермендерге ашық көрсеткен.
- АҚШ-та елу мың адам баланы босану үдерісін толықтай көру үшін ғаламтор желісіне кірген

(Time, June 29, 1998)

Төменде сыпайылықтың кейбір әдептері келтірілген:

- Балалар есейгенде, ата-анасының және басқа туыстарының жатын бөлмесіне кірер алдында есікті қағуы керек (олардың киініп жатқанын немесе жалаңаш бейнесін көруден аулақ болу үшін).
- Ата-аналары мен бауырлары өз ұятты жерлерін жауып, үйдің ішінде де, сыртта да жинақы киінулері керек. Өзгелердің назарын аудару үшін бетті әрлеуден, әтір себуден және тартымды қылып көрсететін опа-далаптарды пайдаланудан аулақ болған жөн. Ата-аналар балалардың көзінше жыныстық қатынас мәселелері жайлы сөз қозғамауға тырысуы керек. Сондай-ақ ата-аналарға балалар алдында ашық түрде бір-біріне жақындауына, сүйісуіне немесе ұятты жерлерін ұстауына болмайды.
- Балалар 10 жасқа толғанда бөлек төсектерде ұйықтауы керек.
- Ұлдар мен қыздарға басқа жыныс өкіліне қараған кезде көздерін төмен салуды үйрету керек.

(Уа, Мұхаммед!) Мүмін ер кісілерге айт: Харамға көз салмасын (яғни, бөтен әйелдерге және өзге ер кісілердің әуреті сынды қарауға болмайтын нәрселерге қарамасын)! Сондай-ақ абыройларын ашпасын әрі зинадан сақтасын! Сол оларға әлдеқайда лайықты. Шүбәсіз, Алла олардың не істеп, не қойып жүргенінен толық хабардар. Мүмін әйелдерге де айт: Харамға көз салмасын!

Абыройларын ашпасын әрі зинадан сақтасын! Сондай-ақ еріксіз көрінетін жерлерінен тыс, әшекейлері мен сымбат-көріктерін көрсетпесін һәм орамалдарын омырауларына дейін түсіріп тартсын. Әшекейлері мен сымбат-көріктерін күйеулері, әкелері (сондай-ақ аталары, әкелері мен аналарының бауырлары), қайын аталары, өз ұлдары, өгей (әрі сүт) ұлдары (сондай-ақ өзіңіз, өгей және сүт немерелері), (өзіңіз, өгей және сүт) бауырлары, бауырларының ұлдары, әпке-сіңлілерінің ұлдары, арлы мұсылман әйелдер немесе қызметші, яки жақсы араласатын әйелдері, қоластындағы күңдері, (қартайып немесе өзге де себептермен) еркектік қабілетінен айырылған еркек қызметшілері мен құлдары және әйелдіктің һәм әйел әуретінің не екенін әлі түсіне қоймаған жас балалардан өзгелерге көрсетуші болмасын. Жасырын әшекейлері мен сымбат-көріктеріне бөтен ер кісілердің назарын аударатын және олардың құмарын оятатын әрекеттерге бармасын. Уа, мүміндер, (күнәларың үшін өкініш білдіріп), бәрің бірауыздан Аллаға тәубе етіңдер. Сонда ғана (азаптан құтылып) мақсат-мұраттарыңа жетесіңдер.

(*«ӘН-НҮР» СҮРЕСІ, 30-31-ШІ АЯТТАР*)

Көзді төмен салудың маңызы жайлы Пайғамбар (с.ғ.с.):

Кімде-кім көзін харам нәрседен тыйса, Алланың оның жүрегіне қуаныш сыйлайды.

(ИБН МАСҒҰД)

- Қыз балаларға өзгелердің жыныстық құмарлықтарын тудырмайтындай өзін жөнді ұстауды үйрету керек. Олар қысқа көйлектерімен аяқтарының сұлулықтарын өзгелерге көрсетпеуі керек. Сонымен қатар, жыныстық қатынасқа апаратын әңгімелерден және қылымсып сөйлеуден аулақ болуы керек:

Уа, Пайғамбардың (с.ғ.с.) жұбайлары! Сендер өзге әйелдер секілді емессіңдер, (сендердің орындарың басқа әйелдерден бөлек); сендер Алланы лайықты түрде ұлықтауға, Оған қарсы келуден барынша сақтануға һәм өздеріңе лайықсыз іс-әрекеттерден аулақ болуға тиіссіңдер. Міне, сондықтан да (бөтен ер адамдарға тіл қатқандарыңда) қылымсып, назданып сөйлемеңдер. Жүрегінде дерті бар (әйелқұмар) әлдекім (шайтанның уәсуәсіне еріп) өздеріңнен дәмеленіп жүрмесін. Сөйлеген сөздерің жақсы әрі салмақты болсын.

(ӘЛ-АХЗАБ» СҮРЕСІ, 32-ШІ АЯТ)

- Ұлдар мен қыздарға түн мезгілінде сыртта қыдыруына рұқсат бермеу керек. Ата-ана мен бала арасында орынды түрде құрастырылған уақыт кестесі болу керек.
- Саздың кейбір түрлері зиян болуы мүмкін (жыныстық сезімдерді оятатын немесе ұятсыз сөздер кездесетін).
- Саз адамның көңіл-күйіне қараңғы уақытта қосылатын және күндізгі уақытта тоқтайтын эпифиз (төмпешікбез) безі арқылы өндірілетін мелатони́нді белсендіру арқылы әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл жыныстық жетілуді тудыратын, көбею жүйесіне және жыныстық көңіл-күйге әсер ететін без болып табылады. Ашық жыныстық рок сазы жыныстық құмарлықты оятады. Кейбір хард-рок саздарында анайы сөздер кездесіп жатады, сол себепті балаларға «анайы болмыстағы рокты» тыңдауға тыйым салу керек. Балалардың мұндай сазды естуі олардың жаман әдеттерге бейім болуына алып келуі мүмкін.
- Бейәдептік балаларға жыныстық құмарлықты өршіту арқылы өте үлкен қауіп төндіреді. Сонымен қатар, бұл балалардың санасында ұзақ уақытқа қалып, олардың осы бір анайы бейнелерді елестетіп, жыныстық әрекеттер жайлы армандауларына алып келеді.
- Бейәдептік әйелдерді еркектердің нәпсісін қанағаттандыру нысанына айналдырады. Күйеуі жыныстық құмарлықты сезсе, өзінің қалауын тек жұбайымен қанағаттандыруы керек. Бойдақтар бұлай жасай алмағандықтан, бұл оларға ерте үйленудің тағы бір себебі болуы мүмкін.

Адамды бойындағы жыныстық құмарлық сезімі үшін жазғыруға болмайды; алайда ол сол сезімінің жетегінде кетіп, өзгелерге зиянын тигізсе, кінә артуға болады. Көптеген ер адамдар өзге әйелдерге тамсана қарап, әйелдерін ренжітіп жатады (өздері оны байқамастан). Жарнамалық тақталардағы, журнал мұқабаларындағы және жарламалардағы модельдер мен кино жұлдыздарының суреттері ерлі-зайыптылар арасында үлкен мәселе тудыруы мүмкін. Сіздің санаңызда жылдан-жылға қартайып, артық салмақ қосып, үнемі шаршаған күйде болатын жұбайыңыздың қасында олар мәңгі жас және сұлу кейіпте сақталады. Ерлі-зайыптылар бір-біріне қамқор және мейірімді болу керек; адам қартайған кезінде де тартымдылығын сақтап қала алады (өз денсаулығына көңіл бөлу, дұрыс тамақтану және табиғи (денелік) жаттығулар арқасында). Қазіргі уақытта ата-аналар интернетте кеңінен таралған бейәдептік, танысудың және жыныстық қатынас жайлы ұятсыз әңгімелердің қауіптілігі туралы білу керек. Олар балаларын әрдайым қадағалауда

ұстап, компьютерлерді баланың оқшауланған жатын бөлмесіне емес, үйдің көрінетін бөліктеріне қою керек.

ДРЕСС-КОД

Қыздар мен ұлдардың өздерін ұстауы мен киінуі қарапайым болуы керек. Олар арандатушы ой салатын, еліктіретін және өздерінің ұятты жерлерін ашық көрсететін киімдерден аулақ болулары керек. Оларға жақын туыстарынан тыс адамдар көзінше дене-бітімін қатты бедерлеп тұратын тырысқан киімдерді киюге немесе тартымды қылып көрсететін зергерлік бұйымдарды тағуына тыйым салынады. Ұлдар мен қыздарға дене көрінетіндей жұқа киім киюіне рұқсат етілмейді және қыз балалар көпшілік орындарда бастарын орауы керек. Ұлдар мен қыздар бір-бірінің киіміне еліктемеуі керек. Осы мәселе жайлы төменде хадис келтірілген:

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен хадисте: «Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) (сөйлегенде, жүріп-тұрғанда, киінгенде) әйелдерге ұқсаған ерлер мен ерлерге ұқсаған әйелдерді лағынеттеді», – деген.

(Әбу Дәуіт)

Балалардың киім кию үлгісі өте маңызды болып табылады. «Киіміңе сай әрекет етесің» деген нақыл балалардың қарапайым және жинақы киіну керектігін білдіреді. Киім киілетін орынға қарай әртүрлі болып келеді: құлшылық жасау үшін, сұхбат, мерейтойлар, кештер немесе спортқа арналған өзіндік киім үлгілері болады. Адамдар көбіне киіну үлгісі арқылы көптің бірі болуға немесе ерекшеленіп, өзгелердің назарын аудартуға тырысады. Киім, шаш үлгісі және әшекей бұйымдар үйлесімді болуы керек. Ата-аналар балаларының әбес көрінетін киімдерді киюіне көбіне қарсы келеді. Егер қарапайым киім кез келген жағдайда дерлік киілетін болса, онда ол адам жайлы жақсы пікір қалыптасуы мүмкін. Сыпайылық шегінен шықпайтын киім, мінез-құлық және стиль қарапайым болып саналады.

Ата-аналар мүмкіндігінше қыздарына киім таңдауда ерік беруі керек. Қыз балалар белгілі бір жасқа келгенде – ол екі-үш жас болуы мүмкін – тек өзінің қалауы бойынша киінгісі келетін болады. Ол ата-анасының қалай киіну керектігі жайлы кеңестеріне қарсы шығады. Бұл жердегі ең дұрыс шешім – оған таңдау мүмкіндігі берілгенін сездіру үшін екі немесе үш киім түрін таңдауды ұсыну. Мектептердегі бірдей киім үлгісі алғашында оларға ұнамауы мүмкін, бірақ көп ұзамай олар бұл мәселе жайлы ұмытып та кетеді. Бірдей мектеп киімі өзгелердің талқысынан және күнде таңертең «не киемін» деген сұрақтан құтқарады. Қыздар «еліктіретін» киімдер «жарасымды» болып көрінгенімен, ұлдарға ол басқаша ой салып, оқыс жағдайларға әкелуі мүмкін екенін білуі керек.

ЕРКІН ТОПТАСУҒА НЕМЕСЕ KHALWAH (ЕР МЕН ӘЙЕЛДІҢ ЖЕКЕ КЕЗДЕСУІ) ЖАСАУҒА БОЛМАЙДЫ

Khalwah – ер мен әйелдің ешкім көрмейтін оңаша жерде кездесуі (ол қонақүй бөлмесі немесе қала сыртындағы оңаша жер болуы мүмкін). Бұл шайтанның құрған тұзағы, оған қалай болмасын тосқауыл қойылу керек! Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көп ескертулер жасаған, соның бірі:

«Қандай да бір бөгде ер кісінің махрамынан бөлек, өзіне халал болмаған әйелмен оңаша қалуына болмайды. Себебі олардың үшіншісі шайтан болады».

(әт-тирмизи)

Ұлдар мен қыздардың еркін түрде араласуына жол бермеу керек, бірақ ата-аналардың қадағалауымен, әдептілік шегінде және бақыланатын жағдайда араласуына рұқсат етіледі. Ұл бала қызды мешітте, мектепте, кітапханада немесе базарда үнемі көру арқылы оған сырттай ғашық болып қалуы мүмкін. Ол қызды алғаш рет көріп тұрғандай жақындап, қыздың онда ойы бар жоғын білу үшін сөйлесіп көруі мүмкін. Бір-бірімен сөйлескеннен кейін олар саябақта немесе үй сияқты оңаша жерлерде кездесуге келіседі. Оңаша ешкім болмаған жерлерде ол қызға жақындап, сүюге тырысады. Егер қыз осы кезде жақындауына рұқсат берсе, ол көп ұзамай одан да ауыр істерге барады. Бұл олардың нәпсі мен шайтанның азғыруымен жыныстық қатынасқа түсуімен аяқталуы мүмкін.

Тұзақ!

Бір-бірін көріп қалуы→ Күлімсіреп жауап қату→ Сәлемдесу→ Жақынырақ сөйлесу→ табиғи (денелік) жақындасу→ Жыныстық құмарлық → Нәпсінің құрығына түсу→ Некесіз жыныстық қатынас (зина күнәсі)→ Мәселелердің басталуы!

Салдары ЖЖБИ, қалаусыз жүктілік, түсік жасату немесе некесіз балалы болуға алып келеді.

Жоғарыда айтылған қағиданы ешқашан естен шығаруға болмайды, себебі ол қатердің болатынын айқын көрсететін жүйе. Иманы күшті адамдар үшін де бұл үлкен сынақ болып табылады. Барлық адамзат ет пен сүйектен жаралған жандар: тіпті Жүсіп Пайғамбардың (Ғ.С.) өзі де бұл сынақтан өткен.

- Таныстық: Танысу жүйесі – жасөспірімдерді жыныстық қатынасқа апаратын жол. Көп жағдайда бұл осы жайтқа қатысты адамдарға, отбасыларына және қоғамға азап пен қайғы әкеледі. 1999 жылы АҚШ-та жүргізілген зерттеуде, бірінші

курс колледж студенттерінің 25 пайызы, егер кездесуде олар кешкі асқа төлесе, ал қыз бала «істі соңына дейін апарғысы келмесе» оны жыныстық қатынасқа мәжбүрлеуге құқығы бар екенін айтқан. Кездесулерде болатын зорлық әрекеттердің көбісі айтылмайды. (Норрис және басқалар, 1999-шы жыл; Бемер, 1993-ші жыл) Бұл әрекеттер жыныстық құмарлықты тежеуді бұзып, өзін-өзі бақылауды жоғалтатын кез келген нәрсеге, мысалы, есірткі, ішімдік, жыныстық құмарлықты оятатын саз, петтинг немесе ер мен әйелдің оңаша қалуы сияқты күнә істерге жол ашады. Сүйісу және петтинг (жыныс мүшелеріне тигізбей, дененің эрогендік аймақтарын аймалау және қоздыру арқылы оргáзмге жету) нәпсінің құрығына түсіріп, жыныстық қатынасқа әкелуі мүмкін. Танысу және жыныстық еркіндік некеге зиян келтіреді. «Бірінбірімен жақын болған» жұптар бір-бірін әлдеқайда жақсырақ «біледі» деген болжам негізсіз. Осындай жыныстық бассыздыққа жол беретін кез келген қоғам тұрақсыз отбасылардан және түсік жасатудың, некесіз жүктіліктің және ажырасудың жоғары деңгейінен зардап шегеді

Ерлер мен әйелдердің бірге би билеуінің бір анықтамасы:

Би біздің ішкі көлденең қалауларымыздың сыртқы тік көрінісі!

ҚҰРДАСТАРДЫҢ ҚЫСЫМЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА СЕБЕПШАРТТАР

